83.3Каз
М88

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ

Заман және әдебиет

25334



ҒАБИТ МҰСРЕПОВ

Заман және әдебиет



Әдебиет туралы ойлар,
толғаныстар

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
Алматы — 1982

83.3 Каз
М. 88.

Баспаға дайындаған филология ғылымының докторы,
Әбділхамит НАРЫМБЕТОВ

012

М $\frac{70202-36}{402(05)82}$ 67—82 4603010000

© «Жазушы»— 1982

Бірінші бөлім

Самғар биік

Самғар биік

Леонид Ильич Брежнев жолдастың «Тың» атты естелігі жарық көрді. Бұдан бұрын «Кіші жер», «Қайта өрлеу» атты еңбектерін оқығанбыз.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі, дүние жүзі коммунистік және жұмысшы қозғалысының аса ірі қайраткерлерінің қызмет уақыты, әр сағаты, әр минутының қаншалықты қымбат екенін, біздер, қарт коммунистер жақсы білеміз. Осындай жағдайда өзінің ерекше жауапты қызметін атқара жүріп, отандық тарихтың әр кезеңі туралы күрделі-күрделі еңбек жазуға уақыт табуына таңданбасқа болмайды.

Егер «Кіші жер» гүрсілі мен жаңғырығы әлі құлағымыздан кетпеген, кешегі Ұлы Отан соғысы туралы шын мәнісіндегі реалистік мемуар десек, «Қайта өрлеу» сол бір отты жылдардан кейінгі Отан тірлігіне арналды.

Екінші дүние жүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең бір сұрапыл оқиға болды. Соғыс салдарынан 20 миллион адам өлді. Бұған майданнан мүгедек болып оралған жауынгерлерді, тылдағы жетім-жесірлерді қоссақ, соғыс деп аталатын сұрапылдың бет-бейнесі айқын көрінеді. Соғыс салған жара — күні бүгінге дейін өз ауыртпалығын жиі еске салады.

Леонид Ильичтің «Қайта өрлеу» атты еңбегі, міне сол соғыс сұрапыл ойрандап кеткен халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңіндегі совет халқының ұғымына арналды.

Ал «Тың»— совет халқының ғажайып бір тарихи жеңісіне арналыпты. Халық шаруашылығын қалпына келтірген Отанымыз енді астық өндіруі, молшылық қорын жасауы қажет еді. Партиямыздың көрегендік саясаты осы тұста да тарихтың жаңа бетін ашты. Ол бет — Қазақстан тарихының да алтын беттері болып отыр.

Леонид Ильич — партиямыздың адал ұлы. Ол комсомол қатарынан өсті. Жұмысшы, партия қызметкері, әскери комиссар, обком хатшысы, республика партия ұйымының бас-

шысынан бұл күндері КПСС Орталық Комитетінің Бас секретарына дейін өскен кемеңгер адам.

Әрине, Леонид Ильичтің өмір жолы мазмұнды да қызықты. Мына үш еңбек Леонид Ильичтің бүкіл болмысын, ғажайып адамгершілігін аша түсті. Егер шындығын айтсам— Леонид Ильич біздер, яғни совет қаламгерлері үшін жазушы ретінде танылып отыр. Бұл — өз басым үшін, бұрын-соңды жолықтырмаған оқиға. Бас секретарь — жазушы! Леонид Ильич — бізбен қаламдас! Ақылдасар, жол сілтер басшымыз — әріптесіміз. Совет жазушыларының үлкен олжасы бұл!

Леонид Ильичтің еңбегі шықты. Қазақша аударылды. Оны жұртшылығымыз оқып-танысты. «Тың» естелігінде аты аталған азаматтарымыз өз ойларын күнделікті баспасөзде жазып та жатыр. «Тың» естелігіндегі көтерілген шаруашылық жайында күрделі мәселелерді партия, совет басшылары өз ісіне қару етіп, мақсат-мұратын ұштап жатыр. Мұнда сөз болған жай тың игеру эпопеясының алғашқы жылдарын қамтығанымен, Леонид Ильич мысалға алған шаруашылық деректері, алға қойған мәселелері бүгінгі күніміздің жоспары деп ойлаймын. Солай түсінуіміз де қажет.

Мен экономист емеспін. Жазушымын. Бірақ, Отанымыздың табыстарын көрсететін деректерге экономистерден кем қуанбаймын.

Тың жерді игеру бізге не берді?

Осы төңіректе бірер ойымды айтсам деймін. Және бұл сауалға да Леонид Ильичтің жауабына сүйенем.

Сөйтіп, тың игерілгелі жиырма төрт жыл ішінде Қазақстан Отан қоймасына 15,5 миллиард пұт астық құйыпты! Ал, республиканың ауыл шаруашылығының барлық саласына 21,1 миллиард сом жұмсалса, астық тапсырудан 27, 2 миллиард сом түскен. Яғни, 5,1 миллиард сом — таза түсім! Осынау жиырма төрт жылдың он бесінде — республикамыз үнемі табыста болған.

Қазір еске түседі. Партиямыз бен үкіметіміздің үлкен қайраткерінің бірі, Леонид Ильич өзі қызметі мен адамгершілігін жоғары бағалаған, КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Димаш Ахметұлы Қонаев жолдас алпыс жасқа толғанда мен Москва қаласында едім. Сонда оған арнап телеграмма бергенім бар. Димашты Социалистік Еңбек Ері атағын алуымен құттықтай отырып, Алтын Жұлдызың Қазақстан миллиардтарының эталоны болсын дегенім бар.

«Тың» естелігі біздерге, жазушыларға ой салады. Мен өзімді туған республикамның тарихына куәгер кісі санайтын-

дардың бірімін. Леонид Ильич сол куәгердің өзіне жаңа ой, жаңа серпін берерлік еңбек жазды деп түсінемін.

Мұхтар айтпақшы, біз қоғамдық үш формацияның куәсіміз ғой деп, осындайда еске түскен кейбір сәттерді айта кетейін.

Рас, Арқа даласына, әсіресе 25 миллион гектар жер игерілген тың өлкесіне егіншілік шаруасы негізінен өткен ғасырдың бас жағында ғана келді ғой. Отырықшылық сарыны да сол тұста бой көрсетті. Жер жырту, бидай, тары егу — малы жоқ шаруалардың аштан өлмеуі үшін бастаған кәсібі болатұғын. Қазақ даласында не көп — көл көп. Одан — балықшылық кәсібі келіп шығады. Соның өзін тым кешірек үйренген секілдіміз.

Қалайда егіншілікке біз колхоздастыру маусымынан кейін ғана түбегейлі кірістік. Оның өзі біркелкі өтпеді .Қырқыншы жылдарға дейінгі уақыт ішінде екі адым ілгері, бір адым кейін деген күйден онша-мұнша арыла алмадық. Көшпенді ел — мал бағудың өзін салақсытып жіберген тұстары болды.

Қалайда Ұлы Отан соғысының алдында ауыл шаруашылығы біршама есін жинағандай еді.

Содан кейін республикамыздың нан шаруашылығын, ие, нан шаруашылығын осы тыңды игеру шешіп берді. Бұл тарихи факт!

Бұл — Леонид Ильичтің айтып отырған негізгі ой қазықтарының бірі.

Бір ой бір ойды түртеді. Леонид Ильич Алматыда болған бір сапарында біздегі екінші тың — қой өсіруді өркендету туралы пікір айтты. 50 миллион қой! Қазақстанда 50 миллион қой өсірілуі қажет, ғажайып цифр, ұлы цифр. Бүкіл Европаның барлық қойлары бұған жете қояр ма екен. Әйтсе де, астыққа керек су қойға да керек шығар. Мен республикамызда су шаруасын басқаратын министрлік бар деп естимін. Ал, олардың не тындырып жатқанынан хабарым жоқ. Естілмейді әйтеуір.

Солардың есіне мына бір фактілерді салғым келеді. Ең соңғы мәліметтерге қарағанда Қазақстанда 7550 өзен, 6000 көл, мыңдаған бұлақ бар. Өзендерінің жалпы ұзындығы 365 мың километр. Осы жеті жарым мыңнан астам өзендерге құятын үлкенді-кішілі 30 мың тармақ-салалары бар. Соңғы ширек ғасырдың ішінде 12 мыңға тарта құдық қазылған, талай жүздеген километр ұзындығы бар каналдар жасалған. Тек өзен суларының жылдық қорын адам басына бөлсек, Қазақстанның бір адамына 15 мың 400 текше метрден су келеді, мал басына бөлсек — 5 мың метрден келеді. Ал, өнеркәсіп пайдаланып жатқан су қаншама. Бұл әрине, көл-көсір, ұлан-асыр деп айтарлық молшылық.

Әрине, Леонид Ильич «Тың» атты естелігінде республика

ресурсының болашағына сенім білдіргенде, осыны да ескеріп отыр ғой. Егін суарасың ба, мал өсіресің бе — әлгі байлықты орынды пайдалану қажет қой. Сондықтан, су шаруасында жүргендерге: ағайын, судың да сұрауы бар ғой, қозғалсаңдаршы дегім келеді.

Ширек ғасыр толғалы отырған тың игеру эпопеясына тамаша ескерткішті Леонид Ильичтің өзі жасап берді. Оның естелігін оқыған сайын, осы өлкедегі не бір тарихи оқиғалар, өткен күн іздері еске түседі екен.

Отызыншы жылдардың бас жағы ғой деймін. Би-ағаң екеуміз туған облысымыз Қостанайды біршама көп араладық. Оның себептерін оқушылар жақсы білсе керек. Менен өнімді көп дүние туа қойған жоқ. Ал, Би-ағаң отызыншы жылдарғы ауыл өмірінің шежіресін жасап кетті. Қатар жүрген соң байқамайды екенсің: менің әрбір сапарым бір-екі әңгіме, немесе очерктен аспаса, Би-ағаң тұтас кітап алып келетін еді. Егер біз ауыл шаруашылығының алғашқы типтік өкілдерін көргіміз келсе — Би-ағаңнан іздесек деймін.

Ол кездің адамы — бүгінгі жоғары білімі бар, тың игеруші емес, әрине. Түйе мен өгізді парабайлап жегетін, жалғыз тілді соқаның заманы еді ол. Тұқымды қолмен шашатын шақ. Бірақ, сол адамдардың нан үшін, жаңа құрылыс үшін еткен еңбегін, қарекетін Би-ағаң нақ басып, дөп түсіп отырып суреттеп шықты.

Ал, бүгінгі тың игеруші кім?

Леонид Ильич солардың біразына нағыз қаламгерлерше сыпаттама берді. Бүгінгі тың игерушілеріміздің тамаша портреттерін жасады.

Осыдан келіп, біздерге, қазақ жазушыларына үлкен міндеттер туындайды.

1973 жылы август айында Леонид Ильич Брежнев жолдас республикамызға Халықтар достығы орденін тапсырып тұрып сөйлеген сөзінде Совет елі мәдениет қайраткерлері және олардың міндеті жайында айтты. Советтік әр ұлттың өркендеуіне, өсуіне, жетілуіне тілектестік білдірді. Советтік құрылыс — ұлт мәдениеті мен әдебиетінің гүлденуіне жол ашқанын айтты.

Совет жазушылары үшін бұл үлкен міндет жүктерлік, ой саларлық пікір еді.

Тың игеру республикамызды тарихтың биік беліне шығарды. Леонид Ильич айтқандай, іске жауапты қарау, астық үшін күрес, шаруа жайын игеру — адамдар характерін шыңдады.

Осы тұста туған әдебиетімізде нендей жай-күй барын айта кету дұрыс болар.

Рас, қазақ даласында босқа жатқан жер болмайтын.

Игерілмей жатқаны рас еді. Леонид Ильичтің өзі естелігінің соңғы жағында: алып өлке алып мүмкіндігін көрсетті депті.

Сол алып мүмкіндікті игеріп, халық игілігіне жұмсаған адамдардың толық бейнесін жасау — бізге міндет еді. Қарап отырсам, нақ осы тақырыпты игеруде, тіпті, бүгінгі орыс совет әдебиетінің өзі кедейлеу ме деп ойлаймын. Владимир Солоухиннің «Зерноград» атты жинағынан бөтені есімде қалмапты.

Тың игеру тақырыбына біздің қазақ ақын-жазушыларының да алғашқы кезде лап қойғанын білемін. Өкінішке орай, олар да ауыз тұшытты деп айта алмаймын.

Обалы не керек, тың жер және оның қаһармандары деген атпен дастан, роман, пьеса, кинофильмдер де өмірге келді. Бірақ, олардың авторлары бұл дүниеліктерін аяғына дейін апарып шығара алмады.

Дегенмен, бүгінгі өскен, өркендеген әдебиетімізде тың жер қаһармандары туралы ештеме жоқ деу тым қатал үкім болар еді.

Мен үшін Мұхтар Әуезовтің «Түркстан солай туған», Сәбит Мұқановтың «Туған жердің тыңында» атты очерктері, Жұбан Молдағалиев пен Ғафу Қайырбековтың өлең, дастандары, Сәкен Жүнісовтың «Жапандағы жалғыз үй», Жайсаңбек Молдағалиевтың «Торғай толғауы» романдары бұған куә.

Тың игерушілер жөнінен біздің суретшілеріміздің де елеулі туындылары бар. Бұл саладағы «кедейлер» кино мен музыка саласында ма деймін.

Сондықтан Леонид Ильичтің бұл кітабы — біздерге үлкен салмақ салатын еңбек. Совет халқының ғажайып ерлігін, тың эпопеясын жырлау міндеті алдымызға қойылды.

Сол биіктен көрінейік, қаламдас достар!

Бұл күндердің өшпес даңқы

(«Леонид Ильич Брежнев Қазақстанда» фильмі жайында)

Биылғы жылдың күзі совет халқының ерлік еңбегінің шежіресіне мәңгілік болып жазылады, социалистік Қазақстан тарихының ұмытылмас беттеріне айналды. Еліміздің ең басты астықты алқабы — біздің республикамыз оныншы бесжылдықтың алғашқы жылында халқымызға астықтан рекордты өнім берді. Еліміздің қоймасына 1 миллиард 200 миллион пұтқа таяу астық құйылды.

Орталық документті фильмдер студиясының жаңа жұмысы — «Леонид Ильич Брежнев Қазақстанда» картинасы

осынау еңбек ерлігіне арналған. Бұл фильмнің өте қысқа уақыт ішінде жасалуының өзі өте жақсы. Сөйтіп, ол бүкіл совет халқы Қазақстанды еңбек жеңісімен құттықтап жатқан кезінде еліміздің экрандарына шықты. Орталық телевидение арқылы көрсетілді.

Леонид Ильич Брежнев Қазақстанға республика партия, шаруашылық активінің кеңесіне қатысу үшін егін орағы мейлінше қызып жатқан кезде келді. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары біздің Қазақстан жеріне әрбір келген сайын Қазақстан еңбекшілері елімізді айрықша аса көрнекті табыстармен қуантатыны шын мәнінде, игілікті дәстүрге айналып отыр.

Бұл документті фильм таяуда өткен күндерді ғана біздің есімізге салып тұрған жоқ. Мұнда Қазақстан ауыл шаруашылығының қазіргі даму тарихы, оның бүкіл ел, халық шаруашылығына қосқан қомақты үлесі түгелдей ықшам да жарқын түрде бейнеленген. Партияның тың және тыңайған жерлерді игерудегі басшылық ролі баса көрсетілген. Біз осыдан жиырма жыл бұрынғы кезеңге қайта оралғандай болып, шын мағынасында құндылық қасиет алған кадрларды көрдік... Таңдаулылардың таңдаулыларына берілген комсомол жолдамалары, еліміздің шартарапынан өз жүрегінің әмірімен келіп жатқандар мінген алғашқы эшелондар. Ғасырлар бойы құнарсыз делініп жатқан жерге тұңғыш түскен түрендер. Жайқалып өскен алғашқы алтын масақтар. Шын мағынасында мүмкін емес жұмыстарды атқарған адамдардың әм шаршаған, әм бақытқа бөленген шат-шадыман жүздері.

Осынау бүкіл ұлы эпопея сол жылдары республика партия ұйымын басқарған Леонид Ильич Брежневтің есімімен тығыз байланысты. Тамаша коммунист-лениншіл, аса көрнекті ұйымдастырушы Леонид Ильич қай кезде де халықпен бірге, қай кезде де астық үшін айқастың алғы шебінде. Біз экраннан Брежнев жолдастың колхоздар мен совхоздар еңбекшілерімен, механизаторлармен, партия қызметкерлерімен күнбе-күн кездесіп жүргенін көреміз. Адамдарға тыңнан жаңа бір күш-қуат дарығандай. Ең зәру міндеттер дәл анықталған, алдағы межелер айқындық тапқан. Осынау кездесулердің куәгерлері әр кезде кинодокументалистер, өнердегі көптеген тамаша жолдардың «алғашқы із салушылары» болғаны қандай жақсы.

Біздің партиямыз, үкіметіміз халықаралық жағдайды жұмсарту саясатын үздіксіз жүргізіп келе жатқанына, халықаралық жағдайды жұмсартудың нағыз тамаша насихатшысы КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежневтің осы саладағы қызметіне арналған «Бейбітшілік программасы іске асуда» және «Бейбітшіліктің қиын

да қия жолдары» деп аталатын документті ленталарды жасаушылар таяуда СССР Мемлекеттік сыйлығын алды. Енді міне документті кинокамера халықтың ерлік еңбегі, бейбітшілік, адамдар бақыты жолындағы күресте аса салмақты аргумент болып отырғанын баяндайды.

Біздің алдымызда совет адамының қолымен жаңғырып түлеген тың дала жаңалықтары. Ұшы-қиыры жоқ далада жүздеген жаңа совхоздар орнаған, сәнді де сәулетті үйлер, мектептер, ауруханалар, мәдениет сарайлары салынған, осы заманғы жолдар төселген. Және бір қиырдан бір қиырға созылып жатқан алтын дәнді алқаптар. 1954 жылға дейін біздің республикамыз небәрі жүз миллион пұтқа тарта ғана астық беретін. Содан бергі уақыт ішінде Қазақстанның астық дестесі он есе өсті. Біздің бүкіл партиямыздың мақсатты жұмысының, бүкіл халқымыздың қайратты еңбегінің нәтижесі осындай.

...Қазақстан партия-шаруашылық активінің кеңесі өтіп жатқан зал. Осыдан жиырма жыл бұрын тыңға шабуылды бастаған менің жерлестерім отыр мұнда. Бір кезде комсомол жолдамаларымен келген, бұл күнде ересек тартып, шаштарына ақ қылау түскен алғашқы тың игерушілер де осында. Сондай-ақ, мұнда осынау аңызға лайық кешегі күндер туралы үлкендердің әңгімелерінен ғана білетін жастар да отыр. Барлығы да Леонид Ильич Брежневті ден қоя тыңдайды. Ол осы адамдардың барлығы үшін де аса маңызды мәселе жайында айтады:

— Партияның XXV съезінде біз астық өндірісін — өзіміздің жұмысымыздағы ең екпінді участок деп атадық... Егін орағы — республика партия ұйымының партия мен халық алдында есеп беретін елеулі емтиханы... Қазақстан миллиарды жұмысшылардың, колхозшылар мен интеллигенцияның қажырлы еңбегін, Совет Одағы Коммунистік партиясының жауынгер және сенімді отряды — республика коммунистерінің авангардтық ролін бейнелейді.

Осы залда жиналғандар — еңбеккер Қазақстанның бетке ұстары мен мақтанышы КПСС Орталық Комитетінің Бас секретарына: бір миллиард жүз миллион пұт астық жинауға уәде берді. Олардың биылғы күзде өздерінің міндеттемелерін толық және асыра орындау үшін қаншалықты қажырлылықпен еңбек еткені туралы әлі талай романдар, поэмалар жазылып, ауқымды көркем ленталар түсірілетін болады. Ал мынау фильм — «алғашқы қарлығаш».

Қазақстанның биыл рекордты өнім берген астық дестесі неден тұратынын айта кетейік:

Қостанай облысы — 243 миллион пұт астық.

Көкшетау облысы — 153 миллион.

Целиноград облысы — 127 миллион.

Солтүстік Қазақстан облысы — 120 миллион...

Фильмде тың игерушілердің тамаша кадрлары ауа райының қиын жағдайларында қалай жұмыс істеп жатқаны, олардың тәжірибесі мен шеберлігі жас ұрпаққа қалай ауысатыны көрсетілген. Еңбек майданында Алексей Маресьевтің ерлігін қайталаған алғашқы тың игеруші И. Иванов, еңбек ерлері Л. Картаузов, М. Довжик, Н. Гурьев, В. Химич... ерлікпен, өздерінің бар күшін сарқа жұмсап егіс даласында еңбек етті. Қазақстанға егін орағы кезінде көмектесу үшін келген орынборлық Е. Манин, омбылық И. Хороврых, қорғандық А. Лукиных және басқа да мыңдаған тамаша адамдар бұлармен қоян-қолтық еңбек еткені көз алдымызда.

КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев айтқан мына сөздерді менің де қайталағым келеді: «Леонид Ильич Брежневтің егін орағының ең шешуші кезеңінде Қазақстанға келуі,— деген ол,— барлық жерде де жауынгерлік рух тудырып, коммунистер және республиканың барлық еңбекшілері егін орағын ойдағыдай өткізуіне, сөйтіп партияға, халыққа, тікелей көмегі мен қолдауы барлық қазақстандықтарды қуантып қана қоймай, сонымен бірге жаңа табыстарға жете беруге рухтандыратын қайнар бұлақ болған Леонид Ильичтің тікелей өзіне берілген уәдені абыроймен орындап шығуына жәрдемдесті, біздің туысқан партиямыздың, оның лениндік Орталық Комитетінің төңірегіне топтаса түскендігімізді тағы да дәлелдеді».

Осыдан отыз жыл бұрынғы тың дала менің есімде. Мен қазір ондағымен салыстыратын теңеулерді таба алмақ түгіл. іздей де алмаймын. Бұл жай ғана үлкен өзгерістер ғана емес. Бұл мүлдем жаңа дүние. Соның өзінде де бұл совет адамының даналығымен және еңбекшіл қолдарымен жасалған таңғажайып тамаша дүние.

Қазақстан астығы. Ол қазір Москва автозаводшыларының, Сібір орманшыларының, Приморье балықшыларының дастарқанында. Исі бұрқырап, жаңа пісірілген нанды турап жатып, олар осы нанды өсірген адамдар туралы еске алып отырар болар.

Күнбе-күнгі тіршілік прозасының, егіншілердің дағдылы іс-әрекетінің бүкіл мәнінде асқақ поэзия бар. Егер көркем өнер туындысы сол поэзияны бере алса, шын мәнінде адамдарға керекті дүниелерге айналады, олардың жадында жатталып қалады.

Қазір біз, әдебиет пен өнер шеберлері, оныншы бесжылдықтың документті және көркем шежіресін жасауымыз қажет. Оның бүкіл еңбек болмысы лениндік айнымас экономикалық және ұлттық саясат негізінде, Совет мемлекетіндегі барлық тең праволы халықтардың достығы негізінде айқын-

далған. Бесжылдық міндеттері әрбір одақтас және автономиялық республиканың ерекшеліктері мен қажеттерін олардың жалпы әлеуметтік прогресін толық есепке алады.

ҚПСС Орталық Комитетінің таяуда болып өткен октябрь Пленумының шешімдерін барлық совет адамдары бүкіл жұмыстың жауынгерлік программасы ретінде қабыл алды. Тиімділік пен сапа жөніндегі қағидалар түгелдей көркемсөз, экран суреткерлерінің творчестволық жұмысына да тікелей қатысты, өйткені, олар өз халқының барлық жоспарларын, қам-қарекеттерін, сүйініш-қуанышын әрқашан да тең бөліседі.

«Леонид Ильич Брежнев Қазақстанда» фильмі (режиссерлері И. Бессарабов, Е. Вермишева, бас операторы А. Кочетков, текст авторы Ю. Аветиков) біздің дәуіріміздің жүрек тебірентерлік документі болып қалады. Арада тағы да ондаған жылдар өтер, сонда тың игерушілердің астық үшін айқастың аңызға айналған ерлерін тағы да тағы аса зор ілтипатпен еске алып тұрар болар.

Жауаптылық сезімі

Қазақстан жазушыларының алтыншы съезін ашқандағы сөзі

Қадірлі жолдастар!
Қаламдас достар!
Қымбатты қонақтар!

Біз ел өмірі шалқып-тасып, жоспар-жорамал шеңберіне сыймай кеткен соңғы бес жылдың ішіндегі ой-өнер — жеміс-терін саралап-салмақтап алар, барымызды асырмай, жоғымызды жасырмай айтар съезімізге келіп отырмыз.

Жайшылықта кездейсоқ айтыла беретін, мән берілмейтін шашыранды-шашынды пікірлерімізде елеулі ойлардың елес-лебі болса, енді соны қорытар жиынға келіп отырмыз.

Әдебиет пен көркемөнер сияқты баға жетпес заты асылдың бүкіл адам баласы алдында, уақыт-дәуір алдында, қоғам алдында өсе берер, еселене берер парыз-қарызы бар. Соны ойласар жиынға келіп отырмыз.

Күні кеше ғана өткен, еліміздің тарихында биік бір белесі болып қалар, партиямыздың жиырма төртінші съезі бізге ырзашылық білдіре, сенім көрсете отырып, тамыры терең нұсқаулар берді, ойымызға ой қосты, еліміздің еңбек майданындағы табыстарындай шалқарлыққа шақырды. Уақыт талабы, міндет шеңбері осында.

Дәл осы тұста өткелі отырған съезіміздің ой екшесіп,

алды болжасу арқылы айқын көрінер өз кескіні, өз келбеті болуға тиісті. Әйтеуір бір кескін емес, іскерлік кескіні жауаптылық кескіні, ойы-өнері өскен жазушы кескіні. Талап-талғамы есейген жұртшылық бізден осыны күтеді. Менің күтерім де осы.

Күнделіктің қызығы мен әурешілігінде жазушы өмірінің есепсіз өтер тұстары болады. Ол — Абай атаңның өкініші, бәрімізде де бар өкініш, баландық пен даландық өкініш. Ол дәуірді біздің әдебиетіміз де басынан кешірді. Енді ол болса жараспас еді!

Түптердің түбінде жазушының жанашыры, бірінші досы— сын, адал сын, әділ сын. Өз дегенім — қағида, өзгенікі — қаңғырма деп ырық бермейтін кер ауыздық емес, кезек қамшы тастасып, кең түрде пікір алысатын, ой таласына бөгет-бөгесіні жоқ сын. Жабыла кетіп құлататын, жабыла көтермелеп, бәйгеден келтіретін көтермеші-көтешінің сұрқиялығы емес, әкенің қаталдығындай, шешенің балажандығындай дегізерлік сын.

Бүгінгі қазақ көркем әдебиетін үш буын қалам қайраткерлері жасап отыр. Аяғына ақау түспеген ағалар, жыл өткен сайын сақаланып келе жатқан орта буын, жастық екпінімен жалындатып, дауылдатып келе жатқан жастарымыз бар.

Аз күнде-ақ аяқталар съезіміз көп жылдардың есінде қалар ой қосу үшін ешкімге жәбір, ешкімге іштарыншылық көрсете алмайды, ешкімге көтермеші де бола алмайды.

Екі съездің арасында өскендігіміздің, іштей түлегендігіміздің көріністерін мен осылай сезінгім келеді.

Әдебиет азаматтық ой-мазмұн, сол ойды оқушының санасезіміне әндей ұялататын шеберлік, бейнелеу көркемдігі арқылы жасалатыны мәлім. Көп болып ойласар, жаппай қолға алар күрделі бір мәселеміз осы төңіректе.

Кейде, жазушының көп түндері кеткен еңбектерінен талант лебі емес, өлі бұйымға сіңе беретін тер исі келетіні де бар. Ондайға кездескенде атақты сыншы Белинскийдің: «Там, где кончается творчество, начинается работа»,— дегені еске түседі.

Аты жаңа болғанымен айтары ескі, ата мен әжелердің өнегелеріне орала беретін ізбасты, түйе-сарын туындылар да кездесіп қалады.

Кейбір ақын қыздарымыз «Мен сенен өлсем де айрылмаймын» деген сарын тауып алыпты. Мұнысында сүйіспеншілік терендігі дерлік сезімнің жаңа бір сырлары емес, құшақ құмарлылығының күйіс-күйіндісі көбірек байқалады: айғайлап тұр!

Жасыру керек емес, соңғы жылдарда баспаға ұсынатын қолжазбаны, басылып шыққан кітапты көпшілік алдына салып, талқылау деген, сол арқылы жазушыға жәрдем беру

деген аяқсып кетті. Газет, журналдарымызда қипалақтау-сипалақтау күшеймесе, әлсіреген жоқ. Осы бір ескі дерттен арыла алмай келеміз. Жазушы аты жазғанының сапасымен емес, санымен танылып жүр. Мұның бәрі де өскен әдебиетке жараспайтын жұғындылар.

Қанаты қатайған әдебиет алға қойған белгілерін үнемі жоғары апарып шаншып отыру керек. Сары жұрт болған ескі жайлауға айналып келіп қона берсек, онымыз талант аяғына тұсау, ой өрісіне бөгесін бола берер еді.

Қазақ әдебиетінің жұмыскер алдындағы, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдындағы, жалпы замандастарымыздың алдындағы парыз-қарызы көбейіңкіреп барады. Тарихи тақырыптарға жазылып жүрген кітаптарымыз бен өз заманымызға арналған еңбектерді таразыға тартар болсақ салмақ, сөз жоқ, тарих жағында. Мен бұл арада сан салмағы емес, сапалық салмақты айтамын. Кейде ескі тақырыптар жаңа идеялармен ұштасып жатса, кейде жаңа тақырыптар ескі арнаға құйып жатады. Соны айтамын. Жаңа адам бейнесі, заман бейнесі көмескілеу сияқты.

Иланы, мен қателесейін де іс жүзінде керісінше болып шықсын!

Ұмытпасам, Чехов заманында жастарды дәрігерлік оқуға қабылдарда — адам үшін жанымды беремін, бағымды беремін деген ант алатын болған.

Жазушы да дәрігер. Адам жанының дәрігері. Жас бала ананы-мынаны аңғара бастағаннан кейін жазушының қолына түспей кетпейді, бір де-бірі түспей кетпейді. Сол адамыңыз қартайғанша идеологиялық тәрбиемізде. Сол адамның өсу жолындағы әрбір сатысына лайық әдебиет жасауымыз керек.

Осыны ойласақ, адамның жан-жүрегін тазалық жолымен тәрбиелеуге міндетті жазушының берер анты қандай болу керек? Оны мен айтып жеткізе алмас едім. Сондықтан, одан үлкен антымыз, одан ұлы арманымыз болмау керек деймін де тоқтаймын. Тек қана қолыңа қалам алғанда ар алдында, азаматтық намыс алдында берер антың барлығын ұмытпа дегенді қосамын.

Абай аға ақынды «ер данасы» деген. Ал, енді ер біткеннің заманы мен елінен алашағынан гөрі, заманы мен еліне берешегі көп. Барлық жазушы қауымы сондай. Оның үстіне жазушының берешегі асылдар қазынасына жатады. Оған қосыла алмаса берешектің өтелмегені.

Совет жазушысы байырғы ескі ұғым шеңберіне сыймайды. Ол жауапты суреткер, дүние жүзіне ең жоғары идеяны — марксизм-ленинизм идеясын тарататын, таратқанда қызықтыра-қыздыра тарататын суреткер. Берешегің әрі көп, әрі

025337

асыл қазыналық дегенде осы жауапкершілікті ұмытпауымыз керек.

Бұл күндерде байтақ совет елдерінде көп тілде жасалатын ұлы әдебиетіміздің съездері өтіп жатыр. Байыбына барсақ, бұл съездер мәдени өміріміздегі үлкен мейрамдардың бірі. Ой-сезімнің ортан қазығындай жазушылар қауымы өзінің де, елінің де, асқан белдерін, шыққан биіктерін тұспалдамақ, елдік келбетін, ұйымшылдық-бірлік дәрежесін көрсетпек. Көп ұлтты совет әдебиетінің озық келе жатқан топтарының бірі — Қазақстан жазушылары өзінің творчестволық биігінен көрінер деп сенемін.

Біздің съезіміздің төрінде, өскен ұрпақтарының ой өрісін, сезім тереңдігін бағалап, азаттық борышымызды қалай түсінетінімізге құлақ салып, М. Горький мен Абай ағамыз тұр.

Табысымызға бірге қуанар, кемшілігімізді бірге сынасар туысқан еліміздің атышулы атақты ақын-жазушылары отыр.

Съезге жиналған бәріміздің атымыздан сол, бауырларымызды құттықтап, «Қош келіпсіз!»— деуге лұқсат етіңіздер.

Бәріңіздің ойларыңызда бар-ау деген аз түйгенімді ортаға салып, Қазақстан жазушыларының VI съезін ашылды деп жариялаймын.

Талантты шығарма— ұлттық игілік

1

ҚПСС XXV съезі қаламгер қауым алдына қойған міндеттерге орай мен мынадай жайларға тағы да назар аударғым келеді.

Алдымен айтпағым, XXV съезде жасаған баяндамасында Л. И. Брежнев жолдас: «Әдебиеттің немесе өнердің талантты шығармасы — бұл ұлттық игілік» деп атап көрсетті. Біздің эталонымыз осы болуға тиісті. Қолына қалам ұстаған, жазушылық өнерді мұрат тұтқан, өз елінің мәдениетін көтеруге үлес қосқысы келген адам осы ұлттық қазынаны жасай білуге тиіс. Мақталатын шығармалар осы ұлттық қазынамызға қосылатындай болуы керек.

Екінші айтпағым, бүгінгі күннің ерлік істерін сөз ететін очерктеріміз көркем шығармадай оқылатын болсын, көркем шығармаларымыз очеркке ұқсап тұрмасын.

Үшінші айтпағым, ләйлі-мәжнүндік ұсақ тақырыптарға барғыштағанды қою керек. Бұдан арылатын кез жетті. Қоғамдық мәні бар, үлкен, елдік тақырыптарды көтерейік. Тақырыптың атына сүйеніп, затын бүлдіруге болмайтынын және естен шығарып алмайық.

Партия алға қойған міндеттердің үдесінен шығу үшін бұдан былайғы жерде жазушылар ұйымының немесе басқа творчестволық одақтардың өз ішінде кадрлардың бет-бетімен, быт-шыт болып жүруіне жол бермеу қажет. Барлық күшті тығыз топтастыра отырып, ортақ іске, ортақ мақсатқа іскерлікпен жұмылдыру жөн.

II

Өз дәуірін тереңінен толғаған әдебиет пен өнер ғана толыққанды өмір сүре алатындығы баршаға мәлім. Партия бізді, әдебиетшілерді өз кезеңіміздің әлеуметтік-қоғамдық құрылыстарын терең сезінуге шақырып, адамзаттың асыл мұраттарына қызмет етуге бастап келеді.

Әкелік қамқорлық пен жылы жанашырлық суреткердің азаматтық жауапкершілігін арттыра түседі.

Халық жанының нұрлы қайнарынан барынша сусындаған дарынды қаламгер ғана дәуір қойып отырған ұлы міндеттерді түсініп, совет адамдарының жаңаша сипатта дамуын қалыптастырып, оның парасаттық көңіл көкжиегін кеңейте түсуге септігін тигізетін туындылар бере алмақ. Бұл тұрғыдан көп ұлтты совет әдебиетімен бірге өзектес, үндес қазақ тіл өнерінің де атқарар жұмысы көп.

Екі съезд аралығында жаңа дүниелер туды, әдебиетке жаңа есім кірді. Өйткені, бұл — мәңгі жүріп жататын процесс. Заңды процесс. Бірақ тілге оралар проблема аз емес.

Бізде көбінесе әдеби құбылыстың ішкі иірімдерін танып, тап басу орнына даурықпалыққа беріліп, маусымгершілікке ден қойылып бара жатқандай. Көркем өнерге мезгілдік, маусымдық көзқараспен қарау творчестволық күшті өсірмейді.

Таланттың ілуде бір кездесер асыл қасиет екенін танитын кез жетті. Оған идеялық-көркемдік тәрбие беріп, мәпелеп отырудың аса күрделі мәселесі ыждаһаттық пен табандылық жағдайында жүргізіле беретін шаруа.

Жас қауымның рухани дені таза болып өсуі үшін үлкен әдебиеттің үлкен болашағын, қамын ойлатады бұл.

Бұл бағытта аға, бала буын демей, жабылып көтерер жүк жеңіл емес. Осы орайда әдеби-көркем сын ой олжамызды қара қылды қақ жарған әділ қазылықпен таразылап, жазу-

шы мен оқушы арасындағы қызық қатыстың барысын көрсетіп отырғаны керек-ақ.

Ал не тындырып, не қойғанымыз оқырман алақанында. Олардың биік талап талғамынан шығу біздің суреткерлер үшін үлкен парыз. Сонда ғана партия мен халық алдындағы борышымызды өтеп, шабыт шыңына қарай көркем ой керуені сапар шеге береді.

Алда—ұлы асулар

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Л. И. Брежнев жолдас КПСС Орталық Комитетінің өткен жылғы ноябрь Пленумында алдағы дәуіріміздің негізгі мазмұнын аңғартатын, әр кезде есте болатын ойларын айтты. «Келесі жылы — үстіміздегі бесжылдықтың қорытындылаушы жылы ғана емес, сонымен қатар келесі бесжылдықтың сүйеніп құрылатын базасы да,— деді Леонид Ильич.— Ол партияның XXVI съезіне белсенді әзірлік жүргізілетін жыл». Әрі айқын, анық, әрі бар салмағымен түсінетін сөздер емес пе?

Барлық совет баспасөзінің таяу мерзімдегі міндеттері де осы айтылғандардан өрістемек. Әдебиетімізге де, әдебиет газетіне де қояр жаңа тілектеріміз де осы ойлардың туындысы болмақ.

Үстіміздегі бесжылдық пен келер бесжылдық тұсындағы СССР деп аталатын мемлекеттің өмірін ұлы деген сөзді төрт рет пайдаланып барып әрең бейнелей алсақ керек. Үстіміздегі бесжылдықта совет экономикасының өсуі триллиондармен есептеуге жетсе, одақтас республикалардың энокомикасы миллиардтармен есептеуге жетті, экономикасы миллиондармен есептелмейтін аудандар кемде-кем. Бұл — ұлылық сипаты!

Біздің бесжылдықтар совет халықтарының өміріне біржола кіріп орнаған өмір заңына айналды. Бізден көп кейін туған социалистік елдерге де түгел өнеге болып кірді.

Қай бесжылдығымызды алсаңыз да көп ұлтты совет халықтарының еңбек жемісі. Ғылымға бағынып, техниканы меңгеріп алған еңбек жемісі. Келер жылы басталар бесжылдықта еңбекшілердің ғылымға сүйенуі, техниканы меңгеруі, еңбек мәдениеті, еңбекші атағының ар-ұяты деп аталатын адам қасиеттері дәуірлеп өспек. Біреуі биыл аяқталар, біреуі келер жылы басталар екі бесжылдықтағы СССР халықтарының еңбегі де ұлы еңбек.

Сол ұлы еңбекші елдердің бірі Қазақстан еңбекшілері өткен жылғы астық тапсырудағы еңбегі үшін Леонид Ильич Брежнев жолдастың аузымен айтылған барлық совет халықтарының алғысын алды. Барлық совет халықтарының алғысын алған Қазақстан еңбекшілері де ұлы!

Қазір Қазақстан еңбекшілері қалай мақтанса да, қалай тәкаппар сезінсе де онысында ерсілік бола қоймаса керек. Қайта күпінің заманындағы бұйығы жұпынылық ерсі болар еді. ҚПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің өткен жылғы декабрь Пленумында Қазақстанның табыстарын да, кемшіліктерін де егжей-тегжейлі айтты. Қазір негізгі қорымыз 90 миллиард сом екен, жылдық бюджет 8,4 миллиард сом... Қазақстанда шығарылатын 1850 бұйым сапа таңбасымен шығады екен. Қазақстанда шығарылатын бұйымдардан сексен екі шет ел алып тұрады.

Сонымен бірге Д. А. Қонаев жолдас қашанғы игілікті әдеті бойынша, мәдениет, әдебиет майдандарын да ұмытқан жоқ. Әсіресе, сапа жайларына баса тоқтала келіп: «Жақсы шығарылған кітап, дұрыстап беттелген мазмұнды газет» те осы сапа мәселесіне кіреді деді. Біздің газетшілер мен баспасөз басындағы жолдастар үшін бұл үлкен ескерту.

Д. А. Қонаев жолдас республикамыздың өскен-өрлеген дәуіріне сай жазушылар мен газеттерге үлкен, абыройлы тақырыптар беріпті. Қалалардың ауа тазалығы, жалпы табиғат қорғау мәселелері, көл, өзен, бұлақ суларын ішуге жарамды қалпына келтіру үшін кең түрде күрес ашу керектігін қатты ескерткен.

Елеусіз келе жатқан бір қоғамдық жайды Д. А. Қонаев жолдас қатал сынға алыпты, кезінде алыпты. Ол — ауылдық көп жерлерде құрылыс, шөп жинау, темекі жинау сияқты жұмыстарды қаладан келетін оқушыларға сақтап қояды (өткен жазда қыздар педагогика институтының қыздарына белорақ ұстатып шөп шаптырған совхоз Алматының түбінде ғана тұрады). Қаладан келгендерге жұмысты тапсырып, бір жекіріп қойып, өздері той-тойлап кете беретін «бастықтар» әлі де бар. Бұл арамтамақтық әлі қалмаған екен. Осының бәрі де «Қазақ әдебиеті» газетінің көз аудармай бақылап отыратын тақырыптары. Әрине, бұл жазушылардың да шет қақпай қалатын жайлары емес.

Жаңа жылдан бастап толығып шығатын «Қазақ әдебиеті» газетіне мен де бірер тақырып тосқалы отырмын:

1. Ең әуелі «тіл бұзаризмға» жол берілмесе екен. Тілімізді шұбарлау әзірше екі саламен келе жатыр:

а) шағатаизм — кәсіби, адами, қоғами, сыни, салиқалы, салауатты, тағы-тағылар. Мұның құйрығына жармасып кейде мағынасы дұрыс, кейде бұрыс, аздаған араб-парсы сөздері кіріп келеді.

б) «Өз ауылизм»— мұның бір сорақы түрін «Мәдениет және тұрмыс» журналының өткен жылғы соңғы номерінде көрдік. «Әкесіз жетім — мас жетім, шешесіз жетім — қас жетім» деген рас болса керек» депті бір мақалада (7-бет). Әкеден жетім қалған бала неге мас болады, шешеден жетім қалған бала неге қас болады? Мұндай мақал естіген емеспіз. Қазақтың ойлау жүйесіне де келмейді ғой!

«Музыкалық хабар» дегенді әлі күнге дейін қолдануымыз ұят-ақ! Музыкамен ешкімге хабар бермейді. Орыс тіліндегідей музыкалық программа, музыкалық программамыз десек, ең болмағанда мағынасын дұрыс аңғартқан болмас па едік? Тегінде, терминдік атауларды термин комитеті бекіткеннен кейін пайдаланған дұрыс болар.

2. Көркем әдебиеттің өсуіне әділ сын ауадай қажет. Барымызды асырмай, жоғымызды жасырмай саралап айтар, таңдануы жоқ, талдауы терең таразыдай, адал сын әдебиет газетінің әр саны сайын жарық көріп жатса, ортақ мүдде, ортақ іске аз қолғабыс болмас еді. Жылтырағанның бәрі алтын, жарқырағанның бәрі жауһар емес, ендеше жыл сайын ондап емес, жүздеп шығатын кітап атты қымбат қазынамыздың арасында ата даңқымен өткен қыз, мата даңқымен өткен бөз сияқты бозөкпе туындылар жоқ па, арзан мен маржанның ара жігі қайсы деген күрделі сұрақтарға әдеби сын әдептілігін сақтай тұрып, күбірлеп, күмілжімей, айқын, батыл жауап беру керек. Өз дегенім — қағида, өзгенікі — қаңғыма деген өзімшіл ой жетегінде кеткен сын әдебиетті өсірмейді, өшіреді. Ондайлар кездеспес, кездесе қалса оған әдебиет газеті әділ қазылық жасарына сенеміз. Әдебиеттің әртүрлі мәселелеріне орай кезек қамшы тастасып, кең түрде пікір алысатын ой таласын ұйымдастырып отыру — сынның белсенділігін арттырып, беделін көтеретінін де ұмытпауымыз керек. Қазіргі қазақ әдеби сынының бойына ананың аппақ сезіміне толы ақ махаббатты, қатты әкенің қаталдығындай айбынды: қара қылды қақ жаратын қазылардың әділдігін сіңіре беру де әдебиет газетінің ең абыройлы борышы деп білем.

3. Қай газеттің болса да қабілеті шешілген мәселелерді үгіттеу, түсіндірумен бірге сол мәселелердің солай шешілуіне қанша ат салысты, сол еңбегінен көрінеді. Көлемі үлкейіп, шиыры кеңейген «Қазақ әдебиеті» газеті бұдан былай қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық түбегейлі мәселелерді батылырақ та кеңірек қамтып ортаға салып отырар деп сенемін.

4. Түптеп келгенде, еңбек өнімділігі еңбек мәдениетіне, ғылымға, техниканы меңгеруге байланысты екенін білмейтін кісі жоқ болар. Ал сол ғылым, техника, мәдениет дегендеріміздің ұлы ордасы — мектеп. Июль айының аяғына таман әр ауданнан ондап-жүздеп келгендерімен жоғары дәрежелі оқу орнына түсе алмай, көздері жаудырап қайтып бара жатқан балаларға қалай жаның ашымас? Ауылдық, аудандық мектептерде оқу жұмысы әлі жөнге қойылмағандықтан қанша таланттар ашылмай өтерін кім білсін! Кең мағынасында оқу жұмысын естен шығармау «Қазақ әдебиеті» газетінің үлкен міндетінің бірі болу керек.

5. Әр газеттің өзге газеттерге ұқсамайтын өз кескін, өз келбеті болуы керек. Ол әйтеуір бір кескін емес, шын газетшіге тән шынайы таланттан туатын тапқырлық, қиыннан қиысатын зергерлік кескін. Бұған жарияланатын материалдардың мазмұндылығынан бастап әр қаріптің қалай құйылып, әр сызықтың қалай тартылатынына дейінгі аралықтағы газеттің күнделікті күрделі, қиын жұмысының бәрі кіреді.

Көркем әдебиет пен көркем өнер сынды баға жетпес заты асылдың адамзат, қоғам, дәуір алдында атқаратын ардақты, қиын міндеті бар. Өз келбеті, өз үні, жақсы дәстүрі бар «Қазақ әдебиеті» сол ұлы міндетті орындауға қолғабыс жасап қана қоймай, көш басында болады, әдебиеттік қана емес, әлеуметтік мағынада ірі жұмыстар істей алады деп сенемін.

Іске сәт, достар!

Ұлы міндет

Көп ұлтты совет әдебиетінің сындарлы отрядтарының бірі — Қазақстан жазушыларының кезекті съезі КПСС-тің тарихи XXVI съезінен соң, Қазақстан Компартиясының XV съезінен соң шақырылып отыр. Ал бұл съездерде біздің творчестволық ұйымдарымыз өз жұмыстарын қайта құрып, алда тұрған міндеттерін терең түсіну тұрғысынан көкейкесті мәселелерді шешудің басты бағыт-бағдары белгіленіп, жетерліктей күш-қуат берілген болатын.

Лениндік Орталық Комитеттің және оның Саяси Бюросының басшылығымен біздің ұлы еліміз кемелденген социалистік қоғамның жаңа кезеңіне аяқ басып, күні өткен, моральдік жағынан тозған құбылыстардың бәрін байсалды түрде сыпырып тастайтын кезеңде тұр.

ҚПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Л. И. Брежнев жолдас өзінің XXVI съезде жасаған Есепті баяндамасында: «Кемелденген социализм кезеңінде барлық қоғамдық қатынастардың жаңа құрылыстың өзіне іштей тән коллективтік негіздерде қайта құрылуы аяқталады. Бұл қайта құру материалдық саланы да, рухани саланы да, біздің өміріміздің бүкіл укладын қамтиды» деді. Бұл өте әділ, тура айтылған сөз. Ал, біздер, совет адамдары, Леонид Ильичтің айтқан әрбір сөзі қай кезде де, ішкі, сыртқы жағдайлардың бәрін де — әрдайым кәміл жүзеге асатынын жақсы білеміз.

Демек, үстіміздегі он жылдықта материалдық және рухани өмірімізде жаңа биіктерге шығады екенбіз. Осы кезеңде қоғамдық қатынастардың өзгеруімен байланысты жаңа адамның да қалыптасатыны хақ. Осы екі мәселе біздің еліміздің өміріндегі елеулі оқиғаға айналмақ.

Әрине, жаңа адамның қалыптасуы оңай шаруа емес. Адамның бес саусағы қандай тең болмаса, оның өзі де ешбір қалыпқа сыймайтындай дара-дара болып келеді. Өйткені, адам өмір сүрудің әрқилы жағдайында, миллиондаған жылдар ішінде қалыптасқан. Партия съезі семьялық-тұрмыстық, оқу-тәрбие, саяси-тәрбие жұмысында қалыптасқан стандарттардың орнына мүлдем жаңа жүйелер мен шараларды іске қосудың жолдарын белгілеп берді. Бұл идеология майданының қызметкерлеріне қойылатын талап ұлғая түседі деген сөз.

Осы ретте ҚПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдастың Алматыда идеология-лық жұмысқа арналған ғылыми конференция жұмысының қорытындыларын жұрттың бәріне белгілі қарапайым шындықтарды қайталап шыққаны үшін қатты сынға алғаны тегіннен-тегін емес.

Кемелденген социализм дәуірінің ең күрделі мәселелерінің бірін Л. И. Брежнев былай атап көрсетеді: «Бәрі де адам үшін, адамның игілігі үшін деген бұлжымайтын программалық талап экономикаға партиялық, саяси тұрғыдан қараудың түпкі негізі болып келді». Осы әлеуметтік міндеттерді орындауға, меніңше, мемлекеттік Жоспарлау комитеті мен қалалық Советтер ғана тер төкпесе керек. Леонид Ильич Брежневтің бұл сөзінен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында тамаша үндестік дәуірі басталғанын көреміз.

Қоғамдық қарым-қатынастарды коллективтік негізде қайта құруды аяқтау, жаңа адамды қалыптастыру, партияның экономикалық саясатын түгелдей жүзеге асыру — экономикалық, саяси, әлеуметтік проблемаларды шешудің терең де ғажайып арнасы.

Осыдан рухани өмір жасампаздарының — қалам, қылқалам, сахна, экран, радио, телевидение қызметкерлерінің міндеттері келіп шығады. Оның ең бастысы — еңбек, адамшылық, идеялық — саяси тәрбие ісіне біздің белсене араласуымыз болса керек.

ҚПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас республикалық партия активі жиналысында: «Совет Одағы 80-ші жылдарға қолында арта түскен өнеркәсіптік және ғылыми потенциалы, жоғары тиімді экономикасы бар жағдайда қадам басып отыр... Еліміз бұрынғы қай кездегіден болса да күшті, кемел дамыған елге айналды», деп атап өтті.

Біздің еліміздің еңбек қолы мен материалдық қорларын зерттей келіп, Унистон Черчилль соғыс дауылы аяқталған соң, 12 жыл өткеннен кейін «возник новый, совершенно немыслимый баланс сил» депті. Егер Черчилль тірі болса не тауып айта алар еді!

Д. А. Қонаев жолдастың жоғарыда айтқан пікірін, әрине, Одақтас республика шеңберінде Қазақстанға да ыңғайлап қайталауға болар еді. Бұл пікірге тиянақ ретінде Леонид Ильич Брежневтің мына бір сөзін айтуға болады: «Мысалы, Қазақстанды алып қараңыздаршы. Ол экономика мен мәдениеттің нағыз гүлдену кезеңін бастан кешуде» деген еді ол.

Әрине, осы жоғары бағаның ішінде Қазақстанның творчестволық, идеологиялық майданда еңбек етіп жүрген адамдарының да үлесі бар. Сөйте тұра, біз, жазушылар, КПСС XXVI съезі қорытындыларын талқылауға арналған өзіміздің партия жиналысымызда қаламдастар еңбегіндегі кемшіліктерге төзбестікпен қарап, талапшыл тұрғыдан баға беруге тырыстық.

күн тақырыптарын тым қызықтап кеткен қаламдастар атына Қазақстан Компартиясының XV съезінде, республикалық партия активі жиналысында КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Қо-

Бұл арада біздің бүгінгі күнмен үндестігі шамалы, өткен митетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдастың айтқан сынын өте әділ деп бағалаймыз. Ал, біздің қаламдастарымыз кейінгі жазылған кейбір кітаптарының өзінде тарих қойнауына бұрынғыдан да әрегірек үңіліп кетіпті... Екіншіден, кейбір жас жазушыларымыз өздерін-өздері қызықтап, күнделікті өмірден бойларын аулақ ұстайтыны байқалады.

Әдеби сынның адресіне де біраз сын айтуға болар еді. Бұл айтылғандармен біз Д. А. Қонаев жолдастың сынына, әрине, толық жауап бере алмаймыз, олқылықтарымыздың

орны да әзір тола қоятын емес. Оның бәріне жауапты осы съезде жасалатын баяндамалардан өздеріңіз еститін боларсыздар деп үміттенемін.


Л. И. Брежнев жолдастың КПСС XXV съезінде айтқан аталы сөзін осы жерде тағы бір қайталап, естеріңізге түсірсем деймін: «Көркем сөз, сан құлпырған бояу ажары, тасқа жан бітіргендей шеберлік, үйлесімді үн-сазы замандастарымызға шабыт беретінін, біздің ұрпақ туралы, біздің заманымыз туралы, оның толқыныс-тебіреністері мен жеңіс-табыстары туралы жан мен жүрек естеліктерін келешек ұрпақтарға жеткізетінін біз жақсы білеміз» деген еді ол.

Адамның рухани азығын жасайтын творчество адамдары қолына қалам алған сайын осы аталы сөздерде айтылған терең мағыналарға ой жүгіртуі керек деп ойлаймын.

Қазақстан жазушыларының кезекті сегізінші съезін ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Екінші бөлім

Кемелдену кезеңдері



Әдебиет айтысына

Бізде әдебиет айтысы басталғалы едәуір жыл болса да, әдебиет мәселелерінің көбі-ақ дұрыс шешілмеген сияқты. Айтысқа қатнасқандардың әрқайсысы өз пікірін жақтап, әдебиеттің тура өзіне жөн сілтегені жоқ деуге жарарлық. Айтыста оқушылар ешқайсысына да түгел қосылған жоқ. Бір сыншының бір пікірі дұрыс болса, екіншісі қате. Сонымен, бұл мәселеде едәуір даңғазалық та жоқ емес.

Әрине, бұлай болуына таң қаларлық дәнеме жоқ; сонда да негізді мәселелер жайында негізді бір пікірге келетін уақыт болып та қалды. Әсіресе, ақын-жазушыларымыз сандалып болды. Бір күні бері тартылады, бір күні әрі итеріледі. Олармен бірге әдебиетіміздің кімдікі екені де үлкен дауда жүр. Бұған әлі күнге дейін болып келе жатқан іркіс-тартыс айтыстар, бір «шешілген» секілді сұраудың қайта жаңғырығып қойыла беруі (жаңғырғанда да бастапқы күйінде қойылуы), оның үстіне бұл мәселені өлкелік партия комитетінің қолға алайын деп отырғаны толық дәлел. Тегінде, партия комитетінің байламы шыққанша ешбір сыншыға сенуден қалдық-ау деймін.

Міне, сол әдебиет жайында өз пікірімізді ортаға салмақшымыз. Мәселесінің бұтағы көп, тамыры тармақты, терең жатады ғой. Сондықтан бірді-екілі жайында толық айта алсақ та — қанағат.

Бізде (Қазақстанда) пролетариат әдебиеті бар ма?

Жақын арада Ғаббас жолдастың «Әдебиет және сын мәселесі» деген кітабы шықты. Іле, Мұсаұлы Әйтке жолдастың мақаласын көрдік («Еңбекші қазақта» басылды). Жоғарғы сұрауға бұл екеуі де бір ауыздан «жоқ» деген жауап берді. Пролетариат әдебиетінің болуына, үстемдік алуына шек келтірмесе де, «қазіргі күннің өзінде ауызға аларлық пролетариат әдебиеті бар дегенге қосыла алмаймыз. Бұлай деушілер өзін де алдайды, жұртты да алдайды»— деді Ғаббас (кітабының 43-бетін қара). Міне, бұл пікірге біз де қосыла алмайтынымызды айтпақпыз. Шамамыз келгенше дәлелдемекпіз.

Біздіңше, бізде пролетариат әдебиеті бар ма деп сұрауды жекелей қоюдың өзі онша дұрыс емес. Өйткені өмірі, тұрмысы, шаруашылығы, саясаты бөлек, жеке жатқан Қазақстан жоқ қой. Біз Кеңестер Одағының бір бұрышымыз. Кеңестер Одағында шаруашылық, саясат, үстемдік, мәдениет, әдебиет — бәрі пролетариат қолында. Қазақстан шаруашылығы, саясаты, үстемдігі Кеңестер Одағымен тұтасып жатыр. Әңгімені жалғыз әдебиетке аудармай негізімен тұтас алатын болсақ (біздіңше, тұтас алу керек) негізіміз бірігіп жатыр. Олай болса, негізі бірігіп жатқан Қазақстанның шаңырағын бөліп алу қате. Қазақстан Кеңестер Одағының бір отауы. Дем алысы, қимылы, жүрегі, ауаны, ісі сол «үлкен үймен» бірге. Әдебиет, мәдениет жақтарындағы ақсақтығымыз шаруашылығымызда да бар. Бірі орасан алда, бірі орасан артта емес. Кеңестер Одағының әсері қай жағымыздан болса да бірдей тиеді. Тиіп те отыр. Шаруа, саясат, тілек, бәрі кіндіктесіп жатқанда, әдебиет мәселесіне келгенде бөлектену дұрыс емес. Бұл кіндіктескендіктің жалпы алғанда Кеңестер Одағына қандай әсері болса, бізге де сондай әсері болады. «Ұлт әдебиеті» (түрі) дегеніміз тап әдебиеті ғой (мазмұны). Біздің жаңа әдебиетіміз тап жолына түсе алған жоқ деу қиын болар дейім. Пролетариат тілегін соғып отырған жаңа әдебиетіміз бар. Шаруашылық қарым-қатынасын, әдебиетті соңына ертетін жағдайды, пролетариат ісінің тұтастығын көріп отырып, Қазақстанды жекелеуді қате деймін. Бұл Смағұл күркесінің түтіні. Смағұлдың бөлісі зиянды бөліс. Бұл «бөлшекті де» жалғау керек. Сонда ғана шындыққа жақындаймыз. Бізде де пролетариат үстемдігі, бізде де социалшылық құрылысы, бізде де пролетариат күресі (байлар қалдығы, ескі салт-санамен) бар. Біздің әдебиет те осы күрестің құралы.

Үстемдік демекші, Ғаббас бізде пролетариат үстемдігі дегенге де қосылмайтын секілді. Сол кітабының отыз сегізінші бетінде:

«Өсетін әдебиет қашанда болса үстем жұртшылыққа сүйенеді. Бізде үстем жұртшылық кедей жұртшылығы, еңбекшілер жұртшылығы. Қазақтың үстем болатын әдебиеті де осы жұртшылыққа сүйенбей ме?» депті. Әрине, біз пролетариат үстемдігі дегенді жақсы білеміз, «кедей үстемдігі», дегенге тіпті қосылғымыз келмейді. Сондықтан үстемдік алатын «кедей әдебиетіне» де илана алмаймыз. «Кедей» мен «пролетариат» екі басқа екенін есімізде ұстап, оны Ғаббастың жақсы білетінін де ұмытпай отырып, Ғаббастың мына бір байламын түбірімен қате дегіміз келеді:

«Біздің кедейшіл ақындарымыз көп жазғандарында коммунист көзімен көріп жаза алмай отыр. Геройлары ауыл кедейі — ауылдағы жылқышы, қойшы, ауыл коммунисі,

ауыл әйелі. Пролетариат ақыны дейтін Сәбиттің де көбінесе жазып отырғаны ауыл кедейі»[1]. (Ғаббас кітабының 45-беті).

Қазақстанды жекелеме дейтін тағы бір себебіміз, біздің әдебиет те жалпы пролетариат ісінің тақырыбына жазып отыр. Мысалы:

«Жасайды Совет!», «Жасасын Октябрь!», «Коминтерн жасайды!», «Советстан», Экспресс», «Жаңа ауыл», «Кооператив», «Куды кеңестен қу», «Сойқанды содыр», «Коллектив», «Трактор», «Қаскүнемдер», «Бөліс», «Көнфеске», «Ауылнай әйел», Қызыл отау», «Жаңа жол бойында», «Түркстан жолы» деген шығармалар бар. Бұл тақырыптарға ондаған, жүздеген өлең-әңгімелер жазылды. Біздіңше бұлар пролетариат жорығында жүрген жазушылардың күйі, пролетариат ісін істесіп жатыр. Сондықтан біздің әдебиетті бөлуге де қарсымыз.

Әдебиет мәселесі социалистік құрылысымыздан бөлек, өз алдына жеке тұрған автономиялы нәрсе емес. Пролетариат үстемдігі, пролетариаттың социализм орнатуы, шаруашылықты соған қарай бейімдеуі, ескілік салт-санамен күрес — осының бәрі де одақтық көлемде қосақталып жатқан жұмыс. Бәрі пролетариат жұмысы. Бұларды істеушілердің жүрегі де, білегі де бір, бұлар пролетариат әскері. Біреуі машина дөңгелегімен бірге зырылдап тұрса, біреуі байлардың қанауынан батырақтарды құтқарып, қайта өзіне «қожайын» қылып қойып жатса, мұның арасында орын айырмасы ғана бар. Іс, күрес біреу-ақ. Біреуі байлар табының салт-санасымен күресіп жатса, бұл да сол күрес, бұ да социализм құрысып жатқан пролетариат әскері. Әдебиет те сол жұмыстарды істеседі. Ақын «ойдыкі» емес, «сезімнің ғана адамы» болса да, осы майдандарға ойланып қарайды. Ағарған, қызарған түстің бәрін бірдей «өлең» қылмайды. Олардікі жай «өлең» емес.

Күресте көңіл көтеріп, күш беретін өлең-жыр — қару болмақ. Пролетариаттың шаруашылықты индустрияландырып жатуы ақынның өлеңіне де әсер етеді. Ақынның өлеңі индустрияға да (шаруашылыққа) әсер етеді. Қай тұста болса да бұл екеуінің байланысы үзілмейді. Күрес, іс бұлардың қорытындысы, бір беткей дейтініміз де осы.

Әдебиет көркемөнердің бір тарауы. Көркемөнер түгелімен шаруашылық қарым-қатынастың соңында болады. Шаруашылық пен саясатты қосақтап үстем таптың қолына берсек, көркемөнер аспанға ұшпайды. Солардың артынан кетеді. Керегіне жарап, сол таптың көркемөнері болады. Көркем түрде сол таптың тұрмысын, өткенін, келешегін,

[1] Ғаббасша солай болып шығады.

сезімін, ойын көрсетеді. Қоғам құрылысының елесі болып шығады.

Біздің жаңа әдебиетіміз пролетариат тілегін тілеп, күн-бе-күнгі ісін істесіп отыр. Жоғарғы келтірген тақырыптар бұған дәлел. Пролетариат сойылын соғып отыр. Рас, қай ісіміз болса да бірден жөнкіліп келе қоймайды. Сол секілді әдебиетімізде де кемдік бар. Бірақ «жоқ емес» қой. Біз де шамамыз келгенше жалпы пролетариат ісін істесіп жатырмыз ғой. «Ауылнай әйелді» жазғанда, іс істеп жатқан әйелді, көзін ашқан әйелді жазамыз ғой! Әйелді, қойшыны жырлау пролетариат ісі емес пе?

Бізде пролетариат әдебиеті жоқ деушілердің тағы бір қатесі, бұлар пролетариат әдебиетінің тірегі Сәкен, Сәбит, Бейімбет деп есептейді. Үшеуінің әсіресе Сәбит пен Сәкеннің қателерін бетіне басып айғыздап жатқандары, содан барып пролетариат әдебиетін, ақынын жоғалтып шыға келеді. («Тіл аузымыз тасқа» бұл үшеуі бірдеме болып кетсе қайтеміз?!) Жаңа өсіп келе жатса да, жақсы өсіп келе жатқандарды көрмейді, бағаламайды. Жұмыскер, ауыл арасынан шыққан жүздеген, мыңдаған тілшілерді, балаң жазушыларды есепке алмайды. Әзір қатарлы орын алмаса да, атақты ақын атанбаса да пролетариат тілегін жырлайтындарды көрмейді. Бұларды есепке алу керек. (Бұларға әкеліп Сәбит, Сәкендерді қоссаң күрделі күшті көресің!). Бұлардың көркемдік тіл, пікір жағынан ұшырасатын кемшіліктерді, пролетариат әдебиетін жоққа шығармайды, төселмегендігін, білімі кемдігін көрсетеді. Біздің міндет оларды үйрету, жазуларын түзеу, бірақ жоққа шығару емес. Әзір саны сапаға айналып бара жатқан сорлылықты көріп отырғанымыз жоқ!

Біз жоғарыда бірнеше тақырыптарды келтірдік. Сөз жоқ, сол тақырыптардың өзінен де кімнің әдебиеті екені едәуір көрініп тұр. Бірақ, ел тілшілерінің, жаңа жаза бастағандардың бір-екі ауыз өлеңдерін келтірсек дәлелдірек болар:

«Жиылыс ду-ду етіп ашылды топ,
«Маған бер, мен сөйлеймін,
— Саған сөз жоқ,
— Ал сөйле, Жәке, саған сөз берілді.
«Іреді тұра сала Жарқынбай кеп:
— Айтатын сөзім мынау сөйлесем мен.
«Жалтақтың анау-мынау кісісі емен.
«Байлардың танауына шерту керек,
«Артығын тығып қойып көлгірсіген»

Оқшаулау анау тұрған кооператив,
Маңына жұртты жинап топыр етіп,
Астығын Жуанбайлар төгіп жатыр.
Ыңқылдап, жыбыр-жыбыр, жыбыр етіп...

(«Ауыл газеті». «Қол бір... жеңнен» деген өлең, 516 саны, 29 ж.)

Арам пейіл ауылда бай аз емес,
Қаны қара жүректері таза емес,
Кедейді езбек, күнде күрес, аттаныс:
Тек әшейін кексіз ауру, наз емес...
Ауылда көп байдың әлі серкесі,
Дақ тимеген шонжарлардың еркесі.
Алдап, арбап кедейшіл боп жағынып,
Демі бітіп құрығандай діңкесі.

Кедей-жалшы, келді міне сайлауың,
Шешпе нығыт дұшпанының байлауын,
Бұрын кірген арам сирақ қуларды
Керек болад сайлауыңнан айдауың!..

(«Ауыл газетінің» 492 саны, 29 жыл. «Тап дұшпаны әлі мықты ауылда» деген өлеңнен).

Шәкір, Асан, Бәкір, Досан,
Кілең жарлы, емес малды,
Жатпа қарап, істеп талап.
Бәрің бірлес, кеңесіп шеш.
Қолхозға кір ұйымдас!

Еккен егіс, беріп жеміс,
Түсімі артып, өссін себіс,
Дейді біздің трактор.
Шәкір, Асан, Бәкір, Досан,
Бұл ақылды жақсы біл!..

(«Кеңес туы» 7 саны, 29 жыл. «Трактор» деген өлеңнен).

Айда... айда... трактор!
Барып... барып бір-ақ бұр!
Күрілдеп даусы шақырып,
Басымызды құрап тұр!..

Серіктік, артельменен басын қосып,
Жиналған шаршы топтың алдын тосып,
Астына мініп алып тракторын,
Жиынға дүр-дүр етіп келді Жүсіп...

(«Кедей» газеті 24 саны, 29 жыл.)

Мінекей мұндай өлеңдер бізде толып жатыр. Мұны жазып отырғандар жаңа өсіп келе жатқандар. Жырлағандары кімнің тілегі екенін, не істесейін дегені көрініп тұр. Ал, өлеңіне келсек, қай жері кем? Жаңа жаза бастағандарға бұл аз олжа емес. Бәрі де жақсы жазылған. Осылар секілді пролетариаттың күнбе-күнгі ісіне ат салысып отырған көркем әдебиетті (әңгіме, өлеңдерді) пролетариаттікі дейміз. Бәрінде де пролетариат тілегі бұлжымай орындалды деу артық соғар, бірақ өз шамамызша атқарып жатқан ақын-жазушымыз, әдебиетіміз барлығына бұл дәлел болса керек. Салғаннан қақтырмайтын пролетариат ақыны оңай шықпайды. «Жүре түзелетін қосты» біз өзіміз түзетіп аламыз. Қатемізді түзей отырып, дабылға барып түсеміз.

Осы келтірген өлеңдерде Сәбит, Сәкен, Бейімбеттердің

тұқ қатынасы жоқ. Ауыл арасынан жаңа шыққандардікі. Керек болса Асқар, Жақандардікі де емес. Осылар иек сүйеуге қалай жарамайды? Біз пролетариат әдебиеті бар дегенде «үш жайынға» ғана сүйенбейміз, соларға сүйене өсетін жас жазушыларға, Октябрь ұлына түгел сенеміз.

Барды көрмесеңдер, жаңа жазып келе жатқандарға мұрын шүйірсеңдер, «өзі болған атақтыларға» сүйеніп жазылған қисын өте қымбат болмайды. Оны жазған сыншы әдебиетімізге де, ақын-жазушыларымызға да қымбат сыншы болмайды, бізге құрғақ сыншы емес, әдебиетімізге де, жазушымызға да жәрдемі тиетін, демесін болатын сыншы керек. Мазмұны пролетариаттікі, бірақ көркем түрде айтылмаған, пернесіз жазылған, сондықтан басылмай қалатын әдебиет бізде аз ба? Қай басқармаға барсаң да үйіліп жатады. Сын соларды түзетіп, іске асырысуы керек. «Жаман жазылған» деп басылмайды, бірақ ол жуан қолмен долбарланған пролетариат әдебиеті. Олар күнбе-күнгі құрылысты жазады. Кеңес өкіметінің табыстарына таңдайын қағады. Құрметті сыншылар, сіздер асқақтап өте жоғары қарап жүрсіздер; шыққан төбелеріңнен төменірек түссеңдер, етектегіні түгел көресіңдер. Пролетариат әдебиетінің марксшіл сыншысы болам дегендерің осыны істеулерің керек!

Пролетариат әдебиеті жоқ деушілердің тағы бір қатесі — пролетариат әдебиеті, завод, фабрикті жазсын, завод-фабрик арасынан ғана шығады дегендей қылады. Бұл пікірді азырақ жамылтқылайды. Бізде бұл тақырып өте сирек аталады ғой: содан барып пролетариат әдебиеті тағы жоғалып шығады. Ғаббас былай дейді:

«Бірақ, алайда негізінде пролетариат әдебиеті пролетариат тұрмысынан туады. Фабрик-завод, кен — міне пролетариат әдебиетінің ошағы осылар. Пролетариат әдебиетіндегі геройлар осындай жерден шығады». (кітабының 44-бетін қара). «Біз білген бұқарашыл ақындарымыз әлі қазақтың даласында жүр. Қазақтың шаруасының тұрмысын жазып жүр. Қазақтың жұмысшыларының тұрмысын жазғандар жоқтың қасында» (кітабының 42-бетін қара). Міне бұл Ғаббастың көзқарасы. (Ғаббастың бұл солақайлығына, әрине, қуанбаймыз!)

Бізше пролетариат әдебиеті деп қай тақырыпты болса да пролетариат көзімен көріп, пролетариат тілегіне дәл соқтырып жазса, соны айтамыз. Ауылды кенестендіру, байды жер аудару, кооператив, өндіріс, қойшы-қоланды, әйелді жетілту... бәрі пролетариат тілегі. Осыны талмай жырлаған ақынды пролетариат ақыны дейміз. Ауыл — қарашаруа ішінде отырған жазушы социализмді құрысқанда қай жерінен бастау керек? Бізше, өзі қай жерде болса, сол арадан туре тию керек. Далада отырып қаланы, қалада отырып да-

лапы социализмге көшірем деп әлектенуден, отырған орыннан бастағаның жемісті.

Қай тақырыпты болса да пролетариат көзімен көріп жазу керек, дегенге Ғаббас та қол қояды. Бірақ, «Бірақ... Алайда» деп айнып кетеді. Ғаббастың осы «Бірағының» құйрығынан ұстау қиын! «Жұмыскер тұрмысынан жазғандары жоқтың қасында» өзі бір қорытынды. Одан «пролетариат әдебиеті жоқ» деп екінші қорытынды шығаруға болмайды. Жұмыскер, завод тұрмысынан көп жазуға зер салу керек деген қортынды шығады.

Бізге жалғыз пролетариатты, заводты ғана жырла демейді, пролетариаттың ісін жырла дейді. Іс істес дейді. Қай тақырыпты алсақ та не байға, немесе мещанға, не кедейге, не жұмыскерге сүйкімді етіп шығарасың — аспаннан салбырап түспегенің секілді, әйтеуір біреуінің сойылысың. Сүйкімді деп, қайсысының тілегін тілесең, ісін істесең, соны айтамыз. Біз сол тақырыптарды пролетариатқа сүйкімді етіп жазамыз да пролетариат ісін істестік дейміз. Біз шындықты, барды, шын болашақты жырлаймыз.

Біздің пролетариат әдебиеті бар деуіміздің бір ұшы «Қазақстан пролетариат — қарашаруа жазушыларының ұйымына» байланысты. Бізде бұл ұйым ашылғалы едәуір жыл болып қалды. Егер пролетариат әдебиеті, ақыны-жазушысы болмаса, бұл ұйым ашылмас еді. Бірақ, ашылып отыр. Ұйымға ерік беріп, жәрдем көрсетіп отырған өлкелік партия комитеті қаталасқан жоқ. Ұйым ашу арқасында пролетариат әдебиетін жасаймыз, деген жоқ. Туа бастаған әдебиеттің өркендеуіне кең жол ашылсын деді.

Енді пролетариат бағытындағы жазушыларымыз туралы бір-екі сөз айта кетейік.

Жоғарғы дәлелдерімізге сүйеніп пролетариат әдебиеті де, ақыны да бар дегенді айттық, өз ойымызша дәлелдедік. Бірақ, ескертейік дегеніміз: пролетариат әдебиеті, жазушысы бар дегенде, жеке алғанда мына жазушымыз түгелімен пролетариат жазушысы болды деуден аулақпыз. Қазірге жаңа жазушыларымыздың көбі (сонымен бірге жаңа әдебиетіміз) пролетариат тілегінде, соның бағытына түсуде. Түрімізге түгел түсіп болғанымыз жоқ, әлі де көп үйрену, өзімізді өзіміз пролетариат талқысына салу, пролетариат салт-санасына қосу секілді асқар-асқар жұмыстарымыз алдымызда. Біз пролетариаттың өз тұрмысын жете білмейміз. Пролетариаттың ісін істесе отырып, өзінің тұрмысын да жете ұғуымыз керек. Кейбір ақындарымыз «пролетариат ақыны атанып» мұрнымен көкті сүзуге жақындағандары бар. Бұлар сол лепірудің арқасында екі айналмай-ақ, торға түсіп жүр. Пролетариат ақыны емессің дегенде жабығып, шығармасы «Ауыл, ел» деп келеді дегенге едәуір еңсесі түсіп

сіп жүргендер де бар. Пролетариат әдебиеті, ақыны дегенге артық масаттанып жүргеніміз де бар. Бұған біздің сынымыз айыпты секілді.

Біздің сыншылар қатеңді былай түзет деп жолдастық көрсетудің орнына төбелейді; жазушыларымыз түзелудің орнына төбелеседі. Осы күні сын жайында жазылған бірдеме көрінсе, «Әй, мықтап сойып па?» деп сұрасады. Сынның салдарынан араздасып, қырындау жүретіндер де бар. Бұл сынасудың теріс бет алғандығын, дұрыс пайдаланбай отырғанымызды көрсетеді. Оның кесірі әдебиетімізге тиетініне сөз жоқ қой. Тимей отыр ма?

Біз қателеспейтін ақын күтпейміз, қатесін түзеп оңалатын ақын күтеміз. Қателестің деп пролетариат әскерінің тізімінен оңай ғана шығарып тастамаймыз. Оны коллектив тезіне саламыз, түзетеміз. Біз пролетариат әдебиеті бар деп отырсақ, одан ержетіп қалдық, үстемдік алдық деген қортынды шықпайды. Ол үстемдікті күресіп жүріп аламыз. Сол күресте жүріп пісіп, қайнап өсеміз. Айып-шамы жоқ, ірі жазушыларымыздан қателесіп жүргендер бар. Бірақ, Қазақстан пролетариат әдебиетінің кіндігі осылар еді, енді бітті деп отыра алмаймыз. Оларды түзетіп, үйіріне қосамыз, түзеледі. Түзелмейтіндеріне бас ұрмаймыз. Өзімізді өзіміз екшесек, тез сынға түсірсек, өсеміз. Пролетариат әдебиетін үстке шығарамыз. Ол мүмкіндік бар.

Қорытып келгенде айтарымыз:. пролетариат әдебиеті жеке адамның мойнындағы тұмар деп іздеме, Октябрьден туған жас жазушылардың арасынан ізде, бірінен аз, бірінен көп табылады. Әңгіме солардың кемін толтырып, ілгері аттауға, шын пролетариат ақыны болуға ат салысуда. Бірден сұрыптанып кететін пролетариат әдебиеті болуы мүмкін емес. Бас тартып, бой жазып толықситын кездері болады. Толықсығанын күткен сыншы, үлкен пролетариат әдебиетіне не жолбасшы, не жолдас бола алмайды. Ондай сыншы үлкен көштен бөлек көшеді.

„Абай" романы туралы[1]

«Абай» сияқты ірі шығарманы жұрт талқысына салып, сөз қылудың екі түрлі кезеңі, екі түрлі себебі болу керек. 1) Жаңа ғана басылып шыққан кітапқа, сахнаға қойылған пьесаға көңіл толғандықтан қуанышы не болмаса көңіл

[1] 1943 ж. роман туралы болған жиылыста сөйлеген сөзден.

қалғандықтың күйініші, кейісі себеп болады; бұлай болған күнде артық-кем берілген бағаға, айтылған сөздерге кешірім де көп.

2) Шығарма жұрт бойына әбден сіңіп болып, бұлжымайтын бір бағаны алып болғаннан кейін қайтадан сөз болатын болса онда сол шығарманың барлық жақсы қасиеттерін тереңірек ашып, көпшілік тәрбиесіне керек жақтарын жұрттың құлағына ғана емес, ойына мықтап құю тілегі себеп болу керек. Мына шығарма жаңа бір ой салып, жаңа бір жөн сілтеп отыр деп, үлгі, сабақ ету тілегінен тууға керек. Я болмаса, мына шығарманың тым терең жатқан зиянды жақтарын жаба тоқып келгендіктен, осының кесапаты жұрттың бойына сіңіп барады, содан айықтыру керек деген себеп болуға тиісті. Ұсақ-ұлаң, қосымша тілектердің бәрі де негізгі мұддеге бағындырыла қойылу тиісті. Мұның негізгі бір себебі — бұл дәуірде айтылған пікір барлық жұрт үшін, оның ішінде әдебиетіміз үшін әбден екшеліп келіп қорытылған пікір болып қалады. Ешбір нысанасыз, ешбір мұддесіз, әйтеуір бір әдеби жиналыс өткізейік, жазушыға әйтеуір бір жақсылық емеуірін көрсетейік деуден шығар ешбір мағына жоқ.

«Абай» романын жаңағы айтылған екінші кезеңде сөз қылып отырмыз. Олай болса, бұл роман туралы екшеліп болған пікір айтылуға тиісті, шығарманың барлық қасиеті тереңірек ашылумен бірге, алатын өнеге, сабағымыз не? Несін алмаймыз, жазушыға қойылатын тілек қайсы, осылардың бәрі де айқын, салмақты болуға керек.

«Абай» туралы қазіргі күнде, қазіргі жағдайда болған баяндама —«Абай» романының қазақ әдебиетіндегі орнын, бүкіл одақтық әдебиеттегі орнын көрсетуге талап етуі керек емес пе? «Абай» романын кітап дүкенінен алғаннан кейін қай жазушылардың қасына апарып қойдың, тым болмаса соны айтқаны жөн емес пе? Әдебиеттің өзге түрлерін былай қойғанда, тарихи адамдар жайында жазылған көп романдар бар, солармен салғастырып көрсек қанша айып еді? Тарихи роман жайы көптен бері келелі әңгіме болып келе жатыр, осы тұрғыдан неге шолып өтпейміз?

Тай-құнанның дыр бермесіндей ғана болса да жақын арада әдебиет тілі, қазақ тілі дегенді сөз қылдық. «Абай» романы бұл жағынан да тексерушіге қанша олқылық келтіретін еді? Тіл-әдебиет маманы деп саналатын, дырдай атағы бар Есмағамбетке жалғыз осының өзі үлкен мін ғой деймін.

Әдебиет сыншысының басқа оқушылардан ең болмағанда мынадай бір айырмасы болу керек: жай оқушы кітапты сыншының тілегіне қарап оқымайды. Әр оқушының әр кітаптан іздейтін өз жоғы бар. Бір оқушыға Жюль-Верннен асқан жазушы жоқ, үшінші біреулер Шерлок Холмсты іздейді. Осы-

лардың бәрін де оқитын, олармен бірге Шекспирді, Толстойды, Бальзакты, Гетені оқитын оқушы тағы бар. Бұлардың ішінен нағыз әдебиет, нағыз қазына қайсысы екенін әбден айыратын оқушы саны заман өскен сайын, совет адамының рухани тілегі өскен сайын, ол да өсіп келе жатыр. Бірақ сыншыға қоятын тілекті бұл оқушылардың алдына да қоя алмаймыз. Сыншы деген өзінің оқушылық халінен аса алмай қойса, сын айттым дегені өзінің оқушылық қана жайы болса, онда ол да оқушы ғана болып қалады. Ондай «сыншы» тегінде сынға жоламағаны ақыл. Өйткені, шын сыншы, жазушыға да, оқушыға да жөн сілтей алатын болсын, соған өзін міндеттімін, жауаптымын деп санасын.

Мәселенің қазіргі қойылысы қандай бұлдыр болса, баяндаманың да «жақсы-жақсы» дегеннен шығатын ойлы бір байлауы жоқ.

Орыс халқының бір кездегі белгілі ақыны Василий Тредьяковский жайында Новиков деген кісі былай деген екен:

«Сей муж был великого разума, много учения, обширного знания... весьма знающ в латинском, греческом, французском, итальянском и в своем природном языке... Не обвинуясь в его чести сказать можно, что он первый открыл в России путь к словесным наукам в паче к стихотворству... Первый стихотворец, первый положивший столько трудов и прилежания в переводе на русский язык преполезных книг...»

Біздің Мұхтарға айтып жатқанымыз да тап осының өзі сияқты. Анасы жақсы, мынасы жақсы дегенді айтып жатырмыз, бірақ, соның мәніс-мағынасын түсінбей арзан түрде айтып жатырмыз. Бүгінгі өстік деген дәуірімізде, басқа елдің екі ғасыр артта қалған алаң-бұлаң, балаңқы ойын қайталасақ, одан ұялуға да керек қой деймін. Мұхтардан күтетініміз, тілейтініміз қанша көп болса, ірі етіп, қасиетті етіп бергенін бағалағанда, аты «тоғыз» екен деп «лақ бастатқан тоғызды» ұсынбауымыз керек. Жазушы «тоғыз» сұрамайды. Еңбегі жайында жұртшылығымыздан дәл пікірін күтеді, қай тілегін ақтай алды, қай сұрауына жауап бере алды, соны білгісі келеді. Олай болса, баяндама ең болмағанда шығарманың өз дәрежесіне көтеріле алсын, жазушыға жөн сілтей алмаса, жұртшылық тілегінің аңғарын алатын болсын. Ол үшін, ең алдымен әдебиет алдындағы жауаптылықты ұмытпайтын болсын!

Белинский — көп айтқаны әлі ескірмеген, көпке дейін ескірмейтін ойшыл-сыншы, бір жерде:

«Қызықтаған Расин ескі Грецияда туса, қызу қанды, терең ойлы Еврипид болар еді де, ал терең ойлы Еврипид XIV Людовиктің тұсында Францияда болса, қызықтаған Расин болар еді» дейді. Олай болса, жазушыны өсіретін де өшіретін де — өз заманы. Әрқайсымыздың да бесігіміз, ақыл-

дастарымыз осы өздеріңсіңдер: жазушыны ұсақ-ұланға сүйрелелеп, арзанға баулып, жақсы көңіліңді жылудан жиналған, қайыр-садақадан түскен қотыр лақ, тері-терсек сияқты етпей білдіру керек.

«Абай» романына арналған әдебиет кешін өткізейік деп, жазушылар ұйымында сөз болғанда, не үшін сөз ететінімізді түсініскен сияқты едік; және «екінді» мен «бесіннің» арасындағы алас-құласта емес, дұрыстап өткізейік деп, уақытын кенірек алып едік. Бірақ, баяндама «Абайдың» шын салмағына орай бола алмады: сырты бар да, іші бос, ананы-мынаны теріп айтуы бар да, байлауы жоқ, бытыраңқы; ортаға саларлық ойы қораш болып шықты. Мақтауында қуаныш, жамандауында кейіс жоқ. Сондықтан, сөйлеушілер де, романның терең сырын, қалың шатқалдарын бойлаудың орнына, одырайып көзге көрініп тұрған шоқы-төбелерін қуыңқырап кетті.

II

Енді «Абай» романы туралы өзім не айтарға келетін болсақ, мен бұл романды сынаудан гөрі тереңірек түсінсем екен деген тілектен туған азын-аулақ ұғынғанымды ғана айтамын.

Атақты сыншы Белинский Пушкиннің «Евгений Онегиніне» жазған сынын былай деп бастайды:

«Шынымызды айтсақ, «Евгений Онегин» сияқты поэманы сын көзімен талқылауға едәуір жүрексінумен кіріскелі отырмыз. Бұл жүрексінудің толып жатқан себебі де бар. Онегин ақынның жүрегін жарып, өзегін тіліп шыққан еңбегі. Алған геройында ақынның өз қара басы айнымай, бұлжымай, ашық-айқын көрініп тұратын аз еңбектердің бірі осы. Мұнда ақынның өз өмірі, ақынның өз жаны, өмірді қалай сүйетіндігі ақынның барлық сезімі, түсінігі, идеалы барынша толық берілген».

«Абай» романы туралы да мен аз ғана бұрып, аз ғана өзгертіп Белинскийдің осы сөзін айтар едім.

Романдағы жас Абайдың қоғамдық коршауы, дарынды жастың ішкі сыры, мінездері, ой-тілегінің өсу беті, әр оқиғаны сезінуі мен бағалауы сол жастағы жас Мұхтардың өз өскен ортасы, өз мінезі, өз тілегімен сонша-ақ шектесіп, сонша-ақ іргелес жатқандай көрінеді. Екеуін айыратын нәрсе — мән мағынасы тұтас өзгерген дәуір, екі түрлі заман ғой деп ұғынамын. Бірақ, мына романдағы Абай жасындағы жас Мұхтардың өзінің ой-тілегінің өсуін алсақ, сөз жоқ осы романдағы салалармен келеді ғой деймін. Олай болса, Мұхтардың «Абайына» шын мағынасында сын айтуға мен де жүрексінемін. Әлгі айтқан «түсінсем екен» деген ойдан туған өз ұққандарымды айтпақпын дегенім — дәл шыным. «Абай» романын неше рет қайталап оқысам — сонша, әрдайым жаңа бір ой, жаңа бір

көркемдік, бұрын оқығанда байқалмай кеткен тереңдік табам. Көбінесе, өз шығармаларымдағы кемшіліктерді түсіне түскендей боламын. Мұнымды жалған сыпайылық деушілер болса, «өзің де қайта бір оқып көр!» дегеннен басқа айтарым да жоқ. Өйткені, біреудің тән азығы үшін қазанына не салатынын, жан азығы үшін не тілейтінін тексеру менің жұмысым емес екені рас та болса, тіл алса, «Абай» романын тереңірек ұғынып, бақылай оқығанын мақұл көрем.

Енді менің өз ұққандарыма келетін болсақ, «Абай» романы ең алдымен, ең іргелі жазушымыз Мұхтардың жиырма бес жылға толған жазушылық еңбегінің негізгі қорытындысы сияқты. Әдебиеттің әр саласында, әр кезде, әр жолмен айтылып келген ойларының сарқып құйған шалқары осы «Абай» дер едім. Драмаларында, әңгімелерінде жасалып келген әр алуан образдары, елінің ой-санасын өсіруге арнаған тілектері — бәрі басын қосып осы романда, әбден өңделіп, армансыз айтылған. Өткен заманның оң-терісін, үлкендігі мен болымсыздығын қараңғысы мен жарығын, жұдырығы мен ойын, қысы мен жазын барынша толық көрсете алған роман бізде осы ғана!

Оның үстіне, өткен заман, үлкен бір дәуір, «солай болыпты ғой» деген киіз кітап — жабайы жорамалмен сырттан піше салған тон сияқты емес бұл. Бүгінгі тарих ғылымына сүйене отырып, бүгінгі әділ көзқараспен, бүгінгі жаңа қоғамның тілегіне арнап, болашақ үшін де құны түспес қазына қоры жасалған. Бұл күнге дейінгі көп шығармаларымыз:

Қел, кедей, басың қос жалшымен,
Байларды қойдай қу қамшымен,—

деген сарынның аңғарымен ғана жазылып, өткен заманның елдік сырларын ой-өрісін, ол үндерден де алатын өнеге барын аша алмай, бәрін «қарақұлақ» деп безіп келген. Кезінде дұрыс беттің ел іргесі бекумен бірге жаңа белге шықканын аңдай алмай қалып, сол сыңаржақтықпен кете бергеміз. Мұнда қазақ тілінің мамандары да болуы мүмкін, олармен қайта-қайта қайталамасаң, қазақша түсінісу қиын екенін ескеріп, жаңағы ойымды қайталай кетейін: «байларды қойдай қу қамшымен» сарынына еріп біз арғы кезде бардың бәрін теріске санап, безіп келдік. Халық шығармаларын жауып тастап, Абайдың өзін көп қатын алған феодал, аға сұлтан болған Құнанбайдың баласы деп, жиырма жыл бойы маңымызға жақындатпадық. Ал, Мұхтардың «Абай» романы — әрі бүгінгі тілектен туған, әлі күнге дейінгі бұл жөндегі қатемізді түзеп берген бірінші еңбек.

«Абай» романы жаңа ұранмен көтерілетін Аманкелді қозғалысынан бұрынғы үлкен дәуірді, кесек бір кезеңді алады.

Бұл патшаға әбден бағынып, елдің ендігі әрекеті сол патша билеген дәуірдің, сол жағдайдың өз ішінен ізделетін кезі. Күркіреуі басылып болған Қенесары қозғалысын қайтадан тірілтем десе, не болмаса толғағы жетпеген Аманкелді қозғалысын қолдан тудырам десе, Абай тарихи жағдайдан түк білмейтін, көзсіз надан болар еді. Абайды соған бейімдеймін десе, Мұхтардікі де шындық болмас еді. Ел қамын жеген ойшыл, ақын Абайдың қасиеті оқ жетпес жерге қылыш суыруында болмайды. Мұхтардың қасиеті Абайдың жүзін қызарта түсем деп, шындыққа жатпайтын, осы күнгі ауыз оп-оңай айтса да Абай заманында алты қырдың астында жатқан, жақсы да болса жалған болып шығатын әрекеттерден Абайды аулақ ұстауында. Бұл — романның тарихи шындығы! Бүгінгі осында отырған жұрт сөгер-ау деп, романдағы Абай өз тұсына дәл келмейтін бір қимыл істемейді. Бүгінгі жұрт кінәлар-ау деп, Абайдың дәуірі де жалған «революция» жасайтын емес. Пісірмей жатып, аса демеген жазушыға алғыс айта да білуіміз керек. Тарихи шындық деп осыны айтамыз.

«Абай» романында ел тарихы өзінің дәл шындығымен, табиғи жүрісімен жазушының қамшылауы арқылы өтірік шоқақтамай, бар аймағымен тұтаса, бар салмағымен қопарыла, ұштаса келе жатыр.

Белинский «Евгений Онегинді» тарихи роман: тарихи роман болғанда халықтық сыр, халықтық мән бұл шығармада халықтың өзі шығарған халықтық шығармалардың бәрінен де басым»— дейді.

Өйткені, халықтың не жабайы күйін көксей беру, не болмаса бірыңғай ғана ат төбеліндей бір топтың мұңын жоқтағансып, ел өмірінің өзге жағын түгел қамшымен айдап тастау, ол халықтық бола алмайды. Әр дәуірдің бар тобын, бар бейнесін, ой тереңдігін, сезім нәзіктігін, тілек мағынасын тұтас түгел көрсете алған шығарма ғана шын мағынасында ұлттық, халықтық шығарма болады.

Осы жағынан алып қарағанда, «Онегин» мен «Абайды» салыстырып қарасақ, елдің ашуы мен кегін, ойы мен сезімін, салты мен санасын, әр таптың, әр топтың адамдарының бейнесін көрсетуде «Абай» әрине кең жатыр. Өленмен жазылған роман мен қара сөзбен жазылған романның арасындағы айырманы мен ептеп аңғарам. Бұл жерде айтқалы келе жатқаным —«Онегинді» ұлттық, халықтық, энциклопедиялық еңбек» деуге Белинскийге олқы келмеген ең көп дәлелді бізге «Абай» романы анағұрлым артығымен береді.

Әсіресе, баса ескерте кететін нәрсе, Белинский: Онегин қайнап жатқан өмірден, аққан қан, төгілген жастан, зорлық зомбылықтан аулақ адам. Оның өмірге бейжай қарауының себебі де сонда,— дейді. Ал, Абай қайғысы, Абай мұңы, Абай ойлары тап осылардан туады. Оның үстіне бұл — ро-

мандағы Абайдың жас шағы, алғашқы адымдары екенін және ұмытпауымыз керек.

Сол Белинский: «Рас, жеке шабата, қаудыр тонның ой мөлшерімен қарасақ, көп нәрсеге бойлаймыз, шығарманың көп қасиетін таба алмауымыз мүмкін»— дейді. «Олар үшін қара балтамен долбарлай салған бірдеме, қатын-қалаштың шаң-шұңы, мұжықтың боқтасуы, ұлттық қасиет, халықтық мінез болып көрінуі мүмкін. Бірақ, бізді алға сүйрейтін ой осы топтыкі болса, онда біз көткеншектей берер едік»,— дейді. Шынында да, шыққан табы жақсы, не болмаса, өзі адал еңбекші деп, қатардағы колхозшымен қарабайыр жұмысшының, не болмаса халықтың қызы деген боп, үй бағып қалған әйелдеріміздің ойларын үлгі көрсек әдебиет өсе алмайды. «Абай» романының біздің дәуіріміздегі көп топтардан өресі биік жатыр. Әдебиетіміздің әр саласы ер жетіп, тұтас алғанда мәдениетті әдебиеттің қатарына қосылып келе жатқан кезінде заңды жолмен, кезінде туған, жаңа белді меңзейтін үлкен арналы, мол қасиетті еңбегіміз деп осы «Абай» романын айтуымыз керек. Әдебиетіміздің көркем қара сөз, поэзия, драматургия сияқты барлық саласын түгел алғанда «Абайдай» шығарма бұл күнге дейін бізде болған емес. Бәріміз де жазушымыз, бәрімізде де күндеушілік сезім жоқ емес, жамандағанды ешкім жақсы көрмейді. Бірақ үлкен істің үстінде, қараулық етіп, көз жұмсақ, ол барлық әдебиетімізге содырын тигізетін қылық болады.

«Зависть родная сестра соревнования, следственно, хорошего роду»,— дейді орыс халқы. «Завидую» дегенді әлдеқашаннан бері жақсы мағынада айтады. Пушкиннің айтқанын қазақшалап —«күндеу-бәсеке»— жарыстың бір саласы» деп, күндеймін дегенді жақсы мағынада ұғынатын болсақ, бәсеке — жарыс арқылы біз де алға қарай тез аттар едік деймін.

«Абай»— қазақ совет әдебиетінде «роман» деген үлкен мағынаға толық жауап беретін, бірінші роман. «Абай» романын «Шәкір — Шәкірат», «Мұңлық — Зарлықтармен» бірге атауға Есмағамбеттің қалай ұялмағанына таң қалам. Бұл мағынада бірінші роман дегенге қызармайық, жолдастар. Пушкиннің алдында орыс халқының неше ақыны, қанша жазушысы жатқанын жақсы білесіндер: Ломоносов, Карамзин, Жуковский, Державин, Крылов және толып жатқан «мектептер» бар. Орыс әдебиеті дүниелік ағымдарының бірнешеуін басынан кешірген болатын. Оның үстіне Италияда бір-ақ поэма бар («Босанған ерусалим»), Францияда біреу («Гериада») Германияда біреу («Мессиада»), Англияда біреу («Жоғалған жұмақ»), Римде біреу — («Божественная комедия»), гректерде екеу («Илиада», «Одиссея»), грекпен бірге бізде де екеу (Херасковтың «Руссиядасы» мен «Владимирі») деп орыс халқы дұрыс мақтанатын. Бірақ, «Евгений

Онегинді» орыс халқының шын мағынасында бірінші романы деуге Белинскийдің көп дәлелі бар еді.

Өйткені, роман деген үлкен мағынаға бар тұлғасымен толық жауап беретін шығарма сол «Онегин» болғасын айтқан. Мұхтардың «Абай» романы туралы біздің қазіргі жағдайда мен соны кесіп айтамын. Есмағамбеттің роман деп атаған «Көк үйдегі көршілері», «Тулаған толқындасы», «Менің мектептерім», «Балуан Шолағы»— бірнеше рет қайта суарып, қайта пісіруді керек ететін нәрселер. Бұл шығармалардың әрқайсысының өз маңызы, өз орны бар. Әрқайсысының өз бағасы бар. Бұларсыз «Абай» романы мүмкін, тумаған да болар еді. Осылардың бәрі қосылып, бүгінгі өсіп, ер жеткен қазақ әдебиетін жасап отыр. Бірақ бұлардың бірі де «Абай» емес, теңдесе алмайды. Ой адал да, тілек олақ орындалған шығармалар бұлар. «Абайдай» шығарма бұл күнге дейінгі бүгінгі қазақ әдебиетінде болған емес. Олай деуге мынадай себептерім бар:

1) Үлкен бір дәуірдің бар тұлғасын, адамдарының ішкі тысқы ерекшеліктерін, қазақ деген елдің елдік дәрежесі шынында қандай еді, тарихтың қай сатысында тұрған ел еді, осының бәрін «Абайдан» толық көресің, түсінбегенің болса толық түсінесің. Бұл ең алдымен қазақ халқының елдігі, ой санасы өскен елдігі жайындағы роман.

2) «Абай» арқылы, сол дәуірдің өзін де, ол дәуірдің ар жақ-бер жағын да жете ұғынуыңа болады.

3) Революциядан бұрынғы қазақ халқының әр тобында, қандай жақсылық, қандай бейшаралық бар еді, Мұхтар соны әділ сыншының, үлкен жазушының дәл таразысына салған, дәл көрсете алған.

4) Абайдың жас кезін суреттеу арқылы, жаңа келе жатқан жас ақын, жас ел қамқорының көріп, бағалауы арқылы бір елдің іші-тысын түгел көрсетіп, болашақ үшін айнымас, бұлжымас қор жасауға тырысқан.

5) Жазушының басынан-аяғына дейін бір мүдірмейтін әрі ойлы, әрі көркем тілі, әрі алған тақырыбына лайық, әрі алған адамдарына лайық, ылғи ағылып отырады.

6) «Абай»— әрі шын мағынасында қазақ халқының шын өмірінің шын бейнесін көрсете алған ұлттық роман, әрі мәдениетті елдердің жақсы деген қай романымен болса да салыстыруға болатын роман.

Мінекей, тап осы қасиеттер біздің бұдан бұрынғы әдебиетіміздең ала-құла табылса, «Абайдан» түгел табылады. Әлі орындай алмаған ісімізді Мұхтар орындап шықты.

Белинский былай депті: «Волганың ұлы өзен болғандығы оған көп барлық тармақтарымен Ока мен Кама өзендерінің құятындығынан екені даусыз. Волганың суын зерттеп, қай тамшысы Окадан, қай тамшысы Камадан екенін айыруға да

болмайды. Бірақ, Волганы Қамамен теңеуге де болмайды»,— дейді.

Меніңше «Абай» туралы да осыны айтуға болады. Біздің өскен әдебиетіміздің қай саласын алсаң да, «Абай» романы бәрінен де биік, бәрінен де терең жатыр. Бұл қазақ совет әдебиетінің жаңа биігі, жаңа белі.

Бұған таңданатын тағы жол жоқ. Өйткені «Абай» романы үш түрлі үлкен жағдайдың бар кезінде туды: 1) Қазақ совет әдебиеті өсіп іргесі бекіген кезінде «Абай» заңды жолмен туған роман. «Абай» жаңа әдебиетіміздің жеткен жерінен басталған да жаңа белге шығып аяқталған. Енді сол жаңа биікке шығып алып, бәрімізге де «көтеріл, бері көтеріл!» деп қол бұлғап тұр. 2) Мұнда қазақтың сонша қорлы ауыз әдебиетінің де әсері бар. Бірақ, сол бар күйінде алына салған не бір мақал, не бір мәтел-нақылды «Абайдан» таба алмайсың. Мұнда халық шығармаларының, билер шешендігінің келісімді түрі болса, Мұхтар соған толымды мағына берген: мағыналы ойы болса, келісімді түр берген. Басқа көп жазушыда өз шығармасын ажарлау үшін халық аузындағы мәтел-мақалдарды сол тұрпатымен ала салатын әдет болса, «Абайда» ескі үлгімен айтылған жаңа нақылдар, жаңа ойлар бар.
3) «Абайды» жазғанда Мұхтар өзіміздің ұлттық әдебиетіміздің шеңберінде ғана ойланбаған. Орыс әдебиетінің, орыс тілінде бар дүниелік әдебиеттің тұрғыларынан қарап жазуға тырысқан. Ұлттық әдебиетіміздің өсу тілегі ер жеткен мәдениетті әдебиеттердің сатысына көтере алсаң ғана шешілетінін қолдан келгенше көздей отырған.

Бір жерде Белинский былай дейді:

«Бедна та народность, которая трепещет за свою будущность при всяком соприкосновении с другой народностью»— дейді.

Мұхтар шын мағынасында үлкен бір ұлттық қор қосуға отырғанда тек қана байырғы даңғылдың сорабымен тарта бермей, бүгінге дейінгі дүниелік әдебиеттік жақсы үлгілерімен жазған. Әбден ұрынған, бойында әбден сіңген, әбден сенген үлгілерге сүйенген. Бірақ, ешбір үлгіні көшіріп те алған жоқ, еліктеген де жоқ. Бұл — жазушының өз өзегін өртеп, өз жүрегін тербетіп шыққан өз еңбегі! Үлкен шығарма берем дегенде әр жазушының мұддесі осы болу керек. Осыны ұғынсақ екен деп тілер едім.

Күні кеше ғана үлкен бір жазушымыз «Дегенмен «Абайға» еліктеуші аз болады» деді. Бұл дұрыс сөз, еліктеуші аз болады. Бірақ, арман еліктеуде емес қой! Еліктеп Абайға жеткен, Пушкинге жеткен кім бар? Ол былай тұрсын, атақты сыншы Белинский —«ғажайып өлеңмен жазылған «Горе от ума» орыс комедиясының өлеңмен жазылу мүмкіндігін біржола құртып кетті!» демей ме? «Грибоедов бастаған істі жалғастырып

әкету үшін аса бір кемеңгер дарындылық керек!» демей ме тағы да? Мұндай, комедияның орыс тілінде жазылу мүмкіндігін біржола құртып кетті деген, өте терең мәні бар сөз. Міне, дәл бір ғасыр бойы айнымай келе жатқан шындық. Бірақ, бұл Грибоедовқа айтылған кінә емес қой! Бұл оның жазған шығармасының қандай биікте тұрғанын ғана көрсетпей ме? Олай болса, еліктеуші аз болады деп, Мұхтарды қалай кінәлай алармыз?

Осында біраз сыншыларымыз «Абай» тарихи-салт ғұрыптың романы ма, тарихи-қоғам құрылысының романы ма деген сұрау қойып, «тарихи-салт ғұрыптың романы» деген жауап берді. Осыған байланысты романның аты «Құнанбай» болу керек деді. Енді осыған келелік.

Мұхтар романын шын түсінем деген кісінің қолына романның кілтін де берген. Бірақ үстірт қарасаң, ол кілтті таба алмайсың. Ол кілт мынау:

«Қайтқанда», «Қат-қабатта», «Шытырманда», «Белбелесте», «Өрде», «Қияда» деген әрбір бөлімнің аттары.

Осыны біріне бірін жалғап, бір саты етсең, қат-қабат шытырмандар арқылы, бел-белеске, өрге, қияға шығып келе жатқан Абайды көресің. Бұл — үздіксіз өсіп келе жатқан Абайдың жолы.

Сонымен бірге бұл Құнанбайдың да баспалдақтары. Осы сатыларды төмен қаратып қойып, аяғынан басына қарай оқысаң, бұл жоғарыдан ылдилап келе жатқан Құнанбайдың жолы болып шығады. Сонда Абайдың жолы —«Қайтқанда, қат-қабатта, шытырманда, бел-белесте, өрде, қияда» болады да, Құнанбайдың жолы —«қияда, өрде, бел-белесте, шытырманда, қат-қабатта, қайтқанда» болады. Бірі көтерілу, бірі түсу-төмендеу жолы. Үшінші, бұл Құнанбай тобының да, Абай тобының да жолы.

Ал осы қат-қабат, шытырман, бел-белес, өр-қияның бірінде қоғам ішіндегі тартыстан тыс жатқан бір әңгіме бар ма?. Жоқ. Бәрі де ел ішінің билеу-билену тұрмысынан туып, барған сайын асқынып, шиеленісе беретін тартыс емес пе? Біраз жолдастар кітапқа әр кезде жаңа бір оқиғалар кіріп кетеді де, не адастырып, не солғындатып жібереді дегенді айтысты. Мұның ішінде адастырып кетеді дегені ғана дұрыс, солғындатады дегені түгел қате. Адастырып дегеннің дұрыс екендігі — біздің оқушылардың көбі өз ойынша «қызықты» деген бір ізге түссе, енді содан айрылмасам екен дейді. Ал, тамырласып, тұтасып, үлкен бір таудың әр жотасындай болып жатқан оқиғалардың барлығы бір-ақ идеяға бағынып жатқанын аңғармай қалады. Шынында, «Абайдағы» ас, көш, қонағасы, құдалық, ұрын бару, бәрі де ел ішіндегі қоғамдық шытырмандардың, белдес күрестердің тілегінен туып жатқан қазақ елінің өз дәстүріне дәл келетін жина-

лысы, сөз байласуы; жұрт жинасуы, от тастауы, өрт сөндіруі емес пе?

Еске сала кетейік — Абай мен Құнанбайдың кездесуі, дәуірлеп тұрған әкенің үміттенген баласы Абайға салқын ғана амандасып, жалғыз көзі жақындай берген бес-алты салт атты ру басыларына қарап тұрған кештен басталатын еді ғой? Кітаптың аяғында сол Құнанбай жеңілгендігін әбден сезіп, тұнжырап, күрсініп отырып қалмай ма? «Дөң басында ауыр оймен жалғыз отырып қалған Құнанбай киналған күйде. Тағы жеңілді. Баладан ғана жеңілген жоқ. Ендігі өмір меңдеп барады. «Әлсіредің, тозарлық шағыңа жеттің» деп, тықсырып кеп шетке қағып барады. Өз баласының аузынан естіген үн, сол бір «дәуренің өтті» деген суық сарынның қатаң лебі еді» демей ме Мұхтар? Ал, бұл жеңіліп отырған жалғыз Құнанбай емес, әсіресе, әке Құнанбай емес, бір дәуірдің үстемдігі, ру жігіне сүйеніп, қазақ елінде сол рудан бөлінетін үстем тап екенін дәлелдеудің керегі де жоқ қой деймін.

Мұхтар Абайдың бұл кездегі өмірін түгелімен ел ішіндегі әлеуметтік тартысқа құрған. Әлеумет тартысының қай түрін алсаң да, еріксіз әкеліп Абайдың сынынан өткізіп отырады. Романда сала-сала болып келетін тартыстың Абайға соқпай, Абайдың көзқарасын анықтамай кететін бірі жоқ. Абайды өсіретін де, барған сайын қалың бұқарамен, елмен арасын жақындатып келе жатқан да — сол ел ішінің күресі.

Ал, ел ішіндегі қоғамдық күреске Мұхтар қалай қараған? Меніңше, диалектикалық даму теориясына да, елдің өзіне тәндік шындығына да істелген ешбір қиянат жоқ. Мына нәрселерді қайтадан еске алайық:

Кітаптың басында ғой, әлді-белді рулардың ақсақалдарына сүйеніп, екінші мағынада айтқанда өңкей белділер әлсіз руларды жентектеп жатыр еді: жемтік үстінде осы өктем топтың өз арасына кірбең түсіп, ұлғая-ұлғая бұлардың өзі іри бастады. Күрестің бас кезінде аз рулар қарсылығының басында Байсал, Байдалы, Бөжейлер жүретін еді. Кітаптың дәл аяғына жақындағанда халықтық, бұқаралық күреске Сүйіндік Байсалдар жарамай, ере алмай қалды да, шын-ақ белдескен күреске Әбілғазы, Қараша, Балағаздар түсіп кетті. Екінші, аз да болса өзгерген заманның қолма-қол тартысына жүрексіне қарау Құнанбайдың ойына да орнап қалыпты. Ол енді үстемдік тізгінінен айрылмауды Тәкежанға тапсырды. Бұқара қозғалысы, әуелі танып келіп, аяқтай келе Құнанбайдың өз қорықтарын басып алуға, өзіне қол салуға, малын ұрлауға соғады. Бұл ұрлық емес, Құнанбайдан елдің кегін алу, кеткенін қайтару екендігін әбден ұққан Абай Әбілғазы, Қарашаларды іздеп, Семейге барып, бұл істің қоғамдық шын мәнісін өзі ашып береді. Мұның аты ру деген бір түсініктің өзі әр тапқа бөлініп, Абай жақтайтын қара бұқараның сана-сезімі жаңа

бір сатыға шыққанын көрсетеді. Табы да, тобы да басқа Абай енді сол шын бұқараның сойылын қолына алса, жас Абайға артық қойылатын тілек қайсы?

Осының бәрі «Абай» романын қоғамдық құрылыстың тартыстарын толық көрсететін тарихи роман етеді. Мұхтар алдына қойған нысанасынан таймайтыны сонша, оқушы үшін шын-ақ қызықты Тоғжан, Қуандық әңгімелерін де аяқтамайды. Тоғжан мен Қуандыққа келесі романында да оқта-текте соғып кетіп, жанынды ашытатынына дауым жоқ. Оны мен де іздеймін. Бірақ, мәні зор ел ішінің тартысынан жазушының алыстамауы, осы беттен айнымауы — бірінші тілек.

«Абай» романында алынған адамдардың бейнесіне келсек, мұнда аты аталған адамның өзін оқшаулап тұратын ерекшелігі берілмей қалған біреуі жоқ. Сүйіндік — жалтақ; Байдалы — табанды, қырыс адам. Бөжей — сыр бермес, Қаратайжеңген топтың қасында. Құйрығына құмалақ тығылатын Майбасар, Жұмағұл, Тәкежан, Қамысбайлар,— патша үкіметінің жасаған болыстығының маңында болатын мансапқорлар; ол кезде елге жаңа кіріп келе жатқан, аяғы кешегі біз көрген «кансарал» маңайында жүретін адамдар. Зере — ел анасы, Ұлжан — соның жалғасы. Сары апаң — Сәбит айтқандай, мемлекет адамы емес, үстем рудың әрқашан өзімдікі дұрыс деп, қисыны келсе-ақ қарсы дау соғатын кеуделісі. Тағытағылар. Бұлардың бәрінің жиынтығы, сақа сияқты Құнанбай сонша сұм, сонша аруақты, сонша бір кесек образ! Абайдың өзін алатын болсақ — бұл бұқара халықтың тартқан жапа, көрген қорлық, төккен жасынан туған, ел тілегіне жаңа жолдар, ел болашағына жаңа бағыт іздеген, әзір таппаған, бірақ қайдан табатынын, дәл сезіп болған, ел басы, замана жасы. Құнанбай — елдің тоқырап қалған, өз биігінен аса алмаған ескі ойы болса, Абай — елдің алысты болжай алған, ілгері сүйреген ойы. Бұл романда жаңа заман адамы Абай ескі дәуірдің адамынан биік емес деген жолдастар жұдырық күшімен, сатырлаған сойыл дауысынан Абайдың айғайы аса алмай жатыр дегенді ғана айтады. Бірақ, Абайдың әр байлауында, әр толғауында жатқан терең мағынаны не ескермейді, не болмаса, оны «оқиға» көрмейді. Ойлы ақын келе жатқанын, жұдырық емес, ой көсемі келе жатқанын, мұның ел бастар күші қара жұдырығы емес екенін аңғармайды.

Бұл жөнде атап айта кететін тағы екі топтың адамдары бар. Біреуі — Тоғжан. Тап Мұхтар жазып отырған дәуірдің тұсында қазақ елі түгіл, бүкіл күншығысты тұтас алғанда да, талай үлкен адамдардың түсінігі үстірт болатын. Өзгені былай қойғанда, бұқарашыл, демократ, халықшыл, елді өнер-білімге жетелеген Белинскийдің өзі дәл 1845 жылы күншығыс туралы былай депті:

«Күншығыс — адам баласының бесігі, табиғаттың үстем-

дік алып жатқан жері. Шығыс адамы — табиғат баласы. Бала боп табиғаттың көкірегінде туады да, сол көкіректе қартайып өледі. Шығыс әлі де сол табиғатқа бой ұсынған, айуандыққа бейім қалпында. Шығыста ғашықтық деген өзінің ең төменгі басқышында мәңгі бекіп, қалып қойды. Шығыста ғашықтық деген табиғаттың негізгі заңы бойынша, әйелдің еркекке, еркектің әйелге құштарлығы — екі жыныстың болашақ үрім-бұтақтың тоқталмауын ойлап, сұқбаттасуы». Осыны айтқан Белинскийден сол кезде, қазақ халқы туралы не ойлайсың, деп сұрай қалсаң, сөз жоқ бұдан да сорақы бір нәрсені айтар еді.

Абай мен Тоғжан арасындағы сүйіспеншілікті сонша нәзік, сонша таза, сонша терең етіп берген Мұхтар бұл жерде қазақ елі сияқты елдерге сырттан жабылған жаланы да солай бір қысқа ғана суретпен аршып тастайды. Әңгіме, бұл жерде ғашықтық жайында емес, қазақ халқының сезімінің қанша нәзіктігі, тереңдігі жайында екенін айтпаса да болады ғой деймін. Бірақ, бұл өте маңызды нәрсе. Ой тереңдігі, қоғамдық тартыстардың мәнділігі, сезімнің нәзіктігі, бұлар бірі мен бірі толықтанатын, бірінсіз бірі шындық болмай шығатын мәселелер. Тоғжан образына жеке тоқтап жатқан себебім де осы.

Енді бір тоқталатын топ — Балағаз, Қараша, Базаралы, Әбілғазы, Дәркембай, Қаумендер. Ел-ел дейміз де, елдің тілегін жаңа кезеңде жаңаша көтеріп атқа мінген жастарын ескермей кетеміз! Шынында ел арасындағы ендігі тартыстың бұқаралық тобының алдында жүретін осы топ емес пе? Жазушыға әр сөзіне бір қарауыл қойып, әр ойынды салақтатып айт демесек, бұларды көрмей кету лайық емес. Манағы айтқан, Құнанбай түсіп бара жатқан сатымен Құнанбаймен бірге құлдилап, Сүйіндік, Қаратай, Байсалдар төмен кетіп бара жатса, сол сатымен Абайға еріп етектен қияға қарай Балағаз, Қараша, Базаралы, Әбілғазылар шығып келе жатыр. Жаңа мазмұнға көшкен күрестің бірінші айқасы Балағаздардың жер аударылуымен аяқталды. Сонымен бірге олардың түп қазығы, ой ордасы Абай Семейге орнап, бұрынғысынан да күшейе түскелі тұр. «Жеңдік» деген тобы жеңгеніне сене алмай алақ-бұлақ етумен қалып барады. Ал, Балағаздар қыл жалы тікірейіп, айбар шегумен кетті. Бұлар бұдан да күшейе түседі, бұл топ өсе түседі.

Он жылдық өмірдің ішінде үстем бір топтың жүні жығылып әлсірей бастағанымен, үнсіз топтың, бұқара көпшілігінің үстем топпен қарсыласуға жарап қалғанын көрсете алған романға бұл жағынан қояр кінәм жоқ.

Романның басты міні, үлкен кемшілігі деп мен мыналарды айтқым келеді:

Ел бойынан арылмаған әлі де көп тағылық барын сипат-

тайтын біраз нәрселер бар. Олар Қодар мен Қамқаның түйеге асып өлтірілуі; оларды таспен ұрып, тағы жандардай жаныштаулар. Және елдің ендігі сапы деп саналатын екі жас жігіттің келіншектерін айырбастасулары.

Елдігі белгілі бір жоғарғы сатыда тұрған халықтың барлық бас көтергені, өз дәуірінің ақыл-ойы, саналысы саналған адамдардың күнәсіздігін біле тұра, бір момын жан Қодар мен күнәсіз Қамқаны сонша өрескел түрде езгілеп өлтірулері, жалғыз Құнанбай тобына емес, ел атына да үлкен мін келтіреді. Оның үстіне әлсіз, рулардың жерін тартып алу үшін Қодар өлімінің Құнанбай үшін керегі жоқ. Сол оқиғадан кейін, Бөкенші, Борсақ, Жігітектің жайлауы мен қыстауларын тартып алғанда Құнанбай көзі тірі екен деп ешкімнен именген жоқ қой! Құнанбайдың именгені сол Қодар болып па?

Құнанбайдай әкім шыққан, Абайдай ақын шығарғалы келе жатқан елге, ой-санасы, ішкі сезімдері жоғарғы бір сатыда тұрған елге тап осы қылықтар лайық емес. Мұндай қанды оқиғалар болмапты, болуға мүмкін емес демеймін. Елдің әдеті емес деймін. Осы бір тым өрескел қылықтар елдің елдік қасиеттерін басқа жағынан қанша көтере көрсетіп келсең, соның барлығын бір-ақ сайып жібереді деймін. Әсіресе, басқа тілге аударылғанда —«Е, еліңнің ішын мінезі осында ғой!» дегізе алады. Бұлар сияқты сыртқы әсер емес, ішкі терең сырларға құрылған романға, мұндай ұр да жық оқиғалар керек емес сияқты.

Романның ішінде антұрған Оспан өрескел бір қылық көрсетіп әдейі әкесіне естірте «тырқ» еткізгенде отырған жұрт: Қап, мынау абыройсыз, бар абыройдан бір-ақ айрылды-ау десіп қалады. Сол сияқты. Қодар мен Қамқаның түйеге асылып өлтірілуі, екі жас келіншекті қимау жоқ, шіміркену жоқ, айырбастаса салулары, елдің көп абыройын бір-ақ төгетін қылықтар деймін.

Ұсақ-ұлан кемшіліктерден мыналарды атар едім:

1) Тоғжаннан кейін Ділданы алғаннан кейін, Абайдың Қуандық қызға оп-оңай айқаса кетуі арзан мінезге жатады. Меніңше, бұл екеуінің арасындағы жақындық шегі — оқтанып барып, тоқтау, қақтыға жаздап шалқайып кетуден әрі кетпеу керек сияқты.

2) Мұхтар романында «Құнанбай ылғи орағытып, тұспалмен сөйлейді, ұтқыр сөйлейді, өзі айтып, өзі кесіп, басқаларды тек еріксіз мойындатады» деп келді. Бірақ, Мұхтардың осы бағасына лайық сөздер, шешендік тұспалдар Құнанбай сөзінде сонша мол емес. Құнанбай сөздері көбінесе істер ісінің жабайы түрін ғана сипаттай алады. Ұтқыр мағынадан гөрі әкімшіліктің тізесін, күшін көрсетеді. Мағына жағынан Байдалы мен Сүйіндік, Бөжей сөздері астарлы жатады. Мен

Құнанбай айтар сөздерді әр жерінде өндей түсу керек деп едім.

3) Бұл романда Мұхтар біріне-бірі ұқсас, ру, қыстау, жайлау аттарын көп қолданады. Романның қоғамдық тартыстары ру жіктерімен байланысып жатқан кезде бұлай ету орынды да, керек те. Ал, келесі романда, әңгіме таптық, топтық мағынаға көшкенде, бұл жағы азаюға тиісті.

4) Мен Мұхтардың «Абайы» қазақ тілінің өндөлуіне, әр сөз өзінің дәл мағынасын тап басу жағына, сонымен бірге көркем айтылуына өте үлкен еңбек сіңірген дегенді айттым. Басынан-аяғына дейін бір мүдірмейтін әрі ойлы, әрі көркем тілі құйылып отырады дедім. Мұхтар қазақ тілін байытамын дегенде тек қана қазақ сөйлемінің ізімен кете бермеген. Кейбір ойларын орысша сөйлем құру жолымен де жазған. Бұл әбден дұрыс. Ешбір тіл өз шеңберінде ғана өсе алмайды; екінші, тілдің өсуі ойдың өсуімен байланысты. Бірақ, Мұхтар да бұл жөнінен анда-санда сүрініп отырыпты. Мысалы:

1) «Аласа, тақыр, бірақ тығыз бетегемен жайнаған» (30),

2) «Қызыл, сары, көкшіл түстермен құлпырып жайнайды» дейді Мұхтар. Қодар туралы «өмір мен уақыт бүлдірген бір кәрі» дегені қандай жатық, қандай тән сөйлем болып естілсе, «бетегемен жайнаған, «көкшіл түстермен құлпырып жайнайды» деген сөйлемдер соншама аударма тіл, орысшадан аударма тіл сияқтанады.

«Осы сөз бүгін де Қодарды ызамен қайнатты» (33).

«Өзге отырғандардың барлығы сөздің салмағы мен түйінін өз арқаларынан сезгендей боп...» (20).

«Осының бәрі, өз ортасын бойымен басып жыға беруге себеп болатын» (23).

Осы сияқты сөйлемдердің анда-санда кездесіп отыратыны бар. Әрине, бұл — орысша ойлап, қазақша жазғандықтан туған аударма тілдің әсері. Романды бұдан тазарту керек, ол және оп-оңай. Осы ойларды қазақша сөйлем құрылысымен айтудың түк қиындығы жоқ. Осылары болмаса Мұхтардың тілі, тілінің көркемдігі, мағыналылығы туралы: «Цицеронға ешнәрсе қосуға болмайды, Демосфеннен ешнәрсені алып тастауға болмайды»,— дейтін Европаға түгел белгілі мәтелді айтар едім.

Абайдың өзінің идеялық өсуі жөнінде Есмағамбет бір-екі нәрсеге ренжитінін айтты: 1) Құнанбай Қарқаралыға мешіт салдырғанда Абай соған қарсы болмай, мешіттің игілікті бір іс екендігін жақтау керек еді дейді. Бұл пікірді дәл мағынасына жеткізіп айтсақ, Абай дінді жақтау керек еді деген болып шығады. Ойы дұрыс па? Әрине, қате. Күні бүгін мешітке, дінге еркіндік беріп отырсақ, ол Маркс пен Лениннің дін туралы айтқандарын қате деп танығандық емес. Ол қазіргі халықаралық саяси жағдайдан туып отырған нәрсе. Тегінде,

атам заманғы жайларға апарып, бүгін ғана туып отырған қағидаларды жапсыра салудың өзі — өте бір келіспейтін қылық. Және, романдағы Абай Құнанбайдың мешіт салғанына ешбір қарсылық етпеген жоқ, тек қана, құдай үйі, адал тілек тілейтін, ойымды күнәдан аршимын деген жері — мешіттің қайдан түскен малға салынып жатқанын білді. Адал жары, ілгері тілеуі Ділда мен құдай делінетін мешіттің парадан түскен малға келіп жатқанына қынжылады емес пе? Мұны істемесе, бұған қынжылмаса, Абайға біз өкпелеуіміз керек емес пе?

Есмағамбеттің екінші кінәсі — Абай Алшынбайдың той жасағанына наразылығы, елдің дәстүріндегі сән-салтанатына қарсылығы жоқ. Ата салтымен істелетін істердің бәріне көніп, құшынаштай киініп, үн шығармас күйеу халінде тұрған, сыпайылықтан аса алмай тұрған ғана Абай бар. Ол аз болса, Қаракесек елінің әдеті бойынша — Алшынбай тойында табақты жайқалған жорғамен жүріп тарту сияқты, шын-ақ салтанатты көрініс өз еліне ала келіп Бөжейдің асында өзі соны істейтін Абай бар. Қысқасы, «мен жаңа адаммын» деп, елдің жақсы салтына, әдет-ғұрпына адырлық істеп тап беріп, шолақ белсендіге ұсап шап беріп жатқан Абай бұл романда жоқ.

Тағы бір бүгін туған ойды өткен күнге апарып, қалай болса солай жапсыра салып жатқан нәрсе «мемлекеттік адам» мәселесі. Есмағамбеттің түсінігінше —«Алшынбай ел қамын жеген, ел арасының дәнекері, жалпы қазақтың мұңын жеген адам». «Құнанбай — Иван Грозный». Мұның екеуі де қате. Алшынбай билердің ішіндегі ең жемқоры, патша билеуіне, тақыс-айласына әбден құныкезденіп алған, Құнанбайдың табақтасы! Ол Бөжейлер мен Құнанбайды татуластырса, Құнанбайдың ғана туы қисаймауын көздейді. Бөжейге үш жасар Қамшатты алып беріп, дәнекер жасаса мұнда тұрған қандай әділет, жалпы қазақтың мұңын жегендік бар?

Екінші, Құнанбайды Иван Грозныйға теңей салу әрине қате. Құнанбай қай жағдайда болса да ел ісінің бір тізгініне әбден ие боларлық, мейлінше қажырлы адам. Бірақ Иван Грозный орыс халқының басын қосқан, елдігін жасап берген адам болса, Құнанбай бұл ойдың маңына да бармайды емес пе? Туысы үлкен адам, бірақ Грозный емес ол.

«Абай романында трагедия, драма жоқ» деген де жетпей айтылып жатқан сөздер. Жеке қара бастың драмасы мен трагедиясын іздесең — ол әке мен баланың арасында. Торғжан мен Абайдың арасында ең терең драмалар, трагедиялар, жатыр. Мұхтардың бұл жаққа тым тереңдемегенінің өзін дұрыс деуіміз керек. Өйткені, оның есесіне ел ішінің трагедиясы, бір жағында зорлық көріп жатқан қалың ел, бұқара, бір жағында сол зорлықтың қақ басында отырған туған әке, Абай үшін аз трагедия ма екен?

Менің ойымша, Абай келесі романда да осы ел ішіндегі тартыстың басында болып, қашан да ел трагедиясының, елдік драмалардың ортасында болуға тиісті. Оның үстіне, Абайдың өзін де періште етіп көрсетудің керегі жоқ. Өз табынан, өз тобынан оңай ғана ажырай салып, қызыл айғайға баса жөнелмей, қансырап айырылысып, қинала толғануға тиісті. Абайдың қасиеті өз табының тілегінен көп қиналыстар, толғанулар, тәнге-жанға түскен жаралар арқылы жыртылып айрылуында өз заманынан биік тұруында. Өзгені былай қойғанда Абайдың өз қара басындағы қайшылықтарын да көрсете жазу керек. Абай өз тобының үстем халімен де қиыспай айырылатын болсын, қиналып айрылысуға керек. Оның үстіне, Абай жалпы адамшылықты сүйетін болсын деген пікір тағы шалағай ұғыныстан туған нәрсе. Есмағамбет пен Хажым «Абай Сен-Симон, Фурье сияқты ең алға сүйреген ойдың, адамшылықты сүйген ұлдарына үн қосты, солармен ұрандасты» деп қойыпты әдебиет кітабында. Бұл әрине әрі жалған, әрі Абайды мақтаймыз деп даттап алғандық. Барлық ер жетіп, нығайған философиядан Абайдың тапқаны утопия болса, Абайдың қасиеті қайсы? Менімше, Абайдың осы келе жатқан беті әбден дұрыс: әуелі әлсіз руларға бой тартып, ойы өсе келе сол рулардың ішінен қалың бұқара тілегін көтеріп атқа мінген, жаңа тілектің жастарын қасына топтап келеді. Бұлар әрине революция жасамайды, бірақ қалың бұқара тілегінің қорғанышы бола алады. Бұлар, өсе келе, келер бір заманда, келер бір буыны ұлттық қозғалысты Октябрь революциясына жалғастыра алатын дәрежеге жетеді.

Манадан бергі шашыранды түрде айтылып жатқан пікірлерді жинап көрсем «Абай» романы туралы мына пікірдемін:

«Абай» романы бүгінгі қазақ совет әдебиетінің жаңа белі: бұл —«роман» деген үлкен ұғынысқа толық жауап беретін қазақ әдебиетіндегі бірінші роман; «Абай» шын мағынасында Европалық озық әдебиеттердің піскен, сыналған үлгісімен жазылған роман.

«Абай» тарихи-қоғамдық тартыстарға құрылған, шын мағынасындағы қазақ халқының бір дәуірдегі шын өмірін, елдігін түгел көрсете алатын роман. Ел өмірін көрсетем деген еңбектер, қай дәуірді алса да, осындай терең, осындай шын, осындай ақылды, осындай нәзік сезіммен жазылатын болсын.

Қазақтың әр жазушысы «Абай» арқылы әдебиетіміз жаңа бір сатыға көтерілгенін ескеріп, қолына қалам алғанда, сол сатыға көтерілуді, сол саты арқылы одан да жоғары көтерілуді арман етсе екен деймін!

Әдебиет тілі жайында

Соңғы кезде белді-беделді тіл ғалымдарының орфография, емле мәселелеріне тағы бір оралғандарын мәдениет жұртшылығы қатты ұнатып қалды. Күнбе-күн бақылап, байқай отырамыз дейтін газет-журналдарымызда астылы-үстілі кетіп бара жатқан жайлар барын көрді. «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде С. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Ә. Әбдірахманов, Т. Қордабаев жолдастар едәуір асқынып бара жатқан тым-тырағайлықтар барын орнықты дәлелдеді. Қадірлі ғалымдарымыздың келтірген дәлелдеріне қосылмауға да болмайды, заңды талаптарын қолдамауға да болмайды. Қандай заң болса да қабылданғанша ғана талқыға түседі, қабылданғаннан кейін қалыптасуы керек.

Тілді көркейте беру заңдарын, әсіресе, біз, жазушылар, қатты қадағалауымыз керек еді. Бірақ, шынымызды айтсақ, орфография, емле заңдарын елемеушілік біздің арамызда көбірек кездеседі. Ол заңдарды түгел білмейтіндеріміз де бар, дұрыс қолдана алмайтындарымыз да бар. Өзіміздің журналға бүйрегің қанша бұрғанымен, әділетке мойындауымыз керек, өз бетімен жайылу «Жұлдыз» журналында басымырақ болып отырғандығының бір себебі, дау жоқ, осында. Машинисткалар мен корректорлар бола тұрса да, ана тілінің байлығы мен тұрақты заңдарын дұрыс қолдана білу жазушылар үшін де басы артық байлық емес қой.

Жоғарыда аттары аталған ғалымдарымыз негізінде сөздің таңбалануын таза ұстау талаптарын қойған. Мәдениетті ел үшін бұл келелі мәселе болып саналады. Осындай орынды талаптарға үн қоса отырып, мен әр сөзді өз орнына пайдаланып, сөйлемді дұрыс құрастыру жақтарынан азғана пікір айтқым келеді.

Сөз сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады. Біріне-бірі жарығын түсіріп тұратын сөздерден құралған сөйлем айтайын деген ойынды оқушыға дәл жеткізеді. Бұл арада ерекше ескеретін бір нәрсе — әр сөздің ой мен сезімге бірдей дөп тиіп жатуы, ең үлкен арман осында. Біріне бірі көлеңкесін түсіріп тұратын сөздер өз мағынасын дәл баспай, екі оқты болып, ауытқып шығады. Жазба сөз — бір өңкей әскер легі де емес, қой-сиыры аралас шұбаған көш те емес, теңіз толқыны да емес, жайнап тұрған бақша да емес, өмірге түгел ортақ ой-сезімді дәлірек те толығырақ бере алатын тіл байлығы. Бұл байлықты қалай болса солай пайдалану болашақ үшін үлкен қиянат.

Аздаған мысалдар келтірейік. Ақын С. Қасиманов «Қазақ әдебиетінде» 3 августа жарияланған бір өлеңінде былай депті:

Шпал перне, қос ішектей жол шешен,
Басқан сайын дабылынан туған жыр.

Ақынның ойына жақсы бір теңеу келген. Домбыраның пернесін шпалға, екі шегін темір жолға теңегісі келген де, бірақ соны айта алмаған. «Домбыра» деген де, «темір жол» деген де сөз жоқ. Оның орнына ақын адамның аузына түспес «жол шешен» деген сөздерді өлеңге тығыпты. Жол шешен болғанда не болмақ, сақау болғанда не болмақ? Ақын:

Кемеңгер ел келістіріп керуенін
Табысымен толтырады олқымды:

дегенімен, бұл өлеңдегі «олқылық» толмайды. Өйткені бұл — олқылық емес, сорақылық.

Екінші бір жас ақын Е. Кенебаев:

Қанат бер талмайтұғын, күнді асайын,—

депті. (Бұл да «Қазақ әдебиетінің» сол номерінде).

Ана тілін жақсы білетін ақын «күнді асайын» емес, «күнге асайын» дер еді, «күнді асау»— күнді бесбармақша қылғып жіберу болып шығатынын абайлаған болар еді.

Жазушылар арасында:

— Сүйейін Әмуіңнің жағалауын,— деген өлең көптен бері қалжаққа түсіп жүр. «Күнді асайын» да сондай, сөзге мән бермегендіктен, жауапсыздықтан туған.

Жас ақындарға қатты ұрыссақ та, ішімізден көп кемшіліктеріне кешірім ете отырамыз. Әттең осындай кемшіліктер сақайып қалған ақындарымыздан да жиі кездеседі.

«Қазақ әдебиеті» газетінің осы номерінде белді ақындарымыздың бірі болып келе жатқан Ғ. Қайырбековтың «Теңіз балладасы» деген поэмасы басылды. Поэма Қырым жағасында туған ескі бір аңызды байымдайды. «Қырым қызын» бұдан отыз жыл бұрын ақын Ғалым Малдыбаев та жазған еді. Ғ. Қайырбековтың балладасы адам түсінбейтін бірдеңе болып шыққан. Оның себебі — ақын поэзиялық тіл байлығын тым сөлекет пайдаланған, оқи алмайсың. Балладада:

Қанаты суық мұздай құс...
— Жалт қараса, айдынға
Асылып қалған бір білек
— Толтырып жасқа уысты
Сақалын жұлып шал қалған
— Тұншықсаң теңіз суына
Ақ сүтімді еме бер!
— Махаббат атты құдірет
Періште қылған соларды!
Соғуын тыяр құр жүрек
Өлмейтін жандар со мәңгі,—

деген шумақтар кездеседі.

Енді аздап осы жолдардың мазмұнын ұғынып қарайық, ойға, сезімге берер әсерін түсініп көрейік.

1) «Қанаты суық мұздай құс» деген не ертегіден, не бүгінгі өмірден әлденені меңзей ме? Жоқ, Не поэзиялық, не бейнелеу қажетіне жарап тұра ма? Жоқ.

2) «Жалт қараса, айдынға
Асылып қалған бір білек».

Айдын деп қамыссыз, батпақсыз, шалқар көлді айтамыз. Кейде көлемдірек келген жалтырды да айдын дей береді. Қайырбековтың қызы балладаның басында «теңізге батып тұншықты» болған. Сол күні қыз әкесі балық аулауға келсе, айдынға асылып қалған бір білекті көреді. Қос білекті кезек-кезек толқынға асып, жүзіп бара жатқан қыз болса бір сәрі, ал айдынға асылып қалған білек деген ақын көзіне қалай елестегеніне тәнданасың.

3) «Толтырып жасқа уысты,
Сақалын жұлып шал қылған»,—

деген екі жолды түсініп көрейік, Бұл әдейі қиындатпасаң, қиынға түсер ойдың төлеуі емес екендігі айдан айқын. Қызы суға кетіп қалған кәрі әке, сақалын жұлып қайғырып қала берген ғой. Бірақ, ақынның айтуынша шал сақалын уыстап алып жұлудың орнына көзінің жасын уыстаған, ақын «көзі жасқа толы кәрі әке сақалын жұлып қала берді» деген оңоңай ойды екі жол өлеңге сыйғыза алмаған.

4) «Тұншықсаң теңіз суына,
Ақ сүтімді еме бер!»

Мұны теңізде бала тауып қойған қыз айтады. Ақын теңіз суына тұншығып бара жатсаң, емшек емуге бола ма екен деп ойланбайды да. Ең болмағанда —«тұншығып кетпе теңізге, ақ сүтімді еме бер!» десе де бәрі сәт сөзге байланыспауға болар еді.

5) «Махаббат атты құдірет
Періште қылған соларды
Соғуын тыяр құр жүрек,
Өлмейтін жандар со мәңгі!»

Ақын бұл жолдарында «періште қылған соларды» деген сөздердің құлаққа естілер жағын да ескермеген, ойға қонар мағынасын да дәл жеткізе алмаған. Оның үстіне «сол» деген толық қанды сөзді «со» деп шалағайландырудың да орны жоқ-ақ, бұл әшейін астамшылық.

Тіл — аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз. Тілді ешкімге түрпілетпеуіміз керек. Әттең, ана тілінің байлығын салдамадан сақтап отыруға тиісті тіл ғалымдарының өздері де кейде қатты қынжылтады.

Тіл тазалығы, емле сауаты мәселесіне ат салысушы фило-

логия ғылымының докторы Ғ. Мұсабаев жолдас өзінің «Емле — тілдің жаны» деген мақаласында былай депті:

«Ойланғызшы, аңшы алдынан бұланған қашқан түлкіні қуып келе жатқанда, жалпақ жатқан жарыққа кездессе, оның аты жүре алмай, сүрініп-қабынып, жіліншігін омырып, мерт болмай ма? Аңшы еріксіз тоқтап, кейіспен кейіп кетпей ме?»

Ғалым емле қателеріне мән бермейтін сауатсыз жазатын адамдарға барынша зілді сөз айтқысы келгені айқын. Бірақ, алған теңеуі созалақ та сөлекеттеу шыққан. Теңеу, бейнелеу созалақтап кеткенде ойға да, сезімге дөп тие алмайды, екінші, алған теңеулерің екі оқты ұғым тудырмауы керек. Мұсабаев жолдастың алған теңеуіндегі **«жалпақ жатқан жарыққа кездессе»** дегені, сөз жоқ екі түрлі бейне туғызады: біреуі — қайда болса да кездесе беретін жер жарығы. Ондай жарық жалпақ болса, ат сүрінбейді де, «жіліншігін де омырып» алмайды. Өйткені ондай жарықта жынды адам ғана түлкі қуады. Жарықтың екінші түрі, бұрын пәленшенің жарығы, түгеншенің жарығы деп те аталатын, шынында да жалпақ жататын жарықтар. Бірдеңені бейнелегің келгенде екі оқты мағына беретін теңеулерден аулақ болу керек. Ғ. Мұсабаев жолдастың алған теңеуін оқып шығып, түсініп болғанша, оқушының көңілі «мерт» болуы мүмкін.

Менің әсіресе қарсы болғым келіп отырғаны автордың **«кейіспен кейіп кетпей ме?»** деген сөйлемі. Таяқпен таяқтамай ма, маймен майламай ма, ашумен ашуланбай ма, күлкімен күлмей ме дей беретін болсақ не болғанымыз? Ана тіліне көрсеткен құрметіміз қайсы?

Осы сияқты оралымы жоқ, оралғысы көп сөйлемдер ғылым докторы Б. Кенжебаев жолдастың «Сұлтанмахмұт Торайғыров» дейтін еңбегінде тіпті көп екен. Кенжебаев еңбегінің 27-бетінде былай депті: «Атомдар құралып тән пайда болады, яғни тән түрлі атомдардан тұрады. Тән күйресе, атомдар ыдырайды. Тән күйрегенде ыдыраған атомдардың кейбіреулері жаңадан пайда болатын тәннің түрлі мүшесі болады да, кейбіреулері әуе болып, жел, құйын болып ұшып жүреді.

Атомдар, олардың әуе, жел, құйын болып ұшып жүруі, бірнеше атомның жиналып, тән болуы, тәннің тозып, күйреу, атомдардың бастапқы қалпына айналуы — әуе жел, құйын болып ұшып жүруі, дүниенің осылай құбылып өзгеріп тұруы — бәрі құдайдың құдіретімен, тағы басқа төтенше күштің қуатымен болмайды, дүниенің өз заңымен, қажеттілік заңы бойынша болып тұрады.»

Мен атом жайын зерттеген адам емеспін, бірақ осы айтылғандардың ғылми жақтарының өзі де шалағай да шұбәлі сияқтанады. Кенжебаев жолдас бұл шұбалманы «Сұлтанмахмұт дүниені, табиғатты, болмысты материалистерше, диалек-

тикалық жолмен түсінеді» деген ойын дәлелдеу үшін келтірген. Онысына сене де алмайсың, сенгің де келмейді. Замандас ғалымымыз өкпелесе де, айтпасқа амалымыз жоқ, мұның аты материалистік диалектиканы тым тұрпайы түсінудің маңайы болады. Ал енді автордың сөз құрау, сөйлем жасау жақтарына келсек, ана тіліміз үшін авторға біз өкпелеуіміз керек.

Жоғарыда келтірілген үзінді Торайғыров ақынның дүниеге көзқарасын дәлелдеуге арналған болса, енді бір үзіндіні ақынның поэзиясына берілген тұжырындыдан келтірейік.

Кенжебаев жолдас Сұлтанмахмұттың поэзиясын былай бағалапты:

«Сонымен Сұлтанмахмұттың лирикасы поэма сияқты ұзақ **болып,** поэмасы лирикалы **болып,** лирикасы мен поэмасының арасы жақын жатады. Яғни, Сұлтанмахмұттың өлеңдері әлеуметтік **лирика болып,** сондықтан да көлемді, **ұзақ болып** келсе, поэмалары сюжетсіз **болып,** бірақ лирикалы **болып,** әлеуметтік лирика **болып** келеді».

Бір сөйлемнің ішінде «болып» деген жарымжан етістік бес рет қайталанды! «Әлеуметтік лирика болып»— екі рет, «лирика болып, лирикалы болып»— үш рет! Қадірлі ғалым, сөйлем құру заңын әдейі бұзғысы келген адам да сізден асыра алмауы мүмкін.

Ал енді Торайғыровтың поэзиясына берілген бағаның өзіне келсек, оны түсіну үшін, шынымыз осы, өз өреміз жете алған жоқ. «Өлеңдер әлеуметтік лирика болып, сондықтан да көлемді, ұзақ болып, поэмалары сюжетсіз болып, бірақ лирикалы болып, әлеуметтік лирика болып» жатқан ақынды түсіну кімге де болса, оңай соға берер ме екен! Осынша бәленің бастары тоқайласқанда бірі мен бірі қалай тектесіп, қалай септесіп жатқанына таң қалғандайсың. Біз білген ақын Торайғыров тап осындай сияқты емес еді.

Дұрысын айту керек, соңғы кездерде кейбір баспалар тарапынан әдебиет тіліне атүсті қарау етек алып бара жатқан жайы бар. Баспасөз орындарында шығармаға редактор қолы бата тигені байқалмайды.

Қадірлі қалам қайраткерлері, ана тілін аяқ асты етуден тыйылатын болайық.

Аға сөзі

Енді 31 жылдан кейін адам баласы 2000-шы жылды қарсы алады. Елдер мен жерлер тағдыры, тілдер тағдыры қақтығысар, қабысар дәуір басталады. Бүгінгі өнер, білім қуған талапты да талантты жастар, әке табысына семірген еркетай жастар, ой қумай, ойын қуатын футбол жанкүйерлері бөрік

ала қашатын ұры-қары, бұзақы-бұзық — заман бұралқылары бәрі де сол дәуірдің аға буыны болмақ. Ал, ағалық деген ардақтылықтан гөрі жауаптылық болады.

Ол әлі бар бейнесі айқындалмаған дәуір. Мен үшін даусыз екі-ақ белгісі бар:

1. Коммунизм мансұқ етілмейді!

2. Бүгінгі білдім — меңгердім дегенің, орындадым — істедім дегенің, жырладым — жаздым дегенің ол дәуірге олқы болып қалуы мүмкін-ақ. Ойлана алар жастың әрі терең, әрі жан-жақты ойланары — сол алдағы биік белестерде жатыр дер едім.

Совет жастары деген ардақты ат: аспанда ардақты, жерде ардақты, суда ардақты, биікте ардақты, теренде ардақты! Совет жастары ғылым мен техникада болсын, қажыр-қайрат сыналар еңбекте болсын, ұлы аталарының сенімді мұрагері. Совет жасы жат өмірге көзін сүзген жасқаншақ жалданба емес. Ұлы өмірді өзі жасап жатқан ұлы идея мұрагері.

Адам қоғамы қолдан жасалған бақша емес, ну орман сияқты. Аралас өскен қарағай, қайың, қыз-қарағай, терек, шынар, мойыл, ырғай, тал... жас өмірдің балаң-балғын шағында аңызақ желден көлеңке, үскірік желден ығын керек. Мал баласын бауырында өсіреді, ағаш біткен тұқымын ығына қарай төгеді. Адам баласы анасының құшағында, қоғамның шылауында өседі. Аға буынның жауаптылығы да осында.

Мен ойлы, өнерлі деп үміт ететін, мұрты тебіндеп қалған ақын-жазушы жастарға бір-екі ауыз тілек айтқым келеді. Соңғы кезде осындай жастарымыздың аузына идея, идеология, революция, мораль, тап күресі дейтін сөздер көп түспей барады. Өздері сол идея, сол революция, сол тап күресі арқылы күл-күрме өмірден құтылып, адам деген ардақты атқа ие болғандарын біле тұра, соның бәрін қасиет тұтпау ақылдылық емес, есерлік болады. Бұл бір.

Екінші, «Сын түзелмей, мін түзелмейді» дейтін ескіден келе жатса да ескірмейтін бір қағидамыз бар. Бірімізді-біріміз сынау, менің үлкен бір арманым бойынша — бірінші жолдастық, бірінші достық, бірінші әділ сөз болу керек. Амал не, кейде қандай әдемі сөздер, қандай ұтқыр сөздер жолдасынды мұқатуға арналып жатады. Бұл үлкен өкініш. Кейде сол ұтқыр сөздер —«Орныңды босат, маған бер!»— дегендей естіледі. Бұл үлкен өкініштен гөрі де үлкен өкініш. Әрбір ақын-жазушы әдебиетіміздің кең жайлауынан өзі тапқан орынға ғана келісімді болады. **Ақын орны — қаламның қанаты қандай биікке көтеріп шығарса — сол жерде. Ондай орын әсіресе биікте көп. Қырандай құлаштап, сермеп барып сол орынды ал. Өзгенің бәрі мансап та мансұқ!**

Үшінші, жастарды ерте қартайтпауымыз керек. Балғын шақтың өз сұлулығы бар, өз қызуы, ұшқырлығы бар. Буыны

қатқан, қызуы басылған аға буын аяғын қия басқан жасты дүрелей бастауымыз керек. Әсіресе, жас дарынның жалынын тұншықтыру — қылмыс. Жалынды жас, дарынды жас көк шыбықты көрмей-ақ өссін.

В. Г. Короленконың алғашқы әңгімелерімен танысқаннан кейін-ақ А. П. Чехов: «Мұндай жаспен (парень) қатар жүру түгіл, соңына еріп жүрудің өзі қандай қуаныш!»— деген. Біз мұндайға әлі тоңмойындаумыз.

Қазақстан жас ақын-жазушыларының республикалық мәжілісіне көп-көп сәлем, аз тілекпен — **Ғабит Мүсрепов**.

„Жалын“ жарқырай берсін

«Ұл тусаң — шайқы-бұрқы болмасын, қыз тусаң — қиқы-шойқы болмасын!»

Әңгіме алғыр да ұшқыр ой-сезімнің жалыны жайында. Ол жастарға тән қасиет. «Қайран жиырма бес!» әні қапыда айрылған арман күйініші болса, ұлы Абай «қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп өкінсе, «Жалын» айналасына талғамды жас, талантты жас түгел топтанады деп сенеміз.

Көркем әдебиет сақал саудасын да көтермейді, көзін сүзген «жастық» саудасын да көтермейді. «Жалын» талаптыға тәрбиеші, талантқа өз үйіндей болар деп сенеміз.

Революционер ақын Сәкен Сейфуллин біздің заманымыздың ағысын экспресс ұшқырлығына теңеген. Қазіргі дәуіріміздің жүрісі одан да тез. Айналасындағы ескі-құсқыны өртеп жіберетін от шашқан жастар «Жалыны» болмашыға бөгелмес, бұраң бұлтаққа ұшырамай озық ұлы арнасымен тура тартар, ұлы көштің жіп-шуын жинап әуреленбей, көштің алдында болар деп сенеміз.

«Жалын» өзінен-өзі жанбайды. Оның қорегі ең алдымен жиырма бес төңірегіндегі талантты жастар қаламынан тамататын сия! Сөз тізбегі емес, ой тізбегі. Жайылым су емес, сарқырап долданып, бұлығып, бұрқанып, сақылдап күліп, кәрленіп жататын тасқын су, өнер де жігер, от-жалынды ой, жүрегінді дірілдетер сезім терендігі. Жаңалықтың құлақ бұрауы емес — өзі! Эксперимент жазушы столының үстінде жасалып, жемісін «Жалын» алдына жайып салғанда күлдіре алар, қуанта алар, мұң айта алар, жігеріне жігер қосар болсын. Жазғанына редактор қолы бата алмайтын болсын! Шын талант арманы осы болмақ.

«Жалынға» қараңғылық хауіп емес. Сылбыраған ақ жа
бір хауіп, байырғыдан басқаның бәріне жатсырай қарайты
күрең қабақ хауіп, жастарды жастайынан картайтатын қа
жұдырық хауіп. Илләһи, ол дәуірден өткен болармыз. Арт
мызға айналып қарасақ — жүрегің айнып, құлағыңа дей
қызарып ұялар, жазушы атына жараспайтын талай тағылы
тар еске түседі. Бүгінгі жастарды ең болмаса қазақ халқыны
«тура биде туған жоқ» деген даналығының рухында тәрби
лейік. Қай кезде «ура!» деп қалуды, қай кезде «қарауыл!
деп қалуды аңдып отыруды Маркс өз заманында «меща
сыншылардың машығы» десе, біздің социалистік қоғамда бұ
аса бір жиіркеніш мінезге жатады.

«Жалын» қазақ совет әдебиетінің ер жеткен дәуірінд
бүкіл совет әдебиетінің теориялық бағыты әбден айқындалға
шығармалық тәжірибесі молайған дәуірде туып отыр. Бұ
кезде баландыққа орын болса да, балалыққа орын жоқ. Бұ
кездегі жастар қазақ совет әдебиетінің жаңа аяқтана баст
ған «жыл құсының» тұсындағы жастар емес. Өздері бойкүйе
керенау болмаса, марксизм-ленинизм ғылымының алтын т
ғасымен тағаланған жастар. Ол — ұлы ғылым! Маркс пе
Энгельстің Лассальға, Гаркнеске жазған хаттарын, Ленинні
Толстой туралы мақалаларын қайта бір қадағалап оқысаңы
бұл еңбектер шығарманың философиялық, көркемдік кілті
қолыңызға береді. Ал бүгінгі жастар ол ғылымды толық мен
гермейді дей алмаймыз. Сондықтан шығарма еңбегінде қал
жыңбас балалыққа орын жоқ дейміз.

«Жалын»—«Жұлдыз» журналының туған інісі. Бірақ, оны
сарқытымен күнелтпейді. Бұл «Юность», «Молодая гвардия
сияқты өз бет алысы бар альманах. Мұның өз дауысы, өз жа
лыны болу керек. Тіпті аға журналдардың кейбір кезде бе
жыртпайтын көлегейлігінен аулақ болар деп үміт етеміз. Тал
ғам-талап дейтін ұғыныстар өз мағынасын тап басар деп үмі
етеміз. Бұл үмітіміздің бірінші белгілері «Жалынның» бірін
ші санынан бастап-ақ атой берсе игі еді!

Осындай тілекпен, осындай үмітпен жаңа альманахқа сәт
ті сапар тілеймін.— Ғабит Мүсрепов.

Талмай ізденіңдер!

Жиырма бірінші ғасырға қарай алқына тартқан уақыт ар
ғымағына үзеңгі салып тұрып, бүгініміздің мәртебесін көтеріп
ертеңіміздің еңсесін өсірер өмірге өшпейтін із тастайтын өт
кенімізге толқып тебіреніп тұрып көз жіберуге тура келеді
Адамзаттың ұзақ ғұмырында дәл біздің дәуіріміздей күрдел

кезең болған емес. Ала құйын заманалар заңғарына тартқан салқар көш ұлылықтың да, тағылықтың да, зорлық-зомбылық пен көрегендіктің де сан көріністеріне кез болып жүр. Көнекөз тарих революциялық рухқа толы жиырмасыншы ғасырды өзінің беттеріне алтын әріппен жазатын шығар.

Тегеурінді төңкерістің қуатты толқындары біздің ұрпақты дауылымен де, жауынымен де, өртімен де, сертімен де шындап өсірді. Мен сол дауылпаз дәуірдің түлеткен түлегі болғаныма қуанбасам, өкінбеймін. Ғаламат ғасырдың нық шегесі болған қаншама жайсаң жандар, асыл азаматтармен үзеңгілес болдық, болып келе жатырмыз.

Түндіктен сызаттап түскен сәулені Октябрьдің шұғылалы алтын шапағы алмастырды. Дала дабыл қақты. Арманды алыс күнге аттанғандар арасында біз де кете беріппіз. Әуелден дарынға дарқан қазақ халқы «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалайтын заман» әкелетін ұлы қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге елгезек, сергек келген. Оның бойындағы ес біліп, етек жапқаннан бері ғасырлар тізбегінде тірнектеп жинаған бар асыл қасиеттер революциямен жақұттай жарқырап, керемет ашылып көрінді. Ол жалғанның жалғыз шырағынан шашыраған нұрдай жүрегімізге нәзік сәулелерін таратып жатты.

Кім болсаң ол бол, бірақ халқыңның адал азаматы, парасатты перзенті болу керектігі санамызда сонда серпіліс әкелген шығар. Көл-көсір көңілі, ертеңге ендеген өскелең өмірі бар ел, киелі топырақ уақыт желімен желкілдеген жас желектерді терең тамырлатты. Теперішті көп көрген біздің толқынның тағдыр тауқыметіне қасқайып қарсы тұруында үлкен заңдылық бар.

Мен әдебиетке келгенде қазақ совет әдебиетінің бастау қайнарларында тұрған Сәкен мен Бейімбет, Ілияс пен Мұхтар және Сәбит ысылған қаламгер еді. Қанатымен қақпай, демей, желеп-жебей жүретін әркімнің бір пірі, пайғамбары бар. Жастайымнан құлаққа құйғаным, ұйығаным — сөз, сөз болғанда да, ана сүтімен қанымызға сіңген ой інжу-маржаны — поэзия.

Қазір қай тақырыпты қамтып, қайсысын тындырғанымызды кесіп-пішіп айту оңай емес. Әйтеуір, ат жалын тартып міңгелі бері өзімді алдында зор борышкер санайтын халқымның қилы-қилы кезеңдеріне көз жүгіртіп, қалам тарта жүріп сезген, сезінгенім сонша, азаматтық парыз жауапкершілігімді жеңілтпей, қайта ауырлатып алғандаймын.

Қазақ әдебиетінің балаң дәуірінде деміне нан пісу деген дерт жоқ болатын. Көптеп, көмектеп жүріп (жанр таңдауға уақыт қайда) ұлттық көркем ойдың көкжиегін кеңейтуге ат салысқан азаматтар қаншама.

Осы күні біз отыздағыны емес, қырықтағыны, шартты

болса да, жас деп атауға етіміз үйреніп кеткен. Ойландарш сүйікті сезімдерді суыртпақтататын Сәкен де, Ілияс та, Бейі бет те қырықтан сәл асқан шағында опат болды. Олар қы шылдаған сол шағында әлі тұрған сияқты. Бірақ солар канш тындырып үлгерді!..

Жабыла көтеріп, онсыз да қиямет қаламгер жүгін жеңі детіп кеткен жоқ па?! Ұрпақтар өмірінің ұласуына тәлім, ғи рат іздесек осы. Олар жастығына қарамай жас қазақ әдеби тінің қасиетті қақпасының алтын кірпіштерін қалады. Алыск бастар асыл мұраттардың мұрагерлері бұны ұмытпағаны ға нибет.

Жаңа заманның жас төлі бақытты болуы үшін талай ға жап өмірлер ұлы мұраттар жолында құрбан болды. Бүкі адамзаттың келешегі — жас жеткіншектердің қандай идеа негізінде тәрбиеленіп, қалай өсуіне, кемелденуіне байланыст Советтік өмір шындығы интернационалистік бауырластықт бекер алға тартып отырған жоқ. Бүгінгі күнде барған сайы әдебиеттердің өзара байланысы мен өзара әсері нығайып қан қоймай, жаңа тарихи қауым арасындағы нәзік қоғамдық қа тынастар күшейіп келеді.

Осы құбылысты жүрек сызаты арқылы өткізіп отырған су реткерге ұлық болсын, кішік болсын үлкен жауапкершілік ар тылып отыр. Оның түп төркіні халықпен бірге, партияме бірге тығыз байланыстан өрбиді.

Ұлттық әдебиетіміздің жас жасақтары жауыннан кейінг жауқазындай өсіп, қаулап келе жатыр. Олар сөз қадір-қасие тін нәзік танып, кең толғайды. Өсер ұрпақты беттен қағып қағажу көрсетіп отырған ешкім жоқ.

Бүгінгі жастардың бойынан өз жастығымды көргендей бо ламын. Оларға жастық жалын, қызу қан тән. Таза табиғат тың еркебұландары. Әмсе дәстүршіліктен жаңашылдық туады Тосырқамай, торсаңдамай жас буынға жанашырлық ету мін дет. Мен жастарға: «Алдарында таудай талап тұр. Өмі заңғарлары үнемі биікке шақырады. Оған жету үшін талмаі ізденіңдер!»— дер едім. Жастарға тоғышарлық, бойкүйезді дертінен аулақ, сергек, сезімтал болған жарасады.

Биік мұрат

Арнаулы әдебиет газеті қашан да, қай елде болса да ке мағынасындағы көркем туынды әр биіктен сарқырай құлап әр саламен ағылып келіп үлкен бір арнада тоғысар кезінд туады. Бүгін мыңыншы рет шығып, мың жасап отырған бізді «Қазақ әдебиеті» газеті де осындай бір елеулі белесте туды

Белгілі жай, 1934 жылы Қазақстанның шұғыл дәуірлей жөнелген жылдарының басы болатын. Оның алдындағы бірнеше ауыр жылдардың салдары тез жойылып, Қазақстан шын мағынасында индустриялы елге айналудың берік іргесі қалана бастады. Әр ісімізге береке кіріп, жел сөздер азайып, нағыз іске, нағыз үлкен құрлыстарға батыл бардық. Экономикалық іргемізді нығайтумен қатар мәдениет мәселелері барлық аумағымен қолға алынды. Бұл — партияның аса бір қадірлі ұлы, ұмытылмас Мирзоян жолдас басқарған бес жылдың кезі еді.

Осы жылдардың ішінде бұған дейін еленбей, жете менсінбей келінген көркем әдебиет, көркем өнер мәселелері жедел көтерілді. Бұған дейін жалғыз ғана драма театрымен отырсақ, бұл жылдарда барлық облыстарымызда қазақ театрлары құрылып қалды, болашақ опера-балет театрының іргесі көтеріді. Халық ақындары, халық музыкасы бар байлығымен санатқа қосылды. Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Ықыластар келді. Жәкең келді. береке кірді.

Бұған дейін бытырап-шашырап, өз берекетін өзі кетіріп келген қазақ совет көркем әдебиеті де осы жылдарда басы бірігіп, жалпы совет әдебиетінің үлкен бір өнімді тобы екенін көрсетіп қалды. Сол кезде-ақ Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов сияқты жазушыларымызды қай елдің болса да мәндай алды жазушыларымен салыстыруға болатын еді. Бұлармен өкшелесе Асқар Тоқмағамбетов, Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібаев, Ғали Орманов сияқты болашақ ірі ақындарымыз да тақап келе жатқан. Бұған дейін әрі тарт, бері тартқа түсіп жүрген Абай мен Сұлтанмахмұт та осы кезден бастап әдебиетіміздің төрінен өз орындарын алды. Осындай өзімізді өзіміз тануға жеткен дәуірде 1934 жылы барлық көркем өнерімізге лениндік партия бағытын сілтеп отыру арманымен «Қазақ әдебиеті» газеті туды.

Енді еске түседі — Сәкен, Бейімбет, Ілияс төртеуіміз Мирзоянға кірдік. Бізді бастап әкелген — Крайкомның үгіт-насихат бөлімін басқаратын Жанайдар Садуақасов Л. И. Мирзоян біздің өтінішімізді зер сала тындап алды да:

— Қазақ жазушылары, сіздер өте сыпайы болсаңыздар керек. Әйтпесе әдебиет газетін шығаратын кездеріңіз әлдекашан өтіп кетпес еді. Мен «Қазақстан» деген атпен екі том болып орыс тілінде шыққан еңбектеріңізбен түгел таныстым. Қазақ жазушылары Отанымызда болып жатқан ұлы өзгерістердің бірінен де шет қалмапсыздар. Аударманың аты аударма ғой, солай бола тұрса да үлкен шеберлер бары танылады,— деп, аға буын жазушыларына жымия қарай отырып Ораз Исаевқа телефон соқты (Совнарком председателі Ораз Исаев Крайком бюросының да председателі болатын).

— Ораз Исаевич, менде жазушылар отыр еді. Уақыты болса келіп кетсең қайтер?

Ораз келген соң біздің өтінішімізді Мирзоян жолдас өз айтып берді оған. Ораз да ондай игі жұмысқа елгезек қарайтын, мәдениет істеріне өте бейім адам еді. Сол жерде ұзамай әдебиет газетін шығаратын болып қайттық. Бұл біз үшін үлкен мейрам күні болды.

Біраз уақыт әдебиет газетіне жауапты редактор табуға кетті. Біздің ішімізде нағыз журналист Би-ағаң болатын. Ол қашанғы әдеті бойынша басқару жұмысына жолағысы келмеді. Сәбит оқуда. Аяқтап келгенде мен жегілетін болдым. Редколлегияға Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ілияс Қабылов, Әйтке Мусин, Мұхамеджан Қаратаев және мен кірдім. Талапты жас әдебиетші Мұхамеджан жауапты хатшы, мен редактор болып тағайындалдым.

Содан бері міне, 36 жыл өтті. Соғыс салдарынан 15 жылдай тоқтап қалған газетіміз бүгін Мыңыншы санын шығарып отыр.

Мәдениет майданында елеулі мейрам ретінде ескерерлік сандардың бірі — мың болу керек. Мыңыншы кітап, мыңыншы мектеп, мыңыншы инженер, мыңыншы спектакль деген атаусыз қалмау керек. Өйткені, оның ар жағында «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар!» дейтін дана бір нақылымыз тұр.

«Қазақ әдебиеті» газеті аса жауапты міндеттер атқарып келді. Партия баспасөзіне жүктелетін ауыр міндеттерді ұмытқан жоқ. Кейде әрі түсіп, кейде бері түсіп отыратын мінездері болғанымен, партиялық сара бағыттан ауытқып сөз естіген кезі болған жоқ. Әдебиетіміздің бүгінгі жас қайраткерлері ең алдымен «Қазақ әдебиетінің» елегінен өтіп өскендері даусыз. Қазақстанның кең шиырына совет мәдениетінің өскелең талаптарын таратып отыратын газеттердің бірі де осы. Өзінің бірінші санынан бастап орыс халқының атақты классиктерімен қатар, Горький бастаған осы күнгі жазушыларын, дүниелік классикамен бірге туысқан совет елдерінің әдебиеттерін қазақ халқына жеткізуде «Қазақ әдебиеті» ерекше орын алады.

Ғасырлар бойында шашылып-төгіліп қала берген көркем мұраларымызды жинауда «Қазақ әдебиетінің» орны ерекше болып келді. Көп жылдар бойы ескі әдебиет мұрасын зерттеушілеріміз Бұқар жыраудан әрі асыра алмай келсе, қазір он бесінші ғасырға бойлап бара жатырмыз. Сол екі арадағы үзіктерді жалғауда «Қазақ әдебиетінің» елеулі еңбегі бар. «Қазақ әдебиеті» газетіне кең мағынасындағы көркем өнер, театр, кино, музыка, сурет қайраткерлерінің айтар алғысы да аз болмау керек.

Отыз алты жыл бойында әдебиетімізбен, мәдениетімізбен өмірлес, үндес өсіп келе жатқан газетіміздің, барлық игілікті еңбектерін тізе беру орынды да бола бермес.

Әдебиетке қойылар талап-талғам өскен кезімізде бізде әдеби айтыстар, салмақты түрде пікір алысулар сұйылып кетті. Сын мақалалары теориялық таяздығынан, я болмаса көріне көзге ыңғайластық тұрғысынан жазылғандықтан пікір алысуға шақырмайды, аяқсыз қала береді. Шығарма жөнінде арнаулы пікір алысулар жазушылар ұйымының дәстүрінен біржола шығып барады. Әдебиет сыншылары көбінесе бірыңғай зерттеу жұмысына ойысыңқырап кетті. Идеологиялық күрес шиеленіскен дәуірде біз жат тілектерге жем бермеуіміз керек. Партиялық көзқараста шығарманың идеялық мазмұны мен көркемдігін теңбе-тең ұстап баға беріледі. Көркем әдебиет деген көркем жасалғанда ғана атын ақтай алады. Бұл пікір қашаннан бері айтылып, қанша қайталанып келе жатса да, іс жүзінде бадырайып тұрған қайшылықтар көп кездеседі.

Бізде қаламы қолдан түспеген аз ғана топ аға буын, толыққанды орта буын, тез есейіп келе жатқан жастар бар. Жазушылар ұйымы мен әдебиет газеті пайдалана білсе оқымысты сыншыларымыз да жеткілікті, ескі «сойып салма» сынасудың кінәраттары жұқпаған жас сыншыларымыз да жедел өсіп келеді. М. Қаратаев, Т. Нұртазин, С. Қирабаев, М. Базарбаев,— бәрі де ғалым сыншылар, нар жүгін көтеретін белді, беделді сыншылар. Бұлармен өкшелес Хасен Әдібаев, Әбіраш Жәмішев, Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбаев, Асқар Сүлейменов, Рымғали Нұрғалиев, Зейнолла Серікқалиев сияқты жас сыншыларымызда мол жігер, шығарма өзегіне терең бойлар, ой, табиғаты таза мол талғам барын көреміз. Тек бұларды жасқандырмай, шеттетпей еркелетіп ұстай білуіміз керек.

Қалайда шығарма туралы пікір алысу жаңа сатыға көтерілуге тиісті. Жазушылар ұйымында қолжазбаны талқылаудан бастап, басылып шыққан кітап туралы кең түрде пікір алысу әдетке айналса әдебиетіміз де ұтар еді, жазушыларымыз да ұтар еді.

Елеулі еңбектер жайында, бірді-екілі повестер, жинақтар беріп тастаған жас жазушылардың еңбектері жөнінде кейде сипап-сылауы көп, кейде баяғы қара жұдырықтың қалдығын аңғартатын кесім айтқан рецензиялар кездеседі. Бұл пікір алысу емес, әрине.

«Қазақ әдебиеті» газеті бұл уақытқа дейін көркем туындыны басқаратын ұйымдардың бәріне де ортақ болып келді. Ал енді шынына келсек, архитектура, музыка, сурет, опера-балет, кино өнерлерінің айтар өкпесі де аз емес. Мысалы, атақты Әліби Жанкелдин жорығын көрсетуге арналған «Мың шақырым», әлденеге арналғанын түсінуге де болмайтын «Көгілдер сапар» кинофильмдері, менің «Этнографиялық әңгімем» бойынша жасалған телефильм экранға шығуға қақысы жоқ, өлі бұйымдар. Біздің «Қазақфильмнің» соңғы кезде

жасаған фильмдері бір рет шын қуантқан емес. Кейде ұсақ тақырыптарға ұрына беретініне ренжіп те қаласың. Кейде үлкен таланттарымыз ұсақ-ұланға көп ұрынып қалады. «Қазақ әдебиеті» газеті мұндай жағдайларға мән бермеуге тиіс емес. Ең болмаса сөзді Бүйенбайға беру керек.

Қазіргі кезде біздің әдебиет ондаған кітаптарымен бүкіл совет елдерін, одан әрі шет елдерді аралап кетті. Қазақ әні де сондай. Оның аты дүниелік жарыстарға араласа бастадық деген сөз болады.

Осыған орай «Қазақ әдебиеті» газетіне көркем туындыға қойылар талапты күшейте беруді тілеймін.

«Қазақ әдебиеті» алғаш дүниеге келген кезде оқушы көпшіліктің мәдени дәрежесі бүгінгідей жоғары емес-ті. Қазіргі қауым ол емес, таңдап-талғап оқиды, сынай отырып оқиды.

Заңды түрде сатылап келіп, газетіміз бүгін жастардың қолына тиді. Өз уақытының, өз тұстарының талап-тілектеріне орай, «Қазақ әдебиеті» газетін жаңа биіктерден күтеміз деген үміт-тілегіміз бар.

Ұлы қамқорлық жемісі

Біз енді екі аптадан кейін туған республикамыздың дүниеге келген күнін, Совет Одағындағы барлық ұлттар мен халықтардың социалистік ынтымағы салтанат құрған ғажайып шеруінде тамаша тұрмыс құрған Қазақстанның жарты ғасырлық мүшелді жасын тойлағалы отырмыз.

Терезесі тең, еркін Қазақстанның граниттен сомдап құйылған мызғымас ірге тасы 1926 жылдың 26 августындағы тарихи декретпен бекем бекітілген болатын. Бұл декретке адамзат қоғамының, демек бүкіл әлемнің ұлы жаңартушысы В. И. Ленин қол қойған еді.

Ғасырлар бойы озық ойдың қиядағы қиялы болып келген «Елу жылда ел жаңа» дейтін қазақ мақалы тарихта тұңғыш рет осылай арманнан ақиқат шындыққа айналды. Қазіргі кезде Советтік Қазақстанның елу жыл бойғы жасампаз еңбегінің зор өзгерістері мен табыстары — Лениндік дәуірге тән шын мәнісіндегі қарышты қадамның нақпа-нақ нәтижесі. Біздің бұл жаңарып, жасаруымыз, қол жеткен жеңістеріміз ғасырымыздың, жалпы адамзаттың прогресшіл бағыттағы даму тарихымен аяқты тең басып отыр. Бұл қарышты қадам — материалдық және рухани мәдениетімізді еркін де, бейбіт жолмен, қауырт та қызу қимылмен көркейтіп, гүлдентуіміздің айғағы дерлік — асқақ күш. Біздің бәріміз де халқымыздың, қоғамымыздың және әрбір адамның рухани күш-қуаты таң-

ғажайып дәрежеде биікке көтерілгеніне сондай-ақ капиталистік дүниеде ұлттардың қоғамның және жеке адамның азғындап, тозып бара жатқандығы туралы. адамды техниканың жұтып қойғаны туралы, механизмнің қосалқы тегіне айналған адам туралы жылаймандаған, етегі жасқа тола еңіреген зарлы үндер тынбай естіліп отырғанына куәміз.

Бізде бұрын Самарқант та, Ереван да, Киев те , Москва мен Петроград та болмаған еді. Яғни, бізде материалдық және рухани мәдениеттің үлкен орталықтары мен қазыналары жоқтын-ды.

Міне, сондықтан да қырық құрау тайпалар мен рулардың ен далада үдере көшіп-қонған қазақ халқына біріккеннен бергі кезде өткен талай ғасырлар бойы тірнектеп жиналған игілік пен Ұлы Октябрьден кейінгі уақыттағы жарты ғасыр ішінде ғана жасалған қуатты да мол материалдық рухани қазынаны бір-бірімен салыстырудың ешбір қисын-қызығы жоқ та.

Біздің бұрынғы тарихымыз кең байтақ қазақ жерінде көсіле шапқан ат тұяғымен ғана жазылған еді де, оның бүкіл мән-мазмұнын Поэзия мен Музыка аталатын егіз туған апалысіңлілі ағайындылар кейінгі ұрпақтар үшін аса бір ұқыптылықпен ыждағаттап сақтап келген-ді.

Әдебиет пен өнердің тарихи ролі дейтініміздің өзі де міне осында. Қоғам мен адамдар өміріндегі нелер мәнді құбылыстар, сондай-ақ қаншама қасірет-қайғылы жәйттер осынау рухани байлықтар елегінде айрықша ыждағаттылықпен және қатал сыншылдықпен сұрыпталып, таразыға түсіп, содан соң сары алтындай сақталып қалады.

Менің кең байтақ қазақ жері деген сөзімнің мәні XX ғасыр аяқталып, XXI ғасыр басталуға таянған кезде әркімге-ақ түсінікті болса керек. Өйткені, ол кезде Жер-ана қазіргідей 3.5 миллиард адам емес, 7—8 миллиард адамды асырауға тиіс болады.

Әрине, қазақ халқының шын мағынасындағы рухани жаңаруы Октябрь революциясының от-жалынында басталды. Еңбекқор қазақ халқы пролетариат революциясының идеяларын бүкіл жан-тәнімен қабылдауға өзінің қабілетті ел екенін танытты. Бұрынғы Россия империясының қиян батысы мен киыр шығысындағы ең шет шекараларына дейінгі аралықты шарпыған революция майдандарында қазақ халқының жүздеген белгілі, мыңдаған белгісіз ұлдары тізеден саз, толарсақтан қан кешіп, жаңа өмір үшін шайқасты.

Міне, осынау революция толқынында алғашқы өлеңдер мен әндер, әңгімелер мен пьесалар дүниеге келді. Бұлар жаңа сипатты қазақ әдебиеті мен мәдениетінің алдағы талай он жылдарға бет алған идеялық бағыт-бағдарын айқындай туған шығармалар болып еді.

Абайдың «орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті» дейтін ғаһлия сөзінің түпсіз тұнық мағынасы революциядан кейін ғана айқын ұғымды болып отыр. Біздің орыс классикасымен және революцияшыл әдебиетпен, мәдениетпен бұлар арқылы бүкіл дүние жүзінің прогресшіл рухани байлығымен кең түрде танысып, ауыс-түйіс жасай бастауымыз тек революциядан бергі кезде ғана жүзеге асты. Міне, осындай аса маңызды жағдай біздің, қазақ әдебиеті мен мәдениеті қайраткерлерінің әлемдік прогрестің сан ғасырлық тәжірибесін неғұрлым тез игеруімізге және бұл үшін барынша төте жол табуымызға көмектесті...

Қоғамдық тұрмыс-аренасына әуелі әдебиет, журналистика мен музыка шықты да, содан кейін арада белгілі бір уақыт өткенде идеология майданының үлкен армиясын жасақтайтын театр өнері, кино, сурет, мүсін және архитектура өнерлері туып өркен жайды.

Қазір осы өнер салаларының бәр-бәрінің де қайраткерлері өз арасынан айтулы шеберлерді — Совет Одағының және Қазақстанның халық артистерін, Лениндік және СССР Мемлекеттік сыйлықтарының, республикалық сыйлықтардың лауреаттарын, сондай-ақ бірқатар шет елдер лауреаттарын баулып өсіріп, шындап шығарып отыр.

Мұнда біздің арамыздан тым ертерек кеткен М. О. Әуезовтің өзгеше орны бар екенін қайталап атап айтқым келеді. Ол тек әдебиеттің ғана емес, сонымен бірге өнердің де әр алуан жанрларымен түрлеріне бірінші болып қадам басып, жол салған еді. Бөтен емес, бөгде емес, тек сол ғана бізді өзінің жетегіне алып, шығармаларымыздың идеялық-көркемдік құны жоғары болуын, яғни шеберлікті шындай түсуімізді үнемі қатты талап етуші еді.

Біздің әдебиетіміз бен өнеріміздегі тағы бір қуанарлық құбылысты айрықша атап көрсеткім келеді. Бұл құбылыс — біздің аға буынымыздың баяу қартайып, соншалық өнімді еңбек етіп келе жатқаны, ал жас буынымыздың бұдан ширек ғасыр бұрынғы уақыттағыдан гөрі айтарлықтай пісіп жетіліп, толысқаны дер едім. Менің ойымша, мұның екеуі де бірдей қуанарлық та, қадірлейтін де нәрселер.

Әдебиетте де, өнерде де соғыстан кейін қосылған жас күш қазіргі кезде біздің барлық творчестволық ұйымдарымызда негізгі ұйтқы болып отыр ғой деймін. Бұл жас күштердің шығармалары тек біздің республикамызда ғана емес, бүкіл Совет Одағына және одан тыс жерлерге де танымал.

Короленконың алғашқы екі елеусіз әңгімесін оқығаннан кейін-ақ А. П. Чехов өзінің осы жазушымен бір сапта қатар жүруін ғана емес, тіпті соған ілесіп отырғанының өзін үлкен бақыт санаймын, деп айтқан екен. Сол сияқты мен бір топ жас прозашы жазушылардың кейінгі кітаптарын оқығанда

Чеховтың Короленко туралы әлгі сөзін солардың бірқатарына сол күйі қайталап айтуға да дайынмын дегім келеді. Осы жазушылардың алғашқы шығармаларының өзінен-ақ кәнігі ұсталық, психологиялық терендікке машықтық, құбылысты сонша лық жетік те көркем талдап, түйіндей білу шеберлігі апайқын бой көрсетіп тұрғандай сезіледі.

Қазақстанда, халықтардың құрамы жағынан неғұрлым интернационалды республикада, бізбен орыс, украин, ұйғыр, корей және Совет Одағындағы басқа да халықтар әдебиеті мен өнерінің бір топ айтулы өкілдері жұмыс істейді. Менің әлгінде айтқан пікірімнің қай-қайсысы да осыларға түгелдей қатысты.

Ал бұл жағдай біздің өзара үнемі тәжірибе ауысып отыруымызға, ең бастысы, творчестволық өнер сайысына түсуімізге барынша қолайлы мүмкіндіктер туғызады. Кім де кім өзінің шеберлігін арттыру бағытында алдына биік мақсат қоятын болса, ол өзінің әкесімен ғана, немесе бірге туған бауырымен ғана үзеңгі теңесіп жүре беруді қанағат тұта алмайды.

Міне, осының бәрі Қазақстанның әбден кемеліне келген әдебиеті мен өнері жайында сөз қозғалып отырғанына толық айғақ болса керек-ті.

Осындай толысқан шағымызда қабырғамыз қайыспай көтере алатын жаңа міндеттердің де алға тартылары заңды.

Әдебиет пен өнерде шеберлік жетілдірудің шет-шегі болмайтыны баршаға аян. Олай болса, біздің шығармаларымыздың идеялық-көркемдік дәрежесін белгілейтін өлшемдік үлгіміз, оған қоятын бағамыз әлде қашан-ақ көнергені заңды ғой деп ойлаймын. Шығармаларымызға, сынға, бар мәселені кеңесіп, бірлесіп шешуге, әсіресе, одақтардың творчестволық жұмысына қойылатын талаптар дәрежесін барынша жоғары көтере түсуіміз қажет. «Критика и самокритика» дейтін партиялық формуланың «самокритика» деген сөзі қазақша «өзара сын» делініп, яғни «критика между собой» болып бізде дұрыс аударылмай жүр. Біз, творчество адамдары, «сын және өзара сын» делінетін белгілі партиялық ереженің түпкі мәніне әрдайым тиісінше мән бере бермейміз, көбіне ертерек жылдар дәрежесінде жұмыс істейміз.

Мәселен, республика мерекесі алдында, облыстарды былай қойғанда, астаналық театрлардың бір де бірі біздің бүгінгіміз туралы, замандастарымыз жайында, еңбектегі табыстарымыз жөнінде ешқандай жаңа спектакль дайындай алмаса, мақтана қоярлық не бар? Дәл осы пікірді, тіпті бұдан да гөрі қатаңырақ пікірді, өнердің ылдым-жылдым ақ мылтық түрі — кино жөнінде де айтуға болады. Ал енді осының қай-қайсысында болса да кінәнің ауыр салмағы бізге, драматургтерге және жұртты дер кезінде спектакль іскерлікпен жұмылдыра

білмеген жазушылар мен кино қызметкерлері одақтарына түседі.

Бүгінгі біріккен пленумда творчестволық одақтардың басшылары өздерінің жетістіктері жайында, сондай-ақ қазір олардың көкейін тесіп, көңілінде жүрген міндеттер мен проблемалар туралы да егжей-тегжейлі айтады ғой деп ойлаймын.

Жолдастар!

Қазақстанның творчестволық одақтарының бүгінгі біріккен пленумы республиканың салтанатты мерекесі қарсаңында ғана емес, сонымен бірге ҚПСС XXIV съезі алдында өткізіліп отыр.

Бүкіл совет халқы партия съезін еңбектегі жаңа да қарқынды өрлеумен қарсы алу қамына кіріскен. Социалистік жарыс туы бұрынғыдан да биік көтеріле түсіп отыр. Қазақстан ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібінің, мәдениетінің қызметкерлері партия съезін жаңа табыстармен қарсы алатынына сөз жоқ.

Біздің одақтастарымыздың, жеке жазушылар мен өнер қайраткерлерінің творчестволық жоспарлары маған да, сондай-ақ осында отырған сіздерге де бұрыннан мәлім болар, бірақ бізге әзірше сол жоспарлардың орындалу нәтижелері белгісіз. Біздің даңқты замандастарымыз туралы, елімізге көмір мен мұнайды, металл мен нанды, тағы да басқа өнімдерді еселеп беріп жатқан адамдар туралы көркемдігі жоғары шығармалар тудыру, яғни өмірге қоян-қолтық, қызу араласу,— міне, творчество адамдарының қазірде де айрықша көңіл бөліп отырған нысана-мұраттары осы болмаққа керек.

Әйткенмен, Қазақстанның қазіргі ерлік еңбек өмірін алдағы съезге тікелей әзірлік рухында бейнелеуде олқылықтар да бар. Бұл олқылықтар орнын белгілі бір мөлшерде көркем әңгімелермен, очерктермен, фото очерктермен және публицистикамен толықтыруға болар еді. Съезге дейін қалған уақытта жазушылар мен мәдениет қайраткерлерінің жергілікті жерлерге арнаулы мақсатпен сапар шегуі ұйымдастырылуға тиіс, сөйтіп олардың бұл сапарларының қандай түрі болса да туған республикамыздың еңбек тынысын барынша кең қамтып көрсетуге бағытталуы қажет.

ҚПСС XXIV съезіне әзірлік жөнінде белгіленіп отырған нақты шаралары туралы осы пленумда творчестволық одақтардың басшылары бізге баяндап берер деген үміттемін.

Асқындырып алмайық, достар!

Ағаштың түбіне түскен құрт өрмелеп, жылжып басына да шыға алады. Басына түскен құрт түбіне де түсе алады. Бұл — тіршіліктің қай саласында болса да кездесе беретін, кезінде ескеретін таныс жай. Кезінде ескерілмесе, дәріленбесе, ұшықталмаса, кейін сол құрт сол ағаштың жемісінен шыға келеді. Бұл даусыз!

Осы әлпеттес, ескерер кезі әбден жеткен ауыртпалықтар әдебиетіміздің әр саласында да тым жиі кездесіп жүр. Газет, журналдарымызда жарияланып жүрген, кейде тіпті оқу құралдарына «таңдап кіргізген» шығармаларға аузың тұшымайды: ой сезімі таяз, көркемдігі алабажақ, ойландырмайтын, сендіре алмайтын, қызықтырмайтын, әшейін ыза қылатын жасанды нәрселер етек алып барады. Мұндай дүниелер оқушылар тарапынан қандай наразылық туғызып жүргенін ескермей келеміз. Бұл бетімізбен кете берсек, әдебиетімізді қалай сүйреп бара жатқанымызға жаны ашымастың өзі болып шығатынымыз да даусыз.

Қазақ әдебиеті қазір талап-талғам туын жоғарырақ апарып шаншатын дәуірде. Отан шегінен тыс елдерге танылған прозасы, поэзиясы бар әдебиет өзін-өзі дүниелік жарыстамын деп білетін кезі болады. Қазір біздің кітап оқушыларымыз орыс әдебиеті мен орыс тілі арқылы бүкіл дүние әдебиетімен, барлық Совет елдері әдебиеттерімен таныс. Таныс қана емес, сол әдебиеттердің бәрі де оқушының күнбе-күнгі рухани қорегіне айналды. Осындай жағдайға көркем әдебиет деп аталатын асыл қазынамызға жауапсыздық, талғамсыздық араласуы — үлкен өкініш.

Әуелі соңғы айларда газет-журналдарда басылған өлеңдерден біраз мысалдар келтірейік. Бір ақынның «Жан көкем» деген өлеңінде мынандай жолдар бар:

— Жал құйрығын түйдіріп жүйріктің,
Жүрексінсем сақадай үйіріп тым..

Мұны көркемдік жағынан да, мазмұны жағынан да поэзия үйіріне қосуға болмаса керек. Үш буынды сөз бен төрт буынды сөз он бір буынды қара өленде ұйқаса алмайды: «Жүйріктің», «үйіріп тым». «Жүрексінем сақадай үйіріп тым» дегені — сын айтуға болмайтын дөрекілік.

Екінші бір ақында мынадай жолдар бар:

— Қазабат кезде қайсарлық рух танытқан.
Теңіздер тектес ұл өседі екен-ау жақта бұл!

«Қазабат» дегені «ғазауат» болар. «Ғазауат»— дін атымен көтерілген қозғалыс ұраны. Қазақ халқы дін атымен көтеріл-

ген қозғалысқа қатынасқан емес. Сондықтан ақын пайдаланған «қазабат» біздің тілімізге де кірген емес. Поэзия жасанды түсініктермен байымайды. Екінші, онсыз да бұлдыр-буалдыр жолдарға «жақта бұл!» деп инверсия кіргізуі орынсыз. Онсыз да сүрініп-қабынып, ақын ойын әрең түсініп келе жатқанда «жақта бұлға» жеткенде құдыққа құлап кеткендей боласың.

Екінші, бұл өлең «сөйлеп айтатын» түрдің нормасында жазылған. Бұл түрді алған екенсің, оның өзіне тән пластикалық толқындауы бар. Дыбыс спекторын да қалай болса солай қолдануға болмайды. Ішкі ырғақ еріксіз айдап әкеліп, салмақты түйінді ойына түсіріп отыруға тиісті. Мұны ұмытпау керек. Мүмкін, жете білу керек, сезіне білу керек десек те қате десек те қате бола бермес.

Үшінші бір ақын «Желдірме» деген өлеңінде жастарға баяғының қара надан молдасынша сын айтады:

Шалбар киді кей қыздар
Балақтарын тылтитып.
Құйрығындай ешкінің
Шашын кесті шұнтитып.
Ресторанда билеп жүр,
Мықындарын бұлтитып...

Әйтеуір, арзан ұйқас қуалаған ақынның аузына мұның ар жағында сымпитып, жымпитып, жыртитып деген ұйқастар жатқаны қалай түспегеніне таң қаласың!

Ақын қазақ қыздарына шалбар кимеңдер, шаштарыңды кестірмеңдер, билемеңдер дейді. Жастар тіршілігінде сынайтын мінездер жоқ емес. Ішімдігі бар, басқасы бар, өмірді ерте «қызықтап», кеш өкініп қалатын, жастық балғындығынан ерте айрылып, ерте қасаңсып қалатын жастар кездесетіні рас. Ал, мына сын — жаңалық біткенге қарсы кертартпа сарыны.

Төртінші бір ақын «Анам» деген өлеңінде былай депті.

Ұл-қызы, үйлі баран...
Алшақтады...
Ол болса оң бейілін мол сақтады...

Ақынның осынша қиналғанда айтайын дегені — оп-оңай-ақ нәрселер: «ана ұл-қыз өсірген ақ бейіл адам еді». Осыны айту үшін әдейі күшенбесең, күшенетін жер емес. Мұндағы «ол»— ана. Біздің тілде «ол» деп, орнына қарай, еркекке де, әйелге де айтылады. Ақын бұл жерде орнын таппай қолданған.

Жақын арада инженер А. Т. жолдастың үйінде болдық. Баласы М. математик, қазақша білмейді, әрине. Шаштаразға кеткен келіншегі келгенше бала тынышсызданып, шешесі мен жеңгесіне қарап: «Галә қайда жүр, неге кешікті?»— деп сұрай берді. Екі-үш рет сұрағаннан кейін жеңгесі қалжыңдап:

— Галәдан басқа сөзің жоқ па сенің? Қайда кетуші еді ол!— деді қазақша!

— А, что! Мен олды коп-коп соз қыламын!— деді жігіт.

Сөз қыламын деуге тілі келмейді. Жеңгесі сөз аяғын ол деп бітірген соң, жігіт соның ыңғайымен «болды» деп тұр. Күлдік те қойдық, кешірімпаз әдетіміз бойынша кешірдік... Тек қана жігіттің шешесі күрсініп қойды. Ал енді, ақынға мұндайды кешіруге болмайды.

Бесінші бір ересек ақынды «Қазақ әдебиеті»— газетінде Мұзафар мен Мұқағали дұрыс сынға алды. Бұл ақынның «Дастарқан жыры» деген өлеңінде таң қаларлық өрескел жолдар бар:

— Ақ шампандай бұрқылдаған бал қымыз,—
Сәйгүлікті сауып ішкен жандардан...
Бұл дастарқан бейнеті ғой нелердің...
Дастарқанда қара қойдың басы алда...
Мандай тері төгілген сан тосанда...

— Қайран біздің бабалар сан жасанған...— деген жолдары өлең әулетінің біреуіне жанаспайды. Мұқағали дұрыс сынаған: «Өлеңнің өн бойында поэзия көркі пәс!» Әбдікәрім Ахметов сияқты естияр ақынымыздың мұндай өлең жазғаны қатты қынжылтады. Бұл — Мұзафар айтқандай, «ала бөтен ақауы жоқ» өлең емес, төрт аяғынан түгел ақсап жатқан өлең.

Осы келтірілген өлең жолдарынан нені көреміз? Поэзиямыздың әр жеріне құрт түскенін көреміз. Мен бұл өлеңдерді биыл шыққан газет-журналдардан әдейі теріп алғаным жоқ, тым көп болғандықтан қармақсыз қолға өздері іліне кетті. Молайып барады екен. Жаны ашыр сыншы болса, қимылдар көзін өткізіп алмас деп сенемін. Тек, көтермешінің даурықпасы емес, сипалақ сын емес, өресі жеткенше білімді қатал болса да барынша әділ сын болсын.

Енді, енеміз бір емшектес прозадан бірер мысал келтірейік. Жақында «Қазақ әдебиетінде» Ә. Нілібаевтың «Бұлбұл» деген новелласы басылды. Новелла қазақтың атақты әнші қыздары Күләш пен Бибігүлге арналған.

«Алтайдың асқарынан құлай аққан күміс толқынды асау бұлақтың жасыл жағасы. Балғын жапырақты боз тал мен жасыл желек жамылған ақ қайың, айналасына бұтақ жайған биік бәйтерек пен жамырай өскен жас құрақ еркелей ескен самал желдің лебімен үкідей үлбірей қозғалып, баяу ырғала билеп тұрғандай. Үстіндегі ақ жібек көйлегі сұлу сусылдап самал желге желбіреген жас қыз енді ғана өсіп келе жатқан жіңішке де қысқа бұрымын қос қолдай ұстап, осынау көркем көрініске қызыға қарап ұзақ тұрған еді. Келесі сәтте жас қыз елең етіп, бір әсем әуенді тыңдай қалды. Не деген ғажап үн!..»

Ән салған бұлбұл. Тыңдап тұрған Бибігүл. Осылай барынша жоғары алынған сарында жас қыз әнмен «оңаша сұхбаттасып» тұр... Серуенге бірге шыққан ауыл қыздарынан бөлініп қалған...

«Ақ таңның алтын сәулесі Алатаудың тәкаббар шыңдарына иек артып, айналаны асыл нұрымен жайнатып жіберген. Көшені бойлап өскен самал көк жібек көйлегін көлбеңдете желпіп, үлбіреген алма бетін аймалай еркелейді. Күләш болса, қарақат көзі күлімдеп іштей рахаттана күбірлеп, Алатаудың қаусар самалын кеуде кере жұтып, баяу адымдай түседі».

Бұл Күләш... Іздену үстіндегі, әлденені таба алмай жүрген бір кезеңі.

«Күләш орнынан тұрды да жасыл шалғынды тіземен кешіп бақ ішін тағы аралап кетті. Әнші де творчество адамы. Ең алдымен әнші өз Отанының азаматы...»

«Күләш тағы орнынан тұрды. **Екі қолын артына салып әрлі-берлі жүрді.** Салқын самал бәйтеректің жасыл жапырағын баяу қозғап сұлу сусыл естіледі. **Ол түрегеп жүрген қалпы** тағы да ойға шомды».

Осы арада бір уһ!» деп алмасқа амал жоқ. Тым сұлу, жөнсіз сұлу... Татып көрмеген тәттіміз.

Бұдан кейін Күләш Хамидиге Алябиевтің «Бұлбұлынан» кем түспейтін «Бұлбұл» әнін жазып беруді өтінеді, Хамиди жазады, Күләш орындайды.

«Үлпілдек самалмен жеңіл желпінген асау Ертістің «ойыны» сезімін сергіткен Бибігүл қолын судан алмай ұзақ ойнаған» күні радиоқабылдауыш арқылы Күләш салған «Бұлбұл» әнін естиді. Ынтызарлығы сонша, көшенің ортасында тұрып тыңдап қалған. Бір ақсақал адам:— Балам, жолдан былай тұрсаңшы, арба қағып кете жаздады ғой!» дегенде ғана жас қыз қай жерде тұрып қалғанын аңғарған.

«Апырмау, қанша жыл сарыла іздеген жоғы енді ойламаған жерде, көшеде кездескені ме?»

Сонымен әңгіме түйіні «Күләш «Бұлбұл» әнін аялап өтсе, Бибігүл мәпелеп келеді...»

Автордың өз сөздерін осынша ұзақ келтіргеніміз ырзалықтан емес, наразылықтан екені танылған болар. Онымыздың бірнеше себебі бар:

Бірінші, алған тақырыбыңның ішкі сырын ашудың орнына үлпілдеген, үлбіреген табиғат сипатына сонша көп орын беруге болмайды. Оның үстіне мұндағы Алтай мен Алатау сипаттамалары біріне-бірі ұқсас. Жасыл жапырақ, самал жел, тағы тағылары әнші қыздардың бейнелерін жауып кеткен. Және ылғи бірыңғай тәтті сөздермен берілген. Орыс әдебиетінің есейген кезінде айтылған «Айналайын, тым сұлу сөйлемеңізші!» деген сөз бар. Біздің жас авторға да осыны айтқан жөн болар.

Оның үстіне тал, қайың, бәйтерек, жасыл құрақ, бәрі бір жерге өсе бермейді. Алтай мен Алатау табиғаты да біріне-бірі ұқсас емес. Жасыл жапырақ, самал жел қайда болса да бар екені рас, бірақ, өзіндік айырмасы да болмақ.

Екінші, «қолын суға малып ойнап жүрген жас қыз»: «Апырау қанша жыл сарыла іздеген жоғы көшеде кездескені ме?»— деп ойлайды. Жас қыз не себептен бірден «Бұлбұл» әніне құмартады. Не үшін «Бұлбұл» әні «қанша жыл сарыла іздеген жоғы» болмақ? Қанша жыл бір әнді сарыла іздесе, ол қыз — қолын суға малып ойнамасқа керек.

Күләш не үшін жасыл **шалғынды тізеден кешіп, екі** қолын **артына салып жүр?** Жас әйелдің екі қолын артына салып жүргенін кім көрген?

Көркем әдебиетке болсын, көркемөнерге болсын, ешкім ортадан ойып түспейді. Өсу жолының баспалдақтары бар. Біз білетін Күләш пен Бибігүл де сол баспалдақтармен көтерілді. Әнші қыздардың екеуінің де «Бұлбұл» әніне ынтызар болуы сендіре ала ма? Жоқ, әрине.

Ал, осы екі әнші қыздың әнге құмартудан басқа мінездері, жаны барлығы, тәні барлығы аңғарыла ма? Аңғарылмайды.

Асанқайғы дұрыс айтқан:

— Таза мінсіз асыл тас
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқытса шығады.

Жазуға талаптанудың көркем өнерге талаптанудың ой түбінде жатқан арманы қоғам тіршілігінің қозғауымен оянады. Күләш та, Бибігүл де «Бұлбұл» әніне құмартудан бұрын талай баспалдақтардан өтті, олардың жолына да жібек кілем төсеулі болмайтын. Қиналған, қуанған, сүрінген, жеңген кездері бар. Творчество адамдарының қуанғаннан жылар кезі, назаланғаннан күлер кезі болады. Сондай кездерде олар қандай екен?..

Күләш пен Бибігүл — көркемөнердің атақты адамдары, үлкен қайраткерлері. Олардың өмірбаяндарын азғантайға сайып, арзан танамоншақпен жылтырата салуға болмайды.

Соңғы айтарым: осы «Бұлбұл» новелла ма, очерк пе? Толық мағынасында екеуі де емес. Көркем әдебиетке қосылатын новелланың өз логикасы, өз кілті бар. Өз түйіндеуі мен өзіндік шешімі бар. Ал очерк деуге тым жалаңаш, азды-көпті мазмұнын желбуаз сөздер көміп кеткен.

Тағы бір прозалық әңгіме туралы пікір айтқым келеді. Ән-

гіме аты —«Бой тұмар», авторы — Аян Нысаналин («Мәдениет және тұрмыс», 1971 жылы, май номері).

Шығарманы қай жағынан қандай әдіспен талдауды ең алдымен сол шығарманың өзі нұсқап тұрады. Мен де «Бой тұмарды» өзі нұсқап тұрған әдіспен тексергім келеді.

Ең алдымен құрылыс материалдарын, одан кейін құрылыстың өзін, ең соңында ие болып шыққан нәтижені айтпақпын. Әңгіменің құрылыс материалдары мынадай:

1. Ауылына келген жас жігіт — Елдостың елін-жерін сағынышы —35 жол.

2. Әке мен баланың қысқа ғана отырысы — 32 жол.

3. Елдосты бала кезінде әкесінің бүркіт балапанын ұстауға апарғаны, жолшыбай атақты бір бүркіт әңгімесін айтқаны —75 жол.

4. «Тоғыз құмалақ» үстінде Елдостың космосқа ұшатын болғанын ашу —25 жол.

5. Бас конструктордың оны космосқа ұшар алдында елге дем алып қайтуға жібергені —14 жол.

6. Балалық шақтан азғана еске алыс —7 жол.

7. Алтынай дейтін келіншектің үйіне барып жадырап қайтуы —56 жол.

8. Аттанарда жақындарының жиналуы, әкесінің «Бой тұмар» тағып беруі — 8 жол. Барлығы үш бағаналап терілген журнал бетінің 250 жолы шамасында.

Әңгіменің материалы мен калай құрылғаны осы тізімненақ көрініп тұрса да, құрылыстың әрбір бөлшегі өз мазмұнын аша кетуді керек ететін сияқты.

Алғашқы 35 жолда жас жігіт сағынған ауылын, жерін аралап жүр. Тау... Өзен... Самал жел... Тас түлегін сағынған самал сыбдыры...

Әңгіменің отыз екі жолдық екінші бөлшегінде әке мен бала «Тоғыз құмалақ» ойнайды. Елеулі әңгіме жоқ. Елдостың жүзі жабырқау. Мінезі тұйық, бұйығы. Әкесінің бір кезде атақты құсбегі болғаны аңдалады. Қазір қартайған, жақ еттері суалған...

Келесі 75 жолда Елдосты әкесінің бүркіт балапанын ұстауға апарғанда айтқан бір әңгімесі.

Байдың әумесер баласы біреуден қояр да қоймай атақты бір «Саршолақ» деген бүркітті қалап әкеледі. Қансонар кезінде бүркіт шаңқылдап маза бермепті. Әумесер бала бүркітті қамшымен ұрыпты. Сол күні «Саршолақ» әумесерге бір түлкі, бір қасқыр алып беріп, содан кейін сорғалап келіп иесінің өзіне түседі. Иесі атының бауырына тығылады. «Қыран топшысы **ердің күл-паршасын шығарып аттың бел омыртқасын үзіп жіберіпті.** Іздеушілер келсе, «Саршолақ» иесінің кеудесінен жүрегін суырып алып жеп отыр екен»...

Сонымен, бүркіт топшысымен соғып ерді талқандап, аттың

бел омыртқасын үзіп жіберген. Ол аз болса, аттың бауырына тығылған жігіттің жүрегін суырып алып жеген... Бұған, әрине, бесіктегі бала да иланбайды. Бірақ, автор иланатын сияқты. Осы бір ойға сиымсыз ертегі арқылы Елдостың аспанға ұшуды арман етіп алғанын тұспалдайды: «Бұл айтулы ұшқыштың аспанға жолы тап осы кезде басталмағанына кім кепіл?» дейді.

Замандас жастың космоска ұшпақ арманын өмір шындығы арқылы, жігіттің жігер-талабы, табандылығы арқылы бейнелеудің орнына, қисыны жоқ болмашымен дәлелдеу — реализмнен алшақтасу деген сөз.

Әкесінің баласына рұқсат бергені де қызық:

— Сонымен ұшамысың?

— Ұшамын.

— Елге қашан оралмақсың?

— Білмеймін.

— Мейлі, ұшсаң, ұша бер...

Кім еді, әлгі ғарышқа ұшып жатқан көрінеді ғой. Сенің ата-бабаң кем туып па солардан?»

Жігіт енжар. Қызу, рухтану, намыс сезімі дегендер жоқ. Аспанға емес, ауданға барып қайтардың төңірегі.

Әңгіменің енді бір елу жолы Елдостың Алтынай деген келіншекпен оңаша үйде кездесуіне берілген. Алтынай бір кезде Елдоспен мектепте бірге оқыған. Қазір «жұтынып тұрған, толысып піскен келіншек. Күйеуі былтыр көкпарда өлген. Екі жас ұзақ әңгімелесті. Екеуі де жадырап қалды».

Екі күннен соң Елдос жүріп кетті. Аттанарда әкесі «ұлын құшақтап тұрып, кішкентай бой тұмар тағып берді. Бой тұмардың ішінде туған жердің бір шөкім топырағы бар еді». Сонымен әңгіме аты «Бой тұмар» болса, оған бергені осы екі жарым жол...

Елдос еліне келгенде бір адаммен кездесіп ашылып сөйлеспейді. Космоска ұшар адамның қызу, ақ жарқын, тәуекелшіл мінезі де жоқ, бұйығы, жабырқау жігіт. Меніңше, бұл жігіт космоска ұша алмай, қайтып келіп, мықтағанда жүк машинасына шофер болуға лайық.

Алған тақырыбына ат үсті жауапсыз қарау әдебиет зерттеуші ғалымдарымыздың бірі — Сәйділ Талжановтың «Барақ батыр» деген мақаласында да мол кездеседі (Мәдениет және тұрмыс», май, 1971).

Сәйділдің мақаласы толып жатқан батыр Барақтардың біреуі Найман руынан шыққанын дәлелдеуге арналған. Ғалым адам ғылымға сүйеніп, өзі зерттеп, анықтаған пікір айтар деп күтесің. Сәйділ, бірақ мақаласын бастай бере шатастыра жөнеліпті. Не бәрі үш жол бойында Барақтың батырлығын, әділдігін, ақылдылығын мадақтай келіп, енді оның қайдан шыққанын таныстырғанда былай депті:

«Ол — **Найман руынан сурылып шыққан,** тірі жанға бас имеген, қанша шақырса да, **тұқымдас бола тұра,** Кенесарыға **да** ермеген жеке батыр».

Сонда деймін-ау, батыр Барақ найман руынан суырылып шықса, Кенесарыға қалай тұқымдас болмақ? Әлде, Кенесары да найман руынан сурылып шықты ма екен? Тарихшыларымыз олай демейтін сияқты еді ғой?..

Сәйділдің өзі келтірген материалдарда поляк А. Янушкевич былай депті:

— «Барақ — хан тұқымынан, Шыңғыс әулетінен».

Сәкен Сейфуллин «Көкшетау» поэмасында: «Барақ — арғынның, оның ішінде Қуандық ұлысының батыры» деген екен. Мұхтар Әуезов «Абай» романында Барақты найманның батыры деп еді дегендей тұспал жасайды.

Мақаланың аяғында «батыр Барақ пен аға сұлтан Барақ бір кісі — найманның батыр Барағы» деген қорытынды жасалыпты.

Дәлел қайсы? Мұндай қорытынды жасау үшін ғалым нені зерттеген, не тапқан? Ондай мәлімет мақалада жоқ. Кімдікі дұрыс, кімдікі қате, Сәйділ оған да соқпайды. Аяқтап келгенде айтып отырғанымыз Аякөздің аға сұлтаны болса, ол найман руынан шықпайды, әрине, Шыңғысхан әулетінен шығады. Тап осы батыр Барақ тарихымыз үшін керек пе, жоқ па, ол өз алдына мәселе, бірақ, тарихта болған бір адамның қайдан шыққанын зерттегің келген екен, қорытындың өз зерттеулерінің нәтижесі болу керек. Мен Барақтың қайдан шыққаны туралы таласқым келіп отырған жоқ, ғалымның өзі зерттеп анықтамаған мәселе жөнінде қорытынды жасағанын қате дегім келеді. Әрине, батыр тауып бермедің деп наймандар да өкпелей қоймас...

Сәйділ мақаласының бас жағында үш Барақ бар дейді де, қорытындысында біреуін қысқартып екеуін ғана қалдырады. Шынына келгенде, батыр аталған Барақ қай руда болса да болуы мүмкін. Мысалы, Қостанай облысы, Қараоба деген жерде «Барақ батырдың» моласы бар. Сәкен білетін, Мұхтар білетін Барақтар да болуы мүмкін. Түптеп келгенде, оның бірде-бірі тарихи проблема емес қой.

«Тірі жанға бас имейтін, әрі ақылды, әрі мейлінше адал батыр» не істепті, қандай батырлық, қандай ақылдылық, адалдық істепті? Бұл жағынан зерттеуші не айтады? Соған келейік.

Әлдеқалай Шәуешекке барғанда Барақ қаланың комендантына бас имепті. Құдайға ғана бас ию керек депті. Мұнысын бағалаған жөн. (Бірақ, бұл да Янушкевичтен келтірілген факті).

Барақ батыр жайында ел аузында аңыз бар екен. Сәйділ

соны келтіреді. Аңыз не дейді? Бір күні Ағыбай батыр қырық жігітімен далада тай сойып, қазанда ет пісіп жатыр екен. Ағыбай ұйықтап қалады. Бұлардың үстіне кержорға ат мінген бір жас жігіт келеді. Екі рет ұйықтап жатқан Ағыбайдың бетін ашып қарайды. Екі рет қазанынан екі кесек ет алып асап жібереді де, кетіп отырады.

Жігіттер Ағыбайды оятып, масқара болғандарын айтады. Ағыбай жігітті қуып жөнеледі. Бір заманда қуып жетеді. Жігіт Ағыбайды тірі жанға есептемейді, кете береді. Ертеңіне бұлардың алдынан үйірлі құлан кездеседі. Жігіт құланның құлынын жерден іліп алып тақымына басады да, жүре береді...

Тағы бір кезде тоқтап, Ағыбайға тамақ пісіруді тапсырып қаруларын тастап, жігіт ұйықтап қалады. Қорлыққа намыстанған Ағыбай ұйықтап жатқан жігітті шоқпармен қос қолдап тұрып қақ маңдайдан переді келіп!.. Жігіт оянбайды да... кейін ет жеуге отырғанда «осы жердің маса-сонасы қалың-ау деймін, маңдайымды шағып кеткен тәрізді»,— дейді. Барақ батыр осы екен.

Осылардан басқа оның батырлығын, ақылдылығын, әділдігін танытатын ешнәрсе жоқ.

Бұл аңыз да «Бой тұмардағы», «Саршолақ» бүркіт жайындағы әңгіме сияқты қисынсыз, қызықтырмайды да сендірмейді, тұспалдайтыны тағы жоқ.

Осындай не көркемдігі, не маңызы жоқ, таяз ойдан туған болмашыны жазып, оқушының басын қатырудың не керегі бар?

Біз біріміздің жазғанымызды біріміз қадағалай оқымайтын салтқа бой үйретіп алдық. Әсіресе, ұшырасып қалатын кемшіліктерге бей-жай қараймыз. Батыра сын айту — басыңа бәле шақырумен бірдей деген көзқарастан да сау емеспіз. Іс жүзінде мұның дұрыстығы да жоқ емес. Дегенмен, жазушы қауымына кешірілмес бейжайлыққа, «жапалағым, сен тимесең, мен тимеге» құл болу — үлкен ұят. Бұл — жазушылар қоғамы болып түгел қолға алатын ісіміз. Қай қоғам болса да, өз кемшіліктеріне өзі ие бола алуға міндетті. Олай етпесек, асқындырып алар кез алыс емес сияқты!

Қырық жыл

Екі түрлі қарсылық, тағы бір үлкен қайшылық қосарлана туды да, әдебиет газетінің дүниеге келуі айларға созылып кетті. Қарсылықтар өсіп-өрбіп тармақтана берді: көше бойлап өседі, жеке үйлерде терендей түседі.

Жазушыларға газет берсек, бұлдіргеніміз бен бүлінгенді күнде әшкерелеп, бетімізге күнде бір күйе жағып отырады деген қорқыныш бір қарсылықтың негізгі арқауы еді. Бұл қорқыныштың себебі де бар: өткен үш-төрт жыл Қазақстанның есінде қалар ауыртпалық жылдары болды. Жоқты бар деп, болмағанды болды деп келген адамдар істің шыны ашыла ма деп қорқады. Олар әлі іс басында болатын. Жазушы сөзі тамшылай берсе тас жаратыны да рас.

Біз, жазушылар, қандай газет дүниеге келсе де ол партия тілі болып келеді, қандай іске болса да ұйымдастырушы, жәрдемші міндетін арқалай келеді деп дауласамыз: қарсыларымызды сендіру үшін емес, партиямызды сендіру үшін дауласқан сайын аздап болса да ұтып келеміз.

Екінші қарсылық әдебиетті үстірт оқығанымен мән-мазмұнына көңіл аудармайтын, болашақты ойлауға өресі жетпейтін адамдар арасында туды. Қазақ әдебиеті әлі жас, үзбей газет шығарып отыруға осылардың шамасы келер ме екен деген жарым мысқыл, жарым қауіп айтумен болды. Бұлар жазу-сызуды кеңсе қызметінің бір түрі деп танитын мещандар. Көше бойлап өсетін көбінесе осылардың өсектері.

Үшінші, қайшылық дегеніміз — жазушылардың өз арасында, «ҚазАПП» қазақ жазушыларының басын біріктіріп одақтастырудың орнына көңілдес-пікірлес адамдардың ұйымы ғана болып келді. Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин. Мұхтар Әуезов тағы бір талай жазушылар ұйымға алынбай келеді (мен 1929 жылы «ҚазАПП-қа» алынғанда тоғызыншы мүше болып алынып едім. Тайыр Жароков қол қойып берген мүшелік билетім Москвада Революция музейінде). Дұрысын айтсақ, «ҚазАПП» ұйымына тартылғандардан гөрі сыртында қалып келе жатқан жазушылар көп. Бұл жағдай жазушылар арасында жікшілдік тудырмасқа қандай шарасы бар? Көркем өнердің қай саласында болса да, оның қайраткерлерін бөліп-жарып ұстау деген қашанда жікшілдік туғызбай қоймайды.

Ұйым басында қазақ жаңа әдебиетінің негізін қалаушы Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов сияқты көрнекті жазушыларымыз болды да әуелі «Жыл құсы» альманағын, одан кейін «Жаңа әдебиет» журналын ұйымдастырды. Бұл қазақ әдебиетінің тарихына кіретін, қымбат бағаланатын еңбектер. Бірақ, жазушыларды ұйымдастыру ісінде елеулі іш тарыншылықтары да болды. Мұның да содыры болмай қалған жоқ.

Алдымызда «РАПП-ты» таратып, совет жазушыларының бір ұйымға біріккен одағын жасайтын бірінші съезіміз тұрды. Осындай жағдайда қазақ қалам қайраткерлерінің басын біріктіріп, барлық күшті идеялық және көркемдік бір бағытқа — партия бағытына бейімдейтін «Қазақ әдебиеті» газетін шығаруды осы тұста қолға алған едік.

«ҚазАПП-тың» басында болған жазушылар да бұл ойдан сырт қалған жоқ, қуанып қостады. Әсіресе, Сәкен ағай әр жерде болған айтыстарда «ҚазАПП-тың» кемшіліктерін өз аузынан әшкерелеп, енді үлкен әдебиет дәуіріне көшер үлкен қауым, біріккен қауым жасар кезеңде екенімізді дәлелдеп жүрді. Газетіміздің бірінші санында басылған «Ұлы дәуірге үлкен әдебиет» деген бас мақаланың аты Сәкеннің осындай сөздерінен алынып еді.

«Қазақ әдебиеті» газеті осы сияқты ырың-жырың, әрі тарт, бері тарттың тұсында туды. Ең соңғы рет барғанымызда Л. И. Мирзоян жолдас бюроның кейбір мүшелеріне қадағалай қарап отырып:

— Жолдастар, қазақ әдебиет газетін шығаруға қарсы пікірлерге тым ұзақ уақытымыз кетті. Негізді пікір болды деп те айта алмаймын. Жетер енді. Біздің барлық шаруашылық майданындағы істеріміз түптеп келгенде әдебиетте қалады. Біздің қайда болса да жасаған есепті баяндамаларымыз нақтылы уақыт белгісі. Әдебиет деген дәуір белгісі. Қай ұлт болса да әдебиетімен, көркем өнерімен өседі. Көп ұлтты совет әдебиетінің ұйымы жасалғалы отырғанда әдебиет газетін шығарамыз десе, ол қазақ жазушыларының өскендігі,— деді.

Содан кейін қазақтың ең көрнекті жазушыларынан коллегия мүшелері бекітілді, жауапты хатшымыз Мұхаметжан Қаратаев болды.

Ұзамай «Қазақ әдебиеті» газетінің бірінші саны шықты. Содан бері қырық жыл!

«Қазақ әдебиеті» Ұлы Октябрь социалистік революциясының от-жалынды толқынында туған аға жазушылардың еңбегі. Бүгін менің есіме солардың есімдері түседі, арманда кеткен өмірлері түседі. Революция солдаты Сәкен, поэзияның сарқырап аққан бұлағы Ілияс, совет дәуірінің барлық күнделігін қағазға түсіріп қалдырған Бейімбет, қазақ әдебиетін дүниежүзіне танытқан Мұхтар мен Сәбит бақытты елдің мандайына ғана сияр дарындар еді-ау.

«Қазақ әдебиеті» кейде ірі, кейде ұсақ кемшіліктермен бірге әдебиеттік және әлеуметтік мағынада үлкен орын алып отырған, қазақша оқи алатын қауымның ерекше сүйсініп оқитын газеті. Сонау-сонау орта ғасырлардан бастап, бүгінгі дәуірімізге дейін қолына қалам ұстаған кәрі-жасымыздың қайсысына болса да «Қазақ әдебиеті» газетінің елемей өткізгені, еңбегі сіңбегені аз. Әсіресе, қазақ — совет әдебиетінің әр кездегі өсу-өркендеу жолдары газетіміздің бетіне айқын түсіп келе жатыр.

«Қазақ әдебиеті» газетінің бірінші санында «Әдебиет үйірмелері күшейтілсін» деген елеулі мақала басылғаны есімде.

Онымыз әзір республика көлемінде танылa қоймаған жас ақын-жазушыларды кеңірек іздестіріп, жастарға газет бетінен молырақ орын берудің қамы еді. Қазір сол кездегі жастар бүкіл Совет Одағына танылған ірі ақын-жазушыларымызға айналды.

«Қазақ әдебиеті» газеті оқушыларын жер-жүзілік жаңа әдебиетпен де, әсіресе Азия-Африка елдерінің азат әдебиеттерімен кең түрде таныстырып келеді. Бұл игілікті еңбек Азия-Африка жазушыларының V конференциясына әзірлік қарсаңында күшейе түсті. Басқа газеттеріміздің кейбіреулері бұл елдердің жаңа әдебиеттеріне бейтаныстық жасағандай керенау отырса, «Қазақ әдебиеті» мақтанарлық ұшқырлық жасады, мақтарлық еңбек етті.

Газетімізді мақтай отырып, бір-екі тілегімізді де айта кеткен дұрыс болар. КПСС-тің 1972 жылғы «Әдеби көркем сын туралы» қаулысынан кейін «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде сын мақалалары жиі басылып келеді. Бірақ, бұл сындардың ғылымдық өресі биік емес, жасқана сынаулар, бір ауыз сын айту үшін әуелі екі ауыз мақтап алушылықтар бар.

Екінші — жастардың шығармаларына газет қызметкерлерінің қолы бата бермейді.

Дүниені тербетіп мен тұрғанда,
Дүниені тербетіп сен тұрғанда,—

деген сияқты өлеңдерді жариялау жастарды тәрбиелеу емес, мен-мендікке бойын үйрету. Мен-мендік пен күйректік ақын-жазушының бірінші жауы!

Әдебиет газеттері туған елі дүниеде қанша жасаса сонша жасай беретін газеттер. Соның бірі біздің қырыққа толған «Қазақ әдебиеті».

Артына қарап мұңаяр, алдына қарап қуанар кезінде қолында туған газетіне «Жасай бер, жасай бер!» десе, онысы ескі батагөйлік болмас,— дейді «Қазақ әдебиеті» газетінің бірінші редакторы — Ғабит Мүсрепов.

Көкейге нұрлы сәуле ұялатады.

Қазіргі көркем ойымыздың даму кезеңдері көкейге нұрлы сәуле ұялатады. Көп өрнекті, көп ұлтты совет әдебиетінің бірбіріне өзара әсері мен өзара ықпалының қызық құбылыстарын бастан кешіріп отырған ұлттық тіл өнері тереңдеп, биіктей түсті. Заманымыздың көркем идеяларын асқақтата жасампаздық пафоспен жырлаған азаматтық-әлеуметтік әуен

артты. Өткен жыл жемісін салмақтап, туар шақтың биіктерін барлағанда мұны алдымен айтқанымыз абзал.

Биылғы жыл қазақ әдебиетінің мерейлі жылы болды десе де болғандай. Совет әдебиетінің Қазақстандағы күндері қаламгерлер мен қаһармандар арасындағы ыстық ықыласты сұхбаттасудың жарқын бір көрінісі секілді өтті. Тілегі бір, жүрегі бір туысқан әдебиеттердің көрнекті өкілдері Абай мен Жамбыл топырағын басып тұрып, жаңарған, жаңғырған қазақ даласына тебірене толқып қарады. Қызыға қарады. Оның бәрі әдебиет жылнамасының беттерінде өзінің іздерін қалдыратынына дау жоқ.

Шынында да, бүгінгі еңбек адамдарының рухани жан-дүниесі шынайылықпен бейнелеуді тілейді. Сол тұрғыдан қаламгерлер қауымы бүгінгі күн көкейкесті тақырыбын өрнектеуге біраз салмақ салды.

Қоштасар жылдың қызығы көп болды. Төл әдебиетіміздің үш бірдей арысы — саңлақ сөз зергерлері Сәкен, Ілияс пен Бейімбеттің 80 жылдық торқалы тойы да осындай зор қоғамдық-мәдени өрлеу үстінде ерекше атап өтілді.

Үстіміздегі жылы еліміздің көркем өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі — СССР Жазушылар одағының құрылғанына 40 жыл толды. Бұның өзі совет жазушыларының тағы да өз сүйікті партиясы мен халқының төңірегіне одан сайын тығыз топтасқандығын айғақтай түсті. Горький дәстүрінің өміршеңдігін көрсетті. Еңсесі биік елдің рухани өміріне әкелген бір жыл жемісі осындай.

Ол жазушының жеке басына, творчествосына да серпіліс әкелетіні рас қой. Биыл «Жұлдыз» журналы арқылы оқырмандар жүрегіне жол тартқан тарихи туынды «Ұлпан» да осы жылдың бел баласы. Алда тұрған ой, іс-жоспарлар көп. Қатқабат қоғамдық жұмыстардан соң ақ қағазға қажырмен деңкоюға тура келеді. Оның игілігі — елдің игілігі.

Очерк көркем шығармадай болсын

Алматы қаласы творчестволық одақтар басқармаларының біріккен пленумын ашар алдындағы сөйлеген сөз.
1976 жылдың 2 апрелі.

Аса ұлы тарихи оқиға болған КПСС XXV съезі барша әлемге социализмнің қазіргі дәуірдегі дауылпаздай ұлы гимні секілді естілгені мәлім. Күнделікті ағылып жатқан хабарлар

тасқынынан озық ойлы адамзаттың осылайша сезінгені анық аңғарылады.

Съезд шешімдеріне, әсіресе, дүние жүзі коммунистік және жұмысшы қозғалысы мен ұлт-азаттық қозғалысына қатысы бар қауым қызу да құштарлықпен құшақ жайды. Сөйтіп, бұл күндері жер шарының алыс, жақын түкпірлерінде съезд қабылдаған қарарлар мен келелі ойлар адамзат тіршілігін жақсартудың, бостандық және бейбітшілік үшін күрестің тұтқалы да тегеурінді қуат-күшіндей жұртшылық назарын аударуда.

Бәлкім, бұл осы заманның қат-қабат күрделі мәселелеріне шешімді жауап беріп қоймай, сонымен бірге, съездің бүкіл адамзат тағдырына тереңдеп көңіл бөлгендігінен болар. Әлемнің озық ойлы әрбір азаматы КПСС-тің XXV съезінің мән-маңызын осылайша терең түсінбек.

Шын мәніндегі аса көрнекті саяси және мемлекеттік қайраткер Леонид Ильич Брежнев жолдастың съезде жасаған баяндамасы арпалысты да айбынды XX ғасырдың — дүние жүзілік қос қырғын соғыста орасан қымбат игіліктердің опат болуының куәгері, сондай-ақ жаңа социалистік негізде ұлан-ғайыр мәдениет қазыналарын жасап жатқан XX ғасырдың соңғы ширегіне айтылған данышпандық алғы сөздей естілді.

Мен XX ғасыр өзінің жарқыраған Туын келер туысы XXI ғасырға қандай ғұзарлы ойлармен табыс етерін дәл біле бермеймін, ал бірақ оның КПСС XXV съезінде Леонид Ильич Брежнев айтқан көреген идеялардың логикалық заңды жалғасы болатынына кәміл сенемін.

Қазіргі дәуірдегі әлемнің хал-ахуалын жан-жақты да терең талдап, тарихтың енді жортар бағытын қапысыз көрсетіп беруі осынау баяндаманы барша философтың, барша ғалым атаулының, бүкіл әдебиет және өнер қайраткерлерінің қолдан түсірмейтін кітабына айналдырды.

Жалпыңызға аян, КПСС XXV съезі әдебиет пен искусство қайраткерлеріне де ерекше назар аударып, зор қамқорлық көрсетті.

«Социалистік реализмнің соңғы жылдарда туған жаңа шығармаларында,— деді Леонид Ильич Брежнев өз баяндамасында,— елдің тіршілік-тынысындағы негізгі, өзекті құбылыстар, совет адамдарының әрқайсысының өз тағдырының бір бөлігіне айналған құбылыстар барған сайын жиірек, ал ең бастысы, тереңірек үндестік табуда».

Бұл асқан биік баға бізді үлкен істерге қарай шақырады. Әрқайсымыз қол жеткен бел-белесімізді ғана емес, алдағы шығар асуларды ойластырып, уақыт жалынан ұстауға күш салмағымыз ләзім. Тек сонда ғана Леонид Ильич Брежнев айтқандай ұлттың мақтанышы, игілігі боларлықтай әдебиет

пен искусствоның талантты туындыларын жасай алмақпыз. Мұндай мегзеу жазушылар мен кино қызметкерлерін, композиторлар мен суретшілерді қамтып қоймай, социалистік реализм шығармаларына септігі тиетін бүкіл творчестволық күштерге қатысты екені өзінен-өзі түсінікті.

«Көркем сөз, сан құлпырған бояу ажары, тасқа жан бітіргендей шеберлік, үйлесімді үн сазы замандастарымызға шабыт беретінін, біздің ұрпақ туралы, біздің заманымыз туралы, оның толқыныс-тебіреністері мен жеңіс-табыстары туралы жан мен жүрек естеліктерін келешек ұрпақтарға жеткізетінін біз жақсы білеміз»,— деді Леонид Ильич.

Бұл — әдебиет пен искусствоның заңдарына сай тауып берілген шың мәніндегі аса терең ғылыми трактовка. Мұнан асырып, бір де бір ғалымыңыз, бір де бір искусство зерттеушіңіз, бір де бір әдебиетшіңіз айта алмаса керек.

Социалистік реализмнің ұлы атасы А. М. Горькийдің сүйкімді лебізі: «Адам — деген ардақты ат» деген қастерлі сөз тіркесін біздің жиі қайталайтынымыз рас. Және менің байқауымша, осы бір елеусіз ғана әдеби ұғым тұңғыш рет біздің елде өмірлік мәнді мазмұнға ие болды. Ардақты дегеннің мәнісі адам қанаудың қандай түрінен болса да азат етіліп қана қоймай, оның үстіне толып жатқан ақымақтықтан, аяққа жығылудан, парақорлықтан, шенқұмарлықтан, көркөкіректіліктен, жалпы, өсек-өтірік секілді ірік-шірік атаулыдан еркіндік алды деген сөз. Әрине, бұл тізімге ілінгеннің бәрі түп-түгел қарасын өшірді деуге болмайды.

Дегенмен, совет адамы қазір парасатты да шыншыл, сымбатты да талантты, еңбекшіл де есті. Ардақтылықтың негізі де, нәрі де осында болса керек.

Мұндай абзал адамды әлем біткен тек біздің елден ғана, социализм елінен ғана көре алмақ. Мұндай жан-дүниесі бай, ардақты адамдар бізде бірен-саран емес, көптің көбі! Міне, біздер, жазушылар, осындай қыран қанатты кісілеріміз жайында қалам тербеуге тиіспіз.

Қазақстан Компартиясы XIV съезінде жасаған есепті баяндамасында ҚПСС Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас әдебиет пен искусство проблемаларына ерекше назар аударды.

Біз, Қазақстан әдебиеті мен искусствосының қайраткерлері, Дінмұхамед Ахметұлының әрқашан творчество кадрларының өсуіне, қолымыз жеткен зор табыстарымыз бен қайсыбір сәтсіздіктерімізге ден қойып келгенін, көңілінен еш шығармайтынын өте жақсы білеміз.

Оның мәдениет байлығын жасаушы жандарға әділ де қамқоршы дос екенін біз ширек ғасыр көлемінде шынайы сезініп келеміз. Дінмұхамед Ахметұлы советтік қоғам өмірінде

әдебиет пен искусстволық маңызы еселеп артып келе жатқанын, совет адамдарының рухани азығына деген талап-тілекті күшейту керектігін сан мәрте атап көрсеткен-ді.

Біз бүгін ҚПСС XXV съезі мен Қазақстан Компартиясының XIV съезі шешімдеріне сай өнер майданының қазіргі барысы мен оның алдында тұрған міндеттері турасындағы әңгімеге жиналып отырмыз. Сөз — мәдениетіміздің мұнан да өрлеп гүлдене беруі, жазу шеберлігіміз, искусство туындыларының татымдылығы төңірегінде болатыны айтпай-ақ түсінікті.

Осы тұста Л. И. Брежневтің Қазақстанға Халықтар достығы орденін тапсырарда айтқан бір сөзін еске ала кету өте орынды деп ойлаймын.

Ол былай деген болатын: «Совет Одағын мекендейтін барлық ұлттар мен халықтар өзінің ерекшеліктерін, ұлттық сипатының белгілерін, тілін, жақсы дәстүрлерін сақтап қала береді. Өздерінің ұлттық мәдениетін бұрынғыдан да гүлдендіру үшін олардың барлық мүмкіндіктері бар».

Осынау жолда бәріңе сәт-сапар тілеймін, жолдастар!

Әрбір өнер туындысына идеялық-көркемдік жағынан биік талап қоятын кез жетті.

Сонымен бірге жазып жүрген очерктеріміз көркем шығармадай болсын, ал көркем шығармамыз очеркке ұқсап кетпесін деп қатаң талап қоятын кез жетті.

Іске аспайтын майда тақырыптардан, от басы, ошақ қасынан аспайтын, үй ішіндік мещандық байлық, жалған тәттілігінен жүрегің, айнитын ләйлі — мәжнүндік, тағы басқа көпірме көп сөзділіктен арылатын кез жетті.

Қазіргі уақытта барша творчестволық ұйымдарымыз бүкіл талант, талап иелерін ұлт мақтанына айналарлықтай идеясы жағынан жоғары, көркемдігі жағынан мінсіз шығармалар жасауға тікелей бағыттап отыратын кез жетті.

Қазақстан әдебиет пен искусство кадрларынан кедейшілік көріп отырған жоқ. Қай халықтың болмасын мәдениетінің гүлденіп өсуі үшін жүз таланттың көптік етпейтініне, яки он таланттың аздық етпейтініне мен сенемін, тіпті, өте қатты сенемін.

Тек қана олардың ауыз бірлігі, ұйымшылдығы, творчестволық күш-қуаттарының мақсатты игі бағыты қажет. Менің ойымша, творчестволық ұйымдар басшыларының алдында тұрған негізгі міндет осы.

Авгейдің[1] *ат қорасынан бастайық.*

«Бұдан былай огурци деп жазылатын болса мен оны жемей-ақ қоярмын».

Леонид ЛЕОНОВ.

Қай халықтың болса да қоғамдық өсу-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да ақыл-ой тереңдігі, сана-сезім сергектігі көп салалармен тармақтана — молыға келіп, тағы да сол ана тілінің алтын қорына қосыла береді. Ана тілі қорлана береді, әжарлана береді. Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы-қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі ғасырлар бойында жасала да береді, жасара да береді. Тіл диалектикасы — жасаған сайын жасара беруінде. Ана тілі дегеніміз — сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады.

Тіл сөйлеу-сөйлесу, оқу-үйрену, жазу-сызу арқылы өседі. Бұл үшеуінің бірде-біріне көңіл аудармау ең үлкен қылмыс.

Салтыков-Щедрин ыза болады: ф әрпіне тілдерің еркін-ақ келеді. Солай бола тұра, неге «хунт» дейсіңдер? Х әрпіне де тілдерің келеді. Солай бола тұра, неге «фуост» дейсіңдер?— деп ызаланады. Мен әуелі сол сөйлеу-сөйлесудегі дөрекіліктерден бастағым келеді.

Қазақстанның әр жерлерінде сөздің мағынасын бұзып сөйлеушіліктер бар. Солардан біраз мысал келтірейік.

«Өзіміз молдаға оқып едік, баламыз мектепке оқып жүр».

«Қызым жетінші класс оқып жүр».

Бұл сөйлемдер қайда, қайдан оқып жүр, нешінші класта

---

[1] Авгейдің ат қорасы деген сөз тіркесі көне грек мифологиясына қатысты айтылады. Авгей — күн шапақты Гелиостың баласы. Элида патшасы. Күн құдайы өз ұлына есепсіз байлық берген. Әсіресе, мал басына сан жетпейтін болған. Бірде осы Авгейдің ыбырсып жатқан шет-шегі жоқ ат қорасын бір күнде тазалап шығуға Геракл (римдіктер Геркулес деп атайды) бел буады. Сертінде тұрса, Авгей байлығының оннан бір бөлігін алуға тиіс.

Геракл сертінен шығады. Алфея және Пенея деген екі өзеннің арнасын бұрып, ат қораның ішімен ағызады. Бұл — Геракл жасаған айтулы он екі ерліктің алтыншысы болатын. Осы ерліктерінің арқасында ол мәңгі өлмейтін болған.

Автордың мақалаға «Авгейдің ат қорасынан бастайық» деп тақырып қоюында — Гераклдің ерлігіндей ерлік, тапқырлық ізденіс болса ғана тіл таза болады, ол бүгінгі өскелең талапқа мүлтіксіз, ақаусыз қызмет етеді деген емеурін бар. Бұған қоса кез келген халық мәдениетінің ұлы мұрасы — тілдің Авгей ат қорасы сияқты ыбырсып жатпауын, таза болуын қалайды автор.

оқып жүр деген сұраулардың жауаптары екенінде жұмыс жоқ, «Молдадан» оқыдық, «мектепте оқып жүр», «жетінші класта» деуге тіл келмегендіктен емес, тіпті, түсінбегендіктен де емес. Бұл баяғы «біздің ауыл осылай сөйлейдінің» салдары.

Бұрын *райкомтұғын*. Осы күні совхоз *боп қапты ғой»*.

«Болатұғын» деген сөздің бас жағы кесіліп қалыпты да, «болып қалыпты» делінетін сөздер ортасынан омырылған. Тегінде, осы «тұғынды» тастап, болатын, келетін деп жазу дұрыс-ау деймін.

«Түске шекейін магазиндерде жүріп ем, кешке шекем кір жудым».

Осы «шекейін» мен «шекемдер» оп-оңай тұрған «дейіннің» айырбасы.

«Әне ерде отырған со ма десем: міне ерде отыр екен. «Ән жерде, мін жерде» деп те айта береміз.

Ана жерде, мына жерде делінетін ап-айқын, оп-оңай сөздердің қалай бұзылып кеткеніне таң қалғандайсың.

Менің бір қадірлі досым дастарқан үстінде —«жесей, ішшей, іштеңке ғымайды», деп отырады, әрі-беріден соң —«жемессің бар, кемесең етті» деп күштеңкіреп жібереді.

Күнбе-күнгі сөйлеу әдетімізде «барғам, жазғам, айтқам» дей береміз. Осы сөздердің аяғын осылай доғару елеусіз кіріп алып, ең көп тарап кеткен әдет. Елеусіз кірген дерт енді елемесек есейе бермек. Сондықтан мұны елемеуге болмайды. Сөйлескенде де, жазғанда да —«барғаймын, жазғаймын, айтқамын»— дейтін болайық.

Мең «оңтүстік, солтүстік» деуге де қарсымын. Бұл да бұзып алған сөздеріміз. Мұның дұрысы «оңтұстық, солтұстық» болу керек. Түстік емес, тұстық. Оң тұсымызда, сол тұсымызда... Түскиіз емес, тұскиіз. «Күн осы күні мына тұстан шығады, мына тұстан батады». Түс кезі, түстік дейтініміздің өзіндік мағынасы бар.

Сөйлеудегі осы сияқты ерсі мысалдарды топтап әкелуге болады. Мұнда әдейілік жоқ, әрине. Сөз бен сөйлемге, оның ар жағында ана тіліне мән бермеушілік бар. Олай болса, әдейілік жоқ болғанымен ана тілінің алдындағы күнәда олқылық жоқ.

Сөзді қалай болса солай пайдалана берсең, сөздің жүзі мұқалып, ұшы майрылады да, айтайын дегенің құлаққа қонбайды. Абай айтқандай, көңілдегі көрікті ойың айтуы келіспесе түкке тұрмай қалады.

Жиырмасыншы жылдардың ішінде әдебиетімізге «қайдам» деген сөз кірді. Қазір ол көп жазушылардың еңбектеріне кіріп алыпты. Тіпті, орыс геройларына «қайдам» деген сөз беретін жазушыларымыз да бар. Бұл бір қия алмайтын құнды сөз емес, «қайдан білейін» деген сөздің зансыз қосындысы.

Бір сөздің соңғы әрпін жойып жіберіп (қайдан) басқа бір әріп қоса салсаң (қайдам) ол жаңа сөз болып шықпайды.

Сол жылдарда «құсап» деген бір құсық иісі келетін сөз қосылды: «ит құсап», «жазушы құсап», «адам құсап»... Адамға ұқсап, жазушыға ұқсап делінетін сөздердің тұрпаты бұзылды да кетті.

Осы күнгі оқушы балалар ең алдымен қай сөздің қалай жазылғанына қарап оқиды. «Қайдам» дегенді «қайдан білейін», «құсап» дегенді «ұқсап» деген мағынада түсінетін болады. Оның ар жағы түсінікті ғой...

Берірек келе — жазира, салиқалы, салауатты жыр, музыкалық хабар, қоғами, «сыни пікір», «мақамшылық өнері» деген жаңылыс алынған сөздер қосылып келеді.

Жазира — араб тілінде «арал» деген сөз. Оны біздің жазушылар гүл бақшалы жер үйек мағынасында алып жүр. Бұл дұрыс емес.

Салиқалы деп мақтау үшін алдымен осы сөздің «салиқа» деген түбірі немене, соны білуіміз керек. Ондай түбір табылар емес. Ал, салиқалы деген сөздің өзін алсақ, бұл бір Шахмет марқұм айтқандай — ухам сомнение, құлаққа жағымсыз, мағынасыз сөз.

«Салауатты жыр»— тіпті өрескел алынған. Біз молдадан оқып жүрген кезімізде бейсенбі күні салауат айтқызатын:

«Қайрауат, уа қайрауат,
Бір алладан шафағат.
Алламызға мүнәжат,
Пайғамбарға салауат...»

Сол салауат енді көркемдік түсінік орнына алыныпты. Поэзияның көркемдігін бағалау үшін салауатқа жүгірудің түк орны жоқ.

«Музыкалық хабар» деген де дұрыс емес. «Хабар» өз мағынасын дәл басып тұрған орнықты сөз. Музыка арқылы ешбір хабар ала да алмайсың, бере де алмайсың. Ән тыңдайсың, күй тыңдайсың, қысқасы ол хабаршы емес, көркем өнердің негізгі бір арнасы. «Музыкалық программа» деп алуымыз керек.

Соңғы жылдардың бірінде «қоғами» деген термин алынды. «Қоғамдық» деген, өз мағынасын дәл басып тұрған сөзіміз барда құйрық жағын аравизм мен фарсизмге қарай бұландатып тұрған «қоғамиды» неге алғанымыз түсініксіз ақ. Осы «қоғами» алынғаннан кейін бір жас сыншы «сыни пікір» деп жазып еліктей кетті. Сонымен, аравизм мен фарсизмге қарай «қоғами» құйрығын екі рет бұландатты. Тап осы «қоғами» керек емес.

«Гәкку» деген бір әншілер тобын басқарып телевидениеге шығып жүрген Әминә Нұғыманова қарындас «мақамшылық

өнері» дегенді музыкалық термин ретінде жиі-жиі қолдана бастады. Тегінде ғылымдық еңбек жазып жүрген болар. Осынысына жұрттың құлағын үйрете берейін дегендей, ән салатын қыздармен шықса да, дауыстары барқыраған әлдекімдермен шықса да «мақамшылық өнерін» қайталап, қадағалап қояды.

«Мақам» ең алдымен құранды қалай оқудың сазы. Мысыр мақамы, Бұхара мақамы, Түркістан қазіретінің мақамы аталатын мақамдар болды. Ұйғыр халқында атақты он екі мақам бар. Бұл музыкалық әуендер екені даусыз. Бірақ қазақ тілінде «мақам» дегенді, әсіресе «мақамшылық өнері» дегенді кіргіземін деп ойлау әрі орынсыз, әрі өмірсіз талап. Өзімізде бар ән, күй, саз, әуен, әуез деген атаулар «мақамнан» анағұрлым түсінікті емес пе?

Діңкеге тиіп жүрген тағы да біраз жеке сөздер, сөйлемдер бар: «О да кеп пе?», «Со ма екен кеген?», «Бұ да со ма?» дей береміз. Жазылған еңбектерде «кеген» деп жазғанды кездестіргенім жоқ. Ал енді «кепті», «бопты», «о да», «бұ да», со да», «со малар» екінің бірінде кездесе береді. «Ол», «сол», «бұл» дейтін жалғыз буынды сөздердің жартысын кесіп тастаған соң несі қалсын? Домаланып басы ғана қалмасқа шарасы не? Айтуға да, жазуға да жеп-жеңіл сөздер тал түсте қиянатқа ұшырап бейшара болып қалды.

Кейбір жазушыларымыз «содан соң» деген толыққанды, айқын мағыналы сөзімізді кескілеп-турап «сосын» деп жазады. Бұларынан жаңа ұғыныс туып тұрған жоқ, бұрынғы бір дұдамалдау ұғынысты аша түсу де жоқ, мағынасы айқын сөздің тұрпатын бұзу ғана бар. Осы «сосын» Әбдіжәмілде көп, Асқар Сүлейменовте аяқ алып жүргісіз, Мұзафарда да баршылық.

Көркем әдебиетте әрбір сөздің өз тұрпаты сақталуға тиісті. Тілге бай, тілі жақсы дегенде ешбір жазушы жаңадан сөз тауып, сонысымен бай, сонысымен көркемдікке жетпейді. Халқының тіл байлығында бар сөздерді дұрыс тұрпатымен пайдаланып, сол қордан алынған сөздерден жаңа теңеулер, жаңа бейнелеулер арқылы тілге бай, тілге шебер деп аталады. Әсіресе, дауысты дыбыстар мен дауысты буындарды кескілеу сөздің тұрпатын бұзумен бірге сөйлемнің ішкі ырғағын да бұзады. Ат жорғалап келе жатып шауып кетсе, желіп келе жатып сүрініп кетсе, қалай көрер едік? Сөйлемнің ырғағын бұзуда соған ұқсайды.

Тіліміздің қорында бар сөздерге жаңа мағына беру жолындағы табыстарымызға мен Ісләм Жарылғаповтың «көрермен, оқырман, аялдама» деп қосқандарын орынды да орнықты көремін. Мұхтар Мағауиннің «ірінді суы» да сондай, белгілі түсініктің мағынасын дәл береді.

Бізде қақ аталатын, шалшық су, жайдақ су деп аталатын сулардың бәрін де ірінді су деген дұрыс көрінеді.

Біраздан бері жалпы мағынасындағы искусство дегенді өнер деп атап келеміз. Ана тілімізде сақина-білезік соғуды да өнер дейміз. Арба-шана істеуді де, үй жонуды да, етік тігуді де өнер дейміз. Туындысы — өнерші. Дұрысында искусствоны басқа өнерлерден айырып — көркем өнер деуіміз керек. Оның ішіне сурет, музыка, сахна, экран, би өнерлері ғана кіретін болсын. Көркем әдебиет деген сияқты көркем өнердің де өзінің асыл тегін көрсетіп тұратын атауы болғаны дұрыс.

Енді азырақ кейбір жазушыларымыздың тілдеріне оралайық. Жұмақан Рамазанов деген біреу француз жазушысы Д. Бартонның «Тәсіл» деген қысқа әңгімесін аударып «Қазақ әдебиеті» газетіне жариялады (30—V—75).

Жұмақан аудармасын «Жайма-шуақ таң сәріде...» деп бастайды. Таң сәріде «жайма-шуақ» болмайтынын білмейді-ау деймін. «Жайма-шуақ» деп кешегі, не болмаса бүгінгі күннің райлық сипатын айтады. Тегінде мал жаюға болатын қысқы күннің шуағын айтады. Таң сәріде де, тұтас алғанда түн мезгіліне қатынасы жоқ.

«Мен қашырымның құйрығын иісі бар мөлдір маталы жалбызбен майлағанмын»,— деп жазады аударушы.

Иісі бар мөлдір маталы жалбызы не болғаны сонда? Мөлдір деп суға айтылады, матаны мөлдір дегенді бірінші естуіміз!

Көркем әдебиет кәсіпшілікті көтермейді. Қорлауды одан әрі көтере алмайды. Түптеп келгенде ол кәсіп тоқталады. Қорланған өзің боласың. Әттең, әдебиетті оңай кәсіп көретін адамдар әзірше азаймай келеді. Жұмақан Рамазанов жалғыз емес, жүздердің бірі.

Оралхан Бөкеев үлкен үміт күтетін жас жазушыларымыздың бірі. Өнімді де ұтымды жазады. Тақырып шеңбері кең, айтар ойлары бар жазушы. Жақында оқырман қауымының тілегіне орай, Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығын да алды. Бірақ өзінің тіл қорына Алтай, Қытай қазақтарының ескіріп топастана бастаған тілдері әсер еткен бе, қалай, Оралханның тілінде шұбарлық түйіртпектері бар. Мысал келтірейік:

«Пошымы, нәшіні, албаты, кейуана, мүрлеу, бебежік, тоқайрау, самырсытып, көргейлеп, бейқарар, бейнақақ, мауырт, сіңіртік, паруай...» Менің ойымша бұл сөздердің бірде-бірі бүгінгі өскен әдебиетімізге де, тілімізге де орналаса алмайтын болар.

Сол шұбарлық Оралханның сөйлем құруына да теріс әсерін тигізіп отырады. Мысалы:

«Сұрқай сұсты...

Сұп-сұры бұлт сықастыра...

Садақбайдың ала-сапыран паруай жүзіне...

Ауыл жақты қарауылдай байырқалап...

Олардың сүп-сұры жүзі, арбиған арық қолдар мен сіңіртік сирақтар, көлгіреген аппақ кебіндері...

Мен бағанағы әйелім әзірлеген кеспені еске алдым. Оны жездем жолдаған қаздың етіне пісіріп едік...

Жесір әйелдің мұндықты басы қалды...»

Алдыңғы сөйлемдердің одағайлығы өзінен-өзі айқын тұрғандықтан, мен соңғы екі сөйлемге тоқталғым келеді.

Кеспені қаздың етіне пісірген едік деуге болмайды, Оралхан. Қазды жездең жібергенмен де болмайды. Кеспені етке салады. Сонда ол кеспе салып пісірген қаз еті деген тамақ болады. Кеспе, іңкәл, құлақнан, күлшетай деп аталатын нандардың бәрі де етке пісірілмейді, етке салынады.

«Жесір әйелдің мұндықты басы қалды» деуге де болмайды. Ең алдымен мұндықты емес, мұнды деп жазу керек. Сонда сөйлем «жесір қалған мұнды әйелдің» деп басталады. Екінші, сіздің сөйлем құрауыңызда әйелдің өзі емес, басы ғана қалған болып тұр. Сіздің айтайын дегеніңіз: «ері өліп жесір қалған мұнды әйел жалғыз қалды» емес пе?

Бізде басылып шыққан кітаптарды кезінде оқи қою, әсіресе қолжазба күйінде оқып, өңдеуге жәрдемдесу сиреп бара жатқан әдет. «Писатель пописывает, читатель почитывает».

Бір кезде Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Сәбит, Ғабиден, Ғали, Асқар, Әбділда, Жақан, Тайыр — бәрінің де қолжазбаларын баспаға берілмей тұрып оқып шығып, айтысқа, пікір алысуға салушы едік. Осы аталған аға жазушылардың бірде-бірінің бір кітабы баспаға дейін оқылмай кеткен емес, өтірік айтқан болмауым керек.

Академиямызда, университетімізде, педагогика институттарында әдебиеттің ірі мамандары бар. Тіл-әдебиет факультеттерінде болашақта ақын-жазушы болатын студенттеріміз бар. Біз солардың ортасына бір түспей, жазғанымызды баспаға ұсына алмайтын едік. Соңғы жылдарда осы игілікті әдет біржола тоқталды десем, мұным да жапқан жала бола қояр ма екен!

Тарихи тақырыптарды еңсере жазып, еленбей қалмас еңбек етіп жүрген жазушы Ілияс Есенберлин. Оның еңбектеріне әр түрлі көзқарастар бар. Мен оны жақтаушылар жағындамын. Шынымды айтсам мен оның «Қаһарын» ұнатпаймын. Кенесарының қозғалысы хандықты аңсаған, қазақ халқын кері тартқан, талан-таражға салған қозғалыс. Кенесарыны қазақ халқы құлатты, қырғыз халқы өлтірді. Әуелі оған алданған елдер көп қосылса да, Алатаудың етегіне жете бере жалғыз тастап кетпеді ме? Осының аты құлатқан болады. Өз халқынан жүрдай болып айрылған бұзақының қырғыз халқына барып соқтығатын не орны бар еді? Жазушымыз оның осы жақтарын

бұлдыратып, түске айналдырып көлегейлеп кеткен. Мен мұны жаны ашырлық деймін, ұнатпайтын себебім де осы.

Ал енді «Алмас қылыш»— құнды шығарма. Әр ғалымдардың, зерттеушілердің бытыранды-шашыранды пікірлерін қорытып, шындығын тауып көркем шығармаға айналдыру деген оңай да, арзан да еңбек емес. Ілияс ешкімді көшіріп қоймапты, қорытып алыпты.

Бұл кітап жөнінде тарихшылар мен әдебиет тарихшыларына қоятын бір-ақ сұрауым бар. Ол сұрауым Қобыланды мен Қамбар батырлар жайында.

Академик Әлкей Марғұлан бір еңбегінде Қобыланды мен Қозы Көрпеш — Баян сұлу жырларын сегізінші ғасырда туған дегені бар.

Ұлы Мұхтар Қобыландыны XIII ғасырға апарады. Бұрынсоңды жазғандардың бәрінде де солай. Мұхтар батырлар жырын екіге бөліп — үлкен батырлар, кіші батырлар жыры дейтін. Үлкен батырлардың басы Қобыланды болатын. Марқұм Мәлік Ғабдуллин де осы пікірде еді.

Ілияс Қобыландыны да, Қамбарды да, Асан қайғы, Қотан, Қазтуған жырауларды да XV ғасырға кіргізеді. Осыларымыздың қайсысы дұрыс, тарихшы жолдастар? Үндемей қалмағандарың дұрыс болар еді. Өз қара басым мұндай әумесер ақымақ Қобыландыны (обалы Есенберлинге) қай заманда туса да қабылдағым келмейді.

Мен тарихшы емес, әдебиетшімін. Сондықтан осы құнды деп санаған кітабымның ішіне кіріп кеткен ақауларына тоқталмақпын. Оларының өзі де аз емес.

Әуелі ұсақтарынан бастайық.

«Қиналуы да содан-тын», (30-бет).

«Қыпшақ жері Жошының туы тігілген жері болуға тиістітын».

«Қазақ жерінде қалған монғол басқыншылары аз-тұн». (32-бетте).

«Шыңғысқан шапқыншыларымен байланысты-тын». (62-бет).

«Қобыландының да бұны қаза етуі екі талай-тын». (116-бет).

«Ол күндерде Қазының баласы, Темірдің әкесі Темірбай би тірі-тын».

«Қашып құтылар ақылы бар-тын». (226-бетте).

Сонымен «Ол күндерде қазының баласы, Темірдің әкесі Темірбай би тірі-тын...» Осы сөйлемдегі Қазының керегі бар ма? Жоқ. Темірдің керегі бар ма? Жоқ. Темірбайдың керегі бар ма? Жоқ. Онда неменеге қазбалап сөз қылып отырсың дементдер, маған керегі «тірі-тын». Көріп отырсындар әлденеше сөйлемнің аяғы осы «тын»— мен тынады. Бұл енді сақалы болмаса да шашы ағарған жазушыға келіспейтін де, кешіл-

мейтін де кемшілік. Осынша көп сөйлемдерінің бірінің аяғына келіспейтін бірдемені жазушы қалай алады? Сөзді ойнатамын деп алды деуге де келмейді, білмей алды деуге де келмейді. Бұл да баяғы «біздің ауыл осылай сөйлейдінің» салқыны болмаса қайтсын.

Осы тұста ешкімнің аулында тіл академиясы жоқ. Ана тіліміздің академиясы қазақ деген халық, көше жүрсе де, бытырай жүрсе де, оқымаса да ана тілін таза сақтаған дегенді ескерте кеткен теріс болмайды-ау деймін.

Ілияста мынадай сөйлемдер кездеседі:

«Көгілдір далада, көгілдір аспан да»... (84-бет). «Көк балауса, жасыл шалғын». (217-бет).

Өсімдік көгі мен аспан көгі бір түстес бола алмайды. Жердің өсімдігі көк балауса қалпында болса, шалғын жасыл бола алмайды. (Тегінде термин комитеті зеңгір, көк, жасыл деген атаулардың аздығы мен араласа беретінін ескеріп, осы мәселені бір қарастырса дұрыс болар еді. Орыс тілінде «шие түсті», «бөтелке түсті», «кофе түсті» деген қосымшалар бар ғой. Мүмкін, біз де сол маңнан бірдемелерді табармыз).

Ілиястың мынадай теңеулеріне еріксіз күлкің келеді:

«Егер әлем тоқты болса, бұл екеуі көкжал қасқыр еді ғой» (12-бет).

Бату мен Құлағу көкжал болса бола берсін, бірақ әлем оларға тоқты бола алмаса керек. Әлем деп аталатын ұлы дүниені тоқтыға теңеу деген тым өрескел тұр.

Екі жігіттің біріне-бірінің ұқсастығын Ілияс мынадай теңеумен айтады: «Бір шыны аяқтағы екі тамшы судай ұқсас» (146-бет) — дейді. Екі тамшы судай ұқсас деген теңеу орыс тілінде қашаннан бар теңеу. Ілияс соған «бір шыны аяқтағы» дегенді қосқанда теңеудің күл-талқаны шығыпты. Өйткені, бір шыны аяқтың ішінде екі жерде екі тамшы тұрғанын көз алдыңа әкеле алмайсың. Мұнысы «Жиһана хұкімни көрсәтти мұғаллақ» болып шығыпты.

Ілиястың жай қарапайым сөйлемдерінде де тіл кедейлігі аз емес. Ілияс: «Бұны садақ оғының бер жағында шошайған екі қарыстай сабы көрсетіп тұр»,— деп жазады.

Оқтың ар жақ, бер жағы барына бірінші рет кездесіп отырмыз. Садақтың оғы бірдемеге тисе сабағы (сабы емес) ар жақ, бер жағы демей-ақ көрініп тұрады. Болды ғой сонымен.

«Қарашыңның жаны аузына келіп, енді шығуға таяу еді»,— дейді жазушы (241-бет).

Мұнысы біреудің сөзі емес, автордың өзінің сөзі. Қарашыңның жаны аузына келгенін басқа біреу емес, автор өзі айтып отыр, тек, аузынан қалай шығып кеткенін жазбапты... Оны жазса жан дегеннің немене екенін көріп қалар ма едік, әлде қайтер едік...

«Барақ ханның ұлы Жәнібек сұлтан мен онымен үш аталас туыс Керей сұлтан».

«Қара қазақ пен қазақ жерін жаулап алған Шыңғыс»,— деп жазады автор 17-ші, 30-шы беттерде.

«Жәнібек сұлтан мен онымен» деп жазуға болмайды ғой. «Үш аталас» дегені де үлкен орашолақтық. Сөйлемнің дұрыс құрамы мынау ғана: «Жәнібек сұлтан мен оның үш атадан қосылатын туысы Керей сұлтан».

Ал енді «қара қазақ пен қазақ жерін жаулап алған Шыңғыс» деген сөйлемнен «қара қазағы» кім, «жай қазағы» кім екенін айыра алмадық. Шыңғысты танидық, онысы Айтматов емес шығар...

Сөйлеу, жазу жақтарымыздағы кемшіліктерімізді айта отырып, тіл мамандарына өтініш жасағым келеді.

Амангелді, Қарагөз, Зілғара, Мендігожа сияқты адам аттарын Аманкелді, Қаракөз, Зілқара демей-ақ, естілу тұрпатында жазсақ қалай болар екен? Екі сөзден тұратын адам аттарындағы сол екі сөздің түбірі сақталса да, оқушы балаларға қ әрпінің ғ әрпіне айналатын реттерін бәрібір үйретуге тура келер еді ғой. К әрпі мен г әріптерінің арасында да осы бар.

Мен тілші емес, тілді пайдаланушымын. Сол өз кәсібімнің мүддесінен қарағанда маған қ—ғ, к—г әріптерінің арасында недәуір әңгіме бар сияқты көрінеді.

Термин комитетіне де айтатын өтінішім бар. Бізде толып жатқан сөздердің орыс тіліндегі түсінігі бар да қазақ тілінде аталуы жоқ. Мысалы: тактичность, вежливость, учтивость, деликатность, обходительность, укоризно, укор, упрек, гордость, благородство, достоинство деген сөздерге атаулар табу өте қажет.

Бұл түсініктердің көбін «ізгілік», «ізет», «адамгершілік», «сыпайылық» деген сөздермен, бір атауға бірнешеуін топтап сыйғызып келеміз. Мұндай өте керекті түсініктердің қазақ тілінде аталуын іздестіргеніміз дұрыс болар еді.

Орыс тілі — Отанымыздың тілі, Совет Одағына кіретін барлық халықтардың, ұлттардың бәріне ортақ мемлекеттік тіліміз. Сонымен бірге әр халықтың, әр ұлттың өзінің ана тілі бар. Ана тілін көркейте беруде әліппе, емле, оқыту, үйрету, сөйлеу, жазу — бәрінің де үлкен орны бар.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Леонид Ильич Брежнев жолдас Қазақстанға Халықтар достығы орденін тапсырғанда былай деді:

«Совет Одағын мекендейтін барлық ұлттар мен халықтар өзінің ерекшеліктерін, ұлттық сипатының белгілерін, тілін, жақсы дәстүрлерін сақтап қала береді. Өздерінің ұлттық мәдениетін бұрынғыдан да гүлдендіру үшін олардың барлық мүмкіндіктері бар».

Леонид Ильичтің осы айтқандарынан тіл, әдебиет қайрат-

жерлеріне қандай үлкен талаптар қойылатынын тереңірек ойлансақ деймін.

Мен бұдан жеті-сегіз жыл бұрын «Қазақ әребиеті» газетіне «Асқындырып алмайық, достар!» деген мақаламды жариялап едім. Ол мақалам да жоғары-төменнен де, аға жазушылар мен жас жазушылардан да ана тіліне жасалып жүрген жәбірлер жайында болатын.

Егер ана тіліміз үлкен талаптарды көтере алмайтын, өспеген олақ тіл болса, бұл мақалаларды жазбаған болар едім. Жоқ, бұл бай тіл! Оралымды, ырғақты, теңеу-бейнелеулері ерте туған тіл.

Пушкин, Лермонтов шығармаларын XIX ғасырда-ақ көп елдерден бұрын аударуға жараған тіл. Біз Маркс, Ленин еңбектерін көп елден бұрын аудардық. Поэзияда Абай, Ілияс сияқты, прозада Мұхтар сияқты алыптар туғызған тіл. Мен осындай тілімізді таза ұстайық деймін. «Авгейдің ат қорасынан бастайық» дегендегі айтарым да осы ғана. Мәдениетімізді Брежнев жолдас аңғартқан жоғарыға көтеру жолында ана тіліміз ең сенімді, ең қадірлі құралымыз.

Дәстүр мен жаңашылдық

(Әдебиетіміз туралы ойлардың бір сәті)

Мен қазақ совет әдебиетінің өмірінен біраз ойларымды ортаға салып, пікір алысқанды жөн көрдім. Ол қазақ совет әдебиетінің өсу-өркендеу жолындағы жақсы, жемісті, өнегелі тәжірибелер мен кейбір «әттеген-айлар». Бұдан отыз жыл бұрынғы жайлармен салыстырғанда не аңғарамыз, нені сезінеміз, әсіресе, түзетуге, өзгертуге келетін нәрселер бар ма? Көңілдегі ой соларды ортаға ұсынады.

Мен 1929 жылы «ҚазАПП-тың» қатарына алындым. Соның алдында менің «Тулаған толқында» деген бірінші повесім шыққан. Және басқа да журналдарға азды-көпті жазып жүруші едім. Сол 1929 жылдан бері қазақ жазушыларының қатарындамын деп ойлаймын. Қазақ совет әдебиетінің қозғалысына ортақ жайда жүріп келемін. Мені «ҚазАПП-қа» алғанда «ҚазАПП-тың» билетін қол қойып беруші Тайыр Жароков болатын. Яғни, Асқар, Тайыр, Әбділдалар «ҚазАПП-тың» қатарына менен бұрын алынған екен. Мен шетірек жүріп, кешірек келдім. Бұл билетім кітап арасында сақталып қалып, оны Москваның Революция музейіне алып кетті.

Тегінде, мені өзімді бақытты екенмін деп ойлаймын, өйткені, менің алдымдағы алыптар тобының жазушылық, азаматтық, адамгершілік, қоғамдық дәстүрлерінің өнегелерін көрдім.

Солардың жақсы өнегелерін үйренуге, бойыма жинауға тырыстым. Ол мен үшін де қымбат мұра болып қалған сияқтанады.

Алыптар тобы деп Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқановтар тобын санаймын. Осылар бір мезгілде әдебиет майданында шарықтап шыққан, әр жерде болса да әрқайсысы революцияға үн қосқан, революциямен бірге көтерілген, сол кездегі ең алғашқы үлкен топ — атақты жазушылардың, ойшылдардың мен шәкіртімін.

Қазақ әдебиетінің ұлы атасы, меніңше, Абай. Сонымен бірге қазақ совет әдебиетінің әкелері, үлкен-үлкен роман жазған, поэмалар жазған, драматургия жазған, әдебиет мәселесінің қай саласында болмасын түгел атсалысқан үлкен топ біздің бір дәуірдің бүкіл адымын, бүкіл беталысын бір жолмен мықтап белгілеп кеткен сияқты.

Күні бүгінге дейін біздің сол топтың алыптары жазған романдарынан әрі асып кеткеніміз шамалы. Сол үлкен топтың жазған поэмаларынан аттап көтеріліп кеткеніміз шамалы. Тіпті, әлі жете алмай жүргеніміз де бар. Ол биіктерге жету үшін әлі де біраз өрмелеуіміз керек сияқты. Менің бірінші ұғатыным осы. Кейде терендік, болмаса көркемдік жағынан олқы шығып отырамыз. «Тар жол, тайғақ кешу» бұған дейінгі, бұдан кейін де ешкім жаза алмайтын тақырып. Ол революция кезінде, революцияның алдында қазақ халқына енген тап тартысы, әртүрлі партиялардың бағыты. Ол біз үшін сол партиялардың беталысын анықтап берген кітап. Мен «Тар жол, тайғақ кешу» кітабын роман деп санаған емеспін. Ол кітаптың ішіне романдық, журналистік сияқты стильдер кірген кітап. Сол материалдармен біз қаруланып, енді қайтадан ешқайсымыз оралып жаза алмас едік. Сәкеннің біздің прозаға қосқан ірі еңбегі де, үлесі де сол.

«Абай» романы бұрынғы-соңғылардың әлі құшағына сия алмай келе жатқан роман. Эпопеялық роман деп ол жай айтылған жоқ. Тек қана қазақ халқының емес, бір дәуірдің бейнесін көрсететін роман. Бұл тек қана Мұхтардың қаламынан шыға алған роман. «Күй», «Күйші», «Құлагер»— Ілияс шығармасы осы күнге дейін ақындардың көтеріле алмай келе жатқан биігі, шыға алмай келе жатқан шыңы. Ал Сәбиттің романы «Адасқандар» дәрежесіне біздің прозаиктер жетті.

Бейімбеттің «Шұғасы» бұдан алпыс жыл бұрын жазылған. Бұл қазақ шығармаларының төл басы. Біріне-бірі сүйене отырып, жалғаса отырып, бүгінгі күн едәуір биікке көтерілген негізгі кірпіш деп ойлаймын.

Осы алыптардың жан-жақты еңбектеріне негізделіп, Қазақстан Мемлекеттік туын көтергеннен кейін бірер жылдың ішінде республика баспасөзі құрылды. Баспасөздің құрылуы

деген — үлкен бір мәдениет ошағының пайда болуы деген сөз. Бес жылдан кейін Қазақстанның драма театры ашылды: бұл да алыптардың еңбегіне сүйеніп, шаңырақ көтерген болатын. Бұдан он жыл кейін опера театры құрылды, жазушылар ұйымы бұдан ертерек ұйымдасқан болатын.

Осы кезеңдердің бәрінде де ең алдымен алыптар тобының еңбегін, басшылығын алдымен атай кеткім келеді. Бұл топ өмір тіршілігімен біржола қоштасқанша қолынан қаламы түспеген, әдебиеттің қай саласын болса да биікке көтеріп бере білген алыптар тобы деймін.

Маған алыптар тобының дәстүрлері ұнайтын еді. Кейде айқасуда болса да, шығармаға келгенде, онысын былай қойып, шығарма жазылуы кезінде жанашырлық мінез танытып отырушы еді. Мен «Тулаған толқында» шығармамды жазғанда Бейімбеттің жан сала араласқанын жазғанмын да, айтқанмын да. Сол еңбегім басылып шыққаннан кейін Ілиястың хатын алдым: «Ей, сен қайда жүрген қара домалақсың? Өзің Қызылордаға келші!» депті. Ілиястың өлеңдерімен таныс болсам да, өзімен таныстығым жоқ еді. Аға ақын өз хатында мені бауырына тарта жазыпты.

1932 жылы «жазалау, жаламен» мені Батпаққара ауданына жіберіп еді. Алты ай жүріп қайттым. Сонда Ілиястан тағы бір хат алғаным бар. Сонда ол: «Сен ғой жүдеу елдің ішінде әрі ауырып, әрі арықтап жүрген шығарсың. Жоқ, сен курортта жүрсің» деген екен. Әрине, хаттар сақталған жоқ.

1929 жылы Қызылордада біздің бір күн, бір түніміз Сәкеннің «Көкшетауы» мен Мұхтардың «Қилы заманын» талқылауға кетті. Сәкен Қызылордада болса, Мұхтар Ташкентте еді, өздері қатыспады. Жиырмаға тарта адам «Қазақстан» баспасына жиналдық. Солардың көпшілігі «Көкшетауға», бірқатары «Қилы заманға» қарсы адамдар екен. Түн ортасында Бейімбет екеуіміздің күш салуымыздың арқасында екі кітаптың екеуі де басылатын болды. Жиналыс тараған соң, Бейімбет маған «жүр, Сәкеннің үйіне барайық» деді. Сәкен үлкен жазушы, біз мазаламайтынбыз. Бірақ Бейімбет болмай алып барды. Бұл түнгі сағат төрт еді. Қуанышымызды айтып, шайпайын ішіп қайттық. Ол кезде арақ деген болмайтын. «Қилы заманның» басылатын болғанынан хабарланған Мұхтар Қызылордаға келді. Қолма-қол теңеу тауып, бейнелеп сөйлейді екен. Жаттанды, жасандысы жоқ шешен екен. Бірден бас иіп қалдым. Сонда ол: «Мұндай қуанышты жуатын дәстүр шықты ғой, қайда жуамыз? Осындайда отау үйден ыңғайлысы болмаушы еді» деп бауырына тарта сөйледі.

Мен бұрын сарай болған жалғыз бөлменің ортасынан шай жәшігінің тақтайларымен бөліп, кабинет жасап алғанмын. Мұхтар, Молдағали Жолдыбаев бар, біздің үйге келіп жудық. Мұнда да арақ ішілген жоқ. Оның айып-шамы болып көрінуі

былай тұрсын, ішімдік деген қаперімізге де кірмеуші еді. Жол-жөнекей айтылғанмен, бұл да үлгі тұтар өнеге деп білемін.

Алыптардың дәстүрінде шығарманың жақсылық жағын бетке айту бар еді. Отызыншы жылдардың ортасында белгілі жазушының бірі үлкен романын жазып бітірген екен. Қітабын оқып беруге қонаққа шақырады. Сәкен, Бейімбет, Ілияс төртеуіміз бардық. Біз қымызға кірістік, әйелдер қазан көтеріп жатты. Автор романын қырық минут оқығаннан кейін, Сәкен: «Аяғым ұйып қалды» деді. Диван-жастығын ұсынды. Сәкен жастыққа құлай кетті. Сәлден кейін Ілияс: «Жалғыз жастықты сен жастағанда, біз қарап өлеміз бе?» деп екеуінің басы бір жастыққа түйісіп жатты.

Темекісін бұрқыратып Бейімбет отыр, мен болсам жастау болғандықтан шеттеп отырмын. Сонда Ілияс: «Сен шылымыңды бұрқыратпай, әрірек отыршы!» деді. Сонда Бейімбет: «Сенің үлкен мұрның неге керек, о да бір кәдеге жарасын да»,— деп шалды. Бұл үшеуі де құрдас.

Роман оқылған сайын жалықтырып барады. Сонда Сәкен: «Осы үй бізге шәй бере ме?» деді.

Роман аяқталмай қалды. Авторға айтар сөзді Сәкен бастады. «Баспаға ұсынбай қоя тұр. Қой-ешкің араласып кеткен екен. Бұл романға енді екі жыл отырып, қойыңды бір бөлек, ешкіңді бір бөлек айырмасаң болмайды екен» деп еді. Бейімбет болса: «Түгел оқып шығып, түзетер, өндер жағын содан соң айтқан жөн болар» деді. Алыптар дәстүрінде ортақ жанашырлық бар еді. Ортақ іске ақылдасып отыратын дәстүрлері берік болатын. Ілиястың: «Әдебиетте бірге қуанайық, бірге өкінейік» дегені сол жақсы дәстүрінен туған болатын. Ешбір еңбекті түзетпей, түзетіспей баспаға ұсынбайтын едік, сол керек процесс сияқты.

Осы кезде ақын-жазушылардың бірқатары, оның ішінде жастар жазған еңбегін түзетуге, қайта отыруға мойындары жар бермейді. Әдебиетіміздің дәстүріндегі жақсы үлгілерін ұмытпаған дұрыс деп білемін.

Қазақша жазатын жазушылардың саны үш жүзге тарта болса, солардың үлкен топпен өкшелестері екі-үш процент. Бұлар: Әбділда, Асқар, Ғали, Әлжаппар, тағы басқалары. Олай болса, қазіргі қазақ совет әдебиетіндегі қалам ұстағандардың қалың көпшілігі жастар. Біз не ойласақ та, не тілесек те, тәлім-тәрбие жайын сөз қылсақ та — сол жастарға арналады дегің келеді.

Шығарма деген белгілі оқиғалардың тізбегі емес. Шығарма жазушы жүрегінде, ойында қайнап-пісіп, кітап оқушылары зейін қоюға тұратын жігер-қайрат, адам қоғамының өсе беруіне, еселей беруіне үн қоса алатын жанды сөз. Көркем шығарманы түсіндіретін ғалымдар еңбегі аз емес. Мен тек, жа-

зушы жүрегінде қайнап шығатын жанды сөз дегенді баса айтқым келеді. Күнде шығып жатқан кітаптар тобы жансыз көрінеді. Бүгінгі жастарымыз көбінесе ескі ауылдағы оқиғаларды айналдырып жүр. Шығармадағы адамдары ескі ауылдың адамдарына ұқсап тұрады. Ескіге, ескі ауылдың оқиғаларына жазылған кітаптар бола тұрса да жазба демеймін, бірақ тереңіне бойлай алмасаң, бұрынғы жазылғандардың сүрлеуінен шыға алмасаң, одан не пайда.

Ескі өндіріс орындарында қалған кен қоқысының арасында кеткен алтын-күміс сияқтылар аз емес. Ескі шлагты балқытқанда техниканың әлсіз кезінде мысты ала алса да, алтын мен күмісті ала алмағанбыз. Олай болса ескі тақырыпқа барғанда алынбай қалған осындай алтын-күмісті алатын дәрежеге жетсеңіздер дәмі татыр еді. Бір мысал келтірейін, ақын Ғафу ана туралы өлең жазып еді, содан кейін әкеме, шешеме деген өлеңдер көбейіп кетті. Бұл тақырыптың сол арқылы бағасы төмендеп кетті.

Жазушылар ұйымындағы үш жүз ақын-жазушының екі жүздейі Алматыда тұрады. Облыстық, аудандық жерлерде жүз шақты адам. Алматыда тұратын ақын-жазушылар өз талантына, өз бағына өздері бөгет болып жүр. Жуық арада Сәтімжан Санбаев Павлодар облысының бір заводына инженер болып кетті. Мұны мен қуаттаймын. Қазақстанда ғалымдар, техникалық қазақ интеллигенциясы жасалып қалған шақ. Шымкенттің бір ғана қорғасын заводына қазақ инженерлерінің саны Қазақстан Жазушылар ұйымындағы ақын-жазушылар санынан асып түседі. Сол инженерлердің 40 процентінен артығы қазақтар. Бұл — уақыттың ілгерішіл сипаты.

Жас жазушылар осындай жерлерге жолдама алып, тың тақырыпқа соқса игі.

Көркем шығарма бармақ сорып тудыратын дүние емес. Өмірді ыждаһаттап, зерттеп барып, көрген-түйгенінді көкіректе қорыту арқылы дүниеге келеді. Осы орайда өзге емес, өз басымнан кешкен жайды айтсам деймін.

«Оянған өлкені» жазарда бір жарым жыл сол тақырыппен айналақтап, бес-алты ай Қарағандыда отырдым да, ескі тарихи құралдардың экспонаты мен жаңадан кірген құралдардың маркасын білу өте қажет болды. Қарағанды, Спасск, Нұра деген жерлерді түгел аралауға тура келеді. Көмір тасыған, тас өртеген жерлерді өз көзіммен көруге тура келді. Мысты қалай қазды, қалай ұнтады, соны біліп алмасаң қаламың жүрмейді екен.

Осының бәрінен ұғынған бір нәрсем,— мұны жұртшылықтың бәріне айтқым келеді: Спасск заводының құрылған жері Көкөзектің қабағында Ушаков болып тұрдым, бірде кіреші Ыбырай болып тұрдым, кейде жұмысшы болып тұрдым. Бір өндірістің өзін әр мамандықтың әркімнің көзімен қарап, сол

адамның тілегімен шұғылданбасаң, өндірісті түгел көре алмайды екенсің. Көкөзек Ушаков үшін бір тұрғыда, кіреші Ыбырай үшін екінші тұрғыда, жұмысшы үшін үшінші тұрғыда бой көрсетеді екен. Не нәрсені болсын кейіпкердің көзімен қарамасаң, оның орнына өзіңді қоймасаң, көп нәрсе ішін алдырмай кетеді.

Мұнымен айтпағым, бүгінгі күрделі шаруашылығымыз, дамыған өндірісіміз, жетілген тұрмыс-тіршілігіміз қаламгерге оңайлықпен жалынан ұстатпайды. Өмірді біліп жазу, білгеніңнің өзін бейнелеп, көркем жазу жасымыздың да жасамысымыздың да абыройлы борышымыз. Кемеліне келген уақыттың да талабы сол.

Үлгі-өнегесімен қымбат өнер

Арғы-бергі адамзат тарихында әрбір халықтың құнттап, қастерлейтін, келешек ұрпақ талғамына ұсынып, мирас ететін рухани қазыналары тіпті де аз болған емес. Сондай қай кезде де құндылығы жоғалып, беделі аласармайтын маңызды мұраларды ыждаһаттылықпен сақтап-байыту, осыған лайық құтты қадамдар жасау, оның уақыт талап еткен көздерін ашып отыру — сол халықтың басқа жұрттардан озық үлгілерін, қала берді, оның тарих керуеніндегі өзіне ғана тән ерекшелігін танытпай қоймақ емес.

Халқымыздың қилы-қилы даму, өркендеу белестерінің шаң-тозаңының арасында қалдырмай, хал-қадерінше, мерейіне мерей, беделіне бедел қосып, тоттандырмай, ардақ күйінде сақтап, байытып келе жатқан асыл өнер үлгілерінің қатарына ақындар айтысы — төкпе ақындық дәстүрі де жатады.

Ауыз әдебиетінің ең өткір де, ең ұтымды түрінің бірі саналатын осы өнерінің қалыптасу, даму тарихы тіпті терең де. Соның өзінде оның айырықша мынандай екі қасиеті назарды қатты аударады. Оның біріншісі — осы өнердің дүйім жұрттың халық ортасында өтетін шын мәніндегі халықтық сипаты болса, екіншісі — айтысқа түсетіндердің сайыс шартына сәйкес, өткір тілді, тапқырлық, табан астында қарсыласын сөзден де жолдан да беттетпей ұтып кетерлік игі қасиеттерге мейлінше бай болуы, сөйтіп, елдік дәстүрлік сипаттарды жыр нөсерінің толқынында, шабыт сәйгүлігінің шашасына шаң жұқтырмай, сыншы қауымның сенімі мен талғамына лайық күйде, селдете жыр төгуі болады. Арғы-бергі кезеңде өткізіліп жүрген айтыс ақындарының тағылымы міне, осындай мәнді қасиеттерін көлденең тартады.

Уақыттың өткір сынынан өткен бұл өнер советтік дәуіріміздеде бұрынғы деңгей-кемерінен әлдеқайда тереңдеп, жанданып,

жаңа қырынан даму жолына түсті. Өміршең үлгі, әлбетте, осылай болмақ. Анығырақ айтқанда, бұған негіз де жоқ емес еді. Социалистік құрылыстың жер-жерде ерекше күшпен қанат жайып, дамуы мәдени өмірімізге де бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген жаңалықтардың орныуына қолайлы мүмкіндіктер туғызды. Бұрындары, тұмшаланып, бүркемеленіп келген талант, дарын иелерінің ендігі жерде шарықтап, самғауына қол жетті. Талант, дарын, өнер деген асыл игіліктерден барша қауымның қанып ішуіне, сөйтіп, социалистік мәдениеттің жаңа сапада дамуына айқара есік ашылған бір кез келді. Қилы-қилы өнер үлгілері секілді ақындар айтысы өзінің ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, жасампаз заманның биік талаптарына сай жаңа мазмұнда дамыды. Ұлы Октябрь идеяларының жемістері, елімізде күн санап орныгып жатқан түбірлі өзгерістер, социалистік Отанымыздың ересен табыстары, көп ұлтты халықтардың қалтқысыз достығы, ел бірлігі, еңбеккерлері айтыс ақындарының мерей көтере, мадақтай айтатын өзекті, ділгір тақырыптарына айналды.

Алайда, өнер додасы, жыр сайысы қызған мезетте айтыс ақындары тек қана мақтауға тұрарлық табыстар мен көз қызығарлық жетістіктерді тілге тиек етумен ғана шектеліп қалмаған. Егер осылай болған күнде, ондай айтыс өнерінің басқа бір рухани үлгілерінен артықшылығы мен құндылығын кемітіп алар еді. Айтыс өнерінің осы бір табиғи сипатына еш көленке түскен жоқ. Сондықтан да сайыс сәттерінде олар қоғамға жат, мін саналатын кемшіліктерді де орынды сөз етіп, өткір сын қармағына іліп отырды. Оның үстіне сөз қадірін жете бағалаған от ауызды, орақ тілді тарлан ақындар алқалы жиындарда кең көсіле, еркін шешіле сөйлеп, әлеуметтік, ірі елдік мәселелерді де бұқпантайламай «ақты — ақ, қараны — қара» дейтіндей дәрежеде батыл қозғап отырған. Бұған, мәселен, күллі қазақ қауымына әйгілі Біржан мен Саранын, XX ғасыр Гомері, халық поэзиясының алыбы — Жамбыл мен құланаяқ Құлмамбеттің айтыс-сайыстары айқын дәлел бола алады. Ежелгі ақындар айтысын — сөз сайысының, жыр додасының үлкен мектебі десек лайық. Онда үйренуге, үлгі тұтуға, сөйтіп, қастерлей насихаттауға тұратын, ортаймайтын қазына мол.

Атандым он үшімде ақын Сара,
Ішінен ер қаптағай шықтым дара.
Он үште домбыра алып сөз сөйлеп ем,
Келемін бір сүрінбей жалғыз қара,—

деп сілтеген Сараның сөз саптауында (Біржанмен айтысында) еркіндік, өжеттікпен қатар өз өнеріне деген шыншыл сезімі қоса-қабат әдемі өрнектеліп, өріліп жатады. Ал, тұла бойы тұнған жыр алыбы Жамбылдың:

Жақсылық — жамандықты тексереді,
Кім жүйрік, кім шабаны екшеледі.
Елімнің ерлігімен мақтанамын,
Сырт дұшпан көрген бізді сескенеді,—

деген тәрізді толғамынан дәуірдің бет-бейнесі, ел туралы ой өзегі танылмай қалмайды. Тегінде, арқалы ақындар жыр сайыс сәттерінде ойды жүйелеп айтуға, яғни өз өнерінің композициялық құрылымына, демікпей, тосылмай еркін нақыш табуына да айрықша мән берген. Бұл да осы мектептің тағылым аларлық бір сипаты.

Дегенмен, өткен дәуір айтыстарына қарағанда қазіргі кезең — советтік заманда өткізіліп жүрген жыр, көркем сөз сайыстарының түбегейлі сапалық өзгешеліктері бар екенін, оның жоғары идеялы, терең мазмұнды болуы қатты ескерілетінін де айтуымыз керек. Бүгінде біз аудиторияның көлемі мен қатысқан ақындардың, сөз сайысында бой көрсеткен талапкерлер мен талап иелерінің аз-көптігіне қарамастан айтыс өнерін социалистік сананың көркейіп, гүлденіп отырған бүгінгі баянды өміріміздің жарқын мысалы, айқын шындығы ретінде бағалаймыз. Коммунистік құрылыстың толғаулы тақырыптары, аса ділгір мәселелері сайыс сәттерінде қыбын тауып, қисынды сөз болады, көп болып игерілетін ауқымды істер алға қойылады. Бұл — жұртшылық болып назар салатын, елдік, өркені зор мәселе. Сондай-ақ, мұндай қауым болып қолға алатын істі күн тәртібіне қойып, қас-қағым сәтте сыншы, төреші жұртшылықты мойындатып, иландыру оңай емес. Жоғарыда айтқанымыздай, от ауызды, орақ тілді, көп сайыстарда қылау түсірмей, өркені озық көрінген көркемсөздің келісті зергерінің ғана тұғыры биік. Бұл үшін айтыс өнеріне жәй еліктеу ғана емес, шамырқанған шабыт, шынайы шеберлік, туа біткен талант, кемері ортаймас дарын керек болады.

Осындай ақпа-төкпе ақындық өнеріне жетік, ел ішінде жүрген дарын иелерінің көптеп танылған кезі Ұлы Отан соғысы жылдары болды. Ұлы Отанымыздың халықтары қарақшылықпен соғыс өртін тұтатып, бейбіт жерімізге баса-көктеп ойран сала келген қанқұмар неміс фашистеріне ойсырата соққы беріп, жеңіс күнін жақындата түсу үшін кескілесе ұрыс жүргізіп, елдің елдігін, ердің ерлігін танытар мезгілде осы өнердің — ақындар айтысының қынаптан суырған қылыштай ала-бөтен жарқырап көрінуі тіпті жайдан-жай емес. Дұшпанның сағын сындырып, Ұлы Жеңіс туы желбірейтін күн таяу қалғанына көз жеткізіп, совет адамдарының жігеріне жігер қосып, шындай түсуден ардақты не бар ол күнде?! Ақындар айтысының өшпес өнегесі мен дәстүрлі қызметі сондай қаһарлы кез, сұрапыл жылдарда міне, осылай бір оқшау танылды. Бұған ең әуелі Қарағанды облысының ақындары мұрындық болды. Олар айтысты қатарға қайта қосумен бірге, осы өнер-

дің советтік заманымызға лайық, өміршең дәстүрлерді сақтай отырып дамуына өріс ашты, оларға социалистік жаңа мазмұн берді. Кейінірек, бұл бастаманы Семей және оңтүстік облыстарының ақындары жалғастырып әкетті. Мұның өзі жайдан-жай емес еді. Суырып салып айтатын ақпа-төкпе ақындық өнер үлгілері бұл өңірлерде молырақ сақталғанын дәлелдесе керек. Сөйтіп, халықтың өзі бастаған осы бір жыр сайысы қоғамдық ұйымдардың жете мән беріп, іскерлікпен араласуының нәтижесінде кең арнасын тауып, межелі биігіне жетті. Оны игі дәстүрдің жалғасын тауып, жаңарту үлгісі десе де болғандай.

Осы орайда мынадай бір жәйтті, әркім әрқалай түсініп, әрқалай толғап жүрген, маңызды нәрсе туралы бірер сөзбен айта кеткенді орынды санадық. Ол — дәстүр мен жаңашылдық дегенге қатысты нәрсе. Халықтық ұғымдарымен бірегей астарласып жататын, келешек ұрпақтың қабылдауына лайықты, әрі түйсік-сезіміне әсер етіп, басқа қырынан дамытылып жататын дәстүр ғана ғұмырлы болмақ. Осы дәстүрді байыту, жаңа мазмұн үстеп, көркемдік бояуларды ажарландырып, қанықтыра түсу жолындағы ізденіс жаңашылдыққа алып келеді. Мұның айтыс өнеріне де тікелей қатысы бар. Осы жолы жыр дүлділі Жамбылдың, Нұрпейістің, Шашубай мен Доскейдің, Иса мен Орынбайдың ізгі дәстүрлерін, айтыс өнерінің көркемдік келісім әбден біте қайнасқан халықтық сипатын төкпе жырдың шеберлері Нартай, Қуат, Нұрлыбек өз өнерлері арқылы жұртшылық арасына кеңінен әйгіледі. Мұның өзі бағзы заманда театры, киноөнері, сондай-ақ, жазба әдебиетімен бірге басқа да өнер салалары жете дамып, рухани игілікке айналмаған елде айтыстың қадірлі қызмет атқарып келгенін көрсетеді, әрине. Рас, өнердің әр алуан салалары қазір де кемеліне келе, кең тыныспен дамып отыр. Әйткенмен, айтыс өнері саптан қалған жоқ, қалмақ та емес. Себебі, бұл өнердің коммунистік мұраттармен өзектес дами алатындығы, халықтың тыныс-тіршілігімен берік те, табиғи байланысып жатқандығы мықты дәлел. Кестелі сөз, көрікті ой бірдің емес, көпшіліктің игілігі. Ел ішінен шыққан жеке дарын иелерін халықтың осынау тозбас, көнермес игілігін жасаушылар ретінде танимыз. Оралымын тауып орынды айтылған шыншыл сөз, көрікті ойдың өрнегі — көркем сөз қашан да ғұмырлы. Табан астында тауып айтылған ақын сөзі тыңдаушының қабылдауына жеңіл, тартымды. Ел басынан неше қилы заманалар өтсе-дағы мірдің оғындай өткір сөз, ойлы сөз халық зердесінде ұмтылмастай, ұзақ сақтала бермек.

Шеңдескен Шеңберлі Алтай аспан-көкпен,
Әлемге аты шулы даңқы кеткен.
Қара нор, қалың нулы орманым бар,

Ертістен алтын астау аударылып,
Күн күліп, жағасына нұрын сепкен,
Құндағым алтын бесік, анам Алтай,
Емізіп ақ төсінде еркелеткен,—

деген жолдарды оқып көріңіз. Сөз кестесін ізде — көркем, мазмұнына ден қой — терең. Мұндай мағыналы сөз маржанын қас-қағым, қиын сәтте айтыс өнеріне әбден төселген, ел өмірін оның өзіндік өрнектерін, салт-дәстүрлерін неғұрлым жетік білетін, тегеурінді, ойы сара, өнері дара, арқалы, ақ иық, ақ желең ақындар ғана үйіп-төгіп айта алады. Ұлы Отан соғысының қаһарынан қан құсқан отты жылдарында семейлік өр кеуде серпінді ақын өстіп желдірте жыр төккені баршаға белгілі.

Ендеше, өнердің қайбір түрін алсақ та кемеліне келе дамып отырған қазіргі кезеңде жыр сайысы — айтыс өнерінің жұқарып кетуіне ешбір негіз жоқ. Ендігі әңгіме, бүгінгі таңда күтіп отырғанымыздай, оның кең тыныспен, мазмұнын тереңдете дамуына өріс ашып, барын байырқалап отыру. Бұл орайда ҚПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас 1973 жылғы 15 августа республикамызға Халықтар достығы орденін тапсыруға арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзінде: «Совет Одағын мекендейтін барлық ұлттар мен халықтар өзінің ерекшеліктерін, ұлттық сипатының белгілерін, тілін, жақсы дәстүрлерін сақтап отыр. Өзінің ұлттық мәдениетін бұрынғыдан да гүлдендіру үшін олардың барлық мүмкіндіктері бар», деп өте орынды атап көрсетті. Демек, мәдениет өкілдерінің бұл дәстүрдің әлі де болса жер-жерде барынша жарқырап көрінуіне, оның игі үлгілерінің дамытылып, мұндай сайыстар жұрттың эстетикалық ләззат алатын құрметті орнына айналуына мықтап күш салуына тура келеді. Айтысты ұйымдастырғанда оны өзінің табиғи ортасынан бөліп алудың жөні жоқ. Халықтың мол қатысуына мүмкіндік туғызған абзал. Ондайда «жақсының жақсылығын айтып нұрын тасыту, жаманның жамандығын айтып құтын қашыру» дегендей әркімнің, сондай-ақ, коллективтің атқарған ісінің жемісіне шаттанудың, кемшілікті ендігі жерде қайталамастай болып сендірудің де сәті түседі. Бүгінгі айтыстың маңызды бір жері де осында.

Сонан кейін бір басты нәрсе мынау. Айтысты ұйымдастырудың негізгі мақсаты — жас таланттарды, жаңа дарын иелерін іздеп табу, олардың өз әріптес-замандастарынан озық көрінген қасиеттерін басқаға үлгі ету, жұртшылыққа таныту болмақ. Соның бәрінде де көркем сөздің эстетикалық қызметі мен тәрбиелік ролін естен шығаруға болмайды. Қорғасындай салмақты, іші алтын көркем сөз, көрікті ой, көңіл сенетін нық байлам — айтыс ақындарының ат байлар алтын қазығы, міне,

осы. Жалаң айтылған қауқары жоқ, қызыл сөзбен ат кекілін кесіп, жік айырысатын жер де осы тұс.

Айтыс өнерінде жаттандылық, шалағайлық, сөйтіп, босқа арам тер болу жараспайды. Сайысқа қатысатын үміткер ақындардың өзінен бұрынғы дүлдүл ақындардан, жыр жампоздарынан үйренуіне ешбір қарсылық жоқ. Бірақ, замана талабына сәйкес өзіндік ерекшеліктерімен, жаңалықтарымен бой көрсетіп, танылса игі. Біздіңше, айтыс өнерінде өлең өнерінің жетістіктерін пайдалану әлі де болса олқы соғатын тәрізді. Бұл ретте де бетке ұстар игіліктеріміз жоқ емес. Бірқатар белгілі ақындарымыздың ізденісте жақсы оралым, тапқырлық танытқаны қуантарлық нәрсе. Ендеше іздену, нағыз өнер үлгісін көрсету шексіз. Айтыс ақындарының да кең қарымдылық, көркемдік шешім табуына әбден болады және оған сенім де мол. КПСС Орталық Комитетінің «Идеологиялық, саяси-тәрбие жұмыстарын одан әрі жақсарту туралы» өте маңызды, өміршең қаулысын жүзеге асыру барысында әлі де болса орын алып келе жатқан, яки болмаса ескерілмей жүрген олқылықтарды жолға қою мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылғанда, міне, мұны да еш ұмыт қалдыруға болмайды. Өйткені, өнердің күрескерлігі қашан да өз күшінде болуға тиісті. Халық болып жолға қоятын, ел болып араласатын маңызды мәселелер бізде әлі де бар, тіпті жеткілікті десек те артық емес. «Правда» газеті үстіміздегі жылғы 8-июльдегі санында («Бәрі де обкомның көз алдында») етектен тартқан ескілікті, болымсыз еңбек етіп толымды дүние жинауға ашқарақ, өмірге тұтынушылық көзқараспен қарайтындарды мықтап сынға алды. Керек десеңіз, жаназа шығару кезінде үлес бөлу, сөйтіп, ел «дәстүрін» сақтаған болып жалған намысшылдық отына май құятындар арамызда жоқ емес. Сондай-ақ, қыз ұзату, келін түсіру кезінде де жағымсыз нәрселерге жол беру ара-тұра ұшырасып жүр. Бізде өндірісте — халық қазынасы сақталатын жерде, тұтыну орындарында, қоймалар мен дүкендерде іскер де зерделі мамандар мен басшылар жетекшілік етеді. Сондықтан да оларға жұртшылық үлкен сенім артады. Әйткенмен, осындай жерлерде артта қалушылық, талан-таражға салушылық, өтірік ақпар беру, көзбояушылық, ел дәулетіне сұғанақтықпен қол сұғу, тағы басқа қоғамымызға жат қылықтар шаң беріп қалып жүр. Мұның бір секем алып, селт еткізетіні — осындай тұрпайы тағы көріністің кәдімгідей беделі бар, оқып-тоқыған азаматтар басқарған коллективтерде кездесетіндігі қандай өкініште! Олай болса, айтыс найзағайын міне, дәл осындай көлеңкелі көріністерге түсіруге мықтап назар аударған тиімді де пайдалы болмақ. Әйтпегендей болса, «шөп те өлең, шөңге де өлең» деп, барды-жоқты талғау-таңдаусыз бей-берекет төгіп-шашу лайым көркем дүниенің, айтыстың шарты болмауға тиіс. Бұл

өнерге қылау түсірмей, мінсіз сын шартымен өркенін өсіре, бағын жандыра білетін аса талғампаздық керек. Соған сәйкес сайысқа түсетін жыр жампоздарына айтыс сәттерінде ойын көсіліп еркін айтуына, творчестволық қарым-қарпымдылық танытуына қолайлы жағдай жасаудың маңызы орасан зор. Онсыз көңілдегі көрікті ойдың тиегі еркін ағытылмай, төкпе жырдың, «бір қайнауы» іште қалуы кәдік. Рухани игілікке айналып, баршаның мерейін өсіретін қызметші сөз өнерінің — айтыс өнерінің талғам-шарты осы!

Өнермен өрлеген ерлік

Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы мен Қазақстан Коммунистік партиясының алпыс жылдық тойы мазмұнына түрі сай, түріне мазмұны сай, ерекше бір есте қалар ұлы мейрам болып өтті. Совет топырағындағы социалистік елдердің интернационалдық достығының ұлы мейрамы дәрежесіне көтерілді. Қазақстанның алпыс жасқа толған тойын совет халықтары түгел атап өтті.

Қазақстанның тойына КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Леонид Ильич Брежнев жолдастың келуі республикамыздың атақ-даңқын қырандар қонар биіктерден асыра көтеріп жіберді.

Қазақстанға бүкіл совет елі болып көрсеткен құрмет-қошеметінің негізінде көп ұлтты халқымыздың еңбек, мәдениет майдандарындағы салмақты да сапалы табыстары жатыр. Еңбек нәтижелеріне ризашылық жатыр. Қазақстан сол табыстарын, алпыс жыл ішінде жасалған жаңа дүниесін, жаңарған елін, жаңа қауымын, ой-сана өрістерін, еңбектегі өнімді өнерін, Ұлы Отан соғысының майдандарындағы ерліктерін, нанымен бірге әнін, әнімен бірге сәнін де сала-сала тақырыптарға құрылған, бұл күнге дейін болып көрмеген, таң қалярлық тамаша парад арқылы көрсетті. Алпыс жылдық жаңа өмірімізді тоғыз тақырыпқа бөліп, Ұлы Октябрь революциясынан бастап бүгінгі гүлденген, еркінденген, көріктенген, жүректенген күндерімізге дейін түгел көрсете алған. Парадты ойдағыдай етіп ұйымдастырған да, ойлағандай жерден шығара алған да Қазақстан көркем өнерінің өз шеберлері: бас режиссері СССР Халық артисі Әзірбайжан Мәмбетов, музыкасын жазған жас композитор Базарбай Жұманиязов, суретші Шәкен Ниязбеков. Көркемдік жағынан да, көрнектілігі жағынан да біздің парад Москвада өткен спорт парадынан кейін бірінші орын алатыны даусыз.

Қайталап айтудың ерсілігі бола қоймас — Қазақстан топырағында мұндай мейрам да, мұндай парад та болған емес. Әлі де талай мейрамдарымыз болар. Жетпіс жылдық та келер, сексен жылдық та келер, жүз жылдық та келер. Ол кездердің өз талабы, өз талғамы, өз биігі болмай қоймайды, әрине. Сонда да алпыс жылдық мерекеміздің қандай биік дәрежеде өткені еске алынбай қалмас.

Мейрам үстінде үлкен мағынада көңіл аударылған бір тақырып — біздің тың жерге сіңірген еңбегіміз, эталонымызға айналып келе жатқан миллиардымыз болады.

ҚПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев жолдас: «Биыл да бір миллиард пұт астық береміз!»— дегенде ду көтеріле алақан соғудан салтанат сарайы ұзақ жаңғырып тұрды.

Осыған ұқсас, көермендер ду көтеріле орындарынан тұрып, ұзақ уақыт алақан соғу — Абай атындағы қазақ опера және балет театрында болды. Бұл да Қазақстанның алпыс жылдық тойына арналған тың тақырыбына жазылған жаңа операға соғылған алақандар еді. Операның аты —«Тың тынысы». Авторы белгілі де, беделді композиторымыз Еркеғали Рахмадиев, либреттосын жазған белгілі де, беделді драматургіміз Қалтай Мұхаметжанов. Айта кету керек — бұл композитор мен драматургтің ортақ істе үндестік тапқан еңбектерінен туған опера.

Жоғарыда ескертілгендей, «Тың тынысын» көермен жұртшылығы аса ұнатып қабылдап келеді. Мейрам тұсында әлде неше рет қойылғанда әр жастағы көермен қауымның қабылдауы бір қалыптан айныған жоқ. Зал толық, жұрт жүзінде қуаныш реңі...

«Тың тынысы» біздің бұған дейінгі операларымыздың ескі ізімен жасалған опера емес, бұрынғы операларымыздың жалғасы да емес, жаңа тақырыбымен, жаңа музыкасымен келер жаңа опералардың тұңғышы!

«Айман-Шолпан» мен «Қыз Жібекпен» басталатын алғашқы операларымыз түгелімен дерлік халық композиторларының әндері мен күйлерінен құралатын. Бұл да оңай еңбек емес, баға жетпес қымбат еңбек. Кешесіз бүгін де жоқ, ертең де жоқ. Мәдениет қоры әліппеден басталады. Сонымен бірге, әр саладағы көркем өнердің дүние жүзілік өрістеу жолына сыртынды беріп, ұзақ отыра беру өзінді өзің тонаумен бірдей — өсірмейді, байытпайды, барың сарқыла береді, тоза береді. Бір кезде төрге төселетін түкті кілем ескіре келе қалған өмірін әркім аяғын бір сүйкеп өтетін есік алдында тозады.

Еркеғали Рахмадиев те алғашқы әндерін, алғашқы операларын халқымыздың ұлттық ән-күйлеріне сүйене отырып, пай-

далана отырып жазды. Сонымен бірге іштей іздене, әзірлене жүргенін көреміз. Соңғы жылдарда Москва — Алматы сахналарында орындалып жүретін, биыл Құрманғазы атындағы республикалық сыйлық алған екі кантатасы осының куәлігі, жазғалы жүрген жаңа операсының заңды баспалдақтары екен. Композитор опералық үлкен өріске жаңа музыкамен ауысу үшін жан-жақты ойланып, өз күшін өзі сынға алған. Өзімен бірге жұртшылық сынынан да сүрінбей өткен соң бүгінгі ең жаңа тақырыпқа опералық кең серпінмен іркілмей кіріскен. Қантаталары мен операсының арасындағы әуен үндестігі де осыдан. Бұл жаңа тақырыптар мен жаңа музыка арасындағы үндестік.

Тың тақырыбы жеке адамдардың ерлік, драмалық, ғашықтық жайлары емес, қоғамдық істер тақырыбы. Тың жатқан жерге егін егу, егін жинау, мол астық алу тақырыбы. «Тың тынысы» операсында қоғамдық еңбек фон емес, мазмұн. Көрермен жұртшылық алдымен осыны бір түйіп қоюы керек.

Екінші, қоғамдық еңбекті партия басшылығымен атқарып жүрген комсомол жастар: көне шалбар, керзі етік киген, айнаға күнінде бір қарауға да уақыттары жоқ жастар. Жұмысты осылар істейді, әнді осылар салады. Баяғының сұлу қыз, әсем жігіті осылар, бүгін егінде жүр. Энгельстің типтік жағдайдағы типтік бейнелер дейтіні де осылар. Керзі етік, көне шалбар киіп жүріп ғашықтық әнін салатын қыз-жігіттерге де көзің үйрену керек!

Сахнадағы әрбір әрекет нақтылы жағдайына қарай өзімен үндес музыка болуын талап етеді. Сахна «Аттан!» салып ерлік еңбекке шақырып жатқанда музыка «айналайын, қарағым!» деп тұра алмайды, әрине. «Тың тынысы» операсының музыкасы да өзінің тақырыбына, идеясына қарай көтеріңкі, кейде дабыл қаққандай! Сахнадағы еңбек арпалысына сайма-сай берілген. Тосын құлақ бұған да үйренуі керек. Тіпті, ең алдымен құлағыңды осыған үйретуің керек. Өйткені, бұл операның өн бойында осы көтеріңкі музыка басым кездесіп отырады.

Жақсы әншіміз Ермек Серкебаевтың өнеріне тағы да сүйсіндік. Операдағы аупартком хатшысы — қай қырынан карасаңыз да тың тұлға. Алдымен, бұл — партия қызметкерінің опера сахнасында алғаш көрінуі. Сонан кейін, партияның әуендік өрнегі де өзгеше, жаңаша, Ермек өзіне жүктелген рольдің жауапкершілігін толық түсініп, шын образ жасап шығыпты.

Операның негізгі мазмұны қоғамдық мағынадағы үлкен еңбек болса, қоғам ішінде әлеуметтік істермен бірге шебер өрілген сүйіспеншілік тақырыбы да бар. Реми дейтін персонаж көңілі ауып жүретін Катя деген қыз Қазақстанға тың көтерісуге кетіп бара жатқан соң о да еріп келген екен. Қызы бар болғыр, тың көтерісіп жүріп Санат деген жігітпен көңіл-

дес болып кетеді. Реми Елена дейтін қызбен көңіл қосып тынады.

Операның сүйіспеншілік тақырыбына арналған музыкасы да көрермен жүртқа қатты ұнады. Әсіресе Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артистері Әлібек Дінішев (Санат) пен Хорлан Қалиламбекова (Қатя) әндері (дуэт және дара күйінде де) жаныңа да, жүрегіңе де шымырлап барып, бойыңды алып кетеді. Абай айтқан «шымырлап бойға жайылған» еске түседі. Тегінде, осы екі жас қазақ операсының ендігі ажар-көркі де, көрермен жүртшылықтың сағынып отыратын әншілері болар-ақ. (Хорлан) Катя мен Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі Людмила Асланованың лирикалық дуэттері де сондай, музыкадағы таныс-бейтанысың кездескендей қуана тыңдайсың.

Сонымен жаңа операның бір көргенде-ақ композитордың осындай табыстары есіңде қалады.

Спектакльді қойған Қазақстанның еңбегі сіңген артисі режиссер Борис Рябикиннің еңбегін де ерекше атағымыз келеді. Қазақстан жүртшылығы тың жерді игерудің бірінші бороздасынан бастап астық түсімін эталонға айналған миллиард пұтқа жеткізгенше басы-қасында болған екі адамды, жақсы біледі. Олар тың жердің болашағы үшін түнгі ұйқыны төрт бөліп, он ойланып, жүз толғанған адамдар. Ол адамдар — ҚПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғары Советі Президиумының Председателі Леонид Ильич Брежнев, ҚПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Бұл адамдар сахналық геройлар емес, Отанымыздың саяси және мемлекеттік басшылары. Солай бола тұрса да тыңға арналған операда қалайда ретін тауып, бұл екі адамның басшылық рольдерін көрсету керек. Режиссер осы қиыншылықтың шешімін дұрыс тапқан — кино кадрлары арқылы шешкен; сахнада жүріп жатқан оқиғаларды кезінде түсірілген кино кадрлары толықтырып отырса, кинода көрсетілген жағдайларды сахнадағы оқиғалар толықтырып отырады. Бұл өте сәтті шыққан. Сырт қарағанда бірінебірінің үйлесімі жоқ көркем өнердің екі саласын режиссер Б. Рябикин өте шебер қиыстырған. Бұл арада теориялық қисыннан гөрі «қалауын тапса қар жанар» дейтін қазақ мақалы еске түседі.

Бұл ойымыздан кез келген операға киноны араластыра беруге болады деген байлам шықпайды. Опера былай тұрсын, драмалық спектакльдерге де киноны араластырып көрген режиссерлер бізде болған. Бірақ, одан ешнәрсе шықпай қалған. Әрбір тоғысар мен қиысардың өз заңдылығы, өз үйлесімі табылу керек.

Опера әлі көп жүрген жоқ. Көрінісіне көз үйренген сайын, ойнаушылары сахнада жүріп-тұруға қалыптасқан сайын опе-

раның ішкі қасиеттері де ашыла түспек. Көрермен жұрт әншіге іштей өзі қосылып отыратын кезі да келер. Сол тұста сның барлық сыры да, сыны да толық көрінетін болар.

Әзірше біз сезінгенімізді қуаныш етіп, жаңа тақырыпқа жазылған жаңа операға құтты қадам тілеумен тоқтала тұрғымыз келеді.

Халық қазынасы

«Елу жылда ел жаңа» дейді қазақ даналығы. Бүгінгі жанарған еліміздің, көркейген еліміздің басынан өткен алпыс жылдың ішінде ұлттық мәдениет, ұлттық көркем әдебиет, ұлттық көркем өнер деп аталатын әр саламен өрістеген рухани байлығымыздың талай белдерден асып, талай биікке көтерілгенін көреміз. Сан жағынан ғана емес, әр өнердің тұлғасы мен тұрқы, іші мен сырты жағынан да солай.

Біз коммунистік ұлы эраның алпыс рет қас қаққандай ғана бір мезгілін өтіп отырмыз. Ұлттық мәдениетіміз, әдебиетіміз, көркем өнердің әрбір саласы осы мезгілдің ішінде қандай биікке көтерілсе де бәрінің де тың топырағы — социализм дәуірі. Осы дәуірде өрісі кеңіп, өрісі биіктегеін жалпы мәдениетіміздің өзгеріс-жаңарысы, молығу-толығуы ешбір елдің тарихында болған емес.

Бізде реалистік поэзия Абай мен Махамбеттен, қыл қалам өнері Шоқаннан басталады. Поэзияда Абай көшін іле-шала шыққан советтік дәуірдің атақты ақындары Абай мен Махамбеттің реалистік поэзиясын әрі жалғастырып, әрі революциялық жаңа әуенмен көтеріп әкетті. Абай, Біржан, Ақан сері, Жаяу Мұса, Ыбырай әндері де, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет күйлері де солай жаңа дәуірімізбен үзіксіз, кінәратсыз жалғасып кетті. Бұлар мұрагерлі, ұрпақты екен.

Қыл-қалам мен архитектура өнерлерінің өсу жолдары бұл айтылғандардан бөлегірек болды. Шоқан мен совет дәуірінде туған суретшілеріміздің арасына сексен-тоқсан жыл түскенін еске алсақ, қыл-қалам өнері советтік дәуірдің өз жемісі екеніне дауласпасақ керек. Ал енді, бізде көне замандардан бері келе жатқан даусыз архитектуралық өнеріміз киіз үй де, яғни қазіргі есейіп қалған архитектурамыз совет дәуірінің қол-тумасы.

Ескере отыратын белгілі жайларымыз бар. Бұрын басы қосылмаған домбыра мен қобыздың барлық алыс-жақын жұрағаттарымен бірге ұлттық оркестрге айналуы үшін тілек қана емес, талантпен бірге білім керек еді. Дала даусын, дала әндерін, далада, кейде домбыра шегінде, кейде қобыз қылында

туған күйді европалық оркестрмен жалғастырып, достастыруға одан анағұрлым терең білім, анағұрлым ауыр еңбек керек еді.

Ән бар еді, күй бар еді, әнші бар еді, күйші бар еді. Бірақ бұлардың бір де бірі опералық түрге жанаспаған, өзінің байырғы қалпында жеке-жеке өскен, жеке-жеке орындалып келген.

Бізде қазір ұлт оркестрі, симфониялық оркестр, концерттік музыканың барлық түрлері, опера театры, ондаған музыка мектептері, музыкалық өнердің ең жоғарғы сатысына қол жеткізетін консерваториямыз бар. Мұның бәрі де осы алпыс жылдың ішіндегі табыстарымыз. Мен сол көп арнамен өрістеп келе жатқан үлкен шиыр музыкалық табыстарымыздың ішінен қазақ операсы жайында бір-екі ауыз сөз айтқым келеді.

«Өнеріміз өсті, өркендеді» деген сөз еліміздің өнерге қояр талабы өсті деген сөз. Оның аржағында кең мағынада өскен-есейген мәдениет жатады. Бір кезде жалғыз әншімен, жалғыз күйшімен қанағаттанатын халқымыздың мәдениеті көтерілуіне орай 1934 жылы опера театрының шымылдығы ашылды. Бірінің артынан бірі аз жылдардың ішінде «Айман-Шолпан», «Қыз Жібек», «Шұға», «Жалбыр», «Ер Тарғын», «Тереңкөл», «Бекет» сияқты опералар дүниеге келді. Операның либреттосын жазуға қазақтың барлық басты жазушылары — Бейімбет, Мұхтар, Сәбит, Әбділда, Қажым, Қамал (Сағыров) тағы басқалар жабыла қатынасты. Опера театрын құрып, опералық музыкаға алғашқы адым жасауды біз кезінде тарихи адым деп есептедік. Әуесқойлық емес, қалжың емес, нағыз талант сыналар, ең биік сатыға көтерілу мәселесі деп қарадық.

Алғашқы опералардың —«Қыз Жібек», «Шұға», «Жалбыр», «Ер Тарғын» музыкасын халық әндерінен жеке-дара құрастырған Евгений Брусиловский. Осы күні оның еңбектерін оңайға сайып, мұрнын шүйіретіндер де бары байқалады. Ол әділет емес. Мың жарым халық әндерін жинап берген Затаевич пен халық ән-күйлерінен құрастырып бес-алты опера жазған Брусиловскийдің еңбектерін қашанда үлкен алғыспен еске алуымыз керек. Оның үстіне осы күнгі композиторларымыздың көбі соның шәкірті.

Брусиловский еңбектерінің ең берісі мынадай жақтарын жете бағаламау барып тұрған қиянат болар еді. Бірінші, ол либреттоның мазмұнына қарай Қазақстанның төрт бұрышында туған ән мен күйдің бәрін екшеп-елеп, осы тақырыпқа ұнамдыларын алып отырды. Осы беталыс арқылы батыстың ән-күйлері шығысқа жетті, оңтүстықтың ән-күйлері солтүстыққа жетті. Бұрын бірінің ән-күйлерін бірі біле бермейтін алыс жататын елдер ұлттық ән-күйлердің өзінен баи түсті. Операға барған адам үйіне тағы бір жаңа ән алып қайтатын кездеріміз болды. Брусиловский мен Мұқан Төлебаев марқұмның

айтуларынша мен музыкалық жақтан атақты саңыраулардың бірімін. Солай бола тұрсам да сол алғашқы опералар арқылы мен Қазақстанның төрт құбыласының әндерін түгел үйрендім, домбыраға да қоса аламын. Сол әндердің либретто жазуға да жәрдемі аз болған жоқ.

Екінші, драматургиядан хабары бар адам музыкалық драматургиядан да хабары болуға тиіс. Брусиловский әрқайсысы өз бетімен туған халық әндерінен музыкалық драматургиясы толыққанды опералар тудырды. Мұны еңбек деп бағаламау да әділетке жатпаса керек. Айтайық дегеніміз түсініктірек болу үшін қайталай кетейік — оқиғалық драматургия мен музыкалық драматургияны шебер қосақтай алды.

Осы айтылғандарымызға тығыз байланысты тағы бірер мәселе бар. Опера сияқты өнердің ең биігіне қадам басқанда халықтың ғасырлар бойы шындалған әні мен күйі сияқты алтын қорын аяққа басып аттап кетуге болар ма еді? Жоқ, әрине! Оны істей коймаса да, халықтың алтын қорын менсінбей, өз жазғандарын алтын деп ұсынғандардың «еңбектері» алтын емес, бақыр болып шығып, тастандыға қосылып қалып келеді. Дұрысына тоқталар болсақ, алғашқы операларымыздың тақырыптары да, музыкасы да халықтық болуы табиғи бастама болатын. Олай болмаса тосын халық «опера дегенің бір ойыншық екен» деп жоламай да қояр еді. Бастамасы дұрыс болғандықтан көрермен жұртшылық бүгінгі жаңа музыкаға да жатсырамай үйреніп кетті. Композитор Брусиловскийді құрметтеуді керек ететін тағы бір адал еңбегі — біздің халықтық ән-күйімізді жоғары бағалауында. Брусиловскийдің осы қасиеттерін Мұқан марқұм қатты бағалайтын еді. Мұқанның «Аманкелді» операсын Брусиловскиймен қосылып жазғаны, «Қозы-Көрпеш» операсын бірге жазбақ болып жүрген себебі осында болатын. Одан Мұқан ұтылған жоқ — кейінірек, өзі жалғыз жазған операсы «Біржан-Сара» біздің ең мақтаулы операмыз болып қалды.

Брусиловскиймен тұстас шыққан Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсы да «Біржан-Сарамен» теңдес, біздің классикамызға жатады.

Қазір біз музыка кадрларына тіпті кедей емеспіз. Брусиловский мен Жұбановтардың тұсындағы шәкірттері көшелі композитор биігіне көтерілді. Еркеғали Рахмадиев, Ғазиза Жұбанова, Сыдық Мұхамеджанов сияқты одақтық көлемде танылған опералық композиторларымыз бар. Тілендиев, Хасанғалиев, Қалдаяқов, Еспаев марқұм, Жұманиязов — программаларымызды ұстап тұрған сенімді таланттар. Осылар арқылы жаңа музыка, жалпылап айқанда, музыкалық жаңалықтарымыз өзінің әуенін тауып орнығып келеді.

Бұдан алпыс жыл бұрын біздің барлық эпос, жалғыз жыр-

нал, жалғыз газетіміз, жеке кітаптарымыз Қазанда, Орынборда, Ташкенде басылатын. Бүгін біз музыкалық ноталарды, тұтас опера музыкасын өзіміз баса алатын болыппыз. Міне, менің алдымда бірінші болып баспаға кеткелі отырған Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсы жатыр.

«Қыз Жібек» операсының бірінші болып басылып шыққалы отырғанына бірнеше моральдық себептер бар. Ол бірінші онкүндігімізде бірінші болып Москва халқына танылды (1936 жыл). Екінші, сахнаға қойылған күннен бастап, көп үзбей қойылып отырып, 1968 жылы мыңыншы спектаклін көрсетті. Мазмұндық арқауы азғана ширатыла түскен лирикалық эпосымыз, музыкасы түгел халықтың өз әндерінен, өз күйлерінен құралған операларымыздың ішінде бұдан көп жасағаны әзір жоқ. Либретто жағынан қарасақ бұдан жеңіл жасалған мазмұндық желі кемде-кем-ақ болар. Үшінші, «Қыз Жібек»— Күләш еді, Күләш —«Қыз Жібек» еді дерлік бір жағдай тағы бар.

Еркек дауыстары қанша күшті, қанша жеткілікті болса да сенімді әйел даусы болмай тұрып опера тумайды. Қазақ операсы құрылғанда сол сенімді дауыс, сахнаның ортан қазығы, қазақ бұлбұлы атанған, жиырма төрт жасында СССР Халық артисі атағын алған Күләш болды. Күләштің атына осындай тығыз байланысы бар «Қыз Жібектің» баспаға бірінші болып кетіп жатқаны заңды, әрине.

Аз жылдардың ішінде әлденеше опера жазып шығарған Брусиловскийге біздің әнші-артистеріміздің көп жәрдемі тиді. Күләш, Үрия, Құрманбек, Манарбек, Ғарифолла тағы басқа әншілеріміз өздері білетінді аяған жоқ, композитордың ұлттық ән-күйден жасалып келе жатқан қорын ылғи молайтып отырды. Осының арқасында Брусиловский жазған опералардың бәрінде де төрт құбыламыздың ән-күйі түгел жүреді.

Біз опера құрған кезде драмалық театрдан ауыстырған, елден жинап алған артистеріміздің ішінде музыкалық мектептің есігін ашқан бір пенде жоқ еді. Күләштің «әу деп аузын ашқаны» «Айман-Шолпандағы» «Ақ Толғай» әні болатын. Біздің опера артистері түп-түгел спектакль үстінде өсті. Спектакльге дейінгі көргендері — хормейстрдің ат үсті үйретуі. Халық жыры, халықтың ән-күйі, халықтың талантты жастары, әншілері, артистері — алғаш опера құрғандағы жайымыз осы да. Бұдан бес-алты жыл бұрын драмалық театрымыз құрылғанда да сахна мектебінен өткен бір артист болған жоқ еді. Артист түгіл режиссерларымыздың өзі де осы жолмен өскен-ді.

Жас Күләштің әншілігі де, даусы да, артистігі де «Қыз Жібек» үстінде толықты. Күләштің бұл кездегі даусында ерекше бір үнділік, үнділігінде қоңыраулық болушы еді. СССР Халық артисткасы, ұлы атанған әнші Нежданова Анто-

нина Васильевна Күләшті «Чудо»— деді. 1936 жылғы онкүндікте бірінші күні қойылған «Қыз Жібек» еді. Саяси Бюро мүшелері соңғы актысына келді. Ертең «Жалбыр» қойылатын еді. Сол құрметті қонақтар «Жалбырды» арғы күнге қалдырып, ертең тағы да «Қыз Жібекті» көрсетуді өтінді. Ақырында, әрине, солай болды. Москва қазақ халқының ән-күй өнерінің ерекше сазды, әуенді екендігімен де танысты, оны орындайтын аскан шебер әншілерімен де танысты.

«Қыз Жібек» халқымыздың өз ән-күй байлығынан құрастырылған опера. «Біржан — Сара» мен «Абайға» дейінгі опералардың —«Ер Тарғын», «Шұға», «Жалбыр», тағы басқалары — бәрі де солай, бәрі де бір сүрлеумен жасалған. Ойнаған артистердің бәрі де мектеп көрмеген, халықтық таланттар. Бұл бір дәуір еді, енді ол аяқталды. Бұл дәуірдің операларының ақырындап-ақырындап сахнада жүруден тоқтала береді, әрине. Оның үстіне қырық бес жыл ішінде неше рет қайта қойылса, сонша музыкасына кірген, неше рет жаңа артист ойнаса, сонша текстіге кіріп кеткен қосындылар бар. Операларды музыкасы мен текстін бірге бастырып шығарудың солай қосындылардан тазарту мәні де үлкен. Тек баспаға беруден бұрын операның музыкасы мен текстің дұрыстығына қатты назар аудару керек.

Операларды бастырып шығару деген сол елдің рухани мәдениетінің дәуірлеген кезін аңдатады. Жоғарыда шет-жағалап болса да композиторларымыздың баршылығын, музыкалық мәдениетіміздің әрбір саласы толығып келе жатқанын ескерттік. Өткен жылы ашылған көркем өнер баспасы осы айтылғандардың табан аудартпас дәлелі. Өйткені, көркем өнер баспасы деген өзінен өзі кең көлемде өрістеген мәдениет белгісі.

Көркем өнер баспасы туа сала қазақ операларын басып шығаруды қолға алғаны игілікті жұмыс. Бірі емес, барлық операларымыз бірінің артынан бірі басылып шығар деп қалтқысыз сенеміз! Жалғыз опералар емес, барлық елеулі ескіліжаңалы ән-күйлеріміздің бәрі де басылып шығуға керек! Солармен бірге Затаевичтің еңбектері де стереотип әдісімен қайталануға тиісті. Халықтың қазыналық қоры осылай молыға бермек.

Жол болсын, баспадан шығып библиотекалық қор болуға айналмақ қазақ халқының ән-күй өнері, музыкасы!

Жол болсын, басылып шыққалы әзірленіп жатқан қазақ операларының!

Жол болсын, «Қыз Жібек!»..

Мұралық қор бастамасы

Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми кітапханасы соңғы жылдарда бастырып шығарған үш еңбегі — екі том ескі қолжазбалар тізімі, бір том революцияға дейін қазақ тілінде басылып шыққан әдеби кітаптар тізімі мен үшін үлкен қуаныш болды. Бұл еңбектер әдебиет зерттейін ғалымдарымыз бен ақын-жазушыларымызға да түгел ортақ қуаныш болды деп ойлаймын.

Ғасырлар бойында жасалған ертегілеріміз, жырларымыз, мақал-мәтел, жұмбақтарымыз, сала-сала ауыз әдебиетіміз, бертінде туған жазба әдебиетіміз XIX ғасырдың ішінде баспа бетіне іліккені мәлім. Бірақ, сол басылып шыққан мұраларымыздың өзі жиналмай келгені де мәлім. Сол ұзақ ғасырлар бойында қазақ тілінде қанша кітап жазылды, қанша кітап баспадан шықты, оны кім білген, кім ескерген?! Академиямыздың ғылыми кітапханасының директоры, экономика ғылымының докторы, қадірлі қарындас Нұрхан Бәтішқызы Ахметова жолдасқа да бір алғысымды айтамын, әрі тілектестігімді білдіремін.

Қазақ тілінде бірінші болып басылып шыққан «Сейфілмәлік» хиссасы екен (1807 ж.) Революцияға дейін ең соңғы басылған «Жұм-жұма» хиссасы (1917 ж.) Осы жүз он жылдың ішінде басылып шыққан кітаптар саны 499. Бұл сан әлі көбейе де түседі, азая да түседі. Көбейе түсетіні — әлі табылмаған бұл тізімге кірмеген кітаптар бар, (бала кезімізде талай рет үрейленіп жатып естіген ертегілеріміздің көбі әлі баспа бетіне шыққан жоқ екен). Азая түсетіні —«Біржан-Сара айтысы», «Қозы-Көрпеш», «Ер Тарғын» поэмалары әлденеше рет қайталанып басылған.

Бізбен тілі бір ағайындас елдерде қай уақытта қанша кітап басылып шыққанын мен білмеймін, қазақ сияқты өзіндік баспаханасы болмаған елде бір ғасырдың ішінде әдеби кітаптарының 499 рет басылып шығуы тіпті аз емес.

Қазақ әдеби кітаптарын ең көп басып отырған Қазан қаласы екен. Петербургта төрт кітап басылған — Абай жинағы, В. В. Радлов, Березин хрестоматиялары, М. Мировьев — қазақ түсінігіндегі жын-шайтан, дию-перілер, туралы Ташкентте үш-төрт кітап, Орынборда сол шамалы, Семейде екеу. Қазақ әдеби кітаптарының нағыз баспаханасы Қазанда болыпты. Қазан университетінен бастап 14—15 баспа орындары қазақ кітаптарын бір ғасырдың ішінде үзбей басып отырыпты. Мен сол Қазан қаласына, Қазан университетіне өлшеусіз үлкен алғыс айтқым келеді.

Өз қарабасым Радлов, Березин, Алтынсарин хрестоматияларын ғана білуші едім. Мына тізімге қарап отырсам, XIX

ғасырда басылып шыққан қазақ әдебиетінің хрестоматиясы оннан асады екен.

А. В. Васильев, Я. Я. Лютчь, И. Лапев, Сайдалин — Жантурин, тағы басқа хрестоматия авторлары барын мен білмейтінмін. Білетін жолдастар ол еңбектерді «жеке меншік» ретінде бауырына басып отырса, оны өздері біледі. Олай етпеу керек. Сол хрестоматияларды, түгел жинап, сұрыптап алып, ең берісі екі-үш том етіп әдеби мұраларымыздың төлбасы ретінде бастырып шығаруымыз керек.

Мен А. С. Пушкиннің «Қапитан қызы» дейтін романы қазақ тіліне аударылып басылып шыққанын да білмейтін едім. Мың жасағыр Молданияз Бекимов деген бір азамат аударып, Қазанда И. Н. Харитонов баспасында 1903 жылы бастырып шығарыпты. Өз бетімен осыны істеп жүрген Молданияздың аты да атаусыз қалмауы керек. (Тізімде Молданиязов деп қате көрсетілген).

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі М. Қаратаев «Оны біз білетінбіз» деді. Білген адамдар мен жазушыларымыздың оны осы күнге дейін ауыздарына алмай, қайта бастыруды көтермей келгендері бекер болған. Пушкиннің жүз жылдығы біздің тұсымызда өтпеді ме? Біз Пушкинді бауырлас елдердің көбінен бұрын аударған елміз. Татьянаға Қапитан қызын, Онегинге Емельянді қоса атай жүрсек, артық болатын ба еді!

Кітаптар тізімінде Абай қатысқан ерекше маңызы бар бір әрекет жайы 1886 жылы Қазанда басылып шығыпты:

«Семей облысының бас дуанының барша халқының сайланмыш адамдарының 1885 жылында май айында, Шар бойында, Қарамола съезінде жасалмыш «ЕРЕЖЕДҮР»— деп аталады.

Ушбу 74 бапты ЕРЕЖЕНІ біздер жасадық, қазақ ресіминше таза көңіліміз һәм ғаделетіміз илан уәһәм растығына»[1] ишанамыз.

Барымташыға һәм ұрыға өлсе құн жоқ (28-ші бап).

Суға кетіп бара жатқандарға, өрт уағында көмек көрсетпегендерге бас тоғыз бірлән ғайыпталадур (35-ші бап).

Байы өлген жесір қатын сүйсе, байының бір туысқан бауырына... ағайынына тиеді, егер тимесе, ехтияры өзінде (47-ші бап). (Осы ережені жасауға Ибраһим Құнанбайұлы қатысқаны айтылған).

«ЕРЕЖЕ» шариғат емес, қазақ халқының өз ұғымында бұлжымайтын, бұзуға болмайтын заң. Ереже әдет-ғұрыптың жинағы да емес. Әдет-ғұрыпты ретіне қарай сақтай отырып жасалған әлеуметтік тұрмыстың үстем ойы мен үстем тілегінің айнасы.

[1] Бұл «дұрыстығына» деген сөз болуы мүмкін, ескі арапшада бұл екі сөздің жазылуында сырт ұқсастығы болатын. Ғ. М.

Атақты Тәуке ханның Ережесінен («Күлтөбенің басында күнде кеңес») кейін туған, мүмкін, Шоқан мен Абай ойларының әсерімен туған Ережелердің бірі осы. Ақмола облысында да осындай Ереже алынған. Бұл екі Ереженің арасы да жақын. Осындай бір тағайындалған тәртіп болуына Сібір генерал-губернаторы да себепкер болғанға ұқсайды. Тегінде, осы Ережелерді ғылыми көзбен қарап, өз тұсындағы қоғамдық, саяси жағдайларды да ескере отырып, бағалап шығу да боска кеткен еңбек болмас еді.

Әдеби кітаптар тізіміне қолға түскеннен кейін кіретін, әзірше сұрау салу үстінде бола тұратын кітап аттары болу керек. Бұл ізденуге «кәріқұлақты» адамдар түгел қатысар деп сенуіміз керек. Мен өзім үш кітапқа жоқтау саламын — Қазанда шыққан Абай жинағы, Сұлушаш поэмасы, орыс әрпімен басылып қазақ тілінде шыққан «Енжіл». (1917—1921 жылдары Пресногорьков жоғары дәрежелі бастауыш мектебінде болушы еді).

«Сұлушаш» поэмасы:

Бәт құндыз қыз балаға
жарасқандай,
Тұман жоқ ер жігітке
адасқандай,
Саласын Сарторғайдың мекен еткен
Бар екен Қантай атты бір асқан бай.
Сұлушаш Қантай байдың жалғыз қызы,
Сипаты хор қызымен таласқандай...

деп басталатын.

Тозығы жеткен «Сұлушаш» кітапшасы Обаған бойындағы «Жаман тымақ» елі Сеймолда Қарасарт ұлының қойнында жүреді екен. Өзі хат танымайды. Мен оқыдым, ол жаттап алып айтатын болды.

Тізімге кірген әдеби кітаптардың бәрі де арап әрпінде шыққан: арап әліппесінің ескісімен де («Қадим»), жаңасымен де басылғандары бар екен («Жәдит»). Осы күнгі сауатты адамдарымыз ондайдың бәрін біле бермейді. Сондықтан қате ұғынылған сөздер бар:

Мәтбуғат хана кейде табиғат хата деп оқылған.

Шәмбіл шәһары — Жамбыл қаласы деп оқылып осылай басылған.

Өткен ғасырларда еш жерде Жамбыл деген қала болған емес. Шәмбіл шәһары «Көруғлы» хиссасында кездеседі. Көруғлы көрде өлген анадан туады ғой. Әлденеше жасқа дейін өлі анасын еміп күн көреді. Бір кезде баланы нағашысы көріп, күн бойы қуып ұстап әкетеді... Есі кіре келе бала шешесінің басына келіп:

— Он екіде мен келермін қасына,
Нағашымда көрген күнім осы ма...
Шәмбіл — білдей шәһар салармын басыңа!—

деп зарланады.

«Көрұғлыны» мен тым жас кезімде оқыдым. Үйіміздегі төрт-бес кітапшаның бірі сол еді. Қай варианты екенін кім білген. Мына төрт жол өлеңнің де үшінші жолы есімнен шығып кетіпті. Бірақ, жас бала Көрұғлы қолында шыбық өзінің нәсебін былғалап отырып айтатыны есімде қалыпты. Шәмбіл шәһары деген осыдан басталады. (Мен Көрұғлының осы вариантына да сұрау салғым келеді. Қітаптар тізіміне кіргені басқа варианты *Ғ. М.*).

Ғылыми еңбектерде мұндай ұсақ-ұландарға да мән бермеуге болмайды.

Әдеби кітаптар тізіміне кірген шығармалардың басым көпшілігі әрине, хиссалар. Соның ішінде ең үлкен, ең қызық, ұзынды-көлденеңді сюжеттер шытырманына құрылған хисса Шаһмаран — жыландар патшасы. Шаһмаранның түп төркіні тотының тарауы, «Мың бір түн» сиякты жалпы шығыс болғанымен оны өлеңмен жазылған романға айналдырған Мырзажүсіп Нұрымғалиұғлы да атаусыз қалмауға тиісті үлкен ақын.

Қітаптар тізімінде мәні бар мұралығымыз осы айтылғандар ғана емес. Жарым қара өлеңдетіп, жарым хиссалатып келетін өлең түрлері Махамбет пен Абайға жанаса беріп тоқырағанын да осы тізімнен көруге болады. Ыбырайға ілесе көп ақындар оқу-ағарту тілектерін де көтере бастапты.

Қысқасы, бұл еңбектер біреу білсе де, біреу білмейтін рухани мәдениетіміздің түп тамырынан бастап түгел жинауға арналған еңбек.

Қазір көркемөнер баспасы барлық ұлттық операларымызды түгел басып шығаруды қолға алды. Барлық жақсы бағаланған кинофильмдерді де басып шығармақ. Осының бәрі халқымыздың рухани байлығын жеткен жерінде тастап кете бермей, мұралық қор жасауға арналған баға жетпес еңбек.

Халықтық музыка театры керек

Соңғы жылдарда ұлы орыс халқының мәдениеті жаңа дәуірімізге сай өркендеу-өрлеуімен бірге өзінің түп-тамырлық қорларын да көңіл қоя жинастырып, кешегі мен бүгінгісін ертеңгі болашағымен өзектестіргелі келеді. Қалининград қаласынан ұлы мұзды мұхитқа дейін, Орта Азияның орта тұсынан солтүстік мұхиттың төр-төбесіне шаншылған қызыл туға дейін жайлаған халықтың қашаннан бергі әндері мен жалпы музыкалық және жалпы көркем өнерге жататын басқа мұралары да ынталы көңілмен, менмендік жоқ, менсіпеу жоқ, ғылыми дәлдік шындығымен жиналып жатыр. Бұл барынша игілікті жұмыс, совет елдеріне түгел өнеге. Ата-бабалардың аманаты, үрім-бұтақ алдындағы парызың!

Осындай терең мағыналы әрекеттерді көре-біле отырғанда өз үйің де есіңе түседі. Барлық қуанышты жетістіктерімен, мұң-мұңайыстарымен көз алдыңа келеді. Халқымыздың ән-күйлері оншақты опера жасауға жетті, әлі де сарқылған жоқ. Сонымен бірге... ие-сонымен бірге көре тұра, біле тұра оны құрметтемейтін, мән бермейтін салғырттығымыз тағы бар.

Міне, менің алдымда борланған аппақ қағазға «Қайнар» баспасы бар өнерін салып бастырып шығарған ән өлеңдерінің жинағы жатыр — 390 беттік кітап. Кітаптың супер-тыстамасы да бар. Тыстамада аты да бар. Аты екеу: 1 — «Қазақ әндері», 2 — «Ауыл кеші көңілді», «Түзетіліп, толықтырылып екінші рет басылуы» деген ескертпесі де бар. Құрастырған Х. Тілемісов.

Мен осы кітаппен түсінісе алмай отырмын. Әуелі екі бірдей атты неге қойды екен деп ойланып едім, таба алмадым. «Қазаншының қайдан құлақ шығарса да еркі бар» шығар дедім де тоқтадым. Содан кейін кітаптың сыртын қалдыра тұрып ішіне көз салып едім, сыртының бір сыры ашылды. Кітап тіпті әндердің жинағы емес екен! Кітаптың бірінші бетінен соңғы бетіне дейін бір әннің нотасы жоқ. Бұл бұрынғыша айтқанда әндердің өлеңдері, жаңаша айтқанда «сөздері». Ән мен өлеңнің («сөздің») қандай айырмасы барын «Қайнар» басшылары білмейді екен деп кінәлау орынсыз болар еді. Әттең, халық туындысы деген «болмашыға» құрмет көрсетер көңіл болмапты! Барсын... кім тексеріп жатыр... Көретін-білетіндердің қыңқ етпесіне сенім де бар. Олар өздеріне керектен басқаға мойын бұра бермейді.

Енді «Түзетіліп, толықтырылып екінші рет басылып шыққан кітаптың» бетін ашайық. Ән өлеңдерінің («сөздерінің») жайын көрейік. Жинақтың «Халық әндерінен», «Халық композиторлары әндерінен» деген бөлімдерін оқи бастасаң болды — өрескел қателерге кездесе бересің. Біреудің бөркін біреуге кигізіп қойған. Белгілі өлеңдерді бұзып-жарып, ақын-сымақтардың ескі-сымақ етіп жазған ұсқынсыз өлеңдерімен айырбастапты.

Жинаққа үш «Ардақ» кіріпті. Біреуі Жүсіпбек марқұм айтатын әйгілі «Ардақ», енді екеуі «Үлкен Ардақ», «Кіші Ардақ» Әсетке берілген екен, Шахмет марқұм айтқандай, «ухам сомнение». Біреуінің өлеңі мынау:

Ат қайда Ақбақайдай шаппай желген,
Қыз қайда Ардақ жандай көзі күлген.
Алыстан әдейі арнап келгенімде
Айттырмай ішкі сырды өзі білген...

(Түгел қолдан қосылған жалғасы да бар).

Жинақтың бас жағында «Ақбақай» әнінің өлеңі өзіне берілгенін құрастырушы ұмытып кетсе, есіне салған дұрыс болар:

Ат қайда Ақбақайдай шаппай желген,
Қыз қайда құдашадай көзі күлген.
Алыстан ат арытып келгенімде,
Шақыртпай еш адамға өзі келген.

«Ақбақай» әнінің жұрт білетін дұрыс тексті осы. Бірақ бұған да «қолтума» қоспа беріліпті.

«Тілеуқабақ» әніне мынадай қоспа текст беріпті:

Айқайлап ән салайын Тілеуқабақ
Керілер өлең айтсам қас пен қабақ.
(Көңілдің қуанышын жырға бөлеп
Келді ғой бар дауыспен шырқайтын шақ).
Әніме мен салайын Тілеуқабақ,
Керілер өлең айтсам қас пен қабақ.
(Көңілдің жатсам-тұрсам арманы сол
Бергей деп мандайыма бармақтай бақ).

Бұл екі ауыз өленнің жақшаға алынған төрт жолдары түгел қоспа, «идеялық түзетулер».

«Тілеуқабақ» өз өлеңі мынау:

Әніме мен салайын Тілеуқабақ,
Ән салсам бірге ойнайды қас пен қабақ
Бергенше талайыма таудай талап,
Берсейші мандайыма бармақтай бақ.

Өткен заман ақындарының өз түсініктері, өз сенімдері бар. Оны бүгінгі заманға бейімдеп өңдеп алар болсақ, ол ойлардың қайдан келгенін, қашан туғанын түсіндіру де керек болар.

Біржан-салдың «Жайма-шуақ» әніндегі өлеңі «Жалғыз арша» әніне де беріліпті. («Көл жағалай бітеді көкше құрақ»).

«Алтай» әніне мынадай «ғажап» текст беріліпті:

Азияның Алтайым, қазынасы,
Алтын-күміс, мысы мен таусылмас асыл тасы.
Өндірісін Риддер өркендеткен,
Сартылдайды жұмыскердің жаңғырған айбалтасы.

Ән білер, өленге түсінер адамға марқұм Жамал Омарова айтатын «Алтай» артығымен жетіп жатыр. Ал енді мына келтірілгендей сорақыны өлең деп ауызбен айту түгіл ішіңнен оқуға да ұят. Амал не, осыны да «Халық әндерінен» деп беріпті.

«Заулатшы-ай» деген әнге мынадай өлең беріліпті:

Артель ұйым біріккен ұранды бір,
Сұлу қыздай есіткен бір терең сыр...

(Өлең-ақ емес пе! Халық әндерін шығарған адамдар Риддер үлкен өндіріс боларын, елде колхоз боларын өз дәуірлерінде-ақ біледі екен ғой).

«Жас келін» әніне берілген жаңа өлең мынадай:

Жетісу келген жерім Қыбырай елі,
Алатау бөктерінде қонған жері.
Ақбасты Алатаудың құшағында
Айнадай жарқыраған Ыстықкөлі.

(Тағы да сегіз жол қоспасы бар).

Жұрт білетін «Жас келіннің» бұрынғы өлеңі мынау:

Жетісу келген жерім, елім Қыбырай,
Жаратқан етек-жеңін кең қып құдай.
Келін боп осы еліме келген күні
Ән салдым сұраған соң Жәкем болмай.

(Соңғы екі жолын әркім әртүрлі айта бергенімен мағынасы осы).

Көрерсіз айды-ай,
Білерсіз жайды-ай,
Жас келін ән салуға жалықпайды,—ай.

Өзгені былай қойғанда, осы қайырма өңдеушінің жолдарына жанасып тұр ма? Жоқ, жанаспайды. Сонымен бірге бір ауыз өлеңге үш түрлі қиянат жасалған. Бірінші, жас келіннің өз өлеңі ылғи созымтал «ай» дыбыстарымен аяқталады, әншінің айтуына ыңғайлы. Екінші, «етек-жеңі кең» деген сөздерде — жерім кең, елім бай, аққөңіл, мырза, қонақжай деген мағына бар ғой. Елін мақтаған өлең жинақты құрастырушыға не себепті ұнамаған? Үшінші, жаңа түскен жас келінге Жәкең деген жасы үлкен адам (қайын-ағасы дейді) ән сал деп өтінсе, жас келін именбай ән салса, мұның өзі бай ауылдың тыйым салу дәстүрлерін бұзу емес пе? Ән лебізі қандай жылы-жұмсақ болса, өлеңдері де сондай мағыналы ғой. Бұл сізге неге жақпайды?

Егер осы жас келіннің өзін, қай заманда болғанын білетін адамдар болса, мен ондай әрі ақын, әрі әнші, әрі өз жанынан ән шығара алатын дарынды жанды атаусыз қалдыруға болмайды дегім келеді. Сара, Майра сияқты бұл да ізделетін, табатын талант. Әзірше сол таланттың қалдырған аз мұрасына арам қол тигізбейік те.

Әйтеуір сөз қозғалған соң айта кетейік. Халықтың ән өлеңдері тағы да «түзетіліп, толықтырылып» басыла қалса. «Бес қарагер», «Гурьев» сияқты әндер, Иман-Жүсіп, Қанапия сияқты әнін де, өлеңін де өздері шығарған әрі ақын, әрі композитор адамдар ұмытылмағаны дұрыс болар еді.

«Халық әндерінен» деген бөлімге Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов және мен үшеуіміз де кіріп кетіппіз. Жинақ жоға-

рыда ескертілгендей ән жинағы емес, әннің өлеңдерінің («сөздерінің») жинағы болған соң, жинақ басылып шыққалы үш жылдан асса да ешкім үн шығармаған соң, жол-жөнекей болса да ескерте кетуге тура келді (қаламақы даулайтын біз жоқ, сондықтан мұның ерсілігі де бола қоймас). Жинақтағы «Маусымжан» әнінің өлеңі Бейімбет Майлиндікі («Шұғадан»), «Балқурай» әнінің өлеңі Мұхтар Әуезовтікі («Айман-Шолпаннан»), «Қаракөз» әнінің өлеңі менікі («Қыз-Жібектен»).

Осынша былықтырмалар қайдан туады. Кімнің қолы бұл? Сырттан келген жау жоқ. Әр өнердің бірінші досы да, жауы да өз ішінде. Өз жазғандарын жазған күйінде баспаға өткізе алмайтын, жайдан-жай ақын атанғысы келетін ақын-сымақтар бар, әнші атанғысы келетін әнші-сымақтар бар, артист атанғысы келетін артист-сымақтар бар. Солардың «Алтыбақан», «Қымызхана» дейтін «оңай сауықтың» айналасын торып жүретіндерін телевизордан көріп отырамыз. Қол солардікі! «Алтыбақан», «Қымызхана» неге оңалмай жүр? Осы «сымақтардың» қолына түскен соң оңалмай жүр. Ең болмағанда «Алтыбақанның» құруын да, тебуін де білмейтін сияқты. «Алтыбақанның» серпіні жерден 7-8 метр жоғарылау керек. Ол серпін әннің көтерілер-төмендер ырғағымен дәл келуге тиісті. Алтыбақан серпіні мен ән ырғағы ән мен домбырадай қосылуы шарт. Біздің алтыбақаншылар шезлонгыда тып-тыныш тербеліп отырғандай ғана әсер етеді. «Қымызхана» дегендерін ойын-сауық тізіміне кіргізуге де болар ма екен?!

Қазақ әндерінің аттары мен өлеңдерін шатастыру бұдан елу жыл бұрын Майшекин дейтін марқұм болған адамның тұсында басталып еді. Ол да әдебиет пен көркем өнерге ең болмаса нағашылы-жиенді туыстығы жоқ адам болатын. Жарықтықтың үрім-бұтағы осы кезде молығып барады екен, бой бермей жүрсе таңдана алмасақ керек.

Сірә, мына жинақты құрастырған Х. Тілемісов те сол бұрынғы өзгерткіштер ауқымынан шыға алмай, көбін дайын қалпында ала салғанға ұқсайды.

Мен «Қазақ әндері» жинағына сын жазғым келіп отырған жоқ. Әлденеше електен өтіп «түзетіліп» шыққан еңбекте осынша бүліншілік болса, ел арасындағы әнші-өлеңшілерге қандай өкпеміз болмақ деген ой тудырғым келеді. Ендігі жерде халықтық ән-күй сияқты рухани қымбат мұраларға берік қорғаныш жайын ойлауымыз керек дегім келеді. Халықтық көркем өнерді аяқ-асты етпейік. Халық қазынасын әркім өз білгенінше «түзете» бермейтін болсын. Ол бір адамға қалдырған мұра емес. Бүгінгі — ертеңгі халқымыздың бәрінің ортақ мұрасы, елдік мұра. Қазақ ән-күйлерінің

өз тіршілігі бар, өз түр-сипатын түгел көрсете алатын өзіндік жағдайы бар, соны іздестірейік.

Халық музыкасының өзіндік өмірі, көркемдігі, рухы бар. Сол рухы, көркемдігі арқылы ғасырлар бойында есейген халықтың ішкі сарайы — ой-сана тереңдігі, сезім нәзіктігі танылады. Қазақ халқының әні мен өлеңі де сол сарайда бірге туған егіздер.

Әр өнердің өмірлік шегі өзінің сыр-сипаттық сапасына, жан-жүрегіне ұялай кетер қасиеттеріне байланысты. Біздің халықтық ән-күйлеріміз толық қанды, әр саласында есейгендік бар топқа қосылады. Сонымен бірге күні өткен этнографиялық мұраға да қосылмайды. Жаңа өмірге жанаса алмаған жатсыраған ескілік емес. А. Жұбанов, Е. Брусиловский, М. Төлебаев, Л. Хамиди, Ғ. Жұбанова, Е. Рахмадиев, С. Мұхамеджанов жазған опералардың бәріне де халықтық ән-күйіміз берік арқау болды. Жеке әндерде де халық әндерінің рухы айқынырақ сезіліп тұрса, солғұрлым сапалы шығып жүр. Бұл күнге дейін Біржан, Ақан әндері қалай жоғары бағаланып жүрсе, осы күні сондай жоғары бағаланатын жаңа әндер туды. Мен музыканың сыншысы емес, тыңдаушысымын. Әйтпесе, Қ. Аманжоловтың, Ш. Қалдаяқовтың, Н. Тілендиевтің, Е. Хасанғалиевтың, Ә. Еспаевтың, Қ. Күмісбековтің, Б. Жұманиязовтың талай әндерін атай өтер едім.

Шетелдерді аралап қайтқан ұлттық оркестіріміздің, жеке әншілеріміз бен ансамбльдеріміз алған мақтауларына халықтық ән-күйлеріміз алдымен ортақ.

Бір халықтың ән-күйлерінің екінші варианты дүние жүзілік ешбір елде болған емес, болмайды да.

Егіз туған ән мен өленді, ән мен күйді құрметтеу керектігі осы айтылғандардан туады. Жоғарыда оның көркейе беретін жағдайын іздейік дедік.

Сол жағдай маған былай елестейді: оның аты — халықтық музыка театры болуға лайық. Халқымыздың қашаннан бергі рухани байлығы — ән-күйінің ордасы сол театр болсын. Ондай театрдың тәжірибелік және репертуарлық қорын әзір деуге де болады. 1) Абай атындағы опера және балет театрымыз алғашында музыкалы театр ретінде құрылған. 2) «Айман-Шолпан», «Қыз-Жібек», «Ер-Тарғын», «Шұға», «Жалбыр», тағы басқа халық ән-күйлерінен құралған репертуарды Абай атындағы опера театрынан сол жаңа театрға бөліп берген дұрыс болар еді. Қазір біздің астанамызда көрермен жұртшылығы неше театрға болса да жетіп жатыр.

Осы күні біздің операның артистері біресе халықтық, біресе профессионалдық репертуарда ойнап екі жағынан да ақсап жүр. Қандай кадрды болса да екі түрлі планда толық мағынада әзірлеу қиынға түспек. Бұл майданда біз әрнені араластырып та келдік, сапырылыстырып та көрдік. Ондай

араластырулардың өсу жолында бөгесіндері де аз болған жоқ.

Халықтың музыка театры, әрине, ұлт оркестрімен құрылса дұрыс болатыны даусыз. Ойын қоюшылары да, ойнаушылары да, дирижерлары да қазақ әндерінің рухын, қазақ геройларының ішкі дүниесін, қазақ халқының бұрынғы-соңғы көркем өнері мен көркем әдебиетін білетін сауатты адамдардан құрастырылып, қазақ тілінің бейнелеу-теңеулерін ең берісі Затаевич пен Брусиловскийдей аңғаратын болсын!

Осындай театр құрыла қалса, оған осы күні әр мекеменің қолында жүрген көп істерді жүктеуге болар еді-ау деген ой келеді. Халықтық әндер өзіндік дұрыс өлеңдерімен нотаға түсіріліп, пластинкаға көшіріліп, баспаға да бастырылып түп нұсқасы — асыл тегі аман сақталып қалар еді.

Біздің халық музыкасынан құралған операларымыздың өзі әрқайсысы әлденеше рет қайта қойылған сайын күзеле келе құйрық-жал дейтін көріктерінен айрылып қалғандары да бар. Солардың алғашқы қалпын білетін адамдар да азайып келеді. Латиф, Шара, Үрия, Шәбал, Ришат, Ғарифолла, Байғали, Қәукен, Мүсілімдер бар кезінде сол ойындардың толық түрлерін бұрынғы қалпына келтіріп бастырып шығару керек. Бұл да бір кешіктірмейтін жұмыс.

Соңғы он бес жылдың ішінде әртүрлі жергілікті ел өнерпаздарының ансамбльдері, халық театрлары көбейіп келеді, көбейе де бермек. Соларға үлгі-өнеге болып, творчестволық кеңес, қолма-қол жәрдем беру осы жаңа театрға тапсырылса халықтық ән, күй, би, ұлт оркестрі — бәрі тұтас үндесе өсер еді.

Осы мәселе жөнінде тиісті мекемелер алдына ұсыныс жасау үшін әуелі біздің композиторларымыз бен театралдарымыз үн қосар деген сенім бар.

Жол-жөнекей

Тақырып өзінен өзі орала кетті. Қызық емес пе, поезд жүріп кетуден бұрын он бес минут кешігіп тұр. Әлі қозғалар да емес.

Вокзал басшыларында асыққандық байқалмайды. Бірін бірі алыстан бақыласып жүргендей баяу қозғалады: бес адым әрі, бес адым бері. Жүздерінде бей-жайлық, тоқтық ырзалығы. Жүруге асығатын жалғыз паровоз ба дерсің. Демалысы ширақ, лебі алыстан сезіледі.

Екінші Алматыдан біріншіге отыз минут кешігіп келдік.

Қаланың табан асты іргелігінен ұзағанша қырық бес минут.

Іші пысқан жұрт терезеге жабылып кешкі күнмен шағылысып ойнаған Алатау қырқаларына қарап қалыпты. Поезд тағы аяндады.

Мен себепсіз кешіге берген поезға өкпелеп купе терезесінен далаңқы жаққа қарай бұрыла беріп күліп жібердім. Біздің вагонға тұспа-тұс келіп екі жеңіл машина қарама-қарсы тоқтаған екен. Бергісі дала жақтан келе жатқан ақ «Жигули», арғысы қаладан шыққан қызыл «Жигули». Төбесі торланған ақ машинаның үстінде бір ақ қозының артқы аяғы сереңдейді. Тегі бұлқына-бұлқына байлаудан босанған аяқ болу керек, жан таласып тез-тез сермейді. Аяқ серпіле сермеп қалғанда құйрығы мен сан етінің арасынан қара маржандай жылтыраған ұсақ қара құмалақтар домалап-домалап кетеді. Үшеу-төртеуден домалайды. Ақбоз аттың сауырынан домалағандай, ақ машинаның сауырынан айқын көрінеді. Мен осыған күліп жібергенмін.

Күле отырып қозы байғұсқа құтылыс, жігітке ұтылыс ойлап отырғанымды аңғардым. Ақ қозы босанып алып аржағында жатқан сайды өрлей соркөлге қарай тартса екі жігіт оны қуады ғой: қозы құтылып кетсе, екі жігіт әбден болдырып әлгі жерге қайта келгенде машиналарын әлде кімдер айдап әкеткен болса деген жерге жеткенде поезд қаттырақ жүріп кетті де менің ойым аяқталмай қалды. Олай болмағанда ол екі жігітке көрсетерім енді-енді қоюланып келе жатыр екен...

Алматы облысының ойы-қыры биыл нағыз көкорай шалғын екен. Егін-шөп белуардан, кешкі самалмен теңіздей толқындайды. Мыңдаған жаңа гүлдер, мыңдаған жаңа өсімдіктер таң қаларлықтай қою, таң қаларлықтай балғын. Мен Алматыда елу екі жыл тұрамын. Сол жарты ғасырлық өмірімде мұндай малынып тұрған молшылықты көрген емеспін. Биыл Алматы облысының егін-шөбі жылдағысынан ең кемі екі есе артық болары даусыз сияқтанады.

Осы балғын көк дүние Жамбыл, Шымкент облыстарына да жігін ашпай жетіпті. Сыр бойына жақындай бергенде азғана қуанданады да қайтадан толықсып кетеді. Биыл Қазақстанның оңтүстығы тұтас абыройлы болатыны айқын.

Поезбен жүргенде Қызылорда облысында қадағалай қарап өтетін менің үш қимас жерім бар. Жаңақорған, Қызылорданың өзі және Арал теңізі.

Қырық алтыншы жылы аяғымды сындырып алып Жаңақорғанның балшығына бір-екі аунап жазылып қайтып едім. Сонда Сырдарияның жолбарыс мекендейтін қарау қамысы Жаңақорғанға тірелуші еді. Жаңақорғанның айналасы көк құрақпен көмкерілген толып жатқан айдынды терең көлдер еді.

Осы күні ол көлдердің жоғын да білемін, қарау қамыстардың құрығанын да білемін. Бүкіл Сыр бойында жалғыз тал қамыс өспейтін болғанын да білемін. Бірақ, сол көлдерді, сол қарау қамыстарды іздей өтемін. Жаңақорғаннан Арал теңізіне жеткенше Сыр бойынан көз алмай өтемін.

— Көк құраққа көл тұрақ.
Көлге тұрақ көк құрақ!—

деген бір ақынның дана айтылған екі жол өлеңі есіме түседі. Нағып ұмыттық екен? Әлде ақын сөзін елемедік пе екен?

Жиырма сегізінші жылы күзге қарай мен Қызылордаға қызметке шақырылғаным бар. Тұратын пәтерім Қазақстан баспасының қағаз қоятын сарайы. Өзен жағасына тым жақын еді. Жиырма тоғызыншы жылдың көктемінде Сырдария қатты тасыды. Қала тұрғындары Сырдариямен он күн алыстық. Қамыс буып, шеңгел-жиде буып, ұмытпасам «қара бура» жасап дарияның жағасын биіктете бердік. Гүрілдетіп гүрсілдеп келе жатқан «арыстанның жалындай бұйра толқындарға» әрі қызыға, әрі қауіптене ұзақ қарайтын едік. Қаланың батыс жағында бармақтай қара шиенің бау-бақшалары болушы еді. Келер жылы июль айында Аламесек ауданына атпен де баруға болмайтын болған соң қайықпен барып едік. Менің ойымда көп сулар, сол көп қамыстар қала беріпті. Сырдың не себепті дария деп аталғанын көзіммен көріп едім.

Арал теңізіне б.ірінші кездесуімнің өзі бір ұзақ оқиғаға байланысты. Ырғыз, Шалқар, Тереңөзек аудандарының арасында Қарақұм таласы болып, біз, Әліби Жангелдин, Сәкен Сейфуллин, тағы бірнеше адам сол дауға кетіп бара жаттық. Бізге бір-екі жүк машиналары керек болды. Машиналар табылғанша Арал қаласында оңаша купелі вагонда жаттық.

Аралдың өмір тарихына сол жолы жақын таныстым Еділ бойында ашаршылық болған жылдары В. И. Лениннің Арал балықшыларына берген телеграммасы мен айтқан алғысын өз қолыммен көшіріп алдым. Ленин бұйрығы бойынша жіберілген екі «Парсенс» эксковаторы, төрт «Артур», токарьлық, фрезерлік станоктар күні-түні жұмыс үстінде болатын кезі екен. Арал балықшылары осы машина-техникалардың қасынан өткенде бір-бір сипап өтеді. Оң қолдарының биялайларын шешіп алақандарымен сипайды. Осы бір сипап өтулерінде Лениннің өзімен күнбе-күн қол алысқандай қасиет сезіну жоқ деп кім айта алар? Мен Арал теңізіне Ленин аты мәңгі қорған ғой деп сеніп кеткенмін.

Сырдария тасыған кезде Арал теңізі әлде қандай сызатжылғалар тауып қаланың бірнеше аландарына кішкене-кішкене көлшіктер жасап береді екен. Ыстық күндерде бала біткен сол көлшіктердің айналасында шағалалармен бірге

шуласып ойнап жүреді. Теңіздің өзі де қаланың іргесін сабалап жатады.

Ол кезде он екі арынды толқынмен бұрқанып жататын теңіз осы күні Қарақалпақтың бір ащылы көліндей, жыл сайын кішірейе-кішірейе Амударияның алқымына қарай тығылып барады. Сырдариядан аузы жаритын тұщы су келмейтін болған соң сөйтпеске амалы да жоқ болу керек.

Теңіз суының тұзы көбейген сайын балықтың ұрығы-уылдырығы мен жас ұрпағы мәлігіне бірден-бір қырғын апат. Осы кезде Арал теңізінде балық тұқымы ойсырап азайған. Әсіресе, қымбат балықтардың тұқымы құрып бара жатқанын балықшылар жыр қылып айтады. Балықшылардың өз айтуларынша Арал теңізінде судак, сазан, лещ, вобла дейтін төрт-ақ төменқол балықтар қалған. «Аулауға ұяласың».

«Известия» газетіне 5 август күні басылған хабарға қарағанда «жаңадан игерілген Хорезм облысының жаңа жасалған бір көлінде белый амур, сазан, серебристый карп, зеркальный карп, тағы басқа құнды балықтар молая бастаған. Көлдің көлемі мың гектардан артығырақ. Хорезм облысының азық магазиндеріне биыл 25 мың центнер тірі балық түседі». Өзбек ағайындар балық аулау жоспарын орындадық деп кейде рапорт бере бастағалы едәуір жылдар болды.

Сырдың жоғарғы жағындағы бауырлас республикалар, әсіресе, өзбек ағайындар дарияның суын молырақ қамтып отырады. Күріш егетін, мал өсіретін, бау-бақшалы ел бар-ау деп Сырдың аяқ жағындағы біздің халықтың мұң-мұқтажына көп құлақ аса бермейді. Бұл әзір теңбе-теңдігі табылмай келе жатқан өз алдына бір мәселе.

Ал енді Арал теңізінің өзі бірнеше республикаға ортақ, адам азығының сарқылмас қоры емес пе? Берекесін алмай күтіп ұстасаң теңіз өз байлығын өзі толықтыра береді.

Теңіз тіршілігін жақсы білетін ғалымдардың ойларына қарағанда біздің Арал теңізін осынша тонауымыз түптердің түбінде үлкен өкінішке соқпай қоймайтын ұят сияқты. Алпыс төрт мың шаршы километр жерді алып жатқан теңіз түптердің түбінде құрғап қалар болса, одан борайтын тұзды шаң қанша дүниені бүлдірерін кім білсін! Оның немен аяқталарын кім айта алар? Оның үстіне Энгельстің: «История природы и история людей взаимно обусловливает друг друга»,— деген қағидасын да ұмытпаған дұрыс болатын шығар.

Шынымды айтайын — Арал теңізіне мен қашанда осы ойлармен қарап өтемін. Ленин аты мәңгі қорғаныш болар-ау деген сеніммен қарап өтемін.

Ленин атына байланысты оның 24 сағатқа орында деп берген бұйрығы революция екпіні, уақыт тынысы екені еске түседі. Сол ұлы, екпін заманының отты қарқынына ере алған әңгіменің бас кейіпкері, кішкене ғана адам Томарша еске

түседі. Енді Томаршаның кім екенін ашуға да болар. Томаршаға-Томаршы деген атаудан алынған еді. Прототипі — 1926-жылдан КПСС мүшесі, Москва архивында Томаршы кезіндегі суреттері сақталған Дүйсен Жолымбетов деген аса қадірлі еңбекші адам еді.

Биыл Сырдария бойы да көкорай шалғын екен, аунауға шақырады.

Баяғыда әр есектің соңынан бір көш шаң шұбалып бара жататын еді. Қазір машина соңынан да шаң ере бермейді екен. Елі көңілді. Жыл қорытындысына сенімді мінез көрсете сөйлеседі. Әртүрлі тойлары да Шымкент тойларынан артық болмаса кем өтпейтін көрінеді...

Күн қайнап тұрған ыстық болса да вагон іші жайлы. Әлсін-әлсін салқын ауа жіберіп тұрады. Төсек-орын таза. Ресторанда тамақ жақсы. Қызулар бар, нағыз мастар жоқ. Ұрықарыдан да қауіпсіз, өз үйіңдей отыра бер.

Теміржол бойында үш ұнамсыз жайлар бар. Біріншісі — поезд кешіге береді. Біздің поезд жоғарыда айтқандай шықпай жатып қырық бес минут кешігіп еді, Жамбылға жеткенше екі сағатқа жеткізді. Сол екі сағат соңымыздан қалмай Москваға дейін ере барды. Партиямыздың XXVI съезінен кейін мұнымыз үлкен ұят шығар деп ойлағаннан басқа не айтамыз?

Екіншісі тіпті ұнамсыз: вагондар лық толы жолаушы. Бірақ, солардың кассадан билет алмағаны кей вагонда төрттің бірі, ең кемі бестің бірі. Бұлар «билетті» вагон күтушілерінен алады. Мұның өзі вагон күтушілеріне «бармақ басты» жолымен қосылған еңбек-ақы сияқтанып та кетеді. Поезд сирек, жүргінші көп болғандықтан соларға «жасалған жағдай» сияқтанып та кетеді. Контролерлер вагон коридоры лық толы адам екенін көре-тұра көңіл аудармайды. Вагон күтушілерінің купесіне кіріп жоқ болады... Әрине, «бармақ басты» бар жерде «көз қысты» да болмай қалған емес. Әттең, әшейін жүргінші көз қай жерде қысылғанын, бармақ қай жерде басылғанын көрмейді, бірақ қатесіз сезінеді.

Үшінші, біздің теміржол бойында, әсіресе осы күні поезд тоқтамайтын разъездерде үйме-жүйме ұсқынсыз ауылдар кездеседі. Аздаған малдары бар. Ал енді үй дегендері ескі ауылдың шетінде кездесетін тақыр кедейлердің қоқыс баспаналары сияқты. Мал қорасы қайсы, адам тұратын үйі қайсы, сыртынан айыра алмайсың. Бұлар теміржолға қарай ма, әлде ешкімге қарамай ма, оны өзі біледі. Қалайда көз қырын салатын уақыт әлдеқашан жеткен.

Сыр бойының көкорай шалғыны Шалқар тұсында құмға соққаны болмаса, Ақтөбе облысынан асқанша үзілген жоқ. Орал облысы қуаң екен. Жол бойына отырғызылған ағаштарына дейін жүдеубас, берекесіздігі көзге ұрып тұр. Ол

елдің бірлі-жарымды кездескен жігіттері биыл бәсеңдеу сөйлеседі. Біз бұл облысқа жауын тілеп өттік. Саратовқа жақындаған соң жер бейнесі тағы құлпырып сала берді.

* * *

Поезда жолаушылардың газет, журнал, кітап оқитын, ән тыңдайтын уақыты көп болады. Сондай бір минуттарда Нұрсұлтан Әлімқұловтың «Қазақ әдебиеті» газетінде «телефон шалып» дегені көзге шалынды. Ұнаған жоқ. «Мәдениет және тұрмыс» журналында (VI) «Бес тал сәбіз және екі тал жұмыртқа»— депті.

Сенімді жас жазушыларымыздың бірі Кәкен Хамзинның — «Жер мен көк іңір қараңғылығына басын сүйей тынши қалыпты»— дегені тағы да көзіме түсіп кетті. Кәкенің осы бір сөйлемі не ат, не қыран құс болса ұрлатып алғандаймын.

Бір күні таңертең Одақтық халық артискасы Роза Бағланова «Сырымбет» әнінің аяғын былай қайырды:

— Қарындас-ау, енді есең бол,
Туған жерім сен де есең бол!

Ақан сері сүйген қызымен айрылысып, қоштасып жатса да туған жерін тастап ешқайда кетпегенін нағып білмейді екен?

Тағы бір дардай әншіміз радиода «Ат қайда Ақбақайдай арты желген»— деп ән салып жатыр. Әннің өзі түгіл сөзіне де түсінбейді-ау деймін. Аттың арт жағы желгенде алдыңғы жағы не істейді? Аяндай ма, шаба ма? Қай ел болса да желісті ат пен жорғаның шауып кетпейтінін ұнатады. Біздің әншімізше аттың арт жағы желсе болды, алдыңғы жағы мейлі, не қылса да өзі білсін. «Ақбақай » әнінің дұрыс өлеңі: «Ат қайда ақбақайдай шаппай желген!»— деп басталады.

Халық әндері мен өлеңдерін бұлдіріп-ақ баққан екенбіз.

Жайлы вагонда тағы бір қадағалап оқып шығу үшін «Абайдың арызы» басылған «Қазақ әдебиеті» газетін ала шығып едім. Оралдан өткен соң соны қолға алдым. Абай арызы сексен жыл бойында сеніп келген бірталай қателерімізді ашады екен. Қәрі-жасымыз түгел сонша уақыттың ішінде Абайдың таяқ жеуі қандай оқиғаға байланысты, сабаған кімдер екенін білмей, бей-жай салтымызға салынып жүре беріппіз ғой... Әуелі арызды тапқан жас ғалымға алғыс айттым, кейін өз қосқандарын оқи келе недәуір өкпелеп қалдым.

Бұл уақытқа дейін құлағымызға сіңіп, ойымызға ұялаған шындық оқиға болыстық сайлауларда кездесе беретін таластартыстан туатын. Мұнымыз жалаңаштау себеп болса да сенетінбіз. Бірінші қатеміз осы болып шықты. Абайды сабаушылар Мұқыр болысынікі, Абай өзі Шыңғыс болысының

адамы. Болыстыққа таласу деген әр болыстың өз ішінде, өз адамдарының арасында болды ғой. Абайдың арызы бойынша да оқиға болыс сайлауына байланысты емес, жерге байланысты.

Екінші, Абайға қол көтерген адамдардың да бірен-саранын болмаса көпшілігін түгел білмейді екенбіз. Оқиғаның қай жылы болғаны да Абайдың өз арызы арқылы анықталып отыр — 1898 жыл, июнь.

Абайдың сенатқа берген арызына «беташар» беріліпті. Автордың Абай арызына қандай мән беретіні, қалай түсінетіні сонда айтылған.

«Абайдың,— дейді мақала авторы,— сенатқа[1] хабарлама жасауы даланың қуыс кеуде, тоңмойын жуандарын тәртіпке шақырып, әділдік күтудің шыншыл бейнесі, өзара түсінісу орнатамын деген әрекеттің бір көрінісі, күрес жолының бір амалы еді».

Әрі «өзара түсінісу, әрі «күрес жолының бір амалы»,— деген тезис өзіне өзі қарсы келіп тұрғанын автор байқамай қалған ба, қалай...

Абай өз арызында былай депті:

«1898 жылы июнь айында ояз бастығының қатынасуымен Мұқыр болысының сайлауы өтетін болды. Осы мезгілге Мұқыр болысы мен Шыңғыс болысының жер бөлісі тәртіпке келтіріліп бекілуі көзделген-ді. Ояз бастығы сол мәжіліске менің қатынасуымды қалаған». Оның үстіне Мұқыр болысында қаңғыбастар мен айдаудан қашқандар көп жүреді екен. Мұқырдың болыс бастығы оларды жасырын паналатып жүргенін білетін ояз бастығы Абайдан сол қаңғыбастарды ұстасуға жәрдем сұраған екен (Мұқыр болысы бұл жайды біліп жүрген).

Оқиға желісі осы екі мәселеде: бірінші, екі болыстың аяқталған жер-су дауларының қорытындысын бекіту, екінші, Мұқыр болысында жасырын паналап жүрген қашқын-босқындарды ұстау. Абайдың болыс сайлауында жұмысы жоқ, осы екі мәселеге араласуға шақырылған.

Абай Шыңғыс болысының адамдары келгенін ояз бастығына хабарлап шықты. Мұқыр жағы әлі келмеген екен, амалсыз күтуге тура келіпті.

Ояз начальнигі түскен киіз үйге жақын жерде отырған Абайды Мұқыр болысының адамдары келе-сала сөзге келместен жабыла кетіп сабай бастайды. Абай жағынан араша шы болмаса өлтіріп жіберетін түрлері бар екен.

Абайға қол іс жасағандардың «жуан ортасында Мұқырдың болысы Мұсажан Әкімқожин, Бейсембі Жақыпов, Әбен

[1] Мақала авторы Базылжан Асылжанов «өкілетті сенатқа» деп жазыпты. Мен сол өкілетіне түсіне де алмадым, қабылдай да алмадым.

Битембаев, Әзімжан Исабаев және Рақым Өмірзақов болды. Жақыпов қынаптағы пышағымды тартып алса, Әбен Битембаев басымдағы тымағымды, Рақым Өмірзақов алтын баулы сағатымды жұлып алды».

Міне, Абайды сабаған адамдар осылар. Абайдың өзі көрсетіп отырған тізімнің ішінде бұрын айтылып жүрген Оразбай, Әзімхан деген адамдар жоқ. Бұдан былай «Көшбике» оқиғасына Абайдың өзі атап көрсеткен жауларынан басқа адамдарды бытыстырмауымыз керек. Көркем әдебиетте сөз басқа. Көркем әдебиет ешбір геройына паспорт бола алмайды.

Жарияланған арыз мазмұнындағы оқиға осы (бұған тек Абайдың тоналған мүлкі қосылады). Осыдан әрі асқан соң мақаланың авторы өз тұспалдамаларын қайталай-қайталай алдыңа тосып, Абай арызынан алыстатып әкете береді. Абайдың не жазғанын логикалық сүрлеуімен жалғастыра оқып түсіну қиын-ақ. Жиырма беттік қағаз салынған папканың барлық сыры түгел ашылмаған сияқтана береді. Абайдың өзі айтып отырған жер дауына да, қашқын-босқын мәселелеріне де автор мән бермейді. Айтылды, қалды.

Дұрысында «Көшбикедегі» қол іс оқиғаның бастамасы емес, аяқтамасы ғой! Оның аржағына жер дауы, жесір дауы, сайлаулар, жазғы жайлау, қысқы қыстау сияқты талай-талай қоғамдық, әлеуметтік тартыстар жатады. Абайдың әділдігі де, демократтығы да, ақындығы да, азаматтық әрекеттерінің салмағы да сондай айқас арқылы көрінбек. Автор сондай тартыстардың өзіне соға алмаған. «Даланың тоңмойын жуан, феодал шонжарлары» деген ескі жамыраманы бес рет қайталағанымен олары ғылым тұрғысынан қарағанда жансыз, жаттанды сөз болып қала барады.

Мақаланың тиянағы жоқ, дәлелсіз көпіртпе сөздерінен бірер мысал келтірейік.

1. «Ал, Абайдың сенатқа жазған өтініш-тілегінде дала тағылары феодал шонжарлардан қорлық көрген, өлімнен бетер жаза алған халық ұлы Ибрагим Құнанбаев өміріне дүлей қара күштердің тек Абайға ғана емес, сонымен бірге жоқшысы болған халқына жасаған қазадан бетер қастығы айтылады». Сол «қазадан бетер қастықты» Абай өзі қалай айтыпты? Тым болмаса сонысын келтіру керек емес пе? «Өлімнен бетер, қазадан бетер» деген сөздер қанша «тапқырлық» көрінгенімен бір сөйлемнің ішінде екі қайталануы орынсыз. Және Абай қылмысы ашылып жазаланған кісі емес. Ақ істері, әділ әрекеттері үшін жәбірленген адам. Осы сөйлемнің ішінде баттиып «Ибрагим Құнанбаев» дегені қандай дөрекі көрінсе, оның үстіне сол сөйлемнің ішінде Абай деп қосқаны тағы бар екен. Филология ғылымдарының кандидаты сөйлемді осылай құрудың өзі ұят болатын шығар.

Реті келгенде, айта кетейік, бұл сөйлемді Мұхтар былай құраған: «Ол соққы Абайға ғана тиген соққы емес, халқының арына соққан сұмдық соққы болды» Бұзып-жарып өңін айналдырмай-ақ осының өзін неге ала қоймады екен?

2. Абайдың «Менің тоналған мүлкімнің барлық ақшадай мөлшері екі жүз қырық бір сом»— дегеніне автор өз бағалауын жалғастыра «Тарихи шындықтың бетін ашып, жауыздар қатыгездігі мен дәрменсіздігін алдыңа жайып салады»,— дейді.

Тоналған мүлік қанша қымбат болса да «тарихи шындық» деген сөзге бұл арада орын жоқ. Оның үстіне, осы тоналған бұйым жайлары Абай арызының ең осал, ең лайықсыз жері.

Автор «жәбір көрген халық сүйіктісінің әр адымы есепте, оның әрбір сөзі хатталынып» отыратынын бір ескертіп кетеді. Сол «хатталынып» отырған сөздерінен бірер үзінді келтіргені де дұрыс болар еді-ау...

Абайды ғылымдық, ақындық, азаматтық тұрғыларынан ең терең зерттеген біздің екінші Абайымыз — Мұхтар Әуезов. Өзге зерттеушілердің көбі үзіп-жұлып берекесін кетіріп жүр. Мұхтар Әуезов Абайдың дәуірін танытатын, тарихтық қасиеті үлкен мәліметтер іздейік дегенді талай рет айтқан да, жазған да болатын.

Мен осы беталысқа дәл келе ме деген бір ұсыныс жасағым келеді. Қазақ Ғылым Академиясының ғылыми кітапханасында 1886 жылы Қазанда шыққан бір кітапша бар екені жарияланды. Ол Семей облысының бес бапты дуанынан (оязынан) арнайы сайланған өкілдер қабылдаған 74 бапты дуаннан (параграф) ереже. Съезд Шар өзенінің бойында Қарамола деген жерде өткен. Ережені жасау ісіне Ибрагим Құнанбай ұлы қатынасты деп атап көрсетілген.

Бұл «Күлтөбенің басында күнде кеңес»— Тәуке-хан кеңесінің қабылдаған ережесінен кейінгі екінші жасалған ереже. Осындай ереже 1896 жылы Ақмола облысында да қабылданған.

Академиямыздың ғылыми кітапханасы жариялаған кітаптар тізімінде Абайдың қатынасуымен жасалған 74 бапты ереженің үш бабы келтірілген: барымташыға, ұрыға — өлсе құн жоқ, суға кетіп бара жатқандарға, өртке ұрынғандарға көмек көрсетпегендерге — бас тоғыз айып, жесір қалған әйелдерге бас бостандығы!

Бұл кәдуілгі елдік, әлеуметтік терең мәні бар ереже. Шариғат та, әдет-ғұрып та емес, өз тұсындағы заң (әрине-патшалық бекіте қойса!).

Менің айтпағым: осы 74 бапты ережені қабылдау үстінде Абай неше рет сөйледі екен, қандай шеке-қызбайлар болды екен? Өзге жетпіс бір бабын былай қойғанда жоғарыда көр-

сетілген үш бап Абайдың еңбегі емес пе? Және осының өзі әлеуметтік пен елдіктің ең түбегейлі мәселелері емес деп кім айта алады? Абайдың достары да, қастары да осындай талас-тартыстың төңірегінде топтаспай ма?

Менің ойымша осы ережені қабылдауға Абай еңбегін зерттеп, дәлелдеп шыға алған ғалым Абай дәуірінің Мұхтар айтқан бар сырын, тарихтық қасиетін ашып бере алар еді. Оның үстіне өзінің нағыз ғалым екенін де көрсетер еді.

Абай поэзиясының жаңғырығы іс әрекеттерінде, әрекет жаңғырығы поэзиясында, Абайды зерттейтін ғалымдар осы тереңге де бойлаулары керек.

* * *

Жол-жөнекей жаратылыс, болмыс суреттері ұйқыда көретін түсің сияқты тез ауысып отырады да әлденеге түйілген ойыңды аяқтатпайды. Мақаланың атын «Жол-жөнекей» қойғаным да сондықтан.

Менің ойымды Алматыдан шыға бере ұшырасқан ақ қозыны екі рет еске түсірген мынадай бір көріністер бөліп кетті. Мичуриннен өткен соң жол бойына отырғызылған ағаштың ішінен еліктің бір-екі айлық баласы шыға келіп, аржағындағы боздауыққа қарай жүре берді. Екі құлағы төбесінде, көздері баданадай. Гүрсілдетіп өтіп бара жатқан поезда жұмысы да жоқ, үйреншікті қалыпта баяу аяңдап барады. Ірілеу бір ағаш жапырақтарының азғана құбыла жайқалғанына қарағанда анасы сол ағаштың тасасында баласын бақылап тұр.

Бұл қалың орман емес. Теміржол бойына қар тоқтатуға арнап отырғызған екпе ағаштар. Ағаш қалың болып өсіпті. Көлденеңі елу метрдей. Тұрғын елдің тимейтініне әбден үйренген елік, мүмкін осы ағаштың ішінде балалай салған болар.

Ершовкадан өткен соң бауырын көтеріп қалған қасқырдың бөлтірігін көрдік. Ол ашық жерден қалың ағашқа қарай бет алып тұр. Құйрығын шиырып алып, хауіп кездесе қалса қарсыласпақ ыңғайы бар. Бұл да жол бойына отырғызылған ағаштың ішінде туған бөлтірік. Қасқыр да тұрғын елдің момындығына сеніп алған ғой. Сол арадан жүз елу метрдей жерде үш-төрт сиыр да жайылып жүр. Әрине, үш балапанның ішінде ең хауіпке ұшырап бара жатқаны да ақ қозы байғұс...

Москвадан біздің Қызылжарға баратын 32-поезд да жүріп кетуден бұрын бір сағат кешікті, Қызылжарға үш жарым сағат кешігіп келді. Қызылжардан Алматыға келетін поезд Қарағандыға үш жарым сағат кешігіп келді.

Мен теміржол шаруашылығының әлденелерге байланысты жағдайларына кездесіп қалып, соны мазақтағым келіп

отырғаным жоқ. Ондай әдетім болған емес. Қазақстан өте кең жерлі мемлекет. Бізде су жолы жоқ деуге болады. Тасымалдық дүниелігіміз ұлан асыр. Жалғыз Қарағанды көмірінің өзі қырық сегіз миллион тонна екен. Астығымыз ше? Темірімізше, түсті металымыз ше? Бұл аспан жолымен тасып алуға тіпті болмайтын байлық. Сондықтан, тасымал салмағы теміржолға түсетінін білмейтін адам кемде кем-ақ болар. Яғни Қазақстан үшін теміржол жүрісінің сағат-минутынан кешікпеуі бірінші бақылайтын, бұлжытпайтын істердің қатарында болу керек. Теміржолдың жүрісіне басқа барлық шаруамыздың тағдыры байланысты. Менің айтайын дегенім осы ғана.

Ел аралай жүргенде кездеспей қоймайтын, әдетке айналып терендеп бара жатқан бір дертке жол-жөнекей болса да соға кеткім келеді. Қазақ ауыл-поселкелерінде сиырдың сүті шайға құюдан басқа түрде пайдаға аспайтын болып барады. Осынымыз қай астамшылық? Ең болмаса айран-қатығымыз қайда? Ақ ірімшік, сары ірімшік, тұщы құрт, ащы құрт дейтін қосымша тамақтары тағы болмайтын ба еді? Қазақ семьяларының қайсысында болса да бірді-екілі сауын сиыр жоқ емес. Әттең сол үйлерде шайға құятын қаймақтан басқа сүт азығы болмайды.

Тоғайған, кейде тіпті байып алған ауыл әйелдері сиыр саууға еріне бастаған. Бие сауууды біржола ұмытып барады. Орталықтағы сауын сиыр мен жеке меншіктегі сауын сиырдың беретін сүтін салыстыруға келмейді. Біреуі сиыр сауып отырса, біреуі ешкі сауып отырғандай. Сүт негізінде шайға құюға ғана қажет болған соң сиырды онша қадағалап саумайды да. Сиыр сауу жөнінде енесі мен келіннің арасында кикілжің де туып жатады екен. «Қазақстан әйелдері» журналына осы төңіректе әлі де біраз мәселе бар ғой деймін.

Қымыз жайы бұдан да сорақы халде. Сүтке әр үйдің аузы тиеді. Қымызға олай емес. Қымыздың қасиетін қазақ еліне үйретудің қажеті жоқ. Облыстық, аудандық басшылар, совхоз-колхоз басшылары өздері үшін бие сауғызып қымыз жасатпайтыны жоқ. Сауғызады, жасатады, ішеді. Бірақ газды су болмай қалса астан-кестең әңгіме жасар еді. Қымыз жөнінде біреуі бір ауыз сөз айтқан емес. Қымыз бұрын қазақ биесі бары да, жоғы да жаппай ішетін тамақ болса, бүгін ол ел үшін керек болмай қалған сияқты. Қазір бие сауатын машина да шықты, бие де, құдайға шүкір, бар. Бірақ халық үшін қымыз жоқ.

Павлодар облысы «Екібастұз» жұмыскерлеріне арнап қымыз киоскесін ашыпты. Орысы бар, қазағы бар, немісі бар жұмыскерлер рахмет айтып ішетін көрінеді. Иланы, сол үлгі басқа жерлерге де тарағайақты. Үш мың құлынды биесі бар Қарқаралы ауданы іргесінде тұрған «Шахтер» демалыс үйі,

пионерлер лагері, туризм базасы үшін қымыз ұйымдастырса шаш етектен пайдалы да болар еді-ау. Түсінікті нәрсені езгілемей айтқанда мал өсірудің бір ордасы болып отырған Қазақстанға малдың сүтін түгел пайдалану уақыты жеткен сияқты.


Қарағандыдан «Сары-Арқа» поезымен өз мезгілінде шығып едік, Алматыға өз мезгілінен бес минут бұрын келдік! Міне, поезд осылай кешікпей жүруіне болады екен ғой!?

Таңертеңгі алты шамасында «Отардан» өтіп, Алматы облысының жеріне кірген екенбіз. Кірдік те көрдік, көрдік те таң қалдық! Егін орылып болыпты. Егін сабаны көш-көш шөмеле болып ой-қырымызды түгел белдеулеп алыпты. Мұндай көп сабанды мен қара топырақты Россия жерінде бір екі рет көргенім бар!

«Сары-Арқа» поезы уақытынан бес минут бұрын бірінші Алматы стансасына келіп тоқтады. Міне, бәйге беретін поезд! Міне, бәйге беретін вагон қызметкері! Осыны әр ауыздан айтып, лепіріп тұрғанымызда кеше кешке келетін сегізінші поезд жаңа келіп, ұяла-ұяла үшінші жолға бұрыла кеткенін көрдік. Тексергісі келген адамға сол күні сәрсенбі, 22 июль болғанын да айта кетейік...

Үшінші бөлім

Үнтымақ – ұлы күш



Дос жүректен мың да бір сәлем!

Адам баласының тарихи өркендеу жолында озық елдердің мәдени әсері кенжелеп қалған елдерге тиіп отыратыны қашаннан мәлім, даусыз шындық. Осы күні еске де алынбайтын алғашқы «Әліппе», алғашқы календарь, алғашқы «Заң нобайы» сияқты нәрселер осы арнаға жатады. Адам баласы бірінен-бірі алысып та келген, біріне-бірі ауысып та келген.

Сонымен бірге, талай озық елдердің екінші бір елдерге тигізген «мәдени әсерін» тексере бастасаң, толып жатқан қиянкескі дауға кездесесің: әсіресе, кешегі, бүгінгі, ертеңгі деп те аталатын белес-белес дәуірлерді шолып қарасаң, сол ұзақ жолда ылғи достық, жанашырлық, туысқандық, алғыс айтар ақпейілдік таба бермейсің. Меніңше, осы тізбектелген ізгілік жолынан аумай келе жатқан жалғыз-ақ мәдениет бар: ол — орыс халқының реалистік мәдениеті, әсіресе бас жақ белесінде Грибоедов, аяқ жақ асқарында Горький туған XIX ғасырдың реалистік әдебиеті. Біздің алпыстан асып түсіп жатқан ұлттар әдебиетінің ішінде орыс халқының ұлы әдебиетінен үлгі алмаған, үйренбеген бірде-бір әдебиет жоқ.

Орыс әдебиетінен тыс Ахундов, Айни, Абай да мүмкін емес, Шевченко, Чавчавадзе, Тоқай да мүмкін емес. Бұл, бір жағынан, тұрмыс тынысы біріккен елдік белгі болса, екінші жағынан, озық мәдениет әсерінің жемісі. Қиыр шеттегі көшпелі елде Абай, Ыбырай , Шоқан сияқты ұлы ақын, атақты демократтарымыз бар десек, ол ең алдымен, орыс демократиялық ойының ұшқындары. Абай Шортанбайдың жалғасы емес, Құнанбайдың да жалғасы емес.

Орыс мәдениетіне біз көп жақтан қарыздармыз. Бірінші ашылған мектеп, бірінші басылып шыққан кітап, бірінші борозда, бірінші завод трубасы, бірінші мұғалім, бірінші дәрігер — бәрі де бізге орыс мәдениеті арқылы келді. Сондықтан да совет шығысындағы халықтарға сонша сарқылмас рухани қор берген орыс халқына алғыс айтарда салмағына сәні сай сөз таба алмай қысыласың.

Біз Азия, Африка, Оңтүстік Америка халықтары үшін Португалияның, Испанияның, Англияның, Францияның, Голландияның, Германияның, Солтүстік Американың қандай «мәдени» әсері тигенін жақсы білеміз. Ол әсердің қара таң-

басы отарланған, құлданылған елдердің жерлерінің бетінен әлі өшкен жоқ. Қандай ұлы ойлар туғызған, қандай жоғары мәдениеті болған халықтар тарихы трагедияға ұшыраған! Қандай ұлы мәдениеттердің оты сөнген, қандай еңбек елдері азғындап кеткен. Азия мен Африканың талай халқы ғасырлар бойы «ақ табан-шұбырынды» халіне түсіп қалған. 1441 жылы басталған құлдық саудасы, құлдық тіршілігі кей елде әлі созылып келеді.

Қырғыздың ұлы эпосы «Манасты», қалмақтың өлмес эпосы «Жәңгірді», қазақтың ұлан-байтақ батырлық жырларын сақтап қалып бүгінгі күнге, бүгінгі ұрпаққа жеткізуде орыс халқының озық адамдарының еңбектері зор болғаны даусыз. Мұның бірде-бірі орыс патшалығының я болмаса патшалық құлдарының еңбегі емес, екінші Россия деп аталатын демократиялық озық ойдың еңбегі. Мен әр кезде Харузин мен Алекторовтың библиографиялық көрсеткіштерінде асқан ұқыптылықпен тізілген еңбектерді іздеп тауып, бастырып шығаруды арман етемін: егер сол істеле қалса, революциядан бұрынғы қазақ елінің тұрмыс мәдениеті мен тіршілігі жайында үлкен бір кітапхана жарыққа шығар еді. Радлов, Потанин, Ильминский, тағы басқаларының қалдырған мол мұралары сол кітапхананың алтын қоры болуға лайық емес пе?

Орыс халқының озық адамдары біздің халықтық туынды деп аталатын мол байлықты жойылып кетуден аман алып қалумен бірге орыс патшалығының санда бар, санатта жоқ «бұратанасы» атанған аз халықтардың мұң-мұқтажын бар салмағымен айта білді. Орыс көркем ойының алыбы Лев Толстой, совет әдебиетінің ұлы атасы Максим Горький, атақты гуманист Владимир Короленко, Украинаның ұлы ақыны Тарас Шевченко біздің халықтардың ауыр халін суреттей келіп, ызғарлы дауыстарын көтерді. Олардың сонша ашынып айтқандары біздің мұң, біздің сөз еді.

Біздің қазақ халқы орысша «жолдас» деген қасиетті сөзге жатсырамай, оңай үйренісіп кетті. Ойлап қарасақ ол заман сөзі, революция сөзі еді ғой. Мұның түп тамыры орыс-қазақ халықтарының ертеден тағдырлары табысып, достасып кетуінде екені даусыз.

Ғасырлар бойы «Бетпақ дала» атанып, өлі күйінде қала берген шөл дала қазір өнімді далаға, өнді далаға айналып келеді. Жезқазған түтіні Балқашқа, Қарағанды түтіні Алтайға барып қосылады. Біздің «Октябрьдің XX жылдығы» атындағы шамалы ғана бір заводымыз шет елдерден 25 мемлекетке өзінің өнімін ауыстырып тұрады. Бұрын біз «алып» дегенді ертегіден ғана естісек, қазір бізде өндіріс алыптары да бар, адам алыптары да бар. Арманның қолма-қол күнделікке айналғаны осы болады да.

Қазақ әдебиеті Совет Одағындағы өскелең де салмақты әдебиеттердің бірі деп саналады. Өткен ғасырымыз — бармақпен санағандай Абай, Махамбет, Ыбырай болса ,Октябрьдің алғашқы жылдары — Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Сұлтанмахмұт, Мұхтар, екі Сәбит, тағы бір аз ғана өкшелес шыққан топ. Қазір Қазақстан Жазушылар ұйымының мүшесі 250-ден асады. Соның ішінде Одақтық жұртшылыққа танылғандары елуге тартады, одан әрі шетелдерге танылғандары оннан артады.

Совет әдебиетінің тарихи даму жолында елеулі бір ерекшелік бар. Ол — Абайдан басталып келе-келе игілікті дәстүрімізге айналып кеткен орыс әдебиетіне сүйене өсу, орыс әдебиетінен үлгі ала өсу жолы. Реалистік орыс әдебиетінің бағыты мен дәстүрін теориялық жағынан терең ұғынуға тырысумен қатар, қазақ ақын-жазушылары қашаннан бері орыс көркем әдебиетін өзінің ана тіліне аудару, орыс тілі арқылы дүние жүзілік классиктерді аудару жұмысына көп көңіл аударып келді. Бұл оқу-үйренудің ең құнарлы жолы болды десек қателеспесек керек. Оның үстіне аудару жұмысына қатынасқан әрбір ақын-жазушы өзінің үндесін тауып аударған сияқтанады.

Бұл жөнінде мына бір қысқа тізімнен көп нәрсені аңғаруға болады:

Аударушы кім.	Кімдерді аударған
Абай	Пушкин, Лермонтов, Гете
Ыбырай	Толстой, Ушинский
Сәкен	Бедный, Маяковский
Ілияс	Пушкин.
Мұхтар	Гоголь, Тренев, Шекспир, Тургенев, т. б.
Сәбит	Бедный, Маяковский, «Игорь полкы» т. б.
Әбділда	Пушкин, Шевченко, Маяковский.
Тайыр	Пушкин, Лермонтов, Грибоедов, Шевченко.
Ғали	Пушкин, Лермонтов, Толстой.
Қасым	Пушкин, Лермонтов, Маяковский, Твардовский.
Сырбай	Пушкин, Лермонтов, Блок, Тихонов, Сурков.

Бұл тізімді соза берсек талай беттерге кетеді. Орыс әдебиетінен көп аударған Дихан, Қалижан, Жұмағали, Қасым Тоғызақов, Қуандық, Ғафу тағы басқа ақындарымыздан да, Хамза, Тахауи сияқты жазушыларымыздан да оқу-үйрену жолында жоғарыда айтылған үндестікті іздегендерін көреміз. Бұл, әрине, жемісті бағыт. Біздің қазақ жұртшылығы Толстой, Пушкин, Горький, Лермонтов, Маяковский, Шолохов, Федин, Леонов, Твардовский, Сурков, Тихонов, Фадеев, Соболев, Маршак, Паустовский, Марков шығармаларын өз тілінде сүйсініп оқи алса, мұнда біздің ақын-жазушыларымыздың еңбегі зор.

Аудару еңбегі әдебиетіміздің тез аяқтанып кетуіне қандай үлкен сүйеніш болса, ішкі-тысқы халықтардың мәдени таныстығын күшейте беруде де сондай үлкен жауапты еңбектердің бірі. Оның үстіне біздің төл шығармаларымыздың шетелдерге шығуы тек қана орыс тілі арқылы іске асатынын ескерсек, бұл еңбектің мән-мазмұны тереңдей береді. Ешбір дарынды ақын, ешбір дарынды жазушы орыс әдебиетін орыс әдебиеті арқылы дүние жүзілік озық әдебиеттің көрнекті үлгілерін аттап өте алмайды, онысыз от басындағы кеудемсоқ табалдырықтан әрі аса алмайды.

Орыс жазушыларына айтар алғыс бізде ұшан-теңіз. Отызыншы жылдардың бас кезінде ұлы Горькийдің ұлттар әдебиетінің тез көтеріліп кетуіне қатты көңіл аударғаны мәлім. Николай Тихонов, Александр Фадеев, Леонид Соболев, Всеволод Иванов, Чуковский, Горбатов тағы басқалары жержерде ұлттық жазушылардың хал-жағдайларымен танысып, совет жазушылары ұйымын құруға қолма-қол ат салысты. Бұл екі мағынада ауыр кезең еді: біріншіден — Одақтық көлемде РАПП-тан совет жазушыларының одағына ауысар кезең; екіншіден — ұлттық әдебиеттердің қай-қайсысында болса да байшыл-ұлтшыл жазушылардың салмағы басым кез болатын. Осы тұста Леонид Соболев бастаған үлкен бір топ орыс жазушыларының Қазақстанға келуі советтік қазақ жазушыларының басын құрастыруға үлкен жәрдем етті. Идеялық қайшылықтарымен, күрестерімен бірге болмашыны сылтау еткен ырың-жырың, әрі отыр, бері отырды жою бағытына көше алдық. Идеялық тартыстар болымсыз ырбай-тырбайдан арылып, шын мағынасындағы өскелең бағытта іздене бастады. Іле-шала, 1936 жылы Москвада өткен бірінші онкүндігіміздің жоғары дәрежеде өтуіне мұның әсері аз болған жоқ.

Қазақ әдебиетінің тез көтеріліп кетуіне көптен бері үзбей ат салысып келе жатқан үлкен топ орыс жазушыларының ішінде Леонид Соболевтің орны өзгеше. Мұхтардың «Абай» романы совет халықтарына да, шетелдерде де бірден танылып кетуіне Соболев аудармасының үлкен әсері тиді. «Абай» эпопеясы совет халықтарының әдебиеттеріне үлкен әсер етті деп мақтансақ, сол романның ойдағыдай аударылып шығып, әр елдің ұлттық әдебиетіне төл шығарма болып кіріп кетуіне аударушының шеберлігі аз жәрдем еткен жоқ. Мұхтар драматургиясының биігі саналған — «Абай» трагедиясын Мұхтар Соболевпен бірге жазды. Ұлы Абайдың өзін совет жұртшылығына үлкен мағынада таныстырған тағы да Леонид Соболев.

Соңғы дәуірде Қазақстан еңбекшілері коммунизм қоғамын құру жұмысына үлкен үлестер қосып келеді. Ол жалғыз миллиард пұт астық та емес, Қарағандының көмірі, Қоста-

найдың темірі де емес, Алтай мен Балқаштың мысы да емес, ол — осылармен бірге көркем әдебиет пен көркем өнерге қосып жатқан үлесіміз. Бірде өзіміз әсер алсақ, енді бірде біздең алынатын да әсер бар.

Одақтық көлемге біздің көп ақын-жазушыларымыздың еңбектері шығып кетті. Москва баспасөз орындарында алты рет, он рет басылған кітаптарымыз бар. Бұл жөнінде Степан Злобин, Владимир Луговский, Илья Сильвинский, Михаил Луконин, Михаил Львов, Алтайский, Рождественский тағы басқа толып жатқан достарымыз бар. Әрқайсысы өз шамасында қазақ жазушыларымен қол ұстасқан қазақстандық достарымыз — Иван Шухов, Николай Анов, Дмитрий Снегин, Анатолий Ананьев, Леонид Кривощеков, Кузьмин, Герт, Зверев, Щеголихин, Симашко тағы басқалары, бұлар да осы топқа қосылады. Ұлы Отан соғысының тұсында алып Жамбылдың атағын күнбе-күн әлемге жайып тұрған орыс ақындары Павел Кузнецов, Алтайский, Тарловский тағы басқалары.

Қазақстанда халықтар достығының бұлжымастай бекігендігін айқын көрсететін мынадай бір белгілерді айта кеткім келеді: біздің еркін қарыштап өсіп келе жатқан жас ақындарымыздың бірі Олжас Сүлейменов, талантты жас жазушымыз Әнуар Әлімжанов тек қана орыс тілінде жазады, орыс қызы Надежда Лушникова — тек қана қазақ тілінде жазады. Совет Одағының Халық артисі Ермек Серкебаев орыс операсында, Эра Епонешникова қазақ операсында ән салады. Бұған баяндауыш беріп жатудың керегі де болмас.

Әрбір ұлт әдебиеті өзінің байырғы дәстүріне сүйене де өседі, сол дәстүрмен күресе отырып та өседі. Қаламы төселген ақын-жазушыларға да, жас жазушыларға да байырғы дәстүрдің осындай екі жағы бар. Ескірген образдар, ескірген теңеулер, ізбаспа, қайталамалар — өсер әдебиет алдындағы үлкен бөгесіндер. Осындайлардан арылуға орыс әдебиеті бізге ең үлкен мектеп болды. Жас әдебиеттер белден-белге асқан сайын ескі теңеулерден, ескі дәстүрлерден мол-молынан арыла бастағанын біз әсіресе Ұлы Отан соғысынан кейін шыққан жазушылардың — Зейнолла Қабдолов, Тахауи Ахтанов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Сафуан Шәймерденов, Әкім Әшімов шығармаларынан тереңірек сезінеміз.

Таяуда бізде ұлы ұстаз — орыс әдебиеті мен көркем өнерінің Қазақстандағы онкүндігі өтті. Леонид Соболев бастаған отыздан артық орыс ақын-жазушылары — Қазақстанның сағынышты қонағы.

Онкүндіктің аяғына таман Қазақстан жазушыларының одағы орыс, қазақ әдебиетінің тарихи байланысына және сол байланысты бұдан былай да күшейте беруге арнаған пленум өткізді. Онымыз — ұстаз алдында қол қусырып, тізе

бүгіп, қыпылықтап тұру емес, қол ұстаса, құшақтаса өскен сол бұлжымас достық пен тамырластықты бұрынғыдан да нығайта түсу жайында пікір алысу, бірге ойласу болды.

Ұлы орыс халқына, ұлы әдебиеттің қайраткерлеріне алғысы көп мәңгілік дос жүректен мың да бір сәлем!

Кездесулер

Италияға бұл менің үшінші рет келуім. Жазғытұры келдім, жазды күні келдім, күзді күні келдім.

Бұл саяхат емес, жұмыспен — командировкамен келдім. Көрген, аралаған қалаларым — Ұлы Рим, Венеция, Флоренция, Неаполь, көне Помпей Аминто, Сорренто... Рим қаласының ең көркем ескерткіштерінің бірі саналатын де Треви фонтанына бұл жолы да бір уыс ұсақ тиынды лақтырып кеттім, мүмкін тағы да келермін... Қалайда дүниелік көркем өнердің бесігі, барлық адам баласына ортақ музей сияқты Римді көрген сайын, түсінген сайын көргің келе береді. Әулие Петр храмы мен үшін құлшылық орны емес. Рафаэль, Микельанджело.

Ең алғаш, 1960 жылы жазғытұрым Рим шаһарына шақырылған Батыс пен Шығыс мәдениет қайраткерлерінің кездесуіне бардым. Бұл кездесуді ұйымдастырған «Батыс мәдениетінің қоғамы» болатын. Ол кездесуге ең көп қатысқан Африка мәдениетінің қайраткерлері болды. Африканың ең алыс түкпірлерінен жазушылар, суретшілер, ғылым адамдары, әр түрлі дін өкілдері келді. Олардың көбірек қатысуына себеп болған орталық басқармасы осы күнге дейін Парижде тұратын «Африка мәдениетінің қоғамы» екен. Сонымен қатар, бір топ католик діниндегі африкандықтарды Даниелло дейтін француз поп бастап әкелді. Батыс Европадан жиырмадан астам елдердің мәдениет қайраткерлері қатынасты.

Бұл кездесуде екі мәселеге көбірек үймелесіп қалдық. Біреуі жаңа ғана отарлықтан құтылып, өз тағдырын өз қолдарына алған Африка халықтарының мәдени бет алысы қай бағытта болмақ? Мәдениет деп аталатын кең майданның адамгершілік принциптерін қайдан іздеп, қайдан алу керек? Бұл бір. Екінші, «Негритюд» аталып, өріс алып келе жатқан бағыттың негіздері неде? Не бермек, неден бездірмек, нені меңземек?

Бірінші мәселенің сырын аша, бағытын белгілей баяндама жасаған Францияның белгілі жазушысы, үлкен романист Франсуа Мориак болды. Батыс Европада үлкен беделі бар жазушы азат Африка халықтарына үлкен достық белгілерін көрсете, отарлық бағыттарға қарсы сөйлер деп күттік. Әсіре-

се, Франция отаршылдығымен Батыс Африка арасында еске алар нәрселер көп еді. Жазушының отаршылдыққа қарсы атар оғы болса, осындайда атылады да!

Бірақ алыстан қатты қадірлеп жүретін жазушымызда ондай оқ жоқ екен. Ең бір түйінді мәселеге келгенде Мориак мектеп баласы келісе алмайтын ойларды айтты. Олай айналдырып, бұлай айналдырып келіп, баяндамашының табан тіреп түйгені мынау болды: «Жаңадан жасалмақ Африка мәдениетінің айнымас, тапжылмас универсалдық принциптері католик дінінен алынуы керек»,— деді.

Бізде де талай романдары аударылып жүретін, ең бері болғанда жалпы адам баласына ортақ гуманизмнің, әділеттің жаршысы болуға лайық жазушыда осындай да балаң ойлар болар деп күтпеген едік. Оның өзі қай дінде, қай дінді шындық көреді, онда біздің не жұмысымыз бар, бірақ Африка халықтарының мәдениетін өркендету үшін католик дінінің жол-жосығын ұсынғаны тым-ақ ерсі шықты. Бұл ойыңыз ең кем дегенде бір ғасыр кешігіп қалған екен деуге әзір отырдым: жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында мұндай ойды шеркеуде ғана айтуға болатын шығар!

Жиналыс селдір ғана қол шапалақтап, көңілсіз ғана қошемет көрсетіп, Мориакты трибунадан шығарып салды... Әлдеқашан ағарған шашы сарғыштанып селдірей бастаған ұзын бойлы қартаң жазушы орнына барып отырғанда жиналыстың наразылығын өзі де сезгендей.

Екінші мәселеге ертеңіне кездестік. Рим капитолиясы деп аталатын тарихи үй. Тура алға, одан кейін сол жаққа көлденеңдей созылып жатқан мәрмәр баспалдақпен көтеріліп келгеніміз сыры да кетпеген, сыны да кетпеген, музей ме деп қаларлық көркем зал еді. Сахнаға қараның сұлуы, алтын көзілдірікті, ақ көйлекті, қара костюмді, денесі кішірек келген өте ықшам, қимыл-қозғалыстары оңтайлы Леопольд Сезар Сенгор шықты. Сенгор — Африканың атақты ақындарының бірі. Сенегалда бұл, Нигерияда Деннис Осадебэй. Бұлар Батыс елдерінде де кең мағынада танылған ақындар. Араб елдерін қоспағанда Африкада бұл екеуінен ірі ақын жоқ тәрізді. Сенгор осы күні Сенегал республикасының президенті, ал Осадебэй Нигерия парламентінің төр ағасы.

Сенгор ақын қызу да көркем сөйледі. Әлденеше жылдар Европа астаналарының университеттерінде лекция оқығандығы, оның үстіне өзінің шешендік шеберлігі көрініп тұр. Француз жазушысы Мориактан гөрі Сенгор француз тілінде сөйлеуге жетік сияқты көрінеді. Ағып тұр, ағызып тұр...

Сенгордың ең әсірелеп байымдағаны «Негритюд» теориясы болды. Бұл оның көптен көтеріп жүрген әңгімесі. Оның ойынша батыс халықтары адам баласының өркендеу жолындағы бар дәуірлерден өтуімен бірге адамгершілік, мейірімді-

лік, бауырмалдық, жан қиысар достық сияқты сезімдерден де аттап өтіп кетті... Енді олар техника, өндіріс, сұмдық соғысқа бергісіз арбасу, арандатудан басқаны қымбат қасиет көрмейді. Мұндай қасиеттер ғасыр бойында құлдықта, отарлық тамұғында болған, табиғаттың бел баласы Африка халықтарында, негрлерде ғана бүлінбеген күйінде сақталды. Африка халқы ешбір елді жаулап алған емес, соғыс дегенді тілемейді, техниканың құлы емес...

Қыза келе Сенгор Европа халықтары адамгершілік үлгілерін бізден алсын, ол былай тұрсын, батыс халықтарының қанын негр қанымен тазарту керек деп соқты. Көлегейлемей турасынан басты. Расизмнен қорлық көрген Африка ақыны енді бүгін негр расизмін тудыруға жар салып тұрғанына қызарған жоқ. Менің байқауымша қызарар да емес.

Сенгордың бұл ойы ең әуелі «Нью-Йорк» деген қысқа поэмасында айтылып еді, ол поэма жарық көргелі төрт-бес жыл өткен. Енді ондай ойы философияға, теорияға айналыпты. Сайып келгенде Африка халықтары дүниелік мәдениеттен біржола безіп, өз жолымен өркендеуге керек... Өркендегенде ескі табиғатынан алыстамау керек...

«Негритюд» философиясы дүниеге келгелі он-он бес жыл болып қалды. Қандай өткелдерден өткені маған, әрине, қараңғы, бірақ қайнап шыққан қазаны — Париж. Парижде негр халықтарының азаттығы үшін күрескен ерлер аз емес, бірақ «Негритюд» философиясы Африканы алға бастайтын теория емес, қаз қалпында қараңғы қалпында ұстаудың құралы. Бұл теория бойынша негр халықтарының әлеуметтік, таптық, материалдық жайлары еске алынбайды, психологиялық жақтары ғана есепке алынады. Ақыл-ой есепке алынбайды, сана-сезім есепке алынады. Түптеп келгенде, «сезімі күшті негр халықтары сезімі топастанып қалған ақ жұрттардан» жоғары қойылады.

Біздің құлаққа шалынған «негритюд» теориясы ең алдымен Леопольд Сенгор, Еме Сезар сияқты ақындардың аузынан шығып еді, бірақ оны философиялық теорияға айналдыруға тырысқан белгілі француз жазушысы Сартр. Бұл қаламдастарымыздың көзқарастары бойынша қара жұрттар ақ жұрттардың мәдениетіне жоламай, одан біржола безіп, өзіндік мәдениет жасауға тиісті. Африка халықтары сонда ғана өзінің африкалық рухын табады. Айта кету керек, бұл Африка интеллигенциясының арасында кең өріс алып келе жатқан философия.

Мұның түп нысанасы Африка халықтарын баяғы қалпына қайтару екенін дәлелдеп жатудың керегі де жоқ. Отаршылдықтың ең бір ұзаққа созылған құралы — отар жұрттарды қараңғылықта ұстау ғой, Сенгор да, Сартр да осының жаршысы болып отыр.

Мориак пен Сенгорға ешкім қарсы шыққан жоқ. Европа да үндемейді, Африка да үндемейді. Сөйлеушілер Шығыс елдеріндегі әр түрлі ауыр халдерді — жоқшылықты, надандықты, қараңғылықты зар қағып айтады да, оны тезірек жоюдың жайына келгенде жарға соғылатындай тоқталып қалады. Әлдекімдерден турасын айтар әділдік күтеді.

Бұл жолы Римге Борис Полевой, Георгий Брейтбурд үшеуміз келген едік. Кеше ғана патшалық Ресейдің отары болған қазақтың жазушысы маған сөйлеуге тура келді.

Мен әуелі Октябрь революциясы арқылы шын азаттық жеткенше қазақ халқының қандай қалың қараңғылықта болғанын айттым. Оған дейінгі надандығымыз жағынан жарысқа түсе қалсақ, бәйгені сіздер әкете қоюларыңыз тәуекел-ақ еді дедім Африка, Азия елдерінің өкілдеріне қарап. Туысқан өзбек, қырғыз, түрікпен елдерін де ұмытқаным жоқ. Бақсы-балгері бар, паранжысы бар, әрі құдайға, әрі табиғат күштеріне табынары бар, көксауы көп, пұшығы көп кезімізді жасырғаным жоқ.

Содан кейін бүгінгі Советтік Қазақстанның жайына көштім. Бұл кездесуге мен томаға-тұйық, ешбір әзірліксіз кеткемін. Сонда да бірге өсіп, бірге жасап, күнде көріп жүрген өмірімізден қапелімде еске түскендерінің өзі-ақ жиналысты ұйытып тастады. Тыңдаушылардың таңдануына қарап, өтірік айтып тұрған жоқпын ба деп қалған кезім де болды. Жоқ, бірі де өтірік емес, бірі де ертегі емес.

Жоғары дәрежелі жиырма мектебіміз бары рас па? Рас.

Академиямыз бары рас па? Рас.

Академиямыздың қырық сегіз ғылми-зерттеу институты бар ма? Бар.

Консерваториямыз бар ма? Бар.

Қазақстан азаттыққа қол жеткеннен кейін бес жылдың ішінде Қазақтың драмалық театрын ашты ма? Ашты.

Он бес жылға жеткізбей опера және балет театрын ашты ма? Ашты.

Он жыл ішінде хат танымаушылықты жойды ма? Жойды.

Қазір жаппай орта білім алу жоспарын қабылдады ма? Қабылдады.

Ендеше, тез жетілу, тез өсу дегеннің тура жолы осы болды да!

1922 жылы ағылшын капиталисі Уркварт Лесли:— Балқаштың айналасындағы кең даланы мен шұқылайын... Өздерің ең берісі «елу жылсыз, елу түгіл жүз жылсыз ол жақты меңгере алмайсыңдар» деп пе еді?— Деген.

Қазір ол далада Қарағанды, Балқаш, Қоңырат, Жезқазған алыптары жасалды ма? Жасалды. Айналасы он бес жылдың ішінде жасалды.

Жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде Алтай, Қарағанды,

Екібастұз, Жезқазған, Қарсақпай, Нілді, Ембінің иесі кім еді? Ағылшын капиталистері — Уркварт Лесли, Нельсон Фелль, француз президентінің баласы Эрнст Карно, Америка президенті Гувер болатын.

Қазіргі иесі кім? Қазақ халқы.

Халқының тұрмысын, мәдениетін тез көтеру үшін ең алдымен өмірдің өзегі — ауыр өндірісті өз қолына алу керек екен. Содан кейін жиырма алты миллион гектарлық жерді мықшыңдамай-ақ көтере алады екесің. Қысқасы, «Әуелі құдай болу қиын, құдай болып алған соң жаңбыр жаудыру бәрінен де оңай...» Сонда мектепті де көбірек ашасың, сонда ән де еркін шырқалады, сонда қыздар да сұлуланып кетеді, еркектер де ақылды болады.

Аяңдап Мориакқа келдім. Тиісті құрмет-қошеметімді көрсетіп болып, әріректен Стендальді, беріректен Мопассанды есіне түсірдім. Менің әрі сүйетін, әрі сенетін жазушыларым. Құл саудасының, отаршылдықтың тарихын тікелей тексерген ғылыми еңбектерді қоя тұрып, осы екеуіне сүйенсек те жетіп жатыр. Бұларға Мориак та қарсы бола алмауы керек. Жә, сонда нені көреміз? Библия мен Енжілді көтеріп Африкаға әуелі поптар шұбаған, олардың артынан шыны маржан, есектас арқалаған саудагерлер жеткен. Бұлардың артынан кернейін тартып армия келген ғой! Сонымен құл саудасы да, отаршылдық та дәуірлей өсіп жүре бермеді ме? Католик дінінің бұлжымас принциптері осыған жол ашпады ма? Католик дінінің құл саудасына, отаршылдыққа сүрлеу салып бермеген кезі болды ма? Жоқ сияқты. Қазір жартылай босанып, жартылай босану үшін жалаң қол, жалаңаш жұрт қан төгіп жатқанда католик діні қандай достық көрсетіп отыр оларға?

Аз ғана көзім түсіп кетіп еді, Мориактың селдір ақ шашының астынан барлық бас терісі қызарып кеткені көрінді. Бет томпағына қызыл шытырман өрнек түсе қалыпты. Мен де тоқтай қалып, Сенгорға ауыстым...

Сенгор мырзаның кейбір қыңыратпасы менің есіме Алаш мырзаларының көзқарастарын түсіреді. Олар да өз алдына ел бола қалғанда атамзаманғы ескілікке тартатын еді. Өзге елдердің озық өнегесі деген олардың аузына да түспейтін. Оралда, Орынборда, Семейде талай бас қосып, талай қаулы-қарарлар алғанда ең болмаса сабын заводын салайық деген емес қой. Бар армандары көшпелі елді сол күйінде сақтап, еркін билеп-төстей беру сияқты.

«Қазақтың қандай еді саяхаты,
Бір кезде көшіп-қонған рахаты...»

Сенгор да Африка елдерін өз табиғатынан айырмай, байырғы қалпында ұстауды ең дұрыс жол көреді. Африка таби-

ғаты, Африка әні, Африка биі, Африка халқы... Бірінен-бірін айырмау керек. Ол өзі француз тілінде жазатын ақын, оның жазғандары өз елінің тіліне аударылған да, басылып шыққан да емес. Сөйте тұра қалың бұқараны «табиғи» күйінде қалдыра бергісі келеді.

Мен әуелі Европа мәдениетінен қашқалақтаудың қате де қатерлі жол екенін айттым. Шындап келгенде советтің Шығыс халықтарында орыс мәдениетінің қандай рухани азық бергенін кім ұмытар? Орыс тілі арқылы орта мектептің есігін аша бере бүкіл дүниелік мәдениетпен таныспадық па? Бүгінгі балаларымыз орта мектепте оқып жүріп-ақ француз, ағылшын, американ, неміс жазушыларымен танысып қалады. Бізге Шекспир де, Гейне де, Гете де, Данте де, Гюго да орыс тілі арқылы жетті емес пе? Ағылшын, француз, неміс тілдерінде аударылған қазақ, өзбек, түрікпен, қырғыз жазушылары ше? Бұл да орыс тілі арқылы болып жатыр. Ірі өндіріс, шаруашылық техникасын орыс тіліне сүйенбей меңгеріп ала алар ма едік! Африка халықтарының отарлықтан босанып, өз алдына мемлекет болғанда Европа елдерінің мәдениетіне сүйенбесе, қатерлі жолға түскен болар еді.

Мен қай елдің де өзіне-өзі сенімді де тәкаппар қарауын дұрыс көремін. Сөйте тұра басқа елдерге, басқа халықтарға қорлай қарау дегенді естіп көрген емеспін. Ақыл-ойға бай елдер сезімге кедей болады деген әзір дәлелденбеген көзқарас болар... Негрді қорсынған капитализмнің ең жексұрын өнегесін енді өңін айналдырып, ақ жұрттарға айтатын болсақ, біз кім болғанымыз? Мұның аты расизм болмай ма екен? Капитализмнен безіне отырып, оның ең жексұрын өнегелерін алмауымыз керек болар...

Мориак та, Сенгор да маған дау айтқан жоқ, әдеппен салқын ғана бас изесіп жүруге ыңғай білдірісті...

Жиналыс менің сөзімді жақсы қарсы алды. Жиналыс бастығы — Европа мәдениеті қоғамының вице-президенті Антоний Бабел алғыс айтты. Мен сөйлегенде бір қызарып, бір қуарып, мазасыздана берген поп Даниелло қарсы шығар деп күтіп едім, ол да үндей алмады. Ол Африка католиктеріне дирижер болуға келген екен — қара түсті католиктерге иек көтеріп, ымдап бағып еді, олар оған ерген жоқ.

Англия, Швейцария, Бельгия, Греция, Бразилия, Франция жазушылары көрер көзге маған достық ықылас көрсетіп қол алысты.

— Рим кездесуі сізге әбден риза!.. Айта алмай отырған сөзімізді айттыңыз... Керек ойлар салдыңыз...— деді ағылшын жазушы-журналистерінің бірі, москал әйел Сильвия Сприоже.— Мен мұны жасыра алмаймын. Бар даусыммен айтамын!

Италия коммунистік партиясының орталық газеті «Унита» менің сөзімді көтере мақұлдап, мақала басты.

Қазақ сияқты бұрын артта қалған елдердің мәдениет майданындағы көз сүрінерлік табыстары Азия, Африка халықтары түгіл, Батыстан келген демократ жазушы-журналистер үшін де үлкен қуаныш екені байқалады. Азия, Африка мәдениет қайраткерлері озық тәжірибелерден үлгі алғылары келеді. Бөгесін, бұғаулардың қалай бұзылғанын бар ықыластарымен тыңдайды.

Батыстың демократиялық бағыттағы қауымдарынан көп нәрсені үйренуге болады. Соның бірі адал айтылған жанды сөзге қуанып қалатын әдеттері. Ондайда сені қоршап алады да визит карточкаларын ұсына бастайды. Кездескен сайын бас изеп, достық жылылығын білдірді. Көзқарасың танылды — болды, енді өз жағдайларын ақтарыла айта бастайды. Азия, Африка демократ қайраткерлері одан да әрі! Бірақ мұндай кездесулерге үнемі демократия өкілдері ғана келе бермейді. Франциядан келген поп Даниелло, кейінгі бір кездесуде Сенегалдан келген Дакар, мұсылман институтының «проректоры»— француз офицері Монтей сияқты мырзалар саяси комиссарлық міндетін атқарып, жанталас үстінде жүреді. Олар Азия, Африка өкілдерінің арасына ұйтқы емес, іріткі әкеледі.

Солармен тектес тағы бір елеусіздер жүреді. Бір кеште бізді «Қоғам» қонаққа шақырып, ресторанда отырдық. Аздан кейін-ақ кішкене залдың іші дуылдай бастады. Біздің столдың шетіне бір жас әйел жақындап келіп лұқсат сұрады.

— Отырыңыз,— дедік денесі борпылдақтау, сары шашты, ақсары әйелге.

Біздің столдың басында да қызу қалжыңдасып отырғанбыз. Ұзамай жаңағы әйел ақ салфетканың астына бірдемені тығып жібергенін аңдап қалдық. Сағаттың соққанындай ғана дыбыс естіледі.

Полевой маған:

— Бірдеме-бірдемелеріңді боратып жіберші, мынау әйелдің пленкасы бос кетпесін...— деді.

Мен қазақша сөйлеп кеттім:

— Ләйләһа еллә алла!— деп ашып едім бұл өмірдің есігін: кіріп келсем, қап-қараңғы, тамұқ екен кіргенім... Қызса бойым, туласа ойым, өз қолымнан тұсап-матап тұтқын етіп беріп ем. Жүз бұралып, мың толқындап келіп тұрған ән бар еді ойымда... Енді мынау арманда өткен жас кезеңнің құйрығына жармасқалы отырған жан сарыны...

Сары әйел біздің қалжақты түсіне қалды да, тұрып жүре берді...

Ертеңіне бізді Рим сенаты қонаққа шақырды. Сопақтау келген алтынды-мраморлы залда сенат бастығы делегаттар

денсаулығына бокал көтерді. Айтылған ресми сөз сол ғана. Содан кейін әр столдың басында көңілді әңгімелер, қалжыңдар басталып кетті.

Біздің столға, яғни біздің делегацияға бекітілген адам оқу министрі Медичи екен. Бұл Флоренцияда баяғыдан бері келе жатқан атышулы ақсүйектер ұрпағы болып шықты. Аса көңілді отыратын адам екен.

— Кездесуде сіз қазақ өмірінен көп нәрселерді айтыпсыз. Оныңызды үгіт-өсиет деп қарағанымыз жоқ... Ризашылықпен қарсы алдық,— деді.

— Мен үгіт дегенді онша түсіне бермеймін. Егер осындай кездесулерде тәжірибе алысуға тыйым салатын болса, ол кездесудің керегі не? Мен біздің тәжірибені ала көріңдер дегенім жоқ. Өз тәжірибемізді ғана айттым ғой деймін.

— Құдай куә, мен солай түсіндім. Қейбіреулер жәбірленіп қалса өзінен көрсін. Тісті ауызға бармағың сұқпағын... Жә, келіңіздер, тауықты талқандайық...

Бір тақырыптан екінші тақырыпқа оңай да сергек көшіп отырып, министр бір ретте:

— Атқа неше сағат мініп жүре аласыз?— деп сұрады.

— Бес сағат,— дедім мен.

— Мен сегіз сағат жүре аламын. Қызметтен машинамен қайтамын да, жолда ат ұстайтын фермам бар, машинамды сонда қалдырып, ар жағына атпен кетемін. Ферма мен вилламның арасы жиырма километрдей жер. Күнде осылай...

Москвада әдеби кездескенде Буденный қарт білегінің бұлшық еттерін ұстатып көрсетіп еді, темірдей екен. Медичи білектері де сіңірдей.

Үш күнге созылған Рим кездесуі аяқталғаннан кейін Флоренция мәдениет қайраткерлері бізді қонаққа шақырды.

— Италия көркем өнерінің алтын бесігі — Флоренция... Ең ұлы суретшілер бізден шыққан. Ең сұлу әйелдер, яғни, ең дарынды әйелдер Флоренциядан шыққан. Қазір де солай. Қадірлі қонағымыз болыңыздар... Совет әдебиеті жайында, Қазақстан мәдениеті жайында бірер лекция оқып берсеңіздер...— десті.

Шақыруларын қабылдай тұрып, мен оларға қазақтың бір даналыққа жататын мәтелін айттым:

— «Еркектің көркі ақылында, әйелдің ақылы көркінде!»— дейді қазақ мәтелі. Флоренция туралы сіздер маған осыны айтып тұрған сияқтанасыздар... Флоренцияны көру біз үшін үлкен арман...— дедім.

Қазақ мәтелі оларға қатты ұнады.

Сағатына жүз қырық километр жүретін ұшқыр поезд Римнан шыққан бойы Флоренцияға келіп бір-ақ тоқтады. Рим мен Флоренцияның арасы неше километр екені есімде жоқ, түс ауғасын шығып едік, ертеңгі, түскі тамақ Флорен-

цияда болды. Тамақ жайын жазуды мен ұната бермеймін, бірақ Италияда жеген тамақтың ішінен еттің екі түрін жазбау күнә сияқты: біреуі кәдуілгі бифштекс, енді бірі лақ еті.

Флоренцияда түскі тамаққа бізді бір жұпыны ғана ресторанға апарды. Отыз-қырық кісі ғана сиятын кішкене зал, официант екі-ақ адам. Салқын су, қызыл балық, сорпадан кейін бифштекс келді. Бұл үлкен тарелканы лық толтырып тураған бір-ақ кесек ет. Қалыңдығы бес сантиметр. Жеті атамыз түгіл жетпіс атамыздан бері мал өсіріп, ет жеп келе жатқан қазақ баласы мен мұндай етті, аздап болса да қаны білініп тұрған етті қандай жұмсақ болса да жеп көрген емеспін! Тұтас кесек еттің арасында бір қылтан шандыр не болмаса бір қылтан сіңір болсайшы! Сұрастырып келсем омыртқа мен қабыртқа үстіне бітетін жон еті екен.

Лақ етіне Римде кездескенмін. Біздің тілмашымыз Георгий Брейтбурд Европаны түгел шарлаған адам. Лақ етін беретін ресторанға сол алып келді. Бәріміз де лақ етін алдырдық. Маған асықты жіліктің жуан басы кездесті. Лақтың асықты жілігінде мұнша көп кесек ет боларын, мұндай дәмді боларын көріп-білген емеспін!..

Кешке дейін Флоренцияның көркем өнер галлереяларын, музейлерін аралап, сағат жетіде қала интеллигенциясы жиналған клубқа келдік. Полевой совет әдебиеті жайында, мен совет ұлттық әдебиеттері мен ұлттық мәдениеттерінің өсіп-өркендеуі жайында лекция оқыдым. Сұраулар көп болды. Біздің жайды білгісі келгендердің сұраулары да бар, хабарсыз адамдардың да сұраулары бар, шатқаландға тартқан сұраулар да бар. Бірақ шындыққа тізе бүкпеске амал болсын ба, жиналыс аяғы сол клубта бокал соғыстырумен тарады.

— Бұл Қазақстан дегеніңіз Россияның қай жерінде?— деп сұрады біреу орысша, тілінде акценті бар, шұбаландау сөйлейтін адам. Мен оған Қазақстанның шекараларына жақын тауларды, өзендерді атап бердім.

— Онда, оныңыз шағын жер болды ғой. Солай ма!

Мен азырақ езу тартып, қайтарар жауабымды қалай тұздықтауды ойланып болғанша, қолында бір жапырақ қағазы бар бір мосқалдау адам, асыға қозғалып менің қасыма келді:

— Мүсрепов мырза, сіздің атаған тау-өзендеріңіз бойынша мен Қазақстанның шекара шеңберін сызып едім, соны көріп беріңізші, жаңағы сұрауға мен жауап берейін,— деді.

Ол Флоренция университетінің профессоры екен. Қазақстан картасын шамамен айтқанда дәл түсіріпті: Орал — Алатау, Ертіс — Еділ. Мен мақұлдап қолын қыстым. Ол әлгі сұрау берген адамға қадала қарап:

— Сіз өзіңіз орыс адамысыз. Славян тілдерінен университетте сабақ бересіз. Қазақ жерін қалай шағын деп ойлайсыз?

Менің шамалауымша қазақ жеріне бүкіл Европа сыйып кетеді!— деді.

— Англиядан басқасы...— деп мен қосымша жасадым.

Сұрау берген адам 1910 жылы Одессадан кеткен екен, жаңа қайтарылған жауаптан сасқалақтап қалып:

— Қазақ қай тілде сөйлейді?— деп сұрады.

— Қазақ тілінде дедім.

Бұл жолы атақты «Купалшица» суретіне жан бітіп, қазір қырыққа келіп қалған екен дерлік сұлу әйел мырс етіп күліп жіберді. О да университет профессоры, аса қадірлі адам болу керек, зал жарыла күліп қолдап кетті. Осымен сұрау да тоқталды. Жоғарыда ескертілген бокал соғыстыруға көштік...

Римнен қайтарда артыңа қарай-қарай қайтасың: мыңнан бірін көре алмаған ұшы-қиырсыз көркем өнер мұраларын қия алмайсың. Флоренция тағы сондай!

Италияға сол алғаш барған жол «Европа мәдениетінің қоғамы» маған сол қоғамға мүше болу жайында ұсыныс жасады. Мен ризашылық бердім: олар мүше етіп алды, мен кірдім. Борис Полевой ол қоғамға мүше екен.

Рим кездесуінен қалған бір сұрау менің ойымда әлі күнге дейін жүр. Ақын Сенгор, осы күні Сенегалдің президенті Сенгор, анда-санда біз де социализм құрамыз деп қоятын Сенгор «Негритюд» теориясын әлі де жақтай ма екен? Сол бағыты негр халқына бірден-бір дұрыс беталыс деп шын-ақ сене ме екен? Әрине, Африка халықтарының батыс капитализмінен көрмеген қорлығы да жоқ. «Қара товар», «тірі товар» сатылады, «сыйға беріледі» деген қорлықтарды ғасырлар бойы естіген елдер, ғасырлар бойы ұмыта да алмайды. Жанға түскен жара, жүрекке басылған таңба, оп-оңай өше алмаса керек. Бірақ оның есесін осылай қайтарамыз, ол кекті осылай аламыз деген көзқарасқа шын ақынды қия алмайсың. Сенгор шын ақын, үлкен ақын. Рим кездесуінен менің есімде кеткен бір сұрау осы еді.

2

Келер жылы тағы да сол қоғам мені Венецияда болатын Батыс — Шығыс кездесуіне шақырды. Бұл жолы Георгий Марков, Георгий Брейтбурд үшеуіміз бардық.

Кездесудің бар шығынын граф Чини дейтін Венеция капиталисі мойнына алыпты. Графтың жалғыз ұлы өткен соғыста қаза тауып, әкесі сол баласының атынан әр түрлі мәдени жұмыстарға жұмсалатын «фонд» жасаған екен. Кездесуді ұйымдастырған «Европа мәдениетінің қоғамы» мен «Африка мәдениетінің қоғамы».

Алғашқы жолы Италияға аспанмен барсақ, бұл жолы жермен бардық:

Москва — Брест — Варшава — Вена — Венеция...

Біз Венецияға қоңыр іңірде келдік. Вагоннан түсе бергенде-ақ тас кемерін гүрс-гүрс сабалап жатқан теңізге тірелдік. Толқын үстінде ойнақтап-орғып жалғыз еспелі қайықтар жүр. Бізде болса ұша жөнелгелі тұрған бәйге аттарына, Мысыр пирамидаларының қасында болса жұтынған, жарау желмаяларға теңеуге болар еді. Қазақы төсектің басына ұқсаған қайқаң да биік тұмсықтарына бір-бір фонарь іліп алған қара қайықтар толқын бетінде қызықтыра ойнақтайды. Бұл атақты Венеция гондолы.

Бізді қарсы алушылар да қайықпен күтіпті. Қайықтың артқы басына орнатылған жалғыз еспеге сүйенгендей болып, ықшам киінген қайықшы тұр. Біз де міндік, жалғыз еспе де ұп-ұзын қайықты ерттеулі аттай оршытып, оп-оңай айдап жөнелді.

Венеция теңіз ортасына салынған, барлық үйлерін, көпірлерін, храмдарын мрамормен қаптаған, аса көркем қала. Көше орнына каналдар, бүкір өркеш көпірлер. Бұл қалада бір машина жоқ. Машина орнына жеңіл қайықтар, катерлер, глессрлар, «ракеталар», «найзағайлар», су трамвайы, кемелер...

Ондап-жиырмалап, қатарлап-тізіп, үстіне шимай-шытырман шатырлы қоршау орнатып, қызылды-жасылды электр лампаларымен әшекейленген қайықтарда жүздеген жастар ән салып барады. Бұл қыз ұзату да емес, келін түсіру де емес. Кешке осылай теңіз бетінде лек-лек болып өлең айтып, көңіл көтеру Венецияның сайрандау салты: біздің жастардың кешке қарай бақшада сайрандауы сияқты. Кейде мұндай топтардың ішінде Италияның атақты әншілері де кездеседі. Ондайда жүздеген қайықтар соны қоршап алады.

Әлсін-әлі екі жағымыздан да жарқ-жұрқ етіп қалады. Қайығымызға баспаханада басылған адрестер жауып кетті. Бұл фотографтардың ісі екен: Венецияға келетін саяхатшыларды күн демей, түн демей суретке түсіріп алады да, қайығына адрестерін лақтырады: Венеция ескерткіші керек болса сол адреспен тауып алсын...

Біздің қайық көркем бір қонақ үйдің тас табалдырығына жанаса келіп тоқтады. Созылған қолдар бізді тез-тез іліп алып, кең фойеға әкелді. Аз ғана дем алдық. Көргенді елдердің әдетінше алдымызға апельсин, ананас суларын әкеліп қойды. Номеріміздің кілтін әкеліп беріп, жас жігіттер жалаң қағады.

Номерде бір құшақ қызыл гүл. Чемодандарымыз да келіп қалыпты. Стол үстінде бірнеше романдар, қала картасы, төсектің бас жағында Енжіл.

Жаңа ғана жуынып-киініп болған кезде граф Чини жіберген адам келді. Бізді қонаққа шақырыпты. Жүріп кеттік.

Жұлдыздай аққан глессер жеті қабат мрамор сарайға әкеліп тоқтады.

Бізден басқа бұл кезде ЮНЕСКО-ның генерал-директоры Веренозе бар екен, өзгелерінің аты жөндерін ұмытып қалдым. Жөндеу ғана киінген бір орыс эмигранты жәрдемінде жүр. Граф бізді жақсы ықыласпен қарсы алды. Бір залда ішімдік, екінші залда тамақ, үшінші бөлмеде кофе іштік. Төртінші бөлмеден есікке тіреліп тұрған глессерге мініп қонақ үйге қайттық .

Айта кету керек, граф интеллигент адам, совет халықтарының мәдениеті жайында көп сұраулар беріп, стол басын қызықты әңгімелерге оңай бұрмалап әкетіп отырды. Қонақта қанша адам болса, ойын-қалжыңнан біреуін де қалыс қалдырған жоқ.

Сол кеште мен Веренозе мырзадан «Курьер» журналының бір номерін Қазақстанға арнауды өтініш еттім. Ол бейіл көңілмен қабылдады. Кейін осы келісім жайын «Курьердің» совет редакторы Вениямин Мачавариани жолдасқа жазып жіберіп едім, аяқсыз қалды. Тегінде, айтар адамды таппай айтқан болдым-ау деймін.

Граф Чини ертең кешіне бізді тағы да қонаққа шақырды: Миланда тұратын жалғыз қызы келген екен, бүгінгі қонағы соның құрметіне делінген. Мен ол үйге он-он бес алма, айрықша деп аталатын арақ жібердім.

Белгіленген сағатта келсек, шебер қолға түскен Алматы алмасы жайнап кетіпті. Жуылған-сүртілгені былай тұрсын, оның үстіне тағы да бір сиқыр қосылғандай құлпырады. Граф алманы өз қолымен өнерлеп кесіп, қонақтарын сыйлап жүріп, Алматының алмасы ерекше бір тұқым екенін мақтаудан бір тынған жоқ. Графтың ойы мәжіліске қатынасатын басты делегаттардың арасында ірің-кезектік болмауын қарастыру сияқты. Бүгін бізбен бірге жаңа қонақтар шақырыпты.

Ертеңіне кездесу басталды. Италияның атақты ақындары Жусоппе Унгаретти, Сальваторе Квазимодо, дүние жүзілік Пен-клубтың сол кездегі президенті Альберто Моравия, Европа жазушылар бірлестігінің генерал-секретары Вигорелли, кеше кешке бірге болған Веренозе келіпті.

Бұл жолы да африкалықтар көп келген. Париждегі «Африка мәдениеті қоғамының» жауапты хатшысы, «Африка» журналының бас редакторы Алиун Диоп бар. Сенегал, Мали, Нигерия, Гана, Камерун, Эфиопия, тағы басқа Африка елдерінен көптеген адамдар келген: жазушылар, суретшілер, адвокаттар, өнер иелері, дін адамдары. Жоғарыда аталған Даниеллоның жүзінде аздаған абыржу бар сияқты.

Африкалық достардың шешімі табылмай жүрген үлкен бір мәселе бар: жаңадан ғана азаттық алған ерікті елдердің

мәдени өркендеу жолдары қай бағытта, қандай мазмұнда болмақ? Пікір алысу осы сұраудың төңірегінде басталып кетті. Батыс өкілдері адамның рухани өркендеу жолдарын дінге әкеліп тіреп тоқталады. Оның ар жағында қай дін, Африка халықтарының байырғы діндері ме, мұсылмандық па, католик діні ме деп сұраулар туып жатыр.

Эфиопия өкілдері өздерінің христиан діндерін мадақтап шықты. Африканың өзге елдері мұсылман діні мен католик діндерін жалғастырып әкетті. Кейбіреулерге дін айналасындағы талас қатты ұнайтын сияқты. Біресе мұсылман дінін жақтаушылар, біресе католик дінін жақтаушылар мәз болып қалады.

Дін атасы қашан да тырнақты мен тістілердің, азулы мен күштілердің бітімі жоқ, таласы ғой, бұқара өкілдерінің бітпес дауға шырғаланып қалғанына жаның ауырады. Мәдениет мәселелерін адамның рухани өркендеу жолдары деген терминге тіркестіріп алып, рухани өркендеуді дінге әкеліп шырғаластырып жатыр. Католик дінінің отарлау, құлдану құралы болғанын бүркей алмайтындар мұсылман діні де агрессиялық дін болғанын көлденең тосады. Қанша елдерден, қанша жерден келген мәдениет өкілдері дін батпағына бөкселеп батты да қалды.

Бір кезде Дакар мұсылман институтының директоры Лакер Вальтер деген адам менің Римде сөйлеген сөзімді еске түсіріп, жанамалай сынап, бір-екі сұрақтар берді маған. Жауабы табылмас, қысталаңға салар сұрау бергендей сезініп тұр: мұсылман діні көп әйел алуға еркіндік беруші еді ғой, ер баланы піштіруші едік қой, осыларынан айрылған совет Шығысы қазір қалай уайымсыз екен деді. Біреулер менің қысылып қалуыма тілектесіп жымияды, бұрынғы сапардан жақын танысқан достар қысылмасыма сеніп жымияды. Компаниелло қызу тартыс басталып кете ме деп қысылады.

Бұл жолы да мен сөйлеуге тура келді. Алдымен азаттық алған Африка елдерінің мәдениетін өркендету сияқты аса үлкен игілікті істеріне ат салысу үшін екі рет кездесу ұйымдастырған, оған мені де екі рет шақырған қоғамымызға алғыс айтып, ақ ниет, адал жол, жанашырдың достығын тіледім. Содан кейін айтар сөзіме көштім.

— Мен діндар адам да емеспін, дін өкілі де емеспін, жазушымын. Бізде шіркеу мен мешіт мемлекеттен әлдеқашан бөлініп, өз алдына ерікті өмір сүреді. Бізде қандай адам қай дінді қалаймын десе де өз еркі. Менің дін жайынан анық білерім осы ғана. Сондықтан мен сіздермен дін жайында емес, әдебиет пен көркем өнер өркендеуі жайында ғана пікір алысқым келеді. Менің көзқарасымша адамның рухани өсуіне

сала-сала жолдармен келіп әсер ететін, адамның іші-тысын үнемі жуып тұратын қасиетті бұлақтар осылар.

Бірақ жеке адамның бұл бұлақтарға қолы жете беруі үшін ең алдымен саяси-экономикалық жақтардан оның елі толық мағынасында азат болуы керек. Әр халықтың өзін-өзі билеуі, барлық әрекеттеріне де бағынышты болмауы барлық мәселенің арқауы.

Мен қазақпын, менің елім осыдан қырық-ақ жыл бұрын ру-ру болып мал бағып, көшіп жүретін ел еді. Мемлекеттік ешбір ишараты жоқ-ты. Октябрь революциясынан кейін қазақ халқының экономикалық, мәдениетті өмірі жедел алға басып кетті де, бұрын Африка, Азия халықтарының талайына ақ теңеуге болатын Қазақстан қазір Советтер Одағында үшінші орында.

Қай елдің болсын саяси азаттығы мен экономикалық өсуі барлық мәдениет жұмыстарының ірге тасы, негізгі арқауы деп танитындығымнан Қазақстан жайынан бірер мысал келтіруге лұқсат етуді сұраймын.

Бүкіл Советтер Одағы қырық бір миллион гектар тың жер көтерсе, соның жиырма алты миллионы Қазақстан еңбегі.

Қазақстанда қырық жылдың ішінде елу төрт қала салыныпты. Бұлардың көпшілігі — жаңа ашылған ауыр өндіріс айналасында.

Ауыл шаруашылық жұмыстарының 87 проценті машинатехникамен істеледі.

Қазір Қазақстанда он миллиард бес жүз миллион киловатт электр күші бар. Білетіндердің айтуына қарағанда қонақжай Италияның электр күші бұдан едәуір кем көрінеді.

Экономикалық жақтан осылай тез қарқындап кетудің арқасында бұрын артта қалған қазақ халқының мәдениеті тез аяқтанып, тез күш алып кетті. Біз еліміздің хат танымаушылығын жойғалы ширек ғасыр өтті. Қазір бізде балалардың орта білім алуы міндетті түрде өтеді.

Өз алдымызға ерікті республика болғаннан бес жылдың ішінде драма театрын құрып едік, он бес жылдан кейін опера және балет театрын құрдық, оларымыз қазір академиялық театрға айналды. Ширек ғасырдан кейін Қазақ Академиясы туды. Қазақ әдебиеті Советтер Одағында ең өскелең, озық әдебиеттердің бірі деп танылады.

Мұның бәрін айтып жатқаным, қазір азаттық алғанымен таяу жылдардың ар жағында ғасырларға созылған отарлықта болып кенжелеп қалған Африка елдерінің жалпы рухани мәдениетін қалай еткенде тез аяқтандырып жіберуге болады, мен соған керекті жағдайларды ағай кетуді мақұл көрдім. Шын достық тәжірибе алысу, рухани байлықтарынан ауысу-бөлісу арқылы тумақ деп сенгендіктен айтып тұрмын.

Сонымен, менің алмасқалы тұрған тәжірибем рухани мәдениеттің өркендеуіне қажетті материалдық прогресс — индустрия. Қазіргі заманда ауыл шаруашылығын өркендетудің де түп қазығы сол болып қалды. Осы күш халықтың өз қолына көшті ме, жоқ па, әңгіменің бар түйіні осында, достар...

Енді осы кездесуде таласқа түсіп, не болмаса өзіме сұрақ ретінде берілген мәселелерге көшейін. Ең алдымен дәстүр және бүгінгі мәдениет жайында. Мен әр елдің, әр халықтың мәдени дәстүрлеріне құрметпен қарау жағындағы адаммын. Әсіресе, жоғары мәдениетті елдердің өкілдері балаң мәдениеттің дәстүрлеріне жоғарыдан қарап менсінбесе, бағаламаса, мен оның қасында жоқпын. Дәстүрін бағаламасаң мәдениетін де, елін де бағаламағаның. Бірақ дәстүр деген мәңгілік өзгермейтін нәрсе емес. Әсіресе, заманнан қалыспай өсетін елдердің дәстүрі тез өзгеріп отырады. Менің байқауымша, ұлттық дәстүрлер жалпы адам баласының озық дәстүріне қарай бейімделе өзгереді. Онсыз прогресс жоқ. Мұны ескермей, өз халқының байырғы дәстүрінде қала берген жазушы да, суретші де бұқара өрісінен жоғары көтеріле алмайды. Бұ да бір зер сала құлақ асатын шындық. Мұндай халде еліңмен бірге екенің даусыз, бірақ алдында емессің, бастаушы емес, қостаушы ғанасың.

Мысалы, дүниежүзілік драматургияның өсу жолында Шекспирді, дүниежүзілік прозада Толстойды ешкім аттап өте алмайды, олай етем деген адам арандап қалар еді. Бірақ бұдан қазіргі драматургия тек қана Шекспирдің ізімен, проза тек Толстойдың ізімен жасалуға тиіс деген қорытынды шықпайды. Өзгерген, жаңарған қоғам өз заманының дәстүрін де жасайды: суретші де, жазушы да сол қоғамның озық өкілі ғой.

Екінші бір мәселе туралы айтарым — жас әдебиет, жас мәдениет үшін ұлттық шеңберде ғана қалып қою — тар бөлмеде есік-терезеңді ашпай, сыртқы ауаны кіргізбей, темекіңді тартып отыра беру сияқты көрінеді маған. Сырттан теңіз самалы соғып тұрмаса, осы залдың ауасы да оп-оңай бұзылып кетер еді.

Үшінші, Африканың көп халықтары үшін қайғылы бір хал бар сияқты. Ол — ақынның не жазғаны, ой иелерінің не айтқаны халқына жетпей жатса, әсіресе, сол халықтың өз тілінде жетпей жатса, мұны жеңіл хал дей алмаймын. Оның аты халқына етер ізгі әсердің жолындағы тас бөгесін болады да. Қазір адам тіршілігіне радио, кино, телевизор қатты араласып кеткен заман. Бұл күштердің өзі уақыт тынысын өзіне бағындырып әкетіп барады деуге болады. Бұл дәуірде кешеуілдемеуге тырысу керек. Кешіксең-ақ болады, заманың мен арана есесі толмас ұтылыс түсіп кетеді.

Осы мәселелердің екінші бір жағы бар. Сенгор, Осадебэй, Марсиял, Сезара сияқты Африканың атақты ақындары халықтық дәстүрді сақтай отырып, бүгінгі озық поэзияның дәстүрінен қашқалақтамаудың айғағы. Бұл ақындардың еңбектері қай тілге аударылса да оқушының сана-сезіміне қона кетеді. Сонымен бірге тілектес қоғамға қояр менің бір күдігім де бар. Батыс елдерінің тілдерінде жазатын осы ақындардың поэзиясы өз халықтарына өз тілдерінде жетіп жатыр ма? Меніңше, жоқ, жете алмай жатыр. Африканың кей жерлерінде алфавит жоқ қой! Кей жерлерінде типография — баспахана жоқ!

Көркем өнер мен әдебиеттің бақытты жолы — ел үшін болғандығында десек, сол жолда ғана өседі десек, таласқа салмас біраз шындықты мойындауымыз керек: ең үлкен ұран — алфавит, оқу-ағарту істері, баспахана!

Менің Вальтер мырзаға қайтарар жауабым да осы ойларға байланысты. Дакардың беделді бір институты бала піштіру мәселесіне сонша көп назар аударғаны мені әуелі еліктіріп еді, бала шөтейінің маңынан ғылымдық бірдемелер табылады ма екен деп назар сала тыңдап едім.— Бақсам — баяғы бір піштіруден басқа еш нәрсе жоқ екен... Сондықтан талас тудырар орын да жоқ қой деймін. Ал енді бұл туралы біздегі жайды білгіңіз келеді екен, оның жауабы әзір: ауылдық жерлерде баланы піштіріп жатады, той да жасалып қалады. Интеллигенциямыз адам денесінде кесіп тастай қоярлық артық еш нәрсе жоқ деген көзқараста... Шебер табиғат адамның бар керегін, дәл пішіп берген деп ойлаймыз. Мұнымыздан жас балалардың денсаулығына келген зиян да байқалмайды. Осы бір ескілі-жаңалы дәстүрдің жай-күйіне қарамай-ақ ұлдар-ұлдарша, қыздар-қыздарша өсіп жатыр. Ұлдар да, қыздар да жаңылыспайтын сияқты.

Вальтер мырзаның көп әйел алуға кеңшілік береді деп мадақтаған ислам дініне де, көп әйел алуға кеңшілік жоқ католик дініне де мен қастық-достығы жоқ адаммын, меніңше, адам дін үшін емес, дін адам үшін болу керек. Дінді адам өзі қалап алу керек. Ойланып, ұғынып қаласын: ешбір сыртқы күш еріксіз қосақтамасын, желкелемесін. Адамның рухани бейнесі деген ойнауды көтермейді, діннің өзін де ойыншыққа айналдырмау керек. Агрессияға құрал болған, отарлауға құрал болған дінді адамның рухани азығы деуге, әсіресе, діни адамдардың аузы бармау керек. Дін экспортқа да кірмесін! Мен полигамия үшін емес, полиграфия үшін жан салу керек дер едім!

Осыдан кейін соғысқа, қарулануға, империалистік агрессияға қарсы күресіп жүрген дін өкілдеріне көңілдестік білдіріп, Нобель премиясын алған Италияның ірі ақыны Сальва-

торе Квазимодоның бір ауыз өлеңімен сөзімді аяқтадым. Ол былай депті.

И креста, и молотка Голгофы,
И святые воспоминания детства
Мало, чтобы раздавить войну!

Менен кейін сөйлеген адамдар менің ойларыма қосыла сөйледі. Жазушылар түгіл дін адамдары да қостап жатыр. Үш адам, төрт адам, бес адам... Сонымен кешкі мәжіліс аяқталып, қағаздарымызды жинап, орнымыздан тұра бергенде дөңгелек столдың қараңғылау бір бұрышынан шаңқ-шаңқ етіп бір адам тұра келді. Дакар мұсылман институтының ғылыми жұмыстарын басқаратын Монтей екен. Тұра бере-ақ Қазақстанға шабуыл жасады. Сатылып кеткен Хайттың сөздерін, қас жауларымыздың бірі Дугластың сөздерін айтып жатыр. Құлақ үйренген, жауабы оңай сөздер. Бірақ Монтей соны ышқынып-ызаланып айтып тұр. Отарынан айрылған капиталистер, азаттық алған Африка социализм елдеріне қарай бой ұрып кете ме деп біздің елге қара күйені жаға беретіні мәлім. Сөздерінде не дәлел, не шындық болмаса да Монтей бар жынын төгіп жатыр. Дәлел-шындығы аз болған сайын ашына сөйлейді. Өзі де бір қораштау адам, жиналыс құлақ аспаған сайын, бұрқырап,булығып қалды. Бар қосқаны Францияның Пьер Джордж деген адамы да жоғарыда аталғандарға үн қосқан екен, соның атын атады.

Халықаралық кездесулерде де ойын-қалжың керек, бірақ қалжыңбастық керек емес. Менің Вальтерге берген жауабымдағы қалжынды ауырлап қалған ба деп қауіптеніп қалып едім, жоқ олай емес, Дакар мұсылман институтының екі бірдей католик басшылары — Вальтер мен Монтей — советтер жағына бейім болмаңдар, діндеріңнен айрыласыңдар деп тұр екен. Жиналыс басшысы Монтейдің сөзін бөліп, маған қарады.

— Осы мырзаның шашып-төгіп айтқанына түсіне де алмай қалдым. Сол айтқандарын қағазға түсіртіп берсеңіз, мен ертең таңертең бірінші болып, жауап бергім келеді,— дедім мен.

Осыған келістік те тарасып кеттік.

Ертеңіне біз тамаққа отырмай-ақ әр топтан өкілдер келе бастады. Бәрінің айтары да біреу-ақ: әрең басымыз құралып отырған кездесуде Совет делегациясына ауыр сөз айтылып, Совет делегациясы жауап беріпті деген лақап тарамаса екен. Монтей бұл кездесуге шақырылған адам емес, демократиялық еркіндікті пайдаланып, киіп кеткен адам...

Сондай өкілдер кездесу президиумының атынан да келді; «Европа мәдениет қоғамынан» да келді. «Африка мәдениет қоғамынан» да келді.

Бізге ең ауыр салмақ сала сөйлеген соңғы аталған қоғамның генерал-секретары Алиун Диоп пен президиум басшылары болды. Әр түрлі дәлелдермен өтініш етілді.

Аяғында Марков екеуміз мынадай шартқа тоқтадық:

1) Президиум бастығы жоғарыда аталған екі қоғамның атынан Мүсреповтың қайтарар жауабын жарияламауға өтініш еткені айтылсын.

2) Кездесуге шақырылмаған Монтейдің көлденең киіп кетіп, сөйлеген сөзі мәжіліс атынан жала деп танылсын.

3) Совет делегациясына орынсыз шабуыл жасауға жол беріліп қалғандықтан, президиум өз атынан кешірім сұрасын.

Обалы не керек, президиум бастығы келісілген шарттан әлдеқайда әрі сөйледі. Жиналыс үлкен қуанышпен қабылдады, біз разы болдық.

Кездесу аяқталғаннан кейін Совет делегациясына Капри, Сорренто аралдарын, Неаполь, Аминто, Помпей қалаларын көрсетіп, екі жетідей қонақта болдық...

Кейін тағы да сол Монтей Дакарда француз тілінде шығатын газетте Флоренцияда болған соқтығысты башайлап жазып келіп, аяғында «амал не, африкалықтар Мүсреповты жақтап кетті» деген өкініш айтыпты. Әрине, оған амал болмайды.

3

1965 жыл, октябрь айы. «Европа мәдениеті қоғамының» кезекті 9-съезі болмақ екен, мен соған шақырылдым. Москва мемлекеттік университетінің проректоры Г. Д. Вовченко екеуміз жүріп кеттік. Аударушыны Рим өзі бермек болды. Москвадан 9 октябрь күні ұшып едік, Прагада самолет кідірісі болып, Римге 11 октябрь күні кешке келдік.

Рим — көп өзгере бермейтін қала. Он екі ғасыр бойында өзгере-өңделе келіп, аяғында тұрақты бір ансамбль сияқты қалыптасқан да, шеткерірек жағына болмаса, орталық аудандарына жаңа архитектураның иығы сыя бермесе керек. Сондықтан бұрын бірер көрген адамды Ұлы Рим ескі танысындай, өзгермеген күйінде қарсы алады.

Бірақ сол таныс адам анда-санда бес-он күн тұрып, күні-түні араласа да Римді жете біле алмайды. Рим ескерткіштері, Рим музейлері, Рим храмдары таусылмайды, көбейе береді. Әсіресе, көркем өнер мұраларына құныға түсесің, ұғына түсесің, біліп болу үшін жылдар керек. Бар білгенің Рим жеті қырқаға орнаған қала... Колизей, де Треви фонтаны, Пантеон, Тибр көпірлері, Әулие Петр храмы, Боргезе паркі, Ватикан, бірді-екілі музей, бір-екі галерея, атақты алаңдар, атақты бағандар. Бұлардың әрқайсысы ғасырлар

тарихы, ұлы шеберлер-суретшілер, мүсіншілер еңбектері. Неше көріп, қанша таңданып қайтарың осылардың маңы. Бұлардың көбін тарихи кітаптардан білуге де болады. Бірақ өз көргеніңді білдімге санауға болмайды. Ондай талаптан мен өзім бас тартамын.

Аэропорттан шыға бере отар-отар, табын-табын болып, иіріліп жатқан жеңіл машиналарға кездесесің. Қала ішінде гараж дегенге орын жоқ, машиналар қаланың іші-сыртындағы алаңдарға түнейді. Жаз да солай, қыс та солай: мыңдаған емес, он мыңдаған машиналардың күні сол.

Алты-жеті қатар болып, қарама-қарсы аққан машиналардың бірімен Римге келіп кіргенінде, басқа ірі қалалардың кіре берісінде ұшырасатын пригород дегенді сезінбейсің, құмырсқаның илеуіне бірден кіріп кетесің. Көшелерде қанат қағыса, құйрық тістесе ағылған машиналардың көптігі сонша, кейде барам деген жеріңнің алдына келіп тоқтай да алмайсың: бірер көше асып кетіп, не бірер көше жетпей тоқтауға да тура келеді. Жалпы ағыннан сытылып шығу өте қиын. Бір ретте Полевой екеуміз Боргезе паркынан шыға алмай жиырма минуттай күткеніміз бар. Осы үлкен парктің ішімен, жергілікті адамдардың айтуынша, отыз бес жол өтеді екен. Барлық жолдардың бәрімен де машина деген ағылды да жатты. Біз өте алмадық.

Сонымен бірге қаланың шетірек жағында тар көшелер де аз емес. Рим қаласындағы жер тарыншылығы сонша, кір жаятын жер жоқ. Жуған кірлерін сыртқа салбыратып терезеге іледі. Кейде бес-алты қабат үлкен үйлердің барлық терезелерінен салбырап тұрған кір көресің. Тар көшелерде — көшенің екі бетіндегі үйлердің барлық қабаттарынан салбырған кірлер біріне-бірі соқтығысып тұрады.

Осындай бұрыннан таныс көріністердің ішімен қонақ үйге келіп түстік. Ертеңіне съезге келсек, негізгі баяндамалар да өткен, жарыс сөздер де аяқталған. Съезд октябрьдің оны күні ашылып, біз жабылар күніне үлгеріппіз. Біз сұрауға жауап беретін соңғы сағаттарға іліктік. Таңертеңгі мәжілісте қоғамның генерал-секретары Компаниелломен, вице-президенті Антони Бабель жазып берген, не болмаса ауызша берілген сұрақтарға кезекпе-кезек жауап беріп отыр.

«Идеологиялық шалғайластық және мәдениет саясаты» деген баяндама бойынша қойылған сұрауларға жауап түстен кейін басталды. Баяндамашы Италия коммунистік партиясының Орталық Комитеті президиумының мүшесі Умберто Террачини екен[1].

Террачини — шешен де, тапқыр да адам. Жан-жағынан

[1] Оның итальян тілінде жасаған баяндамасын мен аударылмаған күйінде Москваға алып келдім. Ғ. М.

бораған сұрауларға, жарыс сөздерден туған дүдамалдарына тұжырымды жауап беріп, жығып тоқтатып отыр.

Біраз сөйлеушілер экономикалық бірге жасасу деген мен идеологиялық күрес дегеннің арасында қайшылық барын айтқан сияқты.

Терrачини жолдастың бұларға қайтарған жауабының ұзын ырғасы былай аңғарылады: экономикалық бірге жасасу дегеннен күреске орын жоқ деген мағына тумайды. Әрбір бәсеке-күрес не жеңіспен, не жеңіліспен аяқталмақ.

Біздің Италиядан алған аударушымыз — Грацияно Заппи (Мирко) орыс тілінен Италия, ағылшын тілдеріне аударуға шебер де, ол тілдерден орыс тіліне аударуға шорқақтау болып шықты .Тездікпен, оратор қарқынымен жатқа сөйленіп жатқан сөздердің де, қайтарылып жатқан жауаптардың да бізге ұшығын ғана жеткізіп отырды. Кейде тіпті сөйлеуші ойының бет алысы да, түп нысанасы да аңғарылмай қалады. Оның үстіне негізгі баяндамалармен бірге негізгі жарыс сөздер де бізден бұрын аяқталып, біз сарқыншағына ғана ілігіп отырмыз. Жалғыз түсініп отырғанымыз — Терrачинидің қайтарған жауаптарына сөйлеушілердің бас изеп, мойындап қалулары. Бұл жағдайда идеологиялық баяндама бойынша жарыс сөзге араласу бізге өте қиын болып қалды.

Дегенмен, сөйлеуге тура келді. Қоғамның генерал-секретары философ Компаниелло сөз арасында әлсін-әлсін менің сөйлеуімді керек ететіндерін ескерте берді. Сұрау мен жауаптар аяқталған соң, мен сөйледім.

Компаниелло — философ адам. Фашизмге қарсы күрескен. Соғысқа, қаруландыруға қарсы бейбітшілікті қуаттайды. Отарынан айрылған Италия, Африка, Азия өкілдерінің еркін кездесулеріне жағдайлы ел болса, мұнда Компаниеллоның еңбегі де аз емес.

Мен «Европа мәдениеті қоғамының» осы жақтағы еңбектеріне тоқтадым. Келешекте не күтетінімізді айттым. «Европа мәдениеті» деген үлкен атаққа ие болып отырған қоғам мәдениет мәселелерін, идеялық көзқарастарымызды емін-еркін ортаға салып, дау-жанжалсыз, пікір алысатын орын болуын тіледім. Әр елдің тарихи салтына, дәстүріне, философиялық ұғыныстарына қарай белгілі бір мәселелерге қалыптасып қалған көзқарастары да болады. Көзқарас болуы да, оны бар күшімен жақтау да ешбір бөгетке ұшыраспасын. Сонымен қатар ешбір көзқарасты заң дәрежесінде қабылдамай, пікір алысуға салайық. Бұл жөніндегі айтыс-тартыс ұзаққа созылып кетсе де, тынды дей салмай, шындығына жетейік. Әсіресе, Африка, Азия елдерінде анықталған шындықты ұсынайық. Менің сөзімнің ұзын ырғасы осы болды.

Сол күні «Европа мәдениет қоғамын» «Дүние жүзілік мәдениет қоғамына» айналдыруға қаулы алынды. Батыс елде-

6*

рінің көпшілігі бірауызды дерлік халде екен. Біз де соны қостадық. Дүние жүзілік мәдениет қоғамына батыс-шығыс елдерінің бәрі де кіре алатыны маған теріс көрінген жоқ.

Қоғамның исполком мүшесіне сексен адам сайланды. Біздең: Полевой, Эренбург, Алпатов, мен, Италиядан Унгаретти, Квазимодо, Террачини, Франциядан Мориак, Польшадан Ивашкевич, чехтардан Мирко Новак, Швейцариядан Антони Бабель, Германиядан Анна Зегерс сияқты көрнекті жазушылар бар. Президент — Италия ақыны Унгаретти. Оның орынбасарына мен Полевойды ұсынып едім, ешкім қарсы болған жоқ. Сонымен қатар, менімен барған Москва университетінің проректоры Г. Д. Вовченко және үш-төрт адам қоғамның мүшелігіне алынды. Осымен съезд жабылды.

Съезден кейін бізді Умберто Террачини шақырды. Бардық.

Террачини — сенатор, сенатта екі жүз елу сенатор болса, соның сексен бесі коммунистер. Басқалары — либералдар, социалистер, католиктер, республиканистер, тоғыз депутат фашистер де бар.

Умберто Террачини — сенаттағы коммунистік партия тобының председателі. Италия республикасының жаңа конституциясын жасайтын комиссияның бастығы. Италия Орталық партия Комитетінің президиум мүшесі бола тұрса да, одан еңбек ақы алмайды: алатыны бір ғана сенатордың жалақысы. 1964 жылы Террачини басқалармен қатар Италияның президентіне ұсынылып, көпке дейін кеуделі орында тайталасып барып қалды.

Умберто Террачини 1896 жылы туған. Италия Коммунистік партиясын құрысқан, Пальмиро Тольяттидің үзеңгілес серігі. Ол — Коминтернді де құрысқан адам. Бір ретте Владимир Ильичтен қатты сын естіп қалғанын еске алып қойды.

Террачини бізді сенаттағы кабинетінде қабылдады. Кішкене ғана бөлме. Үйілген кітаптар, істер, газеттер... Ғалымның кабинеті сияқты.

Террачини жиырмасыншы жылдары Москвада, Коминтернде қызмет істеген кездерін, Лениннен қатал сын естіген кездерін еске алады. Жалғыз италиялық емес, европалық жағдайларда кейбір мәселелерді уақыт әуеніне қарай қоюға тура келетінін айтты. Мұнысы өз баяндамасының кейбір қағидалары біздің көзқарасқа қабыса бермейтінін ескерту тәрізденеді.

— Алайда, осы баяндаманы ала кетіңіз. Москвадағы жолдастарға көрсетіңіз. Ұнаса, бір журналға басылса да, қарсы емеспін,— деп баяндамасының бір данасын маған берді. Мен алып кеттім.

Сол жылдары Қазақстанға келіп қайтқан Луиджи Лонго және оның жолдастарының ризашылықтарын тәптіштеп ай-

тып, Қазақстанның одан бергі табыстарын көп сұрады.

Біз оған «Европа мәдениеті қоғамының» алдағы күндегі бағыты, болашағы туралы біраз сұраулар бердік.

Террачини ол қоғамның болашағына да, бағытына да сенімді қарайды екен.

— Дүниелік ой-пікірлермен еркін араласа алар лық қандай мүмкіншілік болса да безбеуіміз керек. Бұл — демократиялық бағыттан теріс жайылмайтын қоғам. Советтер Одағының кеңірек қатынасқаны дұрыс болар еді. Логикаға, шындыққа бой ұрынбай кетер қоғам бұл емес. Европалық жазушылар бірлестігінің президенті Унгаретти осы қоғамға да президент болып отыр. Осы екі ұйымның әрекетіне кеңірек қатынасып отырсаңдар, сіздер берер кеңес ескерусіз қала алмайды. Сіздер белсене қатынасып отырсаңыздар бұл қоғам арқылы талай-талай қызық кездесулер ұйымдастырылар еді,— деді.

Бұрын бұл қоғамның шығынын оның президенті Понти көтеріп келген. Граф Чини сияқты бай адамдар қарасып отырған. 62 жылы қоғамды мемлекет қаржысына көшіріп, үкімет жиырма миллион лир берген екен.

«Европа мәдениет қоғамы», «Ұғысу» («Понимания») деген қалың журнал шығарып тұрады. Террачини әдебиет пен көркем өнердің күрделі мәселелерін көтеріп, сол журналдың бетіне айтыс ашпай келген бізге өкпесін айтты.

Қоштасарда бізді есік алдына дейін шығарып салып:

— Римнің атақты ескерткіштерін көрген боларсыздар. Темір жол вокзалына жақын Езидора фонтаны дейтін бір көркем ескерткіш бар, оны көрдіңіздер ме?— деді Террачини.

— Жоқ. Көрген жоқпыз.

— Қөруді кеңес етер едім.

— О, көрелік...

— Арривадерчи!

— Арривадерчи!

— Тағы да арривадерчи...

Езидора фонтаны — өзінше бір ғажап көркем ескерткіш. Жалаңаш шалқалаған әйел мүсінін фонтан ылғи жуып тұр. Мүсін алтау, бірақ бәрі бір-ақ әйелдің денесі. Сексеннен асып барып жаңада ғана қайтыс болған сорлы бір әйел жасында асқан сұлу болған екен. Сұлу болғанда бар денесі, беті-жүзі, аяқ-қолы, қасы-көзі, қара тырнағына дейін сұлу болған. Сол әйелді табиғаттың өзі жасаған көркемдігі деп танып мүсінші тасқа көшіріп, фонтанға орнатқан. Сол әйелдің бірінен-бірін аудырмай алты рет қайталаған тас мүсіні, дөңгелек фонтанның алты жағында шалқалаған күйде тұр. Бәрі бір-ақ мүсін болғанмен алтауын да айналып жүріп көресің. Көз алмай қарайсың! Бұл да ұлы суретші Рибераның «Инессасы» сияқты әйел деген сезімді бірден ұмыттырып, көркемдік сиқырынан

бір босатпайды. Фонтанның бір легендасы осы біз есіткен болса, бұдан гөрі көркемдігі тағы да болуға мүмкін. Рим көркем өнерінің бойына сыймайтын легенда болуға да мүмкін емес...

Барлық Африка мәдениетінің бірінші фестивалі

1963 жылы «Африка халықтарының бірлігі» деп аталатын ұйымға кірген африкалық мемлекеттердің басшылары барлық Африка мәдениетінің бірінші фестивалін өткізуге қаулы алған болатын. Мәселе әр кезде мемлекет басшыларының, ең берісі министрлердің мәжілістері арқылы әзірленіп келе жатқанына қарағанда, фестивальға үлкен саяси мән берілетіні аңғарылатын еді. Африка халықтарының өз рухын, өзіндік мәдениетін әлемге таныту, мәдениет туысқандығы арқылы көп ұлттық елдер бірлігін шегендей беру — ұлы мақсат ретінде қолға алынып отырғаны аңғарылатын.

Сол мақсаттағы фестиваль Алжир астанасында 21 июль күні басталып, август айының бірі күні аяқталды. Біз, бір топ совет жазушылары, журналистер, Африка зерттеушілері, көркем өнер қайраткерлері фестивальға бастан-аяқ қонақ ретінде қатынасып қайттық.

Алжир мемлекетінің астанасы — Алжир екі иығын Орта теңізге тіреп, етек жағы азғана сопақтанып барып ұлы сахараға белдеулеп кіріп тоқталады. Ақын Е. Долматовский «Африка жүрекке ұқсайды» десе, Алжир жүрек ішіндегі жүрек сияқты. Теңіз жағасына қуалай салынған Алжир қаласынан 130—150 километр оңтүстыққа қарай шықсаң сахараның шетіне ілігесің. Өткен түні ғана әлдекайда ойысып кеткен теңіздің түбінде қалғандай қара сұр тасты жапан-түз... қарауытып лапылдаған өркеш-өркеш сағым... кейде төңкеріле тулаған теңіз толқындарының елесін береді.

Асфальтті жол қанша сенімді болса да, біз қарауытып жатқан тасты жапанды кесіп өтуге тәуекел ете алмадық. Одан әрі құм-жапан, опырылған, құлаған сарғылт таулар тағы да құлазыған құм белестер деседі. Әзірге түгел зерттеліп болмаған мұнай байлығы сол ұлы Сахарада...

Біз, үш жазушы, фестиваль ашылардан үш күн бұрын барып едік. Өзімізге бекітіп берген машинамен Алжирдің солтүстық жағын еркімізше араладық. Қайда барсаң да, қалай жүрсең де сенің кім екеніңді сұраушы да, жолыңды бөгеуші де болған жоқ. Жабық қақпа, бармас, бастырмас жерге кездеспедік.

Теңіз барқанындағы Алжир жері аса көркем, бай жаратылысты. Таулы, қырқалы, ойпатты, орманды, жемісті, көлеңкелі, гүлді, бау-бақшалы, өнімді өлке. Бұрын бұл бай өлке француз отаршыларының меншігі болған екен, қазір бұл жерлерге жартылай мемлекеттік, жартылай кооперативтік шаруалар орнаған. Кейде бұл шаруаларды кооператив, кейде өзін-өзі басқаратын шаруалар деп атайды. Ауыл шаруашылық техникалары, әрине, аз. Бірлі-жарымды трактор, ондаған ат, қашырлар... Біз аралаған шаруаларда мың жарым гектарға 60—70 ер адам еңбек істейді. Әйелдер шаруаға араласпайды, олар үй түйсігінде.

Сахаралық көгалдарда үнемі қостар, шатырлар кездессе, бұл өңірдегі ауыл шаруашылығы тұрғындарының үйлері қалалық архитектурамен салынған. Көбі, әрине француз отаршыларынан қалған.

Француз отаршыларын айдап тастағаннан кейін олардың ауыр, жеңіл өнеркәсібі түгел мемлекеттік қорға алынған. Қазір ол өндірістерді Алжир өзі жүргізіп жатыр. Жеңіл бұйым өндірісі әзірше озық елдердің өнімімен бәсекелесе алмаса да Алжир тәуелсіздік жолына біржолата бет алған. Алжирде жеңіл өнеркәсіп бұйымдары өте қымбат, кейбір елдердің бұйым бағасымен салыстырғанда он есе. Солай бола тұрса да сырт елдердің сауда өктемдігіне қарсы қойылған сенімді аран — сексен процентке дейін пошлин тағайындалған.

Алжир — Орта теңізді жағалай салынған қала, ұзындығы отыз километр. Қаланың кейбір аудандары Парижды еске түсіреді. Біріне-бірі ұқсамайтын зәулім ақ үйлер әрі көркем, әрі француз архитектурасы екендігін өздері айтып тұр. Шаңқай түс кезінде аппақ үйлер күнге шағылысып, көзіңді қарып қаратпайды. Оған іргеде ғана ырсылдап жатқан теңіз барын қоссаңыз, мүмкін, Алжир бейнесі сонда ғана көз алдыңызға келер. Көшелер толы адам, көшелер толы машина, көшелер толы кафе, магазин. Алжирдің батыс жақ шеті отыз километрге созылған демалыс орындары. Әдемі-әдемі коттедж, вилла, туристерге арнап салынған аппақ жаңа вилла, пляждар... Ақ жолақ, ала жолақ киінген батыс қыз-бозбаласы: доллар, франк, фунт, динар...

Алжир әйелі әлі күнге айқара жамылған аққа оранып жүреді. Оның үстіне мұрны мен аузын түгел тұмшалап тұратын шетін шілтерлеген қиықша ақ орамал тағы бар. Сонда тек, жарқырап тұрған қара көздері ғана көрінеді. Аяқтарын жасырмайды екен: жалаң аяқ, жеңіл сандалет... Мекемелерде, магазиндерде, аптекаларда қазіргі замандағыдай шолақ киінген қыз-келіншектер аз емес. Бірақ күн батқаннан кейін қолтықтасып түгіл, қатар келе жатқан қыз бен жігіт көзге түспей-ақ қойды. Қыздар тұмшаланып алып, әке-шешелері-

мен ғана көшеге шығады деседі. Жас жігіттер көшеде, бақшаларда, кафелерде, топ-тобымен оңаша жүреді. Осының салдарынан болу керек — Алжир жастары ертерек үйленеді екен. Мысалы, бізбен жүрген шофер Идрис он тоғыз жасында үйленген екен. Қазір отыз тоғызда — он баласы бар. Ол өзін кешірек үйленгендерге қосады. Жалпы алғанда, бала дегеніңіз Алжир үйлерінің әр ауласынан қоралы қозыдай өреді.

Қалыңдықты әлі күнге әке-шешелері айттырады екен. Күйеу мен қалыңдық бірін-бірі бұрыннан білу, иә болмаса айттырар алдында танысу деген салт атымен жоқ. Аумаған баяғы қазекеңнің қалың малы. Сонымен бірге көп әйел алу да тоқталған. Сахара көшпенділерінің арасындағы аздаған әменгерлік болмаса, ал Алжир елі ол әдеттен арылған.

Сонымен кешкі Алжирде жігіттер көп, қыздар жоқ. Кешкі Алжирде әр түрлі ойын-сауықтар еркектер арасында ғана. Кафе, ресторандарда арақ тұқымы жоқ емес, бірақ Алжир халқы арақ ішпейді, мұздай суық апельсин, мандарин соктарын ішеді. Тіпті кока-кола да сәндіктен қалып барады. Бейпіл сөз, айқайлау, ысқыру, ұрыс-жанжал кешкі Алжирде жоқ.

21 июль күні, таңертеңгі он... 6—7 конференция, съездерді қатар өткізе беруге болатын залдарды көп «ұлт сарайы»... қасында хабар министрі Мұхаммед Бен-Яхия, «Африка бірлігі ұйымының» бас секретары Телли Диало (Гвинея), тағы басқалар бар, Алжир Демократиялық Республикасының президенті Хуар Бумедьен сахнаға шықты. Жұрт оған тұра келіп қошемет көрсетті. Сөз арасында айта кетейік, президент Бумедьен сол сағаттан бастап, қашан жабылғанша, күні-түні фестивальдың басы-қасында болды.

Фестиваль президент сөзімен ашылды. Ол ұтымды сөйлейтін шешен адам екен. Қанша ғасырлар бойында Африка халықтары көрген құлдық-қорлық, отарлық, қаналу-қансырау жайларын айтқанда тыңдаушылардың жігері қайнап кететіні байқалады. Адам — түсі қара болғандықтан адам қатарынан шығарылып, бұйым қатарында алып-сатарға түсуі, елдігінен, жерінен, адам өмірі дегеннен біржола үміт үзерлік дәрежеге жетуі тыңдаушыға да ауыр. Африка халықтары құл бола жүріп сол үміттен айрылмаған. Құлдық дәуірі — күрес дәуірі, ішке жігер жинау дәуірі болған. Африка рухы осы!

Байтақ Африка халықтары көне мәдениетінен айрылмаған. Қалың ормандарды күңірентетін, арыстан, қабылан, жолбарыс гүрілдерін баса-жаныша естілетін там-там гүрсілін сақтап қалған. Қара адам қорлық-зорлыққа, темір бұғауға, ғасырларға созылған тепкіге мойымаған, өр кеуделі, тәкаппарлығын сақтап қалған. Ол тәкаппарлық әні мен күйінде, ойын мен биінде, Африка рухы осында!

Қазір Африка жаңа дәуірде. Түгел босану күресі аяқталған жоқ. Босаған елдеріміздің іргесін біржола бекітіп алар

кезді жалаң өткізіп алмайық. Дүние жүзі Африка елдерін, Африка адамын тең дәрежеде танысын. Өзіндік тарихы, өзіндік мәдениеті барын танысын! Африка көп ұлтты, тарихи тағдыры бір, тыныс-тіршілігі бір ел. Дүние жүзі осыған мойындасын. Фестиваль осыған арналады.

Көп елдеріміздің төбесінде азаттық туы желбірегенімен ол әлі толық қанды азаттық емес. Сенің байлығыңнан, мәдениетіңнен, идеологиялық бағытыңнан қол үзгісі келмей, әдіс-айласын өзгертіп отырған империализм енді сені іштен шалмақшы. Африка бұған бір елдей қарсы тұру керек. Фестиваль осы мақсатқа арналады.

Ана тілі мен ұлттық мәдениетінен айрылған халық елдігінен де айрылады. Біз ойымыз бір, жан-жүрегіміз бірге соғатын африка халықтары әр елдің ана тілі мен ұлттық мәдениетін сақтау арқылы олардың елдігін де сақтап қаламыз. Фестиваль осы мақсатқа арналады...

Осылай, әр саладан басталып бір арнаға құятын ойларын айта келіп, президент Бумедьен фестивальды ашты. Бірнеше африкалық елдердің құттықтауларынан кейін президент фестивальға қатынасушыларға бірінші түстік берді...

Бірінші бүкіл африкалық, мәдениет фестивалына 6 мың адам қатынасты, 33 мемлекет және ұлт-азаттық қозғалысын жүргізіп жатқан 6 ел көптеген өнерпаздарын жіберіпті. Қатынасушылардың басым көпшілігі ұлттық би ансамбльдері, ұлттық театрлар, ұлттық оркестрлер, ара-тұра симфониялық оркестрлер, жеке әншілер.

Алжирдің өзі сахналарда, көшелерде халықтық өнерін көрсететін 30 ансамбль, екі оркестр, бір хор коллективін шығарды. Ганадан 91 адам, Гвинеядан 50 адам, Ливериядан 50 адам, Малидан 90 адам, Нигериядан 100 адам, Суданнан 85 адам, Мысырдан 150 адам жіберіпті. Ливан мен Сирия фестивальға қатынаспай қалыпты.

Фестивальды өткізуге керекті қаржы 4.750.000 доллар шамасында тағайындалған екен. Соның 3 миллион долларын Алжир, қалғанын негізінен «Африка бірлігінің ұйымы» шығарған.

Фестиваль ашылған күні сағат төртте Алжирдің орталық алаңында фестиваль көрінісі басталды (дефиле). Әр елдің өнерпаздары лек-легімен үкімет трибунасының алдынан өтіп жатыр. Әр елдің музыкалық аспаптары ыңыранып-күңіреніп, гүжілдеп, гүрсілдеп кең алаңды керіп жібергендей болады. Әуе айналған ыстықтан жабық тұрған терезелер түгел ашылып, барлық балкондарға бала-шағалар құжынап кетті.

Алдымен ақ арғымақ мінген атты алжир өтті. Барлық асыл тұқымды жылқылардың түп атасы араб тұлпары Алжирде жақсы сақталған. Сегіз жылға созылған азаттық күресі Алжир жерінен отаршылдарды түгел айдап тастаумен

аяқталғаны мәлім. Сол ұлы күресте ақ арғымақтың төрт аяғы төрт қанаттай қызмет еткен. Бүгін араб ақ арғымақты мейрамға мініп шыққан. Бірақ күрес күндері әлі есінде, трибуна алдынан ондаған салт араб салют беріп өтті. Салют алжир халқының ұлт ойындарына да кіріп кеткен. Аландарда, стадионда көрсетілген ұлт ойындарына да кіріп кеткен. Аландарда, стадионда көрсетілген ұлт ойындарының, билерінің арасында салют ылғи беріліп отырды.

Африка халықтарының ансамбльдері трибуна алдынан алфавит тәртібімен өтіп жатыр: Алжир, Бурунди, Габон, Гамбия, Гана, Гвинея...

Қара мақпалдай не болмаса қара сұрлау келген африканың арғымақ қыз-келіншектері аяқтарын шекіп басады. Аршынды денелерге қынамалап киген ұзын көйлектердің тоқсан түрлі боялары құлпырып, тотылар бақшасын еске түсіреді. Ұзын бойлы; кең иықты, қара бұйра жігіттерді арыстанға теңегендейсің.

Африка — көп тілді, көп ұлтты ел. Жапырақ бұталарынан сумен бірге сүлік тамшылап тұратын, түбіне күн сәулесі түспейтін мәңгілік қара орман тұрғындары көбінесе аласа, әлсіз, тіршілік салмағы жаншып жіберген жандар. Ойын-сауық, әнкүйлерінде қайғы-мұң ажарсыздығы басым.

Гвинея, Сенегал, Нигерия, Оңтүстік Африка елдерінде көне мәдениеттің мол мұрасымен бірге қорланып қалған жаңа мәдениет барлығы айқын көрінеді. Қап өлкесінің халқы өткен ғасырдың соңғы ширегінде банту тілінде едәуір өсіп қалған көркем әдебиет жасаған. Дзоломо, Мпахлеле, Джолобо, Вилакази деген ақындары, Абрахамс, Томас Мофоло деген романистері болған. Соломон Плаатье деген жазушы ағылшын тілінде және бантудың үш тармағының бір тсвана тілінде жазған. Оның үстіне Шекспирдің «Юлий Цезарь», «Отелло» «Венеция купестері» сияқты пьесаларын тсвана тіліне аударған. Банту тілінде XIX ғасырдың аяқ кезінен шыға бастаған «Имво Забантсунду» газеті биыл 80 жасқа толады. Африкада үлкен ойшылдар, ақындар, романистер қазірдің өзінде аз емес. Сенгор, Осадебэй, Осман, Ла Гума, Нето, Эквенси, Цезарь, Фэйтури сияқты ақын-жазушылары қазіргі заманның үлкен шеберлеріне қосылады.

Фестивальда он күнге созылған симпозиум болды. Онда Африканың өзіндік мәдениеті барлығы, Африка мәдениетінің ұлттық қозғалыстағы маңызды орны, Африка бірлігіндегі, экономикалық және қоғамдық өркендеу жолындағы мән-маңызы сияқты мәселелер кең мағынасында талқыланды. Қонақтар бұл талқылауға қатынастырылған жоқ.

Африка кино өнерінің апталығы «Африканың азаттығы мен бірлігі үшін!» деген ұранмен өтті.

«Африка халықтарының ұлттық және көне замандық көр-

кем өнері», «Африка халықтарының осы күнгі көркем өнері», «Африка қолөнершілерінің жасаған бұйымдары» деген сияқты аттармен алты жерде көрме жасалыпты. Көрме экспонаттарының көпшілігі Париж, Лондон және басқа батыс елдерінің музейлерінен келіпті. Африканы аралаған біздің суретшілер өз алдына бүгінгі Африканы көрсететін бір шағын көрме жіберген екен, онысы онша ұтымды болған жоқ.

Бұлардың бәрінің үстіне театр коллективтері мен хор, би ансамбльдерінің, жеке әншілердің конкурсы өтті.

Африканың ұлттық театрлары мен кино өнері әзір балаңдау, әрине. Әдебиетіндегі байлығы сахна мен экран тіліне көше алмаған. Бұл жағынан басқаларынан анағұрлым алда келе жатқан Мысыр. Ұлттық ойын, ұлттық би жағынан Алжир, Гвинея, Сенегал, Мысыр, Марокко сияқты. Осы елдердің хор араласқан ұлттық билері сюжетті келеді екен де, өмірінен көп нәрсені көркем түрде көз алдыңнан өткізеді. Қызықтыра алады, қыздыра алады. Қылыш, мылтық араласқан ат үстіндегі ойындарда Алжир ерекше көзге түседі. Бейбіт өмірдің әр түрлі көріністерін бергенде Батыс Африка ойын-билерінің қаны толық, бояуы көп, әуені көп. Бұл, әрине, қазіргі хал, өсу жолында қайнап жатқан қазан. Сондықтан бәрінің де болашағы алдында.

Бір қызық нәрсе — Батыс Африканың ұлттық ойындарында, билерінде бізде бар элементтер жүр. Әсіресе, ат үстілік күрес ойындарында. Оны ат үстілік ойындарда Алжирден, күрес ойындарында Сенегалдан көрдім. Жеңіл киінген балуандар әуелі тағы өгіздердей жер тырналап айбат шегісіп, алыса жөнелгенде сахна шайқалғандай болады. Сахнадағы ойыншылар балуандардың қимылдарымен бірге жапырылысып, бірге дөңгеленіп, сахна шайқалғандай көрініс береді. Үйірісіп кетті, лақтырысып жіберді, шалып қалды. Қарамайлаған қайыстай денелер барлық бұлшық еттерін сыртқа теуіп бір денедей қайнасып қалды. Шалуға келді — болды, гүрс етіп құлады бірі, барабан да бірге гүрс етті. Ритм, ритм, ритм!..

Әншілерден жұрттың назарын түгел аударған үш әнші әйел болды: Мириам Макеба (Оңтүстік Африка), Викки Блейн (Гамбия), Нина Симона (США). Мириам Макеба классикалық, ұлттық салмақты әндерді айтты. Нина Симона көптен келе жатқан эстрада әншісі болу керек, сахнада неше құлпырып, қойқаңдап билеп те жіберіп, жұрт назарын еріксіз аударады екен. Викки Блейн болса, ол бір сахна сайтаны сияқты. Жалаң аяқ, жалаң сан, қою қара бұйра шашы көзі мен аузынан басқаның бәрін жауып кеудесіне түседі. Қішкентай ғана әдемі аяқтарымен билей жүріп, небір құйқылжыған әндерді айтқанда жастардың жүрегі торға түскен бөденедей тыпырлайтын сияқты. Қалайда бұл үшеуі фестивальдың

ажары болды. Мысырдың бұлбұлы Ум-Гүлсім фестивальға келе алмай қалды.

Біз, жазушылар, өзіміздің Азия, Африка жазушыларының қозғалысына байланысты жұмыстарымызды да ескере жүрдік. Оңтүстік және Солтүстік Вьетнам жазушыларымен, Оңтүстік Африка, Ангола, Үндістан жазушыларымен кездесулер өткіздік. Фестивальдың алдында ғана Алматыда болған ескі дос Мулк Радж Ананд фестивальға барған екен. Оған Алжирде Саджад Захир келіп қосылды. Бұл достармен құшақтасып көрісіп қалдық. Алматыда бірге болған күндерді, Д. А. Қонаев жолдастың қабылдауында болған сағаттарды жылылықпен еске алыстық.

— Мен ғылым-техникаға молыққан, социализм орнатып жатқан ел екендеріңізді көптен бері білемін. Бұл — мен үшін үлкен арман. Жан басына бөлгенде ұлттық кірістің ұлғаясыр молдығын да білемін. Мені таңдандырған мемлекеттік, ғылымдық, мәдениеттік қауымның тез өскендігі. Ғасырлар бойында қорланып қалған ескіліктен осынша тез құтылғандарыңыз,— деп Ананд қойын дәптерін суырып алды.— Мистер Қонаевтан жазып алғандарым бар еді...

Мулк Радж Ананд — үлкен жазушы, үлкен ойшыл адам. Жазып алғандары да Қазақстанның ылғи бір ірі мәселелері екен. Интернационалдық республика, халықтар достығы, ғылым, білім жайлары. Ананы-мынаны сұрастыра отырып үлкен ойларға түйін жасапты. Сөз аяғында — мистер Қонаевқа достық сәлем айтсам ерсі болмас па екен?— деп сұрады менен.

— Ешбір ерсілігі жоқ. Мен жеткізейін,— дедім.

Оның Қазақстан басшыларына сәлем айтарлық тағы бір себебі бар. Ананд 1956 жылы Делиде Азия жазушыларының конференциясын өткізу идеясын көтерген. Сол конференциядан Азия, Африка жазушыларының ұлы қозғалысы басталып кетті. Қазір барлық Африка мәдениетінің фестивалын көріп жүргенде, енді Азия, Африка мәдениетінің фестивалын өткізу идеясы ойына келген.

— Оның өзін Қазақстанда, Алматыда өткізсеңіздер!— дейді.

— Біз, Үндістанның екі қарты, әзірлік комитетінің барлық қара жұмысына қатынасар едік,— деп оған Саджад Захир да қосылып кетті.

— Несі қиын? Күні кеше ғана азаттық Алжир республикасы 6 мың адам жиналған бүкіл африкалық мәдениет фестивалын өткізіп отырған жоқ па?

— Менің елге барып ойласайық, ақылдасайық,— дегеніме екеуі де құлақ асар емес.

— Есіңізде ме, Алматының қасындағы бір колхоздың жылдық табысы үш миллион төрт жүз мың сом екен. Үш кол-

хоздың бір жылдық табысын ғана шығарсаңыздар жетіп жатыр... он миллион сом!..

— Африка фестивалы 4 миллион 750 мың-ақ долларға түсіп отыр ғой!..

Ақыры «ойласайық, ақылдасайыққа» тоқтадық...

Азия, Африка жазушыларының алдында Үндістанда өтпек екі үлкен мәжіліс бар: алдымыздағы ноябрь-декабрь айларының ішінде Делиде «Ленин идеялары бағытындағы поэзия» семинары өткізілмек. Одан екі-үш ай кейін — Азия, Африка жазушыларының кезекті конференциясы. Бұл екі мәжілістің де едәуір салмағы Совет Одағына түседі. Әңгімені Үндістан өкілдігінің қонағында аяқтасақ та ұсыныстардан әрі бара алмай аяқтадық.

Біздің ескі достардың бірі, Оңтүстік Африка жазушысы Алекс Ла Гумамен «Алетти» қонақ үйінің алдында көлеңкелеп отыр едік, менің арт жағымнан келіп бір ыстық дене құшақтай алды. Ыстық леп арқамды, желкемді күйдіріп барады.

— Әлмәта, Әлмәта!— дейді әйел даусы. Ол жақында ғана осында болған Оңтүстік Африка қызы Занеля Ламини екен. Бірінің атын дұрыс, бірінің атын теріс атап, Алматыда кездескен қазақ әйелдерін сұрастырып жатыр. Жас басынан құғын көріп, шет елде жүрген жас қыз өте бауырмал. Сәті түсіп совет елін аралап қайтқан қыз көрген-білгенін айта жүреді екен. Бар достығы, ырзашылығы көзінде жарқырайды.

Аса бір жақсы кездесуді Оңтүстік және Солтүстік Вьетнам жазушыларымен өткіздік. Бұлардың бірі — бұрын Солтүстік Вьетнамда мәдениет министрі болған, әдебиетші адам. Бірі ақын, бірі журналист, енді бірі көркем өнер қайраткері. Көптен бері көлеңкелеуде қала беретін біраз әңгімелердің беті ашылып, қалтқысыз ұғыныстық. Совет Одағының әр кездегі достық жәрдемін айта келіп, делегация бастығы сөзін былай деп аяқтады:

— Совет Одағы біздің екінші Отанымыз!

Оңтүстік Вьетнам ақыны маған:

— Вы мой дядя!— деді орысша.

— Вы мой родной брат!— дедім мен оған.

Бұдан былай жақын достасып, қайда барсақ та бірге жүрдік. Москваға дейін бірге келдік...

Агостиньо Нето — Ангола жазушысы. Мөлдір қара бұйра шашы қара маржан тізіп қойғандай жалтылдайды. Кең иықты, көздері аз күлімдеп, көп ойланып жүретін адамды аңғартады. Сымбатты да сұлу жігіт. Оның әдебиеттегі аты бұдан 15 жыл бұрын ауызға іліксе де соңғы жылдарда білінбей кетіп еді. Сұрастыра келсек ол соңғы жылдарын түгел азаттық қозғалысына берген екен. Ангола ұлт-азаттық қозғалысын басқаратын орталық екі жерде болып келген: біреуі Англола-

ның өзінде, енді бірі Киншаста, Ангола халқының қолма-қол күресінен шетірек тұратын Киншас орталығы кейде бөгесін бола бастаған. Бөгесін болудың себебі шетірек тұратындықта да бола бермейді, әрине. Әр түрлі сыртқы әсер, жат әсер бар... Мұндай революциялық қозғалыстардың ыстық-суығына төзу үшін идеялық табандылық керек. Киншас орталығы осы жағынан ақсаған. Қазір Киншас орталығын қозғалыстан ысырып тастап, Ангола қозғалысын Агостиньо Нето өз қолына алған. Осы жайларын тереңірек баяндай келіп:

— Ангола төбесінде азаттық туы желбірейтін кез жақын!— деп күлімдеп тоқтады Нето.

— Біз азат Анголаның болашақ президентінің саулығына!— деп тост көтердік.

Көптен бері кейде тоғысып, кейде қағысып қала беретін бір үлкен ұйыммен осы жолы едәуір ұғыныстық. Ол —«Африка мәдениетінің қоғамы». Ұйым орталығы Парижде. «Презант Африкен» деген қоғамдық-әдебиеттік журнал шығарады. Ол — Африка мәдениет қайраткерлеріне үлкен әсері бар ұйым. Ұйымның бастығы да, журналдың бас редакторы да Сенегал жазушысы Диоп.

Таңертең қонақ үйден шыға берісте Алиун Диоп кездесе кетті. Көрген жерден құшағын жайып «О!»— деді. Мен де құшағымды жайдым. Құшақтасып, арқаға қағысып қалдық, сүйісіп қалдық. Сағынысқандай екенбіз.

Римде, Венецияда өткен екі үлкен кездесулерде бірге болғанбыз. Менің сөзім арқылы Диоп бірталай қиғылықтарға да ұшыраған. Тегі, айтыс-тартыстарға жоқтау адам:— Мен саяси соқтығыстарды ұнатпаймын,— деп еді сонда.

Қазір іркілмей келіп құшақтасты. Хал-жайларын іркілмей-тартынбай сөйлеп кетті. Көптен бері кездеспей кеткендіктің өкініш жақтарын сөз еттік. Екі жағымыз да қалтқысыз-риясыз, алдағы күнде қол ұстасып істер көп жұмыстар барын кеңестік.

Аяқтасып келгенде Алиун Диоп ұзағырақ уақыт әйелімен бірге Совет елдерін аралағысы келетінін білдірді. Мен оны екі айға шақырдым.

— Бір ай республикаларды араларсыз. Екі жеті менің қонағым боларсыз,— деп сөзімді аяқтағанша, менімен бірге барған Абхазияның ақыны Иван Тарба киіп кетіп:— Екі жеті менің қонағым болыңыз! Сухуми! Құм пляж есігімнің алдында жатыр!— деді.

Сонымен Алиун Диоп әйелімен бірге келер майдың ішінде Совет Одағына қонаққа келетін болды.

Азия, Африка жазушыларымен кездесу жайларын осымен аяқтаса да болар еді. Бірақ мақалада кездескен сайын «құшақтаса кеттік»деген сөз ылғи қайталанып отырады. Соған түсінік бергім келеді.

Мәселе мынада: Совет еліне қарсы үгіттер, қызыл ауыздықтар дүние жүзін шарлай-шарлай шатқаланға кіріп, өз ұятын өзі ашып, өзін-өзі әйгілеп алғанға ұқсайды. Осы күнгі ойлы жұрт, өскен ой дәлелсіз даурықпаға ере алмайды. Әсіресе, ұлт-азаттық қозғалысының қайраткерлері, елдік іргесін жаңадан қалап жатқан елдер жалаң сөзге мұқтаж емес, іске, жәрдемге айналған достыққа мұқтаж. Біз ешкімді алдаған, арандатқан емеспіз. Жаңа отаршылдық айла-аярлығымен келсе, біз өмірдің өз шындығынан туындайтын міндеттерге дұрыс бағыт берумен келеміз. Жеке жазушылардың таныстығы, достығы іске жәрдем болатыны даусыз бола тұрса да құшақтасулардың негізгі себебі еліміздің қасиетінде: тура-шыл әділдігінде, жанашыр қамқорлығында, достығында дегім келеді.

Алжирде мені бір топ қазақ инженерлері тауып алды. Телефон шыр ете түскенде тыңдай қойып едім:

— Ассалаумағалайкүм... Ғабит ағайсыз ба?— деді қазақ даусы.

— Ие, мен...

Алжирде емес Алматыда отырғандай сезініп, бірер сұрауды қапыл-құпыл орынсыздау беріп қалдым.

— Лұқсат болса сізге кіріп шығайық деп едік.

— Е, келіңдер.

Әрі ыстық, әрі дымқыл Алжир ауасының райына жеңіл киінген екі жігіт кіріп келді. Енді мен оларды туристер екен деп қалдым.

— Ал, жол болсын... Қайдан келіп, қайда бара жатқан жігітсіңдер?

— Осында қызмет істейміз...

Сұрастыра келсем Алжирдің түсті металл рудниктерінде істейтін тау-кен инженерлері екен.

— Ал, менің мұнда келгенімді қайдан білдіңдер?

— «Қазақ әдебиетінен» көрдік.

Біздің газет-журналдарымыздың шет елдерге қанша тарайтынын мен, әрине, біле бермеймін. Алжирға «Қазақ әдебиеті» барады екен. Бұдан үш жыл бұрын Индонезия астанасы Жакартада мені сонда тұратын бір қазақ қызы тауып алып еді, өткен жылы Римде тағы бір қазақ қызы кездескен. Шетте жүріп, елін сағынатын жастардың құлағы түрік болатыны табиғи нәрсе, тек, соларға елдің исін беретін бірдеме ала бармағаныңа өкінесің. Елдік дерлік менің еш нәрсем болмады.

Жігіттер жабысып, ертеңіне біреуінің үйіне «жарты-ақ» сағатқа қонаққа алып кетті. Барғанымыз Төлеусейіт Омаров деген тау-кен инженерінің үйі екен. Әйелі әкесі келгендей қуанып, дөңгеленіп жүр. Қасымдағы жолдастарым — Абха-

зия ақыны Иван Тарба, Москва жазушысы Великовский қазақ бауырмалдығына қызыға қарайды.

Бұл үйге бес қазақ инженері жиналды: Төлеусейіт Омаров, Мәдениет Асанов, Шәріп Ысмайылов, Шәмшедин Әбдіраманов және Әбдіхан Бегімбетов. Бәрі де — тау-кен инженерлері. Бәрі де — Алматының тау-кен институтын бітіріп біраз жыл Жезқазғанда істеген. Бәрі де — Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтың жолын қуған талапты жастар. Жас инженер Әбдіраманов оның үстіне жазушы. Балаларға арналған 7-8 фантастикалық әңгімелері «Көрінбес қорған» деген атпен биыл басылып шықты. Омаров пен Асанов бірер жыл түсті металл рудниктерінде істеп, қазір соның Орталық басқармасына көшірілген.

Жаңа бой салып көтеріліп келе жатқан Алжир еліне достық қолын, адал еңбегін ұсынып барған қазақ инженерлерін көргенде байғұс ескі ауыл еске түседі. Күрсініп еске аласың. «Елу жылда ел жаңа!» Барлық байлығымен бүгінгі Қазақстан көз алдыңа келеді. Алжирден Москваға дейін бес сағат. Москвадан кейін бес сағат ұшатының еске түседі!

Алжирда барлық мемлекеттік істер, кеңсе жұмыстары түгел француз тілінде жүреді. Біздің жігіттер француз тілін едәуір меңгеріп қалған.

Омаров тұратын әдемі виллада жарты сағат емес, үш сағат отырып әрең босандық. Үш сағат өз үйіндегідей еркіндік, қазақы жайбарақат таптық. Ыстық Алжирда Арқаның салқын самалы соғып жібергендей болды.

* * *

Фестиваль он күн жүріп барып жабылды. Бұл елдер тарихында ерекше орын алатын көрме болды. Бұған дейін ешбір ел тұтас бір континенттің мәдениет фестивалын өткізген емес. Енді сол фестивальдың жеке бір жақтарына тоқталайық.

Ең алдымен, президент Бумедьен фестивальдың басы-қасында өзі болды, өзі басқарды.

Фестивальға қатынасқан 6 мың адам түгел қонақ үйлерге орналасқан. Астаналы қала Алжир сонша адамға таршылық еткен жоқ.

Үш мезгіл беріліп отырған ішім-жем молшылығы да сыр берген жоқ.

Делегацияларға бекітілген жеңіл машиналар таңертеңгі сағат сегізден түнгі он екіге дейін табан аударған жоқ. Жүздеген автобус, жеңіл машина шоферлары күні-түні казармаларда әскери тәртіпте ұсталды. Мысалы, біздің шофер өз үйінің қасынан өткенде бала-шағасын көріп шығуға бата алмады.

Ойын-сауықтар стадионда, театрларда өтіп жатты.

Президент екі рет қабылдау жасады. Хабар министрлігі (бізше Мәдениет министрлігі), ағарту министрлігі, ауыл шаруашылығы министрлігі бір-бір түстік берді. Совет өкілдігі де үлкен бір қабылдау жасады.

Сонымен Африка елдерінің өзіндік рухын, өзіндік ескі-жаңа мәдениеті барын, Африка халықтарының бірлігін танытуға арналған фестиваль он күн ашық тұрған шымылдығын түсірді.

Африка халықтарының фестивалы арқылы көздеген мақсаттарына тезірек жетулеріне тілектестік білдіріп, біз де елімізге қайттық.

Аспанда болған жекпе-жек

Ақ сәлделі, ала киінген қара мұрт индус — Үндістан әуе қатынасының эмблемасы — оң қолын кеудесіне басып қала берді де, біз, жолаушылар самолетке міне бастадық.

Ағылшын самолеті аспанға тез көтеріліп, жоғарылап кетті. Делидің қойын-қолтығында лапылдап тұрған жалынды лебі де қара мұртпен бірге жерінде қалды.

Су ете түскен тап-таза, мөп-мөлдір салқын ауа самолет ішіне көленкелеп ұстаған күтімді бөлменің реңін береді. Таңертеңгі таза рең, жеңіл салқын.

Бірінші салонның бірінші қатарында отырған жолаушылардың алдында жіңішке ғана стол. Стол үстінде терлеп тұрған шыны сауытта екі түрлі жеміс суы, резеңке сағыз, қарындаш, қағаз, конверт. Жалпақтығы екі еліге толар-толмас әдемі коробкаларда екі-екіден салынған сигареталар. Қарсы алдыңдағы қабырғада қатар тізілген ағылшын тілінде шығатын журналдар.

Ағылшын самолеті біздің «ТУ-104» самолетімен салыстырғанда анағұрлым баяу ұшады. Сонысына қарай зіркілдегі, шуы аз. Кейде ауа тазартатын кондишенің қоңыржай ғана гуілі естіледі.

Мен Дели — Калькутта — Гонконг арқылы Жапонияға кетіп бара жатырмын. Жол шеті алыс. Ауысып мінетін самолеттер дәлме-дәл кездесіп отырса, Токиоға дейін он сағат ұшамын. Оның орайы келмесе, екі күн ұшуым да мүмкін. Бұдан бұрынғы бір сапарымда Москвадан Токиоға дейін 53 сағат ұшқаным да бар...

Галстукті, пенжакті сыпырып тастап, үйдегідей орналаса бастадым. Жасыл қара көк коробкалы «Жамбылды», ақ қайынды аланда билеп жүрген үш сұлудың суреті бар «Березка» оттығын стол үстіне тастай салып, аузымда сағыз, жур-

налдардың бірін қолыма алдым. Қара танымайтын адамша суреттерін қарап отырмын. Реклама, реклама... Сабын, пудра, опа-далап, кока-кола...

Бір кезде көзім Мерилин Монроның суретіне айналақтап қалды. Ол жақын арада ғана у ішіп өлген. Монро менің ойымша ұзақ жарқырап тұруға тиісті жұлдыз еді. Қазір мені бірнеше сұраулар қамалап алғанын сезіндім. Ол сұлулығымен көркемөнер жұлдызы атанды ма, әлде өзінің өнерімен сұлу атанды ма? Әлде осының екеуі де бойына бірдей біткен қасиеті ме екен? Газетшілер оның сұлулығының соңына түсті ме, артистігінің соңына түсті ме? Озбыр қоғам неге өшікті оған? Енді қазір өз қолынан өлтіргеніне сол қоғам өкініп, мойындап отыр ма, жоқ па? Әзір бұл сұраулардың біріне де жауап жоқ. Бір жарық жұлдыз жарқырап туды, тез сөнді, ұмытылды. Өзі туды, өзі сөнді... Айыпкер жоқ, өкіну жоқ. Күндеу айып емес. Соңына түсу айып емес. Бұл қоғамда ұмыту айып емес. Қош бол!

Бірінші қатарда екі-ақ жолаушы отырғамыз. Екеуміз екі шетте, арамызда адам жүретін жол бар. Қазір мен сол адамның маған тесіле қарап отырғанын сезіндім. Жапон ба, корейс пе дейтін болар. Мейлі қарай берсін. Мен әлі Монроның өлімін ойлап отырмын. Бүкіл бір елге байғұстың сұлулығы сыймады ма, асқан шебер артистігі сыймады ма? Әлде буржуазиялық көркемөнерде бұл екеуінен де жоғары бағаланатын қасиет табылған ба?

Көршім орысша тіл қатты. Сол жақ құлағы ту сыртынан күн сәулесі түсіп, қызғылт шынылтырланып тұр екен. Көзіміз бейжай кездесті. Орта жасты, бойшаңдау, ашаңдау адам. Аса ұқыпты қырынбаған, жирен мұрты тікірейіңкіреп тұр. Көк көзді, қарашығында сарғыш рең бар.

Жолаушы мен жолаушы халықаралық дәстүр іздемей-ақ таныстық. Жерден жеті километр биіктікте сөйлесіп отыратын адам кездестіру жолаушы үшін үлкен қуаныш. Көршім менен гөрі тіс қаққандау болу керек, сөзді ол бастады:

— Кешіріңіз, құдай үшін, сіз Россиядансыз ба?— деді. Орысша сөйлегенінде мен біле бермейтін бір жұмсақ акцент бар.

— Ие, Советтер Одағынанмын,— дедім.

— Мүмкін, мен сізге мазақ көрініп қалармын... Бірақ «Джембуль» деген папиросыңыз бен «Берьеска» деген оттығыңыз көңілімді аудара беріп отыр... Джембуль немене екенін білмеймін, ал «Берьеска!».. О, мен ол ансамбльді Парижда көргенмін. Атақты ансамбль ғой! Солай емес пе?.. Мен Парижда туып-өскен адаммын, тұрағым да сонда. Бірақ мен орыспын!..

Парижда туып-өскен адамның оттық тысынан көрген ақ қайың мен билеген қыздар арқылы әлдеқашан қол үзген

Отанын еске алуы маған қатты ұнады. Мүмкін, жайнап кеткен көздері ғана емес, іші де елжіреп кеткен шығар. «Мен орыспын!» дегенді шегелеп айтты ғой! Дүниеде тұл мен тұлдыр аз ба, соның бәрінің ішіндегі ең бақытсызы да, тұлы да Отансыз ұл емес пе!?

Мен оған папирос ұсындым. Қызыл бас шырпыны тұтатып, от ұсындым. Ол маған — лұқсат етіңіз, мен...— деп, жанып тұрған шырпыны европалық әдеппен менің қолымнан алып, әуелі менің папиросымды тұтатып, соңына өз папиросын тұтатты.

— Бізде, жаппай зажигалка болып кетті...— деп аз кідірді де,— өте жақсы папирос екен... Кешіріңіз, Джембуль деген немене?— деп сұрады.

— Джембуль емес, Жамбыл деген қазақтың бір атақты ақынының аты.

Жаңа танысқан орыс көршім ООН-ның Оңтүстік Шығыс Азия халықтарына жәрдем ететін экономикалық комиссияның қызметкері болып шықты. Индо-қытай аудандарын аралап қайтпақ, ең қызығы:

— Мен Мартыновтың шөбересімін,— деді.— Бірақ фамилиям басқа...

Менің жүзіме таңдану белгісі шыға келген болу керек, ол соны түсіне қалып:— Ие, ие! Тап сол ойыңызға түсе қалған Николай Мартынов!— деді.

Менің ойыма түсе қалған Мартынов болса, ол, міне, жүз жиырма жыл бойында ойлы адам баласының түгел қарғысын алып келе жатқан адам. Және ол менің ойыма ғана емес, көз алдыма да келді. Жалғыз да келген жоқ: Мартынов, Дантес, Лермонтов, Пушкин... Дантес, Мартынов... Пушкин, Лермонтов, Бенкендорф, Николай-I... Наталья, княжня Мэри, Грушницкий-Мартынов... Аспанға атылған оқ, тақап келіп кеуседен атылған оқ... Уақыт соты, сотталған уақыт, заман заңы, заңсыз заман... Көз алдым шұбартып кеткендей болды.

Көршім менің абыржып қалғанымды пайдаланып бастырмалатып кетті:— Ие, ие, сол! Николай Мартынов, Лермонтовты атпаған, өлтірмеген Мартынов!— деді.

Бұған дейін сыпайы сөйлесіп отырған көршім енді әр сөйлемнің аяғына таяқтай қылып бір леп белгісін қоя бастады.

— Сеніңіз маған! Отставной майор Николай Соломонович Мартынов ақын Лермонтовты атқан да емес, өлтірген де емес! Олар намыс үшін атысқан. Сіз өзіңіз жазушы болған соң ұлы ақынды өлтірген жауызға лағынет айтып, жеркенетін боларсыз. Оны мен де қарғаймын. Мартынов тұқымы түгел қарғайды! Николай Мартыновтың қолы да, ары да таза екенін осыдан-ақ көруге болады емес пе?!

Әңгіме асқынуға айналды. Ақ сүйек офицер Мартыновтың шөбересі қараңғы қазақ Мүсрептің шөбересін жекпе-

жекке шақырып отыр! Қайда десеңші,— аспанда!.. Бұл — бас тартуға болмайтын жекпе-жек.

Мен ішімнен «Иә, алла! Иә, Ираклий Андронников!» дедім де сайысқа әзірлендім. Атысар жерде Лермонтовтың орнына Мүсрептің шөбересі, оның қарсы алдында Мартыновтың шөбересі тұрғандай сезіндім.

Манадан бері оның не айтып тастағанын аңдасаңыз, бірінші кезекті ол әкеткенін көресіз. Лермонтов сияқты ұлы ақынды өлтірген жауыздың бетіне басылған қара таңба тұқым қуалап кететіні даусыз. Сондықтан Мартынов әулетінің жүз жиырма жылдан астам тұқым қуалай ойланып, қорғандап тастаған бекінісі берік болу керек. Ол бет алыстан қайтпауға тиісті. Оның қайтпас беті айқындалып та қалды:

— Лермонтовты Мартынов өлтірген жоқ!

Мен болсам, тар қыспақта осындай әңгімеге кездесіп қалармын деп ойламаған адаммын. Сондықтан есте барды тез жинап, ұштаңқырап алдым. Әліппеден кейін менің қолыма түскен бірінші орысша кітап Лермонтовтың бір томдығы болатын. Оны маған ауылдық орысша мектептің бірінші класында оқып жүргенімде халық ағарту инспекторы сыйлаған. Жарым-жарты, шалағай-шарпы түсініп жүріп, сол кезде жаттап алған бірталай өлеңдер әлі есімде. Әрі ақын, әрі шебер педагог Бекет Өтетілеуов арқылы Лермонтов поэзиясын мен ертерек сүйіп едім.

Оның үстіне, 1941 жылы, ақынның қайтыс болғанына жүз жыл толар қарсаңында қазақша басылғалы жатқан өлеңдеріне мен *алғысөз* жазғамын. Әрине, ақынның өліміне не себепкер, кім айыпкер екенін өрем жеткен жерге дейін қазбалаған болуым керек. Лермонтов өмірін зерттеушілердің ішінде мен Андронниковты ерекше жоғары қоямын. Сондықтан мен оны алламен қатар еске алдым...

Сонымен айқас басталып кетті. Бірінші салонда бізге секундант болатын князь Васильчиков та жоқ, офицер Глебов та жоқ: айналасы төрт-бес адам европалықтар, орысша білетіндері байқалмайды.

— Жүз жиырма жыл бойы зерттеліп келе жатқан материалға қарағанда сіздің ұлы атаңыз Николай Мартыновты ақтап аларлық дәлел кездестірген емеспін,— дедім мен.

Екі пікірдің қарама-қарсы келгені сияқты өзіміз де бірімізге біріміз қадала қарасып қалдық.

— Дегенмен бұл сіздің ақтық пікіріңіз болмасқа керек...— деп ол күлген болады.

— Біздің дауымыздың бір ерекшелігі — екі жағымыз да ақтық ойымызды алға сала сөйлестік қой,— деп мен күлген болдым.

— Париж сигаретін рахым етіңіз.

— Рахмет, тағы да «Жамбылды» рахым етіңіз...

— Лермонтов қазақ мектептерінде оқылады екен-ау, сірә...

— Оқылады. Аударылады.

— Солай деңіз!..

— Пушкин мен Лермонтов қазақ тілінде аударыла бастағанына сексен жылдан асып барады.

Осылай іліп-тартпа ұсақ қақтығыс арқылы шама-шарқымызды байқасып алдық. Шабуыл қарқыны, тойтарыс серпіні, дәлел-айғақ, қызулық, сабырлық дегендерді салмақтасып отырмыз.

Шет елдерге сіңісіп кеткен орыс адамдарында біздің елде болып жатқан ұлы өзгерістерден түк хабары жоқтары кездеседі. Капиталистік елдердің газет-журналдарынан нені оқыса, соған сеніп, көр тышқан тіршілігінің құлы болып қала берген. «Қазақ жаманы орыс бола алмайды» деген сияқты, бұлар европеец бола алмаған. Өнер қуып, білім іздеп кеткендері өз алдына, ал мынау сияқтылардың өресі онша биік бола бермейді.

Көршім ойлаған жерден шықты. Шап беріп ата-бабаларының аруағына жармасты:

— Сіз енді біле бермессіз... Кезінде орыстың жоғары дәрежедегі офицерлері Мартыновты құлан-таза ақтап алған болатын. Майор Николай Соломонович Мартынов аз уақыт түрмеге ілегіп қалғанда, оның күнәсіздігін дәлелдеп, еріксіз босаттырған. Бұған айтар қарсылығыңыз болмасқа керек. Сол кезде біздің ұлы әжемізге жазған хаттар әлі сақтаулы. Бәрі де Николай Мартыновтың Лермонтовты өлтірмегенін дәлелдейді. Әлдеқашан топыраққа айналған әжемізбен айтыспассыз. Ол кісі баласының қолы тазалығына шүбә келтірмеген. Әлі де таласасыз ба?..

— Меніңше, бұл дәлеліңізді екіге бөліп тексерген дұрыс болар... Князь Васильчиков бастаған бір топ офицерлер Мартыновты ақтағанына дауым жоқ. Бірақ бұл топ Лермонтовтың өліміне өзі ортақ емес пе? Сол кездегі Россияның озық ойлы адамдарының бірде-бір Мартыновты ақтады ма? Ақтаған жоқ, бәрі қаралады. Екінші, ұлы әжеңізді куәға тартсаңыз, ол кісі Лермонтовты жек көргені мәлім. Қыздары Лермонтовты қандай жақсы көрсе, әжеңіз сондай жек көрген. Мен бұл жайдың ішкі астарын тексерген адам емеспін, бірақ Васильчиков тобы да, сіздің ұлы әжеңіз де әділ куәлік ете алмайтыны айқын. Ұлы әжеңіз емес, ұлы әжеңіздің қыздарының куәлігін келтіре алсаңыз, менің тоқталып қалуым оңайырақ болар еді.

Ұлы әжесі мен оның қыздары әңгімемізге кеңірек тартылып кете ме деп қауіптенгендей, көршім сөздің бетін басқа жаққа бұра бастады. Бірақ мен Мартыновтың қарындасы княжна Мэри мен Грушницкий бейнесіне берілген Мартынов-

тың өзінің арасындағы ұятты жанжалға соғайын деген ойым жоқ-ты.

— Одан соң,— деді Мартыновтың шөбересі,— сіз білмесеңіз мен айтайын, Лермонтовты ағаш арасына тығылып тұрған бір казак-орыс атқан ғой! Оны білмейтін бе едіңіз?

— Жоқ, білемін ол ертегіні... Жақында ғана сот және медицинаның беделі адамдарынан құрылған экспертиза ол ертегіні түгел өтірікке шығарды. Сіз оны естімеп пе едіңіз?

Даугерімнің бір ерекшелігі — берілген жауапқа да, сұраққа да дұрыс-бұрыс деп тұрақтамайды. Мақұлдамайды да, дауласпайды да. Тез сырғып, екінші бірдемеге көшеді. Мен оны Раевский мен Андронниковқа қарай жетелегім келеді, ол аяғын бір басар емес. Лермонтов пен Мартыновтың тұстастары Булгаков пен Елагинге қарай тартып көріп едім, ол екеуінің аттары аталғанда көршімнің тілі байланып қалды. Екі қолын бірдей ербеңдетіп — атамаңыз оларды!— деді.

— Жақсы, атамайық.

Көршім содан кейін аз күлімдеп:

— Мүмкін, сіздерше Лермонтов пен Мартыновтың арасында, тіпті, жекпе-жек болмаған шығар? Мартынов ақынды аңдып жүріп бір тасадан атып тастаған болар?— деді.

— Жоқ, жекпе-жек болған.

— Екі аралықта алты адым жер өлшенген бе?

— Өлшенген.

— Екеуінің қолына да бір калибрлі алты атар берілген бе?

— Берілген.

— Екі жағының да секунданттары болған ба?

— Болған.

— Лермонтовтың осы жекпе-жекте өлгеніне дауласпайсыз ғой?

— Дауласпаймын. Бірақ...

— Бірақ дедіңіз, дауласатын болдыңыз!— деп көршім тағы да күлімсіреді.

— Әңгіме дауда емес, шындықты ашуды ғой. Лермонтов оғын аспанға атқаны мәлім.

— Аспанға атты ма, тигізе алмады ма? Оны кім білсін...

— Жақсы. Солай-ақ болсын. Бірақ сіздің атаңыз тақап келіп кеудеден атқан ғой! Тақап келіп атпаса, оқ кеудені тесіп өтіп ту сыртынан қалай шығады! Ұлы ақынды Мартыновтың өлтіргеніне бұдан артық дәлел болмасқа керек.

— Мұны ешкім дәлелдей алмайды. Секунданттар — Васильчиков пен Глебов — олай демеген. Олардан басқа көрген ешкім жоқ!

— Доктор Барклай де Толлидың куәлігін қайтесіз? Медициналық куәлік шұбалануға орын қалдырмаса керек қой!

— Кавказ корпусының штабы тексеріп келіп, поручик

Лермонтов жекпе-жекте қаза тапты, деп хабарлаған. Бұған сіз де шұбаланбауыңыз керек болар!

— Біріншіден, корпус штабы бұл хабарды едәуір кешігіп жариялағаны мәлім. Екінші, ол хабар медициналық куәлік емес қой!

Осымен біздің жекпе-жек дағдарысқа ұшырауға айналды. Жеңіс те, жеңіліс те жоқ. Мүмкін екінің бірі болар еді, мойындау жоқ. Көршім бір кезде айтыс-тартысқа қолдануға тыйым салынған әдісті қолданып қалды:

— Сіз орыс емессіз,— деді.

— Ие, орыс емес, қазақпын.

— Сондықтан ол замандағы жекпе-жектің егжей-тегжейін біле бермеуіңіз мүмкін. Мартынов пен Лермонтов бірге оқыған, бір заманның адамдары. Ар-намыс дегендерге өз өз көзқарастары бар адамдар... Сіз бен біз олардың бірдебірін ақтап, қаралауға бармауымыз керек.

— Ие, мен орыс емес қазақпын. Бірақ Лермонтов айналасындағы әңгімелерге таныстығым бар адаммын. Екінші, ақтап-қаралау сіз бен біздің жеке еншіміз болмағанымен, ғылымның, қоғамның еншісі. Ал, Лермонтов жайындағы ғылым тексерістері бұл мәселе жөнінде қалтарыс қалдырған жоқ. XIX ғасырдағы орыс халқының екі ұлы ақындарының бірін — Дантес, біреуін Мартынов өлтіргені даусыз деп білемін.

Тап осы арада біздің әңгімемізді айнадай жалтылдаған «күміс арбамен» келе жатқан түскі тамақ бұзып кетті. Лермонтов жырлаған пері қызындай, құмырсқа бел, бота көз индия қызы «күміс арбаны» дыбыссыз қозғап келеді. Алтын сандалет жалаң аяқтың үсті дөңкес, белтірлігі үзіліп тұрғанын қайтерсің...

— О, тамақтан кейін әңгімемізді жалғастырармыз,— деп көршім өз орнына кетті.

Сендвич, банан, кестелеп тұрағандай лимон, апельсин, бұғып жатқан бөденедей ғана тауық еті... Тағы бірдеме, тағы бірдеме...

Жаңағы әңгімеден кейін осынша тәтті тамақтардың бірдебірі маған дәмді көрінбеді. Ауызға салдым, жұттым, ұмыттым... Мартыновтың шөбересі де көзі терезеде, енжар шайнап отыр.

Тамақтан кейін әңгімеміз қайта басталды. Бұл жолы біразға дейін мұңайысты сыры бар әңгімелермен отырдық.

— Мартынов әулетінің ақын Лермонтовты қандай жақсы көретінін айтсам тыңдар ма едіңіз?— деді көршім.

— Неге тыңдамаймын. Айтыңыз.

— Айтсам, біздің Париждағы пәтерімізде, орыс әдетінше ең құрметті жерде, шыны қалпақтың астында Лермонтовтың бір томдығы сақтаулы жатыр. Оны Лермонтов қолын қойып,

сол Николай Соломонович Мартыновқа өзі сыйлаған. Ол том — біздің әулетіміз үшін ең қасиетті, шаң жұқтырмай ұстайтын реликвия!.. Бұған не айтасыз?

— Алдымен, қалтқысыз сенетінімді айтамын.

— Егер Николай Мартынов Лермонтовпен қастасып өткен болса, оның кітабы сонша қасиеттеліп сақталар ма еді?

— Бұл айтқандарыңызға шексіз сене отырып, мен өз жорамалымды айтсам, өкпелемес пе екенсіз?

— Өкпелер сөздеріңізді әлі түгел айтып болмасаңыз, айта беріңіз...

— Лермонтовтың еңбегін қасиеттеп ұстайтындарыңызға әрі сенемін, әрі ізгі дәстүр деп бағалаймын. Сонымен бірге бұл ізгілік біздің таласымызға еш нәрсе қоса алмайды. Неге дейсіз ғой? Адам мінезіне азғана ой жүгіртсеңіз, Лермонтовтың өлімінен кейін Мартынов оның кітабын қасиеттей алуы мүмкін бе? Жоқ! Лермонтовтың кітабын қасиетті реликвияға айналдыру оның қарындастарының ісі дер едім. Және ақын өлімінің ыстық-суығы басылғаннан кейін...

Жұрт алдында Мартыновтың атақты ақынмен қастас болмағанын, қала берді оны өлтірмегенін дәлелдеу үшін де мұндай «ізгіліктің» орны бар ғой. Бірақ мен оны айта алмадым.

Қарындастар ауызға алынса-ақ көршім бұл жағына жоламайды. Сондықтан әңгімеміз тағы да тоқырай бастап еді, көршім тағы бір таңданарлық жаңалық айтты:

— Былтыр мен Женевада Дантестің шөбересіне кездестім,— деді.

— Дантестің?

— Ие, Дантестің! Бұ да ұлы атасына тартқан, қылаң-сылаң өмірінің үштен екісі айна алдында өтетін д е н д и екен... Ол үшін орыстың ұлы ақынын өлтіргендік үрім-бұтағына кететін мақтаныш сияқты! Әлгі бір камер — юнкер Пушкинді өлтірген Дантестің шөбересімін деп танысты. Жалғыз мақтаныш етерлігі — оны кейін орыстар ұлы ақынымыз еді деп тауыпты дегенді қосты...

Мана менің көз алдыма бір келіп кеткен бейнелер қайта келіп қатарлана қалды. Пушкин — Дантес, Лермонтов — Мартынов, Бекендорф, Николай-I... Екі ұлы ақынды өлтірген екі қанішердің екі шөбересі қалай кездесіп қалған! Дантестің шөбересі Мартыновтың шөбересін әдейі іздеп жүріп кездестірсе, оның да орайы бар ғой. Мен бұл әңгімеге қалтқысыз иландым.

— Женевада... Үлкен ресторанда... Мен отырған столға келіп танысты... Қаным қайнап кетті... Тұрдым да жүре бердім,— деді көршім.

Бұ да жай қиыстырылмаған әңгіме сияқты. Лермонтовтың өлімінен «қолы таза» Мартыновтың шөбересі Пушкинді өл-

тірген залымның шөбересімен танысқысы келмей тұрып жүре бергені!..

— Дантеспен сіздің ұлы атаңыз Мартынов бір полкта бірге болған ғой?— дедім. Қай полкта екені есімде жоқ екен, оны айта алмадым.

Бұл сұраудың ар жағында тағы бір ілгешегі бар ма деп қалған көршім:— Ол жағын білген емеспін,— деп сөзді доғарды.

Осымен әңгіміміз де аяқталды. Жеңген, жеңілген ешкім жоқ, әркім өз ойында қарысып қалды. Жалғыз тың қаларлық нәрсе — Мартынов әулеті төрт атаға келгенше жалған бағыттан бетін аудармаған. Қайта, заман өткен сайын өңдеп, толықтыра берген. Бұл не, әулет намысы ма, ақсүйектер дәстүрі ме? Қалайда бұл кіңәратсыз анайылық емес, әрине. Өшпес, ұмытылмас кек тап сандығының түбінде жата береді. Қара қылмыс таңбасы Мартынов үрім-бұтағынан осы күнге дейін өшпей қала беріпті.

Гонконгтың аэропортында Мартыновтың шөбересі түсуге жиналды. Мұндай көршімен айрылысқаныма мен де өкінген жоқпын.

— Бір коробка «Берьеска» оттығын сыйлар ма екенсіз? Шын-ақ орыс табиғатында билеп жүрген орыс қыздары Отан сағынышын оятты білем...— деді ол қоштасып жатып.

Мен оған екі коробка оттық бердім. Ол маған Парижда француз тіліне аударылып шыққан «Қазақ солдатын» жіберуге уәде етті. Кітапты жаяу почта арқылы жіберген бе қалай, мен әлі күнге алғаным жоқ.

Әңгіме осымен аяқталса да болар еді, амал қайсы, жалғасы бар болып шықты. Ол жалғас осы әңгімені қағазға түсірерде туды.

Жапонияда мен іркіс-тіркіс, қиыр-шиыр оқиғаларға араласып кеттім. Қонақжай жапон жазушыларымен, ғалымдарымен кеңірек таныстым. Елін араладым. Сөйтіп жүргенде әлгі Мартынов шөбересінің аты-жөні біржола есімнен шығып кетіпті. Онымен кездескенде бар әңгімеміз Мартынов жайында болғандықтан, оның өз фамилиясы ауызға да алынбаған. Танысқанда ғана бір рет атағаны есімде.

Әңгімені жазудан үміт үзген кезімде есіме Ираклий Андронников түсті. Менің жерден жеті километр биік аспанда кіммен сөйлескенімді, кіммен дауласқанымды, әрине Ираклий білуге тиісті! Мартынов тұқымында ол білмейтін бір жан болмасқа керек!

Отыра қалып хат жаздым... Солай да солай болды, қадірлі Ираклий Луарсабович... Аспанда ұшып жүріп кіммен кездескенімді ұмытып қалдым. Сіз білмесеңіз, алланың өзінен де үміт күте алмаймын... Мартыновтың шөбересі болғанымен фамилиясы шеше жағынікі екен. Тишко ме екен, Шитко ме

екен... Әйтеуір, бір ысылдаған әріптен басталып дөңгелек О-мен аяқталса керек еді. Әлде дөңгелек О-дан басталып ысылдақ әріптердің бірімен аяқтала ма екен?.. Тегі, Мартынов Киевте үйленіп, мол бір байлыққа мұрагер болыпты дегенді білуші едім. Осыдан басқа бір түйір қосарым жоқ... Сол шөберенің аты-жөнін тауып беріңіз...

Ираклий Луарсабович — аса ұқыпты ғалым. Көңіл жықпайтын жолдас. Ол маған тармақ-тармақ, сала-саласымен Мартынов әулетін түгел тізіп беріпті. Шыңғысханның, не болмаса Темірланның әулетінің шежіресі ме дерсің! Қайсысы қашан туған, қайда өлген, одан қалған кім бар, қыздары кімге күйеуге шыққан, түп-түгел...

Сонымен, кездескен адамыңыз кім болып шықты дейсіз ғой? Мен оны қазір де айта алмаймын. Әйтеуір, Тишко да болған жоқ, Шитко да болған жоқ, басқа...

— Енді кім?— дейсіз ғой!

— Білмеймін.

Андронниковтан келген жауапты мен әрбір ұқыпты адамның әдетінше, сенімді бір жерге тығып едім... Чернышевский томдарына тықтым ба, Герценнің томдарына тықтым ба, есімде жоқ, әйтеуір, бір сенімді адамға аманат еткенім есімде... Айналамызда кітап оқымайтын бір жан жоқ. Олардың өзі ондап саналады. Солардан жасырып едім. Қазір біржола табылмай қойды.

Бала-шағаны тасқаяқтай қағыстырып, талай қыстым. Ешкім көрмеген. Аманат еткен сенімді адамдарым да үн шығармайды. Кімнен көрсем де, айыпты өзім болып шығамын. Ираклий Андронниковқа тағы бір хат жазуды ыңғайсыз көремін. Бір жолыққанда аңдатпай ғана, елеусіз сұрай қойсам, менің ұмытып қалғанымды біліп, жымияр да, айтып берер деп сенем...

— Табылды, табылды!..

Осы әңгімені орысшаға аударып жүрген жазушы Алексей Белянниовтан бүгін ғана телеграмма алдым. Ол Андронниковпен кездесіпті. Мартынов шөбересінің фамилиясы Квитко екен...

— Квитко!..

Жапон әсерлері

Токио аэропортына мен түнгі он бір шамасында келіп түстім. Қасымда жапон тілінің маманы Ирина Иоффе бар. Оннан астам кинокамералар, одан да көбірек фотографтар шолақ

найзағайларын жарқылдатып, сығылысып-сығылысып келіп қоршап алды. Әлдекімдермен қол алысып жатырмын. Әлдекімдер қолыңды қатты қысып тұрып өз үйіне қонаққа шақырды:

— Ертең түстікке...

— Кешкі тамаққа...

Бәріне де алғыс айтып, бәріне де уәде беруге тура келді. Шақырушылардың басы — Жапон Жазушылар ұйымының бастығы қызметінен жаңадан ғана босаған жетпістен асқан Аоно қарт.

Аэропорттың үлкен бір залында жүзден аса адам алқа-қотан тұрып совет делегациясына қошемет көрсетіп, «Қош келіпсіз!» айтты. Жапон жазушыларының бірден сезілген шынайы меймандостығына ырза көңілден достық жауап қайтардым.

Қалаға отыздан астам машинамен келіп кірдік. Машинаға бізбен бірге мінген жапон жазушысы қарсы алғандардың кім екендерін таныстырып келеді: көпшілігі жапон жазушылары, енді біразы Азия — Африка жазушылары тұрақты алқасының төтенше сессиясына келген Шри Ланка, Вьетнам, Индия, Индонезия, Корея, Монғол, Гана, Араб, Алжир басқа да Азия — Африка елдерінің жазушылары. Бұл совет делегациясына көрсетілген көңіл еді. Келесі күндері үздік-создық, жеке-жеке келген Зүлфия мен К. Симоновқа да осылай қошемет болды.

Бізді бір қабат, особняк дерлік «Империал» қонақ үйіне әкеліп түсірді. Он жетінші қасырда қызыл кірпіштен төселген қораның ішіндегі жолдарға осы күнге дейін адам аяғы тимегендей тап-таза, бір кірпіштің қыры мұқалмаған. Көркемдік үшін отырғызылған әр түрлі ағаштардың бір бұтағы сынбаған, бір бүршігі үзілмеген.

Қонақ үй өте жайлы, телевизор, телефон, кондишен, таза ауа, сырттан бір дыбыс келмейді. Қымбат қонақ үй екендігі байқалады. Қалтаңды қысып қойғандайсың...

— Мына бір жас жігіт полицай... күндіз-түні сіздің коридорда отырар... Далаға шықсаңыз қасыңызда болар,— деді бізге еріп жүрген жапон жазушысы.

Томпақ беттеу, жапоннан гөрі қытайға көбірек ұқсайтын қысық көздеу жас полицай маған басын изеді.

— Маған полицайдың керегі не? Өзіміздің елде мен ондайға үйренбеген адам едім...— дедім мен.

— Жоқ, ыңғайсызданбай-ақ қабыл етіңіз... Токиода «17 жасарлар» дейтін бір бәлеміз бар...

— Бәлелінің бәрі он жеті жаста ма?

— Жоқ, әрине. Бірақ жастар арасындағы қылмыс біткеннің ортан қазығы сол он жетіге келгендер...

Сонымен, өмірімде бірінші рет және бір-ақ рет мен қару-

лы қорғаушымен жүретін болдым. Қорғаушым — жапон полицайы.

— Ал енді тамаққа жүріңіз.

Жолшыбай бірнеше елдің самолеттеріне ауысып мініп, Москвадан Токиоға дейін 53 сағат жолда болғанмын. Кейде үш сағат ұшасың, бес сағат күтіп отырасың... езіліп, сарылып, қалжырап келген екемін, кешірек ояндым. Көзімді ашсам сағат сегіз болып қалыпты.

Жуынып, киініп коридорға шықсам төрт адам күтіп отыр екен. Аоно қарт, профессор Курода және екі жас жазушы. Еңкейе бас изесіп амандасып қалдық. Бәрі де қонаққа шақыра келіпті. Оларды маған полицайым таныстырды.

Профессор Курода Токиода орыс тілінде шығатын журналдың редакторы екен. Орыс классиктарын аударушылардың бірі. Иокогамада тұрады.

— Мен сізді қонаққа шақыра келіп едім, құрметті Аоно қарт менен бұрын келіп күтіп отыр екен. Амал жоқ, кезекті бұл кісіге беруге тура келді. Бірақ ертеңгі күн менікі болсын,— деді Курода.

Қарт Аоно мейірімді жымиып басын изеп қояды. Жастар жағы кимелемей, әдеппен күтіп отыр. Екі қартқа өздері тағайындаған кезек бойынша қонаққа баруға уәде етіп, жастармен кейінірек кездеспек болдым.

Түске жақын мен жапон жазушылар ұйымының бастығы Тацудзо Исикаваға барып қайттым. Ол үлкен романист жазушы. Сырт қарағанда түсі біздің Ілияс Жансүгіров сияқты салқындау, ауыр қабақтау адам. Сөйлесе келе ойын-қалжыңы, қулығы барын көресің.

Бұл кезде Исикаваны қайғылы жазушы деуге болатын еді. Ол жапон мемлекетін Американың басып алғанына қатты қорланады. Әлдеқашан күні өткен самурайлық мен-мендігінің, мен-мендікпен бірге туатын егізінің сыңары топастықтың салдарынан ел жапон басқыншысының табан астында қалды. Құйын соққан қоғадай жапырылып «ұлы армия» тас-талқан болды. Хиросима мен Нагасаки қалай ұмытылар!?

Исикава, әрине, мұның бірін де айтпайды. Бірақ көз түбінде тұрған мұң көзге ілікпей қалған жоқ. Жазушы ойсыз-мағынасыз өткен күнге назалы болады да, өткен күннің шекшеңберінде отырып қалған жұртқа ызалы болады. Бұл оның жасыра алмас мұңы.

Түс ауа қарт Аоно мені өз үйіне алып кетті. Орысша жақсы білетін профессор Курода екеуі келіпті. Жолшыбай парламент сарайын, үкімет сарайын бір-бір айналып өтіп, жақында ғана жапон жұртшылығының басынан өткен оқиғаларды айтысып келеді:

— Американ-Жапон соғыстық шартына қарсы жасаған көтеріліс жайымен таныс боларсыз. Бұл жолы жапон халқы

тұтас сілкінді. Парламент сарайын, үкімет сарайын әлденеше күн қамауда ұстадық. Сарайлардың айналасы лық толы адам... Жұрт жақын көшелерді де кернеп кетті. Үкіметіміз бен парламент адамдары қояндай бұғып қалды. Бұл жай жалғыз Токиода емес, барлық үлкен қалаларымызда осылай болды.

— Жаңбыр үш күн шелектеп құйып тұрса да бір адам орнынан қозғалған жоқ. Иық тіресіп, бірімізге біріміз сүйеніп тұра бердік.

— Адам біріне-бірі сүйеніп тұрса көпке шыдайды екен!— деп Аоно қарт бір қулық қыстырып қалды.

— Парламент пен үкімет сарайынан бір адам шығармадық. Бір адам сырттан кіре алмады. Полиция лек-легімен келеді. Иығын сиғыза алмай кейіп қайтады.

— Аоно қарт сол үш күнде парламент алаңынан табан аударған жоқ!

— Аздаған жөтел алып қайттым. Одан басқа түгім кеткен жоқ. Біз әлі күнге басқыншының қас-қабағына қарап отырған елміз. Табанының астында жатқан елдің қалай қарағанына басқыншы пысқырмайды да екен.

— Әсіресе, сол үш күнде бір сауыт су ішкен адам болды ма екен, сірә!

— Қалың топтың сырт жағындағылар болмаса ортада қалған біз еш нәрсе татқан жоқпыз. Жаңбырмен сусындадық.

Кейін, мәжіліс өткен «Асахи» газетінің толып жатқан залдарында сол қозғалыстың толып жатқан фотографияларын көрдім. Он мыңдаған емес, жүз мыңдаған адам қара нөсер шелектеп құйып тұрғанда қап-қара қол шатырдың астында иық тіресіп тұр. Парламент сарайы түнгі қара толқынды теңіздің ортасында қалған аралдай ғана бозарандайды.

Екі қарт оқиға бояуын кейде қоюлатып жіберетін болар, бірақ бұл бір жапон бұқарасының орасан қайрат көрсеткен кезі екені де даусыз. Жапон аспанын басқыншының самолеттері күні-түні шарлап жүрген кезде, жапон жолдарын басқыншының соғыстық машиналары күні-түні кезіп жүрген кезде жапон бұқарасы басқыншы елдің президенті Эйзенхауэрді Токиоға келтірмеді. Жапон халқының осындай елдік жігерін алыстан-ақ жоғары бағалап сүйсініп келіп едім. Екі қарт ғалымның айтқандары ол ойымды орнықтыра түсті.

— Біздің үйге жақындап қалдық. Біздің жөн-жосығымыз бойынша үйіне шақырған қонаққа саясаттан шай қайнатып беруге болмайды. Осымен тоқталайық...

— Күрес қорытындысын айтпадыңыз ғой,— дедім мен.

— Қорытынды — елімізді сыртынан сатып, басқыншының ыңғайына қарай ықтай берген бас министрді орнынан ұшырып түсірдік...

Машина бозғылт бүршіктері тұнып, мөлдіреп тұрған бақ-

шаның ішіндегі әдемі оңаша үйдің алдына келіп тоқтады. Менің бұл жапон үйіне бірінші келуім. Сондықтан әр нәрсеге көзім түсе берді. Үйдің табалдырығына дейін төселген өрнекті қызыл кірпіш. Бақшаның ішіне жүндес көк кілем төсеп тастағандай. Март айының орта кезі болса да көп жылдар бойы өсе беретін көгал шөптің бір талы сарғаймағандай. Бүршіктері түктеніп қалған ағаш бұталарының майы шығып тұр. Әр бұтаны жамшымен сүртіп қойғандай.

Есік алдында жиырма шақты синтетика тапочкалары тізіліп тұр. Өз аяқ киімімізді сыртқа тастап, аяғымызға бір-бір тапочка іліп алып үйге кірдік. Барлық жапон солай ете беруге шамасы келмес, бірақ ауқатты үйлерде үйде киер аяқ киімі табалдырықтан әрі аттамай, түзде киері үйге кірмеу керек. Жапонияға үш рет барғанда мен жиырма шақты үйде қонақта болдым, соның бәрінде де осыны көрдім.

Еденде кіршіксіз аппақ тоқыма төсеніштер. Сырт естуімше бұл төсеніштерді күріштің сабағынан тоқиды деуші еді. Жоқ, олай емес, әрі салалы, әрі биязы бір өсімдіктен тоқылатын сияқты. Қалай да ақ төсеніш адамды кір жұқтырмауға, кір жұқса тезірек жоюға шақырады. Ұзыншалау аласа столдың екі жағында дөңгелек-дөңгелек мақталап сырыған жастықтар. Үй ішінде бір басы артық нәрсе жоқ, «жиһаз» жоқ, шаң жинар жоқ. Бұл да мен араласқан жапон үйлерінің бір ерекшелігі. Тазалық, жарасымды жұпынылық, мәдениет, адам мінезі жағынан қарағанда жапон елі байлығын да, кедейлігін де көрмеге қоймайтын сияқты. Сол мінездің бір көрінісі — жоқшылығы қанша сезіліп тұрса да алақанын жаю түгіл мөлиген адамға кездескенім жоқ. Көзіне көзің түсіп кетсе, жымиып қалмайтын жапон да сирек кездеседі. Жымиды — болды, сіздің не мұқтажыңыз барлығын сұрай бастайды. Сізге үлкен бе, кіші ме жәрдем етіп қалса, ең алдымен өзіне-өзі ырза болып қалады. Менмендік жоқ, енжарлық жоқ, төменшілік жоқ, өзін-өзі жоғары да, төмен де ұстамай, тең ұстау бар. Мен жапон бұқарасының осы мінезін аса жоғары бағалаймын. Жапон мінезіндегі әдептілік, мәдениеттілік дегендерді айтып жеткізу үшін мыңдаған мысалдар келтіруге болар еді, оған бұл жолы орын да жоқ, уақыт та жоқ.

Қарт жазушы бізді кабинетіне алып кірді. Аяғыңды көсіліп отыратын жатаған креслолар, орын алмайтын жіңішке де аласа столдар. Қымбат ағаштардан жасалған үй қабырғалары. Үй қабырғалары сырғымалы екен. Менің қарсы алдымдағы қабырғаның қай жағына қарай сырғып кеткенін байқамай қалдым. Қызыл күрең ағаш подноспен әр түрлі жеміс суларын, кристал бокалдарын, жемістер көтерген әйел пайда болды. Өмір бойы үстіне бір кір жұқпаған, өмір бойы бір ренжіп көрмеген, ренжітіп көрмеген адамдай екен.

Қарттың әйелі шашына ақ кірмеген жасаң адам. Аса бір

жылы мейіріммен жымиып, екі-үш рет әсем еңкейіп бізге су ұсынды. Ол адамдай жымия да алар емессің, ондай әсем еңкейе де алар емессің. Мен әйтеуір иба қылған болдым ғой деймін.

Әкелген шыны сауыттардың ішінде көз таныстары да бар. Өзіміздің әдет бойынша тамақ үстінде ішерміз деп көз таныстардың бірі вискиге де қол созбаған едім, оным бекер болған екен... Ол қатемді ертеңіне профессор Куроданың үйінде ойдағыдай түзеп алдым...

Жапон үйінің түскі тамағы әрі түрлі-түрлі, әрі еселеме келеді екен. Көк базар түгел алдыңа келіпті. Шие мен жидектен бастап капустаға дейін арасында жігі ашылмайды. Ет, құс, балық, креветке, шаян, теңіз жәндіктерінің толып жатқан егіз-емшектестері... бірінен-бірі дәмді, бірінен-бірі әсем жасалған. Сонымен бірге кесек-кесек дарақы мол қолдық та жоқ. Бұл жолы мен 7—8 үйде қонақ болып едім, бәрінде де осыны көрдім.

Бұл жапон бұқара қайраткерлерінің қызу қозғалыс үстіндегі кезі сияқты. Қай үйге барсаң да, кіммен кездессең де ашығырақ сөйлесуге, ойындағысын бүкпей, бүркемей сөйлесуге тырысады. Жоғарғы таптың екіжүзділігінен, арамдығынан аузы талай күйген бұқара интеллигенциясы не жайлы болса да ашық сөйлесетін жаңа беталыстарын көрсетеді. Коммунист, социалист, ешбір партияда жоқ жазушылар мен ғалымдардың үйлерінде болғанымда, осы бір мен үшін жаңа мінездері ерекше көзге түсті. Тұтас бір елге түгіл, шағын бір қауымға мінездеме берем деп ойлау есердің ойына ғана келер. Қоғамдық күн райы, өз басының күнделігі әсер етпейтін адам жоқ, бірақ сыналар, сынасар күндерде жапон бұқара қайраткерлерінің мін жұқтырмас табанды екендігінде дау жоқ дегім келеді. Мен Жапонияға үш рет барғанымда бір нәрсені екі рет ескертіп, не болмаса айнымалы мінездерге ұшырасып көргенім жоқ.

Ертеңіне мәжілісіміз ашылды. Үлкен залға дөңгелете тізілген столдарда сары жұрт, ақ жұрт, қара жұрт өкілдері қатар отырмыз. Алдымызда әр түрлі су — соктар, сигарет, андасанда кофе келіп қалады. Сырт елдерде барлық мәжілістердің осылай өтетіні мен сияқты темекіні көп тартатын адамға қатты ұнайды.

Мәжілісті Исикава басқарды. Тұрақты алқаның бас секретары Сененеяка ұшып-қонып, орынсыз қалжындар айтып, бөгесін де жасап жүр. Жапон әлеуметтік және әдебиеттік жайлары туралы үш жазушы баяндама жасады, біреуі коммунист Накано.

Баяндамашылар жапон халқы туралы ерте замандардан бері қалыптасып қалған ойлардың, теңеулердің неден тараған тамырларын, оған мұрындық болған ішкі жайларды бүркемей

сөйлейді. Әсіресе, соңғы соғыста Жапонияның фашизм жетегінде кеткеніне кешірім жоқ екенін баса аңғартады. Басқа елдер ескіліктерінен арылар дәуірге кіргенде жапон елі керекті кезде самурайлыққа қарсы тұра алмағаны бұқара жүрегінде кешілмес өкініш сияқты қатып қалған ба дерсің! Ұлт-азаттық күрестеріне жанашырлықпен қатар агрессорға, қарулану дүрлікпесіне қатты қарсылықтар көрсетіліп жатыр. Бұл қай заманда, қай елде болса да игілікті бағдар.

Шет елдерге араласа жүріп, халықаралық бір тіл білмеу деген үлкен қорлық. Көпшілігі кешегі күнге дейін отар болған Азия — Африка елдерінде ағылшын, француз тілдері өз тілдеріндей. Шоферлары да, қонақ үй қызметкерлері де, әсіресе интеллигенциясы бұл екі тілдің бірін өте жақсы біледі. Біз болсақ, бірін де білмейміз. Кейде бір қолма-қол, шартпа-шұрт егжесу болғанда сен мелшиіп отырып қаласың. Екі-үш адамға жалғыз аударушы аударып үлгере алмайды. Әсіресе ұялатының — өткір айтылған қалжыңдарды сен кешірек түсінесің де, өзге жұрт күліп болған соң күлесің. Өйткені аударушы айтылып жатқан қалжыңдарды түсініп отырады да жұртпен бірге әуелі өзі күліп алады. Саған содан кейін түсіндіреді. Олай етпеске амалы қайсы?

Біз — Симонов, Зүлфия, мен — үшеуміз де европалық тілдердің бірін білмейміз. Баяндамашылар әлдеқандай ойларын шегендеп балғалай бастағанда үшеуміз бірдей аударушыға:

— Не дейді?

— Не айтып тұр?

— Неменеге түйілді?— десіп қаламыз.

Аударушымыз үшеумізге бірдей сыбырлап болғанша, баяндамашы тағы біраз жер кетіп қалады. Сонымен қалжың түгіл іс жайындағы ұсыныстарды да, ой жүйесінің әр түрлі құбылмасын да шала-шарпы ұстап қаламыз. Мұның арты кешке қарай баяндамалардың қолжазбасын алып аударушымызға қайта бір түсіндіртіп алуға әкеліп соғады.

Делегацияда бір-ақ аударушы болуы келер күндері секцияға бөлініп, әр мәселені жеке-жеке тексерерде үлкен қиыншылық келтірді. Біз таңертең бір секцияға, түстен кейін екінші секцияға барып амалдап жүрдік. Кейде бір секцияның жұмысы аяқталуға жақындап, басты мәселе жайында пікір түйіліп қалған соң кездесесің. Ондай болған күнде болмашыны өзгертудің өзі қиындап кетеді. Кейбір делегациялар өте толық, олар әр секцияда өз ойларын кезінде айтып қала алады.

Бізге жапон жазушыларының қолқабысы үлкен сүйемел болды. Қай секцияда қандай оңқай-солақай пікірлер барын олар бізден жасырған жоқ.

Сессия аяқталғаннан кейін үлкен алаңда митинг болды. Әр елдің делегациясы аяқталған іске, қозғалысымызға береке-

бірлік тілестік. Қонақжай жапон жазушыларына алғысымызды айттық.

Исикава жазушылар қозғалысын жапон саяси тіршілігіне байланыстыра сөйледі.

— Американ-жапон соғыс шартына қарсы жапон халқының қозғалысы бір бас министрді ұшырып түсірді. Басқыншылардың президенті Эйзенхауэрді Токиоға келтірмедік. Бүгінгі бас министріміз де құлар күнін санай берсін. Біздің байтақ бұқара қозғалысы жоғары таптың шабарманы болған үкіметпен еш уақыт келісе алмайды. Қозғалыс қанатын кең серпетін кезі әлі алда!— деп тоқтады ол.

Күн ашық, шаңқай түс. Кең алаң. Мыңдаған адам... Жапон жазушысы осыны айтып тұр. Жапон бұқарасы оған үн қосып, қол ұрып тұр... жапон мемлекеті, әрине, естіп отыр...

Сол күні кешке, қасымда полицайым, қаланы аралауға шықтым. Бұл кезде Токио негізінде бір этажды қала екен. Жаңадан бой көтеріп келе жатқан биік үйлердің темір қаңқалары сирек кездеседі. Қай жерден қарасаң да Токио башнясы көрініп тұрады.

Гинза Токионың ең бай, ең қайнап жатқан орталығы. Адам дегеніңіз құмырсқадай ағылады. Мұндай ерсілі-қарсылы ағылған көпшілікте тек қана жапондар соқтығыспай жүре алатын сияқты. Адам қозғалысында белгілі бір шама, белгілі бір ырғақ бар сияқты. Қақтығысып, қабақ қайшыласып қалған адам байқалмайды. Біреу асығыс, біреу баяу емес, бар адам өлшеумен жүретіндей сезіледі.

Кешкі сағат алты үлкен қалалардың бәрінде де сапырылыс кезі ғой. Токио халқы әсіресе осы кезде өзін-өзі қатты бақылайтын сияқты. Қала транспорты жетпей жатқаны анық. Қызметтен шыққан адамдардың алыста тұратындары мыңдаған велосипедпен ағылып барады. Көше бойлары солдатша аяңдаған жаяу адам. Қақтығыспайды, соқтығыспайды.

— Токиода қазір қанша адам қызметтен шықты екен?— деп сұрадым полицайымнан.

— Үш жарым миллион,— деді полицайым.— Кешірек таңы екі миллион...

Ертеңіне Токиода темір жолшылар жұмысты тастап, забастовка жасады. Жапон жазушылары бізге ел аралатпақ еді, темір жол тоқтап қалды. Жазушылармен темір жолшылардың қалай келіскені бізге мәлім емес, әйтеуір түс ауа біз Киото, Нара жаққа поезбен жүріп кеттік.

Соғыс кезінде жапон тұтқындарымен бірге Алматыда болған, үйлер салысқан, көшелерге тас төсескен, қазір университетте сабақ беретін Накадзимо бізді жапон жерімен таныстырып келеді:

— Жапония, Шығыс Азияда үлкен-үлкен төрт аралға орналасқан. Ұсақ аралдарымыз жүздеп саналады. Жалпы

жеріміздің көлемі 368 мың шаршы километр. Қазақстан жерінен алты еседей аз. Халқымыз қазір жүз миллион шамасында. Айналамыз — Ұлы мұхит, Охот, Жапон және Шығыс қытай теңіздері. Жеріміз таулы елміз. Тауларымыз онша биік емес, бәрі де қалың орманды, жылғалы келеді. Ең биік тауымыз Фудзиама, биіктігі 3776 метр, ол сөнген жанартау.

Жапония — жанартаулар елі. Сөнген кратерлерді есептемегенде үнемі сары ала қойыртпақ төгіп, атқылап жататын тауларымыз отыз бес.

Жер сілкіну деген өте жиі. Жеріміздің жалпы дірілі аптасына алты жүз, жеті жүзге жетеді. Жер сілкінуі дегенге қанша бойымыз үйреніп кетсе де кейде үлкен апаттарға ұшырап қаламыз.

Тау араларында, теңіз жағаларында ойдым-ойдым жазықтар бар. Бізде, әрине, Қазақстан сияқты шалқып жатқан тың жер жоқ.

Жапон халқы қайда да өте тығыз орналасқан. Біз ірі индустриялы елміз. Ауыл шаруашылығы бүкіл жеріміздің бестен бірін ғана алады. Негізгі егісіміз күріш. Ауыл шаруашылығында халқымыздың төрттен бірі ғана. Соған қарамай, азық-түлік жағымыз тарыншылыққа ұшыратқан емес, тіпті, молшылық дейтін жылдарымыз да болады. Жұмыссыздар арасында үнемі ашаршылық болса оның себебі басқада. Жапон ауа райы көбінесе жылы, дымқос. Жаңбыр көп. Көбіне жазды күні, керек кезінде жауады. Бір маусым ішінде кейбір егістер екі-үш рет пісіп үлгереді. Әттең, ауыл шаруашылық жерлерінің басым көпшілігі помещиктердің, құлақтардың қолында. Сізге түсініктірек болу үшін «помещик», «құлақ» деп отырмын. Әйтпесе, бізде олар басқаша аталады.

Жапония жетінші ғасырдан бастап елдік іргесін қалай бастаған. Мысыр фараондарының династиялары секілді бізде де династиялар көп болған. Ұзақ дәуірлер династия аттарымен аталатыны да бар. Ол кездерде жапон халқы рулық құрылыстың ыдырай бастаған дәуірін басынан өткізді дейміз. Феодализмнің дәуірлеп толық қалыптасқан кезі де сол кездер.

Біз он тоғызыншы ғасырдың орта деңгейіне дейін сырт елдермен араласпай, қақпамызды жауып ұстаған елміз. 1854 жылы Америка Құрама Штаттары соғыс ашар ызғармен келіп, ықтатып алып, Жапонияны ең алғашқы кіріптарлық шартқа қол қойғызады да, бұдан былай біз де дүниелік капитализмнің қанды жолына түсіп кеттік... 1867—1868 жылдардағы буржуазиялық революциядан кейін үкімет билігін буржуазия мен помещиктер блогі жеңіп алған. Содан кейін жиырмасыншы ғасырдың басына дейін Жапония ірі өндірісті елге айналып үлгереді.

Дүние жүзілік екінші соғыстан кейін Америка Жапонияны басып алды. Содан бері, шынымызды айтсақ, Американың

тәуелді есебіндеміз. Парламентіміз де бар, өкіметіміз де бар... Еліміз тәуелділікке бой ұсынып отырған жоқ, мемлекет басшыларымыз олай емес. Солардың ықтай берулерінің арқасында жапон жері қазір Американың соғыстық базаларына толып кетті. Шындығымыз да осы, шымбайымызға бататын да осы.

Поезд сырғып жапон жерінің ой-қырын, толып жатқан тоннельдерін, өзендерін, көпірлерін көрсетіп келеді. Жапон халқын тек қана еңбекті сүйеді деу жетпейді. Еңбектің тәсілін де, мәнін де, сәнін де біледі деуіміз керек. Егін орындары болсын, көпірлері болсын; үйлері болсын, бәрінде де ұқыптылық, адам еңбегін бағалай білу бар. Жамады — бүтінделді, жапты — төбе болды, үй салды — үй болды дерлік еш нәрсе кездеспейді.

Киотоға кіре бере бір қызыққа ұшырастық. Орталық бір алаңның шетінде ғана әр түрлі жеміс сататын киоска бар екен. Соның иесі киосканың төбесінен іргесіне дейін түсетін ұзын ақ шүберекке мынадай жазу жазыпты. «Темір жолшылардың забастовкасын қолдап, қашан забастовка жеңіспен аяқталғанша мен де саудамды тоқтаттым». Темір жолшылар забастовканы жеңіспен аяқтағаны рас, ал саудагер немен аяқтағанын біле алмадық...

Киото үлкен бір клубта бізді «Интернационал» айтып қарсы алды. «Интернационал» айтып шығарып салды. Осы сияқты, бір жағынан қоғам өміріне көз сала, әлеуметтік қарым-қатынастарға араласа жүріп, екінші жағынан жеке адамдармен жиі кездесулерім арқылы мен жапон бұқарасына, жапон жазушылары мен жалпы мәдениет қайраткерлеріне үлкен құрметпен қарайтын адамдардың бірі болып қайттым.

Жапонияға екінші барғанымда қасымда Украина жазушысы М. Стельмах, драматург А. Арбузов бар еді. Аударушымыз Ленинград университетінің жапон тілі кафедрасын басқарушы Г. Пинус.

Бізді Иокогама портында жапон жазушылары, «Жапон-совет достық қоғамының» басшылары, Токио университеттерінің профессорлары қарсы алды. Бәрі де ақ жарқын, ескі достарындай қарсы алып жатыр.

Портта айғай-шу, әбігер-абыржу жоқ. Бар жұмыс өз ретімен, өз бабымен жүріп жатыр. Порт басы тап-таза. Шашылып-төгіліп, ыбырсып жатқан еш нәрсе жоқ. Тәртіп, әдеп, іскерлік, қонақжайлық, сыпайылық.

Бес жылдың ішінде Токио тани алмастай өзгерген. Көп қабатты зәулім үйлер бір қабатты бұрынғы Токионы қаланың жан-жағына қарай ысырып тастаған. Алпыс километр тұратын Иокогама Токиоға қосылып кеткен. Айналасына зәулім үйлер орнағаннан кейін император сарайы ағаш ішіндегі бір аралдай болып қалған. Құрылыс жұмысы берік қолда сияқты.

Жаңа дәуірдің жаңа ойларын, жаңа архитектурасын көресің. Жері тарын елде тынысы кең жаңа үйлер көз тұндырады. Қала күн санап өсіп, күн санап биіктеп бара жатқандай. Металл, шыны, металл, шыны... күндіз көз тоқтата алмайсың. Жаңа үйлерді ескі салтпен қалай болса солай сала бермей, архитектуралық сәулетпен салыпты. Жаңа жолдар, жаңа көпірлер көбейген. Жапония қатты байып барады екен. Әйел-еркек шағаладай аппақ, ақтан киінген. Қоңырқай киінген адам өте сирек. Халық кеудесі көтеріңкі. Екі бас министрді ұшырып түсіріп, енді үшінші бас министрмен алысып жатыр. Ауыр-жеңіл өндірістер үдере өркендеген. Қазір бұл капиталистік дүниедегі алдыңғы қатарлы индустриялы мемлекеттердің бірі.

Біз бұл жолы жапон жазушыларының кезекті съезіне қатынасуға келгенбіз. Сол күндерде «Жапон-совет достық» қоғамының да съезі өтіп жатыр екен, оған да қатынастық.

Съезд аяқталғаннан кейін қонаққа шақырулар, тіпті көбейіп кетті. Жеке жазушылармен қатар толып жатқан қоғамдық ұйымдармен кездесулер жасап, қонақта болдық, сауық кештерін көрдік. Бізбен пікір алысып, біздің әдебиетпен танысқан мынадай ұйымдар еді: жапон жазушыларының ұйымы, жапон жаңа әдебиетінің қоғамы, совет әдебиетін аударуға арналған комитет, Азия, Африка жазушыларының байланыс комитеті, Васеда университеті, Осака жазушылары, бірнеше театр, кино коллективтері, жеке жазушылар, ғалымдар, аударушылар...

Жапон жазушылары бізге бұл жолы да елін көп аралатты. Киото, Нара, Иокогама, Осака қалаларында, Хоккайдо курортында, балықшылар арасында, деревняларда болдық. Қайда да еңбекші бұқараның қошамет-құрметінде жүрдік.

Жапон жерінде қызығарлық дәстүрлер аз емес. Соның бірі — жер күтімі, өсімдік күтімі дер едім. Егіс арасында бір тал арам шөп жоқ. Бірдеме егілер бір сантиметр жер бос қалмаған. Егістің жағалауы әдіптеп қайып тастағандай. Күріш егілетін жерлер теп-тегіс. Ауылдық жерлердің өзінде бір тал шөп жаншылмаған. Адам да, мал да жалғыз аяқ сүрлеумен ғана жүретін сияқты. Ағаштың бір бұтағы сындырылмаған, бір жапырағы үзілмеген дерлік. Барлық көк дүние тұнып тұр, мөлдіреп тұр. Кейде бір өзеннің үстінен салынған бес-алты көпір көресің. Көпірлердің арасы бір-екі-ақ километр. Машина жолы, темір жол, адам жүретін жолдар біріне-бірі бөгесін болмауы қатты ескерілген.

Жапон бұқарасы жай еңбекші емес, мәдениетті еңбекші, аса инабатты, аса әдепті. Жапон еңбекшілерінің арасында екі түрлі мамандығы бар адамдар әр үйден кездеседі.

Жапон бұқара интеллигенциясы кабинетте, кеңседе ресми қабылдаудан гөрі өз үйінде, дастарқан айналасында еркін отырып сөйлесуді жақсы көреді. Ойын-қалжыңы аралас, дос-

тық райда отырып пікір алысқанды ұнатады. Мұндай жағдайда табылған келісім қаулымен бірдей, табан аудармай бекіп қалады.

Мен Токиода 1 Май демонстрациясының қалай өткеніне таң қалдым. Коммунистік және социалистік партиялар мен кәсіподақтарының басшылығы арқылы миллионнан астам адам көшеге шығыпты. Сағат тоғыз шамасында алаңдар мен көшелерде, бақшаларда қаптаған халық теңізін көрдік. Адам дегеннен көз сүрінеді. Аппақ киінген студенттер, жұмыскерлер, интеллигенция, «Итернационал» мен «Марсельеза» бір үзілмейді. Бірінен соң бірі күңірене көтеріліп Жапон астанасының көгілдір аспанын жаңғыртып, кернеп кеткендей болады. Біз де демонстрацияға еріп жиырма бір километр жүрдік. Сол ұзақ жөңкілу жолында ән бір тоқталған жоқ. Әр жерде компартия мен социалистік партияның өкілдері айқайлап, қысқа-қысқа ұран тастайды. Ән көтеріле түседі. Таңертеңгі тоғыздан түстен кейінгі төртке дейін Токио ұран астында қалды: «Жалақы өсірілсін!», «Американың жандайшаптары қуылсын!», «Вьетнамдағы соғыс тоқтатылсын!», «Жапония жеріндегі американ соғыстық базалар жойылсын!» тағы-тағылар.

Бұқара қозғалысынан қатты сескенетін өкімет адамдары біржола бұғып қалғандай. Демонстранттар сол ұрандарымен парламент сарайын біраз қоршап тұрды. «Янки, үйлеріңе қайтыңдар!» деген ұранды қайталап Америка Құрама Штатының елшілігіне де соны істеді. Жапон бұқарасы есейген, ерлігі бар ел екенін көрдік.

Аздап болса да жапон халқының театр өнерімен таныстық. Жапондардың ең көне театры «Но» деп аталады. Оның артистері орындарынан қозғалмай отырып, көрер спектакльдің драмалық мазмұнын, оқиғаның өршіп-өрістеуін, шиеленісуін, шешімін ән-өлең арқылы жеткізеді. Жапон — музыка тілін жақсы білетін ел. Ойналып жатқан музыка, салынып жатқан ән, айтылып жатқан өлең арқылы оқиғаның күлкісі мен трагедиясын, тартысы мен желісін аудармай ұғатын сияқты. Театрда отырған адамдардың түстері құбылып, кейде қызынып, кейде қайғырып қалады.

Жапон «Қабуки» театрында әйелдер ролін еркектер ойнайды. Толып жатқан шартты қимылдар, симулдар бар. Әйел ролін әдемі шығара алмаған артист өнері жоғары бағаланбайды деседі. Бұл театрдың ойыны белгілі сюжетке құрылған. Солай бола тұрса да алғашқы көргенінде әсер алу қиын-ақ.

«Менгей» театрында Арбузовтың «Үркіт хикаясы» қойылған екен. Театр гастрольде жүрді де оны біз көре алмадық. Оның «Үркіт хикаясын» кино артистері қойған екен, соны көрдік. Автор риза болып қайтты. Осака театрында Шолоховтың «Көтерілген тың» романы бойынша қойылған спектакльді кө-

ріп, бәріміз де ұнатып қайттық. Жапонияда аса өнерлі, шебер артистер бар екен.

Жапонияда күшті дамыған өнер саласы — кино. «Жаланаш арал» сияқты атақты фильм біздің елге де таныс. Өткен жылы бұл елде 780 кино шығарылыпты. Бірақ батыс елдерінің әсеріне еліктеп жасалған кинофильмдер көбінесе мазмұнсыз, тақырыптары таяз, жеңіл ғана көңіл көтерудің айналасында: төсек күйі, құшақ күйлері көбірек кездеседі.

Жалпы алғанда Жапония — қашаннан бергі ескіліктерін қалдырмай, жоймай, жоғалтпай күні бүгінге дейін архивке бермей келе жатқан ел. Мәдениеттің қай саласында болса да барлық ескіліктері, жаңалықтарымен қатар өмір сүріп жатыр. Сонымен бірге, қазіргі заманның өнері, әрине, басым, анағұрлым озық орында. Әсіресе Жапонияның жаңа әдебиеті қаулап өсіп келеді.

Қайтар күніміз де таяп қалды. «Байкал» кемесі кеше келіп күтіп тұр... Тағы да Иокогома порты... Жапон жазушылары, ғалымдары, қоғамдық ұйымдар өкілдері топ-тобымен келіпті. Біреулер виски әкелген, біреулер алқа, біреулер сырға әкеліп беріп жатыр.

Ең қызығы — біз кемеге мініп болғаннан кейін жағада тұрған адамдар бізге мыңдаған серпантин лақтыра бастады. Қызылды-жасылды ұзын ленталар кеме мен жағаны мыңдаған лентамен жалғастырып шырмап тастады. Ленталардың бір ұшы біздің қолда, бір ұшы бізбен қоштасушылардың қолдарында. Су бетіне қызылды-жасылды өрмек түсіп қалған. Кеме мен жағаның екі арасына қызыл ала шатыр құрылып қалғандай.

«Байкал» жылжып жөнеле бергенде ұзын ленталар оңай үзіле қоймай, кеменің артынан ұзақ уақыт шұбалып отырды.

Қызылды-жасылды ленталар әрең айрылысқан достардың қоштасуы сияқты еді. Доспен қоштасқанда қолыңды тез айырып ала қою оңай емес қой.

Жапон халқының осындай меймандостығы, адал достыққа әзірлігі менің ойыма күнде бір түсіп қояды.

Адам баласының ұлы жолында

Адам баласының материалдық және рухани қорын жасайтын дүниелік тарих жолына барлық елде бір дәуірде жетіп үлгірмегені мәлім. Ерте оятқан жағдайлар, ерте оянған елдер бар. Азғана армян халқы ерте оянған елдердің қатарына қосылады. Үндістан, Иран, Мысыр, Месопотамия, Греция, Рим,

Рум (Византия) дәуірлеп тұрған көне замандарда әртүрлі елдік әрекеттерімен армян халқы ылғи араласып жүрді.

Халықтар қарым-қатынасы деп аталатын, елдер мен елдерді таныстыратын дүниелік жолда армян іздері әлі айқын жатыр. Әсіресе, атақты «Жібек жолында» армян жолаушы ат арқасын босатпаған сияқты. Батыс халықтары «Алтын Үндістанның» қай жақта екенін біле алмай жүрген кезде, армяндар оны ұзынды-көлденең шарлап жүріпті.

Армян халқының басынан қилы-қилы замандар, елдік қажыр-қайрат сыналар талай-талай ауыр күндер өткені де мәлім. Бірақ армян халқы қажымаған, алысып-жұлысып, алдырмай келген. Таулы жерінің шатқалдарына қалай бойы үйренсе, дүниелік шатқалдардан да жол тауып, ойсырап ұтыла бермеген. Алыстан қоршаған, жақыннан торыған талай күшті жаулар армян халқының елдік рухына таңба сала алған емес. Армения — жеңіліс қасіретін де тартқан еді. Бірақ аунап тұрып, есін тез жинап, қажымай-жасымай, елдік іргесін бекіте берген, рухани байлығын молайта берген. Басқыншыларға өзі өнер-өнеге бере алған. Қазіргі заманымызда талантты армян поэзиясы, армян музыкасы дүние жүзін кезіп кетті. Европа, Америка, Азия, Африка, Австралия елдері армян көркем өнерімен кең түрде таныс.

Өткен 1967 жылы армян театрының 2000 жылдығы өтті, яғни армян театрының тарихы өте ежелден басталады. Әнкүй, өлең-жыр театрдан көп бұрын туатынын еске алсақ, армян рухани мәдениетінің көне заманнан келе жатқанын көреміз. Советтік Арменияның мәдениет, ғылым, техника майдандарында қандай атақты қайраткерлері бар екенін біздің халық мен айтпасам да жақсы біледі. Бүгінгі Армения музыкасы, Армения поэзиясы, Армения архитектурасы жөнінде бірақ өзгешелікті ескерткім келеді: ол Армения өнерінің ұлттық тазалығымен жоғары дәрежеге көтеріліп кеткені. Мұның аты — үйренеріміз, үлгі етеріміз көп деген сөз.

Дүниелік мәдениет қорына алғаның қосылмайды, бергенің қосылады. Біреуден алып өтегенің емес, өз жаныңнан қосқаның қосылады. Әр өнеріңде өз бояуың, өз даусың, өз жүрегің болуы керек. Үйренгенің, алғаның үшін дүниелік қорға сен осылай қарыздарсың. Аз ел, талантты ел Армения — бұл жағынан үлкен үлгі. Өзіміздің ұлы Одақ көлемінде ғана емес, дүниелік көлемде үлкен үлгі.

Армян қайда да, қашан да, талапты да, талантты армян. Өткен жылы март айында Армения жазушылар одағының бірінші секретары Эдуард Топчян екеуміз Ливанда бірге болдық. Ливан астанасы Бейрутта армян тілінде күнбе-күндік он газет шығады екен. Тираждары аз болғанымен он газет!

Бейрутта армянның 65 орта мектебі бар, ол мектептерде армян, араб, француз, ағылшын тілдері міндетті түрде оқыты-

лады. Оның үстіне орта мектепті бітірген балаларды жоғары дәрежелі мектептерге түсіруге әзірлейтін курстар бар.

«Арарат» газетінің редакторы Гранат, тіс докторы Аршақ мырза бізді осындай жайларымен таныстыра отырып, мынадай бір қызықты айтты:

— Пекинде қытай халқының бір тілінен екінші тіліне ауаратын үлкен бір ғалым қартымыз бар...— Тегінде қытай тілін одан артық білетін қытай болмаса керек,— деді.

Октябрь революциясынан кейін қазақ халқы армян халқымен қоян-қолтық араласып келеді. Совет бұлбұлдары атанған Гоар Гаспарян мен марқұм Күләш қатты дос болушы еді. Армения мен Қазақстан жазушыларының арасында да үлкен достық бар. Қазақстанның түсті металл өндірісінде, мұнайында ондаған, жүздеген армян мамандары қызмет атқарады.

Әсіресе, Арменияның атақты ұлы Леон Исаевич Мирзоян қазақ халқының жүрегінде шексіз құрметпен сақталып қалды. Сол бір күндерде Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары болған Л. И. Мирзоян жолдас аса іскер, аса таза жүректі большевик екенін көрсетті. Оның бейнесін көрсететін Әлжаппар Әбішевтің бір пьесасын армяндар өз тіліне аударып басып шығарды.

Елінің бай өнерін — әрі көне, әрі жас өнері мен әдебиетін арқалап, жүздеген адам армян өнерпаздары бүгін Қазақстанға келді. Бүгін — сол мерекеміз ашылатын күн. Жеріміз шалғай болғанымен біз жан жүрегіміз бірге соғатын Совет еліміз, бауырлас елміз. Астанамыз да, облыс, аудан, өндіріс орындары да, егіншілеріміз бен малшыларымыз да армян көркем өнерін ыстық құшақ ашып қарсы алатыны даусыз.

Қайда да жарқын жүз, достық жүректен жалын атып шыққан: «ҚОШ КЕЛІПСІЗ, АРМЯН БАУЫРЛАР!» деген жазу тұрар.

Көріскенше күн жақсы

Венгер мәдениетінің он күндігін Қазақстан халқы өзінің бір ұлы қуанышындай, үлкен мейрамындай қарсы алды. Әңгіме әлдеқашан ұмыт болған баяғы көштің сүрлеуінде емес, жаңа өмір орнатып жатқан елдердің жігер үндестігінде, ән-күйлерінің үндестігінде, заман күресіндегі бірлігінде.

Сіздің Венгер халқының ғасырларға созылған азаттық жолындағы күресімен азды-көпті таныстығы бар адам сол күрестің айнасы сияқты ән-күйлеріңізге, дүние жүзіне жайылған билеріңізге енжар қарай алмайды. Сіздің халық қос-қабат емес, үш жақтан бірдей жаншылуды бастан кешірді. То-

лып жатқан реформация, контрреформацияларға ұшырады. Сол арпалыстарда венгер халқының әр кезеңінің өзіне сай Дьерде Дож, Френц Ракоци, Лайош Кошут сияқты ерлер шықты. Балинта Балашши, Миклош Зрини сияқты халық азаттығын көксеген ірі ақындарыңыз болды. Ұлы ақындарыңыз Шандор Петефи мен оның үзеңгілесі Янош Арань революциялық — демократия бағытындағы поэзияны өз заманының ең биігіне көтерді.

1848 жылғы революцияның көсемі болған Шандор Петефи менің ойымша, XIX ғасырдағы Европаның революциялық-демократиялық бағыттағы ақындарының ішінде бірінші орын алады. Петефи сияқты демократиялық революцияның туын өз қолымен көтерген ақын ол дәуірде болған жоқ. Ол күн сәулесінен жалындап тұратын қамшы өрген ақын. Ол қамшының кімнің арқасына арналғаны өзінен өзі-ақ түсінікті ғой. «Ғашығым үшін жанымды қиярмын, азаттық үшін ғашығымды қиярмын»,— дейді Петефи.

Шандор Петефидің осыған әуендес жырлары дүние жүзіне кең тараған.

Венгер мәдениетінің он күндігінде біз ұзақ ғасырларға созылған күрес бейнесін көрдік.

Ұзақ ғасырлар бойындағы бағыныштылық заманында венгер ана тілі бір емес, екі емес, ұдайы жойылып кету қаупына ұшырап отырды. Австрияны Габсбург әулеті билеп тұрған ұзақ дәуірде венгер тілі ассимиляция саясатының салмағынан бір босаған емес. Оның аржағында венгер халқының өзі ұлттығынан айырылу қаупі төніп тұр еді. Күрескер венгер халқы отаршылардың бұл бет алысына ырық бермеді.

1919 жылы Венгер Социалистік Революциясының күрескер жыршылары Бела Илеш, Антоль Гидаш, Матэ Залка көп ұлты совет әдебиетімен біте қайнасып кетті. Совет кітап оқушылары бұл жазушылардың ұлты қай ел деп сұрай да бермейді. Өйкені, олар қай әдебиетке болса да озық ойларымен сіңісіп кетті.

Венгер әдебиеті, әсіресе, поэзиясы, біздің түрі ұлттық, мазмұны социалистік әдебиетімізбен үзеңгілес өсіп келеді. Ұлттық шеңберден шыға алмау, ескі дәстүрге табыну, ұсақ ұлан бірдемелерге үймелей беру венгер әдебиетінде сирек кездеседі. Осының өзі-ақ венгер әдебиетінің идеялық және көркемдік жағынан жоғары орында екенін көрсетеді.

Біздің қазіргі кітап оқушыларымыз бүгінгі ақын-жазушыға бір кезде ұлы Петефи айтқанды айтады: сырым деген болып, жырым деген болып, мұңым деген болып, ез-малталап отырма!— дейді.

Біздің халқымыз венгер поэзиясына, венгер музыкасына, венгер билеріне әбден машық. Сіздің озық поэзияңызды біздің Тихонов, Маршак, Мартынов, Исаковский, Чуковский

сияқты атақты ақындарымыз аударған болса, атақты әншілеріміз де венгер әндерін елімізге мол-мол таратып жүр.

Сонымен, қадірлі достар, сіздер туысқан елге, әдебиет пен көркемөнерге көзқарасы бір, қояр талабы бір, есейген республикаға келдіңіздер. Социализм елдерінде жан азығы асылдың асылы, қымбаттың қымбаты, мөлдірдің мөлдірі болуы керектігі сіз бен бізге жаңа айтылып жатқан ой емес. Бұл жолы сіздер Қазақстанға венгер көркем өнерін түгел емес, сыңар қанаттау әкеліпсіз. Толығырақ кездесер кез алда деп сенісейік.

Қазақстанның қай жерінде болса да сіздерді жылы құшағын жая қарсы алды. Қоштасарда «Қош болыңыздар!» демей «Көріскенше күн жақсы!» дейміз.

Прогресс алауы

Азия жазушылары екінші рет, ал Азия мен Африка жазушылары тұңғыш рет Дели қаласында бас қосып отыр. Бәрінің де мақсаты — өздерінің көкейтесті істері, әдебиет туралы шүйіркелесе әңгімелесу. Нағыз әдебиет нақты болмыспен әр уақыт және жігі ажырамас байланыста болғандықтан бұл әңгіменің де өмір туралы, бүгінгі дүние туралы, барша ғалам адамдарын толғандыратын проблемалар туралы болатыны ақиқат.

Көне мәдениеттің, даналық пен адамжандылықтың елінде өтетін бұл конференция оған қатысушыларды ойланып-толғанатын белгілі бір арнаға түсірмей тұра да алмайды. XX ғасырдың күшті сілкіністері — әлеуметтік және ұлт-азаттық жолындағы революциялар афро-азия халықтарын бұғаудан азат етіп, өздерінің күшіне сенімдерін қайта тудырады, жақсы болашаққа — бұғаудан босанған өз қолдарымен орната алатын келешекке сенімділігін оятты.

Міне, сондықтан да әрбір ақ жүрек жазушы қолына прогресс алауын ұстай, алға қарай қадам баспай тұра алмайды. Әйтсе де бір адам,— тіпті ол кеменгер болған күннің өзінде де бұл міндетті атқара алмас еді. Екі зор құрлық жазушыларының бір сапта тұтаса алға басуы да осыдан. Бұл — олардың бәрі үшін де айрықша қажеттілік болып отыр. Бұлардың өзара ынтымақтасып жұмыс істеуіне 1956 жылы үнді жұртшылығының ықылас білдірумен Делиде шақырылған конференция негіз салған болатын.

Ұмытылмастай есте қалған бұл конференция халықтардың рухани өмірін қалыптастырудағы әдебиеттің маңызын атап көрсетіп қана қойған жоқ. Ізгі ниетке толы және жемісті тұр-

де жүргізілген қалтқысыз пікір алысу, әңгімелесіп отырған кісінің көзқарасына мейліншe құрметпен қарау және осылай сырласу үстінде туған шындық, міне, осының бәрі жазушылардың бір-бірімен ұғысып қызмет істеуіне негіз болды, жас әдебиеттердің де, сондай-ақ сан ғасырлық дәстүрі бар көне әдебиеттердің де одан әрі өркендеуінде баға жетпес роль атқарды.

Иә, дәл Делидің және одан екі жыл кейін Ташкентте дүниеде болып жатқан оқиғалардың бәріне жазушы жауапкершілігі туралы ынтымақтастық пен қауымшылдық принциптері белгіленді. Әрине, содан бергі уақыттағы он бес жыл ішінде біздің планетамызда болған өрескел әділетсіздіктерге көзімізді жұма қарасақ, мұның өзі жұмсартып айтқанда кешірімсіз аңғалдық болар еді. Жазушылар да мұндай жағдаймен келісе алған жоқ. Олар Вьетнамдағы соғысқа қарсы және Үнді-Қытайдағы агрессияны ұлғайтуға қарсы батыл үн көтерді, Таяу-Шығыстағы жанжалды бейбіт жолмен реттеуді талап етті, бейбітшілікті сақтау идеяларын, қарусыздану идеяларын қызу қолдады, даулы мәселелерді шешуде күш қолдануға тырысу әрекеттерін айыптады.

Афро-Азия жазушылары шұғылданып келген және қазір шұғылданып отырған осыншама практикалық жұмыстарды тізіп айтқанға «таза» эстеттер мәндайын тыжырына қарауы мүмкін. Ал, қазіргі дүниеде адам тағдыры халықаралық қарым-қатынастар қалай болып отырғанына тікелей байланысты емес пе? Бұл туралы от пен оқтан қор болған вьетнам баласының анасынан сұрай қойсаңыз, ол не деп жауап айтатынын білер еді.

1956 жылғы Дели... 1958 жылғы Ташкент. Және бүгін — 1970 жылғы Дели. Он бес жыл — аз уақыт емес. Бұл кезең ішінде біздің қозғалысымызда қиындықтар да туып жатты. Кейбіреулер өздерінің демагогтік сөзуарлығымен — реті бар жерде де, реті жоқ жерде де өз пікірін міндеттеуге тырысқан, баршаға ортақ істерді тек өзі ғана шешу еркіне ие болғысы келген жағдайдың бәрінде де әлгіндей қиындықтар алдымызды кес-кестей берді. Мұндай шырыш бұзушылар Дели мен Ташкентте біздің бәрімізді тұтастырған өмірлік маңызы бар мүдделерді түсінбеді, сөйтіп, өзгелердің бәрінен оқшау жағдайда қалған бұлар өздерін өздері жазалады.

Бір-бірімізді жақсы білуіміз керек. Адамдар да, халықтар да бір-бірін әбден ұғынысуы қажет. Бұл — байырғы шындық, әйтсе де бұл қашан да сенімді шындық. Бір-бірімізді ұғынысуға жәрдемдесетін жұмысты ешбір тоқтатуға болмайды. Ал бұл іске жазушылар үлесі аз емес.

Мен Азия мен Африка елдері жазушыларының Делидегі IV конференциясы біздің қозғалысымызды дамытудағы жарқын кезең болатынына кәміл сенемін.

...Афро-Азия жазушыларының форумы өтіп жатқан зал делегаттар мен қонақтарға лық толы. Мінбеге шешендер бірінен соң бірі шығып жатыр. Конференция жұмысы қызу.

Ұлт әдебиеттерінің ынтымағы ұлы күш

Бірсыпыра Афро-Азия елдері жазушыларының алдына қойылған, бүгін таңда да шешімін күтіп тұрған кейбір мәселелерге байланысты ой-пікірлерімді орталарыңызға салғым келеді. Өзіміздің күрес тәжірибемізді және қиыншылықтарды жеңу тәжірибемізді Совет Одағының ұлт әдебиеттері тұрғысынан айтып берсем деймін.

Афро-Азия елдерінде әлеуметтік және ұлт-азаттық революция жеңіске жетіп отырған жағдайда бұл елдер халықтарының озық ойлы ақыл иелері өз әдебиеті мен мәдениетін дамытудың, гүлдендірудің ең қысқа және неғұрлым жемісті жолын іздеп отырса, мұның өзі табиғи да заңды нәрсе.

Олар өздеріне қажетті жолды еркін қалап алу үшін белгілі бір кезеңдерде бірқатар қарама-қайшы мәселелердің шиеленіскен шешімін табу қиыншылықтарына кездескен болса, бұл да табиғи нәрсе.

Менің ойымша, біздің заманымыз дәстүр мен жаңашылдық мәселесін алдымызға қай кездегіден болсын шұғыл қойып отыр, ал бұл мәселе жалпы әдебиет пен мәдениеттегі ұлттық және интернационалдық мәселелерімен біртұтас.

Мен осы жайларға тоқталмақпын.

Революция жеңді, өзгерістер болды, әлеуметтік игі қадам жасалды, дәуір жаңарды. Әрбір халық өзінің өткен жолына көз тастайды, келешекке қарайды, сана-сезім мен мәдениет мұрасының мағна-бағасын мөлшерлейді.

Бөбектің тілі ең әуелі «ана» деген сөзге келеді. Оны алғаш тамақтандырған да, алғаш аялаған да — Ана. Құлдық пен қанаудан азат болған ересек адам да сол бөбек сияқты, ең әуелі Отан — Анаға құшақ жаяды, өзімен бірге кемісітілген, қорлаушылық тауқыметін тартқан ұлттық мұрасына аялап қол созады. Бұл — аса қастерлі сезім!

Уақыт алға зымырайды, жер тоқтаусыз айналады, өткен іс қайта қайрылмайды! Өткендегі ұлттық сипаты бардың бәріне шектен тыс назар аударудың ақыры ұлтшылдықпен ұштасады, шеңбері тарылып, тынысы тарылып, оқшау қалады, сөйтіп құрып тынады. Халықтың отаршылдық тұмшалап тастаған мәдени байлығын сол халықтың өзіне қайтарып беру жолындағы парасатты мақсат пен бір ғана ұлттық қалыпта

қалу жолындағы тенденция арасында ешқандай ортақ сипат жоқ, кереғар қайшылық қана бар.

Мен қазақ ұлтының жазушысымын. Басымнан кешіргенім көп, біздің әдебиетіміз бен мәдениетіміздің өркендеп өсуіне ненің кесапаты тигенін де, ненің шарапаты тигенін де аз көріп-білгем жоқ. Яғни, мен әдебиет пен мәдениеттегі, тіпті адамдардың характеріндегі ұлттық сипат атаулының бәрі бірдей өз дәуірінен озып кете бермейді деп ашық айта алам.

Мынандай бір салалас екі мысал келтірейін: Азияның асыл дидарлы даласын көшіп-қонып мекендеген ата-бабаларымыз сонау ерте замандарда аса пайдалы екі нәрсені — киіз үй мен шалбарды ойлап шығарыпты. Көшіп-қонып жүрген малшы қауымға киіз үй ең қолайлы баспана болды, ал тері шалбар күні-түні ат үстінде жүретіндерге ең мықты киім болды.

Мен де жазда киіз үйде тұруды жақсы көрем. Бірақ, соған қарамастан, Қазақстандағы қазіргі қала құрылысының негізі киіз үй болсын дегім келмейді.

Шалбар жайындағы сөз басқаша. Біріншіден, ішінара сирек кездесетін дәстүрдегілер болмаса, жер шарындағы еркектер түгелдей шалбар киеді, екіншіден, егер Делиден Парижге дейінгі аралыққа қарап отырсаңыз, бұл шалбар қайсыбір жерлердегі әйелдер қауымының да жарасымды киімі болып алғанын көресіз. Демек, шалбар дегеніңіз сан ғасырдың кәдесіне жарап келеді және барша адамзат мәдениетінің мәңгілік бұйымы болып қала да береді.

Әдебиет пен мәдениеттегі нақты ұлттық дүние жөнінде сөз қозғалғанда істің жайы дәл осылай болып шығады деп ойлаймын...

Маркс: «Оқ-дәрі дәуірінде Ахиллес естен шығады!» деген ғой. Біздің дәуірімізде Чика Зулу империясының да, Шыңғыс хан империясының да тірлік-түрі мен мән-мағынасының қажеті шамалы.

Азия мен Африка халықтарының әдебиеті бүгінгі өркендеу кезеңінде әртүрлі дәрежеде тұр, дәстүрлері мен тәжірибелері де екі басқа. Менің ойымша, бүгінде неғұрлым өркендеген әдебиеттер күні кеше асқан қиын кезеңдерден осы екі жас әдебиеттің тезірек өтуіне жәрдемдесу баршамыздың негізгі парызымыз болуға тиіс. Көп жақты мәдени байланыс жасау, ілгергі әдебиеттердің игі істеріне жай ғана еліктеп қоймай, олардың тәжірибелерін игеру мәселесі осыдан өрбісе керек.

Осылай болған күнде ғана ұлт жазушылары ең парасатты ұлттық дәстүрге ие болып, тамаша әдебиет жасай алады деп білем. XIX ғасырдың ұлы жазушылары өз замандарының таңдаулы жазушыларынан тағылым алғандықтарын бүкіл әлемге айтуға намыстанған жоқ болатын.

Мен қазақ әдебиетінің гүлденуі жайында сөз қозғалғанда

біздің прозамыз бен поэзиямыздың сан қырлы болуына, үлкен проза мен драматургиямыздың тууына Чехов пен Толстой, Бальзак пен Флобер, Горький, Тагор, Лу Синь т. б. игі ықпал жасағанын жарқын жүзбен айтып бере алам.

Сонымен, бала туған екен, оның өзіндік кескін-келбеті болуға тиіс. Бір әдебиеттегі тіпті ең таңдаулы шығармаға жалаң еліктеу, оның қаңқасын ала салу екінші әдебиеттің дұрыс өркендеу процесіне кедергі келтіріп қана қоймайды, оның кескін-келбетін де бұзады. Мұндай жағдайда әлемдік мәдениет жұтаң тартар еді, өйткені, әр алуан ұлттық нәр беретін дән өнбей жатып шіріп біткен болар еді. Демек, көп жақты мәдени байланыс нәтижесінде гүлденетін жас әдебиет, немесе жас мәдениет жалған боямалы модернизацияның ықпалына душар болмауға тиіс.

Мұны естеріңізге қайталап салып тұрған себебім: біздің мынау шытырман дүниеде адамның ойлау сезімін мейлінше тежеу, тоқырату, жылмағайлау процесі жүріп жатыр. Біз индустрияда, немесе қала мен жол құрылысы жұмысында аса мол пайдасы бар кейбір нәрсенің адамның рухани өмір қажетіне көп кесірі болуы мүмкін екенін есте сақтауға тиіспіз.

Адамның ойлау сезімін жылмағайлауға келсек, бұл — адамның ерік күшін жою, рухын жасыту, тағдырға мойын ұсындыру. Отаршылдық империяның орнына империяның жаңа, мәдени түрін орнатуды жанталаса көксеп отырған әсіре отаршылдарға керегі осы. Отарлап келген жерінен кетуге мәжбүр болған әсіре отаршылдар ол жерлерде өздерінің әмір-шілерін, өз үлгілерін қалдыруға тырысады.

Жазушылардың міндеті — әр адамның, әр халықтың ерекшелігін сақтау үшін, олардың сезімталдықпен ойлау ерекшелігін қорғау үшін күресу. Осы жағдайда ғана халықтар әлемдік мәдениетке өз үлестерін қоса алады.

Сөз соңында мына бір жайды айтқым келеді: қай халықтың болсын сезім күйі мен рухын білдіруге, оның сындарлы ой жүйесін ашып беруге эсперанто тілі мүлдем жарамсыз!

Қазіргі цивилизациялы қоғамда нан, Отан, бала, ана, адам, жұмыс, махаббат, әділет, теңдік тәрізді қарапайым сөздердің мәнін әр түрлі адамдардың біркелкі ұғынуы барған сайын қиындай түсуде.

Әйтсе де, бұл сөздер жер жүзіндегі барлық халықтардың тілінде айтылуға тиіс, ол бүкіл адамзатқа сонда ғана әбден түсінікті болады!

Сәлем, Науаидың талантты ұрпақтары...

Ұлы Сырдарияны мәңгі заманнан бері бірге жайлаған өзбек-қазақ халықтары түркі тілдес елдердің ішіндегі ең жақын бауырласы. Қазақ халқына жататын талай рулардың тармақтары Өзбекстанда да бар. Ел анасы — жеріміз, жер емшегі — суымыз бір. Аумалы-ауыспалы замандарда елдеріміздің тағдыры да тоғысып отырғаны мәлім. Ұлы Октябрь революциясынан кейін елдер туысқандығы жаңа мағына тауып, жаңа белдерге барлық совет халықтары қол ұстаса көтерілді.

Бұл дәуірде қазақ-өзбек халықтарының мәдениеті мен әдебиеті іргелес өсіп келеді. Науаи — Абай, Сәкен — Хамза, Әуезов — Айбек, Ғафур — Ілияс, Абдолла Қаһһар — Бейімбет Майлин... Бұлардың бержағы бүгінгі әдебиетіміздің қайраткерлері — үлкен қауым.

Былтыр өзбек халқы мен Өзбекстан басшылары үлкен бір даналық-данышпандық көрсетті: ұлы ақын Науаидың ескерткіші орнатылған алаңға біздің ұлы ақынымыз Абайға да ескерткіш орнатуға қаулы алған.

Сол үшін туысқан өзбек халқына, Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары, жазушы Шараф Рашидов жолдасқа көп-көп алғыс, көп-көп сәлем!

Осы сияқты әр саламен келетін жақын туысқандықтың бір белгісі — өзбек көркем өнері мен өзбек әдебиеті Қазақстанның қандай алыс түкпірлеріне де әбден таныс. Өзбек мәдениетінің онкүндігін Қазақстан халқы түгел құшағын ашып қарсы алғалы отыр. Рас, бұл жолы өзбек совет әдебиетінің атақты классиктері — Айбек, Ғафур Гүләм, Абдолла Қаһһар сияқты ұмытылмас достарымыз келе алмайды. Қазақ жазушылары белгілі драматург, үлкен қоғамдық қайраткер Камел Яшенді, Орта Азияның бұлбұлы Зүлфияны күтеді. Ұйғын, Миртемір, Рамыз, Асқад Мұхтар бастаған жастарды күтеміз.

Ақ мақтаның гүліндей бірі көгілдір, бірі қызғылт, бірі аппақ болып нәзік құлпырған өзбек қыздарын күтеміз. Өзбек қыздарының билерінде еңбектің өзі де бар, поэзиясы да бар. Істелген іс өз уақытында өтіп кетеді де, поэзиясы ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қала береді. Сол еңбектің, сол істелген істің қоғамдық мән-маңызын адамның ой-сезіміне құйып қалдыратын «құлақтан кіріп бойды алар» көркем сөз бен көркемөнер, өзбек халқының билерінен мен осыны көремін.

Көркемөнер, көркем әдебиет дегеніміз барлық қоғамдық науқанды қолдайды. Бірақ сол науқанмен бірге өзі де өтіп кетпеске керек.

Қазақ жазушылары мен көркемөнер қайраткерлері Өзбек-

станда өткен біздің онкүндікте үлкен қошемет-құрметке бөленіп қайтты. Өзбек халқы қазақ әдебиеті мен көркем-өнеріне сағынышты көңіл аударған. Сыйласа білетін, құрметтей білетін ел әр жағдайда көргенділік, мәдениеттілік көрсетіп отырған. Өнер-білім ауысып, қолтықтасып отыруға ынтық екенін көрсеткен. Қай елмен болса да өнер-білім ауысып тұру екі жағына да үлкен ырыс, ұтылыс жоқ ұтыс. Жақсы кітаптарды аударып өз тілдерінде бастыру, жақсы спектакль-дерді парыз-қарызсыз сахналарына шығару — онкүндіксіз-ақ істеле берер игілікті істер.

Хош келдіңіздер, бауырлар! Екі онкүндіктің арасында он жыл өтіпті. Бұл он жыл Қазақстан өмірінің ең бір шалқып өскен дәуірі. Бұрын көргендеріңіз танылмай қалса, жаңадан көргендеріңіз таңдандырып қалса, ол Қазақстанның өсу-өркендеу қарқыны болар.

Қазақстан халқы Өзбекстан көркем әдебиеті мен көркем-өнерінің онкүндігін ыстық сағынышпен қарсы алып отыр. Өзбек бауырларымыздың онкүндігі — үлкен мейрамдардың бірі. Көзіміз де, көңіліміз де сахнада болар. Өзбек бауырларымыздың көркемөнеріне көзіміз тойып, көңіліміз толарына да дау жоқ. Соған орай, қадірлі қонақтарымыздың басқасында болатын ұйымдарымыз ойдағы жерден табылғайақты...

Әзірлен, Алматы, әзірлен!

Алдымыздағы айға толмас аз күндердің ішінде Қазақстан астанасы Алматы Азия-Африка әдебиет қозғалысының тарихына кіргелі отыр. Жүзге жақын елдерден келетін Азия-Африка жазушыларының V конференциясы Алматыда төртінші сентябрь күні шымылдығын ашады.

Аз ойланып қарасаң, мұның өзі Қазақстан халқына, қазақ совет әдебиетіне, астанамыз Алматыға көрсетілген құрмет, Отанымызға абырой-атақ әперетін еліміздің даңқын дүниеге жаятын үлкен мәртебелі оқиға; әдебиетіміз бен мәдениетіміз үшін үлкен мейрам. «Әзірлен, Алматы!» дегенде осыны айтпақпыз.

Бұдан он бес жыл бұрын басталған ізгілікті мақсат — ұлы армандар қозғалысы өзбек халқының астанасы Ташкенде туын көтеріп еді. Одан екі жыл бұрын Индия астанасы Делиде Азия жазушыларының конференциясы өтіп, әдебиет қозғалысын Азия-Африкалық көлемге шығаруға ынтымақ болған.

Ташкеннен кейін Мысыр астанасы Қаирда, Ливан астанасы

Бейрутта, Индия астанасы Делиде байтақ екі құрылық жазушыларының төрт конференциясы өтті. Бесінші конференциямыз бізде, Алматыда өтеді.

Азия-Африка жазушылары қозғалысының тарихына «Ташкент рухы» деген терең мағыналы түсінік кірді. Оның аты Ташкенде қабылданған саяси-әлеуметтік, әдебиет пен ой өнерінің барлық саласына қояр идеялық және көркемдік талаптарымыз екшеле келе тұрақты бағытын тапты деген сөз.

Біз, Азия-Африка жазушылары, дүниелік көлемде тоқталмай келе жатқан отаршылдыққа, отаршылдықтың қилы-қилы құбылыс тапқан жаңа түрлеріне, шексіз, шеңберсіз қаруланға, соғыс қаупіне қарсы күресімізді үндес, іліктес бағытта үзбей жүргізіп отыруды азаматтық борышымыз деп қабылдадық.

Елдіктің неше алуан қажыр-қайратын, ел ерлігінің қандай алдырмас қамал екендігін дүние жүзіндегі отаршылықпен алысып жатқан елдерге өнеге етіп көрсеткен, аяқтап келгенде империализм дүниесінің ең күшті алыбын жеңіп шыққан вьетнам халқымен бірге екенімізді жарияладық.

Екінші, Азия-Африка жазушылар қоғамының баса көңіл аударып, бақылап отыратыны, әрине, әдебиет пен жалпы көркем өнердің өсіп-өркендеу жолдары, іздену бағыты, әр түрлі ағымдар.

Бұл мәселеде елеулі екі жағдайды естен шығармауымыз керек. Азия-Африка халықтарының басым көпшілігінің мәдениеті мен әдебиеті үшін жиырмасыншы ғасыр батыс елдерінің қайта өркендеуін еске түсіреді.

Батыс елдерінің қайтадан өркендеуі Рим империясын түбірімен құлатуға байланысты болса, біздің заманымызда отарланған елдердің қайтадан өркендеуі — империализмнің тынысы тарылып, әлсірей бастағанына байланысты. Тарихи теңемелер төрт аяғынан түгел ұқсастық таба алмайтыны белгілі. Бірақ заманы өтіп бара жатқан өктем күштердің әлсіреуі, езілген елдердің еңсесі көтеріліп, талай ғасыр бойына жиналған кек пен шер, қажыр, қайрат революциялық энергияға айналарына тарихи дәлелдер аз емес.

Сонымен, Азия-Африка халықтары үшін жиырмасыншы ғасыр — сөнген оттар қайта тұтанып, елдік ойлар еркіндік алып, әр ел өзінің кім екенін рухани күштері арқылы таныта бастаған дәуір. Қазір бұл елдерде жүздеген, мыңдаған ақын-жазушылар, көркем өнер қайраткерлері туып қалды. Бұлар, көбінесе, ұлт-азаттық күресінің майданында пісіп-қатқан халықтық қайраткерлер.

Қай елдің болса да отаршылдық тұсында аяқталмай қалған әндері бар, ертегімен шектес ерліктері бар. Ұзақ өмірінде сағынып еске алар кезеңдері бар. Өз қолымен жасаған мәдениеті, елдік дәстүрі бар. Қобыландысы, Манасы бар, Қыз Жі-

бегі, Ләйләсі бар. Капитализмнің темір өкшесі мұның бәрін де жаншып-тапап, қанға бояп, топырақпен бастырып, күлмен көміп кеткен.

Кешегісіз бүгін жоқ, бүгінсіз ертең жоқ. Азия-Африка жазушыларының шығармаларында Чака зұлыс пен Манас, Қобыланды мен Баян қайта тірілсе, оған таңдануға болмайды. Әр ел өзінің кім екенін кешегісімен де, бүгінгісімен де толық таныта алмақ. Ертеңгі бейнесі осылардан тумақ.

Азия-Африка жазушыларындағы екінші жағдай — қазір біз дүниелік әдебиет, мәдениет өркендеуінен жырылып шығып, өз бетімізбен оңаша да бейтарап өсе алмаймыз. Адам баласының бүгінге дейін қолы жеткен мәдениет биігіне жатсырай қарасақ, аттыға ерген жаяудың таңы жыртылады дегендей, ертең айдалада қалмақпыз.

Бірақ адам баласының қолы жеткен мәдениеті қазіргі заманда бір ғана сара жолмен кетіп бара жатқан жоқ. Дүниелік екінші соғыстан кейінгі ширек ғасырлық қысқа ғана дәуірде әдебиет пен мәдениет майданында ондаған ағымдар пайда болды. Ұлы реализм дүниеге келгелі төрт ғасыр өтсе де, сол дәуірдің ішінде мұндай көп ағымдар тумап еді.

Жаңа реализм, жаңадан жаңа реализм, суперреализм, имперреализм, абстракционизм, авангардизм, дадаизм, тағы басқа толып жатқан ағымдар, сөз жоқ, идеялық және көркемдік бағытынды танып, таңдауды керек етеді.

Бұл ағымдарда екі түрлі мән бар: біріншіден, реализмнің ғасырлар бойында қалыптасқан, ұлы жазушылар мен ұлы суретшілер, ұлы композиторлар берген түрлерін ескірді деп танып, жаңа түр іздеу талабы. Іздену талабы, әрине, айып емес, ізгілікті еңбек. Бірақ бұл ізденулерден толып жатқан басқа мәндер табылып жүр, кейде адам баласының табиғатына жат, тіршілік тілегіне жат, көркемдік емес көзбояу, татымсызды таңсық етіп ұсыну талаптары бар. Ғасырлар сынынан сүрінбей өтіп келе жатқан реализмді түгел мансұқ ете алмай, не басына үкі тағып, не шындық сырын боямалап жаңа ағым деп ұғындыру талабы бар.

Айналып келгенде ұлы реализмді жіліктеп, бөлшектеп, өзіне ұнаған майлы жілігін бояп-сырлап жаңалық орнына ұсыну «өнері» туды. Басынан аяғына дейін не бір нүкте, не бір ноқат қойылмаған, бастауышы, баяндауышы жоқ, кімді-кім өлтіріп, кімді-кім сүйіп жатқанын айыруға болмайтын «романдар» туды. Бұл, мәдениетті кәсіпке айналдырғысы келген арамзалардың әрекеттері.

Капитал дүниесінде бұдан сорақы қылықтарға да таңдануға болмайды. Таңданбайсың, іштей күйінесің, ыза боласың. Жалғыз сен емес, үлкен мағынасындағы дүниелік мәде-

ниет жұртшылығының зығырданы қайнап қарсылық білдіріп отырғанын көреміз.

Біз, совет шығысының жазушылары, Горький салып кеткен социалистік реализм бағытынан тайған да, таймақшы да емеспіз. Социалистік реализм әдебиет пен көркем өнердің қай саласында болса да адам баласы мәдениетінің өсіп-өркендер бірден-бір сара жолы екенін дәлелдеді. Азия-Африка халықтарының озық жазушылары бұған күмәнданбайды.

Алайда, Алматы конференциясына келетін үш жүзге жақын Азия-Африка жазушыларының ішінде әр түрлі көзқарас, жаңсақ ұғыныстар болуы әбден заңды. Ондай достарға толық түсінік береріміз де заңды.

Алматы конференциясы біз үшін аса қолайлы тарихи кезеңде өткелі отыр. Бұл — Совет Одағының бейбітшіл саясаты дүние жүзінің еңбекшілеріне әбден танылып болған кез. Дүние жүзінің құлақ тосары біздің дауыс. Совет Одағының үлкен даусы.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас бейбітшілік жолындағы сапарларында дүние жүзінің тарихына кіретін іздер қалдырды. Америка Құрама Штаттарымен, Федерациялық Герман Республикасымен Франциямен жасалған келісімдер соғыс қаупін талай белге шегіндіріп тастағаны даусыз. Бұл — дүние жүзінің тынысы кеңіп, үзіле бастаған өмірлік үміттердің қайта жанданар кезеңі. Ұлт-азаттық қозғалыстарының да рухатана түсер кезеңі. Меніңше, Азия-Африка жазушыларының Алматыда өтер V конференциясы Л. И. Брежнев жолдастың бұл еңбегін атамай өте алмайды. Азия-Африка жазушыларының ендігі күрес программасы осы бағытқа бет бұруға тиісті.

Бұл — Қазақстанның да шалқып өскен, кемеліне келген кезеңі: айтып жеткізе алмас, көрсетіп үлгере алмас кезеңі.

Азия-Африка жазушыларының кезекті конференциясы Алматыда өтетін болғаны Қазақстанға көрсетілген үлкен қошемет. Қазақстанның атақ-даңқын тарататын қошемет. Сонымен бірге үлкен жауапкершілік артатын қошемет. Ең алдымен жазушыларымыздың ұйымшылдығына, үлкен істі басқара алатындығына сын. Біз бұл жағынан қауіптенбейміз.

Келген қонақтар мәдениет, ғылым, оқу ордаларымен танысады. Бұл жағынан да қауіп жоқ.

Қонақтар Қарағанды, Шымкент, Жамбыл, Көкшетау, Целиноград, Талдықорған, Ақтөбе облыстарын аралайды.

Басты кездесулерде, үлкен істерде ши шығар деп, бұл жағынан да қауіптенбейміз. Бірақ кейде бір болмашыдан сүрініп кететініміз бар, соны ескерте кеткім келеді. Оның көпшілігі қонақтардың мәдениетті күтімі, сервиз жағынан кездеседі.

Қалайда, әр облыс қонақтарды апаратын, көрсететін жерлерін жедел қолға ала бергендері дұрыс болар еді.

Қазақ мақалы «Қонақ аз отырады, көп сынайды» дейді. Біздің қонақтарымыздың ішінде де сынай қарайтыны болар, бірақ көпшілігі жете танысу үшін дос көзімен қадағалап қараулары даусыз.

Қонақ естігенінен гөрі көргеніне сенеді. Ауыз толтыра айта аларымыз аз емес, соны көз тұндыра көрсете алуымыз керек.

Мұның екеуі де Қазақстанның қай жерінде, қандай жағдайында болса да қолдан келер деп сенемін!

Бір мақсат, бір тілекпен

Бұдан бұрын да бірнеше мәрте сөзге іңкәрлік, әдебиетке деген сүйіспеншілік басын қосқан адамдар жиналып, ақылдасқан, пікірлескен, сырласқан едік.

Міне, бүгін Абай алаңында орналасқан В. Л. Ленин атындағы Сарайда осындай кең мәслихат тағы да мәреге шығады, Азия мен Африка елдері жазушыларының Алматыдағы конференциясы салтанатты жағдайда ашылады.

Конференцияның ең басты тақырыбы не? Бүгінгі таңда жазушы мойнында өз кітаптарының кейіпкерлері үшін ғана емес, сонымен бірге дүниеде өзімен қатар ғұмыр кешіп жүрген көптеген адамдар үшін зор жауапкершілік жатыр.

Бұл туралы біз соңғы ондаған жылдар бойында қаламдас достарымызбен Ташкентте, Каирде, Бейрутте, Делиде сұқбаттасқан едік. Асыл ақиқат қайталанғаннан қоңыр тартпайды, оның үстіне уақыт және өзекті мәселелерді, терең талқылануы тиіс жаңа міндеттерді алдымызға қояды. Солардың бәрінің шешімін табу керек. Біз аталған асыл ақиқаттардың бірі — келелі кеңес жүргізбек үшін, бір-бірінді жақсы білуің қажет. Осы үлкен кездесу қарсаңында Москвада, Ленинградта, Закавказье мен Орта Азия республикаларында, Прибалтика мен Украинада және, әлбетте, өзіміздің Қазақстанда мыңдаған баспа табақ, миллиондаған тиражды Африка — Азия халықтарының, бұл ғұмырдан жақсы енші иемдену, отаршылдық пен жаңа отаршылдықтың ауыр зардабын жою жолындағы қарапайым адамдардың күресі мен өмірін суреттейтін көптеген кітаптар жарық көрді.

Міне, осы қалың тасқынның ішінен адам зейіні көкірегінде жатталып қалғандарын атайды: Алматыдағы «Жазушы» баспасынан шыққан филиппины жазушыларының әңгімелері, «Простор» журналы жариялай бастаған Сингапур жазушысы

Го Босеннің жастар туралы романы, Юсеф эс-Сибаидың «Иностранная литература» журналының жазғы номерлерінің бірінде жарияланған «Екіжүзділік мекені» деген романы, Африка туралы жазатын Виктор Рид бүгін түрікмен тілінде сөйлейді. Халдун Танер өзінің ең елеулі шығармалары енген жинағымен Грузия жеріне келді. Оңтүстік Африканың белгілі жазушысы Алекс Ла Гума молдаван оқушыларымен сыр шертісуде.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев Германия Федерациялық Республикасында, Америка Құрама Штаттарында және Фрацияда жүргізген келіссөздер нәтижесін бүкіл әлем халқы айрықша ықыласпен тосты. Совет Одағының көреген де кемеңгер бейбітшілік сүйгіш лениндік сыртқы саясатының қол жеткен табыстары миллиондаған адамдардың жүрегіне жарқын болашаққа деген үміт пен сенімді орнықтырды.

Мен бүгін жазушылардың Алматы кездесуінде адамдар тағдыры туралы, өмірін еңбекпен өткізген қарт еңбеккердің қалған күндерінің тыныштығы үшін, әр адамның бейбіт әлемде бала сүйіп, өсіріп, аспаннан ажал күтпей алаңсыз тіршілік құруы жолында жазушы жауапкершілігі жайлы айтқым келеді. Алматы конференциясында бейбітшілік, халықтар арасындағы өзара ықылас, түсінісушілік туралы, терісінің түсіне, дініне, олар өмір сүріп отырған қоғамның әлеуметтік құрылымына қарамастан, ешбір бүкпесіз сыр шертісеміз деген сенімдемін, ниеттемін.

Шота Руставели және оның поэтикасы

Грузин халқының ұлы ақыны және терең ойшылы Шота Руставели XII ғасырдың екінші жартысында дүниеге келді де XIII ғасырдың бірінші жартысының аяқ шеніне дейін өмір сүрді.

Шотаның 800 жылдық тойының қарасаңында грузин ғалымдары ақынның өмірі мен творчествосын зерттеу саласында көптеген ғылыми жұмыстар жүргізді. Соның нәтижесінде Шота туралы ежелден белгісіз болып келген жұмбақтар шешіліп, кең әлем бүгінгі таңда Орта ғасырдың данышпан ақыны туралы аса бағалы деректерге ие болып отыр.

Дастанның кіріспесі мен соңғы сөзінде ақын өзінің Тамарамен де, Давидпен де тұтас екендігін еске салып кетеді. Давид Сослани Тамараға 1189 жылы үйленеді. Демек, Шота

бұл дастанын 1189 жылға дейін бастаған. Егерде Давидтің 1207 жылы, ал Тамараның — 1213 жылы қайтыс болғандығына зер салсақ, дастанның 1207 жылға дейін жазылып біткендігі де айқындала түседі.

Шота Руставелидің туған жері — қазіргі Рустави селосының жанындағы (Масхетия) Рустави қорған-сарайы. Бұл ол кезде Шотаның әкесі Чахуркелибектің жеке меншігіндегі ғимарат еді. Кейіннен ол «Нино қорған-сарайы» атанып кетті. Олай деп аталуына, аңыздың айтуына қарағанда, Шотаның сүйген қызы Нинонық қорғанның биік дуалынан құлап өлуі себеп болған-мыс.

Бұл — Грузияның «алтын ғасырды» бастан кешкен шағы. Осы бір шалғайда қалған тарих кезеңінде Кавказда да, Орта Азия мен байтақ қазақ жерінде де Араб Халифатының үстемдігі түгелдей ыдырап, екеуінде де екі үлкен мемлекет еркін дәуірлегені әлемге аян. Солай болғанымен де, бұл Кавказ бен Хорезмнің мәдени өміріндегі Абар-Иран ықпалының мейлінше басым кезі. Демек, Жебе-Ноян мен Сүбетай-Батырдың түмендері Кавказ түгіл, Отырарға да жете қойған жоқ-ты. Шотаның дастанда өзі туған Грузиясының баламасы етіп — Аравия мен Үндістанды, оған тең келетін ең күшті мемлекет ретінде Хорезм империясын алатыны да осында. Бұл жөнінде академик Мұхтар Әуезовтің мына бір тұжырымын еске ала кеткен жөн. Ол: «Абай өзінің «Ескендір» дастанында Низамидың осы атты шығармасындағы Хызыр пайғамбардың орнына Аристотельдің бейнесін береді... Кезінде Шота Руставели де өзінің кейіпкерлері Тариэль мен Нестан-Дареджанды және Автандилді асқан шабытпен әсерлі суреттей отырып, олардың ересен асқақ бейнесі арқылы сол кездегі грузин қоғамының өмірге көзқарасы мен әдет-ғұрпындағы өзіне дән ерекшеліктерін тайға таңба басқандай етіп сипаттап берген...»

Шота — замана перзенті. Ол замандастары алдында борышты емес, өз дәуірінің тылсым сырына терең бойлай білген, үздік тұлға. Ол дәуір сипатын да, өмір суретін де мүлтіксіз дәлме-дәлдікпен жырлай білді, оның қауырсын қаламы бүкіл адамзат баласының асыл арманын нақышты да айшықты етіп айнаға түсіре алды, алған тақырыбын тарихи нақтылық тұрғыдан қарады.

Шотаның дүниеге көз қарасы, ақындық самғау бағыты сол кездегі өмір шындығы мен өзін қоршаған ортаның ой-арманын бір-біріне жақындатып, бір-біріне тығыз байланыстыра түседі. Дастан сюжетіне тарихи факторлар өзек болған. «Жаһангезді» зер сала оқыған қандай ғалым болса да, осы бір бұрмалауға болмайтын тұжырымға тоқырайтыны сөзсіз.

Үшінші Георгий мен оның қызы Тамара-патша арабтар мен ирандықтарды ата жауы деп санаса да, оқу орындарында грузин шәкірттеріне олардың тілін үйретуді, классикалық

әдебиетін жаттатуды ерсі деп есептемеген. Ал Шотадан сәл бұрын өмір сүрген бірнеше ақындардың шығармалары бастан-аяғына дейін көне иран әдебиетімен шектесіп жатады. Тмогвелидің «Виерамианиі» мен Хонелидің, «Амиран-Дареджаниниін» ғалымдардың фарсыдан аударылған шығармалар деген шешімге келулері де дәлелсіз емес.

Талай ғалымдар Шотаның мұсылман еместігіне күдіктенген. Бұған себеп — кемеңгер Шотаның өз заманындағы шығыс мұсылман елдерін үлкен махаббатпен жырлауы. Мұндай әдіс шынында, ұлы ақынның ұлы дастан жазудағы ақындық тілектерінен, терең тебіренуінен, өртті желдей шалқымалы шабытынан туады деп түсінуіміз керек.

Дастанда, дұрысында да, Аравия мен Үндістан, Хорезм мен Шығыс Түркстан сияқты кілең мұсылман мемлекеттері жыр етіледі. Бірақ дастандағы қандай сурет-сипаттаманы алсақ та, соның бәрінде де грузин елінің, грузин халқының түр-нұсқасының таңбасы жатыр. Асылы, ұлы ақын қай-қайдағы шалғай жатқан елдерді суреттей отырып, өзінің туған Грузиясын тебірене, күңірене жыр еткен. Оның асқан ұлылығы да, тұңғиық даналығы да, сайып келгенде, міне, осында,

Екіншіден, Тамараға Шотаның іштей ғашық екенін, «Жаһангездің» дүниеге келуіне де осы жағдайдың басты себеп болғандығын естен шығаруға болмайды. Қол жетпес алыс арманды ұлы ақын осылай айтпағанда, қалай айтуға тиісті?.. Әрбір дана өз жүрегіне өстіп табына алса, арман не?

Кейбір ғалымдар Шотаның мына бір жолдарын оқи салып:

«Грузиннің ертектерін шыққан ескі Шығыс жақтан
Онтүстіктің меруерті деп сан қолдарда сылдыр қаққан.
Тіздім әкеп әшекейлеп түзу жібек жіпке тартқан,
Ару патша азабымды азайтсын деп, құрмай қақпан»,—

«Шота бұл дастанды көне бір шығыс ертектерінен көшіре салған шығар»— деген жалған пікірге барып ұрынады. Ал Шотаны зерттеушілердің екінші бір тобы: «Біз бүкіл көне Шығыс әдебиетінен осы дастанға ұқсас ешнәрсе де кездестіре алмадық»— деген тұжырымға келіп тіреледі.

Меніңше, осы пікірлердің бәрі де әріге кете алмайтын, беріге өте алмайтын дәрменсіздіктен туған ағаттық. Дана ақынның ауқымы кең, тасқыны ұшан туындысына өстіп, жеңіл-желпі қарауға болмаса керек. Өйткені, әрбір дана адамзат баласы теңіздей тербете алатын тым ірі шығарма жазуға кірісер алдында жалынды жанының терең түпкірінде жатқан құпиясын өзін қоршаған ортаға түгелдей ашып бере алмайды, ашуға тиісті де емес. Ол елінің ертегісін жыр ете отырып, өз дәуірінің болмысындағы тіршілікті суретке түсіруге, сөйтіп, қалайда болса, өз төңірегінен өзін аулақта ұстауға тырысып бағады: шығармадағы оқиға ғасырлар қырқасы-

ның ар жағын шолып, басқа бір шалғай елден орын тепкен сияқты болады.

Дана ғаламға емес, ғалам данаға тағзым етеді. Шота Руставелидің барлық күші оның шашырап жатқан алмас сынықтарынан құрастырып, әрі ірі, әрі әшекейлі, ешбір теңдесі жоқ, аса көрнекті ғимарат сала білуінде.

Шота туралы көптеген аңыз бен ертектің бірінен мынадай бір сипаттаманы кездестіруге болады: ақын тым кішкентай күнінде ата-анадан жетім қалып, өмір тауқыметін көп тартады. Бір күні ол Кура өзеніне батып өлуге белді бекем байлап, жардан суға қарай құлайын деп тұрғанда, оны Вардзиядан (жартасты ойып салған шаһар) қайтып келе жатқан Тамара патшаның әкесі көріп қалады. Ол баланы үйіне алып келіп, өзінің жалғыз қызы Тамарамен бірге мәпелеп өсіреді. Балғын құрақтай екі жас, бірін-бірі мейлінше елжірей сүйіп, ер жетеді, өсе келе бір бірінен ешуақытта да ажырамасқа ант ішіседі. Бұны сезіп қалған жоғары қоғам өкілдері көгілдірдей көркем егілген екі берен гүлді екі жаққа айырудың амалын ойлап табады. Тағдыр соққысына душар болған Шота еңіреген күйінде елімен қоштасады да Аравияға барып, сонда өзінің атақты «Вепхисткоасани» (Жолбарыс тонды жаһангез») атты дастанын жазады.

Осы бір аңыз біздің көз алдымызға дастандағы Тариэль мен Нестан Дареджанның махаббатын елестететін сияқты. Кім білсін, Шота Тариэль арқылы өз жүрегінің жалынын жыр етпек болған шығар. Әйтпегенде, ақын патшақыз Тамараға ғашық болмағанда, осындай жыр тасқыны туар ма еді. Міне, біз осы арада, сөзсіз, ақынның өз жүрек сырын жүрген ортасынан жасыру үшін дастан сюжетін мейлінше терең де кең тақырыпқа құрғандығын аңғаратын сияқтымыз.

Шотаның талай қуғынға ұшырағаны жөнінде де өте көп айтылады. Алайда, оның қуғынға ұшырауының сыр мен сипаты, себептері мен негіздері толық ашылған емес. Керісінше, ол туралы пікір айтушылар, тарихи шындық пен сол бір заман рухын, дәуір тынысы жанай өтіп, дана ақынның өмірінде осы бір өзекті мәселені шешусіз қалдырып отырады.

Шота Руставели — бүкіл адамзаттың меншігі, сол үшін де біз ол туралы тек ғылыми негізделген тұрғыдан сөйлеуге тиістіміз. Ең алдымен, біз оның дастанын санамызға сіңіре білуіміз шарт. Ғалым болсын, ақын-аудармашы болсын, егер ол Шотаның дастандағы телегей-теңіз шалқымалы ой-арманына бойлай алмаса, оның өзі туралы да, сөзі туралы да дұрыс пікір айта алуы неғайбыл. «Жаһангезді» зерттеу — дастанды өмірге әкелген өрен ақынды зерттеу деген сөз. Демек, ақынның жан-дүниесі мен жүрек сыры да, ой-арманы мен мақсаты да зерттеушіні тербеткен рухани күшпен қосылып, біртұтас түйдек толқынға айналғаны жөн. Тек сонда

ғана қате болжамның тұтқынында қалып қоймауы — ақиқат. Осы дастанның өмірге келуіне ұйтқы болған не, ақынды алғаш толғантқан, оның жүрегін тербеткен күш қандай?— міне, Шота туралы сөз айтпақ болған адам өзінің әңгімесін осыдан бастауға тиісті.

Тұлпар алысқа шабады, сұңқар көз жетпес қияға самғайды. Әрбір дана ақын өз елінің шеңберінде ғана қалып қоймай, қиядан қомданып, құлашын кеңге жаяды да, өзінің бүкіл әлемдік екенін әйгілейді, барлық адамзаттың ой-арманын көксейтіндігін паш етеді. Олар ұлттық немесе діни шеңбер дегенді білмейді, білгісі де келмейді. Бірақ осының бәрін сол кездегі діни соқпақтан шыға алмай жүрген Грузияның дүмше сопылары түсіне қойған жоқ. Олар Шотаны Мұхаммет дінінің мұрагері, соның ой-идеясын арашалаушы жыршысы деп түсінді. Сөйтіп, өздерінің діни жолдағы шолақ түсініктерін қару етіп, бүкіл адамзаттың асыл арманын көксеп, күңіренген данаға қарсы шықты. Шотаның бертін келе өз елінен безіп, Иерусалимге мәңгі кетуіне де осы жоғарғы қоғамның діншіл жендеттері себеп болған-ды.

Қалай болған күнде де, Шотаның өмірге көзқарасы дүниедегі барлық халықтардың ой-мүддесімен шектесіп жатады. Ол жалынды жырымен қазіргі біздің заманымызбен де тілдесе алады. Ол өз халқының ұлттық мінез-құлқын, әдет-ғұрпын айнаға түсіре отырып, бүкіл елдердің арасындағы достықтың жыршысы екендігін әйгіледі. Барлық әлемдік озат ой-пікірдің табысын да, намысын да сақтай отырып, ескі антик тарихының алтын дәуірімен де үндестік таба алды. Ұлы Шота әлем алдында осы ерекшеліктерімен айырықша бағалы.

Шота тілімен айтқанда, жырдың екі қасиеті бар: біріншісі — оның асқақтығы мен құлашының кеңдігі; екіншісі — сол алып жырдың таза аспанмен тілдесе алатын таза махабатты жырлай білуі. Махабаттың тәңірісі — жыр, жыр құдіреті — махаббат.

Шота дастанның өнбойында тіршіліктің тылсымына толы Жер әлемі Аспан тазалығының алдында тағзым етеді. Ақынның тұжырымынша, Аспан арайы Жердегі махаббат сияқты таза сезімдерге ғана өз шапағынан сәуле бере алады. Дастан қаһармандары Аспан тазалығынан сусынданған, өзгелерге өнеге боларлықтай, ғибрат берерліктей, бірақ кәдімгі Жер перзенттері. Жер перзенттері болғанымен, олардың жаны да, тәні де әрі сұлу, әрі таза, әрі асқақ. Демек, Шота сұлулыққа табынушы емес, сұлулықты жасаушы. Шотада Жер сыры мен Аспан тылсымын ұштастыра алатын сиқырлы күш бар.

Шота Руставелидің туған, өскен және білім алған жері — Месхетия: XI ғасырда салынған Гелат академиясы. Ақын мұнда тек ғылымнан ғана емес, сонымен бірге өнердің

де барлық түрінен жан-жақты білгір болып шығады. Жақ тарту, қылыш шабу, ан аулау сияқты рыцарлық өнерге де құштар болады. Шота теңіз жанды, теңіз сырын терең білген адам.

Шота академияны үздік бітіреді. Бітірген күні үлкен той болып, сол тойға қыз патша Тамара да келеді. Жігіттер сан алуан өнер сынынан да өтеді. Қай саладан сайысса да адамзаттың болашақ данышпан жыршысы өзін биік өнер өрінен көрсете алады. Оның ерекше өнерлілігі Тамараны да қайран қалдырады: Тамара Шотаның басына өз қолымен алтын гүлдер шоғын (тәж) кигізеді. Осы бір сәтте патша қыздың нәркес көздерінен ұшқан ұшқын дана ұланның жүрегіне жебедей қадалып, мәңгілік дақ қалдырғанға ұқсайды. Кім білсін, егер осы бір оқиға болмаса, кейін бүкіл жаһанды сазды әуенге бөлеген, адам сезімін мұңды жырмен тербеткен мынау «Жолбарыс тонды жаһанкез» дүниеге келер ме еді, жоқ па?

Содан соң Шота біраз жыл патша сарайында тұрады: Шота үшін ең бақытты, сонымен бірге мәңгі өшпей, жалыны барған сайын шалқи түскен шерлі кезең басталады. Кенеттен Шотаға Грецияға сапар шегуге тура келді — Шота мен Тамараны айырылысуға мәжбүр етеді. Себебі — ол заманда қара қауымнан шыққан кісіге ерге шығуға патша қызы еріксіз болатын. Грецияға жүрер алдында Тамара ақынға: «Жүрек сезімің телегей-теңіз махаббат жырына айналып, қағаз бетіне түссе!— дегендей ишарат білдіреді...

Батыста бірнеше жыл өнер бұлағынан сусынданған Шота туған еліне оралғанда. Грузия өзінің дана перзентін құшағын айқара ашып, қарсы алады. Грецияда жүріп бастalған дастанын Шота еліне келіп аяқтады.

Үлкен жыр жорығын аяқтаған ақын, асыл арманының асқарына шыққа да, бақыт баспалдағына қадам баса алмайтын халге душар болды: феодалдық қоғамның діни «көсемдері» ұлы ақынның шалғай болашақпен үндесіп жатқан жалынды жырын найзаның ұшымен қарсы алды. Надан дұмшелер өз ақынын шеркеудің жауы деп тапты. Тіпті, Тамараның өзі де, әуелі ақынды қаржы-қазына уәзірі етіп тағайындағанымен, кейіннен, үстем таптың озбырлығына төтеп бере алмай, дәрменсіздік білдірді. Демек ақынның даналығы өз басына пәле боп жабысады.

Сөйтіп, Месхетия топырығынан жаралған дана өзін поэзия алыптарының сапына қосты, бірақ амал қанша, оның есесіне туған елін мәңгі тастап. XI ғасырда Иерусалимде грузиндер салдырған Киелі Крест монастыріне сапар шекті. Алайда сұлу жырды пір тұтатын грузин халқы өзінің асқан данышпан ақынының тау бұлағындай мөлдір жырынан нәр алып, оны мәңгі қорек етті.

Тағдыр қатал да сараң. Ол мөлшерсіз ешкімді де жарылқай қоймайды. Сондай-ақ, ол Шотаға тек даналықты ғана тарту етті, бақыттың басқа жұрнақтарынан мақрұм қалдырды: үлкен жүректі, телегей тілекті ақын таң нұрынан жаралған әсерлі де әсем Тамараның Грузиясымен мәңгі қоштасты.

Грузин халқы ертекте де, аңызда да ұлы ақынның атын жоғарыда айтылған Киелі Крест монастырімен байланыстыратын. Осыған орай, 1960 жылы ақын-академик Ираклий Абашидзенің басқаруындағы грузин ғалымдары (А. Шанидзе мен Г. Церетели) Иерусалимге барып, монастырь қабырғасына салынған Шотаның суретін тапты, ақынның осы монастырьде жерленгендігін анықтады.

Шотаның жырында, дұрысын айтсақ, Батыстан гөрі Шығыстың әсері басым. Оны дастанның мазмұнынан да, сюжетінен де және ақындық әдісінен де аңғаруға болады.

Жоғарыда айтқандай, Шота адамзат баласына, негізінен, өзінің туған Грузиясын жырлап бергісі келді. Бірақ ол дастандағы оқиғаларды көршілес немесе шалғайлау мұсылман елдер аймағына ауыстырып отырады. Оны «бұл ақынның бүкіл адамзаттың ақыны бола қалғысы келгендіктен болған жайт екен» деп түсіну — қате. Керісінше, ол оның поэтикасынан, оның ақындық шалқар ойынан жаралып, жан-жаққа шалқи тарап, үдей тарап жатқан түпкі ой-ниетінің жемісі деп түсіну қажет.

Шота Руставели тек Грузияның ғана емес, бүкіл дүниенің меншігі, өлең Прометейіндей алып Шота, сол шалғайдағы зарлы заманның өзінде-ақ пан Қавказдың сұлу қиясынан бүкіл адамзат баласына сұлу жыр мен нәзік махаббаттың, ізгілік пен адал достықтың, халықтар мен мемлекеттердің арасындағы бейбіт өмірдің сырын түгелдей айтып, асқақ жырдың қамтитын ауқымы мен талдайтын тақырыбын шешіп берді.

Сөз реті келгенде айта кеткен жөн, Қавказ бен Орта Азияның және Қазақстанның ежелгі мәдениетінің тарихы әлі күнге дейін анық та айшықты етіліп ғылыми тұрғыдан терең зерттелемей келеді. Бұл аймақтардың бәрі де, дұрысын айтсақ, кейінірек Эллада әсерінен де махрұм қалмағанымен, бір кезде мәдениеттің асқар шыңына көтерілген Ескі Дүниенің құрамында болғаны айдан айқын.

Грузия Руставели заманында христиан дініндегі Батыс пен мұсылман дініндегі Шығыс цивилизациясы торабының түйіскен жерінде өмір сүрді. П. Ингороква өзінің: «Руставели және Ренессанс шапағы» атты мақаласында былай дейді: «XI—XIII ғасырлар шеңберінде Грузияда ескі эллиндік дүниесіне, яғни көне Грецияның әдебиеті мен философиясына ықыластана қызығу сезімінің сергектікпен ояна

бастауын байқаймыз... Алайда Шығыспен де байланыс ересен күшті еді. Шығыс тілінде жазылған кітаптарды аудару әрекеті, тіпті, XI ғасырға дейін адам айтқысыз үлкен мөлшерде болғаны да бізге аян. Ал, XI ғасырдан бастап, Шығыспенен осы бір өзара мәдени байланыс мейілінше табиғи сипатқа бет бұрды да, әдеби қарым-қатынас одан бетер күшейе түсті. Грузин тіліне тек көркем шығармалар ғана емес, сонымен бірге ғылыми еңбектер де емін-еркін аударыла бастады. Мысалы, араб медицина энциклопедиясы сияқты өте көлемді дүниенің грузия тіліне аударылған варианты бізде осы күнге дейін сақталынулы.»

Өздерінің ғылыми-философиялық және әдеби еңбектерін таза араб тілінде жазған асқан дана ғұламалардың Орта Азия мен қазақ жерінен шыққандығы, әсіресе, соңғы жылдары ерекше айқындала бастады. Қазақ топырағында дүниеге келіп, «екінші Аристотель» атанған дана қыпшақ Әбу Насыр әл Фарабиді (IX ғасыр), дүниені дүр сілкінткен Әбу Әли ибн Синаны (X ғасыр), ғылым тұтқасын еркін игерген Әбу Райхан әл Бируни (X ғасыр) мен әлем кеңістігінің сырын түгелдей ұғынған әл-Хорезмиді алатын болсақ, бұлардың бүкіл адамзат баласының болашақ дамуына қосқан үлесі шетсіз-шексіз.

Осыған орай, біз Шота Руставели білімінің энциклопедиялық шеңберде екендігін айта отырып оның, тек Эллада мен Грузия аспанының астында ғана қалып қоймай, керісінше, құлашты тым кеңірек, сол бір кездегі шалқыған мәдениеті апат селіне душар бола қоймаған Шығысқа қарай жайыла түскендігін ашып айтпақпыз. Оны біз «Жолбарыс тонды жаһангездің» шығыс әуендері мен сарындарының симфониясына құрылғандығынан анық көреміз.

Осы бір үлкен дастанның, атап айтқанда, өзінің идеялық-көркемдік жағынан Орта ғасырдағы туындылардың ең биік шырқау шыңында тұрған дүние екендігі сөзсіз. Демек, дастан арнасының қайнар бұлағы, жоғарыда айтқандай, жалғыз ғана Эллада емес, сонымен бірге, Шығыстағы Қайта даму дәуірінің ең алғашқы негізін қалаған ойшылдардың таратқан ілімі болып есептеледі. Араб тілінде жазатын ғалымдардың білім мен өнер саласындағы ашқан ғажайып жаңалықтары болашақ дүниенің рухани меншігіне айналды. Сондықтан да, кейбір Батыс «қисыншыларының» дүмбілез күдіктеріне қарамастан, біз Шығыстағы Қайта даму дәуірін Эллада мәдениетінің тікелей жалғасы деп тұжырымдаймыз. Бұл — бұлжымас ақиқат та. Қаймықпай айтатын болсақ, Шығыстағы Қайта даму батыс Ренессансының тәй-тәй басып дүниеге келуіне орасан әсерін тигізді. Демек, Аристотель мен Платонның және Птоломейдің ғылыми жетістіктерін тікелей алға апарушылар, алда айтқандай, Әбу Насыр әл-Фараби,

Әбу Әли инб Сина, әл Хорезми, Әбу Райхан Бируни сияқты ғұламалар. Олардың жазған телегей-теңіз еңбектері өріс алмаса, ғылым мен өнер саласындағы кейінгі өрге өрлеушілік екі талай болған болар еді.

XIII ғасырға дейін шығыс оқымыстыларының ілімі мен қисындары Шығыста да, Батыста да лаулап өсті, бірақ бұл өсу Батыста өз қарқынын одан әрі үдете түскенімен, құйын боп тиген Шыңғыс хан жорығы, жүрген жерін өрттей жайпап, Шығыс мәдениетін жер бетінен жоқ етті.

Дүние ғылымымен түгелдей суарылған ұлы ғалым Фараби өнерге де, поэзияға да, музыкаға да ерекше назар аударған. Ол ешуақытта да ғылым менен поэзияның немесе өнер менен өмірдің арасына шек қойған емес-ті. «Ғылымның өзі поэзия, ал өнерді алатын болсақ, о да ғылымсыз қанатын кеңге жая алмайды — деген нақышты тұжырымның авторы да осы Фараби. Ол әлем кеңістігінің шегі жоқ екендігінде, сол кеңістік толы тылсымның сырын шешетін геология, география, минералогия, химия, физика, геометрия, стереометрия, астрономия, лингвистика, риторика, поэзия сияқты ғылымның санқилы түрлері де бір-бірімен гармониялық үндестік, үйлестік тапқан қалпындағы бірлестікте дами беретіндігін асқан даналықпен дәлелдеп берген. Сонымен бірге, ол сан салалы ғылым қайнарына арна болатын әлем кеңістігіндегі барлық құбылыстар қоректі Күн нұрынан алатындығын да ашып айтқан.

Осы тұрғыдан алып қарағанда да Фараби мен Шотаның дүние тануында керемет үйлестік бар.

Уа, Жарық Күн, қожасы әлем алтын отпен торланған,
Сен төксең нұр әлемге бір жұлдыздарың ортаға алған,
Сенің сызған жолдарыңмен планеттар жортты алдан!..

Біз жоғарыда Шотада Шығыстың әсері басым екендігін айтып кеттік. Енді сол туралы, кеңінен көсілмесек те, сәлдеген мысалдар келтірейік. Біріншіден, Шотаның дастанында араб, иран, түркі сөздері мен Фатима, Үсейін, Нұрадин, Шәймерден, Рамаз сияқты шығыс аттары көп кездеседі.

Шота телегей-теңіз білімді ақын. Ол өнер-білім үйрену жолында Батыс пен Шығысты бірдей қамтыған, көптеген тілді еркін игерген. Олардың ішінде грек, араб, фарсы және түркі тілдерін өте жақсы білген. Кемеңгер ақын осы елдердің тек тілін ғана біліп қоймай, олардың әдет-ғұрпы, салт-санасымен кеңінен танысқан. Мұны да біз дананың өлең шумақтарынан дұрыс аңғарамыз.

Екіншіден, Шота тіпті, құранды да жатқа білгенге ұқсайды. Мысалы, Автандилдың Аравиядан қашып кетер алдында мешітке барып:

«Жаппар ием, рахметі мол! Сүйенетін сен тірегім,
Жебе өзің құлыңды адал, құламасын бәйтерегің,
Оттан, судан, жыннан, мұңнан сақтамасаң, қайтер едім?
Шалып құрбан,— жалбарынам, сиынам да айтамын мұң!»

— деп оқыған намазын кейбір құран сүрелерінен айырып болмайды.

Үшіншіден, «Жаһангезде» қазақтың, түркменнің ертектері мен дастандарына ұқсас жерлер толып жатыр. Мысалы, бір ханзаданың перінің қызын іздеп бара жатып, үңгірдегі диюларға тап болуы, одан алтын сандықтар ішінен қарулар тауып алуы немесе Қобыланды мен Алпамыстың жорықтан оралғанда, аталарының — құлға, аналары мен сүйген жарларының күңге айналуларын естулері. Толып жатқан басқа мысалдар да келтіруге болады. Демек. Шота бізге сырымен де, жырымен де жақын.

«Жолбарыс тонды жаһангез», Фирдоусидің «Шахнамесі» сияқты, қазақ еліне тым ерте заманнан белгілі болуы да ықтимал. Бірақ соңғы мың жылдың өзінде ғана бірнеше тарих топанына душар болған қазақ даласы көптеген дерек-мағлұматтан ада қалғанын кім білмейді. Шота дастанының орысшасы қазақ еліне үстіміздегі ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан (К. Бальмонттың аудармасы арқылы) бастап жақсы таныс. Сол кездегі қазақ зиялыларының «Жаһангезді» оқымағаны кем де кем. Ал қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовті алатын болсақ, ол Одақ бойынша Шота туралы ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізгендердің бірінші тобына жатады.

* * *

Шота дастанының кіріспесінде шын мағынасындағы ақындық шығарма жасау үшін ақынның қамтитын ауқымы алыс, тынысы кең болу керектігін, тек осының өзі ғана ақынның ақындығын дәлелдей алатын қасиеттерге жататынын ашып айтады.

Шотаның жыр жолдарының әуенділігі мен ішкі үйқасымдарының өте жиі кездесу және сөздер арасындағы үндестілік басымдығы — оның өлеңдеріндегі ересен бір әсемдіктің белгісі. Ақынның метафоралар мен афоризмдерді құйылтып, құбылтып, дастанның әрбір шумақтарының көңіл күйіне сәйкестендіре бере білетін әдісі де Шотаның теңдесі жоқ үздік екендігінің айғағы.

Кейіпкерлерді бейнелегенде, ақын оларды гүлдерге, асыл тастарға, жұлдыздарға, ай мен күнге немесе арыстан мен жолбарыс сияқты айбарлы андарға теңеп отырады. Осының бәрінде де жаңағы атаулардың әрқайсысын дастандағы жыр шумақтарының көңіл күйіне сәйкес қолданады. Мысалы,

«раушан»— сұлулық пен тазалықтың баламасы. Ал раушанның сабағындағы тікенектер — сұлулықтың қорғанышы. Егер Шота кейіпкерлерін толған айға теңесе, онда сол кейіпкерінің көңілді, шаттықты шағын сипатағаны.

Қырық жеті мемлекеттен келген қазіргі дүниежүзі әдебиетінің үздік өкілдері Шота Руставелидің адамзат баласының әдеби дамуына тигізген және тигізіп келе жатқан әсерінің шетсіз-шексіз екенін айтты: «Жолбарыс тонды жаһангез» поэмасының әлде қашан бүкіл әлем меншігіне айналғандығын баяндады. Ағылшын жазушысы Джеймс Олдридж тойдағы сөйлеген сөзінде: «Вильям Шекспир Шотаның дастанын оқи алмай кетті. Ал, егер бұл дастанды оқыған болса, онда ол, сөзсіз Шотаны керегінше пайдаланған болар еді,»— деді.

«Жаһангез» қазір жер үстінде 37 тілге аударылған, соңғы 250 жылдың ішінде сол тілдерде 136 рет кітап болып басылып шықты. Оның ішінде 33 рет орыс тілінде, 20 рет СССР халықтары, 28 рет шетел тілдерінде.

Совет Одағында Шота орыс, өзбек, азербайжан, армян, қырғыз, тәжік, чечен, якут тілдерінде бірнеше рет толық аударылып, бірнеше рет жарияланды.

Х. Абдуллин дастанды С. Иорданшвилидің жолма-жол тәржімеленіп, ғылыми-зерттеу елегінен өткен түпнұсқасынан аударған. Одан соң ол орысша көркем аударма варианттарын да (Бальмонт, Петренко, Нуцубидзе, Цагарели, Заболоцкий) салыстырып оқып, жете зерттеген де солардың ішінен тек Руставелиге ғана тән ерекшеліктерді іріктеп, сұрыптап ала білген. Сөйтіп, ақыры, қазақ тіліндегі «Жаһангез», өзінің түпнұсқасындай кесек туындыға айналған.

Грузин өлеңдері мен қазақ өлеңдерінің силлабикалық болып келуі де Шота дастанының сыртқы түрін қазақ жырларына жақындата түседі, түсінікті ете түседі. Сөйтіп, біз Грузияның ұлы дастанының бізге тек ішкі мазмұнымен ғана емес, түрімен де, барлық ақындық әсем әуенімен де жақын екенін аңғарамыз.

Қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымдардың кейбіреулері бұрын аударма саласындағы өте қиын да күрделі мәселелерді шешуде дәрменсіз болып келді. Олардың біразы қандай ақынды болса да, әсіресе, Шотаны қазақтың ескі халық жырымен, 7—8 буынды, көне замандағы өлеңдер үлгісімен аудару керек деген шешімге көбірек кідіру жасап жүрді. Бір есептен, олардың бұл пікірі де грузия данасын қазақ оқырманына өте жақынырақ ете түсу ниетінен тууы ықтимал. Бірақ «Әдет — әдет емес, жөн — әдет» деген қағиданы ұмытуға тағы да болмайды. Ал енді біразы «Жолбарыс тонды жаһангез» дастанының сыртқы түрін сақтау қажеттігін қатты ескертті...

Бірақ Шотаны қазақ тіліне «түрін сақтап аударамын» деп

ниет білдірген талапкерлер, іс жүзінде, сыншылар мен қисыншылардан да бетер қиындыққа тіреле беруден арыла алмай қойды. Керек десеңіз, олардың кейбіреулеріне «тұр сақтаудың» не екенін білудің өзі де қиынға соқты. Сөйтіп, олар не тұтылған айға теңесе, онда — кейіпкердің бір сәтсіз сағатқа душар болғаны.

Осындай қуанышты я реніштi кезеңдерді жырлағанда да Шота сол жырлардың әрқайсысының өзіне лайықты әуен беріп отырады. Мысалы, көңілді немесе аң аулау сияқты оқиғаларды желдірмелетіп, көтеріңкі етіп, ал қайғылы және шерлі оқиғаны басыңқы етіп беру де ақын әдістерінің бірі.

Шығыстың қай ақынын алсаң да, метафора ретінде, айды, күнді, жұлдызды, нұрды көп келтіреді. Бұл олардың творчестволық ерекшелігі. Ал Шотада метафорасыз жол жоқ десек те қате айтпаған болар едік. Мысалы: «ақық»— кірпіктің «раушан»— жүздің «меруерт»— тістің, «арыстан»— ердің, «күн»— бетінен шапақ атқан сұлу қыздың баламасы.

«Жаһангездің» өлең жолдары 16 буыннан тұрады. Шумақтағы төрт жолдың төртеуі де (а-а-а-а схемасы бойынша) бір бірімен ұйқасып отырады. Шота дастанына ең ауыр түрді таңдап алған сияқты. Өйткені, ерте замандағы Шығыстың ұлы ақындары бірін-бірі керемет сыйлай отырып, бірімен бірі шексіз бәсекеде болған, бірінен бірі қалай да болса (түрден, де, мазмұннан да) асып түсудің амалын іздеген.

Дастанның арғы тегі грузиннің сегіз буынды халық жыры болғанымен, бұл сол кездегі әлем әдебиетіне келген кесек жаңалық. «Жаһангез»— көп жылғы ой толғаныстарының жемісі. Бұған ақын, сөзсіз үлкен дайындықпен келген, алдында оңай алдырмас жыр қамалының тұрғандығын түгел сезінген.

* * *

1966 жылы Шығыс поэзиясының жарық жұлдыздарының бірі Шота Руставелидің 800 жылдық тойы дүниежүзілік көлемде аталып өтті. Тбилиси мен Москвада өткен салтанатты мәжілістерде бұл тойдың басқа тойларға қарағанда бірқатар ерекшелігі болғандығы атап көрсетілді. Мысалы, аудармашылар Шота өлеңдер жолының ұзын екенін шамалай сезгенімен, ол ұзындықтың арғы тегі қайда жатқанына зер салып, байыбына барған емес: ырғақтар мен буындардың қай жүйеде құрылуы, олардың өлшем мөлшері, ұйқасым тәртібі, ішкі үндестіктер сыры,— осының бәрі де оларды толғанту түгіл, ойлантқан да жоқ.

Егер олар Шота өлеңдерінің сан-қилы заңдылығымен біте қайнасып жатқан құбылмалы да құлпырмалы сыртқы сипатына осылай қараса, оның тулаған теңіздей ішкі құбылыстарына қалай бойламақшы?

Егер классикалық шығарманың түрі, өлшемі, өзіне тән ырғағы, ең бастысы — рухы сақталмаса, онда біз жүйрікті жабыға, шешенді есерге айналдырған болып шыға келеміз.

Аудармашы Хамза Абдуллин орта ғасырдың жарық жұлдызының маржан жырларын 16 буынды силлабикалық өлшем мөлшерімен, ұйқасым мен ырғақ тәртіптерін ешбір өзгертпей, сол қалпында бере білген. Ақынның ішкі-тысқы ұйқасымдарын да, жолдардағы сөздер әуенділігін де, дастанда қолданатын аллитерация, ассонанс, маджами сияқты барлық ақындық компоненттерін де сол қалпында түсірген. Тек осы бір сыртқы сұлулықтың жетегіне бос еріп кете бермей, дана ақынның ішкі дүниесіндегі алапатты поэзия тасқындарына жол тауып, сол бір бұрқасын элементіне де ұдайы үңіліп, көз жазып қалмаудың амалын үздіксіз ойлап отырған.

Сондықтан да, сонау шалғай замандағы грузин шайырының әдісімен жазылған дана дастан ақынның еліне қандай түсінікті, жатық болса, қазақ қауымына да сондай ұғымды, әсерлі.

Ақындық аударма жөнінде айтылып жатқан ойлар әрқилы. Бірі мазмұнға табынса, екіншісі — түрді тәңірі тұтады. Сайып келгенде, мазмұнға жақындықты дәріптеушілер сұлу сөз өрнегінен махрұм қалғандар да, түрге табынатындар — іші қуыс, сырты жылтыр болып ұйқасқан сылдыр ғана, сылбыр ғана жолдарды пір тұтушылар.

Меніңше, бұл екі әдістің екеуі де — қате. Мазмұн мен түрді екі жаққа бөліп тастау — ағаттық. Аударма оригиналға түр мен мазмұнның өзіндік келісім тауып, бір-біріне сіңіскен қалпында ғана жақын. Ол екеуі де аса бір үйлесімді тереңдікте, табиғи мұлтіксіз бірлестікте болуға тиісті. Ол үшін аудармашының шын мағынасындағы суреткер, нағыз асқақтық рухпен қанаттанған ақын болуы шарт. Сонда ғана ол, автордың жан-жүйесіне түгелдей бойлай алатын. В. Жуковский айтқандай, автормен ерегісті екпінде бәсекеге түсе алатын дәрежеде болуы мүмкін, ақындық ұшқырлығында да, самғауында да сол авторға ұқсастық табы ықтимал.

Классикалық шығармамен істес болу үшін аудармашының жігер-күші мен сенім серпінінің жеткілікті болғаны қажет. Оның аударма үстінде отырып, өз басының даралығын емес, автордың даналығын әйгілеуге құлшынғаны жөн. Біздің қазіргі сөз етіп отырған аудармашымыз, ашып айтсақ, осы жағынан бағалы.

Бұл жөнінде академик Мұхтар Әуезов былай деген болатын: «Грузин поэзиясының біздің поэзияға ұқсайтын біраз өзгешелігі де бар... Грузин өлеңінің күллі ырғағы көбінесе иә жеке дыбыс, иә топ дыбыстардың қайталап келіп отыратын үндестігіне сүйенеді. Аллитерация, ассонанс үлгісі. Бұл ерекшелік бірқыдыру тілде өзіндей ғып шығаруға қиын соғатын

болса, қазақтың ескі, жаңа поэзиясының барлығында да ұдайы кездесіп отырады. Руставели өлеңінің өзінде бар жерлерге келгенде, біздің аударушылар сол үндестік ырғақтың қай түрін болса да емін-еркін қолдана алады».

М. Әуезовтің ой-пікірімен түгелдей келісе отырып, біз Шота Руставелидің өлең сөздің әуендік әсемділігіне ерекше мән беретіндігін, сұлу сазды сөздер үндестігінен меруерт тізудің ғажайып үлгісін жасайтындығын айрықша атап айтқымыз келеді. Ол әрбір ақынның қолынан келе бермейді. Өлең теориясының тілімен айтқанда, бұл дыбыстардың унисондық (дыбыс үндестігі), контрастылық (қарама қарсылық), гармоникалық (үйлесімді әуезділік) қайталануы.

Дастанда жырланатын не қилы көңіл күйі, табиғат суреті, кейіпкерлер портреті, саят, ұрыс-майдан суреттері — бәрі де қазақшасында әдемі айтылып, жалын жанды, мінсіз мүсінді сұлу жырға айналған. Дастанды кесек алғанда, замана рухы, өмір тынысы, интонациялық екпін, ескек жібек желдей жылы лебіз — бәрі де адамның эмоциясына салған жерден-ақ ерекше әсер беретін қалпында шалқып жатады. Ең бастысы — өлең шумақтары Шотаның бейнелеу әдісімен шектесе отырып, қазақтың өзінің төлтума шығармасы сияқты жатық, айтар ойы анық болып дүниеге келген.

Х. Абдуллин жеті мың жолға таяу аударманың көпшілігін төрт буынды ұйқастармен берген. Төрт жолдың төртеуін төрт буынды ұйқастармен беру қаншама қиын болса, соншама сұлу. Мұндай ұйқасымның тағы бір аса айырықша қасиеті — оның (дастан қаншама ұзақ болса да) қайталанбауы. Оның үстіне осы жеті мыңға жуық жолдың ішінде ұйқасынан тыс тұрған бірде-бір жол жоқ. Демек, әр шумақтағы төрт жолдың төртеуі де ұйқасып отырады.

«Жаһангез»— керемет те күшті, асқақ та терең. Шотаның өзі де, Гетенің Шекспир туралы айтқанындай,— шетсіз-шексіз.

Дастан 55 тараудан тұрады. Осы тараулардың ішінде, меніңше, аударуға ең қиын соғатын тарауы — «Кіріспе». Мұнда теңіздей тебіренген Руставели патша қызы Тамараны дәріптейді, ақынның парызы туралы толғана, күңірене жырлайды.

Міне, осы бір аса қиын тарауды да қазақ ақыны толқыта, шалқыта береді. Оқушы қиялын көне Грузияға, алыста қалған Руставели заманына қарай алып кетеді. Тараудың қай шумағын алсаң да, ол адамды әсерлі күйге бөлейді.

«Жаһангездің» қазақша жырлары, негізінен, осындай ұлы ақынға ұқсастық әлпетте көсіліп отырады. Осының бәрі аударма авторының 25 жыл еңбек етіп, жарыққа шығарған дүниесінің бағалы екендігін дәлелдейді.

Қазақша «Жаһангез» халқымыздың мәдени өміріндегі айта қаларлық әдеби жаңалық.

Гомер, Фирдоуси, Руставели, Данте, Гете сияқты поэзия алыптарын біз әрбір жеке ұлттың өз дәстүрімен, өз жыры әдісімен аударуға тиісті емеспіз. Дүние жүзі әдебиетінің алтын қорына жататын асыл дүниелердің бәрі де өз бояуында, өз ренінде, стилі мен рухы да түгел сақталып аударылуға тиіс. Сонда ғана әдебиетімізді данышпан суреткерлердің қолданатын әдіс амалдарымен байыта аламыз. Мұндай әдіс біздің ұлттық дәстүрімізді ақындық өнердің әрі ескі, әрі жаңа түрлерімен толықтыра түседі. Өйткені, «Жаһангез»— өзінің ақындық құдіретті күшін, ғажайып сұлу сымбатын бүгінгі күнге дейін сақтай алған нағыз даналық туынды болып есептеледі» (Ник. Тихонов).

Бағалы еңбек

Бір адам бір халықтың бір ғасыр бойындағы өмірі туралы дүниелік баспасөз бетінде қандай мәлімет басылған болса, соның бәрін тізіп берсе, сол адамға сол халықтың айтар алғысы, көрсетер құрмет-қошеметі қандай болу керек? Біздің ойымызша, ол алғыстың шегі-шетіне көз жетпесе керек.

Сол адамның аты — Александр Ефимович Алекторов, алғыс айтар халықтың аты — қазақ.

Алекторовтың дүние жүзілік баспасөз бетінде қазақ халқы жайында не жазылса соның бәрін тізіп берген кітабы (указатель) 1900 жылы Қазанда басылып шықты. (Одан бері қайталанғанын кездестірген емеспін.) 984 бет кітапта қазақ халқының тарихы, мәдениеті, тұрмыс-салты, шаруашылығы, мінез-құлқы, еркек-әйелі жайында дүние жүзінде шыққан кітаптарда, газет-журналдарда төрт мыңға таяу мақала, очерктер басылғаны көрсетілген.

Егер осы 984 бет кітапта көрсетілген материалдарды жинап, екшеп-елеп, бастырып шығара алсақ, он-он бес том болатын шамасы бар. Мұның өзі үлкен мәдени қазына емес пе? Нағыз мағынасындағы энциклопедия деп осындай еңбекті айтады.

Енді кітаптан бірнеше үзінділер келтірейік. Алекторовтың өзі қазақ халқы туралы былай дейді:

«Қазақ халқы реңі бұзылмаған жас та күшті халық ретінде маған аса жақсы әсер етті» (51—бет).

Американың атақты тілшісі Мак-Гахан Еділ өзенінен Сырдарияға дейін жапа-жалғыз жүріп отырып, Хиуаны алуға жөнелген орыс әскерін Хиуаның түбінде ғана қуып жеткен.

Ол кезде Еділ мен Сырдың арасында орыс поселкелері жоқ-қа жақын болғандықтан Мак-Гахан көбінесе қазақ елінің ішімен жүріп отырған. Кейін ол осы сапарын кітап етіп шығарған. Кітап орыс тіліне 1875 жылы аударылған. Алекторов сол кітаптан Мак-Гаханның мынадай айтқандарын келтіреді:

«Қазақтармен қанша кездессем де ылғи жақсы әсер алып отырдым. Олар маған түп-түгел қайырымдылық көрсетті, қонақжай, адал халық екен. Мен олардың арасында артық кемі жоқ бір ай болдым. Өздерімен бірге киіз үйлерінде қонып жүрдім. Менің ақшам да, атым да, қаруым да болатын, қызығарлықтай басқа нәрселерім де бар еді. Бірақ қазақтардан жақсылықтан басқа ешнәрсе көргенім жоқ. Ешнәрсем жоғалған жоқ. Болмашы бірдемем ұмыт қалса, қазақ 5—6 шақырым жер шауып келіп, қуып жетіп әкеліп беріп жүрді».

Міне, бұл қазақтың қара бұқарасын өз көзімен көрген көлденең куәнің әділ пікірі.

Әрине, ол кезде қазақ халқын опасыз, арсыз, ұятсыз деп жамандаушылар да аз болмаған. Бірақ, оның бәрі де Абылхайыр, Самеке, Абылфайыз, Кенесары сияқты хандар мен хансымақтардың опасыз ұятсыздығынан туған, қазақ халқына жазықсыз жабылған жала. Кейінірек Григорьев, Потанин араласқан кезден бастап қазақ халқы жайындағы пікірлер әділет арнасына ауыса береді.

1897 жылы «Астрахань хабаршысы» К. Б. Белиловский деген доктордың қазақ әйелі туралы антрополия қоғамында жасаған баяндамасынан үзінді жариялаған. Белиловский қазақ әйелі туралы былай депті:

«Қазақ әйелі сұлу, қара көзді, жүзі қызыл шырайлы, сезімтал, сүйгеніне сенімді, қолөнеріне шебер, іске, еңбекке зерделі де ынталы, поэзияға бейім. Аз ғана көрсеткен қол-қабысынды ұмытпайды» (138—бет). Ақын Абай жырлайтын «Әжімсіз он саусағы іске ыңғайлы» қара көз сұлу осы емес пе?

XIX ғасырдың ортасынан бастап қазақ халқының оқуға қатты көңіл аударғанын көреміз. Әсіресе, Орынбор губернаторлығына қараған Кіші жүз бен Орта жүздің арғын-қыпшақ бөлімшелері орыс-қазақ мектептерінен жатсырамаған. XIX ғасырдың аяғына таман бұрынғы Бөкей ордасы деп аталатын аймақта 26 мектеп болған, 708 бала оқыған. Ол заман үшін бұл аз да емес. Азсынғанмен қосарың да жоқ.

1893 жылы Орынбор гимназиясына юбилейін құттықтап Кіші жүздің қазақтары 70 мың ақша әкеліпті (гимназияда 4—5-ақ қазақ баласы оқиды екен). Мұндай фактілер кітапта көп келтірілген.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ әйелдерінің ой-санасы оянып, әменгерліктен құтылу үшін, ерінен қал-

ған мал-мүлікке ие болып қалу үшін дауыс көтергендерін көреміз. Әттең, олардан қалған азды-көпті сөздер болғанымен, жазылып қалған мәлімет жоқ, әрине. Мен бейнелеген ұлпан солардың бірі.

XIX ғасырдың аяғына таман Батыс Сібірге қарайтын қазақ халық билері бас қосқан төтенше мәжілісінде мынадай «Ереже» қабылданған:

«V— Жесір қалған әйел кімге тиемін десе де өз еркімен тисін. (Мұның аты әменгерліктен құтылу емес пе?), VI — Ері қайтыс болғанда артында ер баласы қалмаса жесір қалған әйел ерінен қалған мал-мүліктің үштен бірін ерінің аға-інілеріне бөліп берсін. Қалғанына өзі ие» (107—бет)

Осындай «Ережелер» Семей, Өскемен уездерінде де қабылданыпты. (452—бет). Әйелдер дауыс көтермесе осыншама игілікті ережелерді еркектер өздері қиып бере салыпты деуге болмаса керек. Әттең, сол әйелдердің бірде-бірі ауызға алынбай атаусыз қалып барады.

Алекторовтың тізбесінде ғылымдық, тарихтық, поэзиялық, этнографиялық толып жатқан қызғылықты материалдар бар. Солардың бірі — «Қазыбек наурызы».

Қазақ астрономы Қазыбек деген адам жылдың басы саналатын «Наурыз» күнін 12—13 күнге алға қарай жылжытыпты. Бұрын «наурыз» март айының 8—9-дарында басталса, Қазыбектің есебінше 12—13 күн соң басталады. Бірақ, мақалада не ілгері, не кейін жылжытқаны атап айтылмайды. Тек сөйлем құрылысынан ғана аңғарасың. Егер осы факті зерттеліп анықтала қалса, Қазыбек астрономның есебі осы күнгі қабылданған 13 күндік айырмамен қабыса кетеді.

Марқұм ақын Нұрпейіс Байғанин Алматыға қашан келесіз деп сұрағанымда «Қазыбек қазаны өткен соң келемін» дегені бар еді. Соған қарағанда «наурызға» қосылған 12—13 күн күзгі айларға да қосылғаны ғой.

Бұл жайды Батыс Қазақстан ғалымдары білуге тиісті. Өйткені, Қазыбек астрономның өзі Байбақты руының ішінде тұратын Сиық сұлтанның тұқымы көрінеді (149—бет).

Каррик Джордж деген адам 1886 жылы Лондонда өткен Гигиена көрмесінде қазақтың қымызын көрмеге келген адамдардың қалай ішкендерін жазады. Көрменің Россия бөлімінде басқа аз ұлттармен бірге қазақ семьясы болған. Қазақтың сауын биелері болған. Нағыз қымыздың қалай жасалатынын сол семья көрсетеді.

Каррик мырза былай деп жазыпты: «Қымыз ішкендердің бет-ауыздары тыжырынар ма екен, жирену-секемалдану болар ма екен деп бақылауды қызық көрдім. Жоқ, ондай болған жоқ. Қымыз ішкендердің басым көпшілігі қымызды қағып тастап, стакандарын қайта тосып жатты» (422—бет).

Бұған қазақ қымызы туралы орыс жазушысы Мамин-

Ол кезде Еділ мен Сырдың арасында орыс поселкелері жоққа жақын болғандықтан Мак-Гахан көбінесе қазақ елінің ішімен жүріп отырған. Кейін ол осы сапарын кітап етіп шығарған. Кітап орыс тіліне 1875 жылы аударылған. Алекторов сол кітаптан Мак-Гаханның мынадай айтқандарын келтіреді:

«Қазақтармен қанша кездессем де ылғи жақсы әсер алып отырдым. Олар маған түп-түгел қайырымдылық көрсетті, қонақжай, адал халық екен. Мен олардың арасында артық кемі жоқ бір ай болдым. Өздерімен бірге киіз үйлерінде қонып жүрдім. Менің ақшам да, атым да, қаруым да болатын, қызығарлықтай басқа нәрселерім де бар еді. Бірақ қазақтардан жақсылықтан басқа ешнәрсе көргенім жоқ. Ешнәрсем жоғалған жоқ. Болмашы бірдемем ұмыт қалса, қазақ 5—6 шақырым жер шауып келіп, қуып жетіп әкеліп беріп жүрді».

Міне, бұл қазақтың қара бұқарасын өз көзімен көрген көлденең куәнің әділ пікірі.

Әрине, ол кезде қазақ халқын опасыз, арсыз, ұятсыз деп жамандаушылар да аз болмаған. Бірақ, оның бәрі де Абылхайыр, Самеке, Абылфайыз, Кенесары сияқты хандар мен хансымақтардың опасыз ұятсыздығынан туған, қазақ халқына жазықсыз жабылған жала. Кейінірек Григорьев, Потанин араласқан кезден бастап қазақ халқы жайындағы пікірлер әділет арнасына ауыса береді.

1897 жылы «Астрахань хабаршысы» К. Б. Белиловский деген доктордың қазақ әйелі туралы антрополия қоғамында жасаған баяндамасынан үзінді жариялаған. Белиловский қазақ әйелі туралы былай депті:

«Қазақ әйелі сұлу, қара көзді, жүзі қызыл шырайлы, сезімтал, сүйгеніне сенімді, қолөнеріне шебер, іске, еңбекке зерделі де ынталы, поэзияға бейім. Аз ғана көрсеткен қол-қабысынды ұмытпайды» (138—бет). Ақын Абай жырлайтын «Әжімсіз он саусағы іске ыңғайлы» қара көз сұлу осы емес пе?

XIX ғасырдың ортасынан бастап қазақ халқының оқуға қатты көңіл аударғанын көреміз. Әсіресе, Орынбор губернаторлығына қараған Кіші жүз бен Орта жүздің арғын-қыпшақ бөлімшелері орыс-қазақ мектептерінен жатсырамаған. XIX ғасырдың аяғына таман бұрынғы Бөкей ордасы деп аталатын аймақта 26 мектеп болған, 708 бала оқыған. Ол заман үшін бұл аз да емес. Азсынғанмен қосарың да жоқ.

1893 жылы Орынбор гимназиясына юбилейін құттықтап Кіші жүздің қазақтары 70 мың ақша әкеліпті (гимназияда 4—5-ақ қазақ баласы оқиды екен). Мұндай фактілер кітапта көп келтірілген.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ әйелдерінің ой-санасы оянып, әменгерліктен құтылу үшін, ерінен қал-

ған мал-мүлікке ие болып қалу үшін дауыс көтергендерін көреміз. Әттең, олардан қалған азды-көпті сөздер болғанымен, жазылып қалған мәлімет жоқ, әрине. Мен бейнелеген ұлпан солардың бірі.

XIX ғасырдың аяғына таман Батыс Сібірге қарайтын қазақ халық билері бас қосқан төтенше мәжілісінде мынадай «Ереже» қабылданған:

«V— Жесір қалған әйел кімге тиемін десе де өз еркімен тисін. (Мұның аты әменгерліктен құтылу емес пе?), VI — Ері қайтыс болғанда артында ер баласы қалмаса жесір қалған әйел ерінен қалған мал-мүліктің үштен бірін ерінің аға-інілеріне бөліп берсін. Қалғанына өзі ие» (107—бет)

Осындай «Ережелер» Семей, Өскемен уездерінде де қабылданыпты. (452—бет). Әйелдер дауыс көтермесе осыншама игілікті ережелерді еркектер өздері қиып бере салыпты деуге болмаса керек. Әттең, сол әйелдердің бірде-бірі ауызға алынбай атаусыз қалып барады.

Алекторовтың тізбесінде ғылымдық, тарихтық, поэзиялық, этнографиялық толып жатқан қызғылықты материалдар бар. Солардың бірі — «Қазыбек наурызы».

Қазақ астрономы Қазыбек деген адам жылдың басы саналатын «Наурыз» күнін 12—13 күнге алға қарай жылжытыпты. Бұрын «наурыз» март айының 8—9-дарында басталса, Қазыбектің есебінше 12—13 күн соң басталады. Бірақ, мақалада не ілгері, не кейін жылжытқаны атап айтылмайды. Тек сөйлем құрылысынан ғана аңғарасың. Егер осы факті зерттеліп анықтала қалса, Қазыбек астрономның есебі осы күнгі қабылданған 13 күндік айырмамен қабыса кетеді.

Марқұм ақын Нұрпейіс Байғанин Алматыға қашан келесіз деп сұрағанымда «Қазыбек қазаны өткен соң келемін» дегені бар еді. Соған қарағанда «наурызға» қосылған 12—13 күн күзгі айларға да қосылғаны ғой.

Бұл жайды Батыс Қазақстан ғалымдары білуге тиісті. Өйткені, Қазыбек астрономның өзі Байбақты руының ішінде тұратын Сиық сұлтанның тұқымы көрінеді (149—бет).

Каррик Джордж деген адам 1886 жылы Лондонда өткен Гигиена көрмесінде қазақтың қымызын көрмеге келген адамдардың қалай ішкендерін жазады. Көрменің Россия бөлімінде басқа аз ұлттармен бірге қазақ семьясы болған. Қазақтың сауын биелері болған. Нағыз қымыздың қалай жасалатынын сол семья көрсетеді.

Каррик мырза былай деп жазыпты: «Қымыз ішкендердің бет-ауыздары тыжырынар ма екен, жирену-секемалдану болар ма екен деп бақылауды қызық көрдім. Жоқ, ондай болған жоқ. Қымыз ішкендердің басым көпшілігі қымызды қағып тастап, стакандарын қайта тосып жатты» (422—бет).

Бұған қазақ қымызы туралы орыс жазушысы Мамин-

Сибиряктің не айтқанын қоса кеткім келеді. Мамин-Сибиряк былай депті:

«Самар қымызы бар, Уфа қымызы бар. Бірақ, қазақ қымызының жөні бір басқа: бұл ақ қымыз, күшті қымыз, дала шөптерінің жұпар иісі аңқып тұрған қымыз. Ең жақсы қымыз — Көкшетау қымызы деседі. Көкшетау қымызын ішіп көргендер оны керемет мақтайды...» (515—бет).

Біздің тарихи еңбектерімізде кейде едәуір қайшылықтар, дәлелденбеген мәліметтер кездесетіні бар. Алекторов осы мәселенің бір тарауына мынадай анықтамалар береді:

Абылмамбет өлгеннен кейін Найман руларына оның баласы Абылфайыз сұлтан болды.

«Абылай өлгеннен кейін (1778 жылы) Орта жүздің солтүстік жағына оның үлкен ұлы Уәли хан болды (1782 жылы) Қытай өкіметі Уәлидің орнына Абылфайыздың өгей ұлы Қанқожаны бекітті. Уәли хан 1821 жылы өлді. Бірақ, 1816 жылы Уәли түсіріліп, оның орнына батыр атанған Барақ сұлтанның баласы Бөкей хан сайланып еді. Бөкей 1819 жылы өлді де, Орта жүзде хан сайлану тоқтатылды» (16—бет).

Мұнда аталған Бөкей хан Батыстың Бөкей-ханы емес, Тоқырауынның Бөкейі. Бұл жайды Алекторовтан гөрі анығырақ білетін тарихшы кім екенін мен біле бермеймін. Солай бола тұрса да қазақ өмірін көп зерттеген оқу-ағарту инспекторының берген мәліметі дұрыс болар деймін. Оның басқа жазғандарынан да дұрыстық, шындық аңғарылып отырады.

Алекторовтың еңбегі энциклопедиялық үлкен еңбек. Қазақ халқының бір ғасырлық өмірін түгел көрсеткен кең панорама.

Осыған орай екі ұсыныс ойға келеді:

1. Алекторовтың тізім-тізбегінде көрсетілген, кезінде баспасөз бетінде жарияланған материалдарды тауып, елеп-екшеп бастырып шығарғанымыз дұрыс болар еді. Бұл, әрине, Қазақ ССР Ғылым академиясының бірнеше институттары қатысуға тиісті үлкен жұмыс, сіңірген еңбегің ақталатын жұмыс.


2. Алекторовтың өзінің жазғандарын алғы сөз, комментарий беріп жеке бастырып шығарсақ деймін.

3. Кейбір роман, повестерден ұзағырақ келтірілген беттерін қысқартып, қате деп танылған пікірлерін түсіндірме, түзетулер беріп Алекторовтың осы еңбегінің өзін қайта бастырған әділет болар еді. Өйткені, бұл указатель басылып шыққалы 78 жыл өткендіктен, бұл әлдеқашан «библиографическая редкость» болған еңбек. Құнды еңбек, қадірлі еңбек, адал күш сіңірген еңбек.

Алекторовты жақсы білетін, әділ бағалайтын Қазақстан ғалымдары өз пікірлерін айтып, үн қосар деген үмітпен көз тіге, құлақ түре күтіп қалдық.

Төртінші бөлім

Жеке ақын, жазушылар туралы



Совет әдебиетінің ұлы атасы

1

«Макар Чудра» мен «Клим Самгиннің» төртінші томының арасында қырық төрт жыл жатыр: бұл ұлы адамның үлкен өмірі, революция дәуірінің талай белестері, ұлы Горькийдің ескі дүниені қиратып, жаңа дүние орнату үшін үздіксіз күресте өткізген өмірі.

Бұл дәуірдің бас кезі — Ресейде капитализм нығайып, Ресей пролетариаты ұйымдасып революция кең әзірлік жасауға кіріскен кезі де, орта деңгейі Ресейде пролетариат революциясының жеңуі — аяғы ұлы одақта социализм орнауы. Осы сияқты дүние тарихының мықтап ілгері аттанған дәуірінің қай кезеңінде болса да, қандай майданында болса да, ұлы Горький пролетариат табының көсем партиясымен бірге алдыңғы қатарда. Сондықтан да Горькийдің қай шығармасын алып қарасаңыз да революция күресінің түйінді бір кезеңін көресіз. Ескі дүние мен жаңа дүниенің сайысына кездесесіз. Ол келе жатқан ұлы дауылдың хабаршысы, алдын болжағыш данышпан, революцияның қаһарманы. «Дауылпаз», «Сұңқар жыры» албырт жас қыранның шу деп аспанға шарықтаған революциялық романтикасы болса, «Клим Самгин» Ресей өміріндегі соңғы қырық жыл күрестің, Ленин партиясының көздеген нысанаға тура әкеп жеткізуімен аяқталады.

Бұл дәуірдің ішінде қырағы Горькийдің көзі шалмай қалған революция күштері де, революцияға қарсы күштер де жоқ: әр таптың, қоғамның әр қабатының жақсы, жаман жақтарын барынша дәл, барынша шын суреттеп келешегін кесіп айтқан.

Горькийдің алдында орыс реалистік әдебиетінің талай-талай алыптары өтті. Жер жүзілік әдебиет біріне-бір жалғасып, біріне-бірі әсер етуі әлдеқашан нығайған кезі. Әдебиеттегі әр дәуірдің әртүрлі ағымдары араласып келіп, реалист жазушылар — реализм ортадан ойып орын алған кез. Толстой, Чехов, Короленко сияқты реалист алыптар Горькийдің өзімен тұстас, оған алғашқы ұстаз болған жазушылар. Бірақ, Горький өзінен бұрынғы ағымдардың да, реа-

лист жазушылар топтарының бірінің де ішінде қалып қойған жоқ. Ол, ұлы реалистерден үйренумен қатар, өзінің ерекше орнын бірден-ақ тапты; революция заманындағы ұлы жазушының міндеттерін түгел мойнына алып, жаңа қияға көтерілді. Сондықтан да ұлы реалист Горький ұлы реалист Толстоймен бір топқа да, бір стильге де жата алмайды. Горькийді басқа ұлы жазушылардан ерекше биік қияға шығаратын нәрсе — оның пролетариат революциясының алдыңғы қатардағы солдаты болғандығы.

Горькийдің өз айтуы бойынша, Толстой туралы Ленин былай деулі: «Қандай алып, ә? Қандай алып адам! Міне, бұл суретші! Европада Толстоймен кімді қатар қоюға болар еді? Ешкімді де! »

Толстойдың ұлы атын пайдаланғысы келген таптардың, партиялардың бірде-бірі мұндай жеткізе айтылған баға берген емес. Талантты адамды тек Ленин, Ленин партиясы ғана жете бағалай алады.

Егер бүкіл жер жүзілік әдебиетте Горькиймен қатар қоя аларлық кім бар деп сұрай қалсақ, мұның жауабын Европа да, бүкіл жер жүзі де бере алмайды. Горькиймен қатар қоярлық та ешкім жоқ! Болашақтың бұрауы пролетариаттың қолында екенін бірден болжаған, пролетариаттың күшіне қалтқысыз сенген данышпан Горькийдің басқа реалистерден орны бөлек, шыңы биік. Қамауда, іру-шіруде, сасып-бықсып жатқан ескі дүниеден адам баласын жарық дүниеге, адамға лайықты тұрмысқа алып шығатын тап пролетариат екеніне біржолата ден қойған данышпан Горький, сол таптың көсем партиясынан тізе айырған емес. Оның оқиғалардың алдында отыратыны да осыдан. Ол революцияның ұлы көсемі — Лениннің досы болды. Горькийді троцкишіл-бухариншіл, ұлтшыл-фашист жаулардың аса жек көрген себебі де, оған уытты тілін қадаған себебі де осыдан. Кімде-кім көшке ермей, көштің алдында болғысы келсе, ең алдымен Горькийдің осы қасиетін ұғына білуі керек.

Горькийдің стилі де басқа реалистерден бөлек. Бұл жөнінде ойлаған ойынды, азды-көпті тексергеніңді, тапқан өзгешелігіңді кесіп-пішіп айта қою қолдан келе бермейтін жұмыс. Бірақ, Горькийдің бұл жөніндегі ерекшелігін, басқалармен салыстыра оқығанда ылғи кесектігін сезіп отырасың: бұл даусыз. Шын зер сала оқысаң, Горькийдің ертегілері де, романтикасы да шындыққа, реализмге айқасып жатады.

Ол басқа реалистерше ескі дүниені емдемейді, жастығын түзеп, сусын бергісі келмейді. Ескі дүниенің ең бір елеусіз бұрыштарына дейін ақтарып, сыпырып, аршып тастайды. Мерез басқан денені аяусыз күйдіріп, қарып, бір жола қарғап тастайды!

Горькийдің бар күшін салып түсіндіріп, нығайтып, барын-

ша берік орнатқысы келгені — реализм. Реализм — тек қана әдеби түсінік емес, шындық деген ұлы мағынасы бар түсінік. Ал, шындық — дүниені революция жолымен қайта жасау. Бұл жөнінде, осы тілектің керегіне қарай, Горький революциялық романтикадан без демейді, қайта нығайтуды ұсынады: революциялық романтика, реалистік романтика деп келеді. Горький өз шығармаларында алған тақырыбына қарай ылғи қолданады.

Бұл мәселені атүсті жанай өтіп жатқанымыз — бұл, біздің қазақ совет жазушыларының бір естімеген хабары дегендіктен емес, Горькийден үйренуді күшейтуіміз керек дегіміз келгендіктен. Өз шынымызды айтсақ. Горькийді мықтап зерттеп жүрміз деп айта алмаймыз. Арғы жағын былай қойып, соңғы жылдарда топтап басылып жатқан көркем әдебиетке қарасақ — жазушыларымызда Горькийден үйренудің терендігі байқалмайды. Шын мағынасында зерттеу, үйренудің орнына Горькийдің шәкіртіміз деген сияқты орындалмай жатқан ұран жағы басым күйде кетіп барады. Кейбір ақындарымыздың «горькише» жазған романтикалы «поэмалары», өлеңдері тым мағынасыз, бос сөз көп. Сөзде ой, мағына жағы тым сұйық. Күнді, жұлдызды, айды құшақтап, солардың тілін, солардың «жан сырын» ұғынып жатқан «шығармалар» «лирика» аталып, біріне-бірі ұқсас топ-тобымен шығып жатады.

Әдебиетіміз сын дегенді жабыңқырап қойды. Басылып шыққан кітапқа дұрыс сын жоқ деп бірінші рет айтылып отырған сөз емес, көптен осылай. Егер шын мағынасында сынды қолға алсақ, Горький айтқан реализм, Горький айтқан революция, романтика ұран ғана болмай — іске айналар еді. Тап осы күнде қай жазушымыздың қандай шығармасы реалистік, қайсысы романтик, қайсысы қалай қарап тұр — айыру қиын-ақ. Бір қауіптенетін нәрсеміз — бос сөз, сылдырмақ азайып бара жатқан жоқ-ау дейміз.

Осының бәрі Горькийден үйренуді, Горькийдің жазу әдісін зерттеп, үлгі алуды жазушылар ұйымы болсын, жеке жазушыларымыз болсын, жаңа қойылып отырған мәселедей етіп қолға алуларын керек ететін сияқты. Горький поэзияда болсын, драмада болсын (прозаны сөз де қылмайық!) айнымас үлгі екенін ұғыну керек. Науқан емес — үзбей жалықпай, үнемі Горькийден оқуымыз керек. Әсіресе, қалай оқуды, қалай үйренуді дұрыс жолға қоюымыз керек. Горькийдей ұлы ұстазымызды шағып өлтірген троцкийшіл — бухариншіл, ұлтшыл-фашист сұр жыландардың тамтығын қалдырмай құртуымыз керек.

Орыс халқының ұлы жазушысы Алексей Максимович Горькийдің туғанына 75 жыл.

Таптар күресі жаңа белге шыққан екі ғасырдың астасқан кезеңінде езілген елдердің бағына қарай, дүниеге ұлы жүректі алып жазушы Горький келді. Адам үшін күресе келген батыл жанның айғайы дүние жүзіне түгел естілді. Күні өткен күрес, тозығы жеткен ескі ғасырды ұзатып салып, сенімді қол жаңа күрестің жаңа заман ғасырының есігін ашты.

«Тарих Жаңа адамның келуін күтеді. Ол түрге-түске қарамайтын, өз ұлтым ғана деп ұлымайтын, «Адам!» дегенде ауызың толатын адам болсын!»— міне, албырт ақын осы тілекпен жазуға отырды.

«Өтірік қанша жан-себіл болса да өсіп-өркендейтін тек шындық қана» деп, сол шындық күресінің ұранын көтерді. Езілген адамнан жасырылып келген шындық қайсы, алдап келген жалғаншы кім, әрі әділ, әрі күшті қол осы пердені көтерді.

Адам үшін күрес жаңа сатыға шыққанына адамды сүйген ұлы жүректің бар күшімен сезген жазушы, ол күреске темірдей білек, шын ер жүрек керек екенін айтты. Айтып қана қойған жоқ, ол адамның жұмысшы табынан еңбек қазанынан қайнап шығатынына қалтқысыз сенді. Сол жаңа адамның дүниеге тезірек келіп тарих тізгініне тезірек жармасуын көксеген жазушы, әдебиетте сол ерекше адамның бейнесін жасай бастады. Тосырқамай, жатсынбай сенімді түрде жасады. Сондықтан да «дүниеге келген Жаңа Адам міне, мынау!»— деп салған айғайға дүние жүзі еріксіз сенді.

Жұдырығын түйіп алып, туа сала «мен, мен!» деп жатқан қызылшақа баладан бастап, сонау-сонау Данко, Лойко, Радда, Челкаш, Пиляй, Фомаға дейін өзінен өзгенің бәрін жалмаған, өлімді жеңетін ана мен айбатынан ай жасырынған Темірді жеңетін аналар, сонау қараңғы кезеңде қызыл туды көтеріп көп жұмысшының ортасында кетіп жатқан бергі ана, осының бәрі де Горький күткен ерекше адамдардың бейнесі еді.

Бұлтты тіле, теңізді құша ашына айғайлаған дауылпаз, аянбай қимылдаған, алыста жаралы болған ақсұңқар — Горький тілеген ерекше қимылдың бейнелері де. Бұлар адам үшін салынған айғай, адамға арналған қимылдар да. Бұл қуанған жүректен еріксіз шыққан Горькийдің өз айғайы да, көп жұмыстардағы өз қимылы да!

Орыс әдебиеті XIX ғасырда орасан көтерілді. Пушкиннен басталған ұлы толқын жайыла серпіп, төңкеріле қопарылып келіп, сол ғасырдың аяғына таман орыс әдебиетін дүниелік әдебиеттің алдыңғы қатарына шығарды. Орыс әдебиетінің

әлсіреп бір келген кезеңі сексенінші жылдардың өзінде де Толстой, Чехов, Салтыков-Щедрин, Короленко сияқты алыптар ел атағын берген жоқ ешкімге. Солардың шығармаларын оқи өскен адамдар осы күні большевиктік партияның басқару жұмысында, совет мемлекетінің басында, совет ғылымының қайраткері, Отан соғысының командирі және жауынгері. Ұлы Отанын аянбай қорғап, елінің мәдениеттік қазыналарын жаудан айырып, қан майданда ерекше ерлік, бұлжымас табандылық көрсетіп дүниені таңдандырып жүрген совет жастарының бойындағы ерекше қасиетке Пушкин мен Лермонтов та, Гоголь мен Салтыков та, Толстой мен Короленко да, Абай да еншілес, бәрі де ортақ. Бұған дау жоқ. Ал, Горький осы алыптардың, осы ұлы реалистердің келесі кезеңге, алыс-жұлыстың жаңа дәуіріне арнап қалдырған, сайлап кеткен, сеніп қалдырған адамы сияқты.

Горький жаңа дәуірдің жазушысы, Горький марксизм жұмысшы табының арасынан мықтап орын алған дәуірдің жазушысы. Ол ұлы көсеміміз Лениннің үзеңгілес жолдасы, ұлы күрестердің ыстық-суығын бірге көрген, сол күрестерде сынасқан, жанына жанын, қанына қанын қосқан досы. Сондықтан, адам үшін күрес мәселесін Горький басқа жазушылардан анағұрлым ерекше қояды. Күншілдік, қомағайлық, ұсақтық сияқты адамдағы ит мінездермен алысқанда да да Горький дүниелік сарынға соғып жатады.

Бірінші империалистік соғыс Горькийді қатты сілкіндірді. Дүниенің әр бұрышында, әрбір шіріген мидан шыққан қылмыстың сонша шоқтарылып келіп, адам басына тас бұршақтай жауып, сонау қырғын апатқа соқтырғаны жазушы көңілін қатты қайғыртты. Дүние түлегінің ұраншысы дүниенің сол апатынан болашақ үшін жаңа қортындылар шығарды. Әділет туы тігілген өз отанының дүние алдында ерекше орны барлығына қуанды. Қаламын көлденең ұстап осы Отанның күзетіне тұра қалды. Әр ағымда, әр сүрлеумен бара жатқан совет елінің жазушыларын бір тудың астына, бір тілектің ісіне шақырды. Ленин құрған Ұлы Отанымызды алдырмас қамалға айналдыруға бар күшін салды.

Дүниеге тағы бір дажал келе жатқанын қыран көзі қиядан-ақ көрген еді. Қайда жанның қараңғысы, қайда тәннің қаңсығы болса сол жерде туып жатқан арамзаның аты — фашизм екенін данышпан Горький ерте айтқан болатын.

«Ойы осыдан аспайтын, бойы осыдан өспейтін ергежейлі зұлым топтан Гитлер тумағанда кім тусын?» деген. Әкесін дарға асудан, анасына тап беруден тайынбайтын арсыз, тілексіз топ Германия мен Италияда өкімет басына орнағанда, Горький: «Бұлар елін өлімтік етеді; ой дегенді суалтып, темір жұдырықты тәңір етеді!»— деп еді.

Горькийдің сол айтқандары айнымай келді. «Жұдырық

тәңіріні» алдарына ұстап, тілексіз топ арсылдаған арсыз төбеттің соңына еріп, шаппады ма дүниеге?

— Бұл келе жатқан орасан апат. Миллиондаған өліктің артында миллиондаған жетім-жесірлер қалатын болады. Қорқыныштан естен танған, көк ми болған жандарды мыңдап санайтын боласың. Қалалар қирап, далалар өртенер. Мына дажалды бауырын көтертпей құртыңдар!— деп Горький үнемі жар салумен өтті. Бір жағынан, дүниенің алтыдан бірінде нағыз адам өмірі құрылып жатқанына қуанса, екінші жағынан — ескі сарсық сарқып келіп, сылып тастамасаң жазылмайтын жараға айналғанын айтып, ылғи сақтандыратын еді.

Бір жолында — «Туған елімнің қуанышы мен бақыты — менің бақытым, менің қуанышым!»— десе, екінші жолында — «Сол отанына жау тигелі келеді: қанқұмар жендеттер Германияны бізге қарсы аттандырғалы отыр»— дейтін.

— Бұл ертегі емес пе! СССР-да өзгерген өмірдің шын иесі еңбекші ел. Ертегінің алыбы — біздің елдің еңбекшісі емес пе!— деп, алыстағы арманның орындалғанын нұсқайтын еді.

Біздің ел бұл үмітті Отан соғысында да ақтады: алып екенін айқын көрсетті. Ұлы ел — ұлы үлгілер көрсетті.

«Мекіре балық тұмсығы тасқа тиіп тоқтайды» дегендей, басқа жақты жайлап келген обырдың тас-табандап тоқтаған жері біздің болат қорған болды. Совет адамы Горький көксеген Жаңа Адам екені де осында тағы бір байқалды. Ешбір қаратүнек, ешбір қанды қырғын, совет жауынгерін секендіре алған жоқ. Совет жауынгері «шегінбейміз!» десе шегінбейтіндігін қазір бүкіл дүние біледі. Совет жауынгері шегінбесе, жеңіп те шығатынын тағы біледі.

Ұлы Горький дүниеге жаңа заманды, Жаңа Адамды көксей келіп, ерекше қимылды, ерекше адамдардың туарын да білген еді. Сол жаңа заман орнады, сол Жаңа Адам туды. Жаңа Адамның алтын бесігі біздің ел болды. Ол Жаңа Адам — орыс, украин, қазақ, өзбек, армян, грузин тағы-тағы ондаған ұлтты Советтер Союзында туды. Ол Жаңа Адам басқа елдерде де туған болса, осы сұрапыл үстінде көрінуі керек.

Бізде туған Жаңа Адам Горький айтқандай — түргетүске қарамайды, өз ұлтым ғана демейді, «Адам!» дегенде аузың да толады!

Фашизмнің талан-тараж әскерін қырып-жойып, ысырып айдап бара жатқан да сол Горький айтқан Жаңа Адамдар!

3

Он тоғызыншы ғасырдағы ұлы орыс халқының орасан бай, кең арналы әдебиетіне теңдесер жер жүзінде бір әде-

биет болған жоқ. Бір ғана Пушкині, бір ғана Толстойы, бір ғана Лермонтов, я Гоголі болған ел басқа көп елдермен терезем тең деп ойласа, онысы орынсыз да болмас еді. Ал, он тоғызыншы ғасырда орыс халқынан жұбын жазбай қанаттаса шыққан, әр қайсысы бір асқар, алып жазушылар ондармен есептеледі. Орыс халқынан шыққан ғалымдар да, композиторлар да, суретшілер де, сахна шеберлері де дүниелік көлемде алдыңғы қатарға қос-қосымен шықты. Қоғамдық күрестің жаңа сатыға көтерілуін Маркс Россиядан күтеді. Сондықтан Горький сияқты жаңа заманның ұлы жазушысы орыс әдебиетінен шығуы тарихи жағдай көзімен қарағанда табиғи да нәрсе еді.

М. Горький орыстың реалистік әдебиеті әбден нығайып, шыңына шығып болған кезінде майданға шықты. Бұл Россия жағдайында қоғамдық күрестің де жаңа белге шыққан, орыс пролетариатының ержетіп, қалған озық ойлардың дауыл күткен кезі еді. Арт жақта крепостнойлығын, монархиясын, артта қалғандығын, тоңмойындылығын арқалап, ескі ғасыр қалып бара жатса, алдында барлық қоғамдық қайшылықтарымен, күрестерімен, жаңа үміт-тілектерімен жиырмасыншы ғасыр тұрды. Осы екі ғасырдың астасқан шегінде шың басына, майдан ортасына жаңа екпін, жаңа күшпен, заман даусындай жаңа үнмен Алексей Максимович Горький шықты.

Горький дүниеге келгелі өткен сексен жылдық өмірден ұлы жазушының шығармасына үзілмес арқау болған нәрсе де — ескі дүниені құлатудың, жаңа дүниені жасаудың күресі болды. Сөз жоқ, Горький орыс реалистік әдебиетінің жақсы дәстүрлерін аса бағалайтын, бүгінгі совет әдебиетінде үлгі етіп отыратын жазушы. Бірақ, сонымен бірге, бұрынғы реалистік әдебиеттің идеялық таяздық, артқа тартушылық жақтарымен аянбай күресіп келді. Жаңа заманның ұлы жазушысы ендігі әдебиеттің алдында жаңа міндеттер тұрғанын, әдебиет өмір тілектеріне қоса өріліп қабысып отырмаса, ол міндеттерді атқармайтынын ерте ұққан. Ол жаңа міндеттер — жұмысшы табының мүддесі, сол таптың күресіне үн қосу еді.

«Менің жұмысшы табымен біте қайнасқандығымды түсінуім — дәлірек айтқанда — сезінуім, балғын жас шағымнан басталады. Сол таптың болашақ тағдыры қалай болып кетер екен деген қобалжуым осы күнге дейін қалған емес. Құм жайлаған араб — бұлағымның көзін құм басып қала ма деп қалай қобалжыса, мен де сондаймын», — деп жазады Горький ерте бір кезде.

Өзінің әдебиет майданындағы міндетін осы тұрғыдан көздеген ұлы жазушының «қыспақ пен дауыл» кезеңінде жұмысшы қозғалысының көсемдерімен тізе қосып, бірге

болуы да кездейсоқ нәрсе емес. Жас шағында сарылып ойлап, сарғая күткен өмір шындығын Горький Ленин ғылымынан, марксизмнен табады. Орыс реалистік әдебиетінің сала-сала болып жатқан күрең жолына түсе кетпей, «өз сүрлеуін» тауып түседі. Сол «сүрлеу» Ленин көсеміміздің негізгі көзқарастарына сүйене отырып тапқан «сүрлеу»— қазір барлық совет әдебиетінің өсіп, өркендейтін ұлы жолына — социалистік реализм жолына айналды.

Ұлы жазушы Горький әдебиет болашағын өмір тілектерімен қоса өрудің жолын көп іздеген, көп азап шеккен, талай тарыққан адам. Сол іздеу-іздену жолында теріс басып қалса, ізден адасса, әр кезде Маркс, Ленин ғылымынан жөнін түзеп алып отырады. Революциялық күрестің ауыр жылдарындағы көп тәжірибесін қорыта келіп, Горький былай дейді: **«Шын мағынасындағы революцияшылдықты мен большевиктерден сезіндім, Ленин мақалаларынан, оған ерген оқығандардың сөздерінен, істерінен көрдім. Оларға мен 1903 жылы-ақ қосылып кеттім».**

Шынында Горькийдің большевиктерге бұрын-ақ қосылғанын көреміз. Десницкийге жазған бір хатында Горький былай депті:

«1901 жылы. Якубович марксизмнің маған әбден жұғып болғанын айтты... Екеуіміздің кеңесіміз мынадай бір ұмытылмайтын түрден басталды:

— Сіз осылай едім деңіз!— деді ол.

— Сіз мені бұдан гөрі жаман шығар деп ойлап па едіңіз?— дедім мен.

— «Искра» газетін оқисыз ба?

— Неге оқымайын, оқимын.

— Мен ол газетті оқымаймын, жыртамын. Жыртамын да отқа өртеймін.

— Оныңыз өзіңіз үшін аяныш екен,— дедім мен».

Мінеки, екі ғасырдың шегінде майданға шыққан ұлы жазушының түскен негізгі жолы — большевиктер партиясының жолы екендігін көреміз. Горькийді көп шатқаланнан адастырмай алып өтіп, совет әдебиетінің туы тігілген биікке әкелген де осы жол.

Ұлы революционер жазушы жаңа дүниенің жауларын іштен де, сырттан да дәл танитын еді. Ол революция жауларын Россияның ішінен ғана іздеу сияқты тар соқпақпен кете бермей, капитализм зұлымдығын жер жүзілік көлемде бүкіл адам баласының алдында әйгілеп отырды. «Пуанкаре-соғыс», «Делқұлы Гитлер», «Адам азғыны Геббельс», «Айуаннан әрі Черчилль» деген Горький сөздері қазір бүкіл елдер сөзіне кіріп кетті. Черчилль мен Пуанкарені, кейбір Америка обырларын бірінші империалистік соғыс тұсынан бері жамбасынан қалдырмай келе жатса, Германия фашизмі өкімет

басына келгенде Горький — зұлымдықтың соңғы күштері дүниеге келді, деп айғай салды. Горькийдің ұзақ жылдарға созылған бұл жөндегі күресі немен тынғанын біздің ел жақсы біледі.

«Егер жау берілмесе — оны құртар болар!»— деген болатын Горький. Бұл Совет халқының атынан айтылған сөз еді. Фашизмнің ордасы, қанаты мен құйрығы болған — Германия, Италия, Жапония елдерінің немен тынғанын қазір бүкіл дүние жүзі біледі.

* * *

Горький «Макар Чудра» деген ең алғашқы әңгімесін 1892 жылы 24 жасында жазады. Оған жалғаса, өз жүрегін суырып алып қараңғыда қалған халқына жарық етіп жағатын «Данко», есептеспей ерлік істейтін «Жаралы сұңқар», дауыл шақырған «Дауылпаз» туды.

Осы кездің өзінде-ақ Горькийдің ескі дүниені революция жолымен қайта құру керектігіне сенімі бекіп, белі біржола байланғанын көреміз. Сондықтан, бұл әңгімелерінің бәрі де тас қапасты қиратып, зілдей қараңғылықтан құтылуға, күреске шақырады. Бір жағынан қорғалаумен күнелткен бейшара, жылан сияқты жігерсіз, ез, көнбіс адамдарды аяусыз мінесе, екінші жағынан есепсіз ерлік көрсете алатын Данко, Сұңқар, Дауылпаздардың ерекше образдарын жасайды.

Бірақ революция дамуының нақтылы жолы бұл кезде Горькийге түп-түгел айқын емес. Бұл әңгімелердегі ерліктер революционерлердің өз бейнелерінен алынбағанымен, өмірлік өршіл ойдың арман-тілегінен жасалады.

«Аузы қисық болса айнаға жабатындықты мен ертеден білетін едім,— дейді Горький,— ал аузы қисық болғанда, болғысы келіп бола ма екен? Оны да, өзгені де еріксіз қисайтатын бір күш бар ғой өмірде. Мен қисайған ауыздарды емес, соны қисайтқан күшті көрсетуді мақұл көрдім. Көп нәрселерді жаздым, одан да көбін жыртып отқа өртедім. Аяқтап келгенде қандай да болса өз сүрлеуімді таптым».

«Оқушы» деген әңгімесінде Горькийдің оқушысы жазушыға былай дейді:

— Сен оқушыларың үшін бой сергітіп, ойды тыныштықтыратын аз алданыш бере алармысың?

Бұл Горькийдің жұрттың жүрегіне «жұбаныш» бола білу керек деген көзқарасынан туып еді. Ұзамай, «Публика» деген әңгімесінде Горький:

— Жұрт жазушының еркелеткенін қабыл алады да, ашуын естімейді. Қайда да, қашан да шындықтың айқайынан гөрі қисынын тауып алдағанды ұнатады... Мен өмірдің қараңғы түңғиығынан шығып келдім. Мен сол қара түңғиықтың

сұмдығы мен қорқынышын айтқалы келемін!— дейді. Бұдан не көреміз?

Данко, Сұңқар, Дауылпаз сияқты жалпы күрес романтикасына жазушының нақтылы күреске, тап күресіне түйіліп келе жатқанын көреміз. Шындық романтикасын өмірдің өзінен тапқанын көреміз. Алыстан келе жатқан құнарлы ой енді өмірлік арқауын тауып, атақты «Ана» романы жазылғанын көреміз. Дүниені революция жолымен ғана қайта құруға болатындығына бекінген ойдан — пролетариат әдебиетінің төл басы — «Ана» романы туды. Бұл романда жеке ерлік, ұйымдаспаған күштің әр жердегі лапылы емес, тарих тағдырын қолға алғалы келе жатқан орыс пролетариатының саналы күресін, жұмысшы революционерлердің толық бейнесін көреміз. «Ана» романы біздің дәуіріміздегі социалистік реализм стилінде жазылған бірінші роман болып әдебиет тарихына кіреді.

Горький совет жазушылары үшін ең құнарлы ұлы мектеп. Бізде социалистік реализм мен социалистік романтиканы екі әдіс деп ұғынып, я болмаса шығармамызда екеуін қабыстыра қолдана алмау ылғи ұшырасып отырады. Горький романтиканы ескі өмірді революциялық жолмен өзгертіп жатқан халық тұрмысының өзінен алып шығады. Егер ескі өмірде романтикалық биікке көтерілетін қоғамдық негіздің өзі болмаса, бүгінгі совет халқының әр ісінде ерлік жалыны бар, ұшқыр ойдың, өр мінездің, қажыр-қайраттың екпіні бар. Өткен өмірден «Сұңқар» бірлеп қана табылса, қазіргі өмірден мыңдап табылады. Осы ерлікті толық бейнесімен бере алу — әрі біздегі шындық, әрі әсерлеудің берік негізі. «Ана» романындағы Павел Власов, оның шешесі, Андрей Находка, Рыбин — жаңа адамдарды социалистік романтика әдісімен суреттеудің жақсы үлгісі.

Горький шығармасының бір саласында «Қерегі жоқ» адамдар — өмір құлдары, арамы, екіжүзді, суайттар жүреді. Бұлардың біразын өмір осылай еткен, енді біразы сол ылай өмірден балық аулап жүреді. Дмитрий («Плутта»), Никита («Артамоновтардың ісі») Павел («Вассада»), Евсей («Керексіз адамдар»), Никонов — («Клим Самгин») тағы басқалары. Горькийдің өмір бойы алысып өткен бір тобы — мещандық. Алға сүйрер ойға ылғи тоңмойындық көрсететін тобықтының тоғышарларына Абай қандай ыза болса, мещандыққа Горькийдің жаны да сондай қас. Мещандық деген бұл да сол тоғышарлық. Бұл да сол өз басының қамын ғана ойлайтын, қоғам ісіне қия баспайтын көк кесел. Бұл біздің совет қоғамы үшін ескі қалдықтар, ескінің жұғындысы деп аталады. Бұл қалдықтарды Горький айтқандай отпен аластауды біз Горькийден ғана дұрыс үйрене аламыз.

Әдебиеттегі партиялық, идеялық М. Горькийдің бұлжыт-

пай ұстайтын принципі. Орталық Партия Комитетінің әдебиет және көркемөнер жайындағы қаулыларынан кейін совет әдебиетінің ұлы атасы Горький өсиеттерін тағы бір терең ұғынуға бет бұруымыз керек. Ұлы Горький жазушының социалистік құрылысқа қалай қатынасуының айқын үлгілерін өз тәжірибесі арқылы үйретіп, халқымыз бен Отанымыз алдындағы міндеттерімізді әркезде есте ұстауға тапсырып кетті.

— Дүниелік зұлымдық пен қайғы-зардың бұлағы, дүниелік талан-тараждың ордасы, арамдықтың ұясы болған капитализммен күрескен коммунизмнің ісіне белсене қатысыңдар!— деді.

Ұмытпайық ұлы жазушының өсиетін!

4

Социалистік әдебиетіміздің ұлы атасы Алексей Максимович Горький орыс халқының реалистік көркем әдебиеті мол күш, үлкен серпінмен дүниелік көлемде озып алға шыққан дәуірде, он тоғызыншы ғасырдың аяқ шенінде майданға шықты. Бұл — дарынды орыс халқының рухани күштері өнер білімнің қай саласында болса да үлкен арнамен биік белдерге көтеріліп, ұлы ақын, жазушылары мен ғалымдарын, композиторлары мен суретшілерін дүние жүзі еріксіз таныған кезі еді.

«Біз әрине ұлы халықпыз, әрі өз тағдырын өз қолына алған ұлы мемлекетпіз. Искусство мен көркем әдебиет осы ұлылық пен осы күштің дабылшысы болғалы келеді» деген-ді орыс халқының ұлы жазушыларының бірі Тургенев 1859 жылы-ақ айтқан.

Өзінен алдыңғы дәуірді А. М. Горький былай бағалайды: «Жан түршігерлік сонша ауыр жағдайларда ерекше көркем әдебиет, таң қаларлық сурет өнерін, тасып-төгіліп жатқан дарынды музыка жасаған орыс халқы искусство майданында дүние таңданарлық күші барлығын көрсетті. Халқымыздың аузында қақпақ, жан қанаты байлаулы еді ол кезде; бірақ, оның есіл жүрегі ондаған ұлы жазушыларды, үн мен бояу шеберлерін туғызды».

Сонымен бірге, бұл дәуір Россияда жұмыскер қозғалысының революциялық жолға біржола түсіп, бұлжымас бағыт алған кезі еді. Герцен, Чернышевский сияқты орыс халқының революциялық ой өрісімен танысқан Маркс-Энгельс көсемдеріміздің Россиядағы жұмыскер қозғалысынан қандай үлкен үміт күткендері де мәлім. Олар — ендігі күнде әлеуметтік үлкен қозғалыстың салмағы Россияға ауады деген.

Осындай кезеңде орыс халқының озық ойлы революцияшыл демократтары «Не істеу керек?» деген қоғамдық ұлы

сұрауды тарихи мағынасында кезекте тұрған мәселе етіп көтерсе, ұзамай дүниелік әдебиетте алғашқы рет, «Дауылпаз» арқылы дауыл жақын деген жауап алады. «Жан түршігерлік ауыр жағдайлардың» әбден қоюланып болған кезінде, дүниелік жұмыскер қозғалысының дауыл дабылын қаққан Горькийдің ұлы үні естіледі. Бұл жаңғырық емес, жаңа үн, Россиядағы жұмыскер қозғалысының үні еді.

Сөз жоқ, Горький орыс халқының ұлы әдебиетінің жақсы дәстүрлеріне сүйенді. Сонымен бірге сол жақсы дәстүрлерге қанағат етпей, әдебиетке жаңа мағына беріп, жаңа бағыт іздеді. Әдебиетті өмірден оңаша жасайтын дүние деп қараушыларға қарсы аттанып, әдебиеттің міндетін қоғамдық күрес мүдделеріне бағындырды. Бір кезде атақты ойшыл Чернышевский: «Көркемдік дейтініміз — өзіміздің өмір!» десе, Горький сол өмір күресіне шақырды. Өмірдің байырғы қалпынан қалыспай суреттеуге емес, сол өмірді өзгерту жолындағы ұлы күреске үн қосты.

Қатардағы реалист жазушы үшін, я болмаса, жалпы мағынасында прогресті жақтайтын жазушы үшін орыс халқының сыншыл реализм әдебиетінің бағыты артығымен-ақ жетіп жатқан жол еді. Сол жолды қанағат етіп қалған жазушылар Горькийден кейінгі буынның ішінде де аз емес. Дүниелік әдебиетті тұтас еске алсақ, бара-бара сыншыл реализмнен де шошынып, реакцияшыл сарындамаға көшіп, өмір күресіне біржола сыртын берген жазушылар да аз емес.

Горькийдің ұлылығы — ол сонша дәуірлеп, дүниені таңқалдырған орыс халқының реалистік әдебиетінің шыққан биігіне қанағат етпей, болашағын революциялық жаңа бағытқа бұру үшін бар күшін салды. Қазіргі кезде социалистік реализм әдісі болып, мазмұны мен түрі айқындалған революцияшыл әдіс үшін болған күрестердің басында әр кезде А. М. Горький болды. Бір жағынан, социалистік әдебиеттің теориялық күрес туын өз қолына ұстаса, екінші жағынан, өз шығармаларымен іргесін қалады.

Горькийдің құлашы жайылып, серпіні күшейген кезде, орыс халқының классикалық әдебиеті дүниелік көркем әдебиеттің төрінде болса, бүкіл буржуазиялық әдебиетке ауыр кінараттар дендеп кіріп қалған еді. Буржуазия әдебиетінің әр саласы белгілі бір биігіне жетіп, енді жоғары көтеріле алмай, құнарсызданып, кейін сырғи бастады. Болашақтан торығу, ескіні көксеп сарнау, аруақ-құдайға сену, өмірден үмітсіздену сияқты кертартпа бағыттар тереңдеп, ауыр дағдарысқа әкеліп соқты. Жиырманшы ғасырдың басынан-ақ белгісін берген дағдарыстан буржуазия әдебиеті әлі шыға алған жоқ, шыға алмайды да.

Сол кезеңнің сондай қайшылықты жағдайларында әдебиеттің болашағы, оның алдында тұрған қоғамдық міндет-

тері туралы ұлы жазушының толғана ойланғанын көреміз. «Мещандар» пьесасындағы машинист Нил арқылы Горький «Еңбекті кім істесе, өмірдің иесі де сол!» Әрі философиялық, әрі революциялық байламды басқаға емес, жұмысшыларға айтқызады. Горькиймен тұстас жасаған талай дарынды ақын жазушылар болса да, олардың бірде-бірі өмір жайындағы байламды жұмысшы табы айтады дей алған жоқ. Горькийге буржуазия қоғамының үрке қарайтыны да осыдан еді.

«Шыңырау түбінде» деген пьесасында Горький — «адам деген ұлы атақ!» деп, бір жағынан еңбек адамын ұлықтаса, екінші жағынан, торығушыларға жауап береді. Горькийдің бұл көзқарасы капиталистік қоғамда адам жанының азғындап, адамгершіліктің сұйықталып, опасыздық, торығушылық сияқты мінездердің көбейіп бара жатқанынан туған еді. «Бұл қоғамда адамға адам жау,— дейді Горький.— Қарын тойғызу күресінде әркім өзі үшін ғана, жеке ғана алысады. Және, қасында тұрған қу қапысын тауып, кеңірдегінен ала түсе ме деп, қауіптеніп, алақтап тұрады...»

Жеке адам жанының азғындау себебін Горький: «Алды-жұлды заманның ашқарақ қоғамында жеке адамның халық көпшілігімен арасындағы байланыстан айрылғандығынан» деп біледі. Алды-жұлды қоғамның бірі — орыс буржуазия әдебиетінің 1905 жылғы революциядан кейін орасан құнарсыздыққа айналғанын тексере келіп, Горький былай деп қорытынды жасайды:

«Біздің әдебиет — ұлы ойлар еңбек сіңіріп, жақында ғана мың түрлі гүлдермен құлпырып тұрған кең өлке еді. Енді міне надандықтың арам шөптері басып барады, тірі гүлдердің орнына, қағаздан жасалған өлі гүлдер толып кетті. Бұл өлі гүлдер — француз, ағылшын, неміс кітаптарының тыстары, бұл батыс мещандығының идеялық жамау-жасқаулары бізге жат, кішкене-кішкене болмашы идеясымақтардың бөлек-салақтары» дейді.

Туған елінің өмірлік шындығы мен күресінен бой тартып, батыс буржуазиясының бояма идеясымақтарына бас игендерді, осылай, жеркене жазалайды. Сонымен бірге, орыс әдебиетінің бір кезде құнарсызданып қалған себебін осымен байланыстырады. Осындай халге ұшыраған орыс буржуазия әдебиетінің 1907—1917 жылдар арасын Горький: «Ең масқара, ең ұятсыздық он жылдың кезі»— дейді.

Бұдан жасалатын бірінші қорытынды — Горький әдебиетіміздің болашағын қинала ойлағандығын көреміз. Әдебиеттің жеке бір мәселелері емес, алдағы күнде түгел бағытын өзгерту майданына шыққанын көреміз. Ол бағыт — еңбек адамын азат ету, қанаудағы көпшілікті, қанаушы азшылықтың құлдығынан құтқару майданы еді. Еңбек кімдікі болса,

өмір де сонікі. Осы байлам Горькийді социалистік әдебиет, еңбек жұртшылығына арналған әдебиет жолдарын іздеуге әкеледі. Өз творчествосында осындай әдебиеттің үлгілерін жасай бастайды. Сонша бай орыс әдебиетін тексеріп келгенде, Октябрь революциясынан бұрын социалистік реализм бағытында жазылған Горькийдің «Ана» дейтін романы болып шығатыны да осыдан. Ұлы жазушының жылдар бойы толғана іздеген әдебиеттік бағыты — социалистік реализм советтік жағдайда ғана жүзеге асырылды, социалистік тәжірибе арқылы біржола жеңіп шықты.

Орыс халқының ұлы ақын-жазушылары жасап кеткен XIX ғасырдың классикалық әдебиетін Горький аса қадірлейді. Батыс елдерінде осындай аз уақыттың ішінде мұндай ұлы әдебиет ешбір елде жасалған жоқ, бұл орыс халқының ерекше дарындылығын дәлелдейді, дейді:

«Айтып жеткізе алмайтын ауыр жағдайларда бүкіл дүние жүзі танығаң ұлы шығармаларды, сонша ғажап көркем еңбектерді Европада біздің жазушылардан басқа ешкім жасай алған жоқ...»

Сонымен қатар, Горький орыс әдебиетіндегі қауіптерді де терең ашқан адам. Әдебиетті халықтық қазына, қоғамдық ой-сананың өсуі деп қарайтын ұлы жазушы өз тұсындағы орыс әдебиетінің теріс ыңғайларына қатты қынжылып, аянбай алысып отырғанын көреміз. Қоғамдық өмірге бей-жай қараушылыққа, зұлымдыққа қарсылық көрсетпеуге, шыдай беруге шақырған орыс жазушыларының ұлы-кішілігіне қарамай, қатты сынға алған.

1905 жылы «Жаңа өмір» газетінде Горький былай деп жазыпты:

«Толстой мен Достоевский екі ұлы данышпан, бұл екеуі өздерінің талант күштерімен бүкіл дүниені сілкіндірді, Россияға бүкіл Европа таңданып қарап қалды. Екеуі де Шекспир, Данте сияқты ұлы адамдардың қатарынан теңдес орын алды. Бірақ, екеуі де өзінің қараңғыда, бақытсыздықта жатқан еліне бір кезде бір рет өте жаман бір іс істеді. Достоевский:

— Шыдай бер!— десе, Толстой:

— Зұлымдыққа қарсы күш жұмсама!— деді».

Бұл арада Горькийдің көзқарасы ұлы жазушы Толстойға берген Ленин көзқарасы сияқты. Горький де Толстойдың ұлы жазушы екенін жете бағалай келіп, оның қоғамдық күреске зиянды көзқарасын аямай сынайды. «Жиырма жыл бойы қарт бір-ақ нәрсені қақсап келеді: атақты Россияны Қытай провинциясына, дарынды орыс халқын құлға айналдырғысы келеді» дейді. Дана жазушы Л. Н. Толстойды қандай құрметтейтінін, оған қалай бас иетінін арнаулы мақаласында түгел сипаттаған Горький, оның қоғамдық көзқара-

сындағы қауіпті жағына ешбір ымырашылдық жасаған емес.

Горькийдің дүние тану көзқарасы Белинский, Чернышевский, Добролюбов сияқты ұлы ойшыл, революцияшыл-демократтардың материалистік эстетикасы арқылы құралып-қорлана бастаса, Ленин ғылымы арқылы әбден бекіп, шыңдалып, бұлжымас социалистік қалпын табады. Горькийдің өзі айтқан «ұятсыз он жылдың» кезінде ұлы жазушы идеялық шатқаландарға ұшырағанда, Ленин оны жолдастық қатты сынға алып, творчестволық бағытына партиялық жөн сілтейді. Ұлы көсеміміз Лениннің ұлы жазушыға әр кезде көрсеткен тәрбие дәстүрі бүкіл совет жазушыларына партиямыздың әр кезде көрсетіп отыратын әділ үлгісіне, тәрбие дәстүріне айналып қалды. Горький совет жазушыларының арасына осы партиялық үлгіні қасиетті дәстүр естуге ұстаздық еңбек етті. Өзін өзі қатал талаптар қоя алатын ұлы жазушының бізге қалдырған ұстаздық мұрасының бірі осы болады.

Әдебиетті халық қазынасы, қоғамдық ұлы тілектердің құралы деп қарайтын ұлы жазушы, әдебиет тақырыбы — еңбек адамы дейді. Еңбек адамының ерлігін жырлап, адамгершілік қасиеттерін, ой-санасын өсіру, құлдық-қорлық замандарынан қалған жұғындыны жоюға ат салысу жазушының бірінші міндеті деп біледі. Халықтың өмірі мен алға ұмтылған арманы нені тілесе, жазушы бар еңбегін осы жолға құрбан етуге тиісті. Адамды адам құл етуі, адамды адам қанауы, еркектің әйелді төмен ұстауы, Горький үшін ең жексұрын нәрселер еді. Сондай халден өз жігерімен, өз күшімен құтылып, өзіндік жаңа дүние жасап жатқан еңбек адамы — өмірдің де иесі, әдебиеттің де шын геройлары дейді Горький. Горький өзі еңбек адамының ерекше күші мен адамгершілік қасиеттерін әр тұрғыдан кесек-кесек көрсеткен жазушы. Капиталистік қоғамда сондай ерекше дарынды адамдардың жіпсіз тұсалып, қанаты қырқылып, қор болатынын Горький үлкен бейнелер арқылы суреттейді.

Сондай құрдым заманның тамыры құрымай тұрып, еңбек адамының соры арылмайтынын Горький өмір бойы айтып өтті. Капитал дүниесінің ең соңғы дәуірі — империализм, адам қоғамына рухы жат, фашизм сияқты жеркеніште тудырған кезінде ұлы гуманист жазушының қатты тітіркенгендігін көреміз. «Сары сайтан», «Республика корольдерінің бірі» деген әңгімелерінде Горький дүние еңбекшілерінің алдында Америка империализмінің бет пердесін ашып, мұндай айуандық үстемдігін құртуға шақырды. Бұл әңгімелерде көрсетілген Америка капиталистерінің адам сипатындағы сыртқы түрі болмаса, жан, сезім, қуаныш, қайғы, адамға лайық өмір деген түсініктер жағынан адамға ұқсар ешбір белгілері жоқ.

Соғыссыз — империализм, империализмсіз соғыс мүмкін

емес. Горький жиырмасыншы ғасырда жазған бар шығармаларында бұл екеуіне лағнат оқымай қалған емес. Әсіресе, соғыс өртін тұтатушыларға қарсы күресін әлсіреткен емес. Бұл жөнінде Горькийдің Черчилльге берген мінездемесі өте айқын дәлел. Капитал дүниесінде мемлекет адамы деп аталатын топта мұндай мінездеме алған айуан да сол Черчилль болу керек. «Унистон Черчилль адам емес, одан анағұрлым жексұрын бірдеме»— дейді Горький. Бұл мінездемеден жалғыз ғана ыза күші емес, шексіз жеркеніш күшін де анғаруға болады.

Империализмнің айуандық бейнесін сан рет дүние бұқарасының алдында әшкерелеп, бар күш-қуатын сол зұлымдық дүниесін қиратуға арналған ұлы жазушыға қорқау, обыр дүние сан рет науқан ашып, ит айтақтады. Бүкіл дүние жүзілік еңбекші адам баласының қамқоры болған ұлы жазушыны қолдан өлтіруде қаншама жаулық, қаншама айуандық жатыр! Азаттық аңсаған халықтармен бірге, азаттық алған елдердің, бүкіл еңбек әлемінің бұл ешуақытта кешпейтін кегі!

Ұлы жазушы ұзақ көксеген жұмысшы табының үстемдігі орнағаннан кейін ұзақ жылдар бойында көп тілді, бір тілекті совет әдебиетінің тез өркендеу жолдарын іздеді, Ленин партиясымен қол ұстаса отырып, социалистік реализмнің принциптік негіздерін қаласты. Қазір Совет Одағындағы халықтардың жас әдебиеті шұғыл көтеріліп, дәуірлей жөнелгені дауға салынбайтын шындық болса, бұл жөндегі бірден-бір ұстазымыз Алексей Максимович Горький екені де даусыз. Орыс халқының он тоғызыншы ғасырдағы ұлы классиктерінен жазу шеберлігін үйренетіндігіміз, Горькийдің барлық совет жазушыларына ұлы ұстаз екендігін бір мысқал кемітпейді. Өйткені, сол социалистік реализм әдебиетінің идеялық және көркемдік принциптерін Ленин ғылымына сүйене отырып, өз қолынан жасасқан ұстаз. Жалпы мағынасындағы реализмнен социалистік реализмнің қандай айырмасы болса, бұрынғы реалист ұлы жазушылар мен Горькийдің ұстаздық айырмасы да сондай.

Горький — «Социалистік реализм әдебиеті — социалистік идеядан, социалистік істерді көрсетуден туады»— дейді. Кейде әртүрлі ұғыныс барлығы байқалып отыратын социалистік реализмді түсіну үшін, Горькийдің кесіп айтқан осы пікірі әр кезде есте болуға тиісті.

Совет халықтарының әдебиеті өсу үстінде жасағанынан жасары көп, бүгінгісінен ертеңгі күнінің өнімі басым болады деп күтетін әдебиет. Сол сияқты, көп ұлтты әдебиетіміздің бергенінен берері көп, меңгергенінен меңгере алмағаны көп. Тез жаңартар серпінді заманымыз, аз кешіксең, сондай тездікпен ескертіп те тастайды. Бүгінгі қанағат ертеңгі күнге азық емес, алданыш қана. Осыған байланыстыра айтқалы

келе жатқанымыз — Горькийден, Маяковскийден жазу әдісін үйренеміз дейтін ақын, жазушыларымыз енді сол үйренуді тереңдете түсетін белге шықтық демекпіз.

Әсіресе, қазақ совет жазушылары үшін Горькийдің ұстаздық орны өзгеше. Аз өмірінің ішінде ұлтшылдық, оңқайлық, солақайлық сияқты аурулармен алысып өскен әдебиетіміз қазір елеулі сын көтере алатын дәрежеге жетіп отырса, бұл ең алдымен, Горький бастаған социалистік әдебиеттің жеңісі.

Қазақ совет әдебиетінде едәуір айқындалып кірген Горький дәстүрлері бар. Ол тақырып таңдауда да, адам образын жасауда да, жеке жазушыларымыздың жазу стилінде де жиі кездесіп отырады. Бір жазушыда көбірек, бірінде азырақ болғанмен, бұл үлкен табыстарымыздың бірі. Олай болса, біздің әдебиет — Горькийден үйренуді тереңдете түсетін дәрежеге жеткен әдебиеттердің бірі. Әзірше, әр жазушы өз бетімен үйреніп, өз шамасы келгенше пайдаланып келеді. Басқа жақтағы оқу, үйренулерімізбен қатар, біз Горькийдің жазу әдісі дейтініміз немесе, оның ерекше стилі мен образ жасаудағы ерекшеліктерін жеке-жеке тексеріп, ғылыми мағынада сабақ алуымыз керек.

Біздің әдебиет зерттеушілеріміз бен сыншыларымыз қазақ совет әдебиетіндегі Горькийдің әсері дегенді әлі қолға алған жоқ. Қайта, бұл тақырыпқа әдебиеттің жас мамандары көңіл аудара бастағанын көреміз.

Шынында, әдебиет майданындағы ғылыми қызметкерлеріміз, әдебиетімізге, жеке жазушылардың шығармаларына азды-көпті кіре бастаған Горький, Маяковский әсерлерін дер кезінде зерттеп, сол әсерді тереңдете түсуге ат салысулары керек еді. Бұл жөнінде қай жазушының қай жағы тереңірек, қай жағы таязырақ жатыр, нені ұғыпты, нені аңғарыпты,— осы жақтарымызды айқындасып беруде сыншыларымыз елеулі еңбек көрсете алмай келеді. Горькийдің жаны сүймейтін бір нәрсесі — бар дүниеге бейжай қараушылық болса, біздің кейбір сыншыларымыз осы «битараптықтан» сау да емес сияқтанады. Қуаныш лебі қандай әлсіз болса, ренжу-қынжылуларында да күш аңдалмайды.

Қазақ совет әдебиеті — орыс халқының ұлы классиктерінен, социалистік әдебиетіміздің ұлы атасы Горькийден үйреніп, солардың үлгілерімен өсіп келе жатқанына мақтана алады. Біздің бүгінгі жазба әдебиетіміз халықтық ауыз әдебиеттің табиғи жалғасы емес. Октябрь революциясының арқасында талай белден бір-ақ аттап, ұзақ тарихы бар жазба әдебиет үлгісімен өсіп келе жатқан әдебиет. Біздің идеялық, көркемдік, шеберлік жағынан алған үлгілеріміздің бәрі де — ең алдымен орыс халқының әдебиеті, әсіресе, Горький мен Маяковский. Әдебиет өскен сайын, оқу-үйрену талаптары да тереңдей беруге тиісті. Бұл күнге дейінгі Горь-

кийден үйрендік дегенімізге қанағат етер болсақ, онда не ұстаз қадірін білмеген, не болмаса, оқу-үйрену қадірін білмеген болар едік. Алдына қомақты талап қоятын ақын, жазушы ұлы ұстазынан үйренуді де тереңдете білетін болсын. Өскелең әдебиетіміз осыны тілейді.

5

Қапсағайлау жаралған бойшаң жас жігіт жалпақ Ресейді жаяу кезіп жүр. Ресейдің солтүстігінен оңтүстігіне дейін араламаған, шарламаған жері жоқ. Ой құлағы бар дыбысқа тігулі. Ойлы көзіне бүкіл дүние сиғандай. Адам өмірінде оның көзіне шалынбағаны жоқ, шалынды — таразыға тартылмағаны жоқ. Қайғырғанмен бірге қайғырып жасымайды, зарланбайды. Қайғы-мұңын тамырын іздейді. Ол дүниелік қайғы-мұңның жоқтаушысы емес, жойысушысы.

Бұл өте күшті жігіт. Отын жарғанда жаңқасынан от жарқылдайды. Жүк тасығанда екі жігіттің жүгін бір-ақ арқалап әкетеді. Күш сынасар ойындарда бір пұттық кірмен тоғыз рет «шоқына» алады. Ал «шоқыну» деген — кірді әуелі маңдайына тигізіп, одан кіндігіне, одан кейін екі иығына кезек-кезек соғу керек.

Ол оқымаған жігіт, бірақ үлкен оқымысты. Ескі-жаңа дүниенің философиялық тіректерін терең біліп алған. Демокрит, Гераклит, Шпенглер, Шопенгауэр, Қант, Спиноза, Гегель, Ницше... Идеализм, метафизика, материализм... Бірі өмір шындығына қайшы келеді, бірі оның жақтасы. Жас жігіт бәрін бірге арқалап жүр. Бірақ кейін бәрін қосып, қойыртпақ жасайтын түрі жоқ. Арманы — сөзді іске, істі сөзге айналдыру. Өмірді көру деген — тесіле қарап көзбен көру емес, оймен көру. Түптеп келгенде тіпті көру ғана емес, салмақтау, өлшеу, мән-мағынасын біліп алу. Болашақ ұлы жазушы Алексей Максимович Горькийдің жас кезі маған осылай елестейді. Ол сол кезінде де жазушы, сол кезінде де ақын, сол кезінде де ойшыл. «Мен жиырма жасымда көргендерімді, басымнан өткізгендерімді, толып жатқан естігендерімді жұртқа айтуға тиісті екенімді түсіне бастадым. Менің білетінім, менің сезінетінім өзгелерден басқарақ сияқты. Мұнымнан қысыламын да, тынышсызданамын. Тіпті Тургенев сияқты шеберлердің кітаптарын оқығанда да, мысалы «Аншының әңгімелеріндегі» геройлар жайын мен Тургеновтен басқашарақ айтар едім деп ойлаймын. Бұл жасымда мен шебер әңгімеші деп саналатынмын. Жүкшілер, наншылар. «қаңғымалар», ағаш шеберлері, теміржолшылар менің айтқан әңгімелерімді ұйып тыңдаушы еді.»

М. Горький туралы мақала түгіл кітап жазсаң да, оның жайын сарқып айта алмайсың: сен сарқыласың, ол сарқыл-

майды. Мен ұлы жазушының жазу еңбегі жайындағы кейбір ойларына ғана тоқтағым келеді. Оным да үзіп-жұлып алған жеке ойлары.

Ең алдымен жазушыға керекті басты қасиет — кішіпейілдік туралы, Горький М. М. Пришвинге 1926 жылы жазған хатында былай депті:

«Россияда қазір үш үлкен суреткер жазушы бар... Біреуі — сіз, біреуі — Сергеев-Ценский, енді бірі — Чаплыгин. Достық сезімнен не болмаса сыпайгершіліктен — Горкий де бар ғой дерсіз... Ол кісі туралы менің өз ойым бар. Мен оны сіз үшеуіңіздің қатарыңызға қоя алмаймын. Мұным жалған кішіпейілділік емес, ол сіздерден анағұрлым кіші суреткер».

1932 жылы өзінің драмалық шығармалары туралы Горький былай деді:

«Мен жиырма шақты пьеса жаздым. Бәрі де азды-көпті әлсіз қиыстырылған көріністер. Сюжет өрісі піспеген, характерлер толық суреттелмеген, айқын емес».

Дүниелік мәдениет пен әдебиетті, дүниелік философияны еркін меңгерген өз еңбектеріне осы биік тұрғыдан қараған Горький: «Менің өмірге қалай қарауыма әсер еткен үш жазушы бар — Помяловский, Глеб Успенский және Лесков» дейді.

Осы келтірілген үш мысалдан Горькийдің қандай кішіпейіл жазушы, қандай кішпейіл адам болғанын аңдасақ керек. Горькийдің өз тұсында да, қазіргі күнде де оның жазушылық орны туралы ешкім шүбәланған емес, жаулары да, достары да, ұрпақтары да. Бұдан шығар бір-ақ қорытынды бар — ұлықтағанды ұнатпау үшін де ұлылық керек екен. Орыс әдебиеті үшін XIX ғасырдың өр басында — Грибоедов, XX ғасырдың басында Горький тұр. Бұл екі арада орыс әдебиетінің дүниелік шеңберде мұхит-теңіздей шалқыған ұлы дәуір жатыр: тереңдер жатыр, биіктер тұр. Мен үшін XX ғасыр дүниелік көлемде Горькийден терең, Горькийден биік жазушы әзір бере алған жоқ. Ұлы Ленин Толстойды кіммен салыстырамыз дегені сияқты, XX ғасырда Горькийді де ешкіммен салыстыра алмаймыз. Ол — революциялық реализм әдебиетінің ұлы атасы. Сондықтан да дүниежүзілік капитализм идеологтары оған ылғи жабылумен келді, жүз жылдық мерекесі жақындаған сайын тіпті, шабуылдап кетті. «Жауының жамандағаны — жақсылығынды ғана көрсетті» дейтін белгілі қағиданың дұрыстығы тағы бір рет есімізге түседі.

Ұлы жазушы өз пьесаларына қандай кішіпейілділікпен, қандай наразылықпен қараса да, Шекспир, Чехов, Лопе де Вега, Ибсен драматургиясы дейтін үлкен мағынада Горький драматургиясы барлығына ешкім таласа алмайды.

Сондай жазушы әдебиеттегі өз орнына қалай қараған-

дығы бізге үлкен үлгі. Горькийден үйренеміз, Горькийдің шәкіртіміз дейтін үлкенді-кішілі жазушы ең алдымен оның осы үлгісін алғаны ақылдылық болады.

Орайы келіп қалғанда айта кетейік, Горькийдің шәкіртімін деудің өзі үнемі дұрыс бола бермейді. Горький бастаған революциялық бағыттағы әдебиет мектебінің шәкіртіміз десек, бәрімізге де сол лайық сияқты. Әсіресе шығармамыздың аты ұйқас, сырты ұйқас болғанына қарап, турадан-тура Горький шәкірті бола алмаймыз. Горькийдің шәкірті болу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Горькийдің тақырыптары бар, жазу әдістері бар. Философиялық шарықтаулары бар. Ол — «Дауылпаз жыры», ол—«Данко», ол— «Сұңқар жыры», ол —«Ана» мен «Аналар». Ол — байтақ бұқара, әр саладағы еңбек адамдарының өмірі. Сонымен бірге ол — «Адам деген ұлы атақ!» Бұл биіктерге көтерілу оңай емес, көтеріле алған жоқпыз.

Горькийден алар екінші үлкен үлгі — оның жазушы алдына қойған талаптарын тереңірек ұғынып, шаманы келгенше сол өсиеттерін орындау үшін, қажымай-талмай талпына беруде. Бұл жағынан да бірер мысал келтірейік.

Өз шығармаларында түр-техника жағын қуып кеткен екі ақын туралы 1930 жылы Горький былай деді:

«Мен олардың поэзияны түр-техника жақтарынан байытқанын түсінем. Бірақ олардың болмыс шындығына қандай көзқарастары бары тіпті түсініксіз. Маған олар өмірдің үстінде, сөз тұманында жүзіп жүргендей көрінеді. Сол тұманнан өздері үшін сүйкімді, жексұрын бір шындық жасап алады».

Енді бір жазушыға «Талант өз еңбегіңді сүйіп, сүйсініп істеу арқылы өседі» деп келеді де:

«Сіз маған — менің құмарым фактыға құрылған әдебиет депсіз. Мұныңыз натурализмнің дөрекі, ең жағымсыз беталысы»,— дейді. Тағы да соған:— «көркем шығарма деп артық сөзі, керексіз ұсақ-үланы жоқ, ықшам жазылған, мақсат-мұддесі шынайы таза шығарманы айтамыз»,— деп сөзін аяқтайды.

Аз ғана көңіл тоқтатсаңыз, бұдан ұлы жазушының формализм мен натурализмге қалай қарағандығын айқын түсінесіз.

1926 жылғы қайтарған жауабында бір жазушыға Горький:

«Сіз көп сөзбен, кейде тіпті сұйық сөзбен жазасыз... Бейнелеу керек жерде көпсөзділіғіңіз басым... суреткер сөзімен жасалған бейне көз алдына тірі адамды алып келгенде ғана шын бейне болып шығады», дейді.

Өз жайымызға әділ көзбен қарасақ, Горькийдің бұл айтқандарында біз үшін үлкен сабақ жатыр.

Бізде романтизмнің мәніне түсінбеушілік, оған социалис-

тік реализмді қарама-қарсы қойып алып, романтизмді ылғи бір жат ағым сияқты көрсетуден арылмағандық та кездесіп қалады. Сондықтан бұл жөніндегі Горький түсінісін еске алудың ауыртпашылығы да болмауы мүмкін.

«Романтизмнің өзі ағымға бөлінеді,— дейді Горький,— бірі бояма болмыспен адамды келісімге келтіруге тырысады. Не болмаса адамды болмыс шындығынан басқа жаққа әкетіп, өз ішіне үңілуге, «өмірдің шешуі жоқ жұмбақ тағдырын» мойындайтын дәрменсіздікке шақырады.

Романтизмнің екінші ағымы — адамның өмірге деген ынта-жігерін күшейтуге тырысады, ауыр болмысқа, оның езуқанауына қарсы көтерілуге шақырады... Бұл романтизм шын мағыналы өмірді өсіріп көрсетпей (преувеличение), әсірелеп көрсетуге (возвеличение) жәрдем етеді».

Горькийдің бұл арада айтылған ойлары сонша сара, сонша айқын, өз жанынан сөз қосуды обал көргендейсің.

Ең соңында Горькийдің жас жазушыларға арнап 1932 жылы айтқан бір сөздерін келтіргім келеді.

«Біздің жастар «Елһамға» (вдохновение) көбірек сенім артатын сияқты... Жазуға түрткі болатын «Елһам» деп ойлау — қате сенім, «Елһам» жақсы жасалып жатқан еңбек үстінде келеді, ол қызығып істелер еңбектің нәтижесі болуға тиісті»,— дейді.

Жазушы еңбегі, Горький айтқандай, істі сөзге айналдыратын, сөзді іске айналдыратын ауыр еңбек. Сол еңбектің үстінде сен жалғыз отырсың. Қожасы да өзің, жұмыскер де өзің, ойласар, сырласарың да өзің. Жазу үстінде сен жас та, кәрі де болып отырасың. Қыз да, кемпір де болып отырасың. Жау да, дос та боласың. Біреуді тірілтіп, біреуді өлтіріп жатасың. Қараңғы түн де өзің, ашық күн де өзің. Ой да сенікі, сезім де сенікі.

«Өмірдегі жақсылықты қандай дәл, қандай жақсы білсең, жамандығын да сондай жақсы, сондай дәл білу керек... Табиғат құбылыстарындағы, үндегі-дыбыстағы, бояудағы ұқсастық пен айырмашылықты жақсы білу керек». Жазушы еңбегінің ауырлығы да, жауаптылығы да осында.

Бірақ осы еңбектің сырын ашып, міндетін адалдап берген Горький сияқты ұлы ұстаз саған қолын созады.

Сол қолды алыса білейік, достар!

Майданнан соққан жаңа леп.

(«Социалистік Қазақстан» газетінің 23 майдағы санында басылған Қасым Аманжоловтың «Абдолла» деген поэмасы, Әбу Сарсенбаевтың «Ақша бұлты» туралы)

«Ақындық сөз айтам дегенмен шықпайды, айта алар кезінде шығады»
Белинский.

Ауыздан шыққанның бәрі ақын сөзі емес. Ойың адал болғанмен, орындауың олақ болса, ұнатпадың деп өкпелей алмайсың. Ақын сөзі өзекті өртеп, жүректі тербетіп шығады. Ақыл мен ой, жүрек пен жан тұтас толғанып үн қосқанда ғана шығады.

Тақырып идеядан туады. Тақырыбың жаңа болғанмен идеяң ескі болса, шығарман да ескі. Тақырыбы ескі болғанмен, идеясы жаңа болса, ол шығарма да жаңа. Мазмұн мен түрдің байланысы қандай болса, тақырып пен идеяның байланысы да сондай: бірінсіз бірі жоқ. Ауыр күнә тақырып ескілігінде емес, идея ескілігінде. Ескі тақырыппен ескі идеяны айтқаннан жаңа тақырыппен ескі идеяны айтқанның күнәсі ауыр. Тілек жаңа тақырыппен жаңа идеяны жақсы суреттей алуда. Жаңа тақырыптағы сапалы шығарма деп осыны айтамыз.

Қасымның «Абдолла» деген поэмасын көре сала сөз қылғалы отырғанымыз — жаңа тақырыптағы сапалы шығарма деп санағандықтан. Жаңаның да жаңасы Отан соғысының ерлері жайындағы жан сөзі болса, ақын Қасым осыны айта алған. Алған тақырыбы майдан ері ақын Абдолла болса, майдандағы ақын Қасым сол бір жалынды жанды толық елестете алған.

Майдандағы, елдегі ерлерді жазбай жатқан, жазғысы келмеген бір ақын, бір жазушы жоқ. Бірақ, өзекті өртеп шығар ақын сөзі әлі жалындап шыға алмай жатыр. «Жақсы» дегенді бөле-жарып қана айта аласың: ұшқындап, лаулап кете алған жоқ. Бөле-жарып айтқан «жақсы» дегенде мардамсыған ақын бір биікке шығып алғандай көңілі тыным тауып, сонысынан аса алмай келеді.

Қасым поэмасы майданнан соққан жаңа леп сияқты. Елдегі ақын-жазушыға түгел ой салады. Көп нәрсені аңғартады: «Жасым кіші демеңдер, айта алсам айып емес шығар, осылай айтайық, жақсылап айтайық!»— дейді. Қазақ әдебиетінде Қасымның ағасы да бар, інісі де бар, құрдасы да бар. Солардың ішінен Отан соғысының тақырыбына жазамын деушілердің бәріне де «Абдолла» жаңа бір қырқаны меңзейді. Жаңа тақырыпты жақсылап жазайық дейді. Қасымның ең бір жете ұғынатын жақсы ойы осында.

Қасым поэмасын жете ұғынғың келсе, мұнда көп нәрсенің дұрыс бейнесі көрсетілген. Сонымен бірге сол бейнелерді қалай көрсету керектігін де анықтап кетеді.

Мысалы, қазіргі соғыстың өз бейнесін алып көрейік. Қасым мұны бір ғана суретпен, сонша айқын елестеткен.

«Зелзала боп жер мен аспан,
Соқты ұйтқытып оқ бораны.
Қан, күл, боран, қара тастар.
Түрткіледі кең даланы.
Жайды толқын орман шашын —
Жұлды талдап снарядтар,
Мәңгі жарын — көл жағасын
Тастап, суға сүңгіді жар!»

Жер мен аспан зелзаладай алай-түлей болып, кең даланы түткілеп жатқан оқ бораны, орманның толқын шашын талдап жұлып жатқан снарядтар, атам заманнан бері тұрған жағадан айырылып суға құлап кеткен жар, сұрапыл соғыстың рақымсыз бейнесін түгел-ақ береді. Бір ғана қысқа суреттеумен, соны теңеулермен сонша дәл, сонша әдемі берілген. Алыста отырып, соғыстың өзін көргендей боласың.

Көп шығармаларымызда «Отанын сүйген, елін сүйген» деп келеміз де, соны шын әдебиет тілімен айта алмаймыз. Отанын сүйді дедік, міндет атқарылды дейміз. Ал осыны Қасым қалай берген? Ол Абдолланың жан жалынын, сезім толғануын көрсету арқылы бере алған. Жалт-жұлт еткен жау отының бір шоғы келіп Абдолланың жүрегіне түскендей болады. Сонда Абдолла қайтеді?

«Ер күрсініп алды демін,
Қызғыш болып қызғанышы,
Қимай жауға көл арнасын,
Жалын шарпып демалысы,
Құшып жерін, сүйіп тасын.
Жүрегіндей сол аймақтың
Алас ұрды намысты ұлан!»

Міне, Отанын сүйген адамның жан тұлғасы осылай болуға керек.Жазушы адам жанының инженері, осы жан құбылысын көрсете алу керек. Сыртты емес, іште көрсете алсын.

«Сайтан отын» жағып, өктемдей күлген жаудың күлкісі Абдолланың жүрегіне қанжардай қадалады.

«Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың.
Күллі әлемнің ашу-кегі
Орна менің кеудеме кеп!
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да жарыл жүрек!»—

дейді Абдолла.

Шынын айту керек, біздің әдебиетте бұл әлі айтылмаған сөздер. «Сол аймақтың жүрегіндей тулап, намысты ұлан алас ұрды!» деген өте мағыналы теңеу. Осындай жан толғанысы бар намысты ұлан:

«Жау жолына атам сені,
Бомба бол да жарыл жүрек!»—

десе, ақын айтам деген сөзін барынша-ақ жеткізе айта алғаны! Мұнда соны теңеу де бар, мұнда терең ой да бар, мұнда жалынды ақын да бар!

Қасым жау бейнесін де әрі қысқа, әрі шын ақынның жанды сөзімен береді:

«Өмір гүлін жаншып тастап,
Шаштан сүйреп махаббатты,
Найзаға іліп ар-ұятты»—

деген үш-ақ жолдың өзі жаудың бар тұрпатын, жиіркеніш түрін көрсете алады. Дүниені майданға айналдырған жауыз жаудың сырт бейнесін қандай дәл берсе, ішкі жексұрындығын да сондай дәл, даусыз етіп суреттейді. Поэзияның күші тек қана сыртта емес, әсіресе, іште екенін ақын еш жерде ұмытпаған.

Қанды жол сұм жау қапыда тимек болып елдің бір шетінен тап берген сағаттан бастап, қашан соны өз қанына тұншықтырғанша қабақ қақпауға тас бекінген кеңес елінің бірлігін көрсете алатын әдемі бір теңеулер Қасымда тағы бар:

«Жиіркеніп, жиырылды жер,
Жауға тамшы татырмады.
Суын алып қашты өзендер,
Жел қанатын жайып қарсы,
Сабалайды жауды бетке.
Сол аймақтың әрбір тасы
Ұшқандай ед құс боп көкке!»—

дейді ақын. Рас бұл халық поэзиясының бейнелеу ізімен берілген. Бірақ, бұл Қасымның өз табысы, өз толғауы. Поэманың ең күшті жері Абдолланың өлер жері. Дүние сілкінген зелзала, айналаң оқ бораны, от топаны... Қоршауда қалған кеңес жасы, қазақ ұлы Абдолла. Кеудесінде кек, ойында намыс оты. Жау көп деп қаймықпайды. Қорқу деген есіне кіріп те шықпайды. Жас өмірінің жастығын еселеп ала жығылатынын Абдолла әбден біледі. Автоматы оққа толы тұрған кезінде де ол оқтың таусылары Абдоллаға әрине айқын. Қаптаған жау танкісінің күші бір адамның күшінен мың-мың есе артық екені де белгілі. Бірақ, осы бір жерде бір ғана кеңес адамының ар-намысы жаудың бар күшімен жалғыз майдандасқан! Ер өлімі, намыс беріктігі, басқаларға да

осыны айтады. Қай жерде, қай майданда бол — осыны істе дейді. Ер өлімі мойытпайды, қайрай түседі.

Соны істеген ердің өлімі қандай аянышты! Бұл жерде ақынның әр сөзі кеудеңе дәл тиеді.

Абдолланың:

«Автоматы ең соңғы рет
Алды демін, тынды сұлық!...»

Абдолла содан кейін:

«Жанарымен шырқ үйіріп,
Жер мен көкті алды жиып.
— Сол бір көздің аясына,
Кеткендей ед дүние сыйып...
Күй көңілді, жаз бейнелі,
Алтын өмір мың құлпырып,
Көз алдында жардай күліп
Қасақана алды тұрып...
Ғашық жардай қайран өмір,
Қиналдырмай қалатын ба ең?
Желпуші еді ол жуытпай кір,
Құс жанының қанатымен...»

«Тудыны» айту қанша қуанышты, қанша оңай болса, «өлдіні» айту сонша қиын, сонша қайғылы нәрсе. Ақын Қасым осы жайды мынадай бір шебер суретпен берген:

«Кейде сағым, кейде жалын,
Арбады елес көз жанарын.
Көрді бәрін, құшты бәрін:
Туыстарын, жан достарын...
Кенет осы сұлу сурет
Тұрған жайнап, көзді тартып,
Сұп-сұрланып, уа, керемет,
Орны-орнында қалды қатып!»—

дейді.

Поэма майданда ерлік көрсетіп, елі үшін қаза тапқан ақын жайында. Ақын Қасым ақын жанының бар толғануын, кек күшін, сезім тереңдігін түгел бере алған. Жалынды сөзбен жауға аттандырар, жан сөзімен жас тамшылатар ақын сөзі өзегін өртеп, жүрегін тербеп шыққан.

Поэманың құрылысында, «адам өнері соғыс құралын істеуге жұмсалып қор болды-ау» деген жерлерінде кемшіліктер жоқ емес. Ол кемшілік тілінде де бар. Бірақ, мұның бәрі оңай кешірілетін, себепті солғындықтар. Майдан үстінде, минут санаулы екенін де ұмытпауымыз керек. Егер, Отан соғысының тақырыбына майданнан тыс, кең жерде жазып отырған өз шығармаларымыз осы жалынға көтеріле алса, мұндай кемшіліктерді біз де елемей-ақ қояйық.

Майданнан соққан жаңа леп дегенде, соңғы кезде майданда жүрген ақындарымыздың бірталайынан бұрын жазбаған,

жаңа ойдан туған жақсы шығармалар келе бастағанын айтпақ едік. Ескі жұрттан қоныс аударудың бойға сіңген жақсы-жаман әдеттері де болады. Сол әдеттің салдарымен елде отырған ақын-жазушылар майдан тақырыбына жазғанда шығарма сапасын көтере алмай келеміз. Ал, бұрын «қатарлы ақын», я болмаса, тіпті жас ақын деп елеусізірек жүретін бірталай ақындарымыз ойландыратын шығармалар жібере бастады. Соның бірі ақын Әбу Сәрсенбаев. Оның өзге жазғандары әзір басылып, жұрт көзіне түскен жоқ. Бірақ соңғы жіберген өлеңдер жинағы Әбудің жаңа сатыға көтерілгендігін көрсетеді. Майдан аз уақытта көп ой салатындығын, жасың жылмен есептелсе, ой қанатын тез қағатындығын көрсетеді. Майдан ақындары сақайып қалған. Әбудің соңғы жазған «Ақша бұлт» деген өлеңін алып қараңыз, бұл бір реті келіп қалған ғана нәрсе емес, ақынның ой-сезімінің өскендігін түгел көрсете алады деген ойдамыз.

Үзінді келтірейік:

«Ау, ақша бұлт, айтшы маған,
Айтшы маған, келдің қайдан
Ақ төсінен күні сүйген
Жаралдың ба Алатаудан?
Әлде Арқаның ару қызы
Отырғанда кесте тігіп,
Алдындағы ақ жібегін
Әкелген бе жел көтеріп?
Ақша бұлтым мейірімді
Сағымындай үмітімнің.
Желкілдейсің жел үрлесе,
Жібегіндей біздің елдің.
Үрлеме, жел, ақша бұлтты,
Алысқа айдап кете көрме,
Ақ қанатты періштемдей,
Қалсын мәңгі тас төбемде...»

Бұ да елін сүйер адамның жан сөзі. Елін, жерін сағынған ақынның әрі ойлы, әрі кестелі толғауы. Бұрынғы поэзиямызда айтылмаған сөз, берілмеген теңеулер. «Ақша бұлт, Алатауда жаралдың ба, кесте тігіп отырған қазақ қызының жібегімісің жел ұшырып әкелген?» деген әрі жаңа, әрі маңыналы, әрі сағыныш күшін көрсетеді. Соғысқа түк қатынасы жоқ болса да дәл соғыс үнін береді. Бұл өскен ақын айта алар сөз.

Сонымен бірге, Қасым мен Әбудің осы екі шығармасы, майдандағы ақындарымыздың ойлану, тереңдеу үстінде екендіктерін де дәлелдейді. Ойланғанда, қазақ кеңес әдебиетінің сапасын көтеру деген — мәдениетті орыс, европа әдебиеттерінің сатысына көтеру болатынын да айтып отыр. Өйткені бұл өлеңнің екеуі де «байырғы даңғыл» емес. Осы күнгі барлық кеңес поэзиясының жақсы үлгілерімен салыстыруға болатын шығармалар.

Майданнан жаңа леп келе бастады. Көп ойлар қорытылатын, көп қателер түзетілетін уақыт та жетті. Әдебиет қамын шын-ақ толғана ойлайтын болсақ, жаңа тақырыпқа жазам дегенде, ең алдымен сапалы болуын ойлайық. Ақын-жазушылардың қорлы жағы, оның үстіне «аға» тобы елде екенін естен шығармай, мынау майданнан соққан жаңа леп болса, соны көтеріп, тұтастырып әкетуді ойлайық.

Феномен-Феникс

1

Жылдар жылжып жасы жүзге ауысқанда, алып ақын атамыз Жәкең қарт жарық дүниемен қош айтысты. Соңғы күнінің соңғы сағатында қасында болдық.

Басын төмен салып, ойлы қабағын қарыс жауып отырған ұлы ақынның жүзінде үлкен өмірдің ізі бар. Соңғы сағаттарын санап отырғандай, ауыр халдің өзінде Жәкеңнің жүзінде салалы-салалы ойлар тұр. Қәрі саусақтар әлсін-әлсін мандайын сипап, түйілген бір ойды жазып жібергендей болады. Бұл кезде ақын жүзін жадыратып, аздап жымиып та қояды. Әлі де айтары көп, әлі де ұрпақ үшін қалдырар қазынасы көп ақын терең ойларға батып, ұзақ үн қатпай отыр. Әділдікті ашық айтып, қара күшке қарсы аттанып үйренген Жәкеңнің жүзінен кезек ауысқан ой толқындарын анық аңғарғандайсың.

Жәкең Ұлы Отаны мен бүкіл адам баласының алдында қарыздар емес. Өткен ауыр заманның әр асуында елі үшін, адам үшін сан рет майданға түсті. Әділдікті арашалап, жауыздықты жазалап, қашан да езілген елдің балуаны болды. Қазақ халқының мойынынан қос қабат қамыты алынбаған қара күндерде Жәкең жаумен аянбай алыса білді. Ақынның өткір тілі елді іштен-тыстан қосыла сорлатқан қос обырды сіледі. Соқпасы, соқтығысы көп заманда жалынды жүрек майданға қасқайып жалғыз шықты.

Ел тілегі орындалып, Ұлы Октябрь арқылы болашақ тағдыры айқын арнаға түскен дәуірде Жәкең жетпіс беске келген қарт ақын еді. Бірақ алып жүректің қуаты солғындаған жоқ екен. Зілдей басқан ауыр заманда еріксіз байланған тіл бір жола шешіліп, Октябрьден бергі жиырма бес жылдың ішінде Жәкең заманның жас бұлбұлы болды. Он үш жасынан бастап домбыра алып, суырып салма ақындардың ізімен келген Жәкең бүгінгі совет ақындарының алдына шықты. Бұл ең ұзақ, ең қиын жол еді.

Ұлы Жәкең ұлы Абайдан бір-ақ жас кіші. Жәкеңді толық ұғынам деген адам сонау Құнанбай заманынан бастап ізіне түсуі керек. Сол кезге көз салсаң, Абай мен Жәкең бір мақсатқа, бір тілекке ақындықтың екі түрлі саласын өрлей аттанған сияқтанады: бірі — жаңа әдебиет өнегесін жазу арқылы, бірі халықтың байырғы өнегесі — суырып салма ақынның жолы. Бірақ екі ұлы ақын атамыз тоғысар жерін совет дәуіріне байлаған екен! Әуелі ақындықтың байырғы саласымен аттанған Жәкең жазба поэзияға Абай түскен салаға совет дәуірінде келіп түсті. Түсіп қана қойған жоқ, заманына лайық үлкен мазмұн тауып, барлық совет поэзиясына жаңа бір үн қосты. Үлкен бір дәуірдің бұлбұлы барлық совет еліне бүгінгі ұлы істерді жырлады. Октябрьден кейінгі Жәкең поэзиясы Ленин атымен басталса, шаң жұтқан тарлан сол шабыстан танған жоқ. Ұлы көсеміміз Ленин бастаған ұлы істер, ұлы заман өсіріп ұшырған ерлері Жәкең поэзиясының арқауы болды.

Жәкең Ұлы Отан соғысының тұсында ерекше қайрат көрсеткен ақын. Отанын сүйген ұлы жүректен айтқан сөз неміс басқыншыларына атылған оқтай тиді. Отанын қорғаған әрбір совет жауынгері Жәкең жырларынан ерлік қуатын, жан азығын алып отырды. Ұлы Жәкең әрбір жауынгердің ар-намысын көріктей қыздырды. Жәкеңнің «Отан бұйрығы», «Ленинградтық өрендерім» деген өленді жарыққа шыққан күннен бастап, әр жауынгердің жүрегіне жазылып қалды.

Жәкеңнің бір арманы озбыр жаудың жығыла жеңіліп, тізе бүккенін көру еді. Озбыр жауын жыға жеңіп, тізе бүктірген ұлы елінің ұлы тойына арнаған өленін айту еді. Жәкең ол арманына да жетті.Жәкең ең соңғы өленін майдың тоғызы күні Жеңіске арнап айтты. Жүз жасаған Жәкең жырларының ең соңғы бетінде тап осы Жеңіс жыры тұрмақ! Бұдан ақтық орынды аяқталған өмір бола бермейді.

Жәкең қазақ халқынан шыққан жаңа заманның Гомері дейміз. Жәкең шығармалары ғасырдан ғасырға кетеді. Халық ақындарынан шыққан мұндай алып ақын болған емес. Еш уақытта, ешбір тарихта жүз жасаған ақынның ең соңғы сағатына дейін ақындық қуатының сарқылмағанын ешкім білген емес. Үздік дарын, сол үздік қалпынан танбастан жүзге шыға елімен қоштасты. Жәкең ел басына туған үлкен қауіпті ұлы партиямыз бастап, енді қайтып бас көтерместей етіп қара жерге көмгенін көріп, жаны тыныш, көңілі риза қалыпта қоштасты.

Қош, алып атамыз, ақын Жәке! Сіз бастаған ұзақ көш — ақындар көші жаңарған ұрпақпен бірге ұзара береді. Сіз қалдырған көп жырға солар ие. Сіздің атыңыз бен қалдырған сөзіңіз бүкіл Ұлы Отан халықтарының жүрегінде мәңгі сақталады.

Қазақ халқының бай эпосы елдің әр кездегі үміт-тілегіне байланыса туған, сондықтан ол өмірлік шындықтың, ел басынан кешкен күндердің дұрыс айнасы. Оның үстіне, біздің эпосымыздың құрылысын, адамгершілік тілек өрістеулерін, тартыс байланыстарын жете тексеріп қарасаңыз, ауыз әдебиеттің жөн-жосығына түгел бағына бермей, жазба поэзиясымен жақын шектесіп жатады.

Бұл айтқанымыз, әсіресе, қазақ халқының батырлыққа, ғашықтыққа арналған жырларында айқынырақ байқалады. Мысалы, сол жырлардағы батырлардың басынан кешетін қиын-қыстаулар, я болмаса, ерліктер әрдайым қазақ халқының өз басынан кешкен тарихи жағдайлармен, қазақ халқының әрбір тарихи кезеңдегі өз ерліктерімен тұрғылас келіп отырады, ұлан-байтақ кең жерді жайлаған сондықтан әр кезде ұйқысы сергек, құлағы түрік болуға тиісті ел ұл-қызын, елінің бостандығын, туған жерін жан аямай қорғау рухында тәрбиелеген. Осындай жағдайдағы қазақ елі салаcала болып келетін батырлық жырын жасаған. Ол жыр аналар үшін бесік жыры, аталар үшін баласына арнаған тілекбата сияқты болып елдің салтына кірген.

Жақынырақ таныссаңыз, қазақ халқының ғашықтық жайындағы жырларының өзінде толып жатқан батырлық астар бар. Батырлар жырларындағы Құртқа, Назым, Ақжүністерді былай қоя тұрып, Баян сұлу, Қыз Жібектерді алып қарасақ та, елдің аяулы қыздарына қолың жету үшін толып жатқан қауып-қатерден, ерлік көрінер сындардан өтуің керек. Көркем қыздар байлық пен ақсүйектікті құрметтемейді, ғашық жігіттің өз бойындағы адамгершілік қасиеттерін, қажымас-қайтпас жүрегін құрметтейді. Ғашықтық деген үлкен сезім үшін отқа, суға түсе алар қажыр-қайратын сынға салады. Сонымен қазақ халқының батырлық жайындағы жырлары былай тұрсын, ғашықтық жайындағы жырларының өзі жас буынның бойына ерлік қасиеттерін бере тәрбиелейді.

Қазақтың халықтық шығармаларының бұл қасиеттерін атай кетуімде екі түрлі негізгі себеп болды. Бірінші себеп — біздің халықтық қазынамыз әлдеқашан жасалып қалғандықтан осы күні құнын жойып болған, өлі бұйым емес, біздің заманымызға дейін поэзиялық көркемдігін жоймай, халықтың сусыны болып келген қазынасы. Он тоғызыншы ғасырдағы ұлт қозғалысының туын көтерген жалынды ақын Махамбет — қазақтың батырлық жырымен үндес. Күні кешегі Аманкелді батыр бастаған қозғалыстың тұсындағы ақындардың да түп ізі осы күрең жолдан тарайды.

Екінші себеп — туғанына жүз жыл толған, халықтық

поэзияның алыбы Жамбылдың да ұлы мектебі осы халықтық қор; қазақтың батырлық эпосы. Қазақтың батырлық эпосының бар жақсы дәстүрі мен өнеге-үлгісіне арқасын тіреп совет тұсында жиырма бес жыл мүдірмей сайраған ұлы заманның бұлбұл ақыны, СССР жазушылары Одағының тоқсан алты жасқа келген мүшесі, шаң жұтқан кәрі тарлан Жәкең Ұлы Отан соғысының дәуіріне айқасты.

Көп ұлтты, бір тілекті совет елінің үстіне бар салмағымен төнген, кешегі өткен дүние көрмеген обыр соғыс — совет халықтарының бірлік достығына, елдіктің негізіне, Ұлы Отанға кіретін әрбір халықтарға ерекше қатал сын болды. Сонымен бірге соғыс — әрбір совет адамының сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаздығына, қайрат-жігеріне де үлкен сын болды. Соғыс әуедегі, жердегі, судағы соғыс құралдарының инженерлеріне қандай сын болса, адам жанының инженерлері — жазушылар мен ақындарға да сондай сын болды. Өйткені, совет Отанын қорғайтын құралдардың бар түрі сынға түсті.

Міне, осы қауырт сындар тұсында тоқсан алтыға келген қарт ақын Жәкең өмірінің де, өнерінің де ең соңғы, ең ауыр беліне, жастай жайнап, құландай ойнап шыққанын көреміз. Бұдан бұрын поэзияның талай асқар биігіне шыққан Жәкең осы ауыр күндерде, қарттық мүгедектікке қарамай, соңғы жырларын бұрынғыдан да биік белге шығарды. Бұл өте ауыр сын еді. Жәкең өрге қарай өршелене шабатын салтынан танған жоқ, 1941 жылы 22 июньде Жәкеңнің айтқан өлеңі дүние құлағына шалынып еді. 1945 жылы 9 май, Жеңіс күні Жәкең фашистік Германияны жыға жеңген ұлы жеңісімізге арнаған ең соңғы өлеңін жырлады.

Жәкеңнің осы соңғы өлеңі, сексен бес жыл талмай-танбай жыр төккен алып ақынның бар шығармасының соңғы қазығы сияқты болып қалды.

Жиырма екінші июньде бүкіл халықтарын Отан қорғау сияқты ұлы іске шақырса, 1945 жылдың тоғызыншы майында сол халықтарды бастап жеңіске жеткізген ұлы қол басшымыз партияға арнаған, совет халықтарының ағасы орыс халқына арнаған соңғы жырын жырлап, елі мен жерінің болашағы үшін бар қауып-қатерлі ойлардан арылған қария ақын, көп ұзамай, ақын, жазушы ұлдарының алақанында елі мен жеріне, бүгінгі қуантқан жырына қош айтысты.

Қария ақынның Отан соғысы тұсындағы жырлары еліміздің жауына дегенде кекке қандай толы болса, Отанымызға дегенде аямай төккен мейірімге де сонша толы. Совет топырағының ұлы отаншылы, дәуір бұлбұлы, еліміздің намысын қоздырар, көңілін көтеріп, бойын сергітер, шаршағанға демесін, шөлдегенге сусын болар, суықта пана, ыстықта көленке болар жырын бұл кезеңнен аяған жоқ. Отанын сүйген ұлы

жүрек жыр дабылын бәсеңдетпей соқты. «Ел басына күн туcаны» жырлап өскен алып ақын домбырасын ала майданға ұмтылды.

Жәкеңнің қашанғы әдеті — әр кезеңнің алғашқы сөзін партия атымен бастайтын. Ел басына етігімен су кешер күн туған кезде де Жәкең алғашқы сөзін осыдан бастады.

«Сен шақырсаң, партия,
Әмірің ортақ маған да.
Төгіп жырдың нөсерін
Домбырамды алам да.
Айналам жас — нөкерім,
Мен де барам, қалам ба?»—

деді Жәкең.

Жәкеңнің дана жүрегі адал еңбекпен бейбіт отырған еліне жаудың да бір жарақтысы, азу тісі балғадай зымияны келіп соқтыққанын бірден сезді. Еңбек үстінде отырған елінің жарақты жауға бірден соққы бере алмайтынын да, ол соққының кейін берілетінін де, ол соққыны беру үшін бар күшті тастүйін ету керек екенін де Жәкең айқын ұғынады. Сондықтан, Жәкеңнің көп жырлары «Бар күшті майданға!» деген, мағынасы үлкен үш сөзді көкірегіне құяды. Жәкең ең алдымен бүкіл Советтер Одағының абырой-атағын жырласа, оның ішінде өз елі қазақ халқының намысына шілтер келмеуін де қатты ойлайды. Қазақтың майдандағы ұл-қызына ата-бабаның ерлігінен бастап, Лениннің данышпандығын айтса, еліне бар күшіңді, бар байлығыңды майданға арна дейді. Қарағандының көмірі, Шымкенттің қорғасыны, Жезқазған мен Балқаштың мысы дариядай тасып майданға жетсін дейді.

Дана ақын Жәкең күнбе-күн айтқан өлеңдерінің күнбе-күн майдандағы ерлердің құлағына шалынып жататынын да жақсы білетін. Жалынды жыры Отан қорғаушыларының жүрегіне от, бойына қуат қосатынын да жақсы білетін. Майдан өмірі ылғи арпалыс. Майдан таңы тез атады, майдан күні тез батады. Майданда от пен оқ қандай тез жұмсалса, көңіл қорегі де сондай тездікпен келіп тұруы керек. Жәкеңе жүздеген, мыңдаған жауынгер хат жазды. Бәрінікі бір тілек: «Жәке, тағы бір ауыз өлеңіңді жіберсең, ой тағы бір серігіп, бой тағы бір көтеріліп қалар еді»,— дейді. Жәкең «Гвардияшыларға», «Майданға хат» деген сияқты соғыстағы ұл-қыздарына арналған жырларын айтады:

«Шегінбе!» деп Отан тұр,
«Шегінбе!» деп халық тұр.
Халқың үшін бас тігу,
Отаның берген жарлық бұл!
Соны адал ұл орындар,
Сонда ғана өмір бар!
Елін есен сақтаған,

Арын жауға сатпаған.
Ана сүтін ақтаған
Балаларын сүйер шал!»

Қомандир Борис Сахаров пен жауынгер Дүйсекей Сейітов Жәкеңе былай деп хат жазған еді:

«Ұлы ақын, Жәке! Қазақ пен орыс халқының ұлдары фашизмді мәңгі-бақи құртудың әзірлігін бар окопта жасап жатыр. Бізге атақты өлеңіңді жібер, жәрдем етсін». Жәкең бұларға да арнаулы жауап қайтарды:

«Жауынгер, балам Дүйсекей,
Қомандир, балам Сахаров.
Сөздерің күшті бірегей,
Соққандай жауды жапырып...
Қәріліктің көнбей ырқына,
Жырлаймын жазғы жырды әлі,
Болысам жауды құртуға,
Қаһарман жұрттың ұлдары!»

Бауырлас — ел Украина, Белоруссия, Ресейдің батыс аудандары, уақытша болса да, жау қолына түсіп қалып, миллиондаған халық елден, жерден айрылып, босқынға ұшырағанда, Жәкеңнің қан жүрегі қақ айрылғандай болғанын көреміз. Барлық совет елінің бірлігіне, тұтастығына ел ақсақалының үлкен қуанышымен қарайтын қария осы кезде қатты қайғырды. «Сондай халге ұшыраған бауырлас елдерге қарт ақын рақым қолын созбаса, оны құдай кешірмес!»— дейтін еді Жәкең.

Украина жерін жаудан босатқан қазақ жауынгері тізесін бүгіп Украинаның топырағын сүйгенде, Жәкеңнің кәрі көзінен ыстық жастар домалап кетті. Сол қазақ жауынгерлеріне арнап, Жәкең былай деді:

«Украина топырағын
Көкірегіндей ананың.
Жауған оқтан жасқанбай,
Сүйіпті менің ұлдарым.
Жасыратын сыр ма бұл,
Естіп соны қарт Жамбыл,
Көкірегі күңіреніп
Жас ірікті бұл да бір».

Жау қолы Москва мен Ленинградқа төніп қалды деген хабар Жәкеңнің жүрегіне қыздырып қырықтық басқандай тиді. Жамбыл бүкіл Отанға «Аттан!» деп ұран салды. Дарынды жүрегінің бар күшімен «Москваға», «Ленин қаласындағы өрендерім» дейтін атақты жырларын төкті.

«Түсімде емес, өңімде,
Жау жанасып өлімге,
Қол салып біздің өмірге,
Ұмтылды саған, Москва!..

Ұлы-қызын елімнің —
Асылып жас өрімнің
Аттандырар ұлы күн,
Сын туды саған, Москва!
Москваны қорғасып,
Шығындар деп ұласып.
«Аттан!» деп дабыл қағамын,
Қуатты қыз бен ұл балаl
Сені жауға бермейміз
Мәңгі-бақи, Москва!»

Бұл сөздерді қазақ халқының батырлық жырының ұлы мұрагері Жамбыл ғана айта алатын еді.

Дүние жүзіне мәлім, Жәкеңнің Москва мен Ленин қаласына арнап айтқан жыры майдан мен елді одан әрі, бізбен одақтас, достас елдерді түгел аралап шықты. Аралап қана қайтқан жоқ, әрбір жауынгердің серігіндей окопта бірге жатты, әрбір совет азаматының ойы мен жүрегінде болды. «Ленин қаласындағы өрендерім» дейтін өлеңі Ленинград халқының жүрегін тербетіп, көзіне жас әкелді. Ата ақынның шын жүректен жарып шыққан достық сөзі әр жүрекке ем, әр іске сеп болды. Ақындардың ақсақалы Жәкең барлық совет халықтарының атынан Ленин қаласына жау тұмсығын сұқтырмайтынын айтты.

Жәкеңнің «Ленин қаласындағы өрендерім» дейтін жырының қандай маңызы болғанын ол жырдың Ленинград облыстық партия комитетінің үндеулерімен, жоғарғы қолбасшымыздың бұйрықтарымен қатар айлар бойы көшеде үлкен плакат түрінде ілулі тұрғаннан-ақ байқауға болады. Ленинград айналасында, белден су окоптардың ішінде қаланың қорғаушылары — орыс, украин, грузин, қазақ, өзбек, қырғыз, татар, тағы басқа совет халықтарының ұлдары жатты. Оларға бүкіл отанымыз, барлық өзен-теңіздеріміз, барлық қаладаламыз жәрдем етті, оларға Жамбыл да үздіксіз жәрдем берді.

Жәкеңнің соғыс тұсындағы әрбір жыры, майдан өмірінің әрбір асуына, соғыстың кәрлі қабағы қатты түйілген әрбір кезеңдерге байланыса туды. Алдырмас қамал Сталинград қаласына қауып-қатер түйілгенде, Жәкең атақты «Алынбас қамал» деген жырын берді. Фашизмнің ең бір сұрыптап әкеп салған ауыр қолы айлар бойы оқ пен оттың астына алып жатса да, Сталинград мойымады.

«Тыныштық күнде сөйлесем
Төгілген тілден шекер-бал,
Қатерлі күнде сөйлесем,
Сөзімде менің қаһар бар...
Жалын мен түтін ішінде,
Алынбас қамал пішінде,
Сталинград қалаң тұр
Жартастай берік күшінде!»—

дейді Жәкең.

Сталинградты қорғаушылардың ішінде Жәкеңнің ең жақсы көретін ұлы Алғадай бар еді. Жетінші гвардия Қызыл Тулы дивизия командованиесінің хабарлауы бойынша Алғадай өз пулеметінен сексен фашисті өлтірген. Жәкең жырлаған Сұраншы, Саурық батырлардың ұрпағы Алғадай Жәкең сияқты ақ иықтың ұясынан ұшып шыққанын түгел ақтап, ерлерше қаза тапқан. Баласының ерлігіне сүйінген Жәкең «Алынбас қамалында» Алғадай туралы былай деді:

«Жапырған жауды шалғындай,
Жібердім соңда баламды,
Сталинград қаланды
Қорғас деп жүрек жанындай!
— Алғадай,— дедім — аянба!
Әкеден тудың Жамбылдай.
Жырымды жеткіз ерлерге,
Майданға қаққан дабылдай,
Толқыны жойқын Еділге,
Қосылсын үнім дауылдай!»

Ұлы Отан соғысының тұсындағы Жәкең жырлары, оның алдындағы жиырма бес жылдық совет дәуірінде туған жалынды жырларының жалғасы деп қарауымыз керек. Қазақ халқының ұлы ақыны сол жиырма бес жылдық совет дәуірінде халық поэзиясының алыбы деген атақ алды. Октябрь революциясының бер жағындағы Жәкең жырлары жеңген революциясының гимні, тұтасып аққан бір сел сияқты. Жәкеңнің Ұлы Отан соғысы тұсындағы жырлары сол ұлы гимннің соңғы бөлімі.

3

Ұлы Абайдың құрдасы, көзі тірісінде Гомер атанған алып ақын атамыз Жамбыл дүниеге екі рет туып келген адам: тоғыз ай, тоғыз күнде ана құрсағынан туды, тоқсан жасқа келгенде заман құрсағынан тағы бір туды.

Анада алалық жоқ, қай баласын болса да мерзімді күні жарық дүниеге әкеледі. Қазақтың Гомерін туғызу үшін заман тоқсан жыл толғатты.

Көне грек Гомерінің қайда туғанына осы күнге дейін жеті шаһар таласады. Қай елден туғаны да осы күнге дейін даулы, қазақ Гомерінің туған елі — Ұлы жүз — Екей. Туған топырағы — Жамбыл тауының баурайы. Болашақ ақынға сол таудың атын қойған. Мүмкін, әкесі Жабайға — балам таудай биік, тастай берік, бұлақты, жылғалы, қыс ықтасыны болсын, жаз көлеңкелі саясы болсын деген ой келген шығар. Ол арманы қате кеткен жоқ.

Гомер анадан туды ма, ойдан туды ма, ол әлі таласта, қа-

зақ Гомерінің әке-шешесі де мәлім. Бірінші туғанда ана бесігінде өсті, екінші туғанда Отан бесігінде өсті. Тоқсан мен жүз жастың арасындағы он жылда ұлы Жамбыл Гомер атанды. Оны Гомер атандырған сол Отанның дүние тіршілігін азаттық, теңдік бақыт арнасына түсіруге арналған ұлы істері еді. Жәкең осыны жырлап Гомер атанды.

Ақын Жамбылдың екі рет туғаны да, түрлі заманда жасағаны да, өмірінің ең соңғы он жылында бүкіл дүние танығаң атақ алуы да — Феномен. Сирек кездесетін, себебін осы күнге дейін ғылым таба алмай қойған сыр. Әсіресе, тоқсан жас пен жүздің арасындағы он жылда ақындық дарынның бұрынғысына қарағанда еселеп шарықтап кетуі дүние жүзілік даналардың өмірінен де кездескен емес.

Көбіміз алпысқа толғанда пенсияға көшіп, жетпіске толғанда өмір шекарасының құламасында тұрғандай сезінсек, ұлы Жамбылдың даусы тоқсан жасында шырқап кетті. Бұл жасқа дейін көтерілмеген биігіне көтерілді. Ұлы Отан соғысының тұсында көп ұлтты совет поэзиясында Жамбылдан жоғары көтерілген ақын болған жоқ, Жамбыл даусы күркіреп шықты. Жамбыл сөздері ұранға айналды. Жамбыл сөздері жау жүрегіне оқ болып қадалды. Жамбыл сөздері жоғары командованиенің әмірімен қатар Смольныйдың қабырғасына ілінді. Бұл кезде Жамбыл жүзге таяп қалған еді. Ең алдымен жете түсінер, жете түсіндірер, сыры терең Феномен осы!

Жамбыл өмірге жымия қарап, сынай өскен ақын еді. Оның ойлы көздерінің түбінде қашанда бір сықақ ұшқыны тұратын. Әлденені түсіндіре бастасаң «Мені бір алжуға айналған шал деп отырсың-ау!» дегісі келгендей, мұрт астынан миығы жымия бастағанын сезуші едің. Айта бастағаныңды іліп әкетіп, өлеңмен өзіңе қайта айтқанда ақын жүрегінің ыстық жалынына, ой-сезімінің тереңдігіне таң қалатынсың.

Ұлы Октябрь революциясынан бұрынғы жетпіс жылдық өмірінде қазақ халқының тіршілігі оған бір ұйқас-үйлесімі келмей, ойды бұлдыратып тұрған өлеңдей сезілетін сияқты. Ақындармен айтысқанда, әр елдің ішкі-сыртқы тарпандығын сынағанда Жәкең осы жағын жаныштай сөйлейді. Ол бір қисыны қашқан, өз дәстүрімен түзеле алмайтын, өзіндік күшжігері сарқылып сал-бөкселенген, «қайран жиырма бес!» деп артта қалған дәуірін көксейтін өмір еді ғой!

Таң қаларлық бір нәрсе — өзімен тұтас ақындардың бірінде азырақ торығу болса, Жәкеңде ол жоқ. Түн артында күн барына шектенген емес. Қылыш астында, қыл аркан мойында тұрғанда айта алмаған, іркіп қалған сөздері болса қорлана берген, шыңдала берген. Ұлы революция ақынның барлық тұсауын талқандап, тас бұғаудан біржола босатқанда ағыл-тегіл жыр да жосылып жүре берді. Ғылым аша алмай

жеткен заман апатқа ұшырағанда талай елдің қымбаттысы мен қасиеттісін астына ала құлайды, топырақ астына, күл астына көме құлайды: грек мраморы, Мысыр жазуы, Александрия кітапханасы, көне түрік әліппесі, тағы-тағылар. Бірақ көмген мен көмілгендік біржола өлгендік, өшкендік емес. Жер бетінде ой зираты, поэзия зираты, даналық зираты жоқ еш жерде. Қай заманда туса да асыл ой өлген емес, поэзия өлген емес. Ой мен өлең балаң, балғын кезеңінен өтіп піскен кезде айналасына ұрығын шашады. Ол ұрықтар ойдан ойға қонып, жетіле түсіп, алдағы белдерден асып кете бермек. Тамыр жайып тарай бермек. Сөзге өлім жоқ. Сөз арқылы тараған ойға өлім жоқ. Оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізер адамның өзінің есі. Соның аты Феникс, ақындар қойған ат...

Қазақ ақындығының да талай шаң-боранның астында, талай қырғын астында сөніп кеткен кезі бар. Бірақ оның да жер астында қалған тас көмірдей қызынары бар, тұтанары бар, бір кезде қайта тұтанбақ. Өйткені өлең де адамның есінде сақталады.

Жамбыл жырлары маған талай ғасырлар бойында бір тұтанып, бір сөніп, халқымыздың есінде қала берген, тоқсанға келген ақынның жүрегінде қайта тірілген, халқымыздың өзінің жыры, өзінің сыры сияқты елестейді. Сондықтан да мақаланың аты «Феномен — Феникс» қойылды.

Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны

1

Қазақ халқының жарқын болашағы үшін алысып өткен ұлы ақыны Абай — бір елдің белгілі бір ғасырдағы ой өмірінің өрісі мен биігін көрсететін ақындардың қатарына қосылады.

Алысты болжаған терең ойдың, үлкен сарынның ақыны Абай алды-артын шолып, қазақ халқының жалғыз әдебиеті емес, бүкіл рухани мәдениетінің келешегіне жөн сілтеп кетті. Абай өз заманынан анағұрлым биік тұрған ақын еді. Ол өз заманы мен өз елінің қайғы-мұңын көтергенде соны тарихи даму жолындағы бар адам баласының тақырыбына айналдыра алды.

Абай қазақ халқының тарихындағы жаңа бір асудың тұсындағы ақыны. Бұл дәуір қазақ халқынан шыққан ой адамдарының ел болашағы үшін қатты толғанған кезі.

Абайдың ұлылығы — ол тарихи жағдайлардан адаспай,

алар бағытын, түсер жолын дәл тауып, қазақ елін ұлы орыс халқының бауырына бейімдеп, сол ұлы халықтың ұлы мәдениетіне құшағын кең аша ұмтылуында. Ойлы ақын Абай, бөріктіре келе жатқан патша отаршылдығының тұсында-ақ орыс халқының шын тұлғасын дұрыс танығаң. Советтер Одағының үлкен жазушыларының бірі Леонид Соболев «Орыстікі дегеннің бәріне кек, бәріне қарғыс айтқызып келе жатқан патшалық езу-қанаудың тұсында, Абайдың орыс мәдениетіне ұмтылуы шын-ақ таң қаларлық іс»,— дейді.

Ұмытпауымыз керек, Абайдың алдындағы және Абай тұсындағы «зар заман» ақындарының бет алыс бағыты Абайға тіпті ұқсамайтын.

Абай орыс халқымен ұғынысып, достасуға ерекше терең мән берген адам. Бұл қазақ халқының болашағының мәселесі деп қараған. Орыс халқының мол мәдениетіне терең бойлау, өз елінің алға басуының да бірден-бір шарты екенін айрықша терең түсінген. Абай мен орыс әдебиетінің классиктерінің арасындағы біте қайнасқан байланыста осындай үлкен арна бар.

Өмірден жалпы адамгершілік ұлы мағына іздеген Абай оңнан-солдан, шығыстан-батыстан келер жаңа идеяларға тіпті селқос емес еді. Бірақ, әрі ақын, әрі азамат Абай ешбір ойды екшемей-елемей ала да салмаған. Бар өмірін сарп еткен өмір жұмбақтарына шешу айтар, алға сүйрер ойды ғана алған. Сол алға бастар ойды Абай орыстың ұлы классиктерінен — Пушкиннен, Лермонтовтан, Белинскийден, Чернышевскийден, Толстойдан, Салтыковтан тапты.

Орыс классиктерімен толық үндесудің бірінші нәтижесі, Абай қазақ поэзиясының өзіне дейінгі халін басқа елдердің әлдеқашан басып өткен кезеңі деп тапты. Эпостың идеялық терендігі мен халықтық көркемдігінен айрылып, түрін ғана ұстап қалған «Зарзаман» ақындарының құр жылап-сықтауға, үмітсіздікке айналған «поэзиясын» мансұқ етіп, қазақ поэзиясын орыстың реалистік әдебиетінің жолына салуға тырысты.

Бұл жолда Абай жалғыз еді. Оның замандас ақындары Абайға ат тізесін қоса алған жоқ. Орыс халқының реалистік поэзиясын Пушкин бастап, Лермонтов одан әрі тереңдетіп әкетсе, қазақ әдебиетінде Абайға әрі Пушкин, әрі Лермонтов болуға тура келді. Бірақ, Абай бұл жолда жалғызсыраған жоқ. Өйткені ол өткен ұлы ағалары — Пушкин, Лермонтов, Некрасовпен де, кейінгі ұрпақ — бүгінгі совет ақындарымен де бірге екенін әбден ұғынды. Сондықтан Абай, өз тұсындағы кертартпа поэзияны түр жағынан да, мазмұн, бағыт жағынан да мансұқ етіп, бүгінгі мен болашақтың үні— реалистік бағытқа көшкен.

Ойлап қарасақ, Абайдың мұнысында үлкен мән бар. Ауыз

әдебиетке жақын жағдайдан есейген реалистік поэзияға бірақ қарғу — бұл революциялық адым!

Абай қазақ поэзиясына толып жатқан жаңа түр кіргізді. Абайға дейін «қара өлең», «жыр-толғау» түрлері деңінетін он бір және жеті буынды өлең түрлері ғана болатын. Абайдың осы жаңалығын да есейген орыс поэзиясының әсерінен жырып алып қарауға бола ма? Жоқ, әрине. Даралап алғанда Абайдың «айқыш» ұйқастары Пушкин мен Лермонтовтан келетіні айқын. Абай Пушкин мен Лермонтов шығармаларын аударғанда кейде ұйқасы мен шумағына дейін дәл түсіріп отырады. Бұл түрлер Абайдың өз шығармасына да байырғы түр болып қалады. Абай өлеңдерінің сонша бай түрлерін алып қарасаңыз, ол — Абайдың өзінің төл тумасы, оған дейінгі қазақ поэзиясының төл тумасы емес. Екінші, бұл тек қана «түр» мәселесі емес, поэзияны жаңа сатыға көтерудің мәселесі: терең ойдың бұзылмай-сынбай, оқушыға дәл жетуі үшін, мәніне түрі сай болу керек. Абай мазмұн мен түрді екі бөліп қарамаған. Міне, бұл есейіп-нығайған реалистік поэзияның салты. Абай «Жүректен тербеп, шымырлап бойға жайылар» дегенде өлеңнің түрін ғана айтпайды, сол әдемі түр арқылы бойды алатын ойды да айтады.

Абайға дейін қазақта дәл тақырыпқа құрылған өлең де болмайтын. Біздің «өлең» деген ұғымға сыймай қалатын нәрсе жоқ еді. Көпшілік ұғымында «өлеңді» түп-тұқымға бөліп дұрыс ұғынбау осы күні де жоқ емес. Бұ да поэзияның балаң шағын көрсетеді. Абай қазақ ақындарына поэзияның түп-тұқымға, түрге, тарауға бөлінетінін ашып берді. Мұны да Абай үшін өз топырағымызда әзір тұрған нәрсе еді десек, құр өзімшілдіктен басқа дәлеліміз болмас еді.

Қазақ поэзиясына сатира Абаймен кірді. Абай сатирасының түп ізі Салтыков, Некрасовқа қабысып жатады. Реалист ақын Абай реалист Пушкинмен, кекті Абай кекті Лермонтовпен үндес. Алған тақырыбын суреттеуі, дүние сезінуі, әр өлеңнің өзіне тән екпіні, жылата алар мұңы, ширата алар кектілігі, орыс халқының ұлы классиктерімен үндес келіп отырады. Абайда еліктеу де жоқ, «қарыз алу да» жоқ, табыну да жоқ; поэзияның өмірдегі орнын сол Пушкин, Лермонтовша ұғыну бар. Солай болған соң, «бірі құрау, бірі жамау» ақындарға ызалы Абай, реалистік поэзияның жақсы үлгілерін қазақ әдебиетіне мол-мол кіргізіп отырады. Оны орыс әдебиетіндегі, я басқа бір әдебиеттегі қалпында емес, қазақ әдебиетінің рухына төл тумадай қабыса кететін етіп кіргізеді.

Абайда еліктеу жоқ, үндестік барын даусыз дәлелдейтін көп өлеңдер бар. Абайдың «Жазы», «Қысы» Пушкин, Некрасовта кездесетін «Жаз» бен «Қыстарға» үндес. Бірақ, ол үндестік сезіну жағынан реалист ақындардың өз ойын өзінше дәл суреттей алу жағынан. Одан әрі десек, біріне жала жап-

қан боламыз. Бұл жөнде Пушкиннің «Ақыны» мен Абайдың «Ақын» дейтін өлеңін алып қарайық:

Пока не требует поэта
К священной жертве Аполлон,
В заботах суетного мира,
Он малодушно погружен...
Но лишь божественный глагол
До слухачуткого коснется,
Душа поэта встрепенется,
Как пробудившийся орел...

Бұл — Пушкин. Енді осылай басталатын Пушкин өлеңін Абайдың «Ақыны» мен салыстырып қараңыз:

Адамның кейбір кездері
Көңілде алаң басылса.
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлттан ашылса,
Сылдырар өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай.
Кірлеген жүрек өз ішін
Тұра алмас әсте жуынбай.
Тәңірінің күні жарқырап,
Ұйқыдан көңіл ашар көз.
Қуаттан, ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз.
Қыранша қарап Қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан, зұлымға,
Шиыршық атар, толғанар...

Мұндай екі ұлы ақынның бірінен-біріне ауысқан бір ауыз сөз жоқ, бірақ, бірдей сөз бар. Пушкин, Лермонтов поэзиясының Абайға тиген әсері ылғи осылай болып келеді.

Абайға үлкен әсер еткен ұлы ақынның бірі — Лермонтов. Абай Пушкиннің «Евгений Онегин» романының желісімен «Орыс қызы Татьяна» деп атарлық хатпен жазылған поэма жасады. Ал, Лермонтовтан «Қанжар», «Жартас», «Дұға», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», тағы-тағы көп өлеңдер аударды. Сөз жоқ, Абайға үндес келген Лермонтов поэзиясында «азаматтық сарынның басымдылығы. Көп соққы көрген, адал ойын өз тұсына ұғындыра алмаған Абай Лермонтовпен өте қоян-қолтық келеді. Абай да дәл Лермонтовша толғап:

«Жүрегім менің қырық жамау,
Қиянатшыл дүниеден:
Қайтып аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң әр неден»,—

дейді.

Сол кекті Лермонтовша.

«Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым.

тығын сезінгендік те бар. Абай ойының шарқ ұрып ізденуінің бір себебі осында болуға тиісті.

Абай әрі ұлы, әрі ұлттық ақын. Ұлы ақындардың орны тарихи мәні бар өзгерістерге, туған елінің бір сатыдан бір саты жоғары өрлей беруіне қай кезде бастаушы, қай кезде қостаушы бола білгеніне байланысты. Бұл жағынан алып қарағанда, Абай көзқарастарында ұлы жазушы Лев Толстоймен сарындастық бар. Толстой сияқты Абай да ескірген заманды, озбырлықты, шен құмарлықты, патшалық құрылысты, ояз бен болысты, тоң мойын бітеу феодалдарды, оның тамағы тоқтықтан азып бара жатқан жастарын қатты сынға алады. Бұл — үстемдіктің іргесін қашап, ордасын шайқайтын еңбекші, бұқара наразылығына мықты сүйеу болатын басшылық. Қалың бұқараның бірінші жауы феодал табы болса, ақынның қатты сынға алғаны да сол тап. Абайдың жақсылық іздейтіні — момын шаруа. Сондықтан бұл — қазақ даласының тарихындағы халық тілегін айтқан ақын, үстем тапқа қарсы болған, бұқараға сүйеу болған ақын. Ленин ұлы жазушы Толстойды сынағанда, оның феодалды монархиялы құрылыстың тас іргесін тітіреткенің аса ірі еңбек деп бағалайды; сонымен бірге, 1861 жылдан кейін Россияда капитал заманы орнағанда Толстойдың «деревнялық социализм» алданышынан аса алмай қалғанын аяусыз мінейді. Абайдың әлеуметтік көзқарасында да осы бар. Ескіні сынау жолында ол бұқара тілегіне басшы, ал, «Не істеу керек?» дегенде басшы бола алмай қалады. Оқы, үйрен, надандықтан құтыл, орыстан үйрен дегендері — бұқараға тасталған ұран.

Ленин 1840—1890 жылдардың арасын Россиядағы озық ойдың ұзақ іздену, көп азап арқылы марксизмді, революциялық теорияны тапқан кезеңі дейді. Лев Толстой осы елу жылдық дәуірге кіретін орыс халқының ұлы ойшылдарының бәрін де жақсы біледі. Алғашқы еңбегін басқан революцияшыл демократтың бағытындағы «Современник» пен Толстой кейін ажырасып кеткені де мәлім. Белинский, Чернышевский, Плеханов түгіл, Толстой Лениннің «Байкотқа қарсы» деген еңбегін ерекше қадағалап оқып, негізгі ойларының астын сызып қойғаны тарихқа түскен анықтама. Ал, Абай ше?

Біздің Абайды зерттеуші ғалымдарымыздың көпшілігі оның Михаэлис, Долгополов, Гросс, Леонтьев сияқты Чернышевскийден тәлім алған адамдармен жақсы танысып, достасып кеткендігін дәлелдейді. Бірақ, революцияшыл-демократтық саяси ағымның Абайға қандай әсер еткенін, Абайдың нені қабылдағанын тереңірек дәлелдейтін дерек бізді әлі күнге жоқтың қасы. Даусыз нәрселер: Абайдың «Дүниеге көзімді ашқан Михаэлис» дегені — қазақ халқын орыс халқымен достасуға шақырғаны, Россияның патшасына қас, еліне достық көңілмен қарағаны. Бұл ойларын бұқараға

арнап бөліп айтпай, елім деп тұтас айтқан күнде де оның прогрестік маңызы әлсіремейді. Шоқанда бұл бағыт терең де ашық, тура саяси мағынасында болса, Абай мұны көбінесе ақын тілімен, поэзиясының барлық бағытымен айтады. Бірақ, өрісі бітіп, алды біржола тұйықталып тұрған феодалдық даланың болашағы қайда, қай бағытта деген сұрауларға қоғамдық өркендеу тұрғысынан Абай берген жауап бар ма, оны толық ашып берген зерттеуші аз. Отар даланың тағдыры өз қолында емес екенін, өздігінен оңаша ізденіп ел бола алмасын анық білгенін Абайдың барлық шығармасынан да аңғаруға болады. Дегенмен, жоғары сұраулардың жауабы әлі күнге жорамал дәрежесінде қалып келеді. Біздіңше, өндірісті, капиталды қала мен феодалдық сахараның арасындағы революциялық қақтығысты көрмеген, мал баққан көшпелі елде өмірі өткен ақын қоғамдық өсудің сатыдан-сатыға көтеріліп ауысып отыратынын зерттемеген де білмеген. Революциялық марксизмді жақсы білген Толстойдың капиталистік дәуірден әрі жатқан «крестьяндық социализм» көзқарасында қалып қойғаны сияқты. Абай да шаруа мәселесінен жоғарырақ сатыға көтеріле алмайды, тіпті сөз қылмайды. Сондықтан да Абай Салтыков пен Толстой арасына айырма қоймай атайды.

Революциялы ой ордасынан алыс, қиыр шетте жасаған Абайға бұл кінә емес, анықтау ғана. Шыққан ортасының, заманының қалың шытырман қайшылықтары мен қараңғылығына қарамастан, Абай өз дәуірінің прогресті ақыны екенін, қазақ халқының озық ойы екенін көрсетіп кетті. Абай заманындағы қазақ халқының алдында тұрған тарихи сұрау-болашағының кіммен бірге екендігі еді. Абай соған тура жауап беріп, «Орыс халқымен бірге!» деді. Қазақ халқының ол кезеңі түгіл, бүгінгі күнгі тағдырын алдын ала шешетін негізгі сұрау да, жауап та осы еді. Абай осы әділ жауапты берді. Орыстың революцияшыл-демократтарының Абай жүрегіне терең орнаған ойы оның осы жауабында деуіміз керек.

Дала өмірінің мешеу ескілікке қамалып ұзақ қаңтарылып қалған кезінде Абай берген жалғыз жауап ел алдындағы тас кедергіні жұлып тастағанмен бірдей еді. Бұл — ең алдымен, даланың кері тартпа феодалдарына қарсы, ғасырлар бойындағы әдеттерге қарсы ашық айтылған бұқара тілегі, ел тілегі.

Осы жауабында біржола бекінген Абайдың ақындық тізгіні де шешіліп кеткендей. Қырық жасына дейін ақындығына жете мән бермей келген Абайдың барлық мұрасы соңғы жиырма жылдық өмірінде жасалған. «Басқа шауып, төске өрлеп, қара сөзге дес бермей жүріп» қырыққа келіп қалған Абай енді поэзияға шұғыл бет бұрады. Бұдан өлеңінің әлеуметтік мәнін Абай Чернышевский шәкірттері арқылы терең ұғынды деген жорамал жасауға болады. Екінші, «Орыс хал-

қымен бірге!» деген өз жауабы ақынның өзіне де жаңа серпін береді, бойын сергітеді. Ақындығы ерте танылған Абайдың қағаз бен қаламға кеш, бірақ, біржола мойын бұруы, бунап жүрген көп сұраулардың негізгі жауабын тапқанына байланысты болуға тиіс.

Қырықтан асқан Абайдың «жігіт ағасы», «ел ағасы», деген сияқты ел ішінде, әсіресе, ел ортасында қатты қадірленетін беделі тіпті күшейген кезі болу керек. Бірақ, Абай соның бәрін құрмалдық етіп, ақындығын табады. Бұл — әрине, прогресті үлкен ойдың әсері, ақын шабытына нәрлі де жаңа қорек табылғаны.

Қолын кеш сермегендігіне өкінішпен бастаған Абай бізге қалдырған қымбат мұрасын жазба әдебиеттің жаңа кезеңіне сай үлгімен жасағанын көреміз. Бұл күнге дейінгі зерттеулерге қарағанда, Абайдың өз еңбектерінің ден салмағы соңғы 20 жылына (1884—1903 жылдар) түссе, Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларын аударған кезеңі де осы. Бұдан екі қорытынды жасауға болады: 1) Абайдың өз шығармалары мен аударушылық еңбегі қатар жүріп отырған; 2) Абай творчествосындағы толып жатқан жаңа өлең түрлері Пушкин мен Лермонтов поэзиясының терең зерттеу нәтижесінен туған. Сондықтан да Абай жасаған жаңа түрлері әлі күнге ескірмей, бүгінгі поэзиямызға үлгі болып, кейде тіпті әлі меңгере алмаған үлгі болып қалып отыр.

Абайдың жаңа түрлер табуын сөз қылғанда, бұл жалғыз түр мәселесі емес, мазмұн мен түрдің бірлігі, тұтастығы екенін естен шығармауымыз керек. Біздің көп зерттеушілеріміз мұны әлі күнге ескермей келеді. Абай түрді түр үшін емес, айтайын деген ойын дәлірек, өтімді де ұтымды етіп айту үшін іздеген, жасаған да тапқан. Мысалы жазылуы төрт буын болса да, оқығанда түгел үш буын болып кететін:

«Несі өмір,
Несі жұрт?
Өңшең қырт,
Бас қаңғырт!»

біздің буынға бөлінетін силлабикалық өлеңдердей, бір сөзін бір сөзі лебімен бүркеп кетпейді, әр сөзін қаққан шегедей дәл оқытады. Болмаса:

«Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң,
Кімді көрсем, мен сонан —
Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қаштым жалма-жан»,—

деген шумақты алайық. Жексұрын адамды суреттеуге түйреп айтылған төрт-ақ сөзден құралған бастапқы екі жолы

жетіп жатса, безіп кетуіне берілген соңғы үш жолы қандай! Бір сөзін өзгертуге болмайтын, ауыстыруға болмайтын, ойынды әрі көркем, әрі дәл беретін түр осындай болу керек. Біздің кейбір ақындарымыз он бір буынды «қара өлеңді», кәрі әжесінің санды жіліктегеніндей, үшке шашыратып шашып, жаңа түр орнына ұсынып жүр. Бірақ, өзгені қойып, Маяковскийдің аудармасын оқығанында да мұның бәрі опоңай жиналып, «қазақы» қара өлең болып шыға келеді. Ақынның түйреп айтайын деген ойы төлеусіз қалады. Мүмкін, Абай силлаботоникалық өлең түрін жасауды мақсат етіп қоймаған шығар, бірақ, ол мазмұнға сай түр керектігін терең сезінген. Оны және ұлы Пушкин, Лермонтовтың реалистік поэзиясына сүйеніп іздеген. Бұл Абайдың қазақ поэзиясына сілтеп кеткен жөні, оны тереңдету біздің бүгінгі ақындарымыздың парызы.

Көңіл қоя қарасақ, Абай поэзиясының күшті жағы мазмұнына сай түр іздеген шығармаларында. Абайдың

«Ақыр заман жастары,
Қосылмас ешбір бастары...

болмаса:

«сыналар, ей жігіттер, келді кезің...»,—

деп басталатын өлеңдері, басқа біреу жазса, түкке тұрмайды дей салатын нәрселер, ойға да қонбайды, есте де қалмайды. Ал мазмұнына түрі сай келген «Сегіз аяқ», «Ем таба алмай», «Айттым сәлем, Қаламқас» сияқты өлеңдерін жұрттың көбі жатқа біледі. Абайды құрметтейтін, өскен дәуірдің ақындары оның поэзиямызды жоғары сатыға көтеруге жәрдемі тиетін жаңа түрлерін дамытуға міндетті. Өйткені, ол жалғыз түр емес, үлкен мағынасында поэзия мәселесі, кең шеңберлі көлемді мәселе, ұлы орыс поэзиясының өскен жолы.

Абайдың ең алғаш кездескен поэзиялық мектебі орта ғасырлық Шығыс еді:

«Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Навои, Сағди, Фирдоуси,
. . . . . .
Мәдет, я шағири фәрияд!»

деп, Абай солармен медет тілеп бастады.

Бірақ, поэзияның жаңа замандағы әлеуметтік маңызын жете ұғынған ұлы ақын өзінен кейінгі қазақ поэзиясына Батысты, оның ішінде орыстың реалистік поэзиясын мектеп етуге жөн сілтеді. Өзі Шығыс мектебінен бастаған, Шығыстың барлық ұлы ақындарымен терең таныстығы бар Абайдың аяқтап келгенде орыстың реалистік әдебиетінің жөнін сіл-

теуі — терең мағынадағы прогрестік көзқарас. Мұның нәрлі де құнарлы бағыт екенін біз қазіргі қазақ совет әдебиетінің өркендеу тәжірибесінен де көріп отырмыз.

Осы берік бағытын Абай өзінің әдебиеттік еңбегі мен қазақ халқының сезім-санасына, әсіресе, көркемдік сезімі бар ақын-әншілеріміздің сана-сезіміне өзгерместей-өшпестей етіп мықтап құйып кетті. Абай заманындағы қараңғы қазаққа Пушкин, Лермонтов шығармаларын жатсырамастай жатық етіп аударып беру деген тарихи маңызы бар еңбек. Бұл — ойға ұялаған берік көзқарас арқылы өз мойнына өзі жүктеген әлеуметтік, елдік мағынадағы үлкен еңбек. Пушкин, Лермонтов жырларын Абай өлеңімен де, әндерімен де тұрақты да өмірлі етіп қазақ халқының сезім дүниесіне сіңіріп кетті. Сондықтан, осы күнге дейінгі қазақ тіліндегі Пушкин мен Лермонтовты еске алғанда, ең алдымен, Абай аудармасы тілге оралады.

«Таңғажайып, бұл қалай хат
Мағынасы алыс, өзі жас?
Сөзі орамды, әр түрі жат,
Және әдепті, және рас...»—

деп, бас қосылған жерде біреуіміз бастасақ, енді біреу:

«Бұл күнә емес, әншейін наз,
Сағынамын айтамын.
Досың-ақпын, тағдыр араз,
Толғанамын қайтемін...»—

деп созып әкетеді.

Абай аудармаларының еркіндігі, дәл еместігі, кейде қосып, кейде жонып отыратындығы мәлім нәрсе. Бірақ принципінде бұл бір тілдегі шығарманы екінші тілде қайта жасау жолына (воссоздание) жақындайды да, біздің заманда өсіріп-өркендетуді тілейді. Абай аударып отырған шығарманың рухын, поэзиялық көркемдігін ақыл мен сезімге дәл тиетін етіп шығарады. Абай — жасаушы да өзі, сыншы да өзі болған ақын. Оның айналасында көркем сөзге бейім адамдар болғанымен, бұрын болмаған жаңа поэзияға жәрдем етер бірі жоқ. «Аттың сыны», «Жаздыкүні шілде болғанда» сияқты өлеңдеріне пікір айта алса да, терең сезім, жаңа тенеу, жаңа түр, ой жағынан оларға сүйене де, сене де алмайтын еді. Абайдың ұстазы да, мектебі де — XIX ғасырдағы орыс халқының озық поэзиясы, әсіресе, Пушкин мен Лермонтов.

Абайдың кейінгі елу жылдың ішінде қазақ халқының жазба әдебиеті XIX ғасырда арман ете алмайтын биікке көтерілді. Абайға қоя алмайтын сындарды көтеретін үлкен әдебиетке айналды. Оның аты — қазақ совет әдебиеті, ол —

советтік ұлы дәуіріміздің жемісі, өскен ойдан туған, өзінің әлеуметтік асыл құрал екенін таныған әдебиет. Біздің осы табыстарымызда қазақ халқының барлық болашағын ұлы орыс халқымен біріктіруге өшпейтін еңбек еткен ұлы ақынымыз Абайдың да үлкен еншісі бар. Оның тарихтан алар орны да осында, ол қазақ халқын ұлы орыс халқымен достастыруға сіңірген еңбегі арқылы барлық рухани өрімізге жөн сілтеді.

Халқымыз таныған жазушы

«Өз жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін!».

1

Жақын арада Қазақстанның мәдениет жұртшылығы еліміздің ең бір белгілі үлкен жазушысы Сәбит Мұқанов жолдастың әдебиетімізге әр саламен келетін мол еңбегі 25 жасқа толғанына қадыр-құрмет көрсетіп, той жасап өткізді. Сәбит — саяси санасы оянғаннан бастап, бар еңбегім халқыма деп келген, әр кезеңнің сынды өткелдерінде қашан да елімен бірге болып, еліміздің мәдениетін сатыдан-сатыға көтеруде үздіксіз көп еңбек сіңірген, қалың еңбекші бұқараның ортасында өте сүйікті жазушы. Сәбиттің еңбектері — халық қазынасы, ел мақтаны. Сәбитті қазақтың елінен, елді Сәбиттен айыратын ешбір саңылау болған емес. Сондықтан, Қазақстан Орталық партия Комитеті әдебиет еңбекшісінің елі мен Отанының алдындағы адал еңбегін айрықша бағалап, еліміз бен мәдениетіміздің өте қадырлы адамдарының бірі — жазушы Сәбит Мұқановтың 25 жылдығын тойлап өткізуге қаулы алған еді.

Владимир Ильич Ленин: «Революция темір кісентас бұғауда болып келген күштерді босатып, түпсіз тұңғиықтан өмірдің бетіне шығарды»,— дейді. Ұлы Октябрь революциясының арқасында бұрынғы қараңғылық пен мәдениетсіздіктен құтылып, Советтер Одағының бар елімен бұлжымайтын достық, айнымайтын бірлік негізінде қол ұстасып алға басқан Советтік Қазақстан бүгін мәдениет іргесін берік қалаған елге айналды. Күні кеше 25 жасқа толғанын мейрамдаған Советтік Қазақстан барлық отанымыздың алдында шаруашылық, ғылым, мәдениет, оның ішінде әдебиет майданындағы табыстарын ұялмай ортаға сала алды. Сәбит Мұқанов — ең алдымен, осы өскендіктің бір үлкен айғағы.

Большевиктер партиясы, Ленин сынды ұлы көсеміміздің нұсқауын жүзеге асырып, жаңа туған жас совет әдебиетінің өсіп-өркендеуін ең алғашқы адымынан бастап-ақ өз қолына

алды, оңға-солға, артқа-теріске тартқан шимай-шытырман идеялық күрестерден өзі бастап өткізді. Күрес үстінде мәдениетіміздің советтік жаңа қайраткерлерін баулып шығарды. Сол партияның өз қолынан тәрбиелеп шығарған қайраткерлерінің бірі — коммунист жазушы Сәбит Мұқанов болады.

Сәбит — 25 жасқа толған Советтік Қазақстан республикасының да, 25 жасқа толған қазақ совет әдебиетінің де түйдей құрдасы. Сондықтан, Сәбиттің 25 жылдық тойы — қазақ совет әдебиетінің де тойы. Өйткені, сол өскен әдебиетімізде Сәбит, жоғарыда айтқандай әр саламен келетін мол еңбегімен, өзіне лайық үлкен жазушының, бастаушы жазушының орнын алады.

«Өз жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін!»— дегендей, мәдениет, ғылым қайраткерінің қайсысының болса да елеулі еңбегіне ерекше қадыр-құрмет көрсетудің өте үлкен қоғамдық мәні болады. Жұртшылық құрметі, ел алғысы арналған адамның өзіне де өзгелерге де жаңа бір екпін, рух қосады. Әсіресе, мәдениет қайраткерлерінің сезіміне ел алғысынан артық әсер ете алатын нәрсе болмасқа керек. Сәбит тойының тағы бір үлкен мәні осында.

Қазақ совет жазушыларының ішінен ең алдымен Сәбиттің еңбегін тойлап отырғанымыз да заңды нәрсе, өйткені Сәбит қазақ совет әдебиеті туар кезінде бесігінің басында еді, содан бері сол әдебиетпен бірге жасасып келеді; тек қана бірге жасау емес, байшыл-ұлтшыл, революцияға қарсы идеялық күресте бүгінгі жазушылардың арасынан ең алғаш қолына қаламын сойыл етіп көтеріп шыққан Сәбит еді. Одан бері совет әдебиетінің іргесі бекіді, інілер ер жетті, жолдастар көбейді. Бірақ, қазақ совет әдебиетінің аяқтанбаған дәуірінде, қазақ ұлтшылдары қазақта совет әдебиеті болуға мүмкін емес дегенге дейін жеткен дәуірде бүгінгі ақын-жазушыларымыздың көбі әлі майданға белсене шыққан жоқ еді.

Қазақ совет әдебиетінің қайраткерлері ең алдымен ұлы орыс халқының он тоғызыншы ғасырдағы Пушкин бастаған реалистік әдебиетімен тәрбиеленді. Одан гөрі де қолма-қол қолтықтаған әсер Горький бастаған революциялық совет әдебиетінікі. Ал, байшыл-ұлтшылдар жаңа туып келе жатқан қазақ әдебиетін ұлттық шеңберге қамап, Советтер Одағының революциялық әдебиетінің арнасына түсірмеуге жанталасты. Сол дәуірде осы ұлшылдық иіс-қоңыстан жаңа әдебиетімізді аулақ ұстауда. Сәбиттің еңбегі туралы айтылар сөзді біздің басқа жазушыларымыз туралы айта алмаймыз. Сәбит — идеология майданында партия жолы үшін әрі белсене, әрі айнымай күрескен жазушы. Бір жағынан, өзінің мол шығармасымен, екінші жағынан, совет әдебиетінің жас қайраткерлерін өсіріп шығаруға бар күшін салды.

Ленин саясатының мәдениет майданында жеңіп шығуы

арқасында, қазір біз әр саласы да нығайған қазақ совет әдебиеті бар деп айта аламыз. Түрі мен мазмұны осындай жоғары дәрежеге көтерілген қазақ әдебиеті бұрын болған емес. Бұрынғы ғасырларды түгел алсаң да, қазақ халқының мұндай әдебиеті болуға мүмкін емес еді. Міне, осы идеялық-көркемдік жағынан бұрынғымен салыстыру болмайтын әдебиетімізде дарынды жазушы Сәбит Мұқанов төрден орын алады.

Қазақ совет әдебиетінің алғашқы пионерлерінің бірі Сәбит Мұқанов қоғамдық және әдебиеттік іске екі дәуірдің айқасқан кезінде кірісті. Жалшы Мұқан Шөкейұлының баласын қоғамдық күреске терең тұңғиықтан көтеріп шығарған Октябрь революциясының толқыны. Сәбит құлдық еңбекте шірітетін жалшы өмірін жастай өз басынан өткізді. Ақысыз ауыр еңбек, сорлылық пен бейшаралық, аяқ астыға үнсіз көну — қазақ жалшысының күні осы болатын. Жалшы Сәбиттің көрген күні де осы да. Төл үйде туып, әке-шешеден ерте айырылған жетім бала көзге түрткі, көп зекудің астында өсті. Аты-тоны сай ағайын бір жетімін қабақ шытпай-ақ асырай аларлық жайы бар еді. Бірақ, өзімшіл орта туысқанын қадірлеуден гөрі оның ақысыз еңбегіне қызықты. Әр есіктен отынмен кіріп, күлмен шығып жүріп, Сәбит надан молдалардан үзілді-созылды оқып та жүрді. Бір кезде өзі де «молдалық» құрып, бала оқытуға кірісті. Бірақ, ол заманның заңы сол — жалшы баласы жалшылықтан құтыла алған жоқ.

1916 жылғы патшаға қарсы қозғалыс тұсында Сәбит көп нәрсенің куәсі еді. Ол еңбекші қазақ халқының азаттыққа ұмтылғанын да көрді, байлар мен бай тобынан шыққан «көзі ашықтардың» сол қозғалысқа іштен ірткі-бүлік боп тигендерін де көрді. Сезімтал жүректі ақын бала халқының ауыр халымен, алға ұмтылған ақ тілегіне, әрине, үнсіз қала алған жоқ. Осы революцияның босағасына таянған жылдарда ел арасына Сәбиттің алғашқы сықақ өлеңдері тарай бастады. Бұл өлеңдері обыр байлар мен жылмаң атқа мінерлерге әлсіз қолмен сілтенген найзадай еді. Ұшы да бар, жарқылдайды да, бірақ қан шығара қадала алмайды. Мұндағы ең айқын нәрсе — жәбір көрген кедей-жалшыға жығыла болысайын деген ақын сезімі. Сондықтан, осы кезде-ақ еңбекші бұқараның арасында Сәбиттің беделі көтеріле бастады. Зәбір көрген, жапа шеккендер «Әлгі, жаман Мұқанның жетім баласына» дұшпанына қарсы өлең шығартып алып жүрді. Жетім баланың аты Сәбит екені де ел аузына ілініп қалды.

Осындай, талап зор, талпыныс көп, бастаушы жоқ кезінде Сәбит Октябрь революциясының толқынына жолықты. Ауылдағы жалпы жалшының ой көлеміне сия қоймайтын үлкен дауыл жер қозғалтқан ұлы күймен, сарын салған үнмен қазақ даласына келді.

«Басыңдар, жолдастар, аяққа,
Атқанда бостандық таңы!
Жайылсын кең шалқып жан-жаққа,
Орнасын бостандық заңы!»

Қазақ даласына ең алғаш келген, күреске шақырған революция үні осы еді. Осы үннің лебі ұшырып, Сәбитті даладан қалаға алып кетті. Сәбит бостандықты үйде жатып күтпей, өзі іздеп барып қарсы алуға кетті.

Бірақ, Октябрь революциясынан кейін Сібірде ақтар төңкерісі болып, Колчактың диктатурасы орнады. Қазақ байлары ақтармен қолтықтасып өзінің партиясын жасады. Байшыл оқығандар бұл күнге дейін «Елім» деген ұранды бүркеніп, жасырып келген түпкі ойларын бірте-бірте жарыққа шығара бастады. «Алаш» партиясының революцияға қарсы беті ашылды.

Бұл дәуір саяси жақтан әлі пісіп жетпеген бұқарашыл интеллигенция үшін өте бір қауіпті кезең еді. «Қазақ халқының бостандығы үшін!» деген жалған ұранға алданған бұқарашыл оқығандардың кейбіреулері «Алашорданың» батпағына азды-көпті былғанып шықты. Ал, Сәбит 1918 жылы Омбы қаласында мұғалім курсында оқып жүріп, бұл былғанышқа ұрынған жоқ. Мүмкін, елден жаңа келген білімсіз жігіт көзге де түсе қоймаған шығар. Бірақ, негізгі себеп кедей-жалшы тобынан шыққан жас «Алаш» қиғылықтарының тегі жат екенін аңғаруында болу керек. Оған дәлел — келер жылы (1919) Сібірде совет өкіметі қайта орнаған күннен бастап саяси-қоғам жұмысына белсене қатынасып кетеді. Сәбит 1920 жылы большевиктер партиясының қатарына кіреді де, сол жылдан Сәбиттің шын мағынасында қоғамдық және әдебиеттік еңбегі басталады.

Сәбиттің ең алғаш баспаға шыққан өлеңі «Бостандық» та, әңгімесі — «Түсімде». «Бостандықта» ақын шын бостандық әкелген революцияны құттықтап қана қоймайды, еңбекші елге оның мазмұнын да түсіндіргісі келеді.

Содан бері міне дәл жиырма бес жыл өтті. Бұл — өнімді еңбекті үлкен жазушының жиырма бес жылы. Осы жиырма бес жылдың ішінде Сәбит алпыс мың жол өлең мен поэма, алты роман, он шақты пьеса мен либретто, ғылми, тексеру жағынан жеті кітап, толып жатқан мақалалар жазыпты. Егер Сәбиттің қаламынан шыққан бар еңбегін жинап бастырсақ, көлемі 15 баспа табақтан 30 баспа табаққа дейін болатын 25 том болар еді. Қалам деген қағаз бетіне қалай болса солай, ойнақтай бермейді. Көркем сөз миға күш, ойға жүк салып, жүректен толғанып қана шығады. Жылына үлкен бір том кітап жазып отырған Сәбит — қазақ совет көркем сөзіне көп еңбек сіңірген адам.

Сәбит еңбектерінің бірнеше өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен, Сәбит — ақын, Сәбит — жазушы, Сәбит — драматург, Сәбит — әдебиет тексерушісі, Сәбит — қазақ совет әдебиетін ұйымдастырушыларының бірі. Сәбиттің шығармалары әдебиетімізге берік негіздің бірі болып кіреді.

Екінші, советтік Қазақстанның 25 жылдық өмірінде басынан қандай күрес күндері өтті, бұрын мал баққан қазақ елі тарихи қысқа дәуірдің ішінде қандай ірі табыстарға жетті, осының бәрінің ізі Сәбит шығармаларына айқын түскен: ол — әйел теңдігі, ол — мемлекет ісін басқаруға жеткен батырақ, ол — колхоздасу негізінде өзгерген ел, ол — Қазақстанның өндірістері мен жұмыскер өмірі, тағы-тағылар. Қазақстанды артта қалған отар елден шаруашылық-мәдениет жағынан бірдей алға басқан ел ету үшін партиямыз бен өкіметіміз қандай шаралар қолданса, соның бәрі де желісін үзбей, Сәбит шығармаларынан толық көрініп отырады.

Үшінші, жоғарыда Сәбит қашан да елімен бірге болған жазушы дедік. Соның әсері Сәбиттің шығармаларында да айқын. Сәбит қашан да қалың еңбекшінің ұғымына барынша түсінікті болуға тырысады. Сәбит шығармаларының көркемдік жағынан өсуі әрдайым қалың көпшіліктің мәдениетінің жоғарылауымен сәйкес келіп отырады. Көпшілікке түсінікті болам деудің кейде шығарманың сапасын түсіріңкіреп жіберген уақыттары да жоқ емес, бірақ мұның көпшіліктің халдарына қарайлау сияқты бас себебі де бар.

Төртінші, Сәбит — Горький бастаған совет әдебиетіндегі әрбір жаңа лепке қоян-қолтық келуге тырысқан ақын. Сәбиттің бұл талабы екі мәселеде өте айқын көрініп отырады: 1) бүгінгі өмірді, бүгінгі совет адамдарының ісі мен бейнесін көрсетуде, 2) жаңа мазмұнға жаңа түр іздеп, Маяковскийдің поэзиясына ұмтылуында. Айта кету керек, соңғы мәселе жөнінде Сәбит өзге ақындарымыздан үздік алда тұр. Сәбиттің бұл бағытының маңызы біздің әдебиет үшін өте үлкен еді. Өйткені, байшыл жазушыларды былай қойғанда, біздің қазақ совет жазушыларының өзінде ескі өмірді жазуға бейімділік көп. Бүгінгі өмірді әдебиетімізге арқау етіп, мазмұнына қарай түр іздеуге тырысқан бағыттың маңызы, әрине, ерекше болмақ.

Сәбит шығармаларының осы сияқты бірнеше негізгі ерекшеліктерін атап өткеннен кейін, енді соның әр саласын сөз қылатын болсақ, алдымен ақын Сәбитке тоқтауымыз керек.

Сәбит поэзиясын тегінде екі дәуірге бөлген дұрыс сияқты. Бірінші дәуірі — 1920—1930 жылдар ақынның өсіп, ер жеткен кезі. Бұл кезде Сәбит түр жағынан түгел бұрынғы шеңберде. Бірақ, идея-мазмұн жағы түгел жаңа. Бұл дәуір «Сұлушаш» сияқты өлеңмен жазылған романмен — үлкен

қорытындымен аяқталды. Сәбит жұртқа совет әдебиетінің үлкен ақыны екенін танытты.

Бұл дәуірдегі Сәбит поэзиясы жаңа тақырыпқа, жаңа идеяларға, күнбе-күн өмірді көрсетуге өте бай. Бірақ, көркемдік жағынан едәуір ақсап отырады. (Мысалы, «Жалшы», «Октябрь» поэмалары). Аздап солақай ағымның әсері тиген ақын бұрынғы ақындардан түр үйренуге де бармайды, яғни, бұрынғы түрлерді байшыл ақындардікі дегендей ыңғайы бар. Аздап ұлы Абайдың өзімен де даулы. Лириканы «еркек-әйелдің» ғана мәселесі деп қарап, оған да жуи бермейді. Әзір рабфактан алған ғана білімі бар ақын озық орыс әдебиетін де меңгере алған жоқ. Мазмұны, түр арасындағы шалғайлықтарын пайдаланған ұлтшылдар Сәбиттің иығынан түспегілері келеді. Кейде олар Сәбитті совет әдебиетінің өз тұрғыларынан да қыбын тауып соғады. Бірақ, түпкі тілектері және белгілі. Саяси және жалпы білімнің аздығы Сәбит шығармаларының түрін әлсіретіп, кейде идеясы мен мазмұнына да дау туғызып отырады.

Бірақ, бұл кемшіліктер өсіп келе жатқан өнімді ақынның шығармасының жалпы нәтижесіне елеулі әсер ете алған жоқ. Ақын Сәбит үздіксіз алға басып, алған бағытын тереңдете, құлашын кең жая түсті. Сол алғашқы дәуірдің өзіндеақ төменнен жоғары өрлеп, кемшіліктерін бірте-бірте жойып, қазақ совет поэзиясының ең іргелі ақыны болғанын көреміз. Оның ең даусыз дәлелі — жоғарыда айтылған «Сұлушаш» романы.

Біздің қазақ совет әдебиетінің өмірінде елеулі екі кемшілік болғаны кімге де болса мәлім. Бірінші, әдебиет көзімен қарағанда, сауатты, әдебиеттің алдына жарығын төгіп, жазушыға жәрдем беріп отыратын большевиктік сын болмады. Ондай сын қазір де өте әлсіз. Екінші, жазушылар арасындағы жік ауруы жазушы мен оның шығармасы жөнінде әділ пікір айтқызбай, әдебиетімізге үлкен бөгет жасап келді. Біреудің кемшілігін жасыра айту, енді біреудікін асыра айту сияқты жаман салт сүзек аурудай созылып, өте ұзақ жасады. Мұның салдары Сәбитке де, басқа ақын-жазушыларға да тиді.

Із аңдып, кезін күткен ұлтшылдар осының екеуімен де қатты пайдаланды. Совет жазушыларының арасындағы ала ауыздықты пайдаланып, олар кезі кеп қалғанда, совет әдебиетіне шабуыл жасап отырды. Сол шабуыл астына ең көп түскен ақынымыз да осы Сәбит еді. Әлі белін бере қоймаған ұлтшылдар баспа маңын қоршап алып, Сәбиттің шығармасын бастырмай тастағаны да бар. Тек қана Ленин партиясының тікелей қамқорлығы арқылы Сәбиттің алғашқы жинағы дүниеге шыққан.

Қызуы басылмаған жас ақын Сәбит, ұлтшылдармен бі-

раз сойылдасып алып, 1925 жылы Москваға барды. Бұрын артта қалған елдің жас ақыны, бүгін совет әдебиетінің мәселесімен келіп отырған Сәбитті үкімет басшысының бірі қабылдайды. Ол жаңа бой жазып келе жатқан қазақ совет әдебиетінің егжей-тегжейімен танысып, ақылын айтады. Содан кейін Сәбиттің жинағы да басылып шықты.

Партиямыздың даналық нұсқаулары біздің әдебиетімізге де, Сәбиттің өзіне де ерекше әсерін тигізді. Ең алдымен, совет әдебиетінің сара жолына екі аяғын тап басқан қазақ жазушылары басын қосып, ұйымын құрды. Әдебиет тағдыры туралы әр ақын-жазушы оңаша ғана ойланбай, бірігіп қолға алатын іске айналдырды. Екінші, осы жылдардан бастап Сәбиттің шығармалары да жаңа бір бетке, күрделі көлемге шыға бастады. Ақын бұрынғысындай жаңа өмірдің бетімен қалқыңқырап кетпей, оның ішкі мағынасын терең ұғынуға тырысып, поэзияның желілі түріне көшті. Сәбиттің көп поэмалары осы кезде туды. Бұл дәуірдің алғашқы кезеңіндегі Сәбит поэмаларында схематизм, жалаңаш социологизм бола тұрса да, өмірді жаңа негізде қайта құрып жатқан совет адамдарының бейнесін жасап, ісін көрсетуде ақын бірте-бірте шеберлене береді.

Рас, Сәбиттің бұл кездегі поэзиясында көзің бір түссе, айыра алмайтын суреттер, бір оқысаң, есіңде қала баратын дәлме-дәл теңеулер, тұлғалы бейнелер сирек кездеседі. Бірақ, ақынның идеялық тазалығы мен табандылығы көп кемшіліктерін жуып жіберіп отырады.

Бұл дәуірдің кесек қорытындысы —«Сұлушаш» романы. Бұл — Сәбиттің бұрынғы поэзиясының бәрінен жоғары, өте көркем жазылған, кең тынысты, серпінді ақындықтан туатын еңбек. Дарынды ақынымыздың терең толғануынан туған «Сұлушаш» қазақ совет поэзиясының іргесін бекітті десек, асыра айтқан болмасқа керек. Өйткені, бұл тек қана Сәбиттің тұңғыш табысы емес, қазақ совет поэзиясының да ең күрделі тұңғышы еді.

«Сұлушаш» романында Сәбит поэзияның халықтық түрін жаңа бір белге көтеріп тастады. Романның композициясы, тіл теңеулері адамның ішкі дүниесін терең көрсетуі, идеялық астары түгел өскен әдебиеттің жақсы үлгілерімен келеді, ақынның піскендігін көрсетеді. Сәбит — мұнда әр сөзіне жауапты екенін әбден ұғынған суретші. Әсіресе, ерекше атауды керек ететін нәрсе — ақын ескі өмірге жаңа заманымыздың көзімен қарай алған. Тақырыбына жалпы адамгершілік идеядан туатын астар берген. Халқымыздың түсінігіне таныс материалды алып, теңдікке, азаттыққа ұмтылған жастардың сырт бейнесін шебер жасаумен бірге, ішкі қасиеттерін терең бере алған. Бұрын Сәбит лирикаға бой ұрмай келсе, «Сұлушашта» ол көзқарасын түгел өзгертеді, адам сезіміне

терең бойлайды. Бұрын Сәбит Абай поэзиясына аз-кем салақайлықпен қараса, енді оның ізі де жоқ. «Сұлушаш» Сәбиттің Пушкин бастаған орыс халқының поэзиясы мен Абай сарынын бойына әбден сіңіргенін көрсетеді. Сондықтан да «Сұлушаш» сол дәуірдің кесек қорытындысы, ақынның кезекті табыстарының бірі ғана емес, ақынымыздың да, қазақ совет поэзиясының да жаңа белі болып қалды.

Сәбит поэзиясының екінші дәуірі — 1930 жылдың бер жағында совет ақынының творчестволық жолын, идеялық және көркемдік мақсатын ізденуден басталады. Бұл кезде Сәбит Маяковскийге шұғыл бет бұрады. Жаңа мазмұн дегеніміз бұл кезде тереңдей түсті, енді соған жаңа түр іздейді. Бүгінгі істер мен бүгінгі адамдарды көрсетем деген ақын, әрине, орыс халқының революциялық әдебиетінен үйренуге міндетті. Сәбиттің тура Маяковскийге бет бұруы да кездейсоқ нәрсе емес. Бұл — заңды құшақ. Бірақ «құлашың жетпесті құша алмайсың», революцияның үні сияқты Маяковский оп-оңай меңгеріле қоймайды. Сәбит шығармалары біраз уақыт Маяковский поэзиясына сыртқы пафос жағынан ғана ұқсап жүрді де, ішкі үндестік едәуір уақыт табылған жоқ. Осы қатты іздену, ауыр толғану кезінде Сәбит толық жатқан ұсақ өлеңдер мен бірге «Көмір — коммунизм», «Алатау», «Қара айғыр» сияқты поэмаларын жазды. Бұл шығармаларының бәрінде де Сәбит бүгінгі өмірді суреттеп, бүгінгі еңбек ерлерінің бейнесін беруге қатты жан салады. Бүгінгісімен бірге совет дүниесінің ертеңгі күніне де шолғын жасайды. Талап сөзсіз үлкен, табыс әзір шыған, еліктеушілері көп.

Бірақ, талант ізденсе, таппай тоқтаған емес. Сәбит, 1934—1940 жылдардың арасында талай жақсы өлеңдер мен поэмалар жазды. Бұл кездегі Сәбит поэзиясында мазмұнға түр сәйкес, сөз екшеліп шығады. «Известия» газетінде басылып шығатын «Майға сәлем», бірінші бәйгені алатын «Ақ аю» поэмасы, Маяковскийге арналған «Поэзия маршалы», «Сөз — советтік армия», «Қолхоз күні», тағы-тағылары қазақ совет поэзиясының үлкен табыстары. Өйткені, бұл шығармалар шын мағынасында совет поэзиясының қорына кіреді.

Сәбиттің бұл кездегі шығармаларының ерекшелігі мен құндылығы неде? Ол ең алдымен социалистік шындықтың суреттерін дұрыс бере алуында. Бұл шығармаларда жандайшаптың жарамсақтануы да жоқ, кеудемсоқтың үстірттігі де жоқ, шындық дәл, бейне дұрыс. Өзін-өзі өзгертіп, өзімен бірге өмірді өзгертіп жатқан, еңбек салтына кіріп болған совет адамдарының әрқайсысының өз тұлғасы, бұл адамдар әр топтың, әр еңбектің өкілі ғана емес, әрқайсысы өз орнында ойлайтын, қайғыратын, қуанатын, іс істейтін адамдар. Бұл

ерекшеліктер бұрынғыдай тілек қана емес, шебер қолмен орындалған іс.

Екінші, бұрын Сәбит халық көпшілігіне ұғымды, жақын болу керек деген тілекті орындаймын деп, шығармаларының көркемдік сапасын «қарапайымдық» халге қарай жақындатып алатын кездері болса, енді Сәбит сол көпшіліктің алдына шығып алып, оқушыларына қатар отырайық демейді, маған ер дейді. Әрине, мұның басты себебі оқушы көпшіліктің өз мәдениетінің өсуі арқылы әдебиетімізге қоятын тілектерінің өсуінде ғана емес, сонымен бірге жазушының өзіне-өзі қоятын тілектерінің де өсуінде. Мұның атын жазушы жаңа белге көтерілді деп те атауға болады.

Бұл дәуірде Сәбит қазақ совет поэзиясының түріне де көп жаңалықтар енгізді, поэзиямыздың түрін байытты. Бір кезде ұлы ақынымыз Абай Пушкин, Лермонтов поэзиясының әсерінен алынған көп түрлер кіргізсе, Сәбит те орыс революциялық поэзиясынан көп жаңалықтар алады. «Алады» дегенге қарап, әзір тұрған бір түрді алып, не ортаға, не шетке жеге салған екен деп ойлауға болмайды, әрине. Әдебиеттің түрін байыту — ала салумен бітпейтін жұмыс. Әрбір ұлттық әдебиеттің үнін бұзбай, сиқын кетірмей, басқаға ұқсатып алмай, жатсырап тұрмайтын жаңа түр табу — үлкен творчестволық әңгіме. Сәбиттің бұл жөндегі табыстарын, енгізген жаңалықтарын, өз алдына үлкен әңгіме етуге болады.

Сәбит — үлкен ақын болуымен бірге, көркем қара сөздің де үлкен жазушысы, романист. Сәбит бұл күнге дейін үлкен-үлкен алты роман жазды, осы кезде жетінші романын жазып жүр.

1929 жылы шыққан Сәбиттің бірінші романы «Адасқандар» жазушымыздың қара сөзге шеберлігін, тағы да көп нәрселер күтуімізге болатынын көрсеткен еді. Содан бері Сәбит «Теміртас», «Есіл», «Менің мектептерім», «Жұмбақ жалау», «Балуан Шолақ» романдарын жазды. Күткенімізге қарай көп берді.

«Адасқандар» романы, қанша кемшіліктері бола тұрса да, сол кездегі байшыл жазушылардың жазғандарынан анағұрлым жоғары еді. Сәбитті күнде кекетіп, күнде сықақтап жүретін байшыл жазушылардың өздері ондай роман бере алған жоқ та. Өйткені, олар таптық үстемдіктен айрылып, болашағы буалдыр тартқан жазушылар еді. Сондықтан олар аяқтан алу, жұрт жүрегін улау жолына түсті. Идеясыз көркемдік жоқ, көркем әдебиет жоқ. Идея желісі қырқылған топ, тұсаған аттай тоқтап қалған.

«Адасқандар» жұртқа мәлім. Қызылорданың айналасында болған оқиғаға құрылған, өз дәстүрімен таза келген қазақ қызы мен қала мәдениетін өз құлқына қарай бұра ұғынған бай баласының арасындағы трагедиясын көрсетеді. Бұл —

қала мен даланың арасындағы шалғайлық емес, аттары да аталып, дәл алынған екі жағдайдың қайшылығы. Жазушы болғанды көрсете отырып, болашаққа қорытынды айтпайды, ескерту, сақтандыру жасайды.

Романның бас геройының бірі — Бүркіттің жүріс-тұрысын кейде керексіз-ақ тәптештей жазылғанын мінеп, көп адамдар жазушыға жүрегің соған бұрады деген сын айтты. Бірақ, көңіл қоя оқыған адам Бүркіттің қандай жоғарыдан басталып, қандай төменге құлайтынын көрмеске шарасы жоқ. Әр жазушының өз әдісі бар. Сәбит Бүркітті көрсеткенде, көпке дейін оқушыны «алдаусыратып» отырады. Жүрегі соған бұрады-ау деп қалатының да рас. Бірақ, қорытынды Бүркітті біржола құлатып шығады. Солай болғасын, жаңағы айып — үстірт кесім. Аттаған сайын тәлтіректеп аяғында құлайтын герой, құлағанда ерлікпен емес, адалдық жолында емес, өзін-өзі тонап барып, абыройын төгіп барып құлайтын герой, ол жазушының жан ашыры бола алмайды.

«Адасқандарда» жазушының шын жаны ашитын бір жері бар. Ол — қазақ қызы. Оның аты Бәтес болғанмен, заты — қашаннан бері құмарлық болып келген қазақ қызы. Шынында әйел бостандығын теріс ұғынып, аяғы нәпсі құрбаны болған қазақ қызы аз болған жоқ, әлі де кездеседі. Азат заман дегеннің сырты емес, ішін ұқ дейді Сәбит қазақтың қызына. Бұл жөнінен Сәбит қазақ қыздарынан үлкен алғыс алуға тиісті.

Біздің сын «Адасқандардың» екінші бір бағытын байқамай өтті. Ол романдағы «Алаш» адамдары. Күні кеше қазақтың еліне де, әйеліне де бостандық әперу үшін күресіп жүрміз дейтін «Алаш» адамдары романда не істейді? Бет перделерін алады. Совет құрылысының әйелге берген шын «бостандығына» бөгет жасайды. Совет заманында әйелді ескі әдеттің құрбандығы етеді. Сол арқылы «бәрі бос сөз» дегенге әкелгілері келеді.

Сөз жоқ, Сәбит романының геройларын шын еңбекшілер арасында табатын еді. Ерлік те, құрбандық та, осы көздеген идеяға дәл келетін ел жастары да көп еді. Ескі мен жаңаның біресе тоғысып, біресе соғысып қалатын алғашқы кез ел жастарының көбінің басынан өтті. Романға осы жағынан тағылған мін, әрине, дұрыс. Дегенмен, романның қанша кемшіліктері бола тұрса да, ол — Сәбиттің қара сөздегі әрі алғашқы, әрі көрнекті табысы. «Есіл» романы әлі аяқталған жоқ, «Менің мектептерімді» мен мемуарлық очеркке жататын шығарма дер едім. Әртүрлі жақсы жасалған типтер, елдің бұрынғы халын дұрыс беретін суреттері бола тұрса да, бұл ұзақ өмірді ұзынынан шолитын әдебиетке жатады.

Қазақ совет әдебиетіне құнды қор болып кірген Сәбиттің «Жұмбақ жалау» атты романы. Бұл — шын мағынасында

үлкен еңбек. Қысы аязды, жазы жадыраңқы, қуанышты-қайғылы, ойы бар, қыры бар, жалықпай жаза беруден емес, қаламы ұшталған жазушының да ойланып барып, жеті өлшеп, бір кескенде, бере алатын шығармасы. «Жұмбақ жалаудың» желісі кең тартылған да, адамдар арасының тартысы әр түрлі шытырманға түсіп, аяғына дейін жалықтырмай, жетелеп отырады. Тартысқа түсетін адамдар да, олардың істері де біріне бірі жалғасып, қызықты шешіледі Роман революцияның алдындағы жылдардан басталып, Октябрьмен аяқталады. Бұл қазақ халқының өміріндегі бір үлкен белес. Ұлт қозғалысы пролетариат революциясының арнасына құйылды. Романның түпкі идеясы да осында. Осы идеясын жазушы әрбір адамдардың басына бөліп беріп, дұрыс алып шығады. Сәбит 1932 жылы «Теміртас» романын жазып еді. Оның мазмұны жалаңаш, құрылысы олақ, адамдары жұпыны келетін. «Жұмбақ жалауда» Сәбит сол кемшіліктерін толықтырады. Бірақ, бұл «Теміртастың» жалғасы емес, қайталау да емес. Толық көрсетіле алмай қалған үлкен тақырыпқа жазушының қайта оралып, жаңа тұрғыдан қарап, ойдағы жерден шығаруға арналған еңбегі.

«Жұмбақ жалау» Сәбиттің басқа романдарынан тек қана идеясымен асып тұрмайды. Жазушы ең алдымен үлкен тақырыпты тармақтанып жатқан үлкен мазмұн арқылы береді. Ол мазмұн бәсеңдемей, түйдектеліп шыққан. Жазушының тілі, теңеулері жақсы. Аздап солғын басталатын алдыңғы жағымен соңғы «Сағит» бөлімі болмаса, романның орта кезі кесек жатыр. Ескі Петербург суреттері болмаса, басқа жағында суреттері де ескі жұрт емес. Олай болса романға қойылатын басты тілектер дұрыс орындалған. Идея мен көркемдік арасындағы райластық шүбә туғызбайды.

Романның бас геройларының бейнелері де әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерімен берілген. Демократиялық оқығандар арасынан шыққан Асқар, қазақ қызынан революцияға өз халінше қатынасатын Ботакөз, халық өкілі Амантай, кесір болыс Итбай — бұлардың бәрі де толық образдар. Айта кету керек демократиялық оқығандар арасынан шыққан геройдың образы қазақ көркем сөзінде бірінші рет осы романда жасалды. Мен өзім Асқар мен Ботакөздің бейнелерінде болғаннан гөрі болуға мүмкіндік жағы басымырақ біраз жерлері бар дегеннен басқасын айтпас едім.

Екінші романда солғын көрсетілген орыс пролетариаты, большевик партиясының өкілдерінің бейнелері. Бұл біздің қазақ әдебиетінде әлі дұрыс көрсетіле алмай келеді. Толып жатқан Иван, Алексейлер бар да, бәрі де солғын. Бұл жалғыз Сәбит емес, бәрімізге ортақ кемшілік.

Осы сияқты кемшіліктері бола тұрса да, «Жұмбақ жалау» романы біздің қазақ совет әдебиетінің үлкен жеңістерінің

бірі. Бұл романды қалың оқушы көпшілігі өте сүйіп оқиды. Қазақ халқының өміріндегі ең үлкен тақырыпты суреттейтін идеясы үшін, принцип көзімен қарағанда, үлкен шындығы үшін сүйеді. Мұны дәлелдейтін мынадай бір ерекше қызық жағдай бар. Роман дүниеге шыққан жылы Сәбит романды оқушылардан мыңнан артық мақтау хат, қуанған жұрттың алғысын алған екен. Ондай хаттар Ұлы Отан соғысының өн бойында майдандағы жастардан үзілмей келіп жатты. Ондай хаттар қазірдің өзінде де батыста Берлиннен, шығыста Сахалиннен үзілмей келіп жатады. Біздің жас әдебиетіміздің өмірінде мұндай факт болған емес. Жазушыға кітабын оқыған я болмаса сахнада көрген жұртшылықтың алғысынан артық қуаныш та жоқ, болмауы да керек. Жазушының көңілін өсіріп қаламына қайрат беретін осы жұртшылық алғысы.

Көркем қара сөздегі табыстардың бірі «Балуан Шолақ» романы. Қазақ халқының батыры Балуан Шолақтың кесек бейнесі мен оқыс істері, романның қызықтырып отыратын мазмұны Сәбиттің бұл романын да жұртшылығымыздың сүйіп оқитын шығармасы етті. Мен бұл романға — Балуанның ішкі дүниесінің жалаңаштаулығы, қоғамдық көзқарасының тұтасып, өрістеп отырмауы, Шолақты көбінесе қара күшке айналдырып жіберетін жақтары бар деген бір ғана сын айтар едім.

Сәбит Мұқанов әдебиетімізге әр саламен келетін өнімді еңбектің адамы дедік. Сәбит өз күшін драматургия майданында да байқады, он шақты пьеса, либретто жазды. Оның ішінен Қазақтың М. Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасында көрсетілгені «Күрес күндерінде», «Жеңіс жыры», Қазақтың Абай атындағы академиялық опера және балет театрында — «Алтын астық», «Гвардия алға!». Ең соңғы жазғаны «Шоқан Уәлиханов» орыс тіліне де аударылды.

Драматургиядағы Сәбиттің табыстары поэзия мен көркем қара сөздегідей емес, өте шағын. Драматургия Сәбиттің оң жамбасына дәл келе алмай жүр. Сәбиттің драматургиядағы тақырыптары да ылғи жаңа, ылғи кезектегі мәселе болып келеді. Бірақ, соның көркем орындалуы — әлсіз.

Жиырмадан артық пьеса жазған ұлы жазушымыз Горький өзі туралы былай дейді: «Мен жиырма шақты пьеса жаздым, мұның бәрі де азды-көпті әлсіз байланыстырған көріністер ғана, сюжет желісі дұрыс тартылмаған, адам мінездері толық және айқын емес. Драма бастан аяқ бұрқыраған қимылды, әсерлі болуға тиіс» (Горький «Әдебиет жайында» 1934 жыл).

Горький — «Күн балалары», «Соңғылар», «Егор Булычев» сияқты совет драматургиясының үлкен олжасы деп саналатын драмаларды жазған адам. Соны жазып отырып,

өзінің драмалары жайында жаңағы пікірді айтады. Сөз жоқ мұнда ұлы жазушының өзі туралы асқақ пікір айтпайтын ұлы әдеті де болу керек. Бірақ, сонымен қатар, Горькийдің бұл сөзінде әдебиеттің ауыр саласы — драматургияға қоятын үлкен шарттары да айқын. Горькийдің осы сөзі біздің Сәбитке әрі жауап, әрі шарт сияқты.

Ұлы Отан соғысының тұсында Сәбиттің «еңбек өнімділігі» біраз төмендеп кетті деген дұрыс сын. Сәбит қарап отырған жоқ, әрине. Сәбит сияқты жазушы қаламын жинап қойып, қарап отыра алмайды. Ол толып жатқан өлең, очерктер жазды. Бірақ, Сәбиттің оқушылары сүйікті жазушысымен жиі кездесіп отыруға және ірі шығармалардың үстінде кездесуге дағдыланған ғой. Сондықтан, Сәбиттің соғыс кезіндегі «еңбек өніміне» қанағаттана алмауы орынды тілек.

Совет жұртшылығының орынды тілегіне орнықты жауап ретінде, Сәбит осы кезде «Біздің заманның батырлары» деген жетінші романын жазып жатыр. Жазушының алдына қойған міндеті кең, алған жүгі өте ауыр. Роман Қазақстанның құрдасы болмақ, яғни, өткен жиырма бес жылдың ішін ұзындыкөлденең түгел шолмақ, әр алуан күрес үстінде өскен қазақ халқының бүгінгі ерлері көрсетілмек. Елі мен Отанның даңқын көтеру жолында ел мен майданда өнегелі еңбек, қажымас қайрат көрсеткен Совет дәуірінің ақиқаттары көрсетілмек. «Біздің заманның батырлары» жақын арада жазылып бітеді, елдің күткен жерінен шығады деген сенім де зор.

Сәбит — қазір алды-артын түгел шолып, табыс қай жақтан келді, таптырмай жүрген не, тапшылық істеп жүрген не, осылардың жайын кең ойланып, соғыстан кейінгі жаңа дәуірімізге жаңаша кіріскелі отырған жазушы. «Балуан Шолақты» қайта құрып жатқанын жаңа ғана айттық. Осы кезде «Жұмбақ жалаудың» үсті-басы да айран-ала. Жұрттың мақтауымен бірге сынын да баса ескеріп, Сәбит елеулі шығармаларын үстінен түзетіп келеді. Бұл — үлкен ойлардан туатын, өзіне өзінің сыны күшейгендіктен туатын қасиет.

Сәбит — бір дәуірден екінші дәуірге өсумен келе жатқан ұлы Совет дәуірінің үлкен жазушысы. Оның еңбектерінің қазақ совет әдебиетінде орны басқа. Сәбит — жалғыз ғана өз еңбектеріне жауапты адамның бірі емес, әдебиетіміздің тағдырына түгел ортақ жазушы. Ағаға қарап, іні өспек. Алдыңғы толқын ағалар болса, келесі толқын — сол інілер. Сондықтан, Сәбиттің алдына басқаларға қойыла бермейтін міндеттер қойылады, басқаларға ауыр келетін жүктер артылады.

Қазір, әсіресе, Ұлы Отан соғысынан кейін, елдің мәдени тілегі бұрынғысынан анағұрлым өсті, әдебиетке, жазушыға қоятын міндеттері өсті. Дүниедегі ең озық совет әдебиетінің

жазушысы деген ат біздің жауапкершілігімізді және арттыра түседі. Әдебиеттегі ағалықтан туатын тағы бірталай жауаптылық бар.

Алдағы күнде ардақты жазушымыз осыларды қатты ескерер деп даусыз сенеміз.

2

«Қазақ ССР тарихының» екінші томында — «Қазақ совет әдебиетінің тарихында Сәбит Мұқановтың еңбегі ерекше орын алады» делінген. Бұл — елу жасқа толғанын мерекелегелі отырған, іргелі жазушыларымыздың бірі — Сәбитке тарихымыздың берген бағасы, халыққа танылған жазушының әдебиет майданындағы отыз жылдық мол еңбегіне берілген әділ баға.

Қазақ совет әдебиетінің отыз жылдық өсу-өркендеу тарихында жазушы Сәбит Мұқановтың орны ерекше екендігіне ешкім таласа алмайды. Октябрь революциясының от-жалынды толқынында туған қазақ совет әдебиетінің алғашқы айқын дауысы — Сәбиттің дауысы еді. Бұдан 30 жыл бұрын, революцияның ұлы үніне араласа, қуаныш кернеген жүректен шыққан жас бір дауыс «Бостандық!» десе, бүгінгі Сәбит қазақ совет әдебиетінің негізін қолынан қаласып, бар табысына кесек-кесек романдар, ұзақ желілі поэмалар сияқты үлкен енші қосқан, халқымыздың шын сүйікті, ең өнімді жазушыларының бірі. Мүмкін бұдан 30 жыл бұрын жас ақынның «Бостандық!» деп салған айқайы онша алысқа бармаған шығар, қазір Сәбиттің мол дауысы Совет Одағына түгел таныс.

Жазушы Сәбиттің тарихтан алатын ерекше орны — егіз екі саламен келіп, бір арнаға құятын жазушылық еңбегінің нәтижесі. Сол екі сала әр кезде жұбын жазбай қоса өріліп, жазушының отыз жыл бойы үзілмей келе жатқан ерекше қасиеті болып қалды. Оның бірі әдебиет қазынасына қосқан Сәбиттің өз шығармалары болса, екінші — қазақ совет әдебиетінің қозғалысын ұйымдастыру, басқару жағындағы еңбегі.

Сәбит еңбек бұқарасының өз топырағында өскен ұрық. Шевченко, Некрасов, Горький сияқты Сәбит те қалың бұқараның өзінен өрбіген бұтақ. Сәбит поэзиясы бір дәуір Шевченко, Некрасов поэзияларымен сарындас сияқты әсер ететіні де, Сәбиттің басқа ақындарымыздан гөрі Маяковский дәстүрлерін тереңірек меңгергені де, партия ұрандарына сергектігі де, осындай таптық үндестіктен туады. Оның үстіне, Сәбит барлық тәлім-тәрбиені, саяси және мәдени білімді Ленин партиясынан алды. Сәбит шығармаларындағы таптық тілек пен идеялық бағыттың айқындық себептері де осында.

Қазақстан топырағында болып өткен қоғамдық үлкен күрестерді Сәбит көлденең көзбен көріп, бейтарап суреттеген жоқ, совет жазушысының көзімен көріп, алға сүйрер өз ойын ұсынып отырды. Таптық күрестердің айнасы ғана болып қойған жоқ, ұраншысы да болды, еңбекші бұқара жұртшылықтың социалистік жаңа өмірін белсене бірге жасасты.

«Шоқпыттың шаруасы», «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы» («Батырақ») сияқты шығармаларында Сәбит өзіне таныс жалшы өмірінің бұрынғы халін суреттей келіп, қазіргі жалшының оянғандығын, жаңа өмірдің кірпішін қаласып жатқан жаңа адамның бейнесін көрсетеді. Бұл дәуірінде ақында олақтық та бар, оқыс кету де бар, бірақ ақынның не айтқысы келген адал ойы бұрмалауға жатпайды. Бұл шығармалардан дала жалшыларының бай есігіндегі итсалпақ сорлы күйін көрсек, «Сұлушаштағы» Алтай мен «Бүгінгі жалшыдан» тұрақты сана, терең сезім сияқты адамгершілік ішкі қасиеттерді көреміз. Ақбөпе, Бәтес, Сұлушаш образдары арқылы әлеуметтік әр топтан шыққан қазақ әйелінің әр дәуірдегі бейнесін көрсең, Ботагөз арқылы революция жалынында пісіп-қатқан қазақ қызын көреміз. Шоқпыт пен «Бүгінгі жалшы» жазушыны «Сырдария» романындағы Сырбайға әкелсе, ол — ескі із емес, жаңа дәуірдің жаңа адамы. Сол сияқты, Гүлнар мен Айбарша да қазақ әйелінің бүгінгі өскен кезеңін көрсетеді.

Сәбит творчествосының алғашқы он жылдың ішіндегі ден салмағы поэзияда жатады. Бұл дәуірде Сәбит прозаға араласқанмен әзір сенімді түрде кіріспегенін, жаңа жанрдың төсегін байқап қана жүргенін көреміз. Сонымен қатар, шығармасының бұқара көпшілігіне түсінікті болуын көздеген ақын, халықтық ауыз әдебиеттің дәстүрлеріне көбірек бұрылды. Кезінде бұл заңды да, көпшілік үшін ұғымды да болды. Сәбиттің орыс халқының классикалық ұлы әдебиетін шұғылдана оқи бастағаны да осы дәуірдің ішінде. Маяковский сияқты революция ақынына ойысқаны да осы кез. Бірақ бұл дәуірін Сәбит халықтық поэзияның жақсы үлгілеріне көбірек сүйеніп аяқтайды. Қазақ совет поэзиясының, соның ішінде Сәбит поэзиясының бір дәуіріне қорытынды сияқты болып қалған «Сұлушаш» мұны дәлелдейді. Өлеңмен жазылған «Сұлушаштың» ерекешелігі де, кейін қайталанбаған, енді қайталанбас қымбатты шығарма болып қалғаны да осынысында. «Сұлушаш» қазақ совет поэзиясының екінші бір биік белге шығып қалғанын көрсетеді.

Алғашқы он жылын ұсақ өлеңдерден бастап, ұзақ поэмалармен қорытқан Сәбит екінші он жылдық дәуірдің ішінде сан жағынан да, сапа жағынан да үлкен сындар көтере алатын кесек еңбектер берді. Бұл кезде Сәбит — тақырып шеңбері кеңіген, өзіндік стилін айқындап алған, совет әде-

биетінің белгілі шеберлерінің бірі. Оқушы жұртшылығымызға мәлім Сәбит творчествосының бар ерекшелігі, өзіндік көркемдік қасиеттері осы дәуірде әбден сұрыпталып, тұрақты қалпын табады. Поэзия мен прозаны қатар өрістетіп, қазақ совет әдебиетіне Сәбиттің оннан артық поэма, бес-алты үлкен роман қосқан өнімді дәуірі де осы.

Сәбит поэзиясының бұл дәуірдегі басты ерекшелігі — дарынды ақынымыз совет дәуірінің ең талантты ақыны Владимир Маяковскиймен толық үндестік тапқанында. Үлкен идеяларды ақын жаңа теңеулермен, көркемдік жаңа бір сапамен береді. «Майға сәлем», «Жемісті ағаш», «Ақ аю», «Ант — 1000», «Поэзия маршалы», «Колхозды ауыл», «Сөз — Советтік Армия» сияқты өлеңдер мен поэмалар Сәбит поэзиясының екінші дәуірде шыққан биігі. Сонымен қатар, бұл шығармалар сол дәуірдегі әдебиетімізге салмақты түрде кірген жаңа сапа болып, барлық ақындарымыздың алдына жаңа талаптар қойды, ауыз әдебиетінің байырғы үлгілеріне қарайлауы басым болып келе жатқан қазақ совет әдебиетін орыс халқының революцияшыл озық әдебиетінің жолына жетеледі. «Жол анасы — із» дегендей, талантты аға ақын өз қаламымен сол «ізді» салып берді.

СССР-ді етуге бөлшек-бөлшек
Ойласа жау,
Олармен күшті өлшеп
Көреміз бүгін
Бізде күзет мықты,
Жауға жерден бермейміз жалғыз вершок,—

деген сияқты Маяковский арнасымен келетін өлең Сәбиттен басталды да қазір барлық ақындарымыздың шығармаларына кіріп қалды.

Іштей бірнеше түрге бөлінетін, шын мағынасындағы проза бізде революциядан кейін туды. Әңгіме, очерк, повесть сияқты түрлерінен бастап, көлемді романдар арқылы қазақ совет әдебиетінің бойын өсіріп, салмағын күшейткен ірі жазушыларымыздың бірі — Сәбит Мұқанов. «Адасқандар», «Теміртас», «Балуан Шолақ» сияқты бір қайнауы ішінде кеткен романдардан кейін, Сәбит «Жұмбақ жалау» (Ботагөз), «Менің мектептерім», «Сырдария» сияқты үлкен шеберге лайық романдар жазды. Бұл шығармалардан революцияның алдындағы жылдардан бастап осы күнге дейін қазақ бұқарасының басынан өткен күрес күндерін көреміз. Жазушы әр дәуірді өзінің дәл бейнесінде көрсету арқылы, шығармаларына тарихи шындық маңызын береді. «Жұмбақ жалауда» бұқара халықтың әр жігінен шыққан Асқар, Кенжетай, Амантайлар арқылы қазақ халқының Октябрь революциясына құшақ ашқанын көрсек, әлеуметтік өмірден қағажу қалған қазақ әйелінің сана-сезімі оянған кезін де көреміз. Қазақ қызы

Ботакөз сол кездегі қазақ әйелінің бойына сиярлық шындығымен өсіп келіп, саяси күреске қатынасады. «Жұмбақ жалау» романының кітап оқушы көпшілікке ең ұнаған романдарының бірі болып қалғаны да сол кездегі өмір шындығы мен адал бейнелерін жазушының жақсы көрсете алғанында.

Сәбиттің «Менің мектептерім» дейтін романында революция кезіндегі қазақ ауылының бейнесін көрсетуден басқа бір үлкен маңыз бар. Ол — жазушының проза жанрында Горький мектебінен оқып өскендігін көрсететін творчестволық жаңалық. «Менің мектептерім» алғашқы басылып шыққан түрінде Горький шығармасына сыртқы жақтарымен ғана ұқсаса, қазіргі қайта жазылып шыққан түрінде іштей көп байыған, образ жасауда, адам мінездерін ашуда жазушының көп тереңдегенін көрсетеді.

Совет жазушыларының өзінен өзі қатал талап қойып, шеберлік күшін аямай төгіп, айрықша жауаптылықпен суреттеуге тырысатыны — осы күнгі өзіміздің өмір, социалистік еңбек майданындағы совет адамдарының еңбегі. Еңбектегі совет адамдарының әралуан образдарын жасауға арналған үлкен романдардың бірі — Сәбиттің ең соңғы жазған «Сырдариясы».

Жазушы әрі қиын, әрі оқушы жұртшылықтың үлкен құрметпен қарайтын тақырыбын таңдап алған. Бұл тақырыпқа жұмсалған жазушы еңбегі де құрметті. Қазақ совет әдебиетінде әлі тың жатқан, талайларымыздың талай соғып, талай сыналатын, сынасатын тақырыбымыз да осы еңбек айналасындағы жаңа адамдар болады. Осы тақырыпты Сәбиттің басқалардан бұрын бастауы — коммунист жазушының батыл қимылына жататын, бағалай білуді керек ететін нәрсе.

Сәбиттің бұл романында идеялық екі үлкен мағына бар: біріншісі — социализм елінде еңбек — азап емес, азаматтық абырой-атаққа жеткізетін жаңа мағынасын тапқандығы; екіншісі — Ұлы Отан соғысының бар салмағын жапа-жалғыз көтерген совет халқының соцалистік құрылысты тоқтатпай, қайсар қажырмен жүргізе бергендігін көрсету. Романның көркемдік жағында елеулі кемшіліктер жиі кездесіп отырса да, игілікті идеясы үшін жұртшылық оны қатал сынаған жоқ.

Дегенмен жұртшылық аузынан адал да, әділ де айтылған сындарды жазушы қатты ескеріп, қазір романды қайта жазып шықты. Құрметті аға жазушының елу жасқа толған қарсаңында жұртшылық алдына салып отырған тартуы — осы «Сырдария» романы. Бізше, бұл — бұрынғы үстірттіктерінен арылған, еңбек жұртшылығына ой салатын, жақсысына қуанып, қисығын түзетуге жәрдем ететін, сүйсініп оқитын құнды шығармалардың бірі.

Сәбитпен тұстас, я болмаса кейінірек шыққан қазақ ақын, жазушыларының одан ағалық қамқорлық көрмеген, тәжірибе алмағаны кемде-кем-ақ. Совет құрылысының қуат-құдіретіне қалтқысыз сенген жазушы Сәбит әр кезде, арқасын партиямыздың ұлы саясатына берік сүйеп, адал күшпен, алаңсыз, риясыз сеніммен совет әдебиетін жасасты. Сәбиттің әдебиет тарихындағы айрықша орны осындай үлгілі қасиеттерінен туады.

Совет халқы — тез өсетін халық, біздің заман — тез өсіретін заман. Біздің оқушы қауым — сол совет халқы. Сол халықтың рухани тілегіне сай шығарма беруге міндетті совет жазушысы, бір кезде шыққан биігінде тұрып қалмай, жоғарылай беруге тиісті. Жазушылар көпшілігіне айтылар осы тілекті халқымыз танып, елу жасқа толғанын тойлап отырған, бір майдандағы жолдасымыз, абырой-атаққа ортақ досымыз Сәбитке де айтамыз.

3

Біздер үлкен қадір-құрметпен, еліміз үшін де, еліміздің әдебиеті мен мәдениеті үшін де даңқ деп атарлық мақтанышпен Совет Одағының атақты жазушыларының бірі Сәбит Мұқановтың 60 жасқа толған мерекесіне жиналдық. Ұлы Отанына, ұлы совет халқына қажымай-талмай, жалтақсыз-бұлтақсыз 40 жылдан астам ой еңбегін сіңірген үлкен дарынның тойына жиналдық.

Бұдан 40 жыл бұрын ауылдағы жалшы болса, қазір әйгілі жазушы, белгілі қоғам қайраткері, академик Сәбиттің тойына жиналдық.

Өткен дәуірдің қараңғылығы мен надандығынан, қоғамдық және ұлттық теңсіздігінен біз құтылғалы 40-ақ жыл болды. Біздің партиямыз бен үкіметіміз сол ауыр заманда не қолына мылтық алып, не болмаса қалам алып, бүгінгі социалистік ертеңгі коммунистік болашақ үшін алысқан қайраткерлерін әр кезде құрметтейді.

Ал, біздің Сәбит Мұқанов Ұлы Октябрь революциясының күні шыққаннан бастап-ақ советтік әдебиет жасау үшін алысқан аз ғана топтың ішінде, бармақ басымен саналатын топтың ішінде, алдыңғы сапта болды. Ондаған жылдарға созылған байшыл-ұлтшыл жазушылармен болған күресте Сәбитті біз ылғи алдыңғы қатарда көретін едік. Өздеріңізге мәлім — ұлтшыл жазушылар әрі көп, әрі сайдың тасындай ірі, піскен болатын. Білімі аздығына, қаламы төселмегендігіне қарамай, жас ақын Сәбит ешбір жағаластан тайсалған жоқ, сол күресте өсті де, ержетті.

Жас советтің алғашқы дәуірінде басталған, кейін жеңіспен аяқталған сол күрес алдымен бүкіл одақта болған ұлы

күрестің бір тармағына айналды да, совет әдебиетінің тарихына айқын іздерін қалдырды. Сол кездегі тап тартысына, советтік дәуірді нығайта беруге барын жұмсаған жазушылар болашақ әдебиетіміздің тас іргесін де қалады, бағытын да белгіледі.

Ұлы Октябрь революциясынан кейін қазақ совет әдебиетінің алдағы бағытын белгілеп, іргесін қалаған топтың бастығы Сәкен Сейфуллин болса, сол топтың ішінде Сәбит Мұқановтың да елеулі орны болды. Біздің қазіргі қазақ совет әдебиеті осы революциялық бағытта өсіп-өркендеді.

Өйткені бұл топтың солақайлық бағыттағы үстірттігі бола тұрса да, оларды бізді бүкілодақтық әдебиеттен бөлек жайылу жолына тартқан жоқ, сол әдебиетпен қол ұстасып, құшақтаса өсу жолына тартты, содан үйренуге шақырды. Ұлттық әдебиеттердің тез өсіп-өркендеуіне, жалпы мәдениетіміздің тез өркендеуіне негіз болған бірінші жағдай осы болатын. Осы күресте жазушы Сәбит Мұқановтың да еңбегі аз болған жоқ.

Менен кейін тыңдалар арнаулы баяндама, жазушылардың сөздері болғандықтан, мен Сәбиттің творчестволық өмірбаянына тоқталмаймын. Тек қана жазушы Сәбит Мұқановтың шығармаларындағы бір ғана ерекшелігіне тоқталғым келеді. Ол — Сәбит заманымызда болып жатқан социалистік ұлы өзгерістердің әділ айғағы ғана емес, сол өзгерістердің алдыңғы қатарлы қайраткерлерінің бірі. Сәбит шығармалары біздің заманның мыңдаған тақырыптарын қамтиды. Кейде мезгіл жүрісінің алдына шығып кетеді. Оның шығармаларының жақсы қасиеттері де осында. Сәбит шығармаларында кейбір кезде кездесіп қалатын кемшіліктер де осы асығыстың жемісі сияқты.

Қазір қазақ совет әдебиеті бүкілодақтық оқушыларға, одан асып шетелдердің кітап оқушыларына жетті. Бұл өзі кешегі қараңғы қазақ халқы үшін де үлкен мақтаныш.

Бізде шетелдерге кең тарап, дүние жүзіне түгел танылды дерлік бірінші еңбек — Мұхтар Әуезов жолдастың «Абай» романы, оған іле-шала көп тілдерде басылған Сәбит Мұқановтың «Ботагөзі», «Менің мектептерім»— «Өмір мектебі», «Сырдария» романдары.

Өзіміздің елде аса әйгілі жазушымыз Сәбит Мұқановтың шетелдерге де кең түрде таныс екенін, шетелдерден келген құттықтаулардан да байқауға болады.

Осы еңбектері үшін халқымыздың сүйікті жазушыларының бірі Сәбит Мұқановты совет үкіметі Ленин орденімен наградтады.

Көп ұлтты совет әдебиетінің атынан және оның алпыс жылдық мерекесіне жиналған партия-совет жұртшылығы-

ның да атынан Сәбит Мұқанов жолдасты үкіметіміздің жоғарғы дәрежелі наградасымен құттықтаймын.

4

Өлім туралы айтылар сөздің бәрі де ауыр, қиналып айтылатын сөздер. Бүгін, қадірлі халқымыз, қазақ совет әдебиетінің, қазақ совет мәдениетінің, қазақ совет ғылымының тағы бір алып арыстаны құлап түскен күн.

Бір өзі бір библиотека кітап жазған, бір өзі бір елдің басынан кешкен бір дәуірін қамтуға құлаш ұрған, әр дәуірдегі елдік-ерлік тіршілігін, ой өрісін, сезім тереңдігін көрсете алған, теңдесері сирек кездесетін қалам еңбекшісі, көп ұлтты совет әдебиетінің алдыңғы қатардағы көрнекті жазушыларының бірі, атақты Сәбитпен, ардақты Сәбит Мұқановпен қоштасқалы тұрған қаралы күніміз, өкінішті күніміз.

Халқымыздың мерейі үшін, бақытты заманы үшін жарты ғасырдан астам қаламы қолына түспеген жазушы Сәбит Мұқанов ұлы революцияның от-жалынды толқынында туған үркердей ғана азғана топ — аға жазушылармен бірге көтеріліп еді.

Ол топ көп болмаса да көптей еді! Ол талаптылар ішінен талант көзін таба білген топ еді. Жиырма жасында партияға кіріп, өмірлік еңбегінің бұлжымас бағыт-бағдарын ерте белгілеп алған Сәбит сол топтың қақ ортасында болатын. Бәріміз де сол топқа қарыздармыз.

Сол, көп болмаса да көптей болған азғана топтың құнарлы еңбектерінің арқасында елдік іргеміз бекігеннен кейін бес жылдың ішінде қазақ көркем өнерінің сахнасы ашылды. Романдар туды, поэмалар, драмалар туды. Он жылдың ішінде қазақ совет әдебиеті барлық совет халқына танылды, кино өнеріне бірінші қадамдар жасалды.

Соның бәрінде де жазушы Сәбит Мұқановтың ұлан-байтақ үлесі бар. Сәбит қазақ совет әдебиетінің, сонымен бірге барлық көп ұлтты совет әдебиетінің тас іргесін қолынан қаласқан жазушы!

Жазушы Сәбит Мұқановтың қаламынан туған еңбектер өз алдына бір энциклопедия! Сәбиттің оң қолы ақ қағаздың бетінде миллиондаған километр сапар шекті. Қағаз бетіне Сәбит қаламынан түскен барлық әріптердің бүгіліс, түйіліс-терін жазып жіберіп өлшесек, бүгін қозғалыс-қимылсыз жатқан оң қолдың қағаз бетінде неше миллион километр із қалдырғанына таң қалар едің!

Бірақ ол жай із бе? Жоқ, ол ойлар ізі, көркем сөз ізі, қадірлі халқымыз, сенің ойларың, сенің армандарың, сенің ерлігің!

Көркем сөзі бар болғырдың өзін орақпен орып, күрекпен күреп ала алмайсың! Оны бір-бірлеп тересің, бір-бірлеп тізе-

сің! Жылтырағанның бәрі алтын болмай, жарқырағанның бәрі жауһар болмай шығатыны тағы бар. Жарты ғасырдан астам өмірін жазушы ағаларың Сәбит осындай еңбекке берді.

Көркем сөз суықта да өседі, ыстыққа да өседі, күндіз де өседі, түнде де өседі. Тек, ақ мамық төсекте өспейді, әлпештеген алақанда өспейді. Сынсыз өспейді, талас-тартыссыз өспейді. Кейде қате, кейде бата тисе де бұл екеуі әдебиет өсуінің негізгі шарты. Әдебиетіміздің, жас таланттарымыздың өсу-өркендеуіне жарты ғасырлық өмірін түгел бағыштаған Сәбит еңбектерінен осыны көреміз.

Алдымызда арыстандай болып жатқан ардақты Сәбит өз елімізде болсын, барлық совет халықтарының шеңберінде болсын, атақ-даңқы кең тараған, шексіз құрмет-қошемет иесі болған жазушы еді. Шет елдерге де кең тараған Сәбит еңбектері. Сәбит романдары әр кезде Совет еліне абырой-атақ, мақтаныш әкелетін. Қазақ жазушыларының ішінде халықтың сүйермен көзімен қарасақ, Сәбитпен теңдесері сирек кездесетіні де бәріңізге мәлім.

Жазушы Сәбит Мұқанов жазушылық еңбек қамытынан бір күн мойнын босатпаған жан еді. Барлық арманы да, өзін-өзі арнағаны да жазу еді. Оның аты миынды қашап, ойында оянып, жүрегіңнен қайнап шығар сөз — жазушының ең үлкен қуанышы, халқының алдындағы парыз-қарызын аса жауапты сезіну деген сөз! Ойланып қарасаң бұл қай жазушыға үлгі болмайтын мінез!?

Сәбит, адам тіршілігі көзімен қарағанда да, жазушы тіршілігінің көзімен қарағанда да армансыз адамдардың бірі. «Ұлын ұяға, қызын қияға» дегендей, бала-шағаның бақытты болар өмірін дер кезінде орнықты шешті. Артында орнын жоқтатпайтын асыл жары, асыл аналық Мариям бар!

Сәбит үлкен дарынның ғана қолынан келер еңбектер қалдырды. Сәбит қалдырған мол мұра, қайталап айтам, энциклопедияға тең!

Жоқ, жоқ! Армансыз өткен жазушы болмақ емес. Адам тіршілігі жылдармен есептелсе, шығармалық өмір мәңгілікпен ұштасып жатады. Сәбиттің қаламында қанша ойлары кеткенін біз білмейміз! Менің білерім бар жазушының соңғы сөзі айтылмай кетеді.

Парижде шығатын «Экспресс» газеті заманымыздың аскар суретшісі, атақты Пабло Пикассо жайында «жақындарының айтуынша Пикассо ең соңғы күніне дейін жұмысын тоқтатпаған екен»,— деп жазды.

Сәбит Мұқанов ең соңғы тыныс-демі тоқталғанша қаламы қолынан түспеген жазушы.

Соңғы рет ауруханаға түсерде қалам-қағазын ала кеткен. Сол қалам, сол бір түп қағаз ауруханадан Сәбиттің өзімен

бірге шығып, үйге қайтып келді. Сол қаламның ұшында Сәбиттің қандай армандары айтылмай қалғанын біз білмейміз!

Сәбит, сен енді мына бір сөзге өзің құлақ сал:

Бес күннен бері сенімен бүкіл Совет Одағындағы кең байтақ елің қоштасып жатыр. Жиырма жасында кірген Коммунистік партияң қоштасып жатыр. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Леонид Ильич Брежнев жолдас сенің басыңа қоюға өз қолынан венок жіберіпті. Бұл әркімге көрсетіле беретін қошемет емес!

Жиырма жасында өз қолыңмен құрысқан өкіметің қоштасып жатыр.

Жиырма жастан араласқан баспасөзің қоштасып жатыр.

Қазір сені соңғы сапарға шығарып салуға келген партияң қасында, бүкіл совет мәдениетінің өкілдері қасында, көз жасын құрғата алмай қойған ел-жұртың қасында.

Осы құрметті жұртыңа сенің атыңнан, қазақ совет әдебиетінің атынан, қадірлі жарың Мариям мен бала-шағаңның атынан қат-қат рақмет айтуға рұқсат ет!

Бала жастан сырлас, кәрі жолдас Сәбит-ай! Біз керіссек, ел ренжіп қалушы еді, біз келіссек, ел қуанып қалушы еді!

Қош бол, қанаттасым, қош бол! Бақыл бол! Бар достығымды, бар қолымнан келерді сенің еңбектеріңе, өмірлік жарың Мариямға көрсетермін!

Қош бол, қош! Жер-анаңның құшағында ғана емес, елжұртыңның құшағында қала бер, жасай бер!

Біздің классик

Нағыз көркем шығарманы оқып шыққаннан кейін көп уақыт басқа кітаптарға көңілің ауа алмай қояды. Ол сені өмірдің құз-шатқалды асуларынан асырып әкеліп, жыныс орманына кіргізіп жібергендей, ой-сезіміңді тұтқындап алады да босатпайды. Қуана таңданған сезім сол шытырманды оңай қиып айырыла да алмайды. Асау дауылдар, жаймашуақтар, тасқын сулар, тыныш далалар біресе сұрапыл күшімен, біресе ән салған еркелігімен оқушыны орап алады да құшағынан шығармайды. Сенің ой-сезіміңді тұтқынға алған оқыс үйілген қанды сел оқиғалар да емес, жаттығуымен қызықтыратын басқа бір дүниенің содыры мен сойқаны да емес, өзіміздің өмір, өз заманымыздың шатқаландары, мың көрген адамдарыңның мың көрген әрекеттері, күнде көріп, көзің үйренген қарапайым адамдардың күш-қайраты,

өнер-білім, ақыл-ой иесі болып шығады. Бір жерде өрт, бір жерде апат, бірақ соның бәрін жеңіп, үздіксіз ілгері басқан, от пен суда бірдей шыныққан қоғам өмірін көресің. Осындай шығарманы қайта оқысаң, тағы да көп жаңа сырларға кездесесің, таныстарыңды қайта танығандай боласың. Жақыныңды да, жатыңды да жақсырақ ұғынасың. Не деген түзу айна!

Сол шығарма саған өзіңе белгілі біраз жылдардың ішінде болған кешегі оқиғаларды суреттеді. Абайлап оқысаң, сол еңбекте бүгінгі күн де бар, ертеңгі күн де бар. Шығарма уақыт шеңберін бұзып кеткен.

Сен оны белгілі бір кезеңнің өзіне ғана тән шындығы деп оқыдың, бірақ ол кезең шындығынан туған заман шындығы, дәуір бейнесі болып шыққан. Ол саған заманалық шығармалар заманалық асуларда туады деп тұр. Осы күндерде елу жасқа толғанын бүкіл совет халқы болып, одан тыс прогресшіл қоғамдар, бұқарашыл елдер тойлап отырған жазушы Михаил Александрович Шолоховтың еңбектері осындай шығармаларға жатады.

Он сегіз жасында «Дон әңгімелерімен» әдебиетке келген Михаил Шолохов 21 жасында «Тынық Дон» романына кіріскен еді. Тынысы кең, серпіні мол, сенімді дарын Россия тарихының ең ұлы асуын қолға алудан тайсалған жоқ. Үш жылдық қана тәжірибесі бар, 21 жастағы жас жазушы үшін бұл әдебиет тарихында болып көрмеген жүректілік, ерекше бағаланарлық ерлік талабы еді. Бірақ, ірі таланттың серігі де, заманалық шығарма болып дүниелік көлемде орын алған атақты «Тынық Дон» кінаратсыз, мінсіз аяқталды. Жазушы алты жылда аяқтармын деген еңбегін 14 жылда аяқтаса, жазу үстінде өзі де өсе берді, ойға алған еңбегі де өсе берді. Совет жұртшылығы «Тынық Дон» аяқталып болған кезде басталған кезінен анағұрлым тереңдеп кеткен жазушысын көрді. XIX ғасырдағы реалистік ұлы әдебиеті бар елдің дарынды жазушысы социалистік реализм сияқты жаңа бағыттағы әдебиетімізге үлгі боларлық еңбек қосты. Бұл жаңа нығайып келе жатқан социалистік реализм әдебиетінің идеялық және көркемдік талаптарын қандай дәрежеге жоғары көтеріп, қандай жолдармен орындауға болатынын меңзей алған шығарма еді. Көп ұлтты совет әдебиетінің өркендеу жолында «Тынық Дон» үлкен арқа сүйеу болды. Заман шындығын қандай батылдықпен, қандай сүйсінушілікпен, қандай әділдікпен көрсету жолында «Тынық Дон» қандай жазушыға болса да аса сенімді үлгі. «Шолоховтың бұл романы өз елінің халықтарының социализмнің бұлжымайтын бірлігіне әкелген еркін де сұлу өмірді жанын сала жырлаған сенім жыры» деген Американың сыншысы Самюэл Силлен қаталаспаған. Шолохов үлкен өмірден туатын үлкен әдебиеттің үлкен сөзін,

өз сөзін айтты. Оны ұлы ұстазымыз А. М. Горький аса үлкен қуанышпен құттықтады.

«Тынық Дон», жұртқа мәлім, бірінші империалистік соғыс сияқты дүниелік өрт кезеңінен басталып, азамат соғысы сияқты тап күресінің ауыр сындары арқылы жаңарған Россияны көрсетеді. Терең тамырлар қопарылып, от үстінде өзін таныған, жеңіп шыққан еңбек елін жырлайды. Оқиға төсегі бұрын өзін бөлек ұлтпыз деп тануға бейім Дон казактарының ортасында болса да, оқушы ұлы асу кезіндегі орыс халқының ерліктерін көреді, орыс адамдарының әр алуан бейнелерін кездестіреді. Бір қызығы — Шолохов жасаған орыс адамдарының бейнелері, қазақ жазушысы, сенің де ескі таныстарыңдай көрінеді, тосырқамайсың. Образ жасауда да, әр образға лайық әрекет беруде де типтілік принципін сақтау жолы осы болады. Григорий Мелехов, Аксинья, кәрі Пантелей, Михаил Қошевой, Иван Котляров — бәрі де сенің ескі таныстарың сияқты. Олардың тағдыры не болғанын көріп, не қуанып, не ренжіп қаласың. Әрқайсысының мінез-құлықтарына қайшылықты-қайшылықсыз қарысқан істеріне қарай шешілген тағдырларын білгенде сен де жазушының байлауына қосыласың. Сені дауласуға жібермей, өз байламына күштемей көндіру — ол талант күші, көркемдік логиканың күші.

Халықтан шыққан, өзі де адал еңбектің адамы, адамшылығында мін жоқ, ақтардың арасында өзін жат сезінетін Григорий Мелеховқа берген жазушының жазасы қандай ауыр! Төрт томдық үлкен романның аяғында ол жақын жолдастарынан, елінен айрылып қаңғырып қалады. Бірақ, сен Мелеховты жақтамайсың, жазушыға қосыласың. Өйткені Мелехов өзінің елінен айрылып, барлық ісімен, мінезімен халықтың тілегіне қарсы жолға түсіп кетті. Романның логикалық, көркемдік күші сені осыған сендіреді де, философиялық терең байламға жетелейді. Өз мүддесін халық тілегінен жоғары қойған адамды сен ешуақытта жақтай алмайсың. Қандай қиын шатқалдарды кездіріп әкеліп, жазушы Григорий Мелеховтан бездіріп шығарады.

Заманына үндес қана емес, заман үнінің ойлағандай шығуына әсер ете алар күш барын да жақсы сезінетін еркін дарын сынды асуларда, өмірлік күрестерде нелер кейін тартқанын, нелер мін екенін, кімдер ілгері ұмтылғанын барлық шындығымен, әділдігімен көрсетті. «Тынық Доннан» біз ескі өмірдің жеке адамға басқан таңбаларын да көреміз, озық адамдардың қиядағыны көрген қырағылығын да көреміз. Тарих сынын, заман талабын айта алар жазушы ғана осылай жазады.

Кемерін толтыра байсалды аққан ұлы өзен сияқты, еркін де көркем болашақ үшін болған ұлы драманы суреттейтін «Тынық Дон» романын оқып шыққанда көз алдыңнан неше

ғасырдың шеше алмаған талас-тартыстары, неше буын жұрттың шер-арманы өтеді. Дон казактарының басынан өткен ұлы драма бүкіл Россия халықтарының бәріне ортақ әрекетті елестетеді. Адам баласының жаңа тарихы қалай басталғанын тағы бір рет басынан кешіресің.

Михаил Шолохов бар күшін советтік заманымыздың революциялық ұлы кезеңдерінде арнап келе жатқан жазушы. Еңбекші шаруа өмірі колхоздасу сияқты ұлы бір асуға кездескенде, Шолохов «Тыныҡ Донды» тоқтата тұрып, «Көтерілген тың» романына кірісті. Белгілі жай, колхоздасу дәуірі социалистік құрылыстың аса елеулі бір кезеңі. Өз жерім, өз малым деген сияқты ғасырлар әдеті ортақтастыру идеясына оңай бас иген жоқ. Григорий Мелеховқа берген ауыр жаза арқылы жазушы еңбекшілерді социалистік рухта тәрбиелеуді күшейту керектігін талап етсе, «Көтерілген тың» сол идеяны жаңарған жағдайда көтереді. Қай шығармасында да кешегі — бүгінгі — ертеңгі күнді тұтас көре алатын жазушының «Көтерілген тың» романы бір дәуірдің көркем ескерткіші болып қалды. Мұндағы Давыдов, Майданников, Нагульнов, қарт Шукарь сияқты басты геройлар — бәрі де халық ортасынан шыққан қарапайым адамдар. Партия жіберген жұмыскер Давыдов «Тыныҡ Дондағы» Штокман сияқты, бұқара көпшілігінің басшысы. Осындай озық коммунист арқылы Шолохов кейде өз арманын әсірелеп айтады. Совет адамдарының өмірін мәдениетке бөлеп, ауыр бейнетті машина мен техникаға жүктеп, қоғам өмірі мен жеке адам өмірінің арасында бірін төмен, бірін жоғары қоятын сатыны жою жайын сөйлегенде жазушының тебіренген жүрегін сезінесің.

Күні кеше өзіміздің басымыздан өткен, өзіміз қолдан құрысқан колхоздасу кезеңі «Көтерілген тың» романында философиялық биікке көтеріледі. Миллиондаған шаруалардың жеке меншік үстемдігінен, өзімдікі дегеннің қораштығынан құтқарып, біздікі, колхоздікі дегеннің молшылығына жеткізген социалистік идеясын Майданниковтардың дұрыс ұғынуының үстіне Макар Нагульновтардың дұрыс іске асыруға жетуі керек еді. Бізде белсенді деген жақсы сөз колхоздасу тұсында теріс мағына алып кетті. Ол теріс істелген істерден туып еді. «Көтерілген тың» еңбекші шаруалардың колхоздасуы тарихи ұлы кезең екенін, оған жеңіл қарау қылмыс екенін айтады. Майданниковтың жеке меншікпен айрылыса алмай, ұзақ толқуы қылмыс емес, ол жаңа адамның, ескілігін жеңген адамның тура толғануы.

Михаил Шолохов совет елінің басынан кешкен тағы бір ұлы кезеңді — Ұлы Отан соғысының кезеңін жазып жүр. Әзір аяқталмаған «Олар Отан үшін алысты»деген еңбегінің

үзінділері қазақ тілінде де кітапша болып басылып шықты. Отанын сүйген үлкен жүрек, оның жауларына кек атады.

«Тыныҡ Дон» өткен заманның қара күштеріне, қанаушылары мен талаушыларына қарсы кекке шақырса, «Көтерілген тың» совет қоғамының алға басуына бөгет жасауға тырысқандарды әйгіледі, «Олар Отан үшін алысты» дейтін романы соғыс арқылы басқа елдерді басып алып, отарлап алғысы келгендерге қарсы атылар кек оғы.

Ұлы Отанның, совет халқының, социализмнің болашағына барлық күшін арнаған совет әдебиетінің классигі Михаил Шолохов заманалық шығармалар берумен бірге заманымыздың қоғамдық үлкен қайраткері.

Адал да әділ сыншы еді

1

Тағы да осы тар алаңға еліміздің тағы бір ардақты ұлын — аяулысын, Омаруұлы Ілиясты әкеліп тұрмыз, жолдастар!

Совет мектебі, совет тәрбиесі арқылы көзін ашқан төлтума, еліміздің, партиямыздың, мемлекетіміздің, мәдениетіміз бен әдебиетіміздің санаулы қайраткерлерінің бірі болған Ілияс халық арасындағы қадірліміздің бірі еді.

Тазалықтан ғана, бауырмалдықтан ғана, айнымас-бұлжымас мейірімділіктен ғана жаралғандай, азамат арына — адамгершілікке, әділетке, жолдастыққа, достыққа кір жұқтырмай өткен бір адам Ілиястай-ақ болар.

Үлкендер қатарында кіші емес, кішілер қатарында үлкен емес бір жан еді-ау!..

Қайда да, қандай қызметте болса да, ол бірден-ақ сол қауымның ұйтқысы, сүйіктісі болып кетуші еді. Әмір ете білмейтін, бұйрыққа сүйенбейтін, ар-ұят адамы артына үнемі достық бауырмалдық егіп кететін.

Ілияс өнімді еңбектің, қай ісінде де турашылдық еңбектің, жалғыз бүгін емес ертеңгі күндерде де өсіп-өнері бар еңбектің, ойдың адамы еді. Дүние ғалымдарына әлі күнге ізін аңдатпай келе жатқан, ұзаққа созылған обыр аурудың жемі болып жатса да, Ілияс соңғы сағатына дейін ой еңбегінен қол үзбей келді. Ең соңғы ойларын екі бет қағазға күйеу баласына жаздырыпты. Бұл оның жұтына алмай, жұта алмай, жөтеле алмай, түкіре алмай жатқан түні еді. Ауруға алдырмай жатқан жалғыз ғана керекарыс маңдайы еді.

Мен Ілияспен 17 июль күні таңертең соңғы рет ұзақ қоштасып қайттым. Соңғы рет қоштасып отырғанымызды екеуміз

де біліп отырдық. Дұрыстап бір жөтелуге зар, күлу түгілі езу тартып жымиюға зар болып қалған кезі еді. Толып жатқан, орындалмаған армандарын айтты: жазармын дегені, айтармын дегені көп екен. Саған айтқан сырын басқадан жасыратын мінезі болмайтын Ілияс ақтарылып сөйледі. Соңғы сөзі мынау болды:

— Туысқандықты туысқандарымның арасынан ғана іздеген жан емес едім. Ұлы жаңа дүниемізге кім үндес болса, соны туысқан, соны дос көруші едім. Ондай туысқанды өзім іздеп тауып алатын әдетім де болушы еді. Сондай туысқандарым аз да бола бермес. Бәріне де езіліп, елжіреп, шыжылдап күйіп сағынып жатқан жүректен сәлем айт!.. Дүниешілік қой, біреу разы, біреу наразы шығар. Бірақ, Ілияс сондай зәбір етіп еді деп ешкім айта алмас. Бәріне де көп-көп сәлем!— деді.

Адал жанның, мейірімді жүректің соңғы сөзі осы болды.

Қазір маған мәдениет майданының үлкен бір тіреуі құлап түскендей сезіледі. Бұл — ауыр қаза! Ұмытылмас, орны оңай тола қоймас өлім, арманды өлім!

Жә, қош бол, қадірлі Ілияс, қош бол, ақ көңілім!

Сүйікті партияң қасында, үкіметің қасында, Ардақты ұлын бар қадір-құрметімен ұзатып әкеліп, қоштасып тұр.

Елің қасында, достарың қасында, Ілияс. Ет жүрегі еңіреп, жылап қоштасып тұр.

Қош бол, армандым! Соңғы жай тапқан жеріңе басын бір имей ешкім өте алмас.

Қош бол, ең жақының, туыспаған туысым! Қош деуге қимасым!

2

Сөзі мен ісінің, уәдесі мен орындауының арасында шалғайлығы жоқ, шалағайлығы да жоқ азамат екінің бірі емес, әрине. Ол адал жүректің белгісі, тұрақты қасиет. Ондай азамат айтқанын орындамай құтылар бойтаса іздемейді, уәдесін парыз-қарызсыз орындап тынады. Ешкімнен алғыс та күтпейді, ешкім оған қарыздар да емес. Қайта, алғыс айта бастасаң, қысылып қалады. Марқұм Ілияс Омаров осындай азамат еді.

Ілияс Омаров жиырма жасынан бастап қоғамдық істерге араласып кетті. Есейе келе екі рет министр, екі рет облыстық, бір рет өлкелік партия комитетінің секретары болды. Бірақ ол отырған орнына қарай үлкен де, кіші де көрінген емес. Қайда да жауапкер, қайда да іскер, қайда да заманымыздың үлкен қайраткері, қадірлі азамат қалпынан өзгермей танылатын. Орын оны көркейтпейтін, орынды ол көркейтетін. Ілияс бір орнынан екінші орынға ауысқанда істес болған адамдары құшақтасып қоштасатын да, баратын жерінің адамдары құша-

ғын жайып қарсы алатын. Еш уақытта, ешбір қызметте Ілиястың артынан өсек-аяң, жәбір-жапа, сықақ-келемеж ере жүрмейтін еді.

Өмір оны еркелетіп өсірген жоқ. Әкесінен ана құрсағында айрылды, шешесінен жеті жаста жетім қалды. Оның бер жағы балалар үйі, қатқан колбаса, көк аяздаңған шикі қара нан, қара көже... Ілияс үшін сол қара нан мен қара көже өмір мен өлімнің таразы-таласын шешкенін бүгінгі бұла болып өсіп келе жатқан жастар түсіне де бермес. Бірақ шындықтың аты шындық — Ілияс біздің бір ауыр жылдарда аяқтанды. Оны панасыз қалған кезінен бастап бауырына басып тәрбиелеп өсірген совет мектебі, партиямыз, өкіметіміз. Ілияс өмір бойы сол ана сүтін ақтауды парыз көріп өткен адам.

Ілияс жиырмадағы кезінен бастап-ақ көркем әдебиет пен көркем өнерге жаны ашырдың мінезін көрсете бастады. Қазақ ақын-жазушыларының еңбектерін одан көп оқитын, бақылап оқитын, қуанып оқитын, ренжіп оқитын адамды мен біле бермеймін. Абайдың, Сәкеннің, Ілиястың, Бейімбеттің, Мұхтардың, Сәбиттің, Ғабиденнің, Асқардың, Тайырдың, Ғалидың Әбділданың, Бауыржанның, Қасымның, тағы басқа ондаған ақын-жазушыларымыздың еңбектерінен Ілиястың көзіне шалынбағаны болмайтын. Әр кездескенде азырақ әзіл қоса, күлдіре отырып сынап та қоятын.

Ұлы Отан соғысының тұсында Ілиястың көзіне бірінші болып шалынып, көңіліне ұялай қалған жас жазушы Баубек Бұлқышев екен. Мен Баубектің бір-екі нәрсесін аударып, газетте жариялап жүрген кезде Ілияс маған:— Мынау бір болашағы айқын, серпінді жазушы болар. Өзі философ екен!— дегені бар. Әбдіжәмілдің, Тахауидың, Сырбайдың, Зейнолланың, Сафуанның әрбір әдеби адымдарын Ілияс қатты бақылап отыратын. Сезімтал жан қуанып та қалатын, ренжіп те қалатын. Менің байқауымша, қуанғанда, ренжігенде де қателесе бермейтін еді.

Көркем әдебиет пен көркем өнер теориясы жағынан терең білімі бар, талғам-талабы бар Ілиясты Белинский мен Луначарскийдің шәкірті деуге болатын еді. Оның сын мақалаларындағы көзқарастары бұл екеуіне ылғи соғып отырады. Ол көркем шығарманың түр көркемдігі мен мазмұн салмағын екі айырып қараған емес. Жаңашылдықты шығарманың түрінен ғана іздемейтін. Өнеші қызарғанша айғайлап тұрса да сана-сезіміне ұяламайтын жалаңаш ұранды көркем әдебиет деп танымайтын. Қазақ көркем әдебиетінің өсу беталысын тек қана өзіндік дәстүрдің шеңберінен іздеуге қарсы болушы еді. Ол қазақ жазушыларын XIX ғасырдағы орыстың ұлы әдебиетін мектеп етуге шақырумен өтті. А. Фадеевтің, Л. Леоновтың шығармаларына сын жазуы да осы арманымен тығыз байланысты болатын.

Ілиястың әдебиетке қояр талабының бағыт-бағдарын, кімдермен әуендес болғанын аңғартатын бір мысал келтірейік

Барвихада дем алып жатқанда Ілиясты А. Фадеев іздеп тауып алыпты. (Ол да сонда демалыста екен.)

— Сен жазушымысың?— деп сұрапты Фадеев.

— Жоқ.

— Мына кітаптардың бетін сен шимайладың ба?— деп Фадеев Ілиясқа үш кітап ұсынады.

— Ие, қол менікі сияқты...— деді Ілияс қызарып кетіп.

— Мойныңа алғаның қандай жақсы болды... Әйтпесе, мен өзім шимайлаған шығармын деп ойлауға жақын едім,— депті Фадеев.

Әңгіме былай болған екен. Ілиястың кітапты қолына қарындаш алып отырып оқитын әдеті бар-ды. Сол әдетімен Барвиханың кітапханасынан алып оқыған кітаптарының беттеріне толып жатқан таңбалар қалдырған екен: таңданғаны бар, мақтағаны бар, ұнатпағаны бар, «жала», «өтірік», «саудагерлік» деген сөздер де бар көрінеді... Қалың бір кітапты оқып шыққан соң аяғына: «Там, где кончается творчество, начинается работа». В. Г.— деп жазылған. Айта кетелік, шикілі-пісілі, жарымжан кітаптарды Ілияс Белинскийдің осы сөздерімен қысқа ғана бағалайтын. (Қазақ тілінде оқып шыққан талай кітаптарының аяғында «Қамысты бір кісідей шабар едік, бірақ шаба алмаймыз ғой»,— деп жазылған, қалжың түрінде айтылған өткір бір сыны тағы болатын).

Кітапханашы шимайланған кітаптарды алып Фадеевке келеді:

— Сіздің бір жазушыңыз кітаптарымызды бүлдіріп барады. Төрт күнде үш кітапты шимайлап тастапты,— дейді.

Фадеев кітаптарды ашып қараса, беттеріне түскен таңбалар айна-қатесі жоқ өзінің қойып отыратын белгілеріне ұқсайды екен: өзінің таңданатын, өзінің мақтайтын, өзінің ұнатпайтын жерлеріне қойылыпты. Фадеев айыпкер өзім екенмін деп қалып:

— Кешіре көріңіз, сондай бір жаман әдетім бар екені рас. Ендігәрі оны істемеске уәде берем. Мына кітаптарды маған қалдырып кетіңіз, мен қол тимеген жаңаларын тауып берейін,— дейді.

Кітапханашы:— Жоқ, жоқ, Александр Александрович, бұл сіздің кінәңіз емес, бұл кітаптарды сіз алған жоқсыз. Омаров деген жазушы алған. Аты-жөні тіркеулі тұр. Соны тәртіпке шақырып беріңіз,— дейді.

Ілияс Фадеевпен осылай танысып, әдебиетке көзқарастары үйлесе кеткендіктен достасып та кетіп еді. Фадеев кездескен сайын:—«Данышпан (мудрец) Омаров қалай тұрып жатыр?»— деп сұрайтын. Қалай кездесіп, қалай танысқандарын

естіген емеспін, бірақ Леонид Леоновпен де әдебиетке көзқарастары үндес шыққандығы арқылы достасып кетіп еді.

Әр кезде жауапты қызметтерде жүретін Ілияс Омаров жолдасқа біз ұзақ жылдар бойында әдебиет пен мәдениетіміздің жанашыры, досы, тілектесі деп қарап келдік. Театрда жиі кездесетін, жаңа шыққан кітаптарды үзбей оқып отыратын адамдарымыз аз емес қой. Ілиясқа да солай қарап жүрдік. Анда-санда әдебиет пен көркем өнер жайында күрделі мақалалар жазып, аумақты ойлар айтып тастағанымен Ілияс өзі де сыншымын деп ойламайтын. Мақтана білмейтін адам, мақтағанды да ұнатпайтын. Сондықтан да ол Жазушылар одағының мүшелігіне өте кешеуілдеп келіп алынды.

Енді таразыға тартып қарасақ, Ілияс Омаров әр кезде озық ойлар салып, жазушының да, оқушының да талғам-талабын тереңдетіп отыратын әділ сыншылардың бірі екен. Әдебиет тіршілігінде түшкірікпен кететін тымаулар, түп төркіні әріден келе жатқан қышымалар, «алаштың аты озғанша ауылдастың тайы озсын!»— дейтін көзқарастар кездесе береді. Ілияс марқұм мұндайлардың бәрінен де таза адам еді.

Ілиястан қалған әдеби мұра әлі түгел жиналып болған жоқ. Ілияс туралы айтылар сөз де түгел айтылып болған жоқ. О да кезінде жинақталып айтылар. Әзірше, жалғыз-ақ ескерте кетерім — марқұм Ілияс Омаров әрі кең серпінді мемлекет қайраткері, әрі терең ойлы, адал да әділ әдебиет сыншысы еді.

Кітап аты-„Бесін“, авторы-Асқар

Ойға мырза, образға бай, бос сөзге сараң кітап — ең үлкен арман. Әдебиет осыны күтеді, оқушы соны күтеді. Бел астында ма, белдер астында ма, ол арман барлық қалам ұстағанның «Темір қазығы» болары да даусыз.

Осы арманымыздың кейде бұлдыр, кейде айқын белгілерін танырлық еңбектер қазақ әдебиетінде молығып келеді. Әсіресе, бұл белгілерді ең жасаң буынның еңбектерінен кездестіргенде қуанышында шек жоқ. Үстіміздегі ғасырдың алғашқы ширегінде көш жерден көрінер биікке шаншылған әдебиет туы ғасырдың соңғы ширегінде «Хан тәңірінің» ең биік қырқасына апарып шаншылар деп сенесің. «Абай», «Ботакөз», «Шығанақ», «Қан мен тер», «Боран», «Қаһар» тағы басқа тұлғалы шығармалар сол биікке шығатын баспалдақтар ғой.

Менің алдымда Сүлейменұлы Асқардың «Бесін» атты кітабы жатыр. Соған кірген «Бес атар» атты повесть мені көптен

қызықтырып жүр. Жас жазушының өзіндік бет алысын, болашақтағы өрісі мен өресін аңдағандай боламын. Қызықтыратыны да осынысы: не жайлы жазғаны емес, қалай жазғаны, қандай жазушының бой көрсеткені.

Асқар 16 жылғы ұлт-азаттық қозғалысын бір тәуліктің ішіне сыйғыза алыпты. Әңгіме кеше күн көтеріле басталады да, бүгін күн ауа аяқталады. Езбесі көп еріншек өмірден бұрқ еткен жалын, жігері ғана алынған. Сол аз уақыттың ішінде айналасы 4—5 адамның басынан кешкен қақтығыстар арқылы қозғалыстың ішкі сырын, мән-мәнісін аша алған, есте қаларлық бейнелер жасап үлгірген. Екі түрлі сипатта екі офицер, екі түрлі сипатта екі көтеріліс басшылары, делдалдау, дүмшелеу, оқыған жігіт. Ең асылы — үрлеп өсіруі де жоқ, кекетіп кемітуі де жоқ. Әр бейненің сыр-сипаты өзіне лайық шыққан. Бізде амандасуға, ат суаруға, ас ішуге, айтпай-ақ танылатын болмашы бірдемелерге көп орын беріледі. Асқарда ол жоқ екен. Берілген көріністерінде мән бар, серпін бар — әлде нелерді астыртын андата кету бар. Белгілі жай, бұлай жазуда жазушы ұтысы еселеніп отырады.

Асқар қозғалыстың сырт көріністерін, оқиға тізбектерін алмаған: ішін аша білген соң сыртқы көріністер өзінен өзі көз алдына тізбектеле береді. Адам мінездері арқылы қозғалыстың тарихи тамырларына дейін қопарылып көрініп отырады. Бейнелеудің бір сыры, шеберлік кілті осында ғой. Асқар үшін бұл меңгерілген жайлауы сияқты елес береді.

Асқар жасаймын деген бейнелерін өз көзімен де, өзгенің көзімен де көріп отырып жазатыны байқалады. Оның көргенін, қалай көргенін оқушы да көреді. Патша офицері — Иноземцев қапыда көтерілісшілердің қолына түсіп қалғанда қамшы жауып кете ме деп басын екі иығының арасына тыға береді. Аз кейін көтеріліс басшыларының бірі — ақ құба шалдың алдына келгенде иықтарын төмен түсіріп, қазақша сәлем беріп, шалға екі қолын бірдей ұсынады. Шал оның қолына екі бүктеген қамшысын сұға салады. Офицер амалсыз қамшыны жеңіл ғана қысады да, қоя береді. Күні кеше мұндай шалдардың мыңын бір қамшымен қойдай айдап жүрген офицерге шалдың бұл қыры, әрине үлкен қорлық! Мұндай көріністі көріп отырып қана жазасың. Мұның ар жағында қорықты, қорланды, үміттенді, аярсыды деген бір шумақ астары бар. Дандайсымай, салмақты тәкаббарлық көрсетті, көп қорланудың қармышын аз ғана қылығымен бір-ақ қайтарды дерлік тағы бір шумақ тұр.

Көтеріліс басшыларының бірі — Мұқағали ақ құба шалға тіпті ұқсамайды. Сырт көрінісі аздаған аңғалдау, батырлау, сонымен бірге ұтқызбайтын, айлалы да ақылды адам. Аңғалдау, батырлау, айлалы, ақылды деген мінездемелер үстірт жанап өткенде бірі мен бірі сыйыспайтын қайшылық болып

көрінуі мүмкін. Бірақ адам бойына одан да көп қарама-қарсы мінездер сияды. Асқарда бұл өте сенімді түрде берілген.

Асқар Мұқағалиды тұтқынға түскен жазалаушы офицердің көзімен көріп отырып жазады. «Қызыл бет қазақ шашын осы бір-екі күннің жүзінде ғана сыпырып тастағандай екен — жуан тілген таспадай көгілдір тамырлар ақ құйқаны айқыш-ұйқыш шандып апты... Қос шекеден құлақтың үстімен қара құсқа кетіп жатқан қос көк тамыр Иноземцевке қысқа түйген тізгіндей байқалды да, есіне қылпылдаған ұстара түсті... Қайратты шашты қау орғандай ұшыртып келе жатып, тізгін-тамырды кірш-кірш қырқып жіберсе...»

Тұтқын өзінің офицер екенін айтып, сонысына қарай құрмет көрсетуді дәме еткенде Мұқағали бір аяғын оның тізесіне салады.

— Тартып жібер, батыр. Шұлғауы жиырылып қалған ба, аяғымды қысып бара жатқаны,— дейді.

Иноземцев амалсыз Мұқағалидың етігін суырып береді...

Қалай болса солай аңғал отырған Мұқағали әуелі жазалаушы офицердің кісі атпадым, ел тонамадым дегендеріне қалтқысыз сенетін қалпын көрсетеді де, аяқтап келгенде төбеден ұрғандай бір-ақ отырғызады:

«—Сенемін, сенемін... Сенің Райымның ауылына барғаныңа да сенемін. Райымның екі інісі мен үш баласын қабаттап қойып қаншасынан тесіп өтер екен деп алды-артынан атқан сен емес... мен... Ортада аман қалған Нұрғазыны екі солдатқа сүйретіп апарып қойдың қиы қып-қызыл болып балқып жатқан тандырға лақтырған да мен...»

Басқа бір жазушы, мүмкін, жазалаушы офицердің бес адамды қабаттастырып қойып оқ нешеуін тесіп өтер екен деп атқанына ондаған бет берер еді. Асқар оған қызықпаған. Оны оқушының өз тәптештеуіне қалдырған. Адам табиғаты қабылдамас сондай тағылықтарға қызықпауында болашағы сенімді жазушының сыры бар.

Асқар шын жаны ашырдың қатал сынын да айта біледі. Өз замандастарына дәлдеп айта алады. Ескіліктен келе жатқан әлі де арылмаған бір арам «мұраға» автор екі рет оралыпты: бірінде жат көзімен, екінші жолы жастық көзімен. Жазалаушы офицер Крейгель екі қазақ болмашыға таласып, от пен судай шарпысып жатқанда үшінші қазақтың мінезін былай бейнелейді:

«От кескін мен мұз кескін ырсылдасып-ысылдасып жатқанда үскірік соққан үсік алмадай үшінші қазақ жөнелер шақ іздеп жиынып-түйініп отырмақ... Ана екеуінің титықтағанына көзі әбден жеткенде, типық маңдайына айдар мен айбарды қатар жапсырып алып сол үшінші теке тіреске қалған әлгі екеуін қарауылға алыстан алады, қабат көздейді; қабат көз-

деп жүріп кейде екеуін жалғыз оқпен-ақ жайратып салуына мүмкін...»

Жас жігіт Сәруар өз замандастары туралы былай ойлайды: «Оңаша қалғанда бір-біріне дес бермей ауыздық шайнасып, шаршы топқа түскенде бүк түсіп, жата-жата қалатын қораз айдар ағаларының тірлік халін бұрын да аз ойлаған емес-ті. Бірақ ылғи тамырлап ормай жүре шалып ойлаған екен. Енді, міне, бүгін, мына азулы төреге іргесін сөктіріп, бөксесін жалаңаштағанда, өзі де байқамай жең түрініп, үңгілеп байқап еді... Ылғи бір өзім шапсам болғаны, омырам қап өлмесеңнің жұртындай[1]. Сонда бірақ, жетісіп отырған өзі қайсы? Сын сағатта оларға жат қимылға барып, оларға тосын мінез көрсеткені кәне?»

Осы айтылғандардан-ақ жас жазушының өзіндік беті, адам бейнесін жасаудағы, әңгіме желісін созудағы көркемдік шеберлігі аңдалса керек. Жаңаша жазушы, жазуға жаңалық кіргізер жазушы келе жатыр. Ойлы да серпінді жазушы келе жатыр. Тек Асқарды сыдыртып оқымай, ішке түйе оқу керек.

Сонымен бірге («сонымен біргесіз» кітап сирек қой!). Асқарда кемшіліктен сау емес. Ең алдымен бір бет «алғы сөзді» мен түгел өшіріп тастар едім. Асқар «алайда, сосын, сонсоң» деген сөздерді көп жерде артығырақ пайдаланады. «Көзін сонсоң шешкенсің, алайда түк көрген жоқ», «Сүтпен тершіген тас көргендей», «Көмейіне қол басындай айғай тығылып еді» деген теңеулер де көркемдік ұғымына жанаспайды, әрине.

Әрі ауыр құрылған, әрі ішкі теңеулері рабайсыз сөйлемдер де кездеседі. «Нұрғазы, бірақ, қабырдың нарпос, қызғылт қабырғасына, күректің жендетшіл алақанына, ақ шағырмақ аспанға қанша жалтақтағанымен әжесінің бет пішінін елестете алмады».

Мұның бәрі де іздену жолында, мың тоннадан бір мысқал асыл табудың жолында кездеспей қалмайтын, біреу ерте, біреу кеш арылатын сөз шығындары. Атап айтқанда, кітаптың редакторы М. Сүндетовтың елегінен өтпей қалуға тиісті қауызғақтар.

Оның үстіне, бұл жазушы Асқардың жолын әр тасадан тосып тұратын хауіптер емес.

Жазушының ең үлкен хаупі — болымсызды боямалау айналасында. Асқар ашық, айқын жазады. Жасырар-бүгері, мысық көмбесі жоқ жазушы. Сондықтан, болымсызға еліктеп кете ме деген хауіп те жоқ, мұны кесіп айтуға болады.

Осындай жаңа әуенді, оқушының ой-сезімін терендете беретін шығармалар туындап келеді. Әрқайсысы туралы пікір айтудан бұрын тізімін беруді лайықсыз көрдім, әйтпесе, ол тізім қысқа да болатын емес.

---

[1] *«Өлмесең өрем қап»!*— деп те айтылады.

„Желпи бер жылы күлкіңмен!“

Мен ақынның өз сөзін өзіне айтайын деп отырмын. Қоғамның ақынына қояр талабы не болар еді? Ол талап осы «Желпи бер жылы күлкіңмен!» деген Сырбайдың бір жол өлеңіне сыйып тұр. Ақынның қоғамына қояр тілегі мен назы да осы бір жол өлеңнен түгел табылады. Бір жол өлеңге әрі талап, әрі тілек сыйысып тұр. Шынында, талап пен тілек бірі жоғарыдан, бірі төменнен шығар екі өрістің үндері емес пе! Аз сөзбен аумақты ой салар ақындық деп осыны айтамыз.

Ақындық деген өлең жолдарының жарасымды ұйқасы мен ырғағы ғана емес, ішкі сыры, өзен ағысының сылдыры емес, сылдырдың сыры. Әсіралеу емес, бейнелеу арқылы оқушының сана-сезіміне әлденені қадағалап, ұялатып кету болады. Ақын Сырбай елуге толып, есейген шағында мен сені осындай жырларыңнан құттықтаймын!

Сырбай ашындырып та жылатып, еркелетіп те жылатып айта алар ақын. Кейде сол айтарын будақтатып, бұрқыратып жөнелгенде, басы қатты ақындық алып қашып бара жатқаны да байқалады.

Соңғы бір өлеңінде Сырбай ақын былай депті.

«Қалса болды халқымызға
Қартаймайтын жас өлеңдер,
Қалса болды артымызда
Жапырақты жас емендер».

Сырбай, мен сені осы төрт жолыңдағы үлкен ойларыңмен құттықтаймын!

«Ердің жасы — екі елу!»,— депті халқыңның ойшылдары. «Барар жерің Балқан тау, о да біздің көрген тау»— деген сияқты, елу біздің ойнап өткен асуымыз. Оны біз асу екен деп те ойлаған жоқпыз. Қаламның есейер кезі екен деп түйдік. Сен де солай түйіпсің!

«Ердің жасы — екі елу» болса, саған сол екі елуді түгел тілеймін! Ал, енді өлеңдеріңнің есеюімен бірге қартаймауын тілеймін! Желпи бер жылы күлкіңмен!

Жомарт талант, жайсаң жанды азамат

Жомарт талант, жайсаң жанды азамат, көрнекті совет жазушысы Иван Петрович Шуховты енді қайтып көре алмаймыз деген ойдың өзі қандай ауыр еді. Тарихи өзгерісті кезеңдерде

Сібір қазақтарының жыршысы бола білген Шухов қазақ даласының кешегісі мен бүгінін тебірене, шабыттана шыншылдықпен жырлады. «Шалғай Карелияның түнерген қатал орманы мен шың-құздарында, тізе бүкпестен қайсар Сталинградтың от бұрқаған аспаны астында, көне Кавказ тауларының арасында,— деп жазды ол,— барлық жерде шайқастың оқ-дәрі түтініне оранған даңқты жерлестерімді көремін».

Қазақ халқының революциялық сана-сезімінің өсуін шынайы бейнелеген, орыс қазақтары мен қазақ ауылындағы таптық жіктелуді нанымды көрсеткен «Қасірет межесі», «Өшпенділік» атты алғашқы романдарының өзі-ақ оны орыстың іргелі қаламгерінің қатарына қосты. Бұл шығармаларды Максим Горький жоғары бағалаған болатын.

«Сіздің жақсы, таза революциялық талантыңыз бар, оны кеңейтіп, тереңдету қажет» деп жазды Алексей Максимович Горький Шуховқа жолдаған бір хатында.

Шухов еңбегінің арқасында Солтүстік Қазақстан даласы үлкен совет әдебиетінің даңқты да жарқын беттерінің бірі болып қалды. Оның бүкіл творчествосы — Сібір казактары, оның революциялық жолы жайлы казак станцияларындағы коллективтендіру, кулактармен күрес, психологиялық түлеу, жаңа дүние құруға ат салысу туралы бірегей шежіре тәрізді. «Преснов күнделігі» атты өмірбаяндық шығармасында жазушы ардагер жерлестеріне ризалық сезімін білдіріп қана қоймайды, шағын ғана елеусіздеу Пресновканы көптеген әлеуметтік проблемалардың түйіні, өзегі етіп көрсетеді. Иван Петрович Шухов тың туралы очерктерінде туған өлкесінде болып жатқан ғажайып өзгерістер жайлы тебірене әңгімелейді.

Шебер суреткер қаламынан туған шығармалар баспасөз бетінде өз творчествосына жоғары жауапкершілік сезіммен қараудың, өз әріптестеріне талап қоя білуінің белгісі ретінде бағаланды. Жазушының бүкіл творчествосынан, барлық саналы өмірінен, туған Отанға, оның адамдарына деген шынайы таза сезім лебі еседі. «Халықтың күнделікті қажеттері мен тіршілік-тынысын, өмір жайлы ой-толғанысын, еңбектегі ерлігінің қыры мен сырын білмей тұрып, оған қаламмен қызмет ету мүмкін емес»,— деген еді Шухов Қазақстан жазушыларының алтыншы съезінде.— Ал ол ойлар халық өмірінің терең қойнауларында туындайтын барша игіліктер сияқты ажарлы.

Шуховтың шыншыл, ойлы сөзі біздің әдебиетіміздің алтын қорында мәңгі сақталады.

Ғ. Мүсірепов

Халық жүрегінде сақталады

Советтік әдебиетіміздің ірі тұлғаларынан бірі, талантты суреткер Константин Александрович Фединмен қоштастық. Бұл біз үшін орын толмас өкініште, ауыр қаза. Ол өзінің талантын, жігер-қайратын халықтың рухани байлығын арттыру жолына жұмсаған жан еді. Зер салып үңілсек, жазушы творчествосында халқымыздың, Советтік қоғамымыздың өсу жолдары көркем әрі шынайы бедерленген. К. А. Фединнің прозалық туындылары шыншылдығымен, көркемдік ой-идеясының тереңдігімен, ауқымдылығымен социалистік мәдениетіміздің алтын қорына қосылып отыр.

Ол көп жылдар бойы СССР Жазушылар одағында басшылық қызметте болып, парасатты ұйымдастырушы, нағыз коммунист екенін танытты. СССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды. Басшылық қызметте жүріп те әруақыт биік талапшылдықпен бар қажыр-қайратын көп ұлтты социалистік әдебиетіміздің өсіп өркендеуіне жұмсады. Әдебиетіміздің идеялық және көркемдік өсу жолдарына үнемі қатаң талап қоятын еді.

Константин Александрович өз творчествосын дамытумен қатар, советтік әдебиетіміздің гүлденуіне айтулы еңбек сіңірген қайраткер. Қазақ әдебиетінің үлкен досы ретінде біздің туған мәдениетіміздің толысуына да ауқымды үлес қосты. К. А. Фединді білімдарлығымен, ілтипатымен, кіршіксіз таза жан-дүниесімен, әдеби мәселелерде әркез шебер ұйымдастырушылық қабілетімен... қадірменді қаламгер ретінде бағалаушы едік.

Аты әлемге мәшһүр суреткерді ең әуелі революция жыршысы дер едім. Ұлы Октябрь революциясы әкелген қайта түлеулер, жаңа өмір сипаты, совет азаматтарының жарқын келбеті, өсу арналарымыз Константин Александровичтің туындыларында барынша айқын суреттеледі. Оның елге белгілі тамаша романдары туған әдебиетіміздің асыл қазыналарының қатарында.

Біздің ұлы жазушымыз

Жазушы Мұхтар Әуезов қазақ совет әдебиетінің айнымас негізін қалап берген алыптар тобының ішіндегі ең кемеңгері болады. Мұхтар жайында әр кезде айтып келген ойларымды оның 80 жасқа толған мерекесінің қарсаңында мен былай ко-

рыттым (қорытынды әуелі орыс тілінде айтылғандықтан сол күйінде келтіруді дұрыс көремін).

«Мухтар Омарханович Ауэзов является центральной фигурой в плеяде нашей «могучей кучки» основоположников казахской советской литературы».

Мен қазақ совет әдебиетінің негізін қалап, идеялық және көркемдік бағытын, беталысын тағайындап берген алыптар тобының еңбектеріне үлкен мән беремін: жас әдебиетіміз болымсыз әуре-сарсаң сарпылтаңына түскен жоқ, тез аяқтанды: Совет шығыс әдебиетінде Ұлы Октябрь революциясының тұсында олардан күрделі топ бола қойған жоқ. Бүгін жасамыс болып қалған қазақ ақын-жазушыларының бәрі де сол ағалар тобының баурайында есейді. Олардың еңбектері де әлі күнге ескірмей келеді. Олар революцияның алды-артқы тұсындағы ұйтқымасы көп кезеңде ұйтқы туын көтерді. Мұхтар осындай ұлы идеялы ағалар тобының ішіндегі алғашқы адымдарынан-ақ алысқа шабары танылған кеменгер еді.

Менің қазақ совет әдебиетінің бұлжымас негізін қалаушылар тобына көбірек тоқталуымда ескеруден қалып, бара жатқан тағы бір себеп бар. Сол революция туын көтеріп, әдебиетке әлеуметтік мән бере білген ағаларымыз кімдер еді! Жастар болатын, жастар! Сәкен, Бейімбет, Ілияс үшеуі құрдас—23 жаста. Мұхтар 20-да, Сәбит 17—18-де! Бүгінгі жоғары дәрежелі білім алған жастар емес, бәрінің де орталы-төменді ғана білімдері бар еді. Одан кейін айтарымызды солай бола тұрса да дегеннен кейін көп ноқат қоя салсақ та бүгінгі ақын-жазушыларымызға түсінікті болар деймін. Бұл айтқандарға жалғыз қосарым әдебиет сияқты көп салалы өнердің негізі бір қолмен де жасалмайды, бір жылмен де аяқталмайды.

Мұхтардың балалық шағы қазақ даласында кездесіп көрмеген, батыс елдерінде де сирек кездесетін өлең мен әнге, ертегі мен жырға, жұмбақ пен жаңылтпашқа, шежіре мен шешендердің лұғатты сөздеріне күні-түні шомылатын творчестволық ерекше жағдайда өтеді. Ол Абай ауылы, Абай айналасы — Абайдың ақын балалары, Абай ауылына үсті-үстіне ағылып келіп жататын ақындар, әншілер, домбырашы, қобызшы-күйшілер, бишілер, шешендер... Қазақ халқының қалыптасқан әдептілігі, инабаттылығы, мінезділігі, адамгершілігі — бәрі осы ауылда. Абай елегінен өтіп өңделгені де бар. Абай айналасында өрескел мінез, ерсі сөздерге тыйым салынған. Бұл ауылда кітап бар, кітап оқу бар. Науаи, Низами, Омар Һайям, Фирдоусилер аудармасыз өз тілінде оқылады. Абай айналасында осындай жайлар болғанын Мұхтар өзі ұзақ жыр етіп айтатын еді. Сол төңіректің барлық ішкі-сыртқы бейнесі зирек баланың балғын ойына өшпестей болып орнап қалғанын сезінетін едік.

Абай ауылына қысы-жазы көршілес отыратын Мұхтардың атасы Әуездің өзі де мұсылманша оқымысты, сандық-сандық кітап жинаған адам: әл-Фараби, Абуғали-Сина, Хожа-Ахмет Яссауи, Мұхаммед Хайдар Дулати. Абдұлғазы Баһадұр ханның еңбектері қолдан көшіріп алған күйінде сол кісіден табылады екен. Қадірлі ата немересі Мұхтарға ерте хат танытқан.

Мұхтар Абайды босағадан ғана сығалап көрген бала емес. Абайдың өз балалары мен немерелеріне ере жүріп, еркін көрген. Кең маңдайлы, көзі бадырайған, жуан шал сегіз-тоғызға келген жас баладан әлдеқандай өнер күткендей үмітті көздерінен мейрім төге жылы қарайды екен. Абайдың өз шығармаларымен, Пушкиннен, Лермонтовтан, Крыловтан жасаған аудармаларымен Мұхтар бала жасынан таныс. Ел ішінде қолжазба күйінде тараған, жастар арасында әнмен айтылатын, 1909 жылы Петербургта бірінші рет басылып шыққан ұзатылатын қыздар жасауының басы болып та тарай берген Абай шығармалары болашақ жазушының ыстық жүрегіне күйыла берген, құйыла берген. Бұл «Айттым сәлем, Қаламқас» пен «Тәңірім қосқан жар едің сен» (Татьянаның әні) бүкіл Арқа елдеріне кең тарап кеткен кезі. (Мысалы, қиыр шетте жатқан біздің елдерге осы екі өлеңді өз әндерімен таратқан Беке деген әнші қарт әлі тірі, осы күні Қызылжарда тұрады).

Жазушы Мұхтар Әуезовтың энциклопедиялық білім алған, ғылымға суарылған ұлы ордалары Ташкент, Ленинград болса, алғашқы өткен университеті Абай ауылы десек қателеспесек керек.

Болашақ кемеңгер жазушымыздың алғаш жарияланған күрделі еңбегі «Еңлік — Кебек» трагедиясы. Сондықтан біз де әңгімемізді жазушының өз ізіне түсе бастауды мақұл көрдік.

Мұхтар жиырма жаста. Абай ауылынан басқа университет есігін әлі ашқан жоқ. Дарын серпінін аңдау үшін мұның да өз орны бар. Сол жиырма жасында қазақ драматургиясының көш басшы ата-анасы болып қалған «Еңлік — Кебек» 1917 жылы киіз үйде ойналады. Содан бері алпыс жыл бойында — «Еңлік — Кебек» сахнадан түскен емес. Керісінше, балалап-бұтарланып көркемөнер сахнасына әлі күнге әсерін тигізіп келеді (композитор Ғазиза Жұбанованың «Еңлік — Кебек» операсы, «Қарғама жалғызынды» әні). 1926 жылы Қазақ драма театрының шымылдығын Еңлік пен Кебек ашты. «Еңлік — Кебек» алғаш сахнаға шыққан қазақтың ұл-қыздарының өсуіне де аз жәрдем еткен жоқ.

Қазақ драма театрының шымылдығын «Еңлік — Кебек» ашса, музыкалық театрымыздың шымылдығын 1934 жылы «Айман — Шолпан» ашты. Бұл екі фактының екеуі де кездейсоқ еместі. Бұл тұстарда аяқтанып қалған драматургиямызды

іріктеп келгенде театр шымылдығын ашуға ең толымдысы Мұхтардың шығармалары болды.

Мұхтардың драмалық шығармалары бұл екеуі ғана еместігін еліміз түгел біледі: «Абай», «Түнгі сарын», «Қарагөз», «Қобыланды», тағы басқалары біздің сахналық өнеріміздің негізгі тірегі, «Абай» драмасын Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиди жасаған толық қанды опера туғанын да ұмытпайық. Мұхтардың прозалық еңбектері түгіл драматургиясы туындыдан туынды туғызып отырғанын көреміз.

Мұхтар Әуезов драматургиясы қазақ халық тарихының елеулі кезеңдерін қамтып отырады. Арғы көне дәуірден «Қобыланды», одан бергіректе «Еңлік — Кебек», қазақ даласының ұл-қыздары оянып, ескірген жол-жораға көнбей бастаған дәуірінен—«Қарагөз». «Қарагөзде» Мұхтардың түйінді ойы мынадай екі жол өлеңінде:

Асан сал — сал ішінде бір алуаны,
Азған заң, тозған заман балуаны...

Азған заң, тозған заман деген терең мағыналы, сөздер. Соған қарсылық көрсетіп, жеке бастың азаттығы үшін алысқан жастар шыққан кездері бұл да еліміздің елеулі бір дәуірін сипаттайды (Сырым, Қарагөз).

Қандай ұлы талант-дарын болса да надандық қараңғылығында өсе алмайды, өше бермек, өле бермек. Қазақ халқы хандарының сарпылтаңынан құтылып, Россияға қосылуымен бірге өнер-білімге де қосылды. Шоқан, Ыбырай, Абайлардың жаратылысындағы асыл дарыны білім бұлағынан суарылып өсті. Бұл біздің жаңа дәуіріміз, «Абай» романымен қатарласа туған «Абай» драмасы осы дәуірді көрсетеді (XIX ғасыр).

XX ғасыр қазақ даласы үшін толып жатқан драмалық жағдайлармен басталды. Өндіріс орнында бесінші жыл оқиғалары. Спасс, Қарағанды, Риддер... 16-жылғы ұлт-азаттық қозғалысы, февраль төңкерісі. 1917 жылы Ұлы Октябрь социалистік революциясы. Мұхтардың «Түнгі сарын» драмасы сол ұлт-азаттық қозғалысының кезеңіне арналған.

Мұхтар Әбділдамен бірігіп Октябрь революциясынан аз ғана кейінгі дәуірге арналған «Ақ қайың» пьесасын жазды. Отан соғысы тақырыптарына арнап жазылған драмаларының өзі бір топ — бір жазушыға драматург атағын берерлік еңбек: «Намыс гвардиясы» (Әлжаппармен бірге), «Сын сағатта», «Төлеген Тоқтаров» (либретто).

Осы сырт шолудың өзінен-ақ мен екі қорытынды жасаймын: 1) «Еңлік — Кебек» трагедиясы қазақ драматургиясының көш басшысы болса, Мұхтар өзі қазақтың бас драматургі, ұмытылмас ұстаз демекпін. 2) Мұхтар драматургиясы қазақ халқының елеулі дәуірлерін түгел қамтыған.

Ұстаз драматургіміз Мұхтар Әуезов отыз екінші жылдан

бастап он жылдан астам Қазақ драма театрының репертуар жағын басқарып отырды. Бұл қазақ драма театрының ең дәуірлеп көтерілген кезеңі болды. Театрға Шекспир, Шиллер, Мольер, Лопе де Вега, Гольдони, Гоголь, Горький, Островскийлер келді. Шекспирді, Гогольді, Мұхтар өзі аударып берді («Отелло», «Асауға — тұсау», «Ревизор»). Ақынды — ақын, драматургті — драматург аударудың қандай қасиеті барын Мұхтар-аударушы өз еңбегімен көрсетті. Мұхтардың қазақ драматургиясы мен Қазақ драма театрына көрсеткен еңбегі сонша, драматургтарымыз көбейді де тез өсті. Қазақ драма театры академиялық театр атағын алды. Ұстаз драматург Мұхтардың сахна кадрларын тәрбиелеуде қандай орны болғанын сахна шеберлері осы күнге дейін жыр қылып сөйлейді. Осы айтылғандардың өзінен-ақ Қазақ академиялық драма театрына Мұхтар Әуезовтың аты берілгені заңды да жарасымды болғаны байқалса керек.

Кемшілікті жасырудан пайда жоқ. Мұхтар тұсында көтерілген биігіне театрымыз енді қайтып көтеріле алмай келе жатыр. Орыс және дүние жүзілік классиканың біраз орныққан үлгілері театрымыздан шығып қалды. Шықпады деген күнде селдіреп барады. Уақыт талабы — ілгері басу, жинақталған игілік атаулыны молайта беру болып табылады. Бұл сөз орайындағы құлаққағыс ғана.

Жоғарыда біз Мұхтар Әуезов қазақ совет әдебиетінің айнымас іргесін қалаған алыптар тобының ішіндегі ең кемеңгері болады дедік. Мұнымыз жәбірі жоқ шындық қана барына бүгінгі оқушы жұрт сенуге тиісті. Өйткені бұл бір кезеңнің ғана байламы емес, алпыс жыл ішінде екшелген, сараланған еңбектердің өзінен туып жатқан байлам. Жас Мұхтардың бірінші тартылған жолдарынан бастап атақты жазушы болған кезінде аяқталмай қалған жолдарына дейін мен, ала-құласы жоқ, осыны көремін. Ұлы атамыз Абай өлмейтін сөз қалдырған ақын-жазушыны өлді деуге болмайды десе, бізде осыған бірінші болып дәл келетін жазушының аты Мұхтар Омарханұлы Әуезов! Әр ақын, әр жазушының өзі көтеріле алған биігі бар, орны бар. Мұхтардың орнына ешкім таласа алмайды. Мұхтардан қалған сөз өлмейтін, өшпейтін асыл сөз, жан сөзі, жүрек сөзі.

М. Әуезов қаламынан туған ұлы көркем дүниелердің идеялық-эстетикалық асыл бағасы қазір бүкіл одақтық, әлемдік көлемде лайықты орнын тапты. Бұл, әрине, Мұхтар таланты мүсіндеген көркем дүниелердің қасиет-сыры, ықпаләсері, жан жақты зерттеліп, назарға ілігіп болды деген сөз емес. Бір ғана қазақ совет әдебиеті мен ғылымының өсіп-өркендеу жолына түсірген жарық сәулесі, игілігі мол ықпаләсері зерттеліп, айтылып үлгермей де жатыр. Болды, бітті деп айтылмас та керек. Әрбір елдің әр түрлі тарихи кезеңдерінде

дүниеге келген ұлы суреткерлерінен әрбір ұрпақтың ескірмес өнеге тауып отыратыны секілді — Мұхтар талантының да телегей-теңізі алдағы алыс күндерге жасау-жабдығына қылау түспеген күйінде бөлінбеген еншісіндей болып жетуге тиісті.

Мұхтар Әуезов прозасынан жұртшылықтың назарын бірден аударып әкеткен «Қорғансыздың күні» деген әңгімесі еді. Әуелі қызыл әңгіме екен деп қалдық. Ұзамай ойлы әңгіме, ойландыратын әңгіме екенін таныдық. Ұзаққа шабар шебер жазушы келе жатқанын көрдік. Одан кейін «Көксерек», «Қараш-Қараш», «Қилы заман», одан бері келе жарты ғасырлық еңбектің ұлы қорытындысы «Абай» эпопеясы.

Мұхтар Әуезов шығармалары қазір жиырма томдық көлемде басылып шығуға әзірленіп жатыр. Сонша еңбекті бір мақалада шолып шығамын деп ойлаудың өзі абыройсыздыққа әкеліп соғар еді. Мен тек өзіміздің Отанға, шетелдерге көп тараған, кең өріс алған шығармаларына ғана тоқталуды мақұл көрдім.

Мұхтар Әуезов философиялық қабілетті, ойшыл жазушы. Оқушыға ой сала жазады, қызығып жазады, қызықтыра жазады, қуанта жазады, қайғырта жазады, кектендіре жазады. Мұхтар жасаған бейнелерге не досы, не қасы болмай оқи алмайсың. Мұхтар шығармаларынан аскан шеберлік, көркемдігімен қатар драмалық арқаудың шебер есілгенін көресің. Онда енжар баяндаулар аз кездеседі. Сондықтан Мұхтардың бір туындысынан екінші, үшінші перзенттер туып жатады.

Мысалы:

«Абай»— роман, «Абай»— драма, «Абай»— опера. «Айман — Шолпан» музыкалы комедия, «Айман — Шолпан»— драмалы комедия. «Қараш-Қараш»— повесть, «Қараш-Қараш»— фильм. («Қараш-Қараш» драмаға айналуға да, операға айналуға да келісіп тұр).

«Көксерек»— әңгіме, «Көксерек»— фильм. «Көксерек» пен «Қараш-қарашты» қандай әдемі фильмге айналдырған қырғыз бауырымыздың режиссерларына мың да бір алғыс айтуымыз керек. Не ескермеген, не фильмге айналдыра алмаған өзіміздің режиссерларға наразылық білдіруіміз керек. «Абай» романын әлі күнге фильмге айналдыра алмай жүрген режиссерларымызға да мен осыны айтқым келеді.

«Абай» романы заңды түрде эпопея аталып кетті. Эпопея қалың кітап деген сөз емес. Идеялық мазмұнымен, шеберлік көркемділігімен, орыс тілінде галерея деп аталатын адам бейнелерімен эпопея. Барлық совет әдебиетінің зерттеушілері мен сыншылары «Абай» романы қазақ халқының бір дәуірдегі өмірін, типтік бейнесін көрсетеді деген қорытындыға келгені әрі дұрыс түсінгендік, әрі дұрыс бағалау. Құнанбай

мен Абайдың өзінен бастап, Абай үйінде ән салып отырған Біржанның дауысын естіп жүгіріп келе жатқан кемпірге дейін типтік бейнелер.

Қазақ кітап оқушылары үшін «Абай» романындағы әрбір бейне де таныс. Әрбір сөз теңеулері де таныс, әрбір оқиғаның мінездемесі де, бұрылыс-бұлтарасы да түсінікті. Сондықтан «Абай» романын орыс тілінде оқыған бірер адамның пікірлерін келтірейік:

Оқытушы Г. П. Дядин (Омбы облысы) былай депті: «Абай» романын бүгін оқып шықтым. Бас көтере алмай, қызыға оқыдым! Мен Сенкевич, Шиллер, Иван Франко, Майн Рид, Мольердің бәрін де түп нұсқасынан оқығанмын, бірақ олардан «Абай» романына теңерлік еш нәрсе де табылмады».

Чкалов қаласында 10-класта оқушы жас қыз Нина Иванова «Абай» романын былай бағалайды: «Меніңше, бізді бірде бір шығарма, ешбір роман дәл «Абайдай» соншалықты күшті толқыта алған емес. Бұл роман ғажайып бір музыка әуені іспеттес, оны тек әндетіп оқығың келеді».

«Абай» романын шетел тілдерінде оқығандардың алған әсерлері де осыларға үндес. Қысқартып айтқанда, бүкіл дүние оқырмандарының беретін бағалары осы ойларға құйылады.

Осы тұста бұрынырақ айтылған мына бір ойды жаңғырта айтсам артық емес. «Абай» романдары қазақ совет прозасының қалыптасуына көмектесуімен бірге шығарма алдына қойылар талап дәрежесін жаңа бір биікке көтерді. Жазушылық өнерден сенімді үміті бар жасымыз да, жасамысымыз да «Абайдан» үйрене отырамыз, сүйіне де отырамыз.

Оқиға шеңбері жарты ғасырлық болса да одан арғы бірнеше ғасырлардың шындығын да қамти отыратын кең жайылымды роман түптеп келгенде барлық қазақ халқының болашақ тағдырына байланысты үлкен бір идеяны ойыңа құяды. Ол — ұзақ ғасырлар бойында қоғамдық өркендеудің төменгі сатысында тұрып қалған қазақ халқының болашағы ұлы орыс халқымен достасуда, сол халықтың алға сүйрер мәдениетінде, ойында екендігі.

Мұхтар Әуезов шығармалары мөлдір таза суы ортаймайтын, лайланбайтын кең арна, терең арна. Екі жағасы да өмірге толы көк майса. Көк құрақтарда аққу әні. Толқынданған қалың ормандарда бұлбұл әні. Одан әрі керіліп жатқан кең далада өлгендердің қайғылы әні, туғандардың қуанышы еді. Осының бәрі өмір. Бір елдің ғасырлық өмірі.

Жоғарыда «Абай» романы жарты ғасырлық ұлы еңбектің қорытындысы дедік. Осы ойымды Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің сексен жасқа толған мерекесінің қарсаңында мен бы-

лай қорытамын (әуелі орыс тілінде айтылып еді, сол күйінде келтіргенім дәлірек болатын сияқты).

«Роман-эпопея «Абай» признанный, как у нас, так и за рубежом бесценным вкладом в сокровищницу мировой литературы, вывел имя Мухтара Ауэзова в ряды мировых величин».

Бұған қосарым — Мұхтар Әуезов социалистік реализм әдебиетінің ұлы жазушысы деймін.

Зейнолла елуде

«Енді әдебиет болашағын ойламай болмайды... Сендердей болашақты, үдей басатын, алғыдан асатын болашақты ойламасақ кім боламыз!» Мұхтар Әуезов әдебиетіміздің болашағы деп үміт артқан Зейноллалар бүгін елуде екен. Елу — ердің естияр жасы болғанымен, шалдың шау тартқан көлігіне көз алартар кез емес. Егер мәдениетіміздің өнер боп өсерін, тағы да Мұхтар сөзімен айтқанда «көбікті толқын санар» уақыттың озғанын ескерсек, өсер елдің азаматының өнер тағдыры хақындағы ой-арманының, мұңы мен мұратының тоғаяр сәті болмасқа керек. Сонан соң да Зейнолла жасындағы жігіттеріміздің жалыны мен ет қызуының, таланты мен талайының арқалар жүгі әлі алда. Сонан соң да әр ұрпақ өкілінің бір қыр асқаны өткенімізге бір есеп, өсерімізге бір меже сияқты. Аттың жемін жеп, тайдың жүгін сүйреткен, топтан топысы көрінбей жүрген жұрт аз емес. Сонан да болар, кәрі-жасы бар, әрбір мүшел жасын кертіп жеп келе жатқан әріптестер жайын ойлағанда, осылар туған халқының мәдениетіне не әкелді деген сауал көңілге қоса оралады. Өзгеден бөлек санайтын жандардың бойынан да, ойынан да бөтеннен таппағанды көре қалсақ, қуанатынымыз да рас. Жігіт нарқы оның сыпайы жігітшілігінде, мәрттігінде ғана емес, әлеуметтік орнында ғой.

Әдебиетіміздің азабына жиырма жасында араласқан Зейнолла проза жанрында повестен романға дейін, оның ішінде кемшін деп айта беретін жұмысшы әулетінің тіршілігінен бірнеше кітап жазды. Бұл тақырыптың жалынан ұстата бермейтін шаркездігін де білем. Менің айтпағым бұл емес, бар-жоғымыздың есебін сыншы құлақ өзі де жақсы біледі, оның салмағын жұптауға өзі де жүйрік. Жуырда газетте басылған «Ұстаз туралы сөз» атты мақаласында Зейнолла әдебиетімізді Әуезов көтерген биіктен әрі асыру қиындау шығар, бірақ, сол биікте ұстап тұру үшін де Әуезовтей дарын, ойшыл керек депті. Зейнолла-шәкірттің Әуезов — ұстаз творчествосын зерттеудегі жаңа қыры мен ойлы пікірі, толғанысы сүйсіндіреді.

Зейнолла педагог-ғалым. Оның шәкірті біреу де емес, бір вуздың жеткіншектері. Түбі олардан біреу шыға ма, бірегей шыға ма, ол бота тірсек бозбаланың маңдайына ғана емес, ұстаздың еңбегіне, береріне де байланысты. Зейнолла елуде. «Болашақты ойламасақ кім боламыз?» деген ұстаз тілегін өзі қатарлылармен қанаттаса жалғастыратын уақыты, артына ерген жастардың асқар бағытын мезгейтін уақыт. Ал, шәкірт парызы өтелмей қалмайды.

Өнегелі еді

Өмірден өткеніне біраз болып қалған Тайыр іниміздің жетпіс жылдығы енді аталып отырса, «Қыршынында-ақ қағып кеткен екен-ау қу ажал» демеске не шара. Бірақ, соның өзінде, оның жасының кіші екендігі көп байқала бермейтін. Иық тірестіріп қатар жүргенімізде, тең құрбыдай қалжыңдасып, мейірленіп қалатынымыз бар еді. Ол кеткенде орнының үңірейіп қалғандығы да сондықтан болар...

Әдетте, өмірден өткен ақын, жазушы туралы пікір екі сала болып — әдеби еңбегімен мен өз басына қатысты — айтылатыны бар. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Тайыр Жароков, жоғарыда ескерткеніміздей, ерте кеткен, айтатынын толық айта алмай кеткен ақын демекпіз. Ол әлеуметтік тақырыпқа көп жазып, күнделікті өмір-тірлігімізге жиі де жіті араласып отырушы еді. Бұл қасиет басқа ақындарымыз үшін де яғни, бүкіл поэзиямыз үшін де өте қажет, өте керекті қасиет еді. Қазіргі «Айналайын қарағым...» көп жазылып жүрген тұста, мұны ерекше ескерте кетудің еш ерсілігі жоқ сияқты.

Бүгінгі жаспыз деп жыр жазып жүргендердің алды қырықтан асып, елуге емеурін білдіріп қалды. Тайырлар дәл осы шақтарында күйдім-сүйдімге күдер үздіріп жібермесе де, өзін ақын ағасы сезініп, жарқылдаған жырларымен әлеуметтік қам-қарекетіміздің қақ ортасында жүретін. Және оларын дұрыс еді деп те санаймыз. Себебі: ақынның ақындығы жасы жиырма беске жеткенше білініп, отызында оның қандай ақын екендігі айқындалып бітеді емес пе?

Ал ақын Тайырдың өз басына, адамгершілігіне келетін болсақ, жершілдік, өзімшілдік секілді кесапат дерттерімен ауырып көрген жан емес еді. Тіпті, олардың не екенін білген де, сезген де жоқ.

Бұрын қандай қолжазба болсын, алдымен оқылмай, талқыланбай баспаға кетпейтін. (Мәселен, «Абай» мен «Оянған өлкенің» әрқайсысы екі күннен талқыланғаны есімде. Ал, Әбдіжәмілдің «Қан мен терін» Ғабиден екеуміз үш күн отырып

оқығанбыз). Осындай сәттерде сыр беріп қалатын кейбіреулердей емес, қақсоқта жұмысы жоқ, адал ақын еді. Өнегелі еді.

Ел арасында, әсіресе, ақын-жазушылар ішінде Тайыр айтты деген тапқыр сөздер көп-ақ. Мен солардың бәрінің болмаса да, кейбірінің қалай шыққанына куә болған едім. Өзін, сөзін аңсатқан аяулы ақын інімізділ тәтті қылықтары да мендетіп отырған бұл күндері сол әңгімелердің бір-екеуін ел құлағына қайта сала кетсем деймін.

Бірде, Алматыда, дәл қайда екені есімде жоқ, әдеби кеш өтіп жатты. Өлең сөздерін бұрқыратқан ақын, жазушылар аянар емес. Сахна сыртында ары-бері адымдап, темекісін құшырлана сорып жүрген Тайырға жас жағынан кіші Мұзафар Әлімбаев жетіп келіп:

— Тайыр, қазір сенің шығатын кезегің,— дегені. Сонда жалт қараған Тайыр оған:

— Әй, Мұзафар, мені сен түгілі, Мұқаңның өзі де (М. Әуезовті айтып отыр) Тәке дейтін,— деді де, сахнаға қарай беттей берді.

Тайырдың дәл осындай тапқырлығын және бірде, дос қырғыз елінен қайтып келе жатқанда естігенім бар.

Машинасы сыр берген Ғалилар (арамыздан кеше ғана кеткен Ғали) кейінденкіреп қалды да, біз Тайыр бәріміз Қордай асуының, бергі етегінде тосып тұр едік, шөлдегесін, сусындау үшін, анадай жерде тұрған бір-екі үйге қарай беттедік. Аңқылдаған кәдімгі халқымыз да, төріне шығарып, шай беріп, «демалыңыздар» деп ақ жастықтар тастады. Ойымда ештеңе жоқ, Ғалилар келгенше дем алсам, дем ала тұрайын деп жатыр едім, ашық тұрған есіктен Тайырдың:

— Әй, Ғабит, басыңды көтер, қойдан үлкен емессің, бата бер,— деген даусы саңқ ете қалды. Әшейінде «Ғабе», дейтін Тайырдың мына қылығына күліп, қарғып түрегелсем, үй иесі бір малды көлденең тартып тұр екен.

Сөйтсем, сыртта жүрген Тайырға үй иесі: «ақыр кідірдіңіздер ғой, қыстан қалған сүр бар еді, соны тездетіп аса қойсақ қайтеді?» деп ақыл салыпты. Онысын құп көрмеген ақын: «жоқ, оныңды қой, болса, мал сой, әйтпесе, бізден ұят болады» депті. Мал сояйын десе, қонақтарының қарайтынын, қарамайтынын білмей, әбіржіп тұрған үй иесі қуанып кетіп, қорадан бір қойды сүйрей әкеп тұрған беті екен. Бата беруге тура келді.

Сол інілердің де қатары азайып кетті ғой бұл күндері...

Ақын Сараға соқтықпасақ қайтер!

Ширек ғасырға созылып бара жатқан бір керенау таласқа амалсыз араласқалы отырмыз. Талас Біржан мен Сараның айтысы жайында: бір жағы сол айтыс болмаған дейді, бір жағы болғанын дәлелдейді.

Қазақтың әдебиет зерттеушілері мен ақын-жазушылары ешуақытта бұл айтыстың болғанына шәк келтірген емес. Ғасыр бойында жасап келген, поэзиямыздың көрнекті бір саласы болып келген ақындар айтысының ең биігіне көтерілгені — «Біржан мен Сара» айтысы деп біледі. Одан бергі дәуірде айтысқа қатысқан есті ақындар Біржан мен Сараның айтысын үлгіге алып келе жатқаны да белгілі жай. Айта берсең, бұл өзі халқымыздың рухына сіңіп кеткен айтыс.

Халқымыздың сана-сезіміне, әдебиетіміздің тарихына бір жола орнап алған әдеби мұраны болды-болмады деп таласқа салудың өзі бір ұят нәрсе екенін, таласты бастаған жолдас елең қылмаған. Өсер елді өсірмес қылықтар осындайдан басталып өрби береді. Бір ғасырға жақын жасасып, қанымызға да, жанымызға да сіңіп болған атақты айтысты жоққа шығаруға кеткен еңбек (егер оны еңбек дей алсақ!) кесек бір тасты ойдан өрге қарай домалатумен тең.

Әттең, даусыз шындықтар төңірегінде де, кейде қолбостықтан туып езбе әңгімеге айналып кететіндік бар. Соның бір көрінісі «Біржан — Сара» айтысы туралы ширек ғасырға созылып келе жатқан кереғар пікірлер. Осынша ұзаққа созылған талас «Біржан — Сара» айтысының көркемдік жағына, тепеу, бейнелеу, айтыстың ішкі логикасы, әдісі, қапы кеткендік жақтарына бір соққан емес.

«Біржан — Сара» айтысы болмаған, оны Әріп Тәңірбергенов жазған дегенді бастаған Қалилаханов, объективті жағдайларға сүйеніп, айтыстың болғанын дәлелдеп келе жатқан С. Қайнарбаев. Мұндай «өнбес дауды» ширек ғасырға созғанша, оның бойындағы аса көркем айтқыштық, образдық қасиеттерді зерттеп, саралау — әдеби ғылым негізіне бет бұрғандық болар еді. Ғылымды өсірер, пікірді саралар, қазіргі айтыс өнеріне пайдасын тигізер өнімді дау осы төңіректен табылар еді.

Қалай болғанда да бір нәрсеге — Сараның ақын болғанына, ақын болғанда да, өте сирек дарын иесі екеніне еш дау жоқ. Осыған күмәнсіз тоқтасып, енді оның айтыстан басқа өлеңдері болды ма деп алаңдаушылық — әрине, заңды. Бірақ, заңдылықты жөнсіздік жаққа пайдалануға болмайды. Сараның пәленше құрбысына, түгенше нағашысына, одан оның пәленше жиенінің түгенше жиеншарына жетіп, содан жазы-

лып алынды дегендердің бәрін де жіті көзден, білгір мамандардың елегінен өткізіп қана, ең керегін кәдеге алуға болар. Бұл тұста саралық пен сақтық қатар керек. Ол өлеңдерді өлшеудің мөлшері —«Біржан — Сара» айтысының көркемдік дәрежесі. Демек, Сара өлеңдерін жинауды науқанға айналдырудан аулақ болған жөн.

Осыларды айта келіп, қорытқанда Сараның жалпы мәдениетіміз бен әдебиетімізден алатын орнын қай төңіректен белгілеген дұрыс болады деген сұрақ туады. Өз басым ақындар арасында Сараның алатын орны бірінші қатарда деймін. Мысалы, қазақ әйелдерінің ішінде әншілік туын Майраға, күйшілік туын Динаға, сондай-ақ опера өнерінің тұңғыш туын Күләшқа ұсынатынымыз сияқты, ақындық айтыстың асқақ туын Сара Тастамбекқызының қолында көргім келеді. Сараны бұл орнынан не әрі, не бері жылжытам деушілік — әділдік бола алмайды.

Ақындық ақиқаты

Біз осы ақын, ақындық деген сөздің қадірін түсініп алған сияқтымыз. Газет-журнал — мерзімді баспасөз беттерінде шын ақын, нағыз ақын деп жазуды шығарыппыз. Өтірік, жалған ақын, ақынға ұқсаған, ұқсайтын ақын болатын болғаны ма? Әрине, жоқ. Ондайлар — ақын емес, өленді шығара алмайтындар, зорлап құрастыратындар. Ендеше өлең шығаратын талантты адам үшін ақын деген аттан, ақын атанудан асқан абырой, артық награда жоқ. Мен жетпістің биігіне көтеріліп отырған Әбділда Тәжібаевты осындай, осы сөздің толық мағынасындағы ақын деп білемін. Бұл — үлкен ақиқат, ақындық ақиқаты.

Осыдан шығарып атап айтатын басты ақиқат мынау: Әбділда Тәжібаевтың өмірбаяны — бір есептен қазақ совет әдебиетінің өмірбаяны. Мұның өзінде арнайы тоқталып өтуді тілейтін үш-төрт жайт, ерекшелік бар.

Ол алыптар тобы Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқановтардың ізін басып әдебиетке келген, сол алыптар тобына өзі де қосылатын, сол алыптармен бірге қазақ совет әдебиетінің іргесін қалап, қабырғасын көтерискен ақын. Әдебиет бір күнде тумайды. Оның негізі бір жылда қаланбайды. Оған ондаған жыл керек. Міне, қазақ совет әдебиеті туып, қалыптасқан сол алғашқы он жылдың ортасында Әбділда Тәжібаев бар.

Қазақ совет әдебиеті одан бергі жерде де жарты ғасырдан

астам уақытты артқа салды. Қиындығы мен қызығы мол, тар жол тайғақ кешулі, күреске толы үлкен даму жолы бұл. Сол жолдың өн бойында Әбділданың ақындық үні еркін, күшті естіледі. Ол қаламымен ғана емес, қайратымен де әдебиетіміздің үнемі ілгері басуына, оның жаңа заманымызға сай әр кездегі басты беталыс бағдарын белгілеп отыруға, идеялық-көркемдік тұрғыдан өсіп-өркендеуіне көп еңбек сіңірді. Қазақстан Жазушылар ұйымына басшылық та жасады. Қазір де оның айтары аз емес. Ақындық алымы кең. Қаламы қуатты.

Әбділданың ақындығы — көп қырлы, толыққанды ақындық. Ол поэзияның барлық салаларында жақсы, өнегелі еңбектер тудырды. Оның диалог, монологқа сүйеніп жазған жыр дастандары — іргелі ізденіс белгісі ғана емес, қазақ өлеңіне келелі, кесек үлгілер болып енген дүниелер.

Ол қаламгерлеріміз арасында ғылымға талант, терең білім, парасатқа қоса ақындық жүрек те қажет екенін түсінген, соны жұртқа да түсіндіре білген бірінші ғалым. Әдебиеттану ғылымының докторы. Қазақ әдебиетіне өрелі-өрнекті өлеңдерімен бірге байсалды зерттеу еңбектерімен, батыл пікір, ажарлы ойларымен де күнделікті нұсқа көрсеткен, көп жәрдем еткен ғалым-ақын.

Ақын орны қаламының қанаты қандай биікке көтеріп шығарса — сол жерде. Жұрт мені қай дәрежедегі ақын деп ойлайды деудің керегі жоқ. Мәселе біреудің қолымен, біреудің аузымен берілген атақта емес. Қазақ өлеңінде Әбділданың өз шыңы бар. Әбділда өз қаламы көтеріп шығарған сол зор биіктен қарайды. Алға көз салады. Жаңа шырқауларға назар тігеді.

Жетпіске келу — еркектер үшін орта жас. Әбділда шашым ағарған екен, ел той жасап жатыр, қартайып қалдым деп ойламасын. Біз де жетпісті көрдік. Бірақ, өзгергеніміз шамалы. Әбділда ерленіп, осы қарқынынан таймай, стол басында күн сайын 4 сағат уақыт өткізетін болсын. Сол жетеді.

Шығармаға мінез керек

Ел ерсіз, ер елсіз болмайды. Қазақ халқының сондай ері — Аманкелді.

Аманкелдінің ерлігі біз білетін ерліктен өзгеше ерлік. Олай дейтініміз Аманкелді халық кегінің жебесіндей патшаға қарсы атылған қас батыры.

Дәл бүгін Аманкелдідей батырдың батырлығын дәлелдеп

жатуды артық нәрсе деп білемін. Бұл жерге тек Бейімбет екеуміздің бұрынғы жазғанымызда бар бір ойымызды қоса кеткен артық болмас. Біздіңше, Аманкелді 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. 1917 — 18 жылдарда ол ұлт-азаттық қозғалысының бетін Ұлы Октябрь революциясының арнасына әкеп қосады. Осы кезден бастап Аманкелді қазақ халқының болашағын Октябрь революциясының тағдырына біржола байланыстырған революционер.

Өз қадірін білетін, өз басын сыйлайтын халықтардың бірде-бірі өзінің азаматтық, елдік, азаттық тарихын жасамай тұра алмаған. Өйткені, бүгінгі болашақ өткен күннің қорытындысы ғой.

Әріге үңілсек те, одан империалистік соғыстың қарсаңындағы отарлық қазақ елінің халін оймен шарласақ та, қашан да біздің назарымызда халық тағдыры тұрады. Құлағыңа қоңыр күй, көз алдыңа мағынасыз бір тіршілік келеді. Бірақ, бұл елдің сыртқы көрінісі ғана екен. Үнсіз ел ауыр ойда, ой үнемі ізденуде болады. Ең бастысы: тілегі жасымаған-ды! Елдің бұл кездегі халі қорланып жатқан күш, жиналып жатқан кек сияқты еді. Кемерін кернеп тұрған сол кекке ұшқын түссе-ақ тұтанғалы тұр еді.

Сол ұшқын біздің өңірде 1916 жылы тұтанды. Жаңа дәуір жылжуын біз осы кезеңнен — он алтыншы жылдың ұлы қозғалысынан, он жеті — он сегізінші жылдар арасындағы халық-азаттық көтерілістен бастаймыз.

Аманкелді Иманов қазақ даласындағы Қызыл жалауды Торғайда Совдеп құрылудан көп бұрын көтерген. Коммунистік партияның қатарына кірген. Осы тұстан бастап мен Аманкелдіні идеялы, саналы және әрқилы таптар тартысында, ұлт-азаттық қозғалысының майданында пісіп-қатқан революционер деймін.

Аманкелді хақында мен аз жазған жоқпын. Соның бірін еске сала кетейін. Осыдан біраз жыл бұрын батырдың туғанына жүз жыл толуы алдында «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде «Батырдың биік тұлғасы» дейтін көлемді еңбек жариялады м. Сонда Аманкелді туралы бұл күнге дейін болып келген көзқарастарға тоқталғанмын. Рас, батыр жөнінде ниет адал, мақтау да жетіп жатыр. Мені толғандыратыны — дәлдігіміздің аздығы, анықтаған жағымыздың сұйықтау таяздығы. Әлі де осы пікірдемін.

Осылай деуін десек те әдебиетімізде, кино, сахна өнерімізде Аманкелді бейнесі аз сомдалмағаны көңілге қуаныш әкеледі. Халық батырының ерлігін, большевиктік ісін, Отанын сүйген адал ұлы екендігін көркемдік тәсілмен бейнелейтін бізде роман, повесть, поэма, пьеса, киносценарий баршылық. Демек, «Аманкелді тақырыбы» игеріле бастаған екен. Алайда, Аманкелді жайын, оның өмір сүрген ортасын жан-жақты зерт-

теп, шындықты түгел ашар, орныкты қорытынды жасар мезгіл әлі де алда екенін ұмытпауға тиістіміз.

Жоғарыда айтқанымдай, Аманкелді тақырыбын жазуға біраз автор ат салысып жүр. Солардың бірі — жас жазушы Қоғабай Сәрсекеев. Оның батыр өмірінің балаң кезін суреттейтін алғашқы романы бұрнағы жылы «Жұлдызда» басылды. Енді сол роман «Жалын» баспасынан шығып отыр.

«Қызыл жалау» деген жалпы атпен берілген бұл романның бірінші кітабын мен қадағалай барлап, оқып шықтым. Оқиға сонау 1880 жылдар бедеріндегі ел басына түскен ауыртпалық, халық үстіндегі киын кезең, Торғай даласында болған нақты тарихи фактілер негізінде өрбиді екен. Шығармада автор бала Аманкелдінің өзін қоршаған әділетсіз ортаға кектене өсіп келе жатқан сәтін беру арқылы өмір шындығын баз қалпында оқушы алдына тартуға талаптанған.

Шығармаға мінез керек. Бұл жағынан алғанда автордың қадамы құптарлық па деп қалдым. Көркем дүниедегі әрбір әрекет өзіне лайық жағдайында шыншылдықпен бейнелегенде ғана үйлесімділік табады. Типтік характерлер қай уақытта да типтілік тұрғыда жасалуға тиісті. Қ. Сәрсекеев романында осындай мінездің барлығы ішті жылытады. Болыс шабарманы Құсбектің ылаңы — осал ылаң емес. Бір елдің арыстай азаматы Үдербайды (Үдербай Аманкелдінің әкесі) соққыға жыққан шабарманның шоқпары бұл кітаптың басты жүгі дерліктей. Бала Аманкелді кектенсе, кекті жолға түбінде осы озбырлық, әлгіндей қақтығыс бастауға тиіс деп топшылауға негіз бар. Романда тап күресінің бір ұшы алыстан жылтыраған оттай боп көрінсе де дәл осы тұста бой көрсетеді. Жаңа буын, келер ұрпақ Аманкелді күресінің бұл негізгі фабуласы дейтіндей факті екен.

Шығармада уақиға енді-енді ғана өріліп келеді. Жазушы өресі жетсе, романның кең планды болуға қақысы бар сияқты. Алда әлі қым-қуыт, шым-шытырық талай оқиға тұр. Он тоғызыншы ғасыр мен жиырмасыншы ғасырдың өлі арасында дүрбеленді, дүбірлі, өткелдік кезеңдер, төңкеріс тарихы бар. Осыны суреткерлік көзбен көріп, елеп-екшеп дегендей оқушы алдына тарту да оңай жұмыс болмаса керек. Мұны Қоғабайдың еншісіне қалдырайық.

Ендігі жерде айтпағым: мен білетін Аманкелді оңай тұлға емес. Ол «туа сала батыр болған, қырып сал да жойып сал» батыр болмаған. Заманына лайық көзі ашық, парасат иесі болған кісі. Оған оның «шежіре-кітабы» дәлел. Жас жазушы шығармасына батырдың елдік, әлеуметтік, азаматтық қасиеттерін арқау етсе ұтар еді. Аманкелдінің ішкі рухани мінезі бар қырынан ашылғанда ғана Қ. Сәрсекеев кітабының өміршең болатынына сенім мол.

Алыс сапар алғашқы адымнан басталады. «Тәй-тәй» басқан балаға кім сын айтар. Романның жалпы архитектоникалық құрылысындағы кейбір «әттегенайы» бола тұра оқушыға бет алған бұл кітапқа мен «сәт сапар» тілеймін. Қазақ «Көш жүре түзелер» дейді ғой, Қоғабайдың «көші де» жүре түзеліп, жолға түсер деген сенімдемін.

Қыран жыр

Өмірде көп биіктік өнерде де көп. Бірақ, сол биікке көтерілу екінің бірінің, кез-келген таланттың қолынан келе бермейді. Қыран қанаты талар қияға шырқап шығу үшін өнер адамына ешқашан талмайтын қуатты қос қанат керек. Оның бірі — талант десек, екіншісі — жан-тәніңмен беріліп істейтін еңбек. Туғанына алпыс, творчестволық қызметіне қырық жыл толып отырған біздің қаламдас ініміз, қазақ совет поэзиясының аса көрнекті өкілдерінің бірі Жұбан Молдағалиев өзгесін айтпағанның өзінде осындай қос қасиетті — әрі талантты, әрі еңбеккер ақын. Сол себепті де Жұбанның күні бүгінге дейін жыр жиһазына қосқан жасау-жабдығы көңіл тояттарлық. Бар уақытта да, бар істе де партиялық парасат танытып жүрген коммунист ақын Жұбан Молдағалиев бүгінгі күннің ең актуальды мәселелеріне жедел үн қосып отыратын, соның өзінде де шығармаларынан асығыстық ақауы кездеспейтін алымды талант. Бұған ақынның көптеген саяси жырлары мен «Мен — қазақпын», «Сел», «Қыран дала», тағы басқа да поэмалары айғақ болса керек.

«Егер дүниеге жарықшақ түсер болса, ол ең алдымен ақынның жүрегін жарып өтеді» деген екен Генрих Гейне. Өзінің барлық тынысы мен тірлігін ел өмірінен, бүкіл адамзат тағдырынан бөле-жара қарамайтын азамат ақын Жұбан Молдағалиев әртүрлі делегациялар құрамында және творчестволық сапарлармен шет елдерде жиі болады. Сол сапарлардың бәрінен де ойлы жырлар, отты публицистикалар туады. Алматы мен Москвада орыс, қазақ тілдерінде ондаған жыр жинақтары, өлең томдары шыққан Жұбан Молдағалиевтің есімі республика, Одақ көлемінде кеңінен танымал болумен бірге шетбан көрнекті қоғам қайраткері де.

жұрттарға да жақсы мәлім. Қаламы қуатты, ойы шуақты Жұ-

Құс төресі — қыран. Ол ешқашан қалғымайды. Қай биікке шықса да, қыранның басы айналмайды. Біз қаламдас қауым болып Жұбанды мүшелді мерекесімен шын жүректен қызу құттықтай отырып, қыран жырдың қанаты талмасын, алғыр ойлы ақын әлі талай биіктерге самғасын деп тілек білдіреміз.

Жақсылық туралы жыр

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы»,— деп Абай айтқан шындық — өмір бар жерде, өлең бар жерде мәңгі тозбас асыл шындық. Әр кезде өмір, өнер жайында тебіренсек, Абайға соқпай кете алмайтынымыз оның сол мәңгі шыншылдығы.

Қай халықтың поэзиясы болмасын оның байлық-барлығы, өресінің биіктігі, айтатын ойының, қамтитын әлеуметтік тақырыбының ауқымы кеңдігімен ғана өлшеніп қоймай, оны жасауға ат салысып отырған ақындардың да алуан-алуан талант сипатына ие болуымен бағаланса керек, яғни ақындар стиль, түр жағынан да сан өрнекті, сан сапалы, мол дауысты болып келсе, сол поэзияны бай поэзия деуге болады. Көктемгі даланың көркі де оның гүлдерінің неше түрлі болуында, солардың бәрі қосылып, бір даланы жайнатуында.

Қазіргі қазақ поэзиясын мүмкін қадарынша қадағалай қалсақ — көзімізге осындай бір көрік, баршылық, молшылық елестейді. Ақындар қазір әр алуан, олардың талант тұрпатын, өзінше өзгешелік бетін танып алу мүмкіндігі туды. Бұл құбылыс — мәдениеті биік, өрісі шалқар поэзияға тән. Көбінесе тәсілі, құралы бірыңғай секілді көрінетін байырғы балаң поэзиядан әлдеқайда өсіп кеттік десек — ойымызға осы сипат оралса керек.

Сондай өз алдына бөлек қолтаңбасы бар ақынның бірі — Есет Әукебаев.

Оның жетістігі де, кемістігі де өзінікі. Мұндай дәрежеге жету — бірден қолға түсе бермейтін, қабілетпен қоса еңбекті, ізденуді, ұзақ толғануды керек ететін нәрсе... Есет өлеңдерінде сондай еңбектің ізі, табы сезіліп тұрады.

Оның өлеңдегі мазмұн мен форманы қатар ұстау жолындағы талабы да осыны аңғартады. Ол қазақ поэзиясында сонет түрін оқшау еншісіне алып, бұрын да қазір де соған бой салып, ыждаһатпен табандылық үстінде өскен ақын.

Есет өлеңдерінің жинақылығы, сөздерінің тәртіпті орналасуы, бейнелеу, теңеу қолдану дәлдігі ерекше назар аударуды керек етеді. Оларды төгіп-шашпай, сұрыптап отырғандығы сезіледі. Бұл ішкі логиканың, ойдың беріктігі. Сөздер сол беріктік заңына бағынады. Нақпа-нақтық, айқындық жағынан Есеттен жастарымыз үйренетін жәйттер бар. Ұзақ жылы әскери тәртіпке үйренген, соған бекем берілген оның азаматтық тұлғасындағы қасиет, бәлкім, творчествосының мінезіне де әсер етуі ғажап емес.

Баспаға ұсынылып отырған жаңа өлең жинағында да ақынның осы айырмашылығын байқаймыз. Бұл жолы бұрынғы өлеңдеріне қосқан табысы да аз емес екен.

Ол — тақырып аумағының кеңейе, ой-толғауларының байсалдылана байыптана түсуі. Бұған оның көп нәрсені көріп, көп жайды бастан кешкен кемелдік жасы да ықпал еткен. Сондықтан оның айтып отырған философиялық топшылауларына сенесің, қосыласың. Ол азаматтық, адамгершілік, парасаттылық, тазалық, жақсылық жайында көбірек жазған. Жомарт күн, бақытты дәуір, бейбіт еңбекке лайық адамның ар-ождан, ой тазалығына шақырады. Бұл — өлең үшін үлкен проблема. Есет соны дәл таба алған. Жинақтың ең салмақты өлеңдері осы мәселе төңірегіне топтасқан. Ұзақ күреспен, ұлы айқастармен жеңіп алған өмір рақатын қадірлеуге үндейді ақын.

Бір кездегі жауынгер ақынның мұны айтуға мықты правосы бар. Ойдың бойға шақтығы — жарасым, үйлесім, әсіресе, өлеңге керек қасиет болмақ.

Сонымен қатар оның тағы бір соны дерлік ақындық табысын білдіретін бір саласы — туған Қазақстан өлкесінің өзі аралаған жерлерін жырлауы. Оларды жырлағанда өзгелердің әуеніне ұқсатпай, өз көзімен көріп, өзінше тапқан бояулары бар.

Мысалы, Өскемен жайындағы өлеңде «Аласа қала едің, бойың Алтайдың өзімен иықтасып қалыпты», Торғай өзені жөнінде: «Сен өзен емес, Ұлытаудан тараған ән секілдісің»— деп тебіренеді.

Бұрынғы өлеңдерінде салқындау, солғындау сезімдер мен жұпыны көріністер байқалатын. Қазіргі өлеңдерінде сыршылдық басым, яғни шынайы сырласып, сендіре сөйлейді. «Жақсы күнде саптасым», «Ашық айтып, бірлесіп» деген дұрыс тілекті, орынды, ойлы өлеңдері бар. Бірен-саран сонеттер көрінеді, оның «Элегия» деген өлеңі де түптеп келгенде ашық, мөлдір, оптимистік сезімге құрылған шумақ. Орынсыз мұң, артық өкініш жоқ. Жанр ерекшелігін жалаң ұғатындарға бұл да сабақ. Барлық жерде өлшенген, сарапталынған, өзін-өзі бақылап отырған ұқыптылық сезіледі. Әшейіндегі әдіспен өлеңдерінен үзінді алып отырғым келмейді және ол менің міндетіме де жатпас.

Кітаптың «Кеңшілік» аталуында да мән болса керек. Қазақ «кеңшілік» деген сөзді көп мағынада қолданады. Бұл жолғысы — уақыттың кеңшілігі, елдің көңілі, дәуір тынысын меңзесе керек, жарқын заман, мейірбан Отан, адамға деген жақсылық, қамқорлық мағынасында алынып отырғаны анық.

Шағын кітаптың көтерген жүгі, қойған мақсаты үлкен. Ол үлкен ойдың айтылып шығуында, көркем мүсінделу тұрғысында, бәлкім, әлі де аз-кем шалыс жерлері болар. Ал, біз үшін кітаптың жоғарыдағы пікірлерді айтқызған қадір-қасиеті әлдеқайда басым. Кітаптың оқушыға аттанар сапарында мені бір-екі ауыз сөз айтуға жетелеген ойлар да осы болды.

Қайран Сері-ағаң

Сері-ағаң сахнаға шыға бергенде-ақ көрермен жұртшылық ду көтеріле алақан соға бастайды. Қуана соғады. Адамды қуанта алсаң, күлдіре алсаң, жігерлендіре алсаң, күйіндіре алсаң, сүйіндіре алсаң нағыз артист пен нағыз жазушының нағыз бақыт сезінер кезі осы. Сері-ағаңның соңғы елу жыл өмірі осыған қолы жеткен үзігі жоқ бақытты кезеңі.

...Сері-ағаң сахнаға жаңа шықты, әлі ойынға кіріскен де жоқ, жұрт неге дуылдап кетті? Себеп біреу-ақ: Сері-ағаңды тағы бір көрудің өзі қуаныш. Ол театрға келгелі көрерменді бір өкпелетпеген асқар дарын. Көрермен жұрт бүгін Сері-ағаңның кімді ойнайтынын біліп келді. Ол талай көрген ойыны. Қалай күлдірерін, қалай қуантарын талай көрген. Бірақ, Сері-ағаң жалықтырмайды, тойдырмайды. Көрген сайын қызықтыра береді. Көрген сайын қосары көп, ойландырары көп. Сері-ағаң сарқылмайтын, тереңнен келе жатқан тау бұлағы, кристаллдай таза бұлақ.

Нағыз көркем өнер мен нағыз көркем әдебиеттің бірінші белгісі — көрген сайын, қайталап оқыған сайын қызықтыра түсу керек. Қайталанған сайын ой қалтарыстарына, көркемдік шыңырауларына бойлата беру керек. Ойлану мен сезіну дүниесін байыта беру керек. Нағыз көркем өнер де, әдебиет те бір қағар, бір мерзімдік дүниелік емес. Ұмытылмайтын, ұзақ жасар бейнелер жасаған Сері-ағаң еңбектерінен осыны көреміз.

Ойын үстінде Сері-ағаңның өз аты ұмытылып кетеді. Сері-ағаң өзі де ұмытып кетеді. Ол Еспембет, ол Қара-шешен, ол Қарабай, ол Қоңқай, ол Тайман, ол жүз сегіз ойында жасалған жүз сегіз түрлі адам бейнелері... Сері-ағаңа алақанын ауырғанша қол соққанда көз алдыңа сол бейнелер келеді.

— Мен «Еңлік-Кебек» пьесасында Серкемен бірге ойнағанда едәуір қысылып жүремін,— деуші еді Қалекең.

— Қалеке-ау, сен де қысыла білесің бе? Неге қысыласың?— дейміз.

— Ойбой, Серкенің Еспембетті ойнауы ерекше ғой. Соған қараймын да өз ролімнен жаңылып кете жаздаймын...

Сері-ағаң Еспембет болып ойнағанда шын-ақ шырқап кететін еді. Әсіресе, төбе басында билердің жұлқыс-тартыстарында Сері-ағаң бір биік жартас, қарсыластары түгел тоққарын, болмашы желге қопарыла кеткен көл толқыны тәрізді. Биік жартасқа соғылады да быт-шыт шашырандыға айналып жоқ болады.

Керазу кекірт би Еспембет бір езуін жымиғандай азғана қисайтып алып, кекете сөйлеп, керісіп отырып, сөз аяғында: «Екінің бірі, екінің бірі!»— деп тоқталғанда театр залының

бұрыш-бұрыштары дүңк еткендей болатын. Бұл жігер, бұл қайрат, бұл театр жарылғандай ғаламат дауыс Сері-ағаңның шағын денесіне қалай сыйып жүргеніне таң қалатынсың!» Жеңілді-ау, ана жағы, жеңілді-ау!»— деп қаласың. Неше көргек нәрсең. Қырық жылдан бері білесің. Бірақ, бұл жолы да шыныңмен «жеңілді-ау!» дейсің. Ішің ауырып кетеді. Сол бір қас қаққандай сәтте өзіңе-өзің есеп бере алмайсың. Екі жастың қып-қызыл қандары табан аудармай көз алдында, қазір төгілетіндей тітіркеніп қаласын. Көрермен қауым бұл сахнаны да, жастардың өлетіндерін де біледі. Көрген, қайғырған. Бірақ, бүгінгі ойында тағы да жаңа көріп отырғандай қайғырады. Бүгін де өлетіндер өлді, оқиға аяқталды, тынды. Бірақ сол ойынға ертең тағы барасың. Нағыз көркем өнер — бір қағар, бір күндік, бір мерзімдік емес.

Бұл жерде Еспембетке берген Мұхтардың монологы да керемет қой.

«Тобықты, алынбай жүрген кегің, тимей жүрген есең болса оныңды айт! Әйтпесе, мен Тобықтының қоңсысы емеспін. Өз тентегің ана Кебек. Қыз атамның аруағына қастық қылған менің тентегім. Екеуін шығарып бер былай! Мойнына арқан тақ-қызып өз қолымнан өлтіртемін! Қазір етем осыны! Апкел, ұстат қолыма!.. Бұл айтқаныма көнбейтін болсаң, тура тұрысар жеріңді айт! Менің қолым дайын. Екінің бірі, екінің бірі»...

Еспембетке қарсы билер де тынып қалады, көрермендер де тынып қалады.

Еспембет өз заманындағы үстем ойдың, өзгермей келе жатқан тоңмойын жөн-жосықтың бас өкілі, үлкен трагедияның тас бауыр рақымсыз себепкері.

Сері-ағаң Қарабай ролінде де сондай рақымсыз, екі жастың өліміне себепкер болған әкенің бейнесін жасайды. Сырт қарағанда әрқайсысы екі өлімнің себепкері болған Еспембет пен Қарабай біріне-бірі ұқсап кету қаупі де жоқ емес қой. Бірақ, асқан шебер, сарқылмас өнер иесі Сері-ағаң біріне-бірін зәрредей ұқсастырған жоқ. Жарты ғасырға жақын бір сахнада қатар жүріп келе жатқан трагедиялық екі спектакль біріне-бірі бөгет болған емес.

Мен театр коллективіне «Ақан-Сері — Ақтоқтыны» оқып бергенімде үлкен ырзашылық естіп қайттым. Қалекең — Балуанды, Сері-ағаң — Қоңқайды, Ел-ағаң — Жалмұқанды, Шәкен — Ақан-серіні, Шолпан — Ақтоқтыны, Қапан — Қазіретті, Камал — Сердәліні ойнамақ болды. Бұл енді сыр алысқан сенімді ансамбль еді.

Репетиция басталғалы бір жеті өткен соң-ақ Қалекең кездесе кеткенде мылқауларша амандасып, әлденені мылқауларша түсіндіріп, әлдекімді мылқауларша ұрсып жүрді. Қалекең сахнада ойнап жіберуге он күннен кейін-ақ дайын еді. Бірақ

репетициядан қалмайды. Біреу текстін шатастырып алса, оны мылқауша былдырлап, қолымен ымдап көрсетеді. Ойнаушылардың бәріне аузымен ымдап, қолдарымен нобайлап, сын айта жүреді. Әсіресе, құрбы-замандасы Елекең мен Сері-ағаңа көбірек байланысады.

Бір жолы ол Сері-ағаңа қаталырақ байланысты.

— Уа, не қыл дейсің?— деп сұрады Сері-аға.

Қалекең тағы да сол сақау-мылқауларша тілін бұралап, қолдарымен де, ебетейсіз қиқандаған жауырын-иықтарымен де сенің Қоңқайың әлі шықпай жүр дегенді аңғартты. Сері-ағаң оған:

— Мен Қалибекше ойнай алмаймын. Сен Серкеше ойнай алар ма едің?— деді. Қалекең оған қолын созды.

Сері-ағаң бір күні маған:

— Сен өзің білесің бе, Қоңқай біресе «Мен қатыннан жүрегім шайылған адаммын» десе, енді бірде «Қоңқайдың қатынмен ақылдасуды қойғанын естімеп пе едің?»— деп Сердәліге ұрсып тастайтынын ойлап қарасам, оның аржағында бір бәлең жатыр екен ғой!— деді.

— Ол не бәле, Сері-аға?

— Қоңқай деген әуелі бір момын бейшара, төре тұқымымен құда болған соң ақымақтанып кетеді екен ғой.

— Жоқ, Сері-аға, ақымақтанбайды, бөсіңкіреп кетеді.

— Ақымақтану мен бөсіңкіреудің арасы қанша жер болушы еді?

Мен жауап таба алмай бөгеліп қалдым. Өйткені, ол жауап сахнада пайдалануға керекті жауап болуға тиісті еді.

— Онда Қоңқайдың өз еркіне жіберейік,— деді Сері-ағаң.— Мәлтығып жүріп өзі бір табан жол тауып алар...— Осыған келісіп қол алыстық. «Қоңқай»— Сері-ағаң жасаған үлкен бейнелердің бірі болып көркем өнер тарихына кіріп қалды.

Осыдан екі-ақ ай бұрын біздің беделді жазушы, белді драматургіміз Тахауи Ақтанов: «Сері-ағаң жасаған Қоңқай — кішкене адамның бейнесі ұлы ғой!»— деді. Мен сексенге келіп қалсам да тағы бір жасап қалдым...

Сері ағаң кандай үлкенді-кішілі рольде ойнасын, репетицияға бастан-аяқ өзі қатынасушы еді. Кейбір «атақтыларымызша» репетицияның «қара жұмысына» атақсыз біреуді жегіп қойып, спектакль қойылар кезде тап бермейтін. Әрине, атақ онікі, афиша да соның лақабы. Бірақ, солай еткен «атақтылардың» бірде-бірі есте қалар бейне жасағандарын көре алмай келеміз. Оның үстіне репетицияның «қара жұмыстарын» атқарып келіп, ойынға қатынастырылмаған артистің моральдық халі қандай боларын көрген адам көп те емес шығар. Мен көп көрдім. Бірен-сараны назаланып, қорланып театрды тастап кеткендерін де білемін.

Серi-ағаңда ондай мінез затымен жоқ еді. Репетицияның қара жұмысы деген артист өнерін толықтыра түсетін мектеп екенін Серi-ағаң жас кадрларға өзі айта жүретін. Өз қара басы бүгін бос болса да Серi-ағаң театрға бір соқпай кеткен емес. Серi-ағаңның адам бейнелерін жасау әдістері де, театр коллективінде жүру-тұрулары да, жас артистерді өнер тазалығына баулаулары да үлкен ұстаздың ғана қолынан келер, жарты ғасыр бойында үзілмей келген еңбек еді. Серi-ағаң Еңбек Ерінің Алтын Жұлдызын осындай еңбекпен алды.

Серi-ағаңның әлеуметтік істерге қашаннан бері белсене қатысып жүретінін мен ертеден білуші едім. Үй ішілік араласқұраласымыз да көп сиремейтін. Бір күні Москвада Серi-ағаң мені бір қиын жұмысқа салды. Әрі қиын, әрі қисынсыздау да көрінді.

Дегенмен, Серi-ағаң босатар емес.

— Құрылыс жұмысы келер жылы бастала ма деп жүрген жаңа театрымыздың үйін Одақтық Госплан алдағы жылдың тізімінен шығарып тастапты. Мені сол Госпланның бастығына жолықтыр!— деді.

Мен СССР Жазушылар одағының хатшысы ретінде, кезекті дежурствода Москвада едім. Амал жоқ, Госпланның бастығына жай-күйімізді айтып қабылдауын өтіндім. Ұмытпасам, Лившиц деген адам болу керек, қолма-қол қабылдады. Мен Серiағаңды таныстырдым. Содан кейін мен — тілмаш, сөйлеуші — Серi-ағаң болды. Серi-ағаң 1936 жылы Москвада қазақ көркем өнерінің онкүндігі болғанын, онда бізге опера театры, артистер үйі, жатақханалар, мектептер берілгенін айтты. Лившиц қазақ тілінде орысша және дүние жүзілік классиктерден нелер қойылатынын сұрады.

— «Отелло», «Асауға тұсау», «Ревизор», «Мылтықты адам», «Шыңырау түбінде», «Таланттар мен табынушылар»...— деп Серi-ағаң шұбырта жөнелді.

Лившиц тізімді аяқтатқан жоқ.

— Тоқтаңыз, қадірлі Серке Қожамкулович, мұның аржағын мен білмей қалып жүрермін. Тоқтаңыз, рахмет... Қазақ академиялық драма театрының үйі тізімнен шығарып тасталмайды. Алдағы жылы салына бастайды. Қазақстанның басшыларына менен сәлем айта барыңыз,— деді.

Сол салына бастаған театр үйі — бүгін Мұхтар Әуезов атындағы Қазақстан мемлекеттік академиялық драма театры. Театрдың салына бастауына республика басшыларының еңбектері бірінші орын алатыны даусыз ғой, мен тек Серi-ағаңның әлеуметтік жұмыстарға әсіресе өз театрының мұқтажына қатынасқан бір кезеңін атай кеткім келді.

* * *

Қадірлі оқырман! Сіздің алдыңызға атақты талант, Одақтық көлемде кең түрде танылған артист Серәлі (Серке) Қожамқұловтың өмірбаяны, драмалық театр өнерінің өркендеуіне аямай берген өлшеусіз көп еңбектеріне арналған кітап ұсынылып отыр. Бұл — Сері-ағаңның ең жақын туыс, ең жақын білетін жолдас-жораларының естеліктері. Жарты ғасыр бойында қазақ сахнасы тәңірлерінің бірі болған Сері-ағаңды білмейтін қазақ баласы жоқ, әрине. Сол білетіндердің ішінен іріктеп алынғандары осы кітапқа кірді. Менің жазғаным сол бай материалға беташар ғана.

Түсініктер

Самғар биік. ҚПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Л. И. Брежневтің «Тың» атты естелігінің шығуымен байланысты жазылған мақала. Тұңғыш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1978 жылғы 19 ноябрьдегі санында жарияланды. Кейін 1979 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Нан исі» атты кітапқа енді. «Самғар биік» атты мақала жазушының бұл кітабына «Нан исі» атты кітаптағы текст бойынша еніп отыр.

Бұл күндердің өшпес даңқы. Бұл Орталық документті фильмдер студиясы шығарған «Леонид Ильич Брежнев Қазақстанда» атты (режиссерлері И. Бессарабов, Е. Веримшева, бас операторы А. Кочетков, текст авторы Ю. Аветиков) фильм жайлы орыс тілінде жазылған мақала. Алғаш рет «Литературная газетаның» 1976 жылғы 17 ноябрьдегі санында жарияланды. Кейін қазақ тіліне аударылып «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 19 ноябрьдегі санында шықты. «Бұл күндердің өшпес даңқы» атты мақала кітапқа «Социалистік Қазақстан» газетіндегі текст бойынша жіберілді.

Жауаптылық сезімі. Бұл Қазақстан жазушыларының алтыншы съезін ашардағы 1971 жылғы 26 майда жазушының сөйлеген сөзі. Алғаш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1971 жылғы 28 майдағы санында жарияланды. Кейін автордың «Уақыт іздері» (1977 ж.) кітабына енді. Кітапқа «Қазақ әдебиеті» газетіндегі текст бойынша еніп отыр.

Талантты шығарма — ұлттық игілік. Алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1976 жылғы 14 апрельдегі санында жарияланды. Мақала осы газеттегі текст бойынша жарық көріп отыр.

Алда — ұлы асулар. Бірінші рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1980 жылғы 4 январьдағы санында жарияланды. Мақала кітапқа осы текст бойынша жіберілді.

Ұлы міндет. Бұл 1981 жылы 15—17 апрельде өткен Қазақстан жазушыларының VIII съезін ашардағы жазушының кіріспе сөзі. Алғаш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1981 жылғы 17 апрельдегі санында жарияланды. Мақала осы газеттегі текст бойынша беріліп отыр.

Әдебиет айтысына. Жазушының әдебиет мәселелеріне белсене араласуы осы мақаладан басталады. Мақала бірінші рет «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылғы 4 августағы санында жарық көрді. Кейін жазушының «Суреткер парызы» атты кітабында (1970 ж.) бес томдық шығармалар жинағының төртінші томында (1975 ж.) жарияланды. Мақала бұл кітапқа бес томдықтағы текст бойынша кірді.

«Абай» романы туралы. Бұл мақала 1943 жылы март айында Алматыда Мұхтар Әуезовтің «Абай» романының бірінші кітабын талқылауға арналған жиналыстағы Ғабит Мүсреповтің сөйлеген сөзі. Тұңғыш рет «М. О. Әуезов. Алпыс жылдығына арналған мақалалар жинағы» (1959 ж.) атты кітапта жарияланды. Кейін жазушының «Суреткер парызы» атты кітабына (1970 ж), бес томдық шығармалар жинағының төртінші томына (1975 ж) енді. Мақала кітапқа бес томдықтағы текст бойынша жіберілді.

Әдебиет тілі жайында. Бұл мақала тұрғыш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде (1962 жыл, 16 сентябрь) жарық көрді. Кейін жазушының «Суреткер парызы» (1970 ж.) атты кітабында және бес томдық шығармалар жинағының төртінші томында (1975 ж.) басылды. Кітапта бес томдық шығармалар жинағының төртінші томындағы текст бойынша еніп отыр.

Аға сөзі. 1969 жылы 28 январьда Алматыда ашылған Қазақстан жас ақын-жазушыларының республикалық кеңесіне орай жазылған мақала. Алғаш рет «Лениншіл жас» газетінің 1969 жылғы 28 январьдағы санында «Ағалар сөзі» деген рубрикамен жарияланған. Мақаланың қысқарған түрі екінші рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1973 жылғы 23 ноябрьдегі санында басылды. «Суреткер парызы» (1970 ж.) атты кітабына және бес томдық шығармалар жинағының төртінші томына енді. Кітапқа бес томдық шығармалар жинағының төртінші томындағы текст бойынша енгізілді.

«Жалын» жарқырай берсін. Бұл мақала «Жалын» баспасының жанындағы екі айда бір шығатын әдеби-көркем және қоғамдық-саяси альманах «Жалынның» 1969 жылы жаңадан шыға бастауымен байланысты жазылған мақала. Мақала бірінші рет «Таланттар үйі» деген атпен «Лениншіл жас» газетінің 1969 жылғы 21 августағы санында жарияланды. Кейін автордың «Суреткер парызы» (1970 ж.) атты кітабына және бес томдық шығармалар жинағының төртінші томына «Жалын» жарқырай берсін!» деген атпен енді. Кітапқа бес томдық шығармалар жинағының төртінші томындағы текст бойынша жіберілді.

Талмай ізденіңдер! Бұл мақала тұңғыш рет «Лениншіл жас» газетінің 1974 жылғы 4 октябрьдегі санында жарияланды. Кейін жазушының «Уақыт іздері» (1977 ж.) атты кітабына

енді. Мақала бұл кітапқа «Уақыт іздері» атты кітаптағы текст бойынша енді.

Биік мұрат. Бірінші рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1970 жылғы 3 апрельдегі санында жарияланды. Кітапқа «Қазақ әдебиеті» газетіндегі текст бойынша жіберілді.

Ұлы қамқорлық жемісі. Бұл Қазақстан творчестволық одақтарының 1970 жылғы 12 августа Алматыда өткен Қазақ ССР-і мен Қазақстан Компартиясының 50 жылдығына арналған біріккен пленумында жазушының сөйлеген сөзі. Алғаш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1970 жылғы 14 августағы санында жарияланды. Кітапқа «Қазақ әдебиеті» газетіндегі текст бойынша енді.

Асқындырып алмайық, достар! Бірінші рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1971 жылғы 8 ноябрьдегі санында жарияланды. Кітапқа «Қазақ әдебиеті» газетіндегі текст бойынша еніп отыр.

Қырық жыл. Алғаш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1974 жылғы 11 январьдағы санында жарияланды. Кітапқа «Қазақ әдебиеті» газетіндегі текст бойынша кірді.

Көкейге нұрлы сәуле ұялатады. Алғаш рет «Лениншіл жас» газетінің 1974 жылғы 31 декабрьдегі санында жарияланды. Кітапқа «Лениншіл жас» газетіндегі текст бойынша жіберілді.

Очерк көркем шығармадай болсын. Бұл жазушының 1976 жылы 2 апрельде Алматы қаласында өткен Қазақстан творчестволық одақтар басқармасының біріккен пленумын ашар алдында сөйлеген сөзі. Бірінші рет жазушының «Уақыт іздері» (1977 ж.) атты кітабында «Ұлы гимн» деген атпен жарияланды. «Уақыт және қаламгер» (1977) атты жинаққа енді. «Очерк көркем шығармадай болсын» деген атпен жазушының үш томдық таңдамалысының екінші томында (1980) жарияланды. Бұл кітапқа үш томдықтағы текст бойынша еніп отыр.

Әбгейдің ат қорасынан бастайық. Алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1976 жылғы 28 ноябрьдегі санында жарық көрді. Жазушының «Уақыт іздері» (1977 ж.) атты кітабына және үш томдық таңдамалысының екінші томына (1980 ж.) енді. Кітапқа үш томдықтағы текст бойынша кірді.

Дәстүр және жаңашылдық. Бұл мақала алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1978 жылғы 12 февральдағы санында жарияланды. Кейін «Уақыт және қаламгер» (1978 ж.) атты жинаққа енді. Мақала кітапқа «Социалистік Қазақстан» газетіндегі текст бойынша жіберілді.

Үлгі-өнегесімен қымбат өнер. Тұңғыш рет «Лениншіл жас» газетінің 1979 жылғы 18 сентябрьдегі санында жарияланды. Мақала кітапқа осы текст бойынша енді.

Өнермен өрілген ерлік. Бұл мақала бірінші рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1980 жылғы 21 сентябрьдегі санында жарияланды. Кітапқа осы газеттегі текст бойынша жіберілді.

Халық қазынасы. «Өнер» баспасынан шығуға тиіс «Қыз Жібек» операсы» атты кітапқа жазушының жазған алғысөзі. Мақала кітапқа түпнұсқа бойынша беріліп отыр.

Мұралық қор бастамасы. Алғаш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1981 жылғы 10 апрельдегі санында жарияланды. Мақала кітапқа осы текст бойынша енді.

Халықтық музыка театры керек. Бұл мақала бірінші рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1981 жылғы 19 июньдегі санында жарияланды. Жазушының бұл кітабына «Қазақ әдебиеті» газетіндегі текст бойынша еніп отыр.

Жол-жөнекей. Бұл мақала бірінші рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1981 жылғы 11 сентябрьдегі санында жарияланды. Кітапқа осы газеттегі текст бойынша енгізіліп отыр.

Дос жүректен мың да бір сәлем! Бұл мақала алғаш рет «Қазақстан коммунисі» журналының 1964 жылғы 10 санында жарияланды. Кейін жазушының «Уақыт іздері» (1977 ж) кітабына енді. Мақала кітапқа «Уақыт іздері» атты кітаптағы текст бойынша кірді.

Кездесулер. Бірінші рет «Италия сапарынан» деген атпен «Жұлдыз» журналының 1966 жылғы 6 санында жарияланды. Кейін «Сапарлар, кездесулер, әсерлер» (1966 ж) атты кітапта сондай-ақ жазушының «Достық сапары» (1971 ж.), «Уақыт іздері» (1977 ж.) атты кітаптарынан және үш томдық таңдамалысының екінші томынан (1980) орын алды. Кітапқа жазушының үш томдық таңдамалысының екінші томындағы текст бойынша енді.

Барлық Африка мәдениетінің бірінші фестивалі. Алғаш рет «Фестиваль» деген атпен «Социалистік Қазақстан» газетінің 1969 жылғы 13, 14 сентябрьдегі сандарында жарияланды. Кейін жазушының «Достық сапары» (1971 ж.), «Уақыт іздері» (1977 ж.) атты кітаптарына және үш томдық таңдамалысының екінші томына (1980 ж.) енді. Кітапқа жазушының үш томдық таңдамалысының екінші томындағы текст бойынша кірді.

Аспанда болған жекпе-жек. Тұңғыш рет «Қазақ әдебиеті» (1968 ж.) сентябрь, «Қызыл ту» (1968 ж. 21 сентябрь) газеттерінде басылды. Кейін жазушының «Достық сапары» (1971 ж), «Уақыт іздері» (1977 ж.) атты кітаптарына және үш томдық таңдамалысының екінші томына (1980 ж.) енді. Кітапқа жазушының үш томдық таңдамалысының екінші томындағы текст бойынша жіберілді.

Жапон әсерлері. Тұңғыш рет «Лениншіл жас» газетінің 1970 жылғы 3, 5, 7, 8 ноябрьдегі сандарында жарияланды.

Жазушының «Достық сапары» (1971 ж.), «Уақыт іздері» (1977 ж.) атты кітаптарына және үш томдық таңдамалысының екінші томына (1980 ж.) кірді. Бұл кітапқа жазушының үш томдық таңдамалысының екінші томындағы текст бойынша еніп отыр.

Адам баласының ұлы жолында. Алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1968 жылғы 21 июньдегі санында жарияланды. Кітапқа осы текст бойынша еніп отыр.

Көріскенше күн жақсы. Бұл мақала бірінші рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1969 жылғы 26 сентябрьдегі санында жарияланды. Кітапқа осы текст бойынша еніп отыр.

Прогресс алауы. Бұл мақала тұңғыш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1970 жылғы 20 ноябрьдегі санында жарияланды. Жазушының «Уақыт іздері» (1977 ж.) атты кітабына енді. Кітапқа осы кітаптағы текст бойынша кірді.

Ұлт әдебиеттерінің ынтымағы — ұлы күш. Бұл мақала тұңғыш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1970 жылғы 29 декабрьдегі санында жарияланды. Кітапқа осы текст бойынша жіберілді.

Сәлем, Науаидың талантты ұрпақтары! Бұл мақала алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1972 жылғы 6 сентябрьдегі санында жарияланды. Кітапқа осы текст бойынша еніп отыр.

Әзірлең, Алматы, әзірлен! Бұл мақала бірінші рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1973 жылғы 10 августағы санында жарияланды. Жазушының «Уақыт іздері» (1977 ж) атты кітабына енді. Мақала осы кітаптағы текст бойынша еніп отыр.

Бір мақсат, бір тілекпен. Алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1973 жылғы 4 сентябрьдегі санында жарияланды. Бұл кітапқа осы газеттегі текст бойынша жіберілді.

Шота Руставели және оның поэтикасы. Жазушының бұл мақаласы тұңғыш рет «Қазақ ССР Ғылым академиясының «Хабаршысының» 1973 жылғы 5 санында жарияланды. Кейін Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жаһангез» атты (аударған Хамза Абдуллин) 1974 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген кітабына алғысөз ретінде енді. Мақаланы автор өңдеп, толықтырып «Жұлдыз» журналының 1975 жылғы 9 санында жариялады.

Мақала кітапқа осы «Жұлдыз» журналындағы текст бойынша енді.

Бағалы еңбек. Бұл мақала бірінші рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1977 жылғы 18 марттағы санында «Қазақ халқы А. Е. Алекторовқа үлкен қарыздар» деген тақырыппен жарияланды. Кітапқа осы газеттегі текст бойынша еніп отыр.

Совет әдебиетінің ұлы атасы. Бұл автордың А. М. Горький туралы әр жылдарда жарық көрген бес мақаласының топтамасы.

«Горький — ұлы ұстаз» атты мақала тұңғыш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 23 марттағы санында жарияланған. Мақала А. М. Горькийдің туғанына 70 жыл толуына арналып жазылған.

«Горький айтқан жаңа адам» атты екінші мақала ұлы жазушының туғанына 75 жыл толуына арналған. Тұңғыш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1943 жылғы 28 марттағы санында басылды.

«Ұлы күресші» атты үшінші мақала А. М. Горькийдің туғанына 80 жыл толуына арналып жазылған. Алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1948 жылғы 28 марттағы санында жарияланған.

«Совет әдебиетінің ұлы атасы» атты төртінші мақала алғаш рет «Әдебиет және искусство» журналының 1950 жылғы 6 санында басылған.

«Ұлы ұстаз» атты бесінші мақала А. М. Горькийдің туғанына 100 жыл толуына арналып жазылған. Мақала тұңғыш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1968 жылғы 28 марттағы санында басылған. А. М. Горький туралы осы бес мақала бір жерге топтастырылып, «Совет әдебиетінің ұлы атасы» деген атпен 1970 жылы шыққан жазушының «Суреткер парызы» атты кітабына және бес томдық шығармалар жинағының төртінші томына (1975 ж.) енеді. Жазушының бұл кітабына аталған мақала бес томдық шығармалар жинағының төртінші томындағы текст бойынша кіріп отыр.

Майданнан соққан жаңа леп. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1944 жылғы 23 майдағы санында ақын Қасым Аманжоловтың «Абдолла» атты поэмасы және Әбу Сәрсенбаевтың «Ақша бұлт» атты өлеңі жарияланды. Бұл шығармалар Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ поэзиясының еңсесін көтерген елеулі әдеби құбылыс болды. Осы айтылған шығармалардың идеялық-көркемдік қасиетін алғаш таныған және әділ бағалаған Ғабит Мүсрепов еді. «Майданнан соққан жаңа леп» Қ. Аманжоловтың «Абдолла» поэмасы мен Ә. Сәрсенбаевтың «Ақша бұлт» өлеңі жайлы жазылған қазақ әдеби сынындағы бірінші мақала. Мақала тұңғыш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1944 жылғы 6 июньдегі санында жарияланды. Кейін жазушының 1970 жылы шыққан «Суреткер парызы» атты кітабына және бес томдық шығармалар жинағының төртінші томына (1975 ж.) енді. Мақала кітапқа жазушының бес томдық шығармалары жинағының төртінші томындағы текст бойынша енді.

Феномен — Феникс. Қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаев туралы жазушының әр жылдарда жазған үш мақаласының топтамасы.

Біріншісі —«Алып ақын атамыз» атты мақала. Ол тұңғыш

рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1945 жылғы 24 июньдегі санында жарияланған.

Екіншісі —«Жамбыл Ұлы Отан соғысы тұсында» атты мақала бірінші рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1946 жылғы 14 июньдегі санында басылған.

Бұл екі мақала біріктіріліп, «Алып ақын атамыз» деген атпен жазушының «Суреткер парызы» (1970 ж) атты кітабына енді. 1971 жылы Алматыда шыққан «Жыр алыбы» атты кітапта жарияланды, бес томдық шығармалар жинағының төртінші томына (1975 ж.) енді.

Үшіншісі —«Феномен — Феникс» атты мақала. Алғаш рет «Қазақ әдебиеті» (1971 ж. 22 октябрь), «Жетісу» (1971 ж. 5 ноябрь) газеттерінде басылды. 1977 жылы шыққан жазушының «Уақыт іздері» атты кітабынан және үш томдық таңдамалысының екінші томынан орын алды.

Бұл кітапқа «Феномен — Феникс» атты мақаланың алғашқы екі бөлімі бес томдық шығармалар жинағының төртінші томындағы (1975 ж.) текст бойынша, соңғы үшінші бөлімі үш томдық таңдамалының екінші томындағы (1980 ж.) текст бойынша еніп отыр.

Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны. Бұл қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаев творчествосы туралы жазушының әр кезде жазған екі мақаласының біріккен түрі.

«Абай және орыс әдебиетінің классиктері» атты бірінші мақала тұңғыш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1945 жылғы 21 августағы санында және «Ленин туы» газетінің 1945 жылғы 5 сентябрьдегі санында жарияланды.

«Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны» атты екінші мақала тұңғыш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1954 жылғы 27 майдағы санында жарияланды. Кейін «Әдебиет және искусство» журналының 1954 жылғы 7 санында, «Коммунизм туы» газетінің 1954 жылғы 5 сентябрьдегі санында басылды. 1954 жылы Алматыда шыққан «Абайдың өмірі мен творчествосы» атты мақалалар жинағына енді.

Жазушы Абай Құнанбаев творчествосы жайлы осы екі мақаланы біріктіріп, «Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны» деген атпен 1970 жылы шыққан «Суреткер парызы» атты кітабына және бес томдық шығармалар жинағының төртінші томына (1975 ж.) енгізді. Бұл жолы мақалалар кітапқа жазушының бес томдық шығармалар жинағының төртінші томындағы текст бойынша жіберілді.

Халқымыз таныған жазушы. Бұл Сәбит Мұқанов творчествосы жайлы жазушының әр кезде жазған төрт мақаласының топтасқан түрі.

Біріншісі — Сәбит Мұқановтың әдебиеттегі еңбегіне 25

жыл толуына арналып жазылған «Жазушы Сәбит Мұқанов» атты мақала. Мақала тұңғыш рет «Әдебиет және искусство» журналының 1946 жылғы 2,3 сандарында жарияланды.

Екіншісі — Сәбит Мұқановтың туғанына 50 жыл толуына байланысты жазылған мақала. Мақала «Халқымыз таныған жазушы» деген атпен алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1950 жылғы 23 майдағы санында басылды.

Үшіншісі — Сәбит Мұқановтың туғанына 60 жыл, творчестволық қызметіне 40 жыл толуына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген кіріспе сөзі. С. Мұқанов туралы бұл сөз бірінші рет 1962 жылы Алматыда шыққан «Жазушы жолы» атты кітапта жарық көрді.

Сәбит Мұқанов туралы осы үш мақаласын біріктіріп, «Халқымыз таныған жазушы» деген атпен автор өзінің «Суреткер парызы» атты (1970 ж.) кітабына және бес томдық шығармалар жинағының төртінші томына (1975 ж.) енгізді.

Төртіншісі —1973 жылы 18 апрельде Сәбит Мұқановтың қабірінің басында жазушының сөйлеген сөзі. Бұл сөз «Қанаттас бауырым, бақыл бол!»— деген атпен «Қазақ әдебиеті» газетінің 1973 жылғы 1 майдағы санында басылып шықты. Кейін жазушының «Уақыт іздері» (1977 ж.) атты кітабына енді.

Кітапқа «Халқымыз таныған жазушы» атты мақаланың алғашқы үш бөлімі бес томдық шығармалар жинағының төртінші томындағы (1975 ж.) текст бойынша, соңғы төртінші бөлімі «Уақыт іздері» (1977 ж.) атты кітаптағы текст бойынша еніп отыр.

Біздің классик. Қазіргі заманның аса көрнекті жазушысы Михаил Александрович Шолохов творчествосына арналып жазылған мақала. Тұңғыш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1965 жылғы 27 майдағы санында жарық көрді. Автордың «Суреткер парызы» (1970 ж.) атты кітабына және бес томдық шығармалар жинағының төртінші томына (1975 ж.) енді. Мақала кітапқа бес томдық шығармалар жинағының төртінші томындағы текст бойынша жіберілді.

Адал да әділ сыншы еді. Бұл қазақтың белгілі мәдениет, әдебиет қайраткері Ілияс Омаров туралы жазушының екі еңбегінің біріккен түрі.

Біріншісі —«Қош бол, қимасым» деген атпен алғаш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1970 жылғы 24 июльдегі санында жарияланды.

Екіншісі —«Адал да әділ сыншы еді» деген мақала тұңғыш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1972 жылғы 6 октябрьдегі санында басылды. 1973 жылы шыққан І. Омаровтың «Шабыт шалқары» атты кітабында «Ілияс Омаров туралы екі ауыз сөз» деген атпен алғы сөз ретінде жарияланды. Кейін «Адал да әділ сыншы еді» деген атпен жазушының «Уақыт іздері»

(1977 ж.) атты кітабына енді. Қітапқа «Адал да әділ сыншы еді» атты мақаланың бірінші бөлімі «Қазақ әдебиеті» газетіндегі (1970 жылғы 24 июль) текст бойынша, екінші бөлімі «Уақыт іздері» атты кітаптағы текст бойынша кірді.

Кітап аты — «Бесін», авторы — Асқар. Бұл мақала бірінші рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1970 жылғы 25 сентябрьдегі санында жарияланды. Мақала кітапқа «Қазақ әдебиеті» газетіндегі текст бойынша еніп отыр.

Желпи бер жылы күлкіңмен! Бұл мақала алғаш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1972 жылғы 15 сентябрьдегі санында басылды. Кітапқа осы газеттегі текст бойынша жіберілді.

Жомарт талант, жайсаң жанды азамат. Тұңғыш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1972 жылғы 6 майдағы санында жарияланды. Кітапқа осы газеттегі текст бойынша еніп отыр.

Халық жүрегінде сақталады. Бірінші рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1977 жылғы 22 июльдегі санында жарияланды. Мақала газеттегі текст бойынша жіберілді.

Біздің ұлы жазушымыз. Алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1971 жылғы 23 сентябрьдегі санында басылды. Жазушының үш томдық таңдамалысының екінші томына (1980 ж.) енді. Мақала кітапқа үш томдық таңдамалының екінші томындағы текст бойынша кірді.

Зейнолла елуде. Жазушы, ғалым, сыншы Зейнолла Қабдолов туралы бұл мақала бірінші рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1977 жылғы 16 декабрьдегі санында жарияланды. Кітапқа осы газеттегі текст бойынша еніп отыр.

Өнегелі еді. Алғаш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1978 жылғы 29 сентябрьдегі санында жарияланды. Кітапқа осы газеттегі текст бойынша кірді.

Ақын Сараға соқтықпасақ қайтер! Бұл мақала тұңғыш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1978 жылғы 8 декабрьдегі санында басылды. «Ақын Сараға соқтықпасақ қайтер!» атты мақала бұл кітапқа «Қазақ әдебиеті» газетіндегі текст бойынша енді.

Ақындық ақиқаты. Ақын Әбділда Тәжібаев туралы бұл мақала алғаш рет «Жалын» альманағының 1979 жылғы 1 санында басылды. Кітапқа осы альманахтағы текст бойынша еніп отыр.

Шығармаға мінез керек. Бұл жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің 1979 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Қызыл жалау» атты романына жазған жазушының алғысөзі. Кітапқа сол текст енгізілді.

Қыран жыр. Ақын Жұбан Молдағалиев туралы бұл мақала алғаш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1980 жылғы 3 октябрьдегі санында басылды. Кітапқа осы газеттегі текст бойынша кірді.

Жақсылық туралы жыр. Есет Әукебаев творчествосы жайлы бұл мақала тұңғыш рет ақынның 1980 жылы шыққан «Кеңшілік» атты өлеңдер жинағына алғысөз ретінде жарияланды. Мақала бұл кітапқа сол 1980 жылғы алғысөздегі текст бойынша еніп отыр.

Қайран Сері-ағаң. Бұл Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР Халық артисі Серке Қожамқұлов туралы жазушының естелік-мақаласы. Түпнұсқадағы текст бойынша кітапқа бірінші рет еніп отыр.

Ғылыми түсініктерді жазған филология
ғылымының докторы
Әбділхамит НАРЫМБЕТОВ.

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім

Самғар биік

Самғар биік 7
Бұл күндердің өшпес даңқы . . . 11
Жауаптылық сезімі 15
Талантты шығарма — ұлттық игілік . . 18
Алда — ұлы асулар 20
Ұлы міндет 23

Екінші бөлім

Кемелдену кезеңдері

Әдебиет айтысына 29
«Абай» романы туралы . . . 36
Әдебиет тілі жайында 53
Аға сөзі 57
«Жалын» жарқырай берсін . . 59
Талмай ізденіңдер 60
Биік мұрат. 62
Ұлы қамқорлық жемісі . . . 66
Асқындырып алмайық, достар! . . 71
Қырық жыл 79
Көкейге нұрлы сәуле ұялатады . . 82
Очерк көркем шығармадай болсын . 83
Авгейдің ат қорасынан бастайық . . 87
Дәстүр және жаңашылдық . . 96
Үлгі — өнегесімен қымбат өнер . . 101
Өнермен өрілген ерлік 107
Халық қазынасы 111
Мұралық қор бастамасы . . . 116
Халықтық музыка театры керек . 119
Жол-жөнекей 125

Үшінші бөлім

Ынтымақ — ұлы күш

Дос жүректен мың да бір сәлем! 139
Кездесулер 144
Барлық Африка мәдениетінің бірінші фестивалі 166
Аспанда болған жекпе-жек 177
Жапон әсерлері 186
Адам баласының ұлы жолында 198
Көрікенше күн жақсы 200

Прогресс алауы 202
Ұлт әдебиеттерінің ынтымағы — ұлы күш . . 204
Сәлем, Науаидың талантты ұрпақтары! . . . 207
Әзірлен, Алматы, әзірлен! 208
Бір мақсат, бір тілекпен 212
Шота Руставели және оның поэтикасы . . . 213
Бағалы еңбек 227

Төртінші бөлім

Жеке ақын, жазушылар туралы

Совет әдебиетінің ұлы атасы 233
Майданнан соққан жаңа леп 254
Феномен — Феникс 259
Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны 270
Халқымыз таныған жазушы 281
Біздің классик 302
Адал да әділ сыншы еді 306
Кітап аты —«Бесін», авторы — Асқар 310
«Желпи бер жылы күлкіңмен!» 314
Жомарт талант, жайсаң жанды азамат . . . . . —
Халық жүрегінде сақталады 316
Біздің ұлы жазушымыз . . . . . —
Зейнолла елуде 323
Өнегелі еді 324
Ақын Сараға соқтықпасақ қайтер! 326
Ақындық ақиқаты 327
Шығармаға мінез керек 328
Қыран жыр 331
Жақсылық туралы жыр 332
Қайран Сері-ағаң 334
Түсініктер 339

Мусрепов Габит

СОВРЕМЕННОСТЬ — ДУША ЛИТЕРАТУРЫ

Раздумья о литературе

Редакторы *Т. Каупынбаев, А. Сараев.* Художник *Е. Досаев.*
Худож. редактор *М. Алин.* Тех. редактор *Н. Галицкая.*
Корректор *Р. Абдикулова.*

(на казахском языке)

ИБ № 2247

Сдано в набор 02.12.81. Подписано в печать 19.03.82. УГ14048. Формат 60×90¹/₁₆. Бум. тип. № 1. Литературная гарнитура. Высокая печать. Печ. л. 11,0. Уч.-изд. л. 21,7. Тираж 6000 экз. Заказ № 1329.
Цена 1 р. 60 к.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124. г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.

Мүсрепов Ғабит

М. 88 Заман және әдебиет: Әдебиет туралы ойлар, толғаныстар — Алматы: Жазушы, 1982. 352 бет.

Халқымыздың сүйікті жазушысы Ғабит Махмұтұлы Мүсреповтың бұл кітабына енген еңбектерінде төл әдебиетімізді дамытудың күрделі проблемалары, көркем өнердің партиялылығы мен халықтық сипаттары, бауырлас халықтар әдебиетінің өзара байланысы мен олардың бір-біріне тигізіп отырған игі ықпалы кеңінен сөз болады. Сөз өнерінің көрнекті өкілдерінің өзіндік ерекшеліктері мен шеберліктері, әдебиеттің ұлттық және интернационалдық бірлігі жеткілікті дәлелдермен жан-жақты ашып көрсетіледі. Жинаққа автордың жеке ақын-жазушылардың творчествосын сөз еткен мақалалары да топтастырылған.

Рецензент *Р. Бердібаев.*

М $\frac{70202—36}{402(05)82}$ 67—82 4603010000